

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

М.О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

Мұхтар Әуезов

ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ
ЕЛУ ТОМДЫҚ ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ

4-том

ЗЕРТТЕУЛЕР, ОҚУЛЫҚТАР,
ӘДЕБИ НҰСҚАЛАР

1924–1930

“ДӘУІР”
“ЖІБЕК ЖОЛЫ”

АЛМАТЫ
2014

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5 Қаз)
Ә 82

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылды

Редакциялық кеңес:

Кеңес төрағалары – *М. Құл-Мұхаммед, А. Сәрінжіпов*

Жалпы редакциясын басқарған – ҰҒА корреспондент мүшесі,
филология ғылымдарының докторы *У. Қалижанов*

Кеңес мүшелері:

Әкім Т., Әуезов М., Жұртбай Т., Кекілбаев Ә., Қананиянов Б., Қасқабасов С., Қирабаев С., Қонаев Д., Қошанов А., Құрманғали К., Мағауин М., Мұртаза Ш., Нұрпейісов Ә., Оразалин Н., Сүлейменов О., Тасмағамбетов И., Ыбырай Ш.

Әуезов М.

Ә 82 Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: “Дәуір”, “Жібек жолы”, 2014.

4-том: Зерттеулер, оқулықтар, әдеби нұсқалар. 1924–1930. – 456 б.

ISBN 978-601-294-146-3

Мұхтар Омарханұлы Әуезов шығармаларының елу томдық академиялық толық басылымының 4-томында 1924–1930 жылдар аралығында жазған “Әдебиет тарихы” (Бірінші кітап) атты үлкен зерттеу еңбегі мен “Жеткіншек” деп аталатын оқулығы, “Қазақ шаруа жастар мектебіне арналған программа және түсінік хат” дейтін еңбегі қамтылды. “Әдебиет тарихы” 1925 жылы жазылып бітті де, 1927 жылы Қызылорда қаласында жеке кітап болып басылып шықты, бірақ тұрпайы социологизм бұл кітаптың ел арасына кеңінен таралуына мүмкіндік бермеді. Жаңа, қызықты, тартымды формада жазылған. “Жеткіншек” өз заманында бүкіл бір ұрпақты тәрбиелеуге айтарлықтай қызмет атқарды. Осы тұрғыдан қарағанда, ол бүгін де өзінің құнын жоғалтпайды. Кезіндегі саяси өзгерістерге байланысты кітап алғашқы жарияланымнан кейін тоқтап қалды. Бұлардан жиырмасыншы жылдардағы үлкен ғұлама ойшылдың жан-жақты терең зерттеулерге бой ұрғандығы танылады.

Кітап ғылыми қауымға, қалың оқырман жұртшылыққа арналған.

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-294-146-3 (4-том)
ISBN 978-601-294-142-5

© М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2014

Зерттеулер



ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫ

ЖАЗУШЫДАН

Қазақ мектебінде ана тілі бір тарау білім есебінде¹ орын алғанына бірқатар заман болды. Бастауыш мектептің өзін алсақ та, ана тілі құр жазу жазғызып, хат танытуды мақсұт қылатын шағынан шығып, өсіп келеді. Жалғыз қара танытып, хат жазғызудан басқа, қазақ тілінің заңынан, қазақ әдебиетінің әр түрлі үлгісінен, керекті мағлұмат беру керек болды.

Бұл дәуір қазақ мектебінде ана тілінің іргесін нығайтып, көлемдетуге айналып, жаңа жолға беттеп келе жатқан дәуірі, толық білім беру үшін, бұрынғы тапқан табысына сүйеніп, жаңа өріске бет алатын, кең жайылысқа қарай қадам басатын дәуірі, ана тілінің білім есебінде тереңдейтін дәуірі. Біздің мектеп қазіргі күнде, осы міндетті мойнына алып, жаңа бір дүниенің есігін ашқалы тұрғанын түсініп отыр. Түсіну анық болғандықтан жаңалықты іздеуі мұқтаждығын сезген кемтардың ізденуі сияқты.

Ана тілінің кеңірек өріс іздеуі қазақ мектебінде соңғы жылдарда күштірек айқындалып отыр. Олай болатын себебі, соңғы жылдар қазақ елінің оқу-ағарту жұмысына, тұсауын кескендей, кеңшілік берді. Қазақтың бастауыш мектеп жасындағы балаларына арнап ашылған әлде неше жүз бірінші басқыш мектептен басқа, бұл күнде, оқытушылар дайындайтын техникум, институттар шыға бастады. Неше алуан мұғалімдік курстары ашылып жатыр. Орта буын мектептің есебінде партия-кеңес мектептері де құрылған жерлер бар. Бұлардан басқа үлкендер оқитын мектептер, судиелік, тергеушілік курстары сияқты әр алуан мамандық

жолындағы курстар бар. Осының бәрінде ана тілінің сабағына келгенде, бүгінгі шеңберден гөрі кеңірек, тереңірек, ауданды тілек қылып іздеу бар. Сол себепті қай қалада болса да, бастауыш мектептен гөрі жоғарырақ болып ашылған қазақ мектебі болса, барлығында ана тілінің әдебиетін тексеріп, ұғынудың талабы байқалады. Ана тілінің жолында ендігі басқышта қазақ мектебінің іздейтін жаңалығы, кең өрісі сол әдебиет болады.

Әдебиет мектеп ішіндегі оқушының ақыл, сезім тәрбиелеп, қалыптап жетілуден басқа сол оқушыға қазақ деген елдің өткендегісі мен бүгіндегі пішінін танытуға керек.

Белгілі заманның тарихи шарттары мен кәсіп дағдысынан туған салт, сана, сезім, тілек қандай еді? Елдің өнер туғызған қиялы мен үлгілі сөз туғызған ақыл шалымы, ішкі дүние байлығы қандай еді? Қазақ тілінде әрбір заманда шыққан сырлы сөздердің үлгі түрі қандай², мағына, маңызы қандайлық? Бір-бірінің ортасындағы тарихи байлам, тіркестік қайсы, әрбір жұрнақты туғызған себеп не? Міне, осының бәрін бүгінгі мектеп ана тілінің шеңберіне сиғызып, оқушыға білдірмекке талап етеді. Орта дәрежелі мектепте жүрген оқушылардың осы сияқты ақыл, сезім азығын тілеп³, сұрап отырған жайы бар.

“Қазақ әдебиетінің тарихы” деген кітапты шығарып отырған себептер осы айтылғандар.

Бүгінгі күнде мектептегі ана тілінің алдында өнер есігіне қарай аттап басудың міндеті тұрғандықтан, бұл кітапты сол бет, сол жолдағы алғашқы тәжірибе деп есептейміз. Кітапты тәжірибе ғана деп есептегендіктен, көңілдегідей толықтықты іздеуге болмайды. Ол шартты бұл кітап орындай алған жоқ. Қай жолдағы білімді алсақ та, алғашқы тәжірибесінде сүрініп-қабынып, шала-шарпы, ала-құла болып шығады. Кемшілікті сын түзейді, көп болып біріккен ой түзейді. Сондықтан бұл кітап “Қазақ әдебиеті” деген толық атты аламын деп дәмеленбейді⁴.

Қазақ әдебиетіне көз салып жүрген адамдардың алдына ескіліктің нобайы суретін қалқытып беруге жараса, өз міндетін атқарғаны деп білеміз.

Алғашқы істің мақсаты сол болғандықтан, бұл қызметтің тұсындағы қолданған әдісіміз ескі күннен бастап, Абай

мезгіліне шейін қазақ тілінде шыққан сырлы сөздің түрлерін айырып, жік-жікке бөліп, әрбір дәуірден қадау-қадау белгі қойып, сол белгілер бойынша тарих шаңы басып жатқан ескіліктің желісін созып шығу болды. Баяғы заманнан бері қарай құмды, шөлді далада, шаң ішінде қоңыраулатып келе жатқан әдебиет көші қай кезең, қай асудан асты, соның ұлы сүрлеуін тауып алуды мақсат қылдық. Сол себепті әрбір түр, әр бөлімнің ішіне әдебиет жұрнақтарының бәрі бірдей кірген жоқ, солардың әрқайсысының үлгі мысалдары ғана кірді.

Бұл айтылғандардан басқа кітаптың кейбір бөлімдері, жоғарыдағы азға қанағаттанған, азды тілеген мөлшердің өзіне де тола алмай, шала болып қалғаны бар. Сондай бөлімдер ертегі, билер айтысы⁵. Бұлар ел әдебиетінің ең бір мол саласы: олардың мысалдарын жиып алған соң ғана тексеруге болады. Біздің қолымызда сондай көп мысалы болмады. Екінші, мына кітаптың ауданына қарағанда, әлгілер сияқты түрі көп бөлімдерге аса тереңдеп кету қисынсыз болды.

Кітаптың ішінде тағы бір көзге түсетін зор кетігі: қазақ әдебиетінде XIX ғасырдың аяқ кезінде үлкен ағым сияқты болған дін хиссалары кірген жоқ⁶, Дін сарынымен айтылған үгіт-өсиет өлеңдері де тексерілген жоқ. Ол ағымға кіретін ақынның ешбірінің аты да аталған жоқ. Бұл түрдегі өлең жұрнақтары қазақ әдебиетінің тарихына кіру керек еді. Бірақ олардың бұл кітапқа кірмеген себебі қазақ ескілігін тексерген тұңғыш қызметте, біздің көздеген мақсатымыз, әуелі қазақ елінің өз қанынан туып, өз сүтімен өскен ескіліктің ұлы денесін тұрғызып алмақшы болдық⁷. Дін өлеңдерін, хиссаларды алсақ, көбінің сарыны шеттікі болудан басқа, мазмұндары да түгелімен мұсылман ғаламынан келген көшпелі, қыдырма әңгімелер. Сондықтан оларды тексеріп, ұғынып түсіну үшін жалғыз ғана қазақ топырағындағы көлеңкесіне қарап тон пішу керек емес, әрқайсысын тудырған жағдай мен себепті әуелгі шыққан ұясынан бастап ұғыну керек, қазақтан бұрын араб, парсы, оңтүстік түріктері, шағатай, татар әдебиеттерін шолып өту керек⁸. Сондықтан бұл өлеңдерге бөлек бір қызмет арнамақ болып, мына кітаптың ішіне әдейі кіргізгеніміз жоқ.

Әдебиет тарихының қазіргі заманда шығуы туралы айтатынымыз: тегінде бұл тарих қазақ елінің жалпы тарихы шыққан соң тізілуі лайық еді⁹. Бұл күнде шалғай шығып қалды. Сондықтан барлық ескілікті қарастырған уақытта, қазақ тарихының ұлы аңғарына жанастыруға тырысып, әлеумет тіршілігінің ішкі-сыртқы қалпымен байланыстыруға талап етсек те, нағыз тарих сөзі мен бұның мөлшерінің арасында шалғайлық болып кетуге мүмкін. Ондайлық адасқан жері болса, кітаптың тарихсыз заманда шыққанын еске алуды тілейміз.

Онан соң осы кітапты тізудің үстінде көзге көрінген айқын кемшілік: бізде бұл уақытқа шейін Абайдан арғы ақынның өмірі туралы жиналған мағлұмат жоқ. Бүгінде қазақ ескілігіне көз салып, жинастырып жүрген азаматтардың қатты ескеретін бір жұмысы осы болу керек сияқты. Ескі ақындардың өмірбаянын білсек, соның әрқайсысы өмір сүрген заманның тірі пішінді белгісін тауып алғандай боламыз. Әрбір дәуірдің сондайлық бір-бір белгісі болса, “темір етік теңгедей, темір таяқ тебендей” болатын көмескі, күнгірт, ертегі заманның ұзақ сапарына қадам басып, жылжи беруге болады. Сонда ертегі сапарындай алыс көрініп тұрған кәрі күннің өзі де жақындап келіп, ескі тұлғасын көрсетіп қалуына да болады.

Осы сияқты шарттар ойдағыдай табыларлық болса, мына кітаптың ішіндегі бөлімдердің бәріне де қайта оралып соғып, тағы да әлде неше рет аударып тексеру бәріміздің де міндетіміз болады.

Мұхтар

*Ленинград,
декабрь, 1925 жыл.*

СӨЗ БАСЫ

Жалпы тарих жолындағы адам баласының ілгерілеген басқыштарын алсақ, төрт буынға бөлінеді: 1) тағылық тұсындағы ортақшылық дәуір; 2) ана қожалығы жүрген дәуір; 3) ата мен ру қожалығы жүрген дәуір; 4) мемлекет негізі құрылған дәуір.

Тағылық тұсындағы ортақшылық дәуір. Бұл дәуірдің белгісі: 1) бір топ болып өмір сүрген қауымның қан жақындығына қарай туысқандық байлауы мықты болған; 2) ол топтың адамдарына еңбек те, табыс та ортақ, ортақшылдық белгісі болған. Билеп жүрген жері, ұстап жүрген қаруына шейін бір адамдікі емес, топтікі, қауымдікі. Басты шаруаның барлығын сол топ түгелінен істейтін болған. Ол топтың ішіндегі ер жеткен әйелдер ер жеткен ерлердің ортақ жары деп саналған.

Еңбек пен мүлік ортақ болған соң, қауым арасында болған жас айырымы мен еркек-әйел айырмасы болғандықтан, олардың теңдігі табиғи теңдік болатын. Ол күнде дін пікірі жоқ, білім жоққа тән, аз. Өзі тұрған тау мен даладан арғы жерден қорқатын, қауіп бар дейтін. Дүниедегі барлық нәрсені “өзіме пайдасы бар, өзіме залалы бар” деген екі-ақ түрлі айырымға бөлген, топтың саны өсіп, бас көбейгенде бірінен бірі бөлініп шығып, екінші жерге тарайтын. Жер біткенше, осылай топтан топ жырып шығып, күнелте берген. Адам баласы бері келіп, бойы өскен соң, ол күннің қиындықтарын ұмытып, жұмбақ рақаты сол күндерде деп есептейтіні осыдан шыққан.

Ана қожалығы жүрген дәуір. Әйел әуелде басы бос баласыз күнде — еркегі кезбе өмірде жүрсе де, бері келген соң ана болған, балалы болған. Табиғат адам баласының қауымын өсіруді соған міндет қылған. Сондықтан әйел атаулы баласының қасынан ұзай алмайтын болды. Ол кезде үй іші, отбасы жоқ, баланың әкесі кім екені белгісіз. Бала жалғыз шешенікі деп саналып, міндеті де шешеді болған екен. Еркек қаңғи берген, әйел балаға арқандалған. Еркек өмірі көшпелі кезбе өмір болып, әйел бір ауданнан ұзамай өмір сүрген. Баласын қорғайтын баспана керек болса, үңгір мен ағаштың қуысын паналаған. Бір жерде отыратын болған соң, тамақты жиып, сақтауға, қырландыруға, қорландыруға тырысқан. Баладан ұзап алысқа кете алмайтын болған соң, жақын жердегі ұсақ аңды өлтіруді, жеміс теруді кәсіп етіп, өсімдіктермен күн көретін болған. Бері келген соң мал асырау әдісін білген. Сөйтіп, еркектен бұрын үй шаруасының отырықшы шаруаның негізін салған әйел екен¹. Әйел істеген шаруа, бұрынғы кезбе аңшылықтай емес, еркекке де жәйлі тиді. Олар да оралуға айналды. Көргені көп кәрі әйел басшы болып шықты. Сонымен ана қожалығы жүрген дәуір туды. Бұның арты, біреу өнерлі, біреу өнерсіз, біреу еңбек қылып, біреу еңбексіз болғандықтан, алғашқы теңсіздікті тудырды.

Ата, ру қожалығы жүрген дәуір. Басы біріккен көп қауым мал өсіріп, егін салуды күшейте бастады. Балаға айналған әйел бар уақытын шаруаға сала алмады. Оның орнын еркек басты. Еркектің уақыты көп, қуатты, әлді болған соң, ақырында әйелден озды: еңбегі жемістірек бола бастады. Еңбекке ысылған кәрі әйелдің қолынан билік, басшылық кетіп, сол сияқты тәжірибелі еркек қолына ауысты (қарияның қожалығы туды.) Кәсіп түрі молайып, өзгере берді. Бір жерде отырып аңшы, егінші, мал бағушы болуға да жол табылды.

Сондықтан бұл қауымның саны бұрынғыдан молайып, адам саны жүзге, мыңға да шарпуға айналды, бірақ саны көбейген сайын сыйысу қиын болып, тіршілік ауырлады. Сондықтан бері келе қан төгісетін соғыстар шықты.

Соғыстар ол замандағы қауымның ілгерілеуіне себеп болды, жері кеңеюге, жұмыскері молаюға айналды. Бір ру мен

бір ру бірлесетін, одақтасатын күйге келді. Басшы шығу керек болды, басшыға тәртіпке бағыну керек болды.

Бұрынғы аңшылықты басшылықтан шығып, енді жай өмірде басшы іздейтін болды. Басшының жұмысы көптің істейтін қара жұмысынан бөлінуге айналды. Басшылық шығуы барлық жұмыстың түрін өзгертті. Бірінші басшылар көпшілікті жұмсап отырып, оларға үлестіретін азық сияқты мүлікте де билейтін болды. Қолында көп мүлік болған соң, олардан ең әуелі меншік, иешілік шықты. Екінші мүлікке ие болып алған соң, әйелді жеке меншіктеуді, “некеленуді” шығарды. Өзінен туған баласына дүние-мүлік тастап кету, мұра тапсыру мақсаты туды. Үй іші деген жаңа нәрсе жасалды. Әйел мен еркек байланысы күшейіп, әйел теңдіктен айырылды: керек қылған әйелін еркек алып қашса да алатын болды.

Осы істердің артынан ру басшыларынан ақсүйектік шыға бастады. Айырбас, сауда шықты. Еңбек бөлініп, теңсіздік туа бастаған соң, бұрынғы салттар жоғалуға айналды. Көп орнына өзімшілдік туды. Осы жағдайлар ұласып, тұрмыс машинасы шеберленген сайын, сол замандағы адамның ақылы артты. Бүкіл дүние жаралуы туралы көлемді, тұтас ой құрала бастады.

Ең әуелгі туған тұтас ой. Бұл ой әлгі дәуірдегі шаруа жағдайынан туды. Қауымда басшылық пен қара күштің еңбегі егіз болды. Басшы көпке нұсқау беріп, бұйрықпен істеді, оның ісі біліммен, еппен істеледі, сондықтан басшылыққа арнаулы білімді кісі керек. Қара күштің жұмысы оған қарағанда оңай. Міне, әуелгі адам өз қауымының ішіндегі әлгідей басшылықты бағалаудан дүниені де сол сияқты деп түсінетін болды. Дүниеде басшы сияқты үлкен жаратушы күш болса, тау, тоғай, судың иесі ұсақ жаратушы деп ұғынды. Дүниені солай деп түсінген соң, адам әзінде де әлгідей екі алуан жаратылыс бар деп білді. Басшылық етуші рух, оның қызметкері — дене. Дене өледі, рух өлмейді. Барлық дүниеде рух бар, дене бар дей бастады, Бұл пікірдің қорытындысы — табиғатты жанды деп ұғу: бұдан соң дүниеде екі басшылық бар: бірі дене бастауында, бірі рух — жас бастауында; оның соңғы пікірі қалыптан тысқарыға, ғайыпқа нану.

Дін таралуы. Адамдағы алғашқы дін екі тарау жолдан құралады:

1) бұрынғы басшы аталарды, аруақты құрметтеуден²;
2) табиғаттың үлкен күштерін қуаттаудан. Аруақ екі түрлі. Бірі — бұрынғы жауды жеңіп алып, құл мен құң қылған патшалар аруағы. Оларды да қадірлеп, құрметтейтін болған. Солармен қатар табиғат күштерін қадірлеген. Жаз, күз, күн, жұлдыз, ай барлығы да тірі нәрседей көрінді. Жақсылық пен жаманшылық құдайлары тартысады деген ой шықты. Күн тұтылу солардың соғысының белгісі. Қараңғылық болса, ол дұшпан құдайларының жеңген, билеген шағы. Осы турадағы әңгімелерді молайтып, ұлғайтқан сайын әлденеше түрлі ертегілер туды. Табиғат басшысын қадірлеу, құдайға дұға оқып, жалыну әдеті туды.

Сонымен жалғас ең әуелгі әдебиет жұрнақтары шығады. Құдайға арнаулы дұға айтып шұбыртқан тақпақ өлеңдер шығады. Дін мейрамдары сияқты әдеттер туады. Құдайлар мен аруақтар туралы толып жатқан әңгімелер тарайды. Бұл дәуір тілді байытты. Әлгі әңгімелер себеп болып, сөйлер сөз көбейді.

Мемлекет негізі құрылған дәуір. Ру тартыстары күшейіп, соғыстар жиіленген соң, жер молайып, басшылар көбейген соң, мемлекет құрылысы шықты. Барлық ел басшы болған ақсүйектер табы мен қара халық табына бөлінді. Ақсүйектер соғыс басшысы болды. Олар ой иесі, дін иесі болып тап-тапқа бөлінді³. Кедей болған қара халық табына салмақ түсіп, жуандар табы күш алды. Сондықтан бұл заманда тап тартысы жоғалмайтын қалыпқа түсті. Бұл дәуірдің өз ішінде бөлінетін мезгіл-мезгілі бар: 1) хандық-аламандық кезі, 2) алпауыт, ақсүйектер патшалығы, 3) байлар (буржуазия) патшалығы.

Алғашқыда, шабуыл, жорық үлесін таптың үлесіне салатын дағды болған. Екіншіден, жерге иелік шығады. Жері аз кедей шаруа мен мол жердің иесі алпауыт ақсүйектер шығады. Үшіншіден, сауда мен өнер артқан кәсіп мезгілі шығады.

ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫНЫҢ МІНДЕТІ НЕ?

Әрбір тарих белгілі жолдағы істің өскенін, гүлденгенін сөз қылады. Олай болса, әдебиет тарихының міндеті:

1) Бір жұрттың тіліндегі ауызша, жазба әдебиеттің ішінен үлгілі болған белгілерін бөліп шығару. Ол белгілер сол елдің әдебиет жолындағы жаңа сөзі болу керек.

2) Әдебиет тарихы белгілі дәуірлерді, мезгілдерді бөліп шығарады. Халықтың әдебиеті алғашқы шыққаннан бастап, белгілі бір кезге жеткенге шейін тарихтың ішіне кіру керек. Әр мезгілдің үлгісі қандай, неден туды, басқа өмірмен қандайлық тарихи байланысы бар, сол айтылуы керек.

3) Әдебиет тарихы әр мезгілдегі себептерді, шарттарды тереді. Мәселен, белгілі ақынның өлеңіндегі мағына мен түрдің сыртқы өмірмен қандай байланысы барын айырады: ақынның өз өмірі, өз тіршілігімен байланысқан сыртқы қалдар, себептер болса, сол теріледі, әдебиет тарихы ауызша әдебиеттің жұрнақтарынан сыртқы түрін, ішкі мағыналарын көріп, соларды туғызған себептерді айтады, әдебиет жұрнақтары мен соның жазған кісілерін қарастырып келіп, бір жұрттың әдебиетіне солардың қандайлық бағасы барын айтады.

Әдебиет тарихының қолданатын жолы

1) Ақынның өмірбаянымен танысып, тексеріп келіп, жазған нәрсесі мен екі арадағы байланысын айырады.

2) Әрбір ақын жеке-дара адам емес: оны туғызған елі бар. Өзінің үлгісі, салты, жақсылық, жаманшылығы бар.

Сондықтан ақын өмірін соны туғызған елінің өмірімен қоса қарастырады. 3) Ақын өмірін жалғыз ғана туғызған елін алмай, барлық сол ел мен ақынды түгел туғызып отырған ұлтымен алып қарастырады. 4) Әрбір ұлттың табиғатпен қатынасын қарастырады. Тіршілігі қалай құралған, табиғаттан тегін тамақ ала ма, жоқ еңбекпен ала ма? Еңбек көп болса, өнер артады, өнер артса, тап-таптың халы да жоғары-төмен болып, жіктеле бастайды. Әдебиет тарихы мұны да қарастыру керек. 5) Көрші халықтың берген үлесін, көрші жұрттың өнерінен келген әсерін айырады.

Қазақ ескілігінен аз мағлұмат

Қазақтың ежелгі ескілігі бұл уақытта ешкімнің де есінде жоқ. Сол себепті алысқа ұзап кеткен заман туралы қай тарихшы сөйлесе де, нобаймен, долбар сөзбен айтады. Дәлді мағлұматтың болмайтын себебі: қазақ ескілігінің жазу күйінде сақталып қалған белгісі жоқ. Сондықтан, соңғы заманда, қазақ елінің жалпы тарихына мағлұмат жиып жүрген Еуропа жазушылары мен қазақтың өз тарихшыларын алсақ, барлығы да бұл күнге шейін: қазақ елі кім, қайдан шықты, басынан қандай үлкен дәуірлер кешірді деген мәселелердің маңында жүр. Елдің ұзын-ырға тарихын кең көлемді қылып, ішкі, сыртқы өмір жолындағы өзгерістерінің барлығымен қатар алып отырып, толық пішінде құрастыру ауыр болып келеді.

Сол тарихшылардың кейбірі көрсетіп отырған дәуірлерге қарасақ, қазақтың ескі рулары, Шыңғысхан заманынан бергі: түрік, моңғол тарихының барлық дәуіріне түгел кіріп, толық араласып отырған⁴. Кейінгі Жәнібек⁵, Керей⁶, Қасым⁷, Ақнияз⁸ хандардың тұсында қазақ бірігіп жасаған рулар, ескі уақытта, әлгідей Қазан хандығы⁹, ноғайлы, өзбек бірлігінің¹⁰ бәріне де кірісіп, бірталай өмір жасасып шыққан. Осы кітаптың ішінде тексерілетін батырлар әңгімелерінің барлығы жаңағы айтылған пікірге ел әдебиетінің берген дәлелі, белгісі сияқты болады. Бұл сөздер біздің елдің жалпы тарихына жанасатын сөздер.

Енді ел әдебиетіне әсер еткен ішкі дүниені алсақ, бұның ерте замандағы пішінін білу әлгіден де қиын. Бұл жолда

не айтсақ та, ел ортасында сарқылып қалған таусыншақ белгілерге қарап, долбарлап айтпасақ, көлденеңнен қосылатын көмек жоқ. Қазақтың жалпы тарихына мағлұмат жиюшылар болса да, ескі замандағы ішкі дүниенің дін нанымын¹¹, ой сезімін, білім шалымын жиып, сынап, қорытынды жасаған кісі жоқ.

Сол себепті өз бетімізбен долбар жасасақ, қазақ елінің ішкі өмірі екі үлкен дәуірге бөлінеді. Бұның біреуі — ісләм діні кірген соңғы мезгіл. Екіншісі — содан арғы ескі дәуір. Бұл дәуірдің біздің заманымызға жеткен белгілері болса, елдің кейбір әдет салтында, өлең жырында, ескілікті ұғымында қалған белгілер болады. Сол белгілердің ретіне кіретін нәрселер: аспан мен отты қадірлеу¹²; бақсы, жын, албасты, жезтырнақ^{13, 14, 15} сияқтыларға нану. Осылардың барлығын құрастырып, сынап келсек, ісләм діні кірмей тұрғанда қазақтың дін нанымы қандайлық болып, дүниені қалайша түсінгенін нобайлауға болады. Қазақтың ескі діні дүниені көп ие билейді деген сеніммен басталады. Сол себепті аспанға (тәңірге) табыну, жер үстінің күштісі деп отқа табыну, дүниенің жасырын сыры — пері, жын сияқтыларына, бақсыларға табыну туады.

Пері, жын бұрынғы қазақтың дін нанымында бүгінгі ісләмнің періштесі сияқты болуға керек. Олардың өздеріне арнаулы меншікті дүниесі болған. Әрқайсысы табиғаттың әрбір тарауының, не адамның көңіліндегі әр түрлі салақияттың түп иесі болуға керек¹⁶. Бұлардың барлығы қазіргі уақытта бақсының қолында қалған: бақсы — ескіліктің, бұрынғы діннің жер жүзінде қалған жалғыз белгісі, сондықтан ескі нанымның барлығы бақсылық айналасына паналаған. Бұрынғы бақсы, бұрынғы діннің әулиесі, пайғамбары есепті болған. Бақсы бал ашқан уақытта аспанмен, құдайлармен жалғасатын. Соны жалғастыратын періште сияқты өткелі жын болған. Бүгінгі қазақ нанымында жынның қайдан шыққанын ашып айта алмайды. Жынды шығаратын шайтан десе, ол молдалар үгітінше кейінгі мұсылманшылдық ұғымына жанастырған нәрсе.

Бірақ ол анық шешу емес. Бұрынғы құдайлардың ішінде адам баласының өсіп-өнуіне қарсылары болған. Олардың

белгісі албастыда. Босанғалы отырған әйелді ғана аңдып келіп басатыны адам баласының өскелі келе жатқан ұрпағымен алысудан, соны тудырушы әйелді қас көргеннен туады. Ізгілік құдай, мейірімді тәңірі болуға керек, әсіресе, от болады. Отты ана деп түсінеді. Отқа арнап құрбандық әкеледі. Көп тілеуді оттан тілейді.

“Жолына жұп шырақ” деу¹⁷, кейінгі қазақтың “әулиеге ат айттым, қорасанға қой айттым” дегені сияқты. Бұл күнде ол заман алысқа кеткен ескі заман болды.

Ол күнде мәдениет жоқ, оның үстіне ісләм діні ескіліктің барлық белгісімен қатты алысты¹⁸. Ескі дінді еске түсіретін ұғымның бәрін жоғалтып жіберді. Қазақтың әдебиет жолы мен ақыл-білім өсу жолындағы ескі тарихын білемін деген кісі мұсылманшылықтың қалың қараңғы пердесі жауып тұрған мезгілге тіреледі. Мұсылманшылыққа ауысқан соң, қазақ биік белден асып кеткендей болады. Белдің астында көрінбей қалып отырған дүние: баяғы бақсы заманының ескіліктері. Бергі заманға оның белгісі келсе, мұсылманшылық сүзгісінен өтіп келеді, болмаса елдің ерекше сүйіп, айырыла алмағанынан келеді, не дінге кемшілік келтірмейтін әдеттер келеді. Мысалы жар-жар, беташар сияқты барлық салт өлеңдері. Әйтпесе қазақтың бұрын да талай мейрамы болған. Сол мейрамдарға арналған ойын-жиын өлеңдері бар еді. Барлық түрік жұртының мейрамы — наурыз, бақташылық өмірінен туған. Күн шырайы түзелген уақыт құдайдың ізгілік, рақымшылық істегісі келгеннен, сондықтан оған қуанып, той қылу керек болған. Бұл күнде сол наурызға арналған өлең бізге келмей, жетпей, жоғалып отыр. Мұсылманшылық қуып шыққан, жоғалтқан.

Кей уақытта мұсылманшылық пен ескіліктің бітім қылған да жері бар. Ел әуелгі кезде мұсылманшылықты ұстаса да, мұсылманның молдасынан өзінің бақсысын артық көрген. Бақсыда үлкен қуат болып, елдің ықыласын өзіне тартып, билеп отырған. Сондықтан кей жерлерде бақсыға мұсылман әулиелерінің сипатын алып келіп, жамағаны бар. Мысалы, ескі замандарда “абыз” дегендер болған¹⁹. Абыз деген сөз арабша “хапыз” деп шығады. Ізгі, әулие деген сөз. Бақсы

өзі әулие орнында күтулі болады. Мінеки, бұл ескілік пен жаңаның жасаған бітімі. Бұл сияқты ескіліктің азырақ белгісі, жоғарғы айтқан, мұсылманшылық сүзгісінен зорға өтіп келгендер. Мұсылманшылық осы кезде ондаймен алысуда. Сондықтан жылдан-жыл өткен сайын ескілікті еске түсіретін нәрселер жоғалып барады. Солар жоғалған сайын, қазақ тарихына ескілікті білу, іздеп тауып, ұғыну қиын бола бермекші. Қазірде де әдебиет тарихы сияқтыларды тізу қиын. Әуелден алыс жерден бастауға болмайды. Біз әуелі өзімізге таныс бергі заманнан бастау керек. Іздеушілер көбейіп, табылған ескіліктің жұрнақтары көбейген соң, сол бұйымдардан құрап, қолға таяқ алып, ескілікті ерте заманға қарай тереңдетіп, жылжи беру керек.

Қазақ әдебиетінің тарихы

Қазақ әдебиеті, барлық жұрттың әдебиеті сияқты, екіге бөлінеді: біріншісі — ауызша әдебиет, ел ақындығы. Екіншісі — жазба әдебиеті. Ел ақындығы не ауызша әдебиет: елдің жазу өнерін білмей жүрген кезінде шыққан сөздер. Жазу өнері болмаған соң, ол елде ғылым, мәдениет те тумаған болады. Ондай елдің өнер, білімі бір ауыздан екінші ауызға көшіп, сонымен сақталады. Жалпы білім деген нәрсесі, алдыңғының артқыға тастап келе жатқан ата мұрасы сияқты, ауызша әңгімелерінен құралады. Сол ретпен ескіліктен қалған сөзді, өнер иесі болған арнаулы жалғыз адам ғана біліп қоймайтын, жалпақ ел болып үйреніп, түгелімен есінде сақтайды.

Ол кездің өнерін жалпақ ел түгел ұғынатын болғандықтан, екінші, кейінгі ұрпақтың түгелімен алатын білімі, тәрбиесі де сондайлық көпке бірдей болып айтылатын жалпы әңгімелерден жасалатындықтан, бүкіл бір елдің жалпы дүниеге көзқарасы да, өткен өмірді түсінуі де бірақ түрде болады. Кейінгі буын өмірді түгелімен алдыңғыша түсініп, соларша тәрбиеленеді. Сондықтан ауызша әдебиеттің ішінде елдің белгілі ұғымын білдіретін, жалпы дүниеге көзқарасын сездіріп, өткенді қалай түсінуін көрсететін сөздің барлығы

да бір-ақ адамға тиісті өнер емес, ол — көптің өнері. Жалпақ елдің сыбағасына тиетін өнер туындысы.

Рас, бүгінгі салт өлең мен батырлар өлеңдері болса, соның барлығын жалпақ ел болып отырып шығарған сөздер емес, оның жеке шығарушылары бар. Бірақ бұл шығарушы ақындар сол сөздердің ішінде жалғыз өзінің көзқарасын, жалғыз өзінің ғана ұғымын айтпайды, олардың өлең, жыр ішінде айтатыны — түгелімен жалпақ елдің ұғымы мен жалпақ елдің көзқарасы. Айтатыны — көптің қарадай айтып жүрген сөзі. Сондықтан өлең қылушылар ауызша әдебиеттің құр ғана жақсы айтушысы, құр ғана әңгімешісі болады.

Ел ақындығын жасаушылар солар деп санауға болмайды. Сондықтан 1) ауызша әдебиеттің шығарушысы жалпақ ел дейміз. Ауызша әдебиет жұрнақтарының арнаулы шығарушысы жоқ. 2) Ауызша әдебиеттің барлық жұрнақтары күйге өлшеніп, арнаулы әнмен айтылады. Сол себепті оның сыртқы түрінде жазбадан айырмасы бар. Ол желпініп, желдіртіп айтылады. 3) Ауызша әдебиетте бір жаққа қарай беттеген арнаулы бағыт болмайды. Оны елдің дін нанымы, елдің белгілі салты, әдеті туғызады. Сондықтан ауызша әдебиет бірнеше түрге бөлінеді.

Ауызша әдебиет түрлері

- 1) Сыршылдық салт өлеңдері.
- 2) Әңгімелі өлеңдер (*батырлар әңгімесі, ел поэмасы, тарихи өлеңдер*).
- 3) Айтыс-тақпақ.
- 4) Ертегі, мақал, мәтел, жұмбақ.

I б ө л і м

СЫРШЫЛДЫҚ САЛТ ӨЛЕҢДЕРІ

Шер өлеңдері, кейде көп елдің басына үй ішінің қайғысынан, жеке адамның қайғылы күйінен туатыны да болады. Бұл өлеңдердің бәрі де көңілдің қайғылы қаралы сезімдерін білдіретін сөздер. Кей уақыт елдің жалпақ қолданған әдетінен туатын өлеңдер де шерлі өлеңге қосылады. Осы айтылған барлық сыршылдық өлеңдер, туған ретіне қарай үш түрге бөлінеді:

- 1) Жалпақ елдің салтымен байланысқан шер өлеңдері.
- 2) Дін салты мен дін ұғымынан туатын өлеңдер.
- 3) Қыз ұзату үстіндегі салт өлеңдер.

Ел салтындағы шер өлеңдер

1) **Ел салтындағы шер өлеңдері:** жоқтау, естірту, қоштасу, көңіл айту сияқтылар.

а) **Жоқтау.** Жоқтау өлеңі — көпке бірдей жайылған көп қазақтың қолданған салтынан туатын шер өлеңі. Жүрек қайғысын өлеңмен, әнмен, кейде күймен шығару ескіліктің сүйген түрі болған. Кей уақытта жалпақ елдің жоқтауы болады. Ондайда қайғылы қалың елдің атынан ақын, жырау жоқтайды, кейде үй ішінің ауыл-аймақ, рудың ішінде жоқтау өлеңі болады. Әуелгі түрдегі жоқтау — хан өлгенде қарашаның жоқтауы. Қайғымен күйзелген қалың елдің шерін жыраулар айтады.

Мысалы, Абылай әл үстінде жатқанда, Бұқар жыраудың жоқтағаны²⁰:

Қайырусыз жылқы бақтырған, ханым-ай,
Қалыңсыз қатын құштырған, ханым-ай!
Үш жүздің баласынан үш кісі айтсам,
Қалар да ма екен жаның-ай!

Шер өлеңі өлгенше ұзақ болмайды, шер мен қайғы үстінде кісі ұзақ сөйлесіп тұруға әлсіз болады. Сондықтан шын қайғы қысқан сөзбен көп мағынаны тізіп, тиімді қып айтады. Бұқар жыраудың жоқтауы, сол жоқтау. Бұл бір ауыз өлеңде Абылайдың әкімшілігі, қазаққа қаншалық жайлы болғаны айтылады.

Бұрынғы көп шабуылдың артынан тыныштықты көкसेп, амандықты тілеген елді Абылай сол тілеген амандық, тыныштығына жеткізген, маңайдағы жауына айдынды, ел ішінде ауыл тентектерге тыю салған ақылды әкімді жоқтайды. Қалыңсыз қатын құштырса, Абылайдың мықты қолбасы болғаны көрінеді, қазақ қолының Абылай бастағаннан бері жолы болып, егескен жауын егер қылып жүргені білінеді. Сол себепті үш жүздің баласы аласыз тілеу тілейді, үш жүзден үш кісі айтпақ болады. Мінеки, аз сөзде көп мағына. Көп қайғысын ақынның жоқтауымен білдіргені Нарманбеттің заманды жоқтаған өлеңінен көрінеді²¹.

Сарыарқа*, сарқыраған суың қайда?²²
Түнде шық, күндіз мұнар буың қайда?
Нажағай жарқ-жұрқ етіп, нөсер құйған,
Көк жасыл кемпіркосақ туың қайда?

Елдің бақытты шағында табиғат пішіні де бақытты еді, бұл күнде ол жоқ, ақын әуелі соны жоқтайды.

Бай бар ма баяғыдай барқылдаған,
Асы мол, аты тегін тартылмаған?

* “Сарыарқа” — жаңа заман өлеңі. “Ескі әдебиеттің мысалына бұл қалай кіреді?” деген сұрау болар. Оған айтатыным: бұл арада жалпы жоқтау өлеңінің түрін, үлгісін ғана қарастырып отырмыз. Сол өлеңді сол түрдің мысалына алдық. Әрине, тіпті ескі өлең болса жақсы болар еді. Бірақ ондай өлең әзірге жиналған сөздердің ішінде кездеспегендіктен, екінші мынау өлең ескі сарымен жазылған жоқтаудың ең ашық үлгісі болғандықтан, әдейі алдық.

Алдыңнан атыңды ұстап құрмет еткен,
Жайдары жеңгең бар ма, жарқылдаған?

Пайдалы балығы көп, дарияң бар ма?
Сыбырсыз сыр айтатын жарияң бар ма?
Аузынан ая толым қақырық тастап
Батагөй басалқы айтқан қарияң бар ма?

Осы ретпен бұрынғы келін, іні, баланы іздейді. Бұрынғы ағайын ортасының ұйтқысы бұзылмаған жақсы заманды түгел жоқтайды. Ауыр заман жүдеткен елдің еркіншілік тыныштығы мол болып, өткен күндерді жоқтаған. Бүгінгі саяси қалыпқа, бүгінгі шаруа қалпына ырза болмағандықтан, қайғылы қазақ баласы, табиғаты да өзгеріп кеткендей көреді. Өзімен бірге табиғат та жүдеген шығар деп түсінеді, бұл түсініс ел байлығы жер, жер елдің құты деп түсінгендіктен туады. Бүгін ел малынан айырылса, қызығынан айырылса, жер де құтынан айырылу керек деген нанымнан туады.

Жоқтаудың үшінші түрі: өлген ұлын ананың жоқтауы; күйеуінен жесір қалған жарының жоқтауы. Бұл — үй ішіндегі тұрмыстың шері. Мысалы, Әйекенің жоқтауы. Шеген би өлгенде келінінің жоқтауы. Үшінші, күйеуі өлгенде, Бопы төренің қарындасының жоқтауы²³.

Шеген би өлгенде, келіні айтқан жоқтау:

Әуеден ұшқан ылашын,
Ылашын жаяр құлашын.
Атамды алған құдайдың
Келіні мендей жыласын!

Үй ішінің қайғысынан туатын жоқтау өлеңнің екіншісі, Бопы төренің қарындасының жоқтауы:

“Күлдәрі белбеу белімде,
Ызалы болдым елімде.
Бопекем жарлық берген соң,
Жүре бер ойым жөніме.
Бас-бас өлім, бас өлім.
Басынан келген осы өлім.

Орқаш та орқаш, орқаш тау,
Баурайы толған көк бас тау!
Топ ішінде қиын-ды,
Жалғыз енді сөз бастау.
Бастамасқа шарам не
Басыма салған қарам не!

Жапырағын жалпайтып,
Жарлыны алған осы өлім.
Құдай досы Мұқамбет²⁴;
Оны да алған осы өлім.
Қылышынан қан тамған,
Әліні алған осы өлім²⁵.
Өлімнің несі, ойбайым!
Бұл істі салған құдайым.
Қара бір шашым жаяйын,
Жаяйын да жияйын.
Күнәлі бармақ жез тырнақ
Күнінде қанға бояйын.
Албыраған ақша бет
Сүйегіне таяйын,
Мөймілдеген қара көз
Жаспенен оны ояйын.
Алшаңдап жүрген, жас төрем,
Орныға кімді қояйын?

Мен жыламай кім жылар:
Бетімдегі жарам не!
Боғастың бойын орыс алды,
Жүректің басын дерт алды.
Он жеті жасар би-жанды.
Қорасан деген дерт алды.
Асылда гауһар болатын.
Ұшайын десем қанатым.
Әкекем қосқан қосақтан,
Айырды шебер құдайым.
Алты атанға жүк арттым.
Алдар ханмен бек тарттым.
Алдынан жүрмес, ата екем,
Құшақтап тұрып сөз қаттым.
Арғымақ үйірін сағынса,
Артқы аяғын қағынар:
Алғанын бейбақ сағынса,
Қаннан енең жағынар.

Жоқтаудың ішінде өлген адамның қасиетін көп санайтынның белгісі мынау өлеңнен көрінеді.

Алты атасы бай өткен,
Алты атанға жүк артқан,
Ұяда сұңқар түлеткен
Қияда сұңқар тілеткен.
Алтайы қызыл түлкі атқан.
Баршаны бөздей жырттырған.
Жібекті жүндей түттірген
Шылаушыны салып ат мінген.
Шыңыраудан алып су ішкен,
Шынжырлы қауға тарттырған

Қайыңнан астау шаптырған.
Қаптатып жылқы жаптырған.
Күні де түнім, базарым!
Алладан қайтты назарым.
Бетімнен кетті ажарым.
Хан иеміз кеткендей,
Бір күнде кетті базарым.
Жаздыгүні болғанда,
Күннің көзі байланған.
Ақ сұңқар ұшып айналған.

Жоқтау өлеңінің мысалы қазақтың ауызша әдебиетінде өте көп. Бұл түрдің алғашқы шыққан мезгілі қай кез екенін білу қиын.

Ерте заманнан бері келе жатқан түр екені даусыз. Жоқтау, жалғыз қазақта емес, орыс ескілігінде де бар болған. Бұрынғы заманда өлген жақынын орыстар жоқтайтын. Бірақ оның қазақтікінен айырмасы: жоқтау өлең жаттама болатын. Ертеде шыққан бір өлеңді, кім өлсе де, өзгертпестен айта беретін. Айтушылары да қазақтікіндей қайғылы үйдің өз ішінен шыққан

адам емес, әдейі кім өлсе, соны жоқтап жүретін жоқтағыш (плакальщица) қатындар болатын. Соларды жалдап әкеліп жылатып, өлгендерін жоқтатып алатын. Жылағыш қатындарға жоқтау айту арнаулы кәсіп болатын.

Қазақ жоқтауының бұдан көп басқалығы бар. Ең әуелі қазақтың кісісі өлсе, оны қаралы үйдің өз ішіндегі барлық жаны жылап жоқтайды. Солардың ішінде қатыны, шешесі, қарындасы, қызы сияқты жан күйері болса, солар жоқтайды. Көп жоқтаудың өз бетінше шығарылған сарыны, дауысы болады. Ескі әдет бойынша, ертеңді кеш сол сарынға жоқтау өлеңді қосып, дауыс қылады. Онан соң қазақтағы жоқтау өлең өлген бір адамның өзіне ғана арналып шыққан тың сөз болады. Басқа біреудің айтқан жоқтауын айту, жаттама өлеңді айту — қазақ ұғынысынша мін. Ондай жоқтау көңілдің шын қайғы-зарынан шыққан емес, жалған жоқтау болады. Көздің жасы, жүректің жалынымен шығатын қаралы өлең әшейіндегі қызық, жұбаныш үшін айтылатын өлеңнен бөлек болуы керек. Сондықтан бұл күнге шейін қазақ ішінде айтылған сансыз көп жоқтау өлең болса, барлығы да бірінен-бірі бөлек өлеңдер. Рас, олардың да біріне-бірі ұқсайтын жері бар, бірақ ұқсастық сөзінде емес, түпкі мағынасында, ұзын-ырға сарынында ғана. Сыртқы өлең қылған сөздері бірінен-бірі басқа-басқа болады.

Жоқтау өлеңі сияқты, кейін қаралатын ескерту, қоштасу, көңіл айту өлеңдері де түгелімен осы айтылған заңдарға бағынады. Осы өлеңдердің барлығы да шын қайғымен байланысу шарт болғандықтан, барлық жоқтау өлеңі сияқты өлеңдерді түгел жинап, түгелімен әдебиет тарихының ішіне кіргізу мүмкін емес.

Есте жоқ ескі күннен бастап, дәл бүгінгі күнге шейін, сансыз көп жоқтау өлеңі айтылған. Біз қазір де, жоқтау өлеңін сөз қылғанда қазақтың ескілігі қандай түрлі өлең қалдырған деген сұраққа жауап беріп, осы өлеңнің түрін ғана айтып отырмыз. Сол түрін білдіру үшін жоғарыдағы екі-үш өлеңді мысалға алдық. Мұнда Шегеннің жоқтауы — ескі өлең. Біздің қолымызға түскен жоқтау өлеңнің ең ескісі. “Атамды алған құдайдың келіні мендей жыласын” деген сөз, қазаққа дін қараңғылығының жайылып болмаған кезін білдіреді. Әлі дін нанымының ноктасы атасын құрметтеген келінді бағындырып

жетпеген уақытты көрсетеді. Атасын жоқтап отырған қаралы келінге, Шегендей би құдайынан бәлен батыр, олқы да емес сияқтанады. Бұдан әрірек уақытта шыққан жоқтау өлеңді алсақ, әлде бұдан да гөрі жатығырақ сөз шығуға болар еді.

Үй ішінің қайғысын білдіретін жоқтау өлеңдерінің ішінде көп сөзге мысал болары “Әйкениң жоқтауы”. Мұнда берірек замандағы көп жоқтау өлеңдерінің ішінде келетін ұзын сарынның барлығы да ашық, толық шыққан.

Жоқтау өлеңі сияқты салтпен байланысқан шер өлеңінің барлығы, қазақ елінде өлең өнері қаншалық қасиетті, қадірлі сөз болғанын білдіруден басқа, тағы бір бағалы жер болған. Ол бағасы: қайғыға душар болған жан күйер әйелге жанынан өлең шығаруды міндет қылғаны. Жақыны өліп, жүрегіне қаяу түскен әйел өзінің қайғылы күйін білдіріп, бойына біткен өнері болса, сынға салып, өлең шығарып көру керек. Салт бойынша өлікті қадірлеу, жыл уағына шейін жоқтау, сол жыл уағына шейін қаралы болып отыратын әйелге, ақындық өнерін еріксіз қадірлі қылып, еріксіз соны іздетеді. Салтқа бағынудан өлеңшілікке, әншілікке бой сұнып, сол өнердің жолына еріксіз салынуды керек қылды. Рас, мұнымен қазақ әйелінің бәрі бірдей ақын болып кеткен жоқ. Өз жанынан шығара алмаған әйел өлікке арналған өлеңді жақынына шығартып алып та жылмайтын болады. Бірақ осы салттан, ақындық сияқты қасиетті өнерді қадірлейтін шарт туатынын ғана айтамыз.

ә) **Естірту өлеңдері.** Ескі қазақ салтында, көп елді күйзелтетін қайғыны арнаулы өлең естіртетін әдет болған. Хан өлгенде естірту, ардақты азамат өлгенде жан күйеріне естірту өлең ескі қазақтың өмірінде қуанышын ұлғайтып, қайғысын кемітетін жұбанышты бесігі болған. Дүниеге келгенде өлеңмен қарсы алып, дүниеден көшкенде өлеңмен жөнелтетін. Жалпақ қазақ тіршілігінде сұлу сөз, кімнің де болса, сүйеуі болатын.

Естірту өлең сол қайғы үстіндегі сүйеу сөз, көңіл айтып жұбатқан сөз болатын. Мысалы, Сарыбай өлгенде, тазшаның естірткені²⁶. Естірту көбінесе тұспал, жұмбақпен басталады. Сонымен ауыр хабарға дайындап алады. Содан кейін өлген жанның қасиеті айтылады. Көп елдің қасиетті өлімге

күйзелгенін айтады. Өлген ханның өміріне баға беріледі. Бүгінгі қайғыға көптің ортақтығы айтылады. Мысалы, Сарыбайды алсақ, Сарыбай мұратына жетпей өлген жоқ. Өзіне келсек, төре, Балталының ханы болған²⁷. Көп ел тіршілігінде басын билетсе, өлгенде жоқтап, егіліп жылап отыр. Бұл Сарыбайдың тіршілігіне көп атынан берген баға. Кім Сарыбайдай баққа жетті. Бір адам осыдан артық не тілейді? Артында қалған ханымы! Ел жүрегінің адалдығы, ниетінің шындығы сол, енді әйел демейді, соған да билетеді. Аруағын сыйлағаны осы. Сарыбай армансыз өлді. Себебі оның ұлы бар. Ендігі елдің адал тілеуі, сол артында қалған ұрпағына ауады. Сондықтан артында қалған Қозыжанға егіліп жылаған көп халық көз жасымен қайырлы өмір тілейді.

Естірту өлеңдері кейде, өзге шер өлеңдері сияқты күймен де айтылатын болған.

Мысалы, Ақмет ханның баласын желіккен құлан өлтіріп кеткенде күйші домбырамен естіртеді²⁸.

Домбыра:

Ақсақ құлан Жошыхан.
Баласы өлген осы хан, —

деп, күйлеп, сөйлегендей болыпты. Содан баласының өлгенін біліпті.

Естірту өлеңінің ішінде жоқтаумен аралас келетін үлгінің мысалы — Сарыбай өлгенде тазшаның естіркені:

Аңға да кеткен Сары-екем-ау!	Балталының халқына,
Таң ертеңгі салқында	Өрісі толып малына,
Мінсіз де туған жан еді-ау!	Қазынасы толған алтынға.
Өнеге бойы, қалпында.	Қайырлы ғұмыр бере көр!
Келімсек төре хан болып,	Қозыжанға артында...

Естірту өлеңінің екінші мысалы, Байшуақ би өлгенде, баласы Байғараға қыпшақ Ізбасты бидің естірткені²⁹:

Уа... Байғара! Байғара!	Ел шетіне сөз келді.
Бері таман бір қара!	Қолымды ақша бір құсқа
Бір сөзім бар айтамын.	сермедім:
Айтамын да қайтамын.	Сермесем де білмедім,
Тыңдағанға бір пара.	Білдіруші бар ма екен!

Алып арыстан құласа.
Жан беруші бар ма екен!
Аққан дария құрыса,
Су беруші бар ма екен!
Хан сұлтандар құласа
Жан беруші бар ма екен!
Арғы атаң сенің Дайыр хан
Қазақ пенен қалмақтың

Дұшпандығын айырған.
Бергі атаң сенің Қайым хан,
Жауды көрсе, қымсынған;
Өз атаң сенің Байшуақ
Алтын тақтан тайыпты,
Естіре алмай отырған
Көп жамағат айыпты, —

деген.

Осы сөзден Байғара әкесінің өлгенін біледі.

б) **Қоштасу өлеңдері.** Сыршылдық өлеңдерінің бір түрі — қоштасу. Мұнда, ел басынан кешкен күндердің қайғысы білінеді. Көп елдің күйзелген уайым, шері айтылады. Қазақтың ақыны, әр алуан жақсылары өлім үстінде қалжың айтып, кейде ән мен өлең шығаратын болған. Қайғыдан сөзді жұбаныш қылу, күйініштің үстінде өлеңмен шерін тарқату ескіліктің сүйген түрі. Сол сияқты жастықпен қоштасу, кәрілікті өлең қылу бар. Бұл қазақ мінезіндегі ашықтықты көрсетеді. Әркімнің өз ішіне жиналатын шерді, өз жүрегінің түбінде сақталып жүретін қайғы жүдеулікті топқа салу, қалың әңгімесіне, ермегіне арнап беру қазақ мінезінің бір үлкен айырмасы. Қоштасу өлеңдері: а) жерге қоштасу, елге қоштасу; ә) өмірдің өткен шағына қоштасу; б) өтіп бара жатқан заманға қоштасу. Жерге қоштасудың мысалы — Ай, Таңсық өлеңдері:

Балталы, Бағаналы ел аман бол³⁰,
Бақалы, балдырғанды көл аман бол!
Теруші ем еріккенде, ермек етіп,
Екпе, жиде, алма ағаш, гүл аман бол!
Жібектей шалғынында ойнап өскен
Сегіз сай тау біткенді сала аман бол!
Үйеңкі, қайың, терек, тал аман бол!
Қалған ел халайықтың шалы аман бол!
Қайын атаң Қарабай сенен қашты³¹.
Жөргекте Қозы Көрпеш, бала аман бол!
Тауып ал, қуып жүріп, арттан іздеп,
Ел жақсысы Тайлақ би айтқаным сол³².
Осы ізі тоқсан мыңның соқпақ болар,
Жоғалмас қайда барсаң қазылған жол
Тайлақтың енді аман бол, қалған елі!

Арқаның сен де аман бол, қоңыр желі
Ыстыққа күн жүрмейтін салқын соғып,
Аққан бұлақ, дүм ағаш көлеңкелі.
Өзен, өлке, жота мен төбе аман бол!
Тайлақ би, ел жақсысы, көп, аман бол!
Изенді, бетегелі, мық жусанды,
Ақ көде малға шүйгін шөп аман бол!
Жасы кіші іні мен аға аман бол
Іребдел өңшең мырза аға аман бол!³³
Қайын атаң Қарабай сенен қашты.
Жөргекте Қозы Көрпеш бала аман бол!
Баянды бермей кетер саған боқ-ты;
Айым, күнім атарсың қазалы оқты,
Күнінде күйеу болып іздеп келсең,
Жолыңда біз тұрамыз айтқан тоқты.
Қозеке, піспей қалған сен бір алма,
Бойыңа қуат кіріп күш толар ма?
Қозы Көрпеш күйеу боп, біз қайын бике.
Иілісіп тұратын күн болар ма?!
Қолынан ит Қарабай малын соймас,
Сол нәлет дамыл қылып дәмге тоймас.
Құдайым тағдырың да қосқан болса,
Қайда барсаң онда бар сені қоймас.
Үйіңе құдай оңдап қыдыр қонар,
Ер Лұқбан қолтықтап жолдас болар³⁴.
Егер де сапар қылып іздеп келсең,
Осы ізі тоқсан мыңнан соқпақ болар.
Балталы, Бағаналы халық аман бол!
Жөргекте Қозы Көрпеш жалқы аман бол!
Жеңеше, құрбы-құрдас, келін-кепшік,
Халайық бізді ойлаған жалпы аман бол!

Бұл қоштасудың ішіндегі үлкен мағына: Сарыарқаның туып-өскен еліне қаншалықты қымбатты екенін көрсетеді. Сарыарқа — ел бесігі. Қазақ жұртының жүрегімен бір туысқан қымбатты жері — Сарыарқа, қазақ байлығының құтты берекесі. Арқадан басқа жерде изенді, мық жусанды, бетегелі жер жоқ. Өзге жерде екпе, жиде, көлеңке ағаш жоқ. Өзгенің желі де Арқаның желіндей еспейді. Арқаның қоңыр желі, Арқаны жайлаған елдің ғана желі. Қазақ елі табиғат баласы. Ен жайлауының табиғатымен жүрегі туысқан. Арқада еріккенде ермек табылады. Тілесе малына құт, береке табы-

лады. Жарастығын толтыратын бақалы, балдырғанды көлі де бар. Екі қыздың аузымен Сарыарқаның қазақ баласына қаншалық қадірлі екені білінеді. Өзгеден сезімі артық, жүрегі нәзік әйел тілімен Сарыарқаға қоштасу айтылады.

Екінші Күдері қожаның Қарқаралыдан ауарда айтқаны:

“Қарқаралы, Қазылық:³⁵
Жатушы едің жазылып.
Жазғытұрым болғанда,
Бауырыңа ел көшкенде,
Көштің жолы сүрлеу боп,
Қалушы еді қазылып.
Жатып қалған жас қозы
Жайылып қой болған тау:
Егізімнің сыңары
Бірін сойса той болар,
Қалған бірі балқаш боп,
Бағылан қозы қой болар;
Сойғанының терісі,
Жөнін білген шеберге,
Бір өзі бір бой болар.
Илей білмес жаманға,
Ел құрып кеткенде,
Ала шолақ иттерге
Көкпары болып тартылып,
Недәуір мереке той болар.
Қарқаралы қайран тау.
Тиюші еді пайдаң тау,
Пайдасының белгісі
Ұйымда тұрған өлкесі,
Өлкесінің белгісі:
Шаңырағым, уығым,
Үйде бақан, сырығым
Ат ұстайтын құрығым,
Қазаныма қақпағым,
Желі бір соғар тоқпағым:
Арба, арыс, белдігім,
Ел қыстауға келгенде
Сиыр бір жатар шілігім,
Ат жүре алмас аралдым,
Шінде бұғы, маралдым,
Бұғы да марал жатқан жер.
Мергенде таңдап атқан жер

Мерекеге батқан жер.
Артығын алып сатқан жер.
Бай төбеті аңқылдап,
Байсал тауып өрген тау.
Баласы қаздай байпандап
Бәйбіше дәурен сүрген тау.
Әкем бір күйеу болған тау.
Шешем бір келін болған тау.
Ақ бүркеніш салынып,
Ала берен киген тау.
Кетейін деп кетпедім,
Төңірегің толған жау.
Сайыңда қопа қамысым,
Тамам бір жұртқа танысым,
Мына да кәріп зорлықтан
Қалдың-ау есіл қонысым!
Боранда малым ықпаған,
Үйімді дауыл жықпаған,
Шағыр бір жусан изендім!
Сенен де кетіп күйзелдім...
Байлаулы атқа пішенім,
Мақтаулы атқа кісенім,
Ат арқандар қазығым.
Балаларға азығым,
Кетейін деп кетпедім.
Кәпірден болды жазығың.
Он екі қазылық он түнек,
Маңырап жатқан қой түнек,
Есіл, Нұра екі су³⁶
Еңкейіп онан бетің жу!
Бірің де шекер, бірің бал.
Қай бірінді айтайын
Бетеге, кеде, жауылша,
Шулап тұрған бәрің бал
Кетейін деп кетпедім:
Алып кетті-ау кәпір қу”.

Мұнда да жерге қоштасу: бірақ жоғарғымен екі арасында айырмасы бар. Анау нәзік әйел сезіміне батқан қайғыны білдіреді, соңғы өлең елдің шаруашылығына, елдің іргелі елдігіне залал келтірген кемшілікті айтады. Бұлай жоқтағанда шаруа қамы күйзелгендігінен айтады. Аанада, жүректің туған жерімен байланысқан нәзік күйлері келеді. Шаруа есебінсіз, пайданы көздемей сезімді жүрек қайғысы айтылады. Мынада кәріп зорлығы, ел күйзелісінің себебі, қазақты елдіктен шығарған қиянаттың шеті көрінеді. Мұнда жалпақ елдің қамы айтылады.

Қоштасу өлеңінің екінші бір түрі: өлерде артта қалып бара жатқан туған-туысқаны мен туып-өскен елге арнап айтатын сөздер. Мысалы, Кемпірбайдың Әсетке айтқан өлеңі, Сабырбай ақынның Қуандық деген қызына айтқан сөздері³⁷.

Кейде өлердегі қоштасу өлеңі сол арада шығарған арнаулы әнмен айтылады. Мәселен Сабырбайдың:

Атыңнан айналайын, Қуандығым,
Байқаймын науқасымның түбі мығым.
Бір қайла шыбын жанға бола ма деп,
Малымды алтай жаздай қылдым шығын.
Мінгенім дәйім менің шұбалаң кер,
Ел-жұртым мен өлген соң Сәбекем дер.
Ас беріп, ат шаптырып әлің келмес,
Кер атты, тор бестімен ишанға бер.
Мінгенім дәйім менің құла керім,
Жүйрік те, берік те емес, әлім-берім.
Дүниеден сапар шегіп мен барамын.
Артымда қош аман бол, қайран елім! —

деген өлеңі, осы күнге шейін Семей үйезінде Сабырбайдың өзі шығарған әнімен айтылады.

Өмірдің талай тар кезең, тайғақ кешуінде не өлең, не мәтел айтпаса, орайлы сөз тауып кейінгіге сондай халынан белгі қалмаса, ондай жақсы кезге қораш көрініп қалатын. Сондықтан кеңдік, сабырлық, ерлік белгісін бір білдіру үшін адамның өз басының ең ауыр минуты өлім алдында болса, соған да не өлең, не ән шығарып, не болмаса күлдіргі қалжың айтып бой кеңдігін білдіріп кету керек. Өлерде өлеңмен,

әнмен қоштасу көбінесе ақындардың әдеті. Сабырбайдан басқа өлерінде қоштасу өлең айтып кеткен ақын Кемпірбай. Әл үстінде жатқан Кемпірбайға Әсет келіп мынаны айтады:

Ассаламағалайкум, ей, Кемпірбай!
Дертіңе шипа берсін, патша құдай!
Сыртыңнан “ауру” деп есіткен соң
Мен келдім әдейі іздеп көңілің сұрай.

Сонда әл үстінде жатқан Кемпірбайдың берген жауабы:

Көңілімді Әсет келді көтергелі,
Болмайды кеуде шіркін жөтелгелі.
Алып бер домбырамды ана тұрған,
Басымды жастықпенен көтер бері!
Артыма бір-екі ауыз сөз тастайын,
Қонғаның шыныңменен бекер ме еді?
Боз шапса, боз озбай ма бурылдан?
Мен шапсам жер шарасы қуырылған.
Жай тастап аяғымды алып жылдам,
Жабының күнде озушы ем тұғырынан.
Алашқа алтын жүзді жақын болмақ,
Адамның әр не қылса пиғылынан.
“Ер Дәуіт” екі жаста иектеген³⁸.
Қырдың суын іштім құдығынан.
Кешегі заманымның аманында,
Мен-дағы асып жүрдім Бұғылымнан.
Ұшса да қанат байлап аспанменен,
Өлімнің кім құтылар құрығынан,
Сұрасаң қал жайымды, Әсетжаным,
Жатырмын ұшайын деп тұғырымнан.
Әсетжан, осы аурудан өлем білем!
Алланың аманатын берем білем.
Кеудемнен көк ала үйрек “қош” деп ұшты,
Сол шіркін кәрі жолдас өлең білем.
Басымда қимай отыр біраз тоқтап,
Кетпей тұр бөтен жаққа айналсоқтап.
“Серігім, қош! Аман бол, Кемпірбай!” деп
Жылайды бұрынғы өткен күнді жоқтап.
Әсетжан, осы ауру қоймас білем
Алланың әмірі екі болмас білем,
Соны айтып қайырылмастан ұшып кетті.

Осы өлең Серкебайға қонбас білем.
Сәлем айт, Арқадағы хан-қараға
Хан Бертис, Қарқаралы Жандар аға
Атығай, Қарауыл мен өрдегі Үйсін,
Қараөткел таныс едім екі араға.
Семейде топырағым болар білем³⁹.
Кемпірбай дұға қылсын бишараға”.

Бұл өлең осы реттегі қоштасу өлеңдерінің барлығына толық мысал. Жалпы қоштасу сөздердің ішінде не айтылатыны, қоңілдің қандай жайы сөз болатыны осында тегіс айтылады. Сонда әр адам тіршілігінде тауыса алмай кеткен арманы болса, кейінгіге айтар тілегі болса, өмір бойы көңілінде өзгеден жасырып жүрген мұңы мен шер сияқты сыры болса, соларын айтады.

Кемпірбайдың өлерде айтқан сөзі сондайлық көңіліне тығылып жүрген сырды ашады. Ол сыры — ақындық сыры. Сондықтан өзіндей ақын Әсетке ғана айтылады. Кемпірбайдың сыры: оны бес жасынан Дәуіт иектеген екен. Сол күнде кеудесіне көкала үйрек болып кәрі жолдас өлең қонған екен. Бұл өлең барлық ақынға ақындық өнері шеттен келіп даритын қасиет деп түсінгенді білдіреді.

Бұрынғы ескі наным бойынша, ақындықтың да иесі бар. Ол иесі Дәуіттей пайғамбар, соның жіберген сыйы. Өзінің бөлек жан, бөлек денесі бар: көк-ала үйрек пішінінде. Осы сырды ақын сырласына ашумен бірге, Кемпірбай дүниеден көшкелі жатып өз өмірінің арманын айтады. Ол арманы — сол қадірлі, қасиетті сый бұның ұрпағына қалмайтын сияқты.

Руға бөлінген салттың баласы Кемпірбай, артында өзінен ұрпақ қалып, ол ұрпақ бұған біткен өнерге ие болуын тілейді. Атадан балаға ру жолдасы сияқтанып ақындық өнері сақталып қалуын тілейтін тілеу бар. Онысы — артында із қалып, тіршіліктегі қасиеті сақталып қалуы. Бірақ көкала үйрек айналсоқтап қимай отырып, артынан “қош” деп ұшып кетеді. Ол өлең кейінгі ұрпағына қонбайтынын білдіргені. Өлең Кемпірбайдан кетеді. Көкала үйрек кеткен соң, ақынның тіл-аузы да тыйылады. Жалғыз-ақ арман қалды: “Осы өлең Серкебайға қонбас білем” дейді. Міне, қоштасқан жерде

жүректегі сыр мен көңілде кетіп бара жатқан арманды айтқан жері.

Қоштасудың үшінші түрі — өтіп кеткен дәуренді айтып, соны еске түсіру болады. Өткен күн әрқашан қолға қайтып келмейтін, қиынға кеткен қымбатты күн.

Өткеннің бір секунты қайта әкелетін табиғат күні болар ма деп талай ақынның жылап, жырлаған арманды күні, сондай арман жалғыз ақында емес, жабайы адамдарда да болады. Өткен күннің, әсіресе қымбатты болатыны, қартайған шақта. Қартайып, гүл суалып, от өшкен кезде адамның аяқ астында қол созып қараңғы көр тұрғанда, тіршілік шері бойды жеңбей тұра алмайды. Сол күндегі өмірдің жалғыз жұбанышы ескіні еске түсіруде. Ескі күндегі көргенін, ұйқыда көрген тәтті түстей есіне алып, өткен жайын әңгіме қылуда. Сонымен өзін жұбатады. Адам баласындағы сезім тіршілігінің бұл күйін басынан кешірмейтін кәрі жоқ. Сондықтан қазақтың да қартайып, қуаты қайтқан ақын, әншілерінің өткен күнге қоштасып айтқан өлеңдері бар. Мысалы, Қаратоқай Есет бидің қартайғанда айтқан өлеңі⁴⁰:

Тауға біткен қайыңның
Солқылдар басы жел өтсе.
Тоғайға біткен жоңышқа
Солғын тартар күн өтсе.
Ерні салпы ер аты,
Семірмес қайта, ер өтсе,
Еңкейінкі тартады,
Ер қолынан мал кетсе.
Арбадан үркіп жаман ат,
Ер салдырмас, жал бітсе.
Тілеп алған ұлдарың
Тіл алмайды ер жетсе.
Хан бұрылып қараған,
Би бұрылып сұраған
Көркі болмас арудың
Екі он бестен жас өтсе.
Сылдырлап белін шешінген,
Назданып аяқ кесілген,
Жалғаныңа, жандарым
Қадірің кетер күн болар

Ер қартайып, жас жетсе.
Мен, мен едім, мен едім,
Қатарға мінсең қайтпайтын;
Қас қара нар мен едім,
Шабуыл шапса шаршамас.
Шыны тұлпар мен едім,
Қасарысып келгенде,
Қап түбіне сыймаған,
Таза болат мен едім.
Қаймақтан ұшқан қу ілген,
Анық сұңқар мен едім.
Тегеуірінім теріс біткен,
Тепсем жілік сындырған,
Қыран бүркіт мен едім.
Қартайдым да қор болдым,
Күн сенікі, жастарым!
Көріп-біліп, бастадым.
Кәрілікке жеткізсе,
Талайды көрер бастарың.
Заманымда өзімнің

Жасанысқан жау көрдім,
Белсеніскен дау көрдім,
Үрікпедім де саспадым,
Бірі өтірік болмасын,
Табаным тайып қашпадым.
Тәуекел — ердің жолдасы,
Тілектес болған дос, жарым,
Сол дәулеттің тұсында,

Самарқанды сапырып.
Шапқан шөптей жапырып,
Аспадым да саспадым.
Қанды көйлек жолдасты,
Сары алтындай сақтадым
Менің көрген затым бұл
Төкпей, шашпай қолданып,
Ортаға сүйреп тастадым.

Өткен дәуренмен қоштасу, кейде әнмен де айтылды.
Мәселен: Тезек төренің “Сексен”^{*} деген әні⁴¹.

Көңіл айту өлеңі. Көңіл айту кейде естіртумен бірге келеді. Ауыр хабар алғашқы рет естілетін жерде, құр ғана қайғының өзін айтып, жараның аузын ашып қоймай, қазақтағы бауырмалдық, туысқандық, жан күйерлік жолымен, соның емі сияқты, жұбату да айтылады. Бүгінгі күні қайғы болса оның орнын басатын, көңілге де медеу болатын екінші жұбаныш, екінші бір сүйініш барлығы да айтылады. Бұның көбіне өзге адамның өмірінен, өзге қайғыға түскен зарлылардың тәжірибесінен мысал келтіріп, сонымен жұбантады. Егер қайғы жаңа естірілген болса, көңіл айту сонымен бірге айтылады. Бір-ақ рет айтылатын болса, көңіл айту қайғылы хабар естілген соң, уайым-шерге түскен жанкүйер жақынға жаны ашыған жанның бәрі айтатын жұбату сөздер.

Көңіл айтудың үстінде бұрынғы ақын, бұрынғы би сияқты қариялар, көбінесе дүниенің баянсыздығы туралы, тіршілікте адам басына неше түрлі өзгеріс, жаңалықтар келетіні туралы өзінше терең пікір, толғаулы сын айтады. Дүниеде бір халден өзгермей тұратын тұрақтылық жоқ, бүтіндігін мәңгі сақтап тұратын түгел біткен нәрсе жоқ. “Тозбасты ұста соқпайды, өлместі құдай жаратпайды” дейді. Дүниедегі жанды-жансыздың өмірін мысалға алып, бар адам баласының қауым тіршілігін алып, соның бәрінен еріксіз тоқтау қылып, ой түсірерлік мысалдар айтады. Терең ойлы, ақылды сөз қайғылының барлығын еріксіз көндіріп,

* Мен айтушыдан “Сексен” Тезек шығарған ән деп естідім. Қате деушілер болса, таласпаймын. Бұның өзіне арнаулы өлеңі бар еді, ол қолыма түспеді.

дәлелімен жеңіп, қайғысынан айықтырғандай болады. Көңіл айтқан тоқтау түрде: “Қанаты бүтін сұңқар жоқ, тұяғы бүтін тұлпар жоқ; жапырағы бүтін ағаш жоқ, бауыры бүтін алаш жоқ” деген сияқты жұбатулар бүкіл дүние толған қаза, бүкіл адам баласының барлығы қазалы екенін білдіреді. Сондықтан жұбанып, тоқтау қылу есі дұрыс адамға міндет сияқты болады.

Көңіл айту өлеңі де, бұрынғы қарастырған салт өлеңдері сияқты, сансыз көп өлең. Бұның да өте ескісі де, берірек заманда шыққан жаңа түрі де бар. Бізге көңіл айту өлеңінің түрімен танысу керек болғандықтан, солардың мысалына төмендегі Сүйіндік Едіге бидің Жәңгір ханға айтқан сөзін аламыз ⁴²:

Ақ сұңқар ұшты ұядан,
Қол жетпейтін қиядан.
Қанаты бүтін сұңқар жоқ,
Тұяғы бүтін тұлпар жоқ.
Көтер, хан, басыңды!

Іш мына асыңды!
Босаппа беліңді!
Мұңайтпа еліңді!
Тозбасты ұста сокпайды,
Өлместі құдай жаратпайды.

Хан басын көтеріп алып: “Уа, шырағым! Қай ұлсың? Арғында Едіге атты бір ұл бар еді, сол емеспісің”, — дейді.
— Сол болармыз, — деп жауап қайтарады.

Хан мұңын айтып, қайғым қайтсе жеңіледі деп сұрапты. Сонда Едігенің айтқаны:

Қайғың жиылған жұрттың тобында қалады,
Атылған мылтықтың оғында қалады,
Жүйрік аттың тұяғында қалады,
Аққан судың бойында қалады,
Сұлу қатынның койнында қалады,
Қызық, мереке ойында қалады,
Істемесен, мойныңда қалады.

Дінмен байланысты өлеңдер

Салтпен байланысқан өлеңдердің бір алуаны дін салты, дін нанымымен байланысқан өлеңдер. Қазақта бұл өлең екі жікке бөлінеді:

- 1) Ескі діннің сарқыты болған өлең.
- 2) Ісләм дініне байланысқан өлеңдер.

Алғашқы жікке кіретін наурыз жайындағы сөздер мен бақсылардың сарыны.

Наурыз. Наурыз күн шығыс халқының көбінің мейрамы болған. Солардың ішінде, әсіресе көшпелі түріктер арасында ең қадірлі, ең ұлы мейрам болып саналған. Наурыз бақташылық кәсібіне салынған елдің кәсіп мейрамы. Бүгінгі мал баққан қазақ сияқты, бұрынғы бақташы елдің барлығында амандық тоқтығы, бар тіршілігі табиғаттың жалаңаш құшағында болған. Ауа райы барлық тілек пен тіршіліктің қожасы. Сондықтан жақсылық, жаманшылық жіберетін қорқынышы да, үміті де бір аспанға байланғандықтан, аспанды “Тәңірі” деп, соны ұлы құдай көру ең ескі діндердің бәріне бірдей жайылған наным болатын.

Қыс кетіп, күн шырайы түзелген кезде, тәңірдей құдай ел тіршілігіне кеңшілік әкелді деп есептеледі. Сондықтан жазғытұрым, наурыздың кірген күні — жаңалық күні. Ескі ауыртпалықтың барлығы қыспен бірге кетіп, енді жаңа үміт, жаңа тіршілік есігі ашылған күн. Кәсіпке келген кеңшілік, шаруа соңындағы елдің де арқасын кеңітіп, бел асыратын, көңілін көтеретін. Сонда алты ай қыс қабағын түйіп, әлденеге соғары белгісіз болып келген тәңірдей иесінің иген күнінде ел де ағытқан қойдай жамырасып, көрден шыққандай жылап көрісіп, қуанышты келешекке үміт артып, бас қосатын.

Бұл мейрам, бері келген кезде, өнер тапқан елдер үшін бұрынғы жанды қызуынан айырылса да, қазаққа, соңғы заманға шейін мағынасын жоғалтқан жоқ. Сондықтан қазақ елі ұлы істің ұлы күнін көтерілген қуанышпен қарсы алатын. Өзге мейрамдардың ішінде жалпақ елдің нық байланысы бар мейрам осы болатын.

Бірақ берірек келгенде, ол мейрам ескі дін нанымның белгісін жоғалтпай, ылғи ескілікке елдің наным, ұғымын жабыстыра берген соң, ісләм дінінің үгітшілері жоғалтуға тырысқан. Сонымен өте ескі замандағы бағасы бері келген сайын кеми бастап, соңғы кезде мейрамдық бағасы да әлсірей берді. Бізге қазақ ескілігіндегі әдебиет жұрнағын ісләм дінінен арғы жерден жинау тіпті қиын. Осы күнде ол ескіліктердің ізі қалмай жоғалып кетті. Сондықтан наурыздың да дәл өз кезіндегі салтқа кірген дұғалық сияқты көп өлендері

ұмытылған. Бүгінде ісләмнің қалың сүзгісінен өтіп келген болымсыз жұрнақтарына қарап қана арғы заманға болжау жасауға болады.

Қазіргі наурыз жайындағы сөздер сол күндегі ырымды, сондағы амандасу, көрісу сияқты ұсақ салтты, сол күндегі тілекті ғана білдіреді. Бірақ нағыз мейрамның өзіне арналған өлең әзір қолға түскен жоқ. Түсуі қиын да сияқтанады. Бүгінгі наурыз жайындағы өлеңдер мыналар:

Ұлыс күні қазан толса,
Ол жылы ақ мол болар.
Ұлы кісіден бата алсаң
Сонда олжалы жол болар, —

деген ескі мақалды өлеңдер.

Және:

Ұлы істің ұлы күнінде,
Бай шығады балбырап.
Қасында жас жеткіншек,
Тұлымшағы салбырап.
Бәйбіше шығар былпыып,
Күндіктері қайқыып
Келіншек шығар керіліп,
Сәукелесі саудырап.
Қыз шығады қылмыйып
Екі көзі жаудырап,
Ақ бөкендей сырқырап,
Құл құтылар құрықтан*.
Күң құтылар сырықтан.
Кетік ыдыс шөміштің
Түтіні кетер бұрқырап.

Сол күні құшақтасып көрісу туралы:

Амансыз ба, ұлыс оң болсын!
Ақ мол болсын, қайда барса жол болсын!

Кейбірі:

* “Құл құтылар құрықтан” дегенді Керей Нысан деген кісі: “Құл, күнді азат қылып, босататын байлар болған” деуші еді. Едіге деген ақсақал: “сол күні қызметтен босанады” деуші еді”. Бұл Шәкәрімнің естуінше.

Ұлыс береке берсін,
Бәле-жала жерге енсін!

Және:

Ұлыс күні кәрі, жас,
Кұшақтасып көріскен.
Жаңа ағытқан қозыдай,
Жамырасып өріскен.
Шалдар бата беріскен.
“Сақтай көр” деп терістен.
“Кел, таза бақ, кел!” десіп,
“Ием, тілек бер!” десіп...
“Көш, қайрақан*, көш!” десіп!
“Көз көрместей өш!” десіп...

Және:

Есік алды қара су бойлағаным,
Жалғанның қызығына тоймағаным.
Көмілсе де кетер ме көкейімнен
Қалқаммен ұлыс күні ойнағаным,

Наурызды қосқан ескінің бір өлеңі.

Кіші жүз Шақшақ Жәнібек кенже қызын бір досының баласына берген⁴³. Жәнібек өлгенде, сол қыз келіп әкесін жоқтапты. Соның ішінде наурыз турасында мынадай өлең келеді:

Айналайын, әкекем!
Неге бердің кедейге?
Қанша ақылды десең де,
Кедейді кедей демей ме?
Байға берсең, әкекем!
Қазысы қарыс айғырды,
Сүбесі сүйем қошқарды,
Ұлыс күні соймас па ем?
Тамам сорлы тоймас па ең?
Жүп шырақ жағып қоймас па ем**.

Мұнда, баяғы заманда, ұлыстың ұлы күні қалың елдің жаңа тілек тілейтіні көрінеді. Жүп шырақ жағу, кетік аяқ,

* Қайрақан — ескі діндерде әр істің бір құдайы бар деген наным бар: жамандықтың иесі — “қайрақан” деген болса керек.

** Жүп шырақ — тілек, намыз есепті құлшылығы.

кетік шөміш сындыру, көріскенде: “таза бақ, кел” деп, “Көш қайрақан, көш” деп аластау барлығы да сол заманның тілегі. Ескіліктің ізін сақтаған, ескі күнде аман болып, бүтін болып қалмай, сынып, жарылып қазаға ұшыраған нәрселер болса, оның бәрінде ескі күннің сарқыты қалуға мүмкін. Онда иесіне арнаған жаманшылық сөз сақталып қалуға лайық. Сондықтан кетік ыдыстар сындырылады. Жүп шырақ жағам дегені аспаннан соңғы сөнгені от. Оттай иеге арналған тілек. Бұлардан басқа төрт көз итті өлтіру, моғал ошақ қазу болған. Барлығы да сол замандағы дін мейрамының шартынан туған, көпке бірдей салт. Сол күні не істелсе, барлығы да арнаулы өлеңмен, арнаулы тілек сөздермен істелу керек. Бірақ сол сөздің бірде-бірі қолда болмағандықтан, сол турадағы сөзді шала қалдырамыз.

Бақсылардың сарыны. Ескі дін, ескі нанымның сарқыты болған өлеңдердің бірі — бақсылардың сарыны. Мысалы, Жаман бақсының сарыны⁴⁴.

Уай, терегім, терегім!
Бір күніме керегім.
Бейбақтың оты жанбайды,
Бейшараның үйіне,
Шақырса қонақ қонбайды.
Арам ойлы жігіттің
Жүрсе жолы болмайды.
Арық атқа қамшы ойнар,
Жыртық үйге тамшы ойнар,
Көбік қарда түлкі ойнар,
Қаулан көлде жылқы ойнар,
Аталы ұлдың қолы ойнар
Шешесі өлген жетім қыз,
Ол сорлының басында
Сірке менен бит ойнар.
“Мен, Жаманның ұлы Шақармын,
Көпті көрген мақармын!”
Ойбай да терек, уай терек!
Маған бір бәле тақалдың.

Жамансарт бақсының сарыны:

Болат бір пышақ жанға қас,
Қып-қызыл талға қинаса,

Ер жалғыз үй қонбайды
Қатын бір шәйпау болмаса.
Оңалтпақ дүние жоқ екен,
Ту жығылып құласа,
Айғыр айтып, ат айтып,
Ағайыны аңыраса.
Сонда да тәңірім қоймайды-ау,
Алуына ұнаса.
Әсіре бір таудан жол салған,
Қойқаптан* барып жол алған,
Көкте екенін көрмеген,
Жерде екенін білмеген,
Атаса бойлы жатаған,
Ажырыққа түйе матаған.
Әкесі өліп ас беріп,
Алпыс бір ала қоңыз атаған.
Жарғыш, жында сен арсыз,
Бейбақ, адамзатта мен арсыз”.

Берікбай бақсының сарыны:

Ал періңмін-періңмін,
Періленген серіңмін.
Қалың бір әйтек ішінде,
Аз ауыл Бәкең болса да
Таңдап бір қонған жеріңмін.
Өзім бір деген кісіге
Өзегімді берермін.
Егескен жауым кез болса,
Ауызы бір қанды бөріңмін.
Кекіліктей жорғалап,
Қара бір қаным сорғалап,
Алладан әмір келгенде,
Өстіп бір жүріп өлермін.

Бақсы сарыны арнаулы күймен қобызға қосылып айтылады. Күй ән, жырдан бөлек. Ертеден келе жатқан күңіренген, толғанған суық сарынды боздауық күйлер. Көп бақсының жын шақырғанда тартатыны “Қорқыт күйі”. Бақсы атаулының барлығы да қобызбен Қорқыт күйіндей⁴⁵ жат сезімді күйлерді

* Қойқап — Кавказ тауы.

тартқан соң, соған дағдылы сарын сөздерін қосып сарнаған соң, күйіне келеді. Күй мен сарын бақсының сүйеуі; қызулы, толғақты халге жеткізіп, көреген сәуегей қылуға себеп болатын ең үлкен шарты. Сондықтан өзгеден бөлек күй мен өзге өлеңдерден бөлек сарын өлеңі бар.

Бақсының сарынында сөз қуаты ерекше күш алғандай болады. Сөздерінің бірі мен бірінде байланыс аз болса да, әрбіреуі кезек-кезек болып, түйдектеліп түсіп отырады. Сипат сөзінің барлығындағы салыстырған суретті қайдағы қиынынан, жат жерден, ойда жоқ белгісізден алады. “Жетпіс бұрқан жалмаған, жаман құлақ мәуленім-ау”, “уай монтаным — аю тері қалталым”, “әсіре бір тау жол салған, қойқаптан барып жол алған... әкесі өліп, ас беріп, алпыс бір ала қоңыз атаған” деген сияқты. Кейде: “өзім бір деген кісіге өзегімді берермін, егескен жауым кез болса, ауызы бір қанды бөріңмін”.

Кекіліктей жорғалап,
Қара бір қаным сорғалап,
Алладан әмір келгенде,
Өстіп бір жүріп өлермін.

Міне, осы сияқты сөздердің барлығында өзге сөздерден бөлек, сиқырлы жынша суық құбылыстар бар. Шынында, шалқыған оттай талайды шарпып өтетін, жаланып лаулағандай екпін сезіледі. Сондықтан бар сөздері көп нәрсені көктеп өткендей аттап түсіп, ырғып ортқып, ойнақы болып отырады. “Бейбақтың оты жанбайды, Бейшараның үйіне шақырса қонақ қонбайды”, “арық атқа қамшы ойнар, жыртық үйге тамшы ойнар, көбік қарда түлкі ойнар, қаулан көкте жылқы ойнар, шешесі өлген жетім қыз, ойбай сорлы, оның басында сірке менен бит ойнар...”, соның артынан кідірместен: “ойбай да терек, уай терек, маған пәле тақалдың” дейді. Қаншалық сөзіндегі суреттер біріне-бірі үйлеспейтін, жат болса да осының бәрін сабалап, бастырмалап, айдап келе жатқан бір күш бар. Ол күш бақсыны кернеп, буып, қыздырып келе жатқан жыны. Сондықтан біріне-бірі үйлесіп, байланыспаса да, өз бетінде

кесек болып келетін асау сөздер, бір бөлек жайын қуаттай болып, ортқып түсіп отырады. Сондай кесек бітімді сөздер ғана “Терек”, “Жарғыш”, “Толыбек” сияқты жындарды бақсымен тіл қатуға алып келеді. Суық сезімді күй қобыздан шығып толғантқандай зарланып аңыраған кезде, бақсының сөзі қыздырмалап, аттатып, оңды-солды жаланып, лаулаған кезде ғана жын келеді.

Бақсылық — ескі діннің сарқыты. Бұрынғы кездегі бақсы көмескіні болжайтын сәуегейлігіне қарап, өз дінінің пайғамбар әулиесі сияқты болған. Ол кезде бақсы болжал айтса “Аспан” сияқты құдайлармен жасырын елшілер арқылы жалғасады, тіл алады деген сеніс болған. Бері келгенде ел сол елшінің бәрін бекер дей алмаған. Бірақ бұрынғы наным бойынша ол елші қадірлі, қасиетті сипатқа ие болса, бері келіп мұсылманшылық жеңген соң қараңғылық, жамандық белгісін білдіретін жиренішті заттар болып, жын деп аталған. Барлық бақсылық мұсылмандық көзімен қарағанда дұрыстық жолына қайшы келетін, адамшылыққа қас, табиғаттан шығатын сияқты болған. Сол себепті бақсының барлығының түп иесі — шайтан, пері сияқтылар деп, бұрынғы діннен қалған нанымның барлығын бергі мұсылманшылық заманындағы жаманшылық иелеріне апарып қосақтап қойған.

Бақсының барлығында, үнемі айтатын арнаулы сарынымен бірге үнемі аты аталатын, сол бақсының өзіне ғана серік болып жүретін арнаулы жыны болады. Жоғарыда айтылған “Терек”, “Жарғыш”, “Толыбек” тағы сол сияқты толып жатқан жындардың әрқайсысы әртүрлі бақсының айрықша белгісі, ерекше меншіктісі. Сондықтан сарынның ішінде “Уай, терегім, терегім” десе не болмаса “қойқаптан барып жол алған”, “көкте екенін білмеген, аласа бойлы жатаған, ажырыққа түйе матаған” десе барлығында “Теректей”, “Жарғыштай” жындарын айтады.

Берірек келген заманда көп бақсылар: “жынның ішінде тазасы бар, мұсылман жын, кәпір жындары бар” деп, екіге айырып келіп, мұсылман жынға сыйынамыз деп, барлық

пайғамбар, әулиелер аруақтарды шақырып, сарын айтатын болған. Бұл бақсылық негізі әлсіреп, құлауға айналған соң, жаңа заман ағымына бойсұнып, мұсылмандыққа ауыл-үй қонып, бітім жасамақ болғаны. Мұның жақсылықтың жоғалар алдындағы азғындаған кезі деп есептеу керек.

Дін өлеңдерінің ендігі бір түрі — ісләм дінімен байланысқан өлеңдер. Қазақта мұндай өлеңдердің түрі көп емес, бірен-саран аз ғана. Мысалы, жарамазан, бата беру өлеңдері сияқты.

ЖАРАМАЗАН

Үйің-үйің үй екен,
Үйдің көркі ши екен,
Саба көркі бие екен,
Сандық көркі түйе екен
Сыртын сырмен сырлатқан,
Ақ сарайдай үйі бар.
Ақ бөкендей қойы бар,
Қара сақал керімсек,
Қайсы байдың үйі екен?
Мұхамбет үмбетіне жарамазан!
Адыр-адыр таулардан,
Айғыр мініп біз келдік.
Ауыздығы бой бермей
Бай үйіне кез келдік.
Бұдыр-бұдыр таулардан,
Бұқа мініп біз келдік.
Мұрындығы бой бермей
Бай үйіне біз келдік.
Кірсін дәулет, шықсын бейнет!
Айтамын, байлар, сізге жарамазан,
Молдалар ертең ерте айтар азан.
Айтқанға жарамазан қайыр берсең,
Барғанда акіретке болмас жазан.
Айтармын жарамазан қожақайлап,
Жылайды қожа, молда түбін ойлап.
Тірлікте қайыр-зекет бермеген жан,
Тұрады акіретте тайдай тулап.
Айтамын жарамазан еліңізге,
Байлаңыз жақсы орамал белімізге.
Кетеміз мақтай-мақтай елімізге.
Айтқанмен жарамазан тойған бар ма.
Әдетін бұрынғының қойған бар ма?

Әдетін бұрынғының қойып кетіп,
Барғанда ақіретке оңған бар ма?
Айтамын, байлар, саған жарамазан.
Айыпқа бұйырмаңыз есіткен жан
Айтайын үмітпенен жарамазан.
Кәнекей, мырзалығың енді маған
Айтқанның жарамазан сауабы бар,
Берсең де, бермесең де не қамым бар.
Астымда мінген атым қасқа шұбар
Айтамын жарамазан жапсарыңа,
Дарысын құт, береке бастарыңа
Қонады кедей байғұс қастарыңа.
Айтамын жарамазан үйіңізге,
Ұстаған үй айнала шиіңізге,
Қой берсең, қозы берсең көпсінбеймін,
Келіпсіз биылғы жыл күйіңізге.
Ақ үйің айға қарап орда болсын,
Жиылып ұлы-қызың молда болсын,
Алғанда жау жағадан, бөрі етектен,
Пайдасы молдалықтың сонда болсын.
Айтамын үйіңізге жарамазан.
Алып шық жылдамырақ, жеңеше жан!
Келгенде қайыр-зекет бере алмасаң,
Жібермес ақіретке менің назым.
Жарамазан айтамын мықтап қана,
Тұсыңа жетіп келдім зыптап қана,
Тұсыңа келгенімде, жатқан байлар,
Күтіп ал мейманыңды мықтап қана.
Мінгенім астымдағы жирен дейді,
Намазды бес уақыт үйрен дейді,
Намазды бес уақыт үйренбесең,
Дозаққа байлап сүйрер дейді.
Бай үйіне берекет,
Қаша берсін бәлекет.
Кірсін дәулет есіктен,
Шықсын бейнет тесіктен.
Жарамазан жарықтық,
Жақсы дейді есіткен.
Үйің-үйің үй екен,
Үйдің іші ши екен,
Саба көркі бие екен,
Сандық көркі түйе екен.

Сыртын сырмен сырлатқан,
Ішін бормен борлатқан,
Қарағай найза қаптаған,
Басына темір саптаған,
Бұлбұл құсын сайратқан,
Белдеуге бедеу байлатқан,
Қайсыбір байдың үйі екен!?

Адыр-адыр таулардан
Айғыр мініп мен келдім.
Ауыздығы бой бермей,
Сіздің үйге кез келдім.
Бұжыр-бұжыр таулардан,
Бұқа мініп мен келдім,
Мұрындығы бой бермей
Сіздің үйге кез келдім.

Мінгені пайғамбардың қара қасқа,
Жанында мүсіре кылыш, бауы басқа,
Ашуланып шабады қара тасқа,
Қақ жарып түседі басқа-басқа.
Мінгені пайғамбардың кер деймісің
Кекілінен аққаны тер деймісің
Ораза былтыр кеткен биыл келді,
Пітірін жылдамырақ бермеймісің?!

Ораза жыл — он екі бір-ақ келер,
Мұсылманның баласын жинап келер.
Жарамазан айтқанға жылқы берсе,
Қарасат майданында пырақ мінер.
Жарамазан дегенде, жарамазан,
Таудан құлап келеді жарық қазан,
Белбеу ұстап сиеді кемпір жазған,
Жылдамырақ алып шық, жеңеше жан!
Астымдағы тана-ды,
Жатайын деп барамын
Құдайдың таңы ағарып,
Атайын деп барады.
Ассалаумағалайкум, жатқан байлар!
Қоңыр қой қора толып жатқан байлар!
Ол қойды ел көшкенде кімің айдар,
Қоңыр шолақ өгізбен құлың айдар.

Бұл жарамазан барлық мұсылман жұртына жайылған: салт бойынша ораза күндерінде айтылады. Қазақ ішінде де кей жерлерде әдейі ел қыдырып жүріп, үй басына жарамазан айтып,

оразаның садақасын алып жүретін жарамазаншылар болады. Жарамазан өлеңі мұсылмандық дінінің қадірін көтерген өлең, діншілік өлеңі.

Қазақ ортасына ісләм дінінің тарауына көбінесе қазақтың ақындықты сүюі себеп болды деген дұрыс пікір. Елге не жайылса да, әдебиет жұрнағы болып, әдебиет өлшеуінің біріне түскен соң ғана жайылатын болған. Өлеңсіз, әңгімесіз, сұлу сөзсіз келген құрғақ үгіт болса, ондайды ел тындамаған да, ұқпаған, ықылас қоймайтын болған. Сондықтан мұсылманшылық дін де қазақ елінің табиғатына, ыңғайына қарай ұйысып келген. Бұған ескі әдебиеттегі толып жатқан қиссалар дәлел. Жарамазан өлеңі де сондайлық дін мағынасы мен дін үгіті болып шығып, бәрі келген соң қыдырма жарамазаншылар әнге салып айтатын болды.

Бірақ қазақ жарамазандарының көбін алсақ, дін үгітімен шықса да, солардың ішінде әлі күнге дін тұманы аз. Күшті сопылық, өрескел тақуалықты айтып, өзге жұрттың дін өлеңі сияқты үнемі сәжде, үнемі дұға, ұдайы күнәкер болуды айтып, көп тәубемен жалбарына беретін сөздер жоқ деуге болады. Бұл жағына қарағанда, қазақтың көп жарамазаны баяғы ақы сұрап айтатын мақтау өлеңдеріне жақын келеді. Дін құбыжығымен ешкімді шошытып, үркітпей, көпе-көрінеу оразаның күнінде садақанды алғалы келдім деп, ашық айтатын сөз болды. Мұнда да, барлық ел өлеңінде көрінетін, ашық, ақыл, сау сезімнің ізі бар. Не нәрсені түсінсе де, сынап, зерттеп барып түсінетін таза, ширақ ойдың анық ұғымы білінеді.

Мұсылманшылық дінімен байланысы бар өлең сөздің тағы бір түрі — бата беру өлеңдері. Бірақ бұл өлеңдердің туысын ғана мұсылманшылық негізінен шықты деу керек. Дін салтындағы тілек, дұға сияқты сөздерге ұқсасады. Арабша айтатын дұғалардың орнына елдің өзі шығарған, тақпақтаған өлең, жыр болады. Дін сөздерімен негізін ұқсастыратын осы жері. Осыдан басқа өлеңнің қалған сөздері мен мағына жағын білдіретін тілектерін алсақ, оның барлығы да қазақтың өз заңына үйлесіп, өз тіршілігінің қалпынан шығады. Бата өлең-тақпақта батагөй қария не адамшылық, не болмаса абұйыр-атақты тілейді. Кейде байлықты, бас амандықты тілейді. Егер

бір сапарға аттанушыға берілетін бата болса, жол оңғарылып, олжалы қайтуын тілейді.

Мысалы:

Байдың көңілі жай болсын,
Мың жылқылы бай болсын,
Айдағаның қой болсын,
Шайнағаның май болсын.
Азын-аулақ дәулетің
Күнде өзіңе той болсын.
Жұртта қалған жырымың
Домалап келіп қой болсын.
Жұртта қалған тулағың
Тулап келіп тай болсын
Тай болсын да туласын,
Бір тамырың сұрасын
Сұраса да бермесін.
Атың-атың, ату бол.
Ағайынмен тату бол
Жаз кигенің құлпы бол,
Қыс кигенің түлкі бол.
Бағаналы таудай бол,
Шағалалы көлдей бол.
Үстіңнен қаз қаңкылдап өтпесін,
Бұрама темір сом алтын,
Суға салсаң батпасын.
Тәңірі берген несібең

Текпілесең кетпесін.
Желіңнің бір шетіне
Оқ шырқатсаң жетпесін,
Сенен байлық өтпесін.
Есігіңнің алдынан
Елу інген боздасын.
Қораңнан бес жүз саулық
қоздасын
Қойшыңды мықтап салғайсың
Күн бұлт жауғанда,
Адырлы жер жайғанда,
Қойынан айырылып қалмасын.
Қасқырға қой бермесін.
Сүйтіп құдай оңдасын
Жылқың сенің мың болсын.
Жылқы деген жақсы мал
Бес ұлыңа бақтырып,
Бес айдыңнан суғарып,
Бетегелі тауға жаба сал.
Сиырың сенің мың болсын,
Қысың қатты болғанда,
Қамысты жерге айдап сал.
Бісімлда, алда ақбар.

Бұған қарағанда, батаның түрі ғана діннен алынған, бірақ мағынасы мен мақсаты, барлық сөздері ел әдебиеті мен ел тіршілігінің өз туындысы болады.

Қыз ұзату үстіндегі салт өлеңі

Қыз ұзатудағы өлеңдер елдің ескіден келе жатқан салтымен байланысқан. Бұл қуаныш, қызық үстіндегі өлең. Оның үстіне әрқайсысында да арнаулы мағына бар, тудырған белгілі себептер бар. Үй ішіндегі тұрмысты ескі қазақ қалай ұғып, қалай түсінген, үй ішінің, от басының ұйытқысы кім деп білген, сол сияқты пікірді анықтаумен бірге көп ел ішіне жайылған ескілікті нанымдарды білдіреді. Бұл, қыздың тойын қызық

қылу үшін, жылаған жұртты күлдіру үшін ғана айтылатын өлеңдер емес, бұлардың әрқайсысында арнаулы терең мағына бар, көздейтін арнаулы сұлу мақсат бар.

Бірақ бұрынғы шерлі өлеңдерден бұл өлеңдердің кейбірінің айырмасы — мұндағы өлеңдер жаттама өлең болады. Себебі мұнда бұрынғыдай қайғы жоқ. Шер үстіндегі өлең жаттама болмауға керек. Онда әрбір шерлі өзінше шерленіп, өзінше қайғырады. Сондықтан біреу айтқанды біреу айтуға лайықсыз болады. Мынау өлеңдердің көбі қуаныш, той үстінде айтылады. Бұлар жаттама болса да, сөгісті емес, сондықтан жар-жар, бет ашар жаттама өлең болып айтылады.

Қыз ұзатардағы өлеңнің бірі танысу, сыңсу болса, ол қыздың көз жасымен айтылатын шын шері. Сондықтан ол жаттама болмайды, жаннан шығарылады. Енді қыз ұзатқанда айтатын өлеңдердің әрқайсысын жеке-жеке қарастыралық.

ЖАР-ЖАР

Ж і г і т:

Қара насар замандас,
Қара насар, жар-жар!
Қара мақпал сәукеле,
Шашың басар, жар-жар!
Мұнда әкем қалды деп,
Қам жемеші, жар-жар!
Жақсы болса қайын атаң,
Орын басар, жар-жар!

Қ ы з:

Есік алды қара су,
Майдан болсын, жар-жар!
Ақ жүзінді көргендей,
Айнама болсын, жар-жар!
Қайын ата бар дейді,
Надан қазақ, жар-жар!
Айналайын әкемдей,
Қайдан болсын, жар-жар!

Ж і г і т:

Ақ қоян қашар,
Жоталап, жар-жар!
Ақ тайлақ өсер
Боталап, жар-жар!
Мұнша неге жылайсың, жар-жар!
Артыңнан інің барар апалап, жар-жар!

Қ ы з:

Ортекемнің шет бауын,
Оя тұрсын, жар-жар!
Той басына ту бие
Соя тұрсын, жар-жар!
Мен шешеме айтамын,
Әкеме айт деп, жар-жар!
Мені десе биылша,
Қоя тұрсын, жар-жар!

Ж і г і т:

Қызыл қыршын, замандас,
Қызыл қыршын, жар-жар!
Қызыл қыршын ішінен
Қырғи ұшсын, жар-жар!
Әкем бар деп арқаға
Медеу қылма, жар-жар!
Алып кетер мал берген,
Күдеріңді үз, жар-жар!

Қ ы з:

Түндігімнің төрт бауы,
Бас бауымды, жар-жар!
Алты жеңгем сұрайды
Шаш бауымды, жар-жар!
Алты жеңгем сұраса,
Аласың да, жар-жар!
Айналайын жан әкем!
Қаласың да, жар-жар!

Ж і г і т:

Мінген атың қара-ды, жар-жар!
Жал-құйрығын тарады, жар-жар!
Мұнша өксіп жылама, жар-жар!
Шешең ертіп барады, жар-жар!

Қыз:

Түндігімнің төрт бауы
Мақта шеше, жар-жар!
Қызың кетіп барады,
Жоқта, шеше, жар-жар!
Он екі айда айналып,
Бір келермін, жар-жар!
Сары інгеннің ботасын
Сақта, шеше, жар-жар!

Жігіт:

Мінген атың жиренше, бикем,
жар-жар!
Артқы түйең інгенше,
жар-жар
Өксіп-өксіп жылама, бикем,
жар-жар!
Әлдилеп бала сүйгенше,
жар-жар!

Қыз:

Балшық па екен, су ма екен
Саркыраған, жар-жар!
Ақ сүт беріп шешекем
Асыраған, жар-жар!
Ақ сүт берген шешеме
Не көрсеттім, жар-жар!
Жат кісінің баласын
Жолдас еттім, жар-жар!

Жігіт:

Есіктің алды қия еді,
жар-жар!
Қияға біткен мия еді,
жар-жар!
Әкең берген қамқа тон,
жар-жар!
Етіңе қайтып сияды,
жар-жар!

Қыз:

Токпақ жалды торы айғыр,
Токтама әке, жар-жар!

Төркіндеген үйіңнен
Кеттім, әке, жар-жар
Қыз да болсам сіздің мен
Перзентіңіз, жар-жар!
Жалғыз басым сыймастай
Не еттім, әке, жар-жар!

Ж і г і т:

Есіктің алды құмдақ-ты,
жар-жар!
Құмдақтан қоян зымдапты,
жар-жар!
Атасы басқа жау жеңгең,
жар-жар!
Отауға салып тыңдапты,
жар-жар!”

Жар-жардың тағы бір түрі:

Ж і г і т:

Бір толарсақ, бір тобық
Санда болар, жар-жар!
Қырық кісінің ақылы
Ханда болар, жар-жар!
Әкем-ай деп жылама,
Байғұс қызым, жар-жар!
Әкең үшін қайын атаң
Онда болар, жар-жар!

Қ ы з:

Жаздыкүні ақша қар
Жаумақ қайда, жар-жар!
Құлын тайдай айқасқан,
Оң жақ қайда, жар-жар!
Азар жақсы болса да
Қайын атам, жар-жар!
Айналайын әкемдей
Болмақ қайда, жар-жар!..
(*Өзге жақындары да солай*)
Шымылдығым серпе сал,
Көрсін әкем, жар-жар!
Көзінің жасын көл қылып

Төксін әкем, жар-жар!
Жылда-жылда ноғайдан
Пұл алушы, жар-жар!
“Бір міндеттен құтылдым”
Десін әкем, жар-жар!
Шымылдығым серпе сал,
Көрсін шешем, жар-жар!
Көзінің жасын көл қылып,
Төксін шешем, жар-жар!
“Жылда-жылда боқжама
Бояушы едім”, жар-жар
“Бір міндеттен құтылдым”,
Десін шешем, жар-жар!

Ж і г і т:

Шәйі қамзол дүрия үстінде бар, жар-жар!
Алтын бесік құлыншақ алдында бар, жар-жар!
“Үйде шешем қалды” деп жыламашы, жар-жар!
Жақсы болса, қайын енең онда да бар, жар-жар!
Ерке туған аға екем, перизатты, жар-жар!
Еркелейтін алдында жеңге де бар, жар-жар!
Қос перизат бір жерге қосылыпсыз, жар-жар!
Құтты болсын тойыңыз, перизатым, жар-жар!

Бұл өлең екі жақтың айтысынан құралады. Бір жағы күйеу, екінші жағы қалыңдық. Бір жағы еркек тобы, екінші жағы әйел тобы.

Адам баласының екі ру болған қауымының бұл жерде екіге бөлінген жігі ашылады. Соның белгісі көрінеді. Жаңа өмірге кіретін жас әйел, жаңа өмірге кіретін жігіт өздері шыққан екі топтың пікірін, сырын сөйлейді. Еркек тобы әйелге жалпы адам баласының қауымына әйелдің не міндет, не мақсатпен жаралғанын айтады.

Әйел арнаулы әйел басының өз тілегін айтады. О да тең адам, онда да тілек, сезім бар. Оған да жалғыз адам болғандағы тілегі керек. Жалпы адам болғандағы қарызына өз басының қайшы келетін өзімшілдік тілегі қойылады. Бірақ бұл жердегі өзімшілдік сөгісті мінез емес, әрбір адамға қас мінез. Әйелде де қуаныш бар, күйініш бар; оған да жақын бар, жат бар; оның да туған жерге, өскен елге арнаулы тілегі,

сүйініші бар. Еркектей онда да еркіндігін сүйетін, жастық қызығын сүйетін сезімді жүрек, ыстық қан бар. Оған да ұя керек, оған да өмірдің жарастық жылылығы керек. Жат елге кетер жастықтан айырылып, жаңа өмірге кірерде ол өткен күнімен қоштасады. Белгісіздің тұманы басқан жұмбағы көп алдыңғы өмірге сене алмай, көңілдегі арман, күдігін айтады.

Жігіт тобы алдыңғы күннің қызығын айтып жұбатады. Әйел тіршілігінің жарастығы жанындағы бесікте, алдындағы балада. Қайын ата, қайын ене, жар, қасында ол болмаса, әйел өмірі жарастықсыз, қызықсыз, мағынасыз. Әйел — ана. Әйелдің адам баласының ұрпағын өсіретін қарызы бар. Және қазақтың түсінуінше әйел үй ішінің жарастығы, үй ішінің ұйытқысы. Онсыз еркек өмірі — гүлсіз өмір. Сондықтан еркектің үйіне әйел керек. Бұл қалдар адам баласының қауымының ішінде бұл күнге шейін жеңіспей, жарысып келе жатқан пікір. Қазақтың қуаныш, қайғы үстінде сөз қылатын сол тартыс, сол пікірлер. Бұл адам баласының тобындағы бір үлкен трагедияның басы. Көпке қызмет қылу адамның қарызы. Көп үшін өлу, көп үшін өз тілегінді құрбан қылу адамшылықты ұққан жанның ата мұраты. Маңдайына басылған қарызы, өмірінің мағынасы. Бірақ бұған қайшы келетін — адамның өз жүрегінің тілегі, өз басының сезім, өздігі. Осы екеуі бір бетпен кетсе, арасында шалыстық болмаса, адам бақытты. Бірақ көп уақытта екі жолда қайшылық болады. Бір адамның өз жүрегінің ішінде екі айыр жол шығады. Жүректі сол екі жол айырады. Қанды оқиға, қайғылы хал сонан туады. Жар-жар сол терең пікірдің, сол сияқты халдың басын бастайды, бетін ашады.

Жар-жар деген сөздің өзінде де мағына бар. Сол күнге шейін күйеуі барын ашып айта алмай келген туысқан мен жас қыздың еркіншілік ерке күніне көлеңке түсіре алмай, аяп келген ағайын, тілеулес көптің, қуанышқа келген топтың ортасында, алғашқы рет “жар” атын атау керек. Жас әйелдің бой жетіп, екі өмірдің жапсарына келгенін тілеулес қауымының алдында қуанышпен жариялауы керек. Әйел құлағына, енді жалғыз емес, екінші адаммен қосақталғанын білдіру керек. Сондықтан жүзге ауыр тимейтін “жар”

деген сөзбен, әнмен жаңа өмірге келгендігін естіртеді. Соны құлағына сіңіру үшін, соған көндіру үшін қайта-қайта “жар” атын атайды.

Қоштасу — танысу. Қыз ұзатқанда айтылатын өлеңнің бірі — танысу өлеңі. Ұзатылатын қыз көңіліндегі шын қайғыны білдіру керек. Туған ел, өскен жермен ақырғы айырылысу сағатында көздегі жасын, көңілдегі қайғымен арыздасқан, қоштасқан сөзін айтады. Бұл сөздер жылаумен айтылатын болғандықтан, өлеңдері де жаттама болмайды, қай қыз болса да жанынан өлең шығарып айтуға тырысады. Ұзатылатын қыз ағайын, туған аға, жеңге, құрбы-құрдасқа айырылардағы арызын айтады. Өз өмірінің қайғысын айтады. Бұл күнге шейін жасырып келген, іркіп келген қайғысы болса, ақырғы сағатта, сол қайғының бәрін өлеңмен, көздің жасымен шығарады. Көп қыз, танысу өлеңде көп ағайынға естіртіп көңілдегі наразылығын айтады. Кейде алдыңғы жұмбағы көп өмірден рақым тілейді. Тілек айтады. Көрісетін апа, жеңгенің айтатын сөздері көбінесе, тілек тілеу, тілекпен ұзатып салу болады. Танысу өлеңдері қазақ ортасында көп, әлі күнге жоғалмаған, бітпеген әдет, бұндай өлеңнің әзіргі мысалына жеңгелер айтатын бір өлең аламыз.

“Қара суды жайлаған қаз барады,
Анасынан айырылып қыз барады.
Қара суға қан құйсаң ағар, кетер,
Жат кісіге қыз берсең, алар, кетер.
Жылама, бикем, жылама!
Көзіңнің жасын бұлама!
Ұл боп тусаң әуелден,
Сені мұндай қыла ма?
Бүркендіріп қоя ма?
Көзіңнің жасын бұлама?
Біз бермейік десек те,
Мал бергенің қоя ма?”

Бет ашар. Қыз ұзатқанда айтатын өлеңнің бірі — бет ашар. Бұрынғы басы бос, еркін қыз енді қалыңдық болған уақытта, жаңа өмірдің табалдырығынан нықтап аттаған соң, жаңа үйдің мүшесі, жаңа елге тиісті адам болған соң, соның ауысқан жаңа өміріне арнап айтылатын өлең. Бұл өлеңде

не шер, не қайғы айтылмайды. Бұл жағынан қарағанда, өзге өлеңдердің көбінен бет ашар өлеңі бір бөлек болып бөлінеді. Бет ашарда жеңіл күлкі, қалжың сияқты сөздің араласып келетін де жері бар. Шын сөз, шын өсиетті айтумен бірге, қалжыңға ұқсас қылып, салақ, олақ, ретсіз әйелдің күлкілі мінездері де көрсетіледі. “Қаптың аузы бос тұр деп, құрт ұрлама, келіншек” деген сияқты. Осындай күлкі сөздеріне қарап, соңғы замандарда, бұл өлең ылғи үлгі ретінде айтылатын сөз болып та кеткен жерлері бар.

Бірақ бет ашар өлеңінің не мақсаттан туып, не үшін айтылатынын тексерсең, мұнда үлкен мағына бар екенін айыру қиын емес. Бет ашар — беті ашылған жастың бетін ашып, өмір таныту, әрбір елдің өзі қолданған жол-жобасын түсіндіру. Тәжірибесіз жас әйел жаңа өмірге кіріп, жаңа қауымның ортасына келгенде, сол қауымның қадірлі, құрметті үлкендерін тануға керек. Жаңа қауымның қадірлейтіні кім, ұлық тұтып сыйлайтыны кім, жаста еркелетіп аялайтыны кім, жас келіннің бұларды топ алдында танып, біліп алуы қажет. Үлкендердің алдында келіннің тәжім қылуы — сол жаңа шарттарға көндім, қабыл алдым дегенінің белгісі.

Екінші үлкен мағына: бет ашарда қазақ елінің жаңа түскен келінді келешекте ана болуға, қадірлі келін, үлгілі жеңге болуға үйретеді. Бұл өлеңнен қазақ жұртының әйелге жалпы көзқарасы білінеді. Әйел үй ішінің, ауылдың, ағайын ортасының ұйытқысы. Солардың жарастығы, гүлі, берекесі. Күйеудің сүйеніші, тірегі. Дос тауып, туысқан құрып беретін көмекшісі, досы. Өлеңде сол міндеттер толық айтылады. Ел осы айтылған тілектерді орындап, жақсы ат алып, ағайынға қадірлі болу үшін қандай шарттарды орындап, қандай мінезде болу керек, соның жеке-жеке жолдары айтылады. Үй ішінің ұйытқысы әйел болған соң, оның ұйтқы болар мінезі не болатынын айтады. Мысалы:

Келіннен енді сөйлейін
Көп дабырлап шуламай,
Құлағыңды саласың!
Қатасы болса сөзімнің,
Осы отырған әлеумет

Сынға салып қарасын.
Құлағың салып тыңдап тұр,
Келінжан, менің тілімді!
Әдеп жолын үйренбек
Жас кісіге білімді.
Ақылсызға айтқан сөз —
Далаға кеткен шығын-ды.
Бәрі саған керек іс,
Тыңдасаң, келін, жырымды.
Жырға қосып айтамын
Бар өсиет сырымды.
Бұрынғы күнің балалық,
Ер жеткен күнің бүгін-ді.
Өзім айтқан сөз емес,
Осылай деген бұрынғы.
Келін боп келмек оң жаққа
Ата-ананың мұрасы.
Бұрынғы үйің бекер-ді,
Мекенің осы турасы.
Өз үйінде тұрмақ жоқ
Ұл боп тумап әуелде,
Қыз болған соң тууың.
Келін боп келген қиын іс,
Жас өспірім балаға.
Қызмет қыл иіліп,
Ата менен анаға.
Өзіңнен үлкен адамның
Бетіне тіке қарама.
Үлкен кісі келгенде,
Қатарласып отырма,
Кейін отыр панада.
Ылажы болса шығып тұр,
Қайтқанша далаға.
Бар айтқаным бұл емес,
Құлағың салып тыңдап тұр,
Сөзім бар айтар және де
Тұратын болса ата-анаң,
Отырып қалма орнында.
Тұрып барып есік аш,
Еріп шықпа соңынан.
Дәрет суын көтеріп,
Қарап та тұр жолына.
Орамалын алып бер,

Ұмытып кетпе оны да.
Бұрынғыдай ойламай,
Сабыр етіп, шыдам қыл,
Аштық пен тоғыңа.
Ынтаменен қызмет қыл,
Құдай қосқан еріңе.
Күле сөйлеп жауап бер,
Оның айтқан сөзіне.
Тең құрбыңнан артық боп,
Үлкен емес, кіші емес,
Қосылыпсың теңіңе.
Еріңнен асыл адам жоқ
Қарасан ата-тегіңе.
Күйеуің үйге келгенде
Қағып көрпе салып бер,
Отыратұғын жеріне.
Бір нәрсеге жұмсарда,
Алыстан “әй” деп айтқызба.
Төсегін салып, шешіндір,
Ерте тұрса киіндір,
Киімін тұрып алып бер,
Белбеуін байлап беліне.
Менің айтқан бұл сөзім —
Бәрі саған керек іс.
Абайлап қара түсініп.
Сөлекет болып отырма
Еркектей болып жүгініп.
Бір тізерлеп жөн отыр,
Төмен қарап, бүгіліп.
Қатты қылып сөйлеме,
Ақырын сөйле мүдіріп,
Майдалығы сөзіңнің,
Кеткендей болсын үгіліп.
Бір нәрсеге барғанда,
Көп кешікпе кідіріп,
Үй арасы болса да
Қатты жүрме жүгіріп.
Боз балаға қарама
Артық аса тігіліп.
Сыбысың болып біреумен
Өсекке жүрме ілініп.
Жасырынбайды жаман ат,
Ақыры шығар білініп.

Жаман атың бір шыкса,
Кетеді елің түңліп.
Тәжім қылып сәлем ет,
Үлкен үйге кірерде.
Сыртыңнан шық иіліп,
Есіктен шығып жүрерде.
Бір қиын іс дүниеде:
“Пәленше келін сондай” деп,
Сыртыңнан әркім күлер ме.
Ерте тұрып түңлік аш,
Ерініп жатпай төсекте.
Мезгілсіз келген ұйқыны
Өзіңе жақын дос етпе.
Жаңа түскен жас келін
Жақын болар өсекке.
Қатынға кәрі айып жоқ,
Мінсе да теріс есекке.
Сөйлеген кезде еркектей,
Дауысыңды қатты кенеме.
Нәзік сөйлес еріңмен
Не жұмыс қылсаң, жылдам
кыл,

Шұбалаң келін атанба.
Тастама белбеу беліңнен,
Жүріп, жұмыс қылғанда
Барымен ұста қолыңның,
Ұстама жалғыз жеңіңмен.
Ата, ана мен жарыңның
Бетіне тіке қарама,
Алса да таспа теріңнен.
Қасыңа бала келгенде
Қабағың түйіп, тыржиып,
Жылатпа түртіп қолыңмен.
Орынсыз жаман іс қылып,
Әркімнің тілін тигізбе.
Ата, ана тегіңмен,
Ұзын сөздің қысқасы:
Жақсы болып, іс қылып,
Жұртыңа жақ еліңмен.
Бар айтқаным бұл емес.
Құлағыңды салып, тыңдап тұр,
Айтылар кейін қалғаны.
Отырған адам көзінше

Әр жеріңді қасыма.
Жаулығыңды шұбалтпай,
Дұрыстап ұста басына.
Астынан шығып тұрмасын
Ие болып жүр шашыңа
Қолын ұстап, бетін сүй,
Бала келсе қасына.
Қайыныңды сыйлап, қадірле,
Қарама үлкен жасыңа.
Жасы құрбы екен деп,
Жаманға болма ашына.
Ойынның жөні осы деп,
Әркімге берме шашыла.
Біреу жаман айтты деп,
Болымсыз іске жасыма.
“Пәленше бұл деп айтты” деп
Жарыңа сөзді тасыма.
Естісең де жаман сөз,
Жүргенің жақсы жасыра.
Көңіліңе келіп жүрмесін
Айтты деп сөздің қиынын
Бүгінде жаман көргенмен,
Көңіліңе теріс келгенмен,
Бәрі де саған пайдалы,
Ағаңның айтқан жырының.
Сендерге енді келейін,
Қарт, кәрия аталар!
Жапсардағы отырған
Жастары үлкен — аналар!
Ақылы артық даналар!
Біздерге енді қуаныш
Жасы кіші балалар.
Бұрынғының бір жолы:
Келінді көрген адамнан
Көрімдікке мал алар.
Қайын атаға бір сәлем!
Балаларыңның ішінде,
Көрімдікті көп айтар
Ақылы артық келінің.
Жалғыз қара болмасын:
Түйе болар боталы,
Бие болса тайлысы
Қайын енеге бір сәлем!
Келін-балаң бір теңді,

Қосылыпты сайына.
Осындай жақсы келінді
Көрімдігін атамай,
Көресіңдер ма жайына?
Түйе берсең ақтан бер,
Өсеріне бақтан бер,
Тым болмаса ен салдыр,
Түйенің кенже ботасы,
Биенің кіші тайына.
Малға шамаң келмесе,
Берсең де ырза боламыз,
Қаптағы құрт пен майыңа.
Қайын ағаға бір сәлем!
Келін-келін, келіңіз!
Көрімдігін беріңіз!
Ала-құла деменіз,
Түсін айтып қойыңыз.
Қойды берсең қоңырдан,
Өсеріне оңынан,
Абысынға бір сәлем!
Ешкі берсең сарыдан,
Мол қолды бол жарыған.
Түсін атап, енін айт,
Асып кет те бәрінен.
Беремін деген кей қатын,
Шығарып барып жанынан,
“Бергенім осы менің” дер.
Алыстан келген кей қатын:
“Берер едім аямай,
Жақын емес елім” дер.
Бермеймін деген кей қатын:
“Дүниенің билігін,
Үйдегі білер ерім” дер.
Сылтау қылып кейбірі:
“Өкпелімін бұл тойдан,
Беретін жоқ жерім” дер.
Желдіртпелі кейбірі:
“Сабыр қылып тұра тұр,
Берейін саған кейін” дер.
Кейін барып сұрасаң:
Ойнамай жүр менімен,
Мен емес сенің теңің” дер.
Жалпы жұртқа бір сәлем!

II бөлім

БАТЫРЛАР ӘҢГІМЕСІ

Қазақтың батырлар әңгімесі ескі заманнан басталады. Батырлар әңгімесінің басы ескі түрік бірлігінің заманындағы әңгімелерден шығады¹. Қазақ елінің ескілігі жалғыз қазақтікі емес, жалпы түрік жұртының ескілігі деп санауға керек. Бұрынғы түрік, моңғол дәуірі жүрген заманда, Алтын орда, Ақ орданың күндері айтылатын жерлер бар. Ноғайлы, қырым, қыпшақ, қырғыздардың бір жалаудың астында бір ел болып жүрген кездерін айтады². Бұл түрік жұртының жік-жікке бөлінбей тұрған күндері. Бірін-бірі жат демей, бауыр көріп жүрген кездері.

Қазақтағы батырлар әңгімесінің осы кездерде шыққаны бір жік болып, кейінгі замандағы шыққандары екінші бір жік болады. Алғашқы жіктегі — ұлы батырлар. Бұлар көшпелі елдің шабынгерлік, жауынгершілік, құба қалмақ заманында жүргендегі батырлары. Ол кездегі тыныштық, амандық, түгелдік ылғи найзаның ұшы, білектің күшімен алынатын, қара күштің ғана дәуірі жүрген заман. Әлі жеткен әлсіздің қожасы болған, әлсіздер құл мен күң болған заман. Не нәрсеге ие болсаң, иелігің қылыш жүзінде ғана сақталған. Сондықтан ол замандағы елдің сүйеніші кім? Сүйеніші қол бастаған батыр, ел бастаған ханы мен биі болған. Ел қиялында жүретін елдің шын қадірлі басшысы осы үш мінездің үшеуіне кім бірдей жетік болса, сол деп саналған. Сондықтан толық жақсы әрі батыр, әрі би, әрі ел билеген хан болу керек. Бұл уақыт батырдың ең қадірлі болған заманы. Елдің елдігін сақтаған шын азаматы, “ық жағына қала, ел жағына пана” болған, ірге бермес еркесі заман.

Бірақ барлық батыр ондай болған жоқ, сондықтан ел сондай батырдың болуын қиял қылған. Қиял батыры бет алды тумайды. Әншейін жабайы адам туысынан, оның туысы басқа болу керек. Жаратылысында жай адамның шығысынан бөлек бір көмескілік, жаттық болуға тиісті. Туысын жасырын сыр билеген өзгешелік болу керек. Олардың жаратылысына табиғат, әулие, пері сияқтылар араласу керек. Сондықтан ұлы батырлар жат туыспен туады.

Осы сияқты белгісі болғандықтан, қазақтың барлық батырлары жоғарыда айтқан, екі жікке бөлінеді. Алғашқы жікке кіретін ұлы батырлар: туысы бөлек, орны басқа, ел қиялындағы баға — жоғары болған³, әрі рудың басшысы, ері іргесін бермейтін елдің ұлы қамқоры, ханы қатарлы болғандар.

Бұдан кейінгі жікке кіретін — кіші батырлар. Бұлар қазақтың тіршілігі тыныштық дәуіріне қарай ауысып, асау ханның жуасыған кезінде шыққан батырлары. Бұл кездің батыры азғындаған батыр. Бұлардың тұсында әншейін жабайы адамнан бөлек жаттық жоқ.

Бұрынғы Едіге, Қобыландылар бір жағы періден, бір жағы керемет иесі — әулиеден туса⁴, кейбірі көп тілеумен әулиеге ат айтып, қорасанға қой айтқан күнде, алпыстағы Аналық, тоқсандағы Тоқтарбайдан туса, болмаса, Ер Сайын сияқты пірдің батасы, тілеуімен туып, пірдің қорғауымен тіршілік ететін болса, соңғы батырлар әншейін қоңыр қазақша туады. Екінші үлкен айырмасы: бұлардың ісі мен күшінің бәрі де қазақтың өз ортасындағы араздық, жаулыққа жұмсалады. Болмаса үй іші, туыстың ғана жоғын жоқтайды. Мысалы Алпамыс.

“Едігенің” қысқаша әңгімесі

Бұрынғы өткен заманда Баба түкті Шашты Өзіз деген⁵ керемет ие әулие болады. Жасы ұлғайып, қартайған шағына дейін баласы болмайды. Бала жоқтығын арман қылып, құдайдан перзент тілеп жүргенде, түс көреді, түсінде: “Құбыла жаққа жүре бер” деген әуез естиді. Шашты Өзіз жүріп кетеді. Жолшыбай бір кез келіп, тынығып жатқан уақытта, сол бұлаққа перінің аққу кебін киген үш қызы

ұшып келеді. Бұлар бұлақ басына қонып, кебіндерін шешіп, суға шомылуға айналғанда, Шашты Әзіз келіп кебіндерін алады. Үш қыз жалынып сұрайды. Әулие бермейді. Аяғында: “Таңдаған біреумізді алып, қалған екеуімізді босат” дейді. Шашты Әзіз үшеудің кішісін, Кенжекей сұлуды алып, қалғандарын қоя береді.

Пері қызымен ерлі-қатынды кісі болып өмір сүреді. Қыздың тиерде әулиеге айтқан шарты бар еді. Ол шарты: басыма, аяғыма, өкпеме қарама деген. Көпке шейін бұл шартқа шыдап жүрсе де, бір күндерде әлгі айтқан жерлеріне қарап қойып, өзге адамзаттан бітімі бөлек екенін көреді. Шашты Әзіз шартын орындамаған қыз мұны тастап ұшып кетеді. “Ішімде балаң бар, тоғыз жолдың торабынан тауып ал” дейді. Әулие іздеп жүріп, тауып алады. Сол бала Едіге болады.

Едігені өз әкесі тәрбиелемейді: бір кемпір-шалға беріп, кетіп қалады. Бала ер жетеді. Қой жайып жүреді. Қойшы болып жүрген уақытта, дауласып жүрген бірнеше адамдарға билік айтады. Үлкен билігі — бір түйе туралы айтқан билік. Баланың әділ, есті би екенін Тоқтамыс хан естиді⁶. Кемпір-шалдың қолынан алып, өзі бала қылып, оң тізесіне отырғызады. Едіге ханның қасында отырып, әлденеше ірі билік айтады. Бір билігі даулы болған қыз бен жігітке айтқан билік. Баланың ақыл-көркі өзгеден артық болған соң ханның Данабике деген қатыны ғашық болады. Көңіл білдіреді. Едіге қабыл алмайды. Қатын кекті болады. Қастық қылуды ниет етеді. Ханым Тоқтамысқа: “Едіге түбінде тағыңды алады. Осы күнде өзіңнен мерейі үстем” дейді. Соның белгісін көрсету үшін кілемге ине шаншып қояды. Едіге сәлем беріп кіргенде, әлгі ине ханның киіміне барып шаншылады. Содан хан да Едігені дұшпан деп есептеп, ебін тауып өлтірмекші болады. Қатын екі күндей екі түрлі жаман ас береді. Едіге ол астың бірін тіліп-тіліп ішеді де, екіншісін жан-жаққа шашып алып ішеді. Онысы — еліңді, ұлыңды оңды-солды тіліп билермін, қаныңды судай шашармын дегені. Содан кейін Едіге бөтен жаққа жүріп кетеді. Хан ақылшыларын жиып, кеңесіп, Едігенің кегінен қорқып, артынан қуғызып кісі жіберіп, шақыртады. Өзінің досы Кең Жаңбай келген соң, Едіге қайтып келеді. Бірақ Тоқтамыс көп

кісімен жиналып отырып, мас қылып, өлтірмекші болады. Едіге ештеңені сезбей ішіп, мас болады. Сол уақытта Ағысын деген досы батырдың сары азбан деген атын ерттеп, дайындап тұрады. Едіге мініп қашады. Артынан қуған жауларды қазаға ұшыратып, қырып кетеді.

Осы бетімен келе жатып Басентейін алып деген үлкен диюға кездеседі. Оның қолында тұрған перінің сұлу қызы болады. Едіге алыптың үйіне қызметкер болып тұрып, қызбен ғашық болысады. Екеуі ақыл құрып, айламен алыпты өлтіреді. Сонан кейін пері қызын қатын қылып алып, Сатемір ханға келеді⁷. Хан қадірлеп, құрмет көрсетеді. Бірақ бір уәзірінің қыздыруымен Едігенің қатынына құмар болып, Едігені өлтіріп, қатынын өзі алуды ниет қылады. Алу үшін, уәзірдің ақылы бойынша, Едігені қиын сапарға жұмсап, сол жолда өлтірмекші болады.

Хан өтірік ауырады. “Қызыл гүл” деген дәрі керек болады. Ол дәрі Күл-күн дариясы мен Сынап дариясының арасында болады. Барған кісі өлу керек. Едіге іздеп жүрмекші болады. Қатынының ақыл кереметімен аман барып, сау қайтады. Қызыл гүлді алып келеді. Сонымен бірге тағы бір сұлу қыз олжасы болады.

Едіге өлмей қалған соң, уәзір мен хан екінші қулық ойлап тауып, бір қиын сапарға жібермекші болады. Ол сапары: баяғыда өлген ханның әкесіне барып, содан хабар әкеп беру. Оған бару үшін, батырды отқа өртету керек. Едіге бұған да көнеді. Өрттің ішінен батырды пері қызы — қатыны келіп аман алып шығады. Әкеңнің хаты деп ханға тапсыру үшін, батырға пері сәлем хат береді. Хан бұған нанып, өзі барып қайтпақ болып, өрттің ішіне түсіп, күйіп өледі. Ханмен бірге қалған уәзірлері де өледі. Бұлардың артынан ханның елін Едіге билеп, хан болып тұрып қалады.

“Едіге батыр” әңгімесінің мәнісі

Едіге ескі түрік жұртының тіршілігінде ел қамқоры: әрі жақсы би, жақсы батыр, әрі жақсы хан болса деп, барлық қиял, барлық жүрекпен тілеп жүрген заманның батыры.

Едігенің біз қарастырған әңгімесінде ескіліктен сақталған сарқыт қайсы? Онан соң бері заманда тізілген жамау қайсы? Соны айырып білу керек.

Ескілік: Едігенің жоғарыда айтқан туысында. Екінші, әрі би, әрі батыр болып жаралған сегіз қырлы жақсылығында. Онан соңғы әңгімедегі ескілік, сол замандағы түрік, моңғол хандығының бірлігі жоғалып, берекесі кеткен қалпын білдіреді. Хандар, бектер ортасындағы бақ күндестіктің, бәс таластың белгісі бар. Іштен шіри бастаған әрекеттің, ұрыс-жанжалдың көбін көрсетеді. Мысалы, Тоқтамыс пен Едігенің араздығы. Тоқтамыс пен Сатемірдің жаулығы. Бұл әңгіменің тарихқа жанасатын да жері бар. Тарихта болған Тоқтамыс, Ақсақ Темірдің жаулығының ізі бар.

Әңгімедегі бұлардан басқа көрінетін ескілік Едігенің мінезінде. Едіге бұл әңгімеде анық түрік жұртының жақсысы, қазақ мінезді жақсы. Бұдан көрінеу жаулыққа, көрінеу қастыққа тез көрсететін қарсылық жоқ. Қуаныш пен қорқыныш, сүю мен жирену сияқты сезім билеген мінез жоқ. Ақылына билеткен, ішіне сыр сақтай білетін, кең сабырлы, қалталы батыр. Барлық сезімді ішке жиып, шын көңілін сыртына тез шығармайтын, тартымды мінез қазақ елінің ескіден сүйген мінезі болатын. Едіге сол мінездің батыры.

Онан соң Едігенің билігінде де қазақтың сүйген әдеті бар. Ол: бидің тапқыштығы, өткір сезімділігі болатын. Бұрынғы қазақ барлық жақсысына осы сынмен қарайтын. Терең теңізділік, әрі ойшылдықты тез бағалай алмай, көбінесе, тапқыштық сияқты, іле сөйлейтін, отты шешендікті сүйген. Көсемдік, көрнектілік сол мінезден туу лайық сияқтанатын. Бұл турада да Едіге қазақ мінезді болады.

Осы айтылғандардан басқа әңгімелеріне келгенде, Едігенің әуелгісі жыр ретінде айтылған үлкен сұлу әңгімесінің жоғалып, таусылып, көп өзгеріп кеткенін көреміз. Ташкенде басылған Едіге — қара сөзбен айтылған әңгіме. Қара сөзді әңгіме жадағай су сияқты, оны ит те, құс та жалайды. Ол сондықтан әрбір айтушы оған өз ойына сыйған қошқар мүйіздің бәрін салған. Басқа ертегіден әкеліп жамау жамаған. Кейде жат жұрттың әңгімесінің де бояуын әкеліп жаққан. Өлең түрінде айтылмағандықтан, екінші кеш жинағандықтан біз бұрынғы уақытта қымбат, бағалы, сұлу болған Едіге әңгімесінің жылқышының құрығындай сүйретумен таусылған, таусыншығын ғана ұстап қалып отырмыз.

Бұл әңгімеге өзге жұрт әңгімесінің ішінен кірген жасалар өлгенше көп. Оның мысалы, Тоқтамыс қатынының Едігемен араз болуы. Бұл Шәкір-Шәкірәт сияқты әңгіменің қайтармасы⁸. Екінші, Едігенің екі қатынға бір баланы бөліп беретін билігі. Бұл Сүлеймен пайғамбардың билігі деп айтылады⁹. Сатемірдің Едігені қызыл гүлді іздетіп жіберетіні, алыс, қиын жолға жіберіп, сонымен өлтірмекші болатыны, аяғында сол ісінің жазасынан өзі өртке өртеніп өлетіні — түгелімен алғашқы әңгіменің, елдің ұмытып, тоздырып, жоғалтып алып, беріден, араб, парсы ертегілерінен қосымша қылып алған жамаулары. Бұларда, бірінші тарих Едігенің тарихы, Ақсақ Темірдің дәл халына ұқсайтын шындық жоқ. Екінші, өзге араб ертегілерінің иісі аңқып тұр.

“Қобыланды батырдың” қысқаша әңгімесі

Қобыланды, алпыстағы Аналық, тоқсандағы Тоқтарбайдың әулиеге ат айтып, қорасанға қой айтып, бала тілеп, тентіреп жүрген уақытта тапқан баласы. Батыр туысымен күн санап ер жетеді. Он жасқа жетпей тұрып, Көклан деген кемпірдің Құртқа деген қызын алады.

Құртқа ақылды, мінезді қатын болады. Батырға Тайбурыл деген тұлпарды асырап, жетілтіп береді. Сол кезде Қияттың Қараман бастаған қолы¹⁰ Қазанға аттанады. Құрдасы Қараман шақырған соң, Қобыланды бірге бармақшы болады. Әке, шеше, қарындас, қатын болып, “барма” дейді. Көнбеген соң кетерінде, “батырдың жолын оңғар” деп тілеу тілеп, жылайды. Артында қалып бара жатқан үй ішіне батырдың айтатын сөзі:

Желі толған түйемді,
Сарысуға тапсырдым.
Тоғай толған жылқымды
Жасанған жауға тапсырдым.
Қора толған қойымды
Аш бөріге тапсырдым.
Азу тісі балғадай
Жас бөріге тапсырдым.
Тоқсандағы Тоқтарбай

Құдіретке тапсырдым,
Алпыстағы Аналық,
Бибі Фатимаға тапсырдым¹¹.
Қарындасым Қарлығаш,
Қарашаш ханымға тапсырдым¹²
Жан қосағым қыз Құртқа,
Балуан қызға тапсырдым.
Сендер төртеу, мен жалғыз,
Бір құдайға тапсырдым.

Сол сөздерімен Қобыланды Қият қолының артынан жүріп кетеді. Бірақ ағының әбден толатын күні жеткен жоқ еді. Соны тосып, жолда бөгеліп жатып алады. Қол ұзап кетеді. Күткен күні болған соң, Тайбурылмен батыр шабады. Тайбурылдың шабысы төрт аяқтының бәрінен бөлек, жат болады.

Астындағы Тайбурыл	Қар суындай тасады.
Арандай аузын ашады,	Құлан мен құлжаның,
Аяғын топ-топ басады.	Ұзатпай алдын тосады.
Бір төбенің тозаңын	Көл жағалай отырған,
Бір төбеге қосады.	Көк құтан мен қарабай,
Жаңбырдай тері сіркіреп,	Көтеріліп ұшқанша,
Жауған күндей күркіреп,	Белінен кесе басады, —

дейді.

Осы жүрісімен батыр Қазанға келеді¹³. Қазанның дариясынан атын секіртіп, ішіне кіргенде, алдынан жекпе-жекке Қазан деген әрі хан, әрі батыр шығады. Екеуі соғысады.

Әуелі тәуір сөйлесіп,	Ырғай-ырғай салысты.
Артынан шайтан жабысты.	Итерісіп тұрысты,
Шайтан емей немене	Найза қанға майысты.
Ырғай сапты сүңгіні	

Ақырында Қобыланды Қазанды жеңіп, ат көтінен түсіріп, өлтіреді. Содан кейін Қазанның ішінде дайындалып тұрған қалың қолмен жалғыз соғысып, қырып, жеңіп шығады. Қазан қасын Қият қолы келген соң, біржолата шауып, шаншып, олжалап алып болған соң, батырлар қайта қайтады. Жолшыбай Қобыланды мен Қараман Көбікті деген ханның жылқысын ала кетпек болады. Далада жатқан қалың жылқыны алдарына салып айдап жөнеледі. Жылқыда Көбікті батырдың Тарлан ат деген аты болады. Сол жауды сезіп, қалаға қашып келеді. Көбікті жау келгенін біліп, атына мініп қуады. Бұл келген уақытта Қобыланды бір жайлы жерге келіп, ұйықтап жатқан болады. Көбікті ұйықтап жатқан Қараман мен Қобыландыны байлап алып, қаласына алып келіп, зынданға салып тастайды. Көбіктің Қарлыға деген қызы болады. Оның мұсылман болмақ ниеті бар екен. Екі батырды босатып алып, солармен қашпақшы болады. Бірақ

әуелі екеуінің батырлығын сынайды. Зынданнан босатамын, “қашыңдар” дейді. Қараман бұған көнсе де, Қобыланды көнбейді. Қашып, пысып кетпеймін, еліңді қырып, шауып кетемін дейді. Қыз батырға ырза болады. Зынданнан ықтиярымен шықпаған соң, айламен шығармақшы болып, Тайбурылдың тіліне қыл бұрау салып, қинап шыңғыртады. Батыр жаны ашып, долданып зынданнан атып шығады. Сонан кейін қызды ертіп алып, Қараман үшеуі Көбіктің жылқысын тағы алып жөнеледі. Көбікті артынан қуып жеткенде, Қарлыға әкесінің үстіндегі сауыттың оқ өтетін осал жерін айтады. Қобыланды сол тұсынан садақпен атып, Көбіктіні өлтіреді.

Сол бетпен жолда тағы бірталай қиындықты көріп, еліне жетсе, елдерін қалмақтың Алшағыр ханы шауып кеткен болатын.

Жұрт-жұртқа Құртқаның көміп кеткен белгілеріне қарап отырып, батыр Алшағырдың еліне жетеді. Бұл кезде әке, шешесі құл мен күң болып, қарындасы қызметші болып, қатынын Алшағыр алғалы жатыр екен. Құртқа батырды күтіп, зарлап жүріп, ақылымен жарының келгенін сезеді.

Алшағыр мен Қобыланды соғыс салады. Қобыландыға Қараман мен Қарлыға серіктік қылады. Алшағырды Қобыланды өлтіреді.

Бұл өлген соң, тағы да көп жекпе-жек болады. Ағанас деген батыр Қобыландыны алуға айналғанда, Қарлыға келіп, найзасын салып түсіріп кетеді. Бұдан соңғы қауіпті жау, Біршімбай деген Қарлығаның ағасы, Көбіктің баласы болады. Оны Қарлыға алдап, айламен өлтіреді.

Қарлыға батырларға үлкен достық көрсетеді. Басында Қарлығаны олжа қылған соң, Қобыланды Қараманға беріп еді. Қарлыға Алшағыр ханның Күнікей, Тінікей деген екі сұлу қарындасын тұтқын қылып алып, соларды Қараманға беріп, өз басын олжадан босатып алып, Қобыландыға тиісті болады. Қобыланды Алшағырды шауып, елін жебір-жесір қылып болған соң, әке, шеше, ел-жұртын бұрынғы жеріне алып қайтып, мұратына жетеді.

“Қобыланды” әңгімесінің мәнісі

Қазақтағы батырлар әңгімелерін басынан аяғына шейін анықтап, тексеріп қарағанда, бізге тіпті анық қылып тарих бетін ашып береді демесек те, сол ескі тарих көлемінде болған ірі мезгілдердің барлығында ұлы суретін нобайымен, тұспалмен көрсеткендей болады. Рас, біз елдің тарихын ылғи батырлар ертегісінен құрап, тізбейміз. Бірақ ел әуезінің ескілігі тарихқа қаншалық жәрдемші болатыны кімге болса да белгілі. Бұл туралы қазақ елінің ішінде сақталып қалған батырлар әңгімелері, бүгінгі ел әңгімесі сияқты. Ескілігін жоғалтқан түрік тұқымдарының барлығына да тарихтың жаңа бір бетін ашып бергендей болады.

Бұрынғы түрік тілдеріндегі ескі сөздерді қарастырған Европа ғалымдарының, қазақ елінде ескі заманның сарқыты мен белгілері көп болу керек¹⁴ деген тұспалдары, батырлар әңгімесі сияқты, қазақтың ескі жыр, ескі өлеңдерінен аныққа шығып айқындалғандай болады.

Қазақ ортасында қалған батырлар әңгімелерінің әрқайсысының ішінде тарих ауданына сиярлық шындық қайсы, тарих оқиғаларынан қалған із, сүрлеу қайсы, әрбір әңгімеде ел мінезі, ел қиялы, ұғымы, бірлік әңгімесінде қаншалық дәрежеде күшейіп, қаншалық қалыпқа шейін жетті. Соның бәрі көрінетін жерлер аз емес.

Ел есінде сақталып келген, батырлардың ішінде болған адамнан тарайтын әңгімесі де болады. Кейде жалғыз ғана ел қиялының өзі туғызатын да батыр болады. Қобыландыны әуелі осы жағынан қарастыралық.

Орынбор архив комиссиясының мағлұматы бойынша Елек қорғанынан Ойылға қарай жүретін қара жолдың үстінде¹⁵, Қобыланды деген бекет бар. Соның жанында, Қобыландының бейіті деген бейіт бар дейді. Сол маңайдың қазағы Қобыланды жайынан ескілікті әңгіме айтады. Бұл Қобыландының болған адам екеніне бір дәлел. Екінші, Шәкәрім ақсақалдың шежіресінде¹⁶, ескіліктен қалған әңгіменің ретінде Қобыланды батыр Жәнібек пен Әбілқайыр ханның тұстасы делінеді¹⁷; қыпшақтың Әбілқайырға жағымды, әрі басты адамы, әрі қадірленген батыры болады. Әбілқайырға Қобыландымен қадірі тең түсіп жүретін

арғын Дайырқожа деген ел жақсысы болады. Қобыланды мен Дайырқожа кектесіп жүргенде далада кездесіп, батыр Дайырқожаны өлтіріп кетеді.

Әбілқайыр Қобыландыны беруге қыпшақтың наразылығынан қорқып, шыдай алмайды. Үш кісінің құнын алып біт дегенге арғын тоқтамайды. Сонымен ноғайлыдан кейінгі заманда қазақ бірлігіне кірген рулардың көпшілігі айырылды.

Жоғарыдағы ноғайлы мен қазақ айырылардағы өлең осы тұста айтылады. Қобыланды өлтірген Дайырқожаның әкесі — Қыдан тайшы, Қыдан деген өлеңші болады. Ел аузында сақталып қалған ескіліктің бірінде сол Қыдан ақын айтқан өлеңі деп мына өлең айтылады:

Қара қыпшақ Қобыландыда
Нең бар еді, құлыным?
Сексен асып, таянғанда тоқсанға,
Тұралмастай үзілді ме жұлыным.
Адасқанын жолға салдың
Бұл ноғайлы елінің.
Аққан бұлақ, жанға шырақ
Жалғыз күнде құрыдың!
Қара қыпшақ Қобыландыда
Нең бар еді, құлыным! —

деген.

Бұл сияқты ескілікті сөздер Қара Қыпшақ Қобыландының болған адам екенін анық, айқын білдіргендей болады.

Затында қазақ ескілігіне кіретін әңгімелерінің көпшілігіндегі батырлар, ылғи елдің қиялы туғыза берген адам емес, көбінесе болған адамдардан туатын сияқты. Жалғыз-ақ ел қиялының көтеріп, ірілетіп әуелгі пішіннен өзгертіп, өңдеп әкететіні бар. Біз көрген балалар әңгімелері де сол қалыпты. Қобыланды әңгімесі ел қиялының сондайлық қылып көтерген, келістіріп суреттеп, шеберлеп әңгімелеген сөзінің бірі. Шеберлеп әңгімелегені, барлық батыр әңгімесінің ішіне кіретін адамдардың мінезін, қалпын толық қылып шығарудан, батыр жорығын сұлу қылып жырлауынан білінеді. Онан соң батыр пішініне ел мінезін сиғызып, ел тілегі мен үмітін батыр өмірінің көлеміне шеберлеп сыйғызғаннан білінеді.

Қобыланды әңгімесінің әңгімелік жолындағы маңызын, бағасын айтудан бұрын әңгіме тарих ауданына қарағанда қай мезгілде, қандай тарихи оқиғалардың салдарынан туғанын айтайық.

Жоғарыда Дайырқожаның өлімі үстінде айтылған өлең Әз Жәнібек, Әбілқайыр ханның заманында ноғайлы қазақ бірлігінің тұсында болған делінеді. Қобыланды ол заманның адамы болса, онда XV ғасырдың орта кезінде өмір сүрген болады. Біз қазіргі заманда Қобыландыны, не арғы, не бергі замандікі деп дауласпақшы емеспіз. Әдебиет тарихының көзімен қарағанда, біздің алдымыздағы тарихтың қай кезіне жақындауға мүмкін, соны тексеріп қарау, елдің есінде ескіден сақталып қалған әңгімені жалпы тарих шеңберіне сыйғызып көру.

Қобыландының үлкен жорығы Қазан қаласына аттанудан басталады.

Ел жыры Қобыландыны Қазан қаласымен соғыстырады. Қобыландының батырлық әңгімесі ел өлеңінде, осы оқиғаның айналасында болады. Біз ел әңгімесінің осы жерін, тарихтың қай кезіне келетінін тексермекшіміз.

Әңгімеде Қобыланды Қазан қаласымен соғысады екен. Осы әңгімедегі аталған Қазан қай Қазан? Бізше, бұл бұрынғы Қазан хандығының астанасы болған, бүгіндегі Еділ бойындағы Қазан қаласы. Бұның дәлелі әңгіменің өзінен көрінеді.

Қобыланды аттанып барған Қазан екі қала екен дейді. Бірі — сырлы Қазан, екіншісі — қара Қазан, бүгінгі Қазан қаласы XIV—XV ғасырлардың шекарасында екі жерде болғаны рас. Әуелгі Қазан XIV ғасырдың аяқ кезінде әулие “Ғизан” деген судың құятын жерінде Балғардан шыққан Алтынбек, Қалымбек салған қала болады. Алтынбек, Қалымбек Балғардың Құбайдолла ханының баласы; бұның елдігін Ақсақ Темір ойрандап, өзіне қаратып алғанда ханның екі баласы Еділді өрлеп кетіп, жоғарғы Қазан қаласын салған. Артынан, XV ғасырдың бас кезінде Алтын ордадан бөлінген бірнеше рулар келіп, Еділ бойының хандығын жасайды. Оның астанасы Қазан қаласы болады. Бірақ бұлардың тұсында Қазан қаласы бұрынғы ескі Қазаннан 7 шақырым төмен жерден салынады. Кейінгі уақытта Қазан хандығының астанасы

да сол болады. Мөлшермен есептегенде, Қазан хандығы 1430 жылдардан 1552 жылға шейін еркін өмір сүрген. Өзгеден елдігі, іргесі бөлек бір хандық болады. Өз бетімен еркін өмір сүріп тұрғанда Қазанда 14 хан болған. Алғашқысы Мақымет, соңғысы 1552 жылы орыстың Иван Грозныйы Қазан қаласын алған уақытта хан болып тұрған Ядігер (Жәдігер)¹⁸.

Бұл екі арада болған 14 ханның ішінде біздің әңгімеде аталған Қазан деген хан жоқ. Бұл атты, Қазан қаласының атына ұйқастырып, елдің өз қиялы қосқан болуға керек.

Біздің ел әңгімесіне қарағанда, Қобыланды батыр Қазан хандығының құлайтын мезгілінен көп бұрын өлген адам болады. Бірақ әңгіме Қобыландыны Қазанға аттандырады, Қазандағы кәпірмен соғыстырады.

Бұл әңгімені туғызған себеп не? Соған келейік. Ел әңгімесі, ел қиялы тарихтың пәлен жылмен, пәлен жыл арасындағы уақиға деп санайтын өлшеуінен бірде ілгері, бірде кейін кетіп отырады, тарихқа дәл болып өткен мезгілді ел әңгімесінің кейде білмей шатастыратыны да болады. Кейде әдейі біле тұра бір сүйген мезгіліне, не есінде ұмытылмастай болып нық орнап қалған тарихи уақиғаның тұсына ертеде болған уақиғаны, кейінгі заманда болған уақиғаны да түгелімен алып келіп, бір жерге басып қосып, үйіп-төгіп қоятыны да болады.

Сондықтан көп жұрттың ескілікті әңгімелері, белгілі бір хан мен патшаның айналасына жиналады. Кейде бір үлкен тарихи дәуірге әкеліп жиып қояды. Орыс жұртының батырлар ескілігінің барлығы ”Қызыл күндей Владимирдің” айналасына жиналғаны сияқты¹⁹. Араб жұртының ескіліктегі әңгіме-ертегісінің Арон Рашит айналасына жиналғаны сияқты²⁰. Бергі заманда көп елдікке бөлінген түрік жұрттарының сондай дәуірі Алтын орданың кезі болады. Өзге елдерден іргесін бөлек қылып алып шыққанда қазақ ескілігінің көбі Өз Жәнібек ханның тұсында болады. Міне, осы сияқты жалпы тарих шеңберінен бөлініп, үзіліп шыққан бір мезгілі. Өзінің тұсына бұрынғы-соңғы замандардан болған ірі уақиғаларды, ірі батыр-бағыландарды түгелімен жинап алатыны болады. Оны жинайтын ел қиялы. Қобыландыны Қазан хандығының тұстасы болғанда осы сияқты ел қиялының жылжытуымен

келген. Енді Қобыландыны Қазан қаласының тұстасы қылып, Қазан қаласына аттандырған себеп не, соған келейік. Бұған себеп болған: Қазан хандығының оңалмастай болып құлап, артқы күндері естен кетпестей өкінішпен біткендігінен. Қазан хандығы құлағанда, жалғыз сол хандықтың ішіне кірген рулар ғана күйреген жоқ, бұрынғы Алтын орда кезінен ескі бірлік, ескі елдікті ұмытпай, соның заманын арман қылып, көксеп жүрген ұсақ рулардың барлығына да Қазан қаласының алынуы қозғау салған. Бұлардың арасын жамастырған саяси бірлік Алтын орда құлауымен бірге жоғалса да, тілек бірлігі жоғалған жоқ па. Және бұрынғы іргесі күшті ел еріген қардай таусыла бастаған уақытта, күн батыстан өсіп, ұлғайып, ызғарлы болып, қабағын түйіп келе жатқан бір күпі болады. Ол орыс елдігі, бұл бұрын бағынуда болған жұрт болса, қазірде өзі бағындыратын, өзі күш көрсететін дәрежеге келіп қалған. Сол кезде Алтын орданың орнын басқандай болып жау бетіне қарсы қойған тіреу, іштегі сенім Қазан хандығы болатын. Сол Қазан 1552 жылы Иван Грозныйдың қолынан жеңіліп құлайды, оның құлауынан үлкен бір дерт Қазанның ақырғы ханы Ядігердің қайғысы болады.

Қазан қаласын орыс әскері соңғы рет нық басып, жеңіп алған жолында қайтып көтеріліс, ереуіл жасамасын деп Ядігерді кепілге алып кеткен. Ядігер бірталай заман Мәскеу тұтқыны болып тұрады. Қазанның халқы Иваннан әлденеше рет кісі жіберіп босат деп сұрайды. Ядігер босатылмайды. Ақырында Ядігер митраполит (дін басы) арқылы Иванға шоқынған ниетін білдіреді. Ядігер мұсылман дінін тастап христиан болады. Бұл уақиғаның артынан Ядігер қадірлі князьдің бірі болады. Иван өзінің қадірлі бояр (мырзаларының) ішінен Кутузовтың Мария деген қызын Ядігерге некелеп қосып, тойын барлық Мәскеудегі ақсүйек пен ұлыққа тегіс тойлатады. Ядігердің шоқынғанын білмей, Қазан елі бұрынғысынша тағы бірнеше рет сұраған соң, ақырында Иван Ядігердің Қазанға бөтен адам болып кеткенін білдіреді. Басына тас тигендей шатасқан Қазан елі, әлгі хабарды естіген соң Ядігердің үстіндегі хан көйлегі деген темір сауытты сұратады. Міне, Қазан хандығының құлауы осы сияқты халдермен бітеді.

Бұрынғы ескі биліктің тілеуінде жүрген рулардың барлығына бұл уақиға оңай тимейді. Сондықтан ел көңілінен бұл неден, кімнен болды? Пәленшелерден болса, бұл уақиға болмас еді-ау деген сияқты арман шығады. Сол арман Қазан хандығы құлайтын кезде болған жақсылар мен батырларды түгелімен Қазанды кәпір қолынан құтқаруға аттандырады. Қазан құлайтын заманның өзінде болған батыр Нәрік ұлы Шора өледі²¹. Бұл тарихта белгілі адам.

Қазанның орыс әскерімен тартысып жүрген уақыттағы елеулі адамының бірі осы Шора болады. Ел әңгімесі мұны Қырымнан аттандырады. Елдің сол сияқты көңіліне жиылған арманы мен өкініші Қобыландыны да осы заманға алып келіп, Қазанға жорыққа аттандырады. Ел әңгімесіндегі Қобыланды Қазанның өз бетімен елдік құрып отырған хандығына қарсы аттанған емес. Бұл Қазан қаласын алған, Қазан елдігін құлатқан жауы, кәпірге қарсы аттанған жорық. Әңгімеде қазақтың ішіндегі жауды ылғи кәпір деп отырады.

Жау кәпір, бірақ дәл қай жұрттан шыққан, қай ел, оны бері келгенде ел әңгімесі ұмытып қалған. Сондықтан әңгіменің бір жерінде Қазандағы жау қалмақ, бір жерінде қызыл бас, тағы бір кезде қырғыз болады²². Бір әңгіменің ішінде әлденеше елдің атын атаудың өзінен шын жаудың аты ұмытылғандығын көрсетеді. Бергі кезде айтушы ел түпкі жаудың аты-жөнін ұмытқан соң өздерінің күнін көріп, күнде алысып жүретін дағдылы, мәлім жауларының атын қоя салған. Қырғызды, қалмақты қосу бергі замандағы қазақ елдігінің жауларын қосқаны болады. Ел әңгімесінің мұндай кезде дәл атын ұмытып, өзі білген жау атын қоса салатыны бізге батырлар әңгімесінен мәлім. Мысалы, Нәрік ұлы Шораның әңгімесі өлең тілмен жазылғандықтан, оның Қазандағы жауы анық орыс болады. Сол әңгіменің өлең емес қара сөз күйінде сақталып келген қайталамасы — “Шора батыр” әңгімесінде Қазандағы жау Қобыланды әңгімесіндей қалмақ болып шығады.

Міне, осы сияқты салыстырған сөздерге қарағанда, Қобыландыны өз тұсында болмаған Қазан қаласына ел қиялы аттандырса, белгілі, арнаулы тарихи уақиғалардың себебімен аттандыруға керек. Тарихи себеппен аттандырса өліп қалған

Қобыландыны қыпшақтың өзінің хандығы сияқты болған Қазан хандығын құлатуға аттандыру керек емес. Одан гөрі бергі заманда болған 1552 жылдағы уақиғаның салдарынан орысқа қарсы аттандыру әлдеқайда орынды, қисынды болады. Сондықтан бізде Қобыландыны Иван Грозный қолынан Қазан қаласын құтқаруға аттанған десек, өрескел терістікке ұшыраған болмаспыз деймін. Осы ретпен шыққан Қобыланды қандай мінезді, қандайлық жаратылысты батыр, енді соған келейік.

Қобыланды да қазақтың ұлы батырларының бірі. Ұлылық бұның ерекше туысында, ел жақсысы туысы туралы өзінің нық орнаған көзқарасынан айырылмайды. Ел қиялы бір сүйген түрінен ауыспайды да, адаспайды. Сондықтан Қобыланды ерекше туыспен туады. Бұның жаратылысында әулиемен пір араластырып, ерекше туғызады.

Қобыландының алғашқы жорығы Қазан қаласына аттанумен басталады. Әңгіме Қобыландының Қазанды шауып, егескен жауын жеңіп, жолдағы еске алған жауларына жолшыбай шабуыл жасап, содан қайтып келгенде өз елінде болып қалған ірі уақиғаға кездесіп, елін шапқан қалмақтың Алшағыр деген батыры мен соның елін шауып, кегін алумен бітеді.

Бұл уақиғалар бірінің артынан бірі тізіліп келетін ұзақ әңгіме болса да, барлығы Қобыландының алғашқы батырлығы басталып, алғашқы батырлық жолындағы көрсеткен өзгеше қайратын жыр қылып, әңгіме қылумен тоқталады.

Қобыланды бұл әңгімеде ел қорғаны болған, елінің мақтаны, айбыны болған батыр.

Қобыландының батырлық мінезін, батырлық туысын ел әңгімесі өзінше толық қылып, батырдың бүтін пішінін жасап шығарғандай болады.

Қобыланды алғашқы жорығының өзінде алыстан тоят іздейді. Ежелден кекті болған алыстағы мықты жауға аттанады. Жауға аттанарда қарындасымен, Құртқамен қоштасқан сөзінде өзін-өзі қайраттандырып, жауландырып, шын батырдың тасқындаған ірі сөзімен жауап қайырады.

Қора толған қойымды
Аш бөріге тапсырдым.
Азу тісі балғадай

Жас бөріге тапсырдым.
Тоғай толған жылқымды
Жасанған жауға тапсырдым, —

деген сияқты желпінген сөздер шын батыр аузынан ғана шығатын сөздер. Қобыланды барлық әдетінде ірі батыр әдетін істейді. Ол жалғыз жүріп, шабуылды жалғыз жасайды. Қауіпті жау ішінде болса да, еркімен ұйықтап, салғырт жүреді.

Қобыланды әйел тілін алмайды. Әйел тілін алу қаншалық жақсы, адал дос болса да, азғанымен бір есеп деп біледі. Сондықтан әйел көмегін алғысы келмейді. Дұшпаннан рақым күтпейді, тілемейді. Дұшпанның жақсылық, аянышын алғысы келмейді. Дұшпаннан дұшпандық қана күту керек, дұшпандығына қайратпен ғана жауап қайыру керек деп біледі.

Көбіктінің қызы Қарлығаның істемек болған көмегін, беріп тұрған бостандығын сол себепті алмайды. Құртқаның болжал қылып “елінді жау шауып, әке-шешен құл мен күң болып, бізді ерегескен жаудың мықтысы әкеткен заманда келерсің” деген сөзі Қобыландыға тоқтау болмайды.

Қобыланды жорықта олжа үшін жүрген, дүние қуған батыр емес. Ол жақсылық атау үшін жүрген батыр, айбын үшін жүрген ұл. Сондықтан жорық жолында не кез келсе де бағасына, ажарына қарамайды. Олжа — деген жолдастың бар тілегін алып отырады. Сол себепті Қараман Қобыландының үнін тілеп, өзінікі болмақты іздеген Қарлығаны олжа деп алып кетеді. Барлық жолда олжасы да Қият қолы мен Қараманда болады. Қобыланды елдің қиял қылған батыры.

Бұл өз руының мақтаны. Елінің қорғаны: жауынгерлік тыныштығы жоқ заманда жағалай шабыс, құба қалмақ заманы сияқты аума-төкпе заманда амандықты, тыныштықты тілеген ел батырды қиял қылған. Сондағы тілеген, қиял қылған батыры Қобыланды. Бұл серікке қол алмайды. Елге ауыртпалық түсірмейді. Елдің құр ғана қорғаны емес, өзі ізденеді. Жақындағы түгіл, алыстағы жаудан да ізденіп барып өшін алады.

Қобыландының бір басында әрі басшы батырдың, әрі артынан ерген қолдың да міндеті бар.

Қобыланды сияқты батыры, айдыны болған заманда қыпшақ елін аларлық жау жоқ. Алса қапыда алады. Қобыланды жоқта, қамсызда, бейбітте алады. Бірақ Қобыланды тұрғанда елге өлім жоқ. Ел тіршілігін сақтаушы бар.

Қобыландыдан соңғы әңгімедегі екінші орын алатын Құртқа. Құртқа Қобыланды сияқты ерекше туған, батырдың теңі болып туған, көңілдегідей жақсы жары, онда адал жарға лайықты шыдам бар.

Тоқтаулы мінезділіктен басқа жарын сыйлаған кең сабыр бар. Ол тілеуі дұрыс. Барлық ойы, барлық ниетімен жар жолына басын сарп қылған жолдас; сондықтан Қобыландының келешегін ойлаған болжал айтады. Қобыландының үйде отырған есі, ақылы Құртқа. Қобыланды қайрат иесі болғанда, Құртқа ақыл, ой иесі. Екі жартыдан, екі жақсы сыпаттан құралған, жарастықты бір бүтін өмір бұл екеуінің біріккен өмірі болады. Құртқаның өз басына арналған тілегі мен ойы жоқ. Сол Қобыландының өміріне тілеу мен қызметін қосып жіберген жан. Сондықтан тұспал айтудан басқа түсте көреді. Түсінде Қобыландыны тауып отырады. Құртқа, елдің Қобыланды сияқты батырға қиял қылып қосқан жары, көбінесе Құртқа Қобыландыдан есті, тартымды болады. Қызметі Қобыландыға Тайбурылды асырап, жетілтіп, жолдас қылып беру, бұл Құртқаның өзіне мақсат қылған жұмысы. Тайбурыл Қобыландының Құртқадан соңғы серігі, жолдасы. Тайбурыл көшпелі елдің батырына арналған ат. Көшпелі елдің қысылғанда сенім қылатын “қыл құйрықты жел жетпес” есті серігі. Жорыққа сапарға шыққанда артта қалған елден де, үйден де пайдасы артық тиетін жалғыз сүйеніші, сенімі, аты болады; сондықтан ол ат құр ғана мінгіш, құр ғана жүйрік, берік болудан басқа есті де болу керек. Сондықтан Тайбурыл керекті жерінде тіл бітіп, сөйлеп те кетеді. Көтерген қиял Тайбурылды өзге малдан жат, ірілетіп әкетеді. Тайбурылдың бұлай болуына Құртқаның тәрбиесі себеп болады.

Құртқа Тайбурылды баласындай тәрбиелейді. Батырдың аты өзгеден өзгеше тәрбие көрген, Құртқа тәрбиесінен шыққан. Сондықтан өзгеден жат іс көрсетеді.

Қобыланды әңгімесі басында шыны жақын болған, бір уақиғаның сарынынан туған әңгіме дедік. Бұл Қобыланды әңгімесінің ескіден келе жатқан негізі. Бұл әңгіме жалғыз қазақ әңгімесі емес, әуелгі қалыпта, жалпы түрік әңгімесі болуға тиіс. Мына әңгіме содан қалған қазақ ішіндегі сарқындысы. Бірақ әңгіме көп заманнан келе жатқан ескі

әңгіме болғандықтан, бергі жерде қосылған жамаулар көп. Жамау жалғыз әңгімеде емес, әсіресе көп айтушының аузынан өткендіктен. Әрбір заманның ескілікті, жаңалықты сөздері сияқты қоспаны да көп сіңірген.

Әңгімеге қосылған қоспалар жаулардың аттарын санауда бергі заманда Қазанға Қобыланды іздеп барған нағыз жауының аттарын ұмыттырып, қазақтың өзі көріп жүрген қырғыз, қалмақ сияқты елдер кірген. Солармен ауысқан, оның үстіне анда-санда қызыл бас атының араласатыны да бар. Бұл тіпті бергі, күшейген мұсылмандық сарыннан жұққан тат.

Сыртқы сөзіндегі әріден келе жатқан “Айыр қалпақ, жез телпек” сияқты ескілікпен қатар бергі уақыттың порымы, аршындап, “сұқары” деген сияқты орыстан кірген сөздері де көп. Бұл сияқты ала сөздер ескі заман мен жаңа заман айтушыларын араластырып, жыр мен әңгіменің көп ауыздан өткендігін білдіреді.

Қобыланды өлеңі, ескі қазақ әдебиетінде үлкен, елеулі орын алатын жырдың бірі. Бұның өлеңі күшті ақындықпен, шалымды қиялмен жазылған өлең. Жырдағы Қобыландының үй ішімен қоштасуы, Тайбурылдың шабысы, Қазан мен Қобыландының айтысы сияқты өлеңдер “Қобыландыны” соңғы, түзеп айтқан Марабай сияқты ақынның²³ үлкен ақындық қуатын білдіреді. Бұл сөздер, төселген жүйріктей толғаулы ақынды танытады. Қиялы бай, суреті көп, сезімі күшті ақынды көзге көрсетеді.

Бұл турада Қобыланды жырының тілі әдебиеттің соңғы замандағы кестелі шебер түрінен қалыспайтын ырғақты жерлерін айқын білдіреді. Қобыландының жыршысы сыпаттау сөздерінің барлығын салыстырған суретпен айтады. Көтеріп сөйлеген суреттерінің өзінде де көңілге қанықтығы, толғану реті еріксіз иландырғандай болады. Қобыланды жыры ескі жырлар үлгісімен жазылғандықтан, барлық өлеңі энге өлшеніп айтылған. Сондықтан қандай оқушы оқыса да, желдіртіп ала жөнеліп тұратын желпінген өкпесі білініп тұрады.

Тыңдаушының көз алдына шаңын боратып, әндетіп, суырылып алып келе жатқан домбырамен айтатын ескі ақынды елестеткендей болады.

Бұл Қобыланды жырының айырықша бір бағасы. Ескі әңгімені ескі жыр сарынынан аудармай, сұлу қылып айта білген ақынның шеберлігіне куәлік береді.

Қобыланды өлеңіндегі ақындық суреттері, жалпы қазақ ескілігіндегі барлық суреттеу сөздерге толық мысал, солардың нағыз өз үлесі. Олай болса, қазақ әдебиетін жалғыз сурет жағынан алсақ бұрын, Еуропаның барлық күн шығыс ақындығына жауып жүрген бір жаласы теріске шығады. Күн батыс сыншылары: “Барлық Азияның ақындық суреті ылғи алыстан, үлкеннен алған мысалмен келеді. Көпіртпей, аспандатпай салыстыра алмайды” дейді. Ондағысы сұлуды ай, жұлдызбен, жақсылықты аспанмен, күнмен, құдайшылық сыпатымен, діндарлық наныммен айтқан суреттерді айтады. Қобыланды жырындағы суреттер ол күйден аман. Бұның суреті — өмір суреті. Әркімнің көз алдында көрініп жүрген халдан алған сурет. Бірақ ауаны үлкен, шұбарланған, түбі мол сурет.

“Ер Тарғынның” қысқаша әңгімесі

Тарғын өз елінде кісі өлтіріп, қылмысты болып, Ақшахан деген Қырым ханының қолына келеді. Сонда бірталай заман белгісіз кісі болып тұрады. Ақырында, бір кезде Ақшахан он сан оймауыт, тоғыз сан торғауытпен соғысқа шығады. Сол соғыста Тарғын батырдың қуатымен жауды жеңеді. Тарғынды әскер басы қояды. Ақшаханның Ақжүніс деген сұлу қызы бар еді:

Шашын талдап тараған,
Билер мінген бедеудей
Бауырынан жараған.
Бет ажарын қарасаң,
Жазғы түскен сағымдай
Ет ажарын қарасаң,

Терісінен айырған
Арпа, бидай ақ ұндай,
Қасы жайдай керілген.
Кірпігі оқтай тігілген,
Бұралып белі бүгілген.

Сол қыз Тарғынға ғашық болады. Тарғынды таңдағанда хан тұқымына да, басқа сұлуға да тимеймін, жұрттың бәрінен бағы асып жүрген батырға тиемін деп таңдап алған. Тарғын осы Ақжүністі алып қашады. Хан қызына ашуланып, сол қызды кім қуып жетіп, Тарғыннан айырып алып қалса, сол алсын дейді.

Көп қол жабыла қуады, бірақ бәрі бірдей жете алмайды, жарымы жолдан қайтады. Қол ішінен бір-ақ адам бөлініп шығып, жеке қуады. Ол Қожақ деген қарт батыр болады. Қожақ қуып жетіп, қызды айырып алғалы келдім дегенде, Тарғын:

Асу-асу бел едім,
Асудан соққан жел едім!
Жолдасымды бергендей
Қай батырдан кем едім?

Менен қызды алғандай
Өзің қандай, мен қандай?
Айт жөнінді, кім едің? —

дейді.

Сонда Қартқожақтың жауабы:
Мен мен дүрмін, мен дүрмін!
Мен де өзіндей кен дүрмін!
Менің жөнім сұрасаң:
Қырық сан Қырым елінде,
Ал асыл жөкер белінде,
Арғы атам ер Күлік,
Өзім әкем Қоянақ,
Қоянақ ұлы Қартқожақ,
Оза шауып олжа алған,
Таласты жерде жолды алған,
Ортадан ойып жол салған,
Қартқожақ деген ер едім, —

дейді.

Осы сөздерден соң екеуі жекпе-жекке шығысады. Әуелгі кезек Қожақтікі болады. Қожақ батырды қимай, өзін атпай, тоқал оқпен қорамсағын атады.

Тарғын мұны сезбей, кезек келгенде Қожақты өлтіре атпақшы болады. Содан кейін Қожақ өзінің аяп атқанын айтып, қайта атамын дейді. Тарғын жеңіледі. Сондықтан қызды тастап, жүріп кетеді. Қожақ Ақжүністің қасына келіп: “Түріңді көрсет! Ұнатсам алам, ұнатпасам тастаймын”, — дейді. Сондағы Ақжүністің сөзі:

Ай, Қартқожақ, Қартқожақ!
Атың басын тарт, Қожақ!
Бұхар барсаң қолаң бар
Қолаңды көр де, шашым көр!
Алтыннан соққан түйме бар!
Түймені көр де, басым көр!
Тоғайға барсаң, тоғайда

Домалаған қоян бар,
Қоянды көр де, жоным көр!
Қара жерге қар жауар,
Қарды көр де, етім көр!
Қар үстіне қан тамар,
Қанды көр де, бетім көр! —

дейді.

Осы сөздерінен кейін Қартқожақтың өзі кім екенін айтады. Оның бес жасынан бергі батырлық, ерлік өмірін айтып келіп, қазіргі күнде, қартайып, қызық, ажардан айырылғанын айтады да:

Алпыс беске келгенде,
Сақал-мұртың қуарып,
Бойға біткен тамырың
Бәрі бірдей суалып,
Алайын деп тұрмысың,
Мені көріп қуанып?

Өлтірсең де тимеймін!
Теңдік берсең, сүймеймін!
Бұрын батыр болсаң да,
Сенің басың бұл күнде,
Жерде жатқан қу тезек! —

дейді.

Бұл сөзді естіген соң Қожақ ойға түсіп, қызды батырдың өзіне қосып, қайтып кетеді. Тарғын Ақжүністі алып, Еділ бойының Қанзада деген ханына келеді. Бұл ел батырды құрметтеп қарсы алады. Қанзада Шаған-шудың бойындағы қалмақпен жау болады. Соларды жерінен қуып, бізге Шағанды әпер деп, Тарғынға өтініш істейді²⁴. Тарғын аттанып барып, қалмақты жеңіп, қашырады.

Бірақ сол жолда ағаш басына шығып, қарауыл қараймын деп, құлап жығылып, белі шығады. Көп уақыт емдегенге жазылмайды. Сонан соң хан Ақжүніспен екеуін жұртына тастап, көшіп кетеді. Көп бейнет шегіп, қайғы жеп зарығып жатады, белі жазылмайды. Өткен күннің арманын айтады. Ақжүніске де байының дерті батады. Намысын қоздырып, жігерін қайнатады. Сол ниетпен батырды да жігерлендірмек болып:

Қарақа сияр тасына
Қарауыл қоймай қонған ер;
Шын ниетпен тілесең,
Қайда кетер тілегің?
Тәңір тілек берген ер.
Бадананды бөктеріп.
Жатқан жолдас ерітіп,
Еділ, Жайық екі су,

Ерінбей жортып, о дүние!
Бас-аяғын көрген жер.
Ерлігіңде жаман жоқ.
Ағаштан белі мертігіп,
Жаман қара құлдарша,
Қорлықпенен өлген ер.
Қай батырдан кем едің?
Өлерде болдың қара жер! —

дейді.

Осы сөздерден соң Тарғын жігерленіп, белін өз қолымен басып қалып орнына түсіріп, жазылып алады. Содан

кейін Тарғын өз елін таппақ болып ойға түседі. Бірақ, Ақжүніс: “Кешегі жұртына тастап кеткен ханға бір көрінбей кеткенің намыс болады” деп, Қанзадаға қарай жүруді мақұл көреді. Бұл сөзге батыр да көнеді. Сонымен Қанзаданың еліне келсе, бұны Шаған бойындағы қалмақ келіп, қызынды аламын деп қорқытып, қысып отыр екен. Қанзада Тарғынға тағы жабысады. Тарғын, басында ханға ұрсып, өкпесін айтады. Хан айыбына қызын бермекші болады. Бірақ, қалмақты қашырып бер дейді.

Тарғын қалың қалмақпен соғысқа шығады. Көп күн ұрыс болады.

Төрт қырлаған көк сүңгі
Жау ішінде жаланып,
Толғамасам, маған серт!
Толғауыма шыдамай,
Толықсысаң саған серт!
Қысқа бақай, тар мықын,
Кебеже қарын қу құрсақ,

Құлжа мойын төгерек.
Ұмтыла шапқан тарланым!
Алты мыңдай кісі екен,
Тіл жіберсең саған серт!
Сен желігіп жүргенде
Тая шапсам, маған серт! —

дейді.

Осымен неше күн, неше түн өтті. Бір уақыт болғанда:

Қарайды да, күн батты.
Сарғайды да, таң атты.
Қызарып келіп, күн шықты
Күн шыққанда, қараса
Болған екен тамаша.
Қырылып жауы батырдың
Өзі қапты онаша!
Астына мінген Тарланның
Тұрпатына қараса,

От орнындай тұяқтан
Оймақтай-ақ қалыпты.
Етектейін еріннен
Екі елідей қалыпты.
Қиған қамыс құлақтан
Бір тұтамы қалыпты.
Жалбыраған жалынан
Жалғыз қарыс қалыпты.

Осындай бейнеттің артынан ханның жауын мұқатып болған соң, Тарғын қызды алмақ болады. Бірақ хан тағы өтірік айтып, бермейді.

“Өз қызымды алуға хан тұқымы емессің, Ормамбеттің ішінен таңдаған қызыңды ал” дейді. Бұған Тарғын ашуланып, өкпелі болып Қырымға қарай жүріп кетеді. Ханның елі мен өзі тағы қорқады. Сонан соң артынан кісі жіберіп, қалың ел аяғына жығылмақ болады. Сол жиынға Тарғын келген соң, Сыпыражырау сөз бастап²⁵: “Қызды алма, өзің

қалағаныңның бәрін ал: ел ал, жер ал, мал-мүлік ал да, соларды иемденіп тұр” дейді. Тарғын көнеді. Сонымен Ер Тарғын Жанарыстан деген жерді “Мысыр” етіп тұрып қалады.

“Ер Тарғын” әңгімесінің мәнісі

Батырлар жайындағы әңгіменің бір үлкені — “Ер Тарғын”. Бұл уақытқа шейін қарастырған батырлар сияқты, Тарғын да қазақтың нағыз өз батыры емес. Бұл да қазақ бірлігі жасалудан бұрын, жеке-жеке рулардың ноғайлымен көрші қонып сыбайлас болып, Орта Азия тарихында сонымен қатар шығып, жақын руларша, ыстығына күйіп, суығына тоңып жүрген кездерін білдіретін әңгіменің бірі. Сол кездегі араластың, жақындықтың белгісі сияқтанып, ноғайлы батырының әңгімесі қазақ руларының ішінде сақталып қалған. Бұл жағынан қарағанда, бүгінгі біздің қазақ батырларының әңгімесі деп қарастырып жүрген әңгімелердің көбіндегі батырлар, қазақ батыры емес. Жалпы түрік жұртының ескілігі, жалпы түрік әңгімелері болып шығады. Бұрыннан қазақ өмірін сынға алып, қазақ ескілігін тексерген оқымыстылар да: “Қазақ жұртының сыртқы өмірінде баяғы заманнан өзгеріп кеткен бөтендік жоқ; бұрынғы Орта Азияның майданында ірі орын алған, күшті түрік жұртының баяғы ескі қалпы әлі күнге қазақ елінде сақталып келе жатқан сияқты. Сыртқы өмір салтында үлкен өзгеріс болмағандықтан, екінші қазақ елінде ішкі сезім, ой, сана байлығы бар болғандықтан, бұл жұртта жалпы түрік жұртының ескілігі көбірек, толығырақ күйде сақталып қалуына керек”, — деген долбар болатын. Қазіргі қазақтың ескілігін қарастырған уақытта, сол пікірдің шындығына көзіміз жеткендей болады. Ол пікірдің растығына біз қарастырып келе жатқан барлық батырлар әңгімесі тегіс айғақ.

Бұл — әңгімелердің көпшілігі бұрынғы өткен заманда ұлы шебердің ішіне кіріп, іргесі тұтас болған көп елдің бірден-біріне жайылған, жақсы деп саналған әңгіме болу керек. Сонда қай рудан шықса да, жалпы бірліктің қорғаны болған, жалпы амандық пен тұтастықтың көпке бірдей ұйтқысы болған батырдың қадірлі, бағалы болған кезін көрсетеді. Қай руынан шықса да, сол бөлек-бөлек рулар

жалпы бірліктің керегіне жарайтын батырды қасиетті тұтып, қадірлеген. Бұлардың ісіне сүйінгендіктен барлық жүрісің әңгіме, ертегі қылуды салт қылып алған.

Түрік жұртының ескілігінде осы айтылғандай батырлар жорығын көп әңгіме қылған, көп көтеріп, қызықтаған кез — Алтын орданың кезі сияқты деп едік. Сол кездегі ұсақ руларды құрастырып бір тілеу, бір ниетке жамастырған үлкен ұйым, ұлы шеңбер сол Алтын орданың бірлігі болуға лайық. Алтын орда құлап, ру-рулар тігіс-тігісінен ыдыраған заманда, бірінен-бірі әңгіме алып, бірінен алып, қосылыңқырап-араласыңқырап барып айырылғанға ұқсайды. Біз қарастырып жүрген батырлардың бірі — қыпшақ, бірі — тама, кейбірі ноғайлы, қырғыз болып кететін себептері — сол ұлы бірліктің кезінен туатын сияқты. Әңгімелердегі кейбір батырлар сол аталған елдердің бірігіп, тұтасып жүрген кездерін өздерінің жүрісі мен шабуылынан анық көрсетіп кететін жерлері бар. Мысалы, қыпшақ батыры Қобыланды, Еділ бойының Қазан хандығын сүйеуші болып шығады.

Тағы бір кезде Қобыланды мен Сайын араласып, бірігіп шығады. Бұлар ноғайлы мен қыпшақ бірлігін тұспалдап білдіргендей болады.

Осы сияқты тілеуі біріккен, егі бір-екі ел Тарғын әңгімесінде көрінеді. Бұның бірі ноғайлы, бірі Еділ бойының татары. Тарғын осы елдердің бірінен кетсе, біріне барады. Қай-қайсысының болса да жоғын жоқтап, жауын жаулайтын өз батыры болып шығады. Қайсысының болса да Тарғынға бөтендігі жоқ. Қайда барса да, жаулайтыны бір жау. Онысы — қалмақ. Бұл есептен Тарғын ескі түрік жұртының көпке бірдей батыры. Тарғын әңгімесінің қазақта қалуы қазаққа сол батырдың жат емес, өз батыры мен бағланындай сүйсіндіретін жақын батыр екенін білдіреді.

Тарғынның өз әңгімесіне келсек, бұның мінезі мен жүрісінде ел қиялы батыр өмірінің өзгелерден бөлек тағы бір алуанын білдіргендей болады. Ескіліктің қиялы батырлар әңгімесінде бірінен-бірі айырылатын алуан-алуан мінез бен айрықша болған туыстарды әр батырдың мінезі мен құлқынан айқын көрсетіп, білдіргісі келеді. Өзгеден алуаны бөлек, айрықша жерін іздесе, Тарғыннан сол ерекшелік табылады.

Әңгіме Тарғынның қайдан шығып, қалайша туып, қай күйде өскенін таратып айтпайды.

Оқушы мен тыңдаушының алдына, артқы өмірі көмескі, қайдан шыққаны, кім екені белгісіз ер келіп шығады. Ескілік бұрынғы салтын мықты ұстаса, Тарғынды да бір ерекше туыспен тудырып, не әулие, не ата пірдің демеуімен Тарғын қылса керек еді.

Бірақ біз білген Тарғын олай емес. Бұл түрік жұртының батыры. Көптің ортақ болған қорғаны. Көпке бірдей бағыланы. Бірақ сонда да Тарғын басында үлкен мін бар, ол мін Тарғынның туғаны ортасында болмағандығы. Өз елінің ішінде қара орны, хан тағында болмай, ауданы мен қоғамынан кетіп, бөтен елдің ішінде жүргені Тарғынның міні.

Бұрынғы жақсы батыр алдымен руының, ауданының батыры болатын. Сол өзінің руы мен ауданының жақсысы, сүйеніші — руымен мақтанып, елі мен өз атағын бір жерге қосқан батыр болатын. Жақсылығы артса, абыройы, айдыны асса, өзінен асқан соң басқаға тиетін. Тарғынның өзім дерлік жақыны, жан сүйері жоқ. Артында сүйенері, тілеуін тілер жан жоқ. Тұлдыр батыр. Жалқұйрығы келте біткен жалғыз адам. Сондықтан бұл әңгімеде осы жалғыздығынан, елсіздігі үшін жазаға ұшырап отырғандай болады. Өзгеден ерекше ерлігі, батырлығы бола тұра, бұл бақсыз жүйрік болып шығады. Бұның, мысалы, Тарғынның баяны жоқ қашқындығында. Елімен жүрмей, туысын ұмытқандықтан, Тарғын қадірсіз. Тарғынды алдаушы, қиянат қылушы көп.

Тарғын басында ескілікте күшті орын алған туыс сезімі жоқ. Сондықтан Тарғынды алдаушылар, Тарғынды жалғыз жүргендігі үшін жазалаушылар сияқты болып шығады. Жалғыздығының себебінен Тарғын қатынды да өзгедей келісіп отырып алмайды, ұрлап-жырлап, алып қашып алады. Бұл жалғыздығының белгісі. Жалғыз болғандығынан қатын алуы батырдың алысына ұқсамай да кетеді. Ақшаханның қызы Ақжүністі алып қашқанда Тарғын әншейін жігітше әкеткен ісі үшін емес, әңгіме Тарғынды жазалағандай қылып, артынан Қартқожақтай аруағы басым кәрі батырды қуып жеткізіп, одан Тарғынды жеңілдіріп тастайды.

Тарғын Ақжүністі алғанда, қыздың ақылы мен сөзі себеп болып, қыздың туыстылығынан ғана алады. Тарғын жалғыздығының себебінен жақсыз, елеусіз, кейде қадірсіз батыр болатыны Қанзада ханның мінезінен де көрінеді. Өз елінен кеткен туысқан бауыры, елі жоқ жалғыз адам болғандықтан, қанша батырлық, қанша үлкендік қылған, еңіреген ер болса да, белі сынып, мертілген заманда оны ноғайлы елі тастап кетеді. Қадірсіз қылады.

Сол уақытта қайғы, күйік үстінде Тарғынға ес кіргендей болады. Тарғын жалғыздығының, елсіздігінің күйігін тартады. Өкінішке түседі.

Ақжүністің қайрауымен, өзінің ерекше біткен қайратымен жалғыздық намысы қайнап, бұдан да өлім артық деген ой келіп, бекінген сияқты болады. Басындағы жалғыздықтың күйігі, жалғыздықтың кемшілігі білінеді. Жаман да болса, батырдың жал-құйрығы сияқты артынан ерген топ қарашы, қосшы керек екенін білдіреді. Кімде-кім жақсы болса өзінің туған топырағында жақсы. Шыққан жер, туған елден кетсе, қаншалық ұлан болса да, басының бағасы жоқ. Ру жігіне бөлінген салт ол заманның ұғымында тағдыр қуатындай қуатқа ие болған.

Тарғын көзсіз ер, ірі қайратты. Түрік бірлігінің, түрік елдігінің жанын аузына тістеген жоқшысы. Сондықтан Қанзаданың екінші келген жауын тағы жеңіп береді. Хан айтқан уәдесін істемей, екінші рет алдайды. Тарғын Қанзадамен соғыспайды. Өзінің елі болып жүрген, тілеуін тілеп, жанын салып жүрген, іштей дос тұтқан елімен соғысуды Тарғын салт қылмайды. Сондықтан ол Қанзадамен де соғыспайды. Өзінің өміріндегі кемшілігін толтырып келіп, кек алмақ болып, Қырымдағы қырық құрдасы, көмектес елін алып келмекші болады. Қарасын молайтып, тобын көбейтіп келіп тұлдыр емес екенін білдірмекші болады. Сол ниетпен кеткенде, Тарғынның ерлігі мен туысын бағалаған Сыпыра жырау шақыртып алып, Қанзада ханмен бітістіріп, осы елді өзіне ел-жұрт қылып беріп, жақсы орынға жайластырады. Әңгіме Тарғынның жайлауын қарастырып, бір жерді мекен қылғызып, ел тапқызып, маңайына дос қарашыны жиып беріп, бітеді. Тарғын өзінің іргелі батырлығы, ірі қызметтері, ірі туысы үшін аяғында бақытсыз болмай,

қатарлы жақсының ретіне қосылып барып өмірін бітіреді. Бұл Тарғынның барлық ірілеп, жетіліп барған уақытындағы тапқаны. Сонда да Тарғын би мен бек, хан мен бағылан дәрежесіне жетпейді. Жер алып, мал алады да бітеді.

Бұл өмірінің арты болса, бұрынғы батырлық, ерлік заманында Тарғын ылғи бақытсыз батыр болып отырады. Әңгіменің аяқ жағында ғана Тарғынға жарық сәуле көрсететіні — Тарғынды жаралап-жаралап келіп, аяғында өз басы мінсіз батыр, ел керегіне жанын салатын батыр болғандығына кеңшілік жасағандай болып, әлгі айтқандай болымсыз жайда беріп, өмірлік бейнетін ақтағандай болады. Тарғынның бұдан бұрынғы еңбегі өмір бойы зая болған сияқты, қадірсіз өмір кешіруі жоғарыда айтқан жалғыздық, елсіздігінен.

Тарғын өлеңі өзге әңгімелі өлеңдердей ескіліктен келе жатқан жыр болғандықтан, көп заманның талқысын көріп, кеп толқынға түсіп, әлденеше боялған әңгіме болу керек.

Соңғы жыршының бірі — Марабай. Тарғынның Марабай айтқан жырлары ескіліктегі ең ірі жырдың бірі.

Бұнда ескінің желдіртпелі, аққан өзендей алып ұшқан өлеңі өзінің толқындатып, тасқындаған қуатын айқын көрсетеді. Жыр араласқан жердің бәрінде Қобыландыдағы Тайбурылдың шабысын айтқандай, тасты боратқан екпін бар. Кәрі қазақтың қиялы мен ескі ақынның еркін сұлу тілі найзағайдың отындай жалтылдап, ойнап шыққандай болады. Тарғындағы Марабай жыры өзгеден бөлек үлгімен, өзгеден жат түрмен құралғандай. Барлық өлеңде қыз сыпаты, айтыс сөз, соғыс суреті, ат келбеті сияқты сөздердің барлығы да ылғи кестелеу, салыстыру, жалғау сыпаттарымен жазылған. Бір нәрсенің суретін айтуға келгенде жыршы тілі қазақ баласы білген дүниеде көз тоқтарлық келісті нәрсенің ешбірін қалдырмай сұлу сурет үшін үйіп-төгіп алып келгендей болады. Желдіртпелеген жерді оқығанда оқушы үзілмейтін, ұшықиыры жоқ көп сұлу суреттің ішін аралап, сурет толқынында келе жатқандай болады. Жырда осының бәрі қылғынып, қинап отырып айтылған емес, өзінен-өзі, бірін-бірі жетелеп, ағылтып келіп отырғандай болады.

Тарғын жырындағы өлең өлшеуі де бұрынғы өлшеулерден жатығырақ, басқарақ келеді. Мұнда ақын бір белгілі өлшеуді мықты ұстанып айтқан сөз жоқ. Барлық өлеңді сөз бен суреттің ағымы билейді, күшті жыршы өлшеуді өз жанынан қалай болса, солай шығарғандай. Үлгі, қалып деген нәрселерді қайыстай қылып созып, өз ырқына билеп, басып, көндіріп алғандай болады.

Тарғын әңгімесінде батырдың өзінен соң үлкен орын алатын қатыны Ақжүніс — қазақ ескілігінің бір мінезі: батырды сипаттағанда толық пішінді адам қылып, ұлы денелі батыр қылып шығармақ болса, әрқашан сауыт-сайман, атымен бірге сол батырдың таңдап алған жарын да бірге жыр қылады. Қатынын жырға кіргізбесе батырдың пішіні жарты болады. Ақылды сұлу жары болмаса, батыр тіршілігі қызықсыз. Не ақыл, не мінез, не білім сезімімен еріне серік болатын әйел болмаса, жалғыз еркек өзгеден аса алмайды, ерекше абиыратақ та таба алмайды. Қай батыр болса да, өзіне лайық тең тауып, жақсы сұлу жарды алған соң барып батыр атағы шығады. Барлық батыр әңгімесі содан кейін ғана батырды үлкен жорыққа аттандырады. Қазақ ескілігінің бір бөлек жері осы арада. Енді батырлар әңгімесіне кірген әйелдерге келсек, ең әуелі барлығы да еріне ақыл қосатын ақылшы, кейде сезім толғауға ерінен әлдеқайда шалымды, әлдеқайда қырағы болып, жарының үйде отырғаны ерсі болып кететіні де болады. Кейбір әйелдер батыр серігіне үнемі ақыл үйретіп, айтқанын істетіп отырады. Бірақ бұның әмірі байды билеп жеңіп алған әмір емес, ылғи ақыл, сезім артықтығымен, жаратылысының нәзіктігімен, жарастықпен билеген билеу.

Көбінесе батырлар әңгімесіндегі әйел, әйелдің табиғатынан туатын кемшілік бойынша, еріне қара қайрат көмегін көрсетпейді. Бірақ басқа уақытта, орынды жерінде ерінің ең үлкен серігі.

Кейде әйел балуан, батыр шығып та еркекке серіктік қылатыны болады. Мысалы: Көбіктінің қызы Қарлыға, бірақ ондай әйелді шығарса да ел қиялы, ел сыны әйелге қара қайрат иесі болуды үлкен қасиет деп есептемейді. Әйел қасиеті: ақыл, мінезінде, сезіммен, тілеуімен, жүрегімен қосылған достықта деп есептейді. Сол себепті қара

қайрат иесі болған Қарлыға ақыл, сезім иесі Құртқадан кем бағаланады. Батырлар әңгімесінде кездесетін әйел — елдің қиялында бұрынғы, ескі, жақсы заманның ұлы әйелі. “Ат — биеден, алып — анадан” деген ұғым бойынша, жақсы жар болуға, жақсы ана, кемел бәйбіше болуға арналған әйелдер. Сонда барлық батырлар әңгімесіндегі әйелдерді алсақ әрқайсысы жақсы әйелдің алуан-алуан қасиетін білдіретін әйелдер. Мысалы, Құртқа ақыл иесі болумен бірге, өте өткір сезім иесі болып, сезімділігі ғайыпты болжайтын қырағылыққа жеткен әйел. Тарғын әңгімесіндегі Ақжүністі алсақ, бұл түгелімен намыс, жігер иесі.

Қобыландының басына Құртқа қандайлық қосымша болса, Тарғындай намыс соққысын көп көріп, қорлыққа көп кездесетін батырға Ақжүніс та сондайлық қажет болған қосымша.

Ақжүніс ер таңдайтын шағына келгенде: “Мен ханды алмаймын, өзім де хан баласымын; байды алмаймын, өзім де баймын; сұлуды алмаймын, өзім де сұлумын, өзгеден абыройы, бағы асып туған кісіні аламын”, — деп Тарғынды жарға арнап алған.

Мұнда, сол замандағы қауымның ұғымынша, ең ардақты болып жүрген хан қызына батырды таңдатуы — жалпы елдің батыр туысын ерекше артық туыс, артық қасиеті деп бағалағанын білдіреді. Соны білдірумен бірге Тарғын басына әдейі Ақжүністей намыскер, жігерлі әйелді қосады. Тарғынға жалғыз өзі болғанда қандай қасиет, қандай мінез жетпейді? Жетпейтін — жігер, намысы. Ең әуелі туған топырағынан кетуі намысының кемдігін білдіреді.

Қисынсыздан белі сыну да жігер-намысының кемдігі сияқты.

Тарғынның белі жазылған соң, Қанзада ханға көрінбей еліме кетем деген байлауы тағы да намыстың әлсіздігін білдіреді. Осындай қалдерінің барлығында намыскерлікпен күйгендей болып, Ақжүніс сөйлегенде Тарғынның беті соның ыңғайына қарай бұрылып, түзеліп отырады. Тарғын батырлық қасиетін бағалы қылғанда, сол дәрежеге Ақжүніс арқылы жетеді.

Бұл сипатын сынасақ Ақжүніс — Тарғындай батырдың пірі пішінді, жігер-намысы. Қызулы намысымен ширап

отырған өршіл әйел. Ерінің абиыр-атағын сақтауды, соның күзетшісі болуды міндет деп біледі.

Ескіліктегі Құртқа, Ақжүністерге қарасақ, ел әдебиеті әйелге үлкен орын бергені айқын көрініп тұр. Бұл қазақ әдебиетінің өзге ел әдебиетінен бөлек біткен бір ерекшелігі дегеніміздің себебі осы. Орыс әдебиеті сияқты, үлкен елдің ескі әдебиетін алсақ, бұларда көп заманға шейін әйел аты аталмай, орысқа XVII ғасырға шейін әдебиет шеңберінде әйел кірмеген. Ескілікті былай қойып, жазба өнері туған соң, әдебиеттің салтанатты (классицизм) дәуірінде әйел аты аталса, махаббат үшін ғана аталады. Бірақ әйел жар есебінде, дос пішінінде көрінген емес. Еркектің досы болатын әйелді орыс әдебиетіне ең алғашқы кіргізген ақын — Карамзин²⁶ ғана болады.

“Ер Сайынның” қысқаша әңгімесі

Сайын ноғайлының ортасында Бозмұнай деген байдан туған. Бозмұнай көп малдың иесі — бай болса да, бала жоқтығынан қайғы шегіп, қатынымен бірге зарығып жүргенде жылқысын бағып жүрген тоқсан құл астыртын кеңес жасап, бірігіп алып, қол-аяғын байлап, сабайды. Бұл қайғыны көрген соң Бозмұнай құсалы болып жатқанда түсінде ақ сәлделі адам келеді. Бір өзі мыңға татитын асыл балаң болады, — дейді. Жалғыз-ақ Баба түкті Шашты Әзіз деген әулиенің қабірін тауып, соның басына барып, құдайдан тілек тіле, — дейді. Бозмұнай қатынын ертіп алып, әулиелердің бәрінің басына барып түнеп, тентіреп жүріп, аяғында Шашты Әзіздің қабірін табады. Соның басына түнеген күні бала бітеді. Баласы Ер Сайын болады.

Бұның атын қоюға ел жиылып кім болатынын таба алмай отырғанда, ғайыптан бір адам келіп: “Аты Сайын болмас па” деп ат қояды. Сайын ата пірінің қолдауымен туады. Өмірінде сол пірді ұмытпасын, қысылған жерде сыйынып, есіне алып жүрсін дейді. Сайын ер жетеді. Құлдарынан әкесінің кегін алады.

Елінде Көбікті деген байдың Аюбике деген сұлуын алмақшы болады. Бозмұнай қызын сұрап барғанда, Көбікті бермей жібереді. Соған батыр мен әкесі ашуланып, шап-

пақшы болғанда, Көбіктің еліндегі ханы келіп, қызыңды бер дейді. Көбікті береді. Сайынға қызды алған соң, ата пірі түсінде келіп аян береді. “Екі ұлын болады. Пірінді есіңе алып жүр”, — дейді.

Батырдың ерлігі елге жайылып, атағы шыққан соң, алыстан Қобыланды естіп, қалмаққа аттануға жанына серік қылып алып кетпекші болады.

Сайын көнеді. Бірақ әке-шешесі үш жылға рұқсат сұрап, Қобыландыны тоқтатады. Уәделі үш жыл жеткен соң, Сайын мен Қобыланды көп қолмен қалмаққа аттанады. Арада он екі күн жүріп қалмақтың шетіне жақындап келіп, дамыл алып жатқанда, Жағалбайлы деген жауырыншылары жауырынға қарап: “Алдымызда жау тосқыны бар. Бұл бетте жолымыз болмайды, қолдың обалына қаламыз, қайтамыз”, — дейді. Қобыланды кәрі жауырыншының айтқанын қабылдап, қайтпақшы болады. Бұған Сайын қарсы болып:

Хабар алып сайтаннан,	Қалмақпенен атыспай,
Бұл жолымнан қайта алман!	Қара қанға батыспай,
Алғанымның қойнында	Ақылыңды ала алман,
Күлкі болып жата алман!	Елге қашып бара алман, —
Аюдайын алыспай,	

дейді. Өзге қолдың бәрі қайтып кетеді. Қасына қырық жігітті ертіп алып (Сайын) жол тартады. Жаудың қаласына келгенде қырық жігіт ере алмай қорқып қалады. Сайын жалғыз кіріп, көп қалмақпен соғысады. Күні бойы қырып, жолы болуға айналады, бірақ кешке жақын болғанда Сайын ата пірін ұмытып, сиынбағандықтан батырдан әл кете бастайды. Көп жерінен оқ тиіп, жаралы болады. Ақырында жауды жеңе алмай, өзі жеңіліп, меңдеуге айналған соң, майданнан қашады. Артынан кұған қалмақ жете алмай қалады.

Сайын артта қалған қырық жігіт жолдасына келеді. Өне бойының жарасы көп болған соң қансырап, ел шетін көре алмай, зарлап өкініп жатып өледі.

Сайынның басына түскен қайғысын, үйіндегі қатыны түсінде көріп, енесіне:

Мен бір бүгін түс көрдім,
Келіспеген іс көрдім.
Жауырыным толған қара шаш
Жайылыңқы көрінді.
Бедерленген бес тырнақ,
Білектен шыққан қос бармақ.
Қызыл қанға, енеке,
Малыныңқы көрінді.
Шешем берген бокшасы
Шашылыңқы көрінді.
Қолындағы ақ сүңгі
Балдағы алтын ой болат
Ортасынан, енеке-ай,
Үзілңкі көрінді, —

дейді.

Сайын өлген соң, қырық жігіт еліне келіп, батырдың қазасын әке-шешесіне естіртеді.

“Ер Сайын” әңгімесінің мәнісі

Қазақтың ұлы батырларының бірі — Ер Сайын. Ер Сайынды тарихтағы белгілі мезгілімен жамастырып, тарих шеңберіне кіргізіп, қарастыруға әзірше қолға түскен әңгімелердің беретін тарихи мағлұматы жоққа тәндік. Әңгімеде Ер Сайынның болған мезгілін мөлшермен ғана білуге болады. Ер Сайын Қобыландының өкшесін басып шыққан батыр.

Қобыланды шал батыр, қартаң тартқан батыр болған кезінде Ер Сайын шығады. Ер Сайын ноғайлы елінің батыры. Бірақ ол кезде ноғайлы мен қыпшақ сияқты түрік таптарының бірінен-бірі жігі ашылмай, қоныс та, жүріс те, араластық жақындығы да болған уақыт. Бергі заманда Еуропа шегіне кеткен ноғайлы жұрты ерте уақытта, қазіргі қазақ даласының бүгінгі Кіші жүз отырған ауданында болғаны рас. Ноғайлы да қазақ руларындай көшпелі елдің бірі болған.

Әңгімеде Ер Сайынның аттанып шыққан жері Ойыл мен Қиыл дейді. Ол бұл күндегі Орал* облысының бір ауданы.

* Қазіргі Ақтөбе облысына қарайды.

Сол мезгілдегі қыпшақ жүрген ауданда сол ноғайлы жеріне көршілес жер болған. Бұл әңгіме Орта Азия елінің тарихында қыпшақ пен ноғайлы сияқты елдердің бірігіп, іс қылып жүрген кездерін көрсетеді. Маңайында қалмақ сияқты күшті жау болғанда жеке рулардың арасында жасалған саяси бірлікті сездіреді. Бұл жағынан қарағанда Ер Сайын да ескі түрік жұрттарының әңгімесі. Ежелден іргелі болып, тарихтан орын алған қыпшақ руы ноғайлы жұртына аға есебінде болған. Қобыландының Сайынға ағалығы — ноғайлыға қыпшақ аға болғанның белгісі.

Әңгімеде ел қиялы бұрыннан бекіліп, қалыптанған әдебиет салтынан адаспайды. Сайын да өзге ұлы батырлар сияқты ерекше туыспен туады. Бозмұнайдай шал жалғыздық, баласыздығынан қолындағы құлдарынан қорлық көріп, әулиеге ат айтып, қорасанға қой айтып, жылаған көз жасы, зарыққан көңілмен ертелі-кеш тілеп, Сайын сияқты балалы болады.

Сайынның туысына ата пірі араласады. Бұл пір бұрынғы батырлардың туысын қолдаған әулиелердей емес, олардан гөрі батырға жақын келген пір оның жалғыз ғана туысына араласып қоймайды. Атын да қояды. Ер Сайын туып, ер жеткен уақытта, өзінің де түсіне кіріп, одан туатын бала жайынан аян береді. Балалардың атын да айтады, олардың келешекте кім болатынын да айтады.

Алғашқы Бозмұнайдың түсіне кірген де Сайынның қолдаушысы, ата пірі. Сондықтан ол пірін ұмытпасын, қысылғандарылған жерде есіне алып, көмекке шақырып жүрсін дейді.

Сайынның туысында пірдің араласы осы сияқты болса, ол туған соң атын табуға ел жиналады, ешкім таба алмайды. Сонда белгісіз қария келіп “Аты Сайын болмас па” дейді. Сайынның өз туысы да сәті келген туыс, аты табылу да сондайлық сәтпен табылғандығын білдіреді.

Сайын Қобыландыға кездеседі. Егескен ұлы жауы, қалмаққа бірге аттанады. Жолда жауырыншы, жау тосқынының барын айтады. Бұл сапардың жолсыз сапар болатынын, қауіпті болатынын сездіреді.

Қобыланды ескі жауырын болжаушының сөзіне нанып, ескі тәжірибесіне бағынып, қайтпақшы болады. Сайын

тоқтамайды, кетеді. Бұл сапар Сайынға бақытсыз сапар болып, сол жолда өледі.

Сайынның бұл әңгімесі өзге батырлар әңгімесіне ұқсамайды. Өзгеден гөрі жат келеді. Ел қиялы Сайынды батыр десе де, туысын өзгемен тең қылып, ерекшелік билеп, сәт билеп туғанын айтса да, Сайынды әлдеқандай мінезі үшін жазалағандай болады.

Теріс мінезді батыр болғандықтан, оның өрісін ұзақ қылмайды. Олай болса, ел қиялы құр батыр атына құлай бермейді. Батырлыққа, ерлік пен мықтылықтан басқа мінезділік, негізділік сияқты шарттар қояды. Батыр құр ғана қол батыры емес, ақылға шалымды, мінезге тартымды, тоқтаулы болсын дейді. Ақылға шолақ, мінезсіз болса, оның өрісі ұзақ болмайды. Сайынның әңгімесінде ел қиялы сондай шолақ батырды жазалағандай болады. Батырға қоятын үлкен шарттар бар екенін білдіреді. Сайынның алғашқы жорықта өлсе де, өлмесе де жолы болмай, қайғыға ұшырайтын себебі не?

Оның себебі, алдымен, Сайын өзінің туысын билеп, дүниеге келуіне себеп болған қолдаушысы ата пірін ұмытады. Батыр бұл үшін бір жазалы болу керек.

Екінші, ескіден келе жатқан батырдың тәжірибесі бар, дағдысы бар, қолданатын салты бар. Ол жауырыншы сияқты тұспал айтатын серіктеріне сүйену... Соның айтқанына тоқтап, оның ауыспайтын тәжірибесіне сену. Ғайыптан болжап айтқан сөзге батырлық қылып, қарсыласпайтын әдет бар.

Бұрынғы бар батыр соған бағынған, кәрі батыр Қобыланды да соның сөзіне тоқтайды. Одан асып, құлшынып, екіленбейді. Сайын, сол бұрынғы-соңғы батырдың бәрі тоқтаған жерге тоқтамайды. Жауырыншының сөзін жынның сөзі, сайтаннан келген хабар дейді. Алқынып, алып ұшады. Бұл Сайынның жазалы болатын мінезінің бірі. Үшінші, Сайын Қобыланды сияқты ағаға қарсы шығады. Өзінің қайраты сыналмай тұрып, жол бейнетін көріп, білмей батырлық дәмін татпай жатып, алдындағы ағадан асқысы келеді. Оның ақылы, тәжірибесімен есептескісі келмейді. Жалпы түрік жұртының салтында ру жігі күшті болған уақыттардың барлығында кішінің үлкенді сыйлауы, үлкеннің алдындағы

әдептілік, тоқтаулық, ұлыға жол беру, соған бағыну сияқты әдет, дін парызындай мықты байланған жол болатын.

Оның үстіне Қобыланды сияқты ұлы батыр Сайын сияқты жастың қадірлейтін, сыйлайтын батыры болуы керек. Бата алатын алдындағы үлкен сияқты болу керек. Сайын бұнымен де есептеспейді. Сондықтан Сайын осы айтылғандай барлық алыптық, барлық терістік жеңілтектігі үшін жаза тартуына керек. Сайынның өмірі мен ісінде ескінің батырға қоятын шарты не екені осы мысалдардан анық көрінеді. Көптің сүйген мінезі, көп сүйген әдеттен теріс жайылған жан батыр болса да, ерекше туыспен туса да, терістігі үшін жазықты болып, жаза да тартатынын білдіреді.

Сайынды әңгіме қылып шығаруда, ел қиялының бұрынғы салттан бөлек, айрықша бір сұлу салт шығарғаны көрінеді. Ел қиялының толғаулы ырғақтылығын, ой байлығын білдіргендей болады.

Алғашқы сапарда Сайынның өлуі, өлмесе өлімші болып жолсыз сапарға кездесуі Сайын әңгімесін бітіреді.

Соңғы қоспа, Сайынның аяғы деп айтылған. Әңгіме алғашқыны азсынып, әңгіменің сыртқы қызығына қана алмай қалған қиялдың қосқаны. Онда да әңгіме Сайынды жарылқап жібермейді. Сайынға алғашқы берілген баға, алғашқы істелген жаза, бұрынғы қалпынан төмендеп, жоғалмайды.

Сайынның қатыны, Бозмұнай мен енесі сияқты, күйеуі туралы арманда қалған әйел. Күйеуі барында ерекше мінез, ерекше достылық белгісін көрсете алмай қалады. Бірақ күйеуі өлген соң пәлен жылдай соның артын тосып, жалғыз соның қайғысымен бар өмір тілегін талақ қылып отыруы — бұрынғы әйелдерден көрінген адал достыққа, тағы бір сұлу қосымша болып жалғасады.

Бұл әйел ерімен тілеуі біріккеннің артынан, тағдырда қосақталды деп ұғынады. Ерге тиген соң тіршіліктің қызық — рахаты жалғыз сонымен ғана бірге болуға керек, сонымен ғана үміт, тілек болуға болады. Ол жоқ болса — бірге жоқ болып өледі. Өлмесе тіршілік қызығынан кетіп, дүниені талақ қылады. Жалғыз ғана қайғысымен күйеуінің басына қойған ескерткіш тастай болып, қатып отырып қалады.

“Нәрікұлы Шора батырдың” қысқаша әңгімесі

Шораның әкесі Нәрік деген батыр болады. Бұның руы Тама, қаласы Қазан. Өз қаласын тастап, Ақшаханның еліне келіп тұрған адам болады. Ақшахан Нәрікті басты адам қылып өз қасына ұстайды. Ханның аңшысы болады. Жүйрік тазы асырайды. Бір күні хан сапарда жүргенде тазы ит жоғалады. Соны іздеп жүріп Нәрік тау ішіндегі үңгірден алтын қазынасын көреді. Көргенін ешкімге айтпайды. Бірақ сол көргеннен құса ауруға ұшырайды. Емдеуге жиылған дәрігердің біреуі алтын қазынасын көргенін табады. Нәрік шынын айтады. Хан қазынаны алып, қуанышты болады. Нәрікті бір елге би сайлайды.

Бірақ ханның қасындағы басты адамдары күндестік қылады. Нәрік елін сағынып, кеткісі келеді. Хан қасындағы жиынға кетпек болып жүрген мақсатын айтады. Меңдісұлу деген қыз бұның дертіне ем айтады. Сол айтылған ем бойынша, Нәрік Меңдісұлуды қатындыққа алып, тұрып қалады.

Екеуінен Шора деген ұл туады. Шора ер жетеді. Ойнап жүрген балалардан “қаңғырған Нәріктің баласы” деген сөзді есітеді. Содан кейін шешесіне келіп, туған жерін естіп біледі.

Бұл уақытта Қазан қаласын орыс алған болады. Шора сол қаланы құтқарғалы аттанбақшы болады. Шешесі мен қарындасы жібергісі келмейді. Шора, айтқандарына болмай, аттанып кетеді. Қасына Құлыншақ деген жолдасы ереді. Келе жатқанда, жолындағы ноғайлы елінде: Арун Мақтұм деген батыр болады, сол қайда барасың деп жөн сұрағанда, Шораның айтқаны:

Нәрік ұлы Шорамын,
Мен Қазанға барамын.
Мен Қазанға барғанша,
Қар жаумасын, нұр жаусын.
Мен Қазанға барған соң,
Қар жаумактан қан жаусын, —

дейді.

Осыдан кейін Шора жолдасымен жүріп отырып, Қазанға келеді. Қазанды орыс алғаны рас екен. Қаланың ішіндегі

халықтан алым алып жүрген орыстың ұлықтарын көреді. Солардың бірнешесін, қарсы келіп, өлтіреді.

Содан кейін орыс әскері шеру тартып, жиналып, Шораны ұстап алмақ болады. Сонда Шораның айтқан сөзі:

“Станбол, Қазан екеуі²⁷
Тірек еді еліме.
Мұсылманның жұртының
Сүйеніші еді еліне.
Бұрынғылар надан-ау,
Қазанды қалай салдырған,
Қалай орыс төріне?
.....
Бұл Қазанды құтқарсам
Кәуірлердің қолынан,
“Іс бітірдім” дер едім, —

дейді.

Бұл уақытта орыс қолы жиналып келіп соғысуға айналды. Шора мен Құлыншақ қарсы шығып, соғысады. Орысты жеңіп, қаланы кәпірлерден тазартады. Содан кейін, еркін өзіне әперіп, еліне, әке-шешесіне қайтады.

“Шора батыр” әңгімесінің мәнісі

Қазақ әңгімелерінде аттары аталатын ұлы батырлардың арты — Шора.

Алтын орда бірлігінің мезгілінен кейін шықса да, Шора сол бірлік түрік руларында ұмытылмаған, ниет бірлігі, тілеу бірлігі жоғалмаған кезінде шыққан батыр. Алтын орда бірлігі жоғалып, кешегі бірлігімен әлді болған елдер соңғы заманда тоз-тоз болып әлсіреп, маңайындағы бастас елдерден таяқ жеуге айналғанда, ескі күнді көксеп, жоқтап жырлауы, қиялының соған қарай тартуы табиғи жұмыс. Қазанға Қобыландыны аттандырудың себебі де сол дегенбіз.

Қазір біз қарастырып отырған Шора батыр әңгімесі де сол Қобыланды әңгімесін туғызған Қазан уақиғасынан туады. Бұл тарихта анық болған уақиғаның ізі сияқты болып, ескіліктен қалған, ескі әңгіменің бірі болады.

Шора — Қазан хандығының ішіне кірген тамалардың батыры. Руы — Тама. Бұл тарихта орын алған адам.

Орыс тарихшыларының ішінде Карамзин тарихында Қазан хандығының белгілі адамы болып Шораның да аты аталады. Қазан хандығы құлаған соң, Шораның нәсілі Османлы түрігіне ауып кеткен²⁸.

Оның нәсілдері осы күнге шейін, түрік ішінде бар. Өздерін Шораның тұқымымыз дейді.

Шора батырдың батырлық әңгімесін туғызған, Қазан хандығының құлағанына қайғырған, қамыққан ел қиялы дейміз.

Алтын орда бірлігі құлаған соң, бұрынғы көп батырдың көп жорығын туғызып, түрлеп отырған ел қиялы бәсеңдеп, жаси бастаған. Батырлар әңгімесі ертегіге айналып, ескі сұлу күйінен, жанды күйінен айырылған, енді ескі күн, өткен дәуреннің алысқа елестеп кеткен қызық шағындай, ел рухынан алыстаған кезі болатын. Сол уақытта Қазан құлайды.

Қазан құлауы өзге түрік жұртын бір жалаудың астына біріктіре алмаса да, тілеу бірлігі бар екенін білдіріп, қиялымен жүрекке қозғау салады.

Кей жерлерде батырлардың аттануы да болады. Алыстағы қыпшақтан Қобыланды аттанса, Қырымдағы ноғайлы ішінен Шора аттанады.

Бұл батырлар әңгімесі Қазан уақиғасымен бірге туғаны, Қазан хандығы құлағаны, түрік жұртының ұлы батырлар әңгімесінде ақырғы бір қозғалыстай болады.

Батыр қаны, батырлық рухының ел көңілінде ақырғы рет қызып, басылған кезін білдіреді.

Бұрын батырлар әңгімесі жалпы түрік бірлігінің кезінде, соның айналасында туса, енді ақырғы рет біріккен бетті, бірлескен ниетті білдіретін әңгімелер Қазан хандығының айналасында туады.

Бұл сияқты біріккен беттің ақырғы батыры — Шора.

Қазақ ішінде қазіргі жиналған ескі сөзде Шораның екі әңгімесі бар. Бұның бірі — ескілікті өлеңмен жазылған. Екіншісі ертегіден, ауызша әңгімеден жиналған, ертегі сияқты қара сөзбен айтылған әңгіменің тез өзгеріп, қандайлық күйлерге ұшырайтынын біз бұрын айтқамыз. Сондағы айтылған мөлшер сөздің шындығын Шора батырдың қазіргі

колымыздағы екі әңгімесін салыстырудан білуге болады. Өлеңдегі Шора — шынға жақын әңгіме.

Өлең сөз заман өткен сайын көп ақын ауыздарында өзгеріске ұшыраса да, оның өзгерісі онша мол болмайды. Себебі өлең күйінде айтушы, алдымен көп болмайды. Онан соң олардың бір-бірінен ұғып алып айтуы бар, қосатын қоспасы өлгенше көп емес. Қара сөз талай заманнан, талай айтушының аузынан өтеді. Сол сансыз көп айтушы көп түрлер қосып, өз заманына жақындатып, өзі айтып жүрген ертегілеріне ұқсатып әкетеді.

Сондықтан өлеңдегі Шора Нәрік сияқты жас батырдан жабайы адамша зарықпай-ақ, тілемей-ақ алған бала болса, ертегіше әңгімеде бұрынғы батырларша жаралып, соларша туады.

Нәрікбай зарығып жүріп, жалғыздығынан қорлық-зорлық көрген заманда күндіз-түні тілеп, тентіреп, қаңғырып жүргенде түсінде аруақ аян беріп, Баба түкті Шашты Өзіздің қабірін нұсқап, соның басына барып, тілеу тілесен бала бітеді дейді. Айтқандай көп қинау, көп азаптың артынан әулиенің басына барған сапарда бала бітеді. Бұл арада, Баба түкті Шашты Өзіздің жайынан бір аз сөз айту керек.

Шашты Өзіз түрік жұртынан шыққан ұлы батыр — Едігеннің әкесі. Сонан кейінгі Қобыланды, Ер Сайынның ата пірі, қолдаушысы, Шораның дүниеге келуіне себепші болған, зарыққанның тілегін қолдаған. Батырды туғызған атасы. Бұған қарағанда Шашты Өзіз бұрынғы барлық ескі батырлар әңгімесінде ұмытылмайтын бір ие. Барлық батырлардың сүйеу қылатын бабасы. Көрінбейтін қорғаны. Жалпы түрік жұртының тілеуіне қарай, қысылған шақта ерекше ұл тудырып береді. Қиналғанын демейді. Шашты Өзіз тілек пен құдірет тағдырға сенген мұсылманшылықтың белгісі. Мұсылман ғаламындағы барлық әулие мен пайғамбар пірдің бір жиналған керемет қуаты. Бұл мұсылманшылықтағы әулиелік белгісі, сондықтан ертегі Шораның тағдырына да Баба түкті Шашты Өзізді алып келіп отыр.

Бұдан соңғы ертегі мен өлең арасындағы айырмасы Қазандағы жаудың атында. Қазандағы жауды өлең орыс деп, анық қылып айтады. Шораның сөздерін “аузы түкті

кәпір” дегенде күн батыстан келген жау анық білінеді. Ертегі, бұрынғы Қобыланды әңгімесінде жазылғандай, бұнда да Қазандағы жау қалмақ екен. Оның ханы Қараман екен дейді.

Бұл Қараман аты Қобыланды әңгімесіндегі Қараманмен шатасқан ат болуға да мүмкін. Бұдан басқа жерлерін салыстырсақ, екі әңгімеде Шораның туғанын, әке, шешесі кім болғанын, оның ер жеткенін, содан Қазан қаласына аттанғанын әңгіме қылады.

Бірақ екі әңгімеде бұл халдер, айырықша екі сөз болып кетеді. Нәрік пен Нәрікбай бір-біріне өмірде де, мінезде де тым ұқсайды. Бұл екеуінің өміріндегі ұқсасы өз елінің Қазаннан ауып кетуі. Бұл әңгіме шын уақиғадан шығуға мүмкін. Бірақ бұл Қазанның алынуынан бұрын емес, Қазан алынған соң Шораның өзі ауған әңгімесінің айналасынан тууға ықтимал бар. Екі әңгіменің ішіндегі ірі уақиғалардың бәрінде негізі болған сияқты ұқсастық болса да, әңгіме қылуында, түрлеуінде бір-бірінен жат қылып, арасын алыстатып әкеткен айырмыстар бар. Бірақ, екі әңгіме алғашқыда, ескіден болған бір шын уақиғаның сүрлеуінен туғандықтан, екеуі де бір әңгіменің әр түрлі қайталамасы болып отыр. Бұл хал алғашқы тарихта болған әңгімелердің қаншалық танымастық болып өзгеріп кететіндігін көрсетеді. Екі әңгіменің сыртқы пішіні екі бөлек әңгіме болып шығып отыр. Бұның біреуінде (ертегісінде) Шора туысымен де, жүрісімен де барлық әңгіменің ұзын бойында, бұрынғы ұлы батырлар әңгімесіне ұқсайтын, солардың бір қайталамасы сияқтанады.

Өлеңдегі Шора әңгімесі шынға жақын сияқты. Бұнда жаңалық иісі бар. Бұрынғы батырлар әңгімесінен өзгелік бар сияқты. Шораның туысы мен жүрісі, жақын заман адамының туысы мен жүрісіне ұқсайды.

Бірақ қалайда болса Шора, әуелгіде айтқандай, ұлы батырлардың ретіне қосылады, мұны ұлы батыр қылатын — мезгілі, онан соң мұның Қырымнан Қазанды құтқаруы шын болып, барған жүрісі. Ерте заманнан қалған ұлы батырлар әңгімесінің арты осы, Шора батырдың әңгімесі болады.

Кіші батырлар

Бұл күнге шейін біз қарастырған 4-5 батырдың әңгімесі, қазақ ескілігінде сақталып, ескі күннен сарқылып қалған ұлы батырлар әңгімелері. Сол әңгімелермен қазақ ішінде қалған ұлы батырлардың әңгімесі бітеді.

Ол — батырларды ұлы батыр ретіне қосатын, әуелі, тарихи мезгіл дегеніміз. Екінші, олардың өзге жабайы адамнан гөрі жатырақ болып ерекше туатын туысы. Онан соң, оларды ұлы батыр ретіне қосатын елге істеген еңбектері. Бұл айтылған белгілерден басқа, ол замандағы батырлардың әңгімесі жалғыз батыр басының әңгімесі емес, жалғыз ғана бір батырдың айналасына жиылған ел өмірі, тұтасқан ру өмірі көрінетін. Әрбір батыр әңгімесі әрбір рудың күшті болған кезі мен басынан әр түрлі қылып кешірген тарихи уақиғаларын білдіретін. Сондықтан ондағы әңгімелер де бір адамның өмірімен тұтас елдің өмірін көрсеткен, тұтас елдің тілеуі мен үмітін көрсеткендей, кең аудандылық болатын. Бір елдің барлық ішкі өмірі, сезім-қиялы бір. Батырдың айналасына мол ауданды болып кіргендіктен, сол батыр басына жиналған зор тілеу, зор үміт білініп тұрғандай болатын. Сондықтан ол батырлар әңгімесінде ерекше жандылық бар. Батыр басы — бағалы, батыр аты — ардақты болған кез білінеді.

Батырға бас мұқтажы, бас кемдігі жоқ. Ол қайда барса абиырлы, бақытты. Олар бірдемеге кездесе, асып төгіліп, бағы көтере алмай, мөлшерінен асып барып кездесетін.

Сондықтан ұлы батырлар әңгімесі — батырлар тарихында бір бөлек орын алатын әңгімелер. Бұлар тарих жолында екі жікке бөлінген, екі үлкен дәуірдің алғашқы буынындағы батырлар, олардан соң кіші батырлар келеді.

Кіші батырлар — бұрынғы түрік батырларының ізі жоғалып, әрбір ру отырған жер ыңғайына қарап, бөлек-бөлек елдің жасап кеткен кезінде шыққан батырлар. Бұлардың көпшілігі бергі жерде жасалған жаңа елдің, жаңа бірліктердің батыры. Бірақ ол бірліктер ірі елдер емес, тарих жолында үлкен орын алып, кең майданда көрінген ел емес. Көпшілігі тозып, азғындап кеткен, бұрынғыдан ұсақтап қалған ел болады.

Тарих уақиғалары, бұлардың өмірінде бұрынғы жауынгерлік шағына ұқсатпақ болса да, ол бірлікте ірі уақиғаларды туғыза алған жоқ, Алтын орда кезіндей атағы жайылып, айдыны асқан елдер бұлардың ортасынан шыға алмаған және әрбір жаңа жасалған елдің арасы бір-бірінен алыстаған, жат болып кеткен. Сондықтан Алтын орданың бұрынғы өз бірлігі бір кез болса, одан кейін Алтын орда бөлінген күнде де, көңілде, ниетте жүретін бірлік бар еді.

Ұлы батырлардың кейбірінің әңгімесі сондай ескі бірлікті ұмытпай, қиял мен тілек шығарған да жерлері бар еді. Қазіргі кіші батырлар заманында бұрынғы ұсақ рулар ескі бірлікті біржолата ұмытқандай кез болған. Біріне бірі жат болған. Сондықтан бұл кездің батыры да бұрынғы пішінінен айырылғандай болады. Батырлық бұрынғы дәрежеден төмен түскендей, батыр бұрынғыша түгел ел емес, не бір таптың, не бір кәсіптің батыры сияқты.

Осы бетімен батыр аты сиреп, батыр пішіні ел қиялында жүдей береді. Бұл замандардың батыры бұрынғыша елдің тұтас елдігін білдіретін, не болмаса елдің ескі өмірі, үміт, қиял, тілегін түгел білдіретін батыр емес. Кірген сезім, қиял жартылап, әлсіреп келіп кірген сияқтанады. Не болмаса бұрынғы батырлар әңгімелерінің қайталамасы сияқтанып кетеді. Уақыт өткен сайын кіші батырлардың пішіні алыстағы ерекше жан сияқтанбай, өмірге жақындап келе жатқан сияқтанады. Өзіміз көріп жүрген адамдарға жақындап келіп, ұқсап қалған сияқты болады. Бірақ батырлар әңгімесінің бұл пішінін айыру үшін әуелі кіші батырлардың барлығын жеке-жеке қарастырып шығу қажет. Солардың ізіне түскендей, өмірі мен ісіне еріп отырған кісі ғана әлгі сияқты ерекшелікті айыруға болады. Болмаса сырт көрінісінде кіші батырлар әңгімесінің, өзге ұлы батырлардан айырмасы аз сияқтанып көрінуге де болады. Өйткені бергі кездегі ел қиялы соңғы батырларын шығарарда олардың өмірін жыр қыларда ескілікке қатты еліктеп келген жерлері бар. Сондықтан сырт пішіні ұқсастығына бір жағынан еліктеу себеп болса, кейде шын сезімнің ұқсап кеткен кездері болады.

Осы сияқты алдын ала белгіленген жалпы бетпен кіші батырлар әңгімесінің өзіне көшеміз. Кіші батырлар ішінде алдымен қарастыратынымыз Қамбар батыр.

“Қамбар батырдың” қысқаша әңгімесі

Ерте күнде он екі баулы өзбекте²⁹ Азымбай деген бай болады. Бұл өз маңайындағы өзбек, ноғайлының барлығына даңқы шыққан салтанатты, абыройлы бай болған. Азымбайдың алты ұлы бар. Назым деген елден асқан сұлу қызы бар. Көп ел Назымға ынтық болады. Талай бай мен бағлан қызығып, алғысы келеді. Бірақ, байдың ерке қызы ешкімді тілемейді, ілтипат қылмайды, сөйтіп жүргенде қыз ержетеді, жар таңдайтын уақытқа толады. Сондықтан Азымбайдың атырабындағы елдің бәріне бір жерге жиылсын деп жарлық шашылады. Сол жиылған елдің ішінен кімді ұнатса, соған Назым тимекші болады. Барлық ел тайлы-таяғы қалмай айтқан күні уәделі жерге жиналады. Жас-кәрісі түгел болады. Жиылған жұрттың бәрі қыздың алдынан біртіндеп өтеді. Бірақ бірде-бірін қыз жақтырмайды.

Сол кезде Азымбайдың алпыс үйлі арун, тоқсан үйлі тобыр аз ғана руы бар екен, соның ішінде Атымбай деген кісінің қара қасқа атты Қамбар деген батыр баласы болады. Назым қыздың көңілі сонда екен. Елге жар шашып жиналсын деген қыз Қамбар батыр келетін шығар деп дәме қылып еді. Бірақ, өзгенің бәрі келгенде, Қамбар батыр келмеді. Сүйген жігіті келмеген соң, қыз ешкімді ұнатпай, назалы болып үйіне қайтты. Бұл кезде Қамбар күндіз-түні аңшылықпен күн өткізіп, аз ғана ағайынның аш-арығын асырап жүруші еді. Қамбар тыным-тыныштық алмай, иен тау, елсіз жерде аң аулап жүргенде бар мақсаты кедей ағайындарының қамын жеп, соларға болысу, жақсылық көрсету болатын.

Қыз Қамбарды кездестіргісі келіп ынтық болады. Батыр ескермей, елемей жүре береді. Бір күні Қамбар аңда жүргенде бір жолбарыс кез келеді. Жолбарыс батырға шабуға айналады. Батыр жолбарыспен құр қол алысып, мықтылығының арқасында жеңіп, өлтіріп алады. Сол жолбарыстың терісін өңгеріп алып, еліне қайтып келе жатады. Бұл уақытта Назым қыздың ауылы батыр келетін жолдың үстінде болады екен. Батыр күнде ауылдың сыртымен өтіп кетіп жүреді екен. Ауылдың сырт жағы көл болушы еді. Назым қыз Қамбарды кездестірудің жөнін таба алмай қойған соң, бір

күні ауылдың сыртына өрмек құрғызып, оның бір шетін көл жиегіне апарып қағып, бір шетін ауылының іргесіне әкеліп тіреп, Қамбар батырдың жолын бөгеп қояды.

Қамбар жолбарысты алып келе жатып Азымбайдың ауылының сыртындағы өрмекке тіреледі. Өрмек басында отырған Назым қызға кездеседі. Қыз батырды жақсы көреді, ниетін айтады. Батыр ашып жауап айтпайды. Бірақ өз мойнындағы борышын білдіреді. Бұл кедей елдің баласы. Ағайын-туғанның бәрі аш-жалаңаш, соларға еңбек қылып, мал тауып, тамағын асырау керек. Ойын-сауық қол еместігін айтады. Осындай жайды әңгімелесіп тұрғанда қыздың ағалары, қарындасымен жігіттің сөйлесіп тұрғанына намыс қылып, қызғанып, жиылып келіп, ұрыс шығарады. Батырмен жауласып қалады. Бірақ, артынан жиылған ағайындары Қамбардай батырдың басын кемсіткен лайық емес, Назым қызды соған беру керек дейді. Осымен жүргенде өзбектің маңында қалған қалмақ бар екен, соның Қараман деген ханы Назым қыздың жайын естіп, қалың қолмен келіп елді қамап алып, қызын берсін деп Азымбайға елшілікке Кедей ұлы Келмембет деген адамын жібереді. Азымбайдың балалары бұл жұмысқа намыс қылып, Келмембеттің құлақ-мұрнын кесіп алады. Бірақ, бұны істесе де, қалмақтың қолынан ел қорқады. Жиылған көп жұрт ақылға салып, қалмақтың ханына қарсы шығуға Қамбар батырды шақырмақ болады. Елді жаудан құтқарып, Назым қызды ал деп тілек етеді. Қамбар көнеді. Қараманның қолына келеді. Қалмақтың ханы елшісін жаралағаны үшін Азымбайдың елін шаппақшы болып отыр екен.

Қамбар келіп сөйлескен соң, сөзге ерегесіп кетіп, сол арада жекпе-жек шығысады. Қамбар батыр Қараманды жеңіп, өлтіреді. Хан өлген соң, қалған қол Қамбарға қарсы шығып, соғыс жасайды. Қамбар бірнеше күн соғысып, барлық жауды қырып шығады. Өз елінен түгелімен алғыс алады. Оның үстіне Назым қызды неше күн ойын, неше күн тойын жасап, көп жасау қазынамен ырғап-жырғап, алып қайтады. Сөйтіп, алпыс үйлі арунның кедей-кепшігіне қайырым қылады.

“Қамбар батыр” әңгімесінің мәнісі

Біз ұлы батыр, кіші батыр мезгілдерін айтқан уақытта, кіші батырдың бір үлкен белгісі бұлар ұлы батырларша өзінің өмірі, жүрісі, мақсатымен бүтін бір рудың өмірін білдірмейді. Бұрынғы батырлар — бір рудың тіршілігін, бір рудың тұтасқан күшін білдіретін батырлар. Олар тұтасқан елдіктің үлгісін көрсетеді деп едік. Кіші батырларда тұтасқан күшті, ауданды, елдікті білдіретін белгі аз. Бұлар не бір таптың, не бір кәсіптің батыры болып шығады. Бір елдің бүтін елдігін білдірудің орнына жартылаған елдік, жартылаған пішінді ғана көрсетеді. Ел ішінде бір тап, бір адамның, бір ортаның ғана батыры болады дегенбіз. Қамбар сол үлгінің батыры.

Қамбардың әңгімесінде жұрт аузы — кейде оны өзбек, кейде ноғайлы дейді. Бұл сөздерді әйтеуір қазақ емес екендігін білдіретін сөз деп алсақ, бұл батыр да ертерек мезгілдің адамы болады. Тарихи кезіне қарағанда, Қамбар ұлы батыр мен кіші батырдың ара жігіндегі жеке орында тұрған батырға ұқсайды.

Әңгімеде өзбек, ноғайлы бір тілекте, бір бетте болып, бұлардың жауы қалмақ болып шығады. Бұл ескі бірлік кездерін білдіргендей болып табылады.

Жалғыз осы белгісіне қарасақ, Қамбарды да бұрынғыша ұлы батырлардың ретіне қосуға болар еді. Бірақ Қамбарды біз олардың қатарына қоспаймыз. Себебі, Қамбар басында ноғайлы деп айтылса да, артынан әңгіменің ішінде ноғайлы өзбекпен тең, тұтас ел сияктанбай, бай, жуан рудың жанында қоңсы болып, кішірейіп жүрген руды еске түсіргендей болады. Бұл ретте Азымбай бергі заманда қазақ ішінде жуан жерден шыққан бай сияқты да, Қамбар соның айналасында өз бетімен, өз басындық қана болып, күнелтіп жүрген кедей сияқты. Шынында, өзбек, ноғайлы жақын дос ел болғанын білсек те, олардың айырылысарда ықыласпен айырылысқан тату қарындас болғанын ел әңгімесінен білсек те, дәл мына Қамбар әңгімесіндей ноғайлының өзбекке қоңсы болып, оның Қамбар сияқты батыры өзбектің Азымбайдай байына қораш сияқты болған кездерін біз білмейміз. Сондықтан, менің ойымша, бұл әңгімедегі адамдардың бірін ноғайлы,

бірін өзбек қылу, бұрынғы ескі әңгімелерден көшкен сыртқы бояу ғана секілденеді. Бұрынғы батырлар әңгімесінде батыр атымен бірге көп айтылып кететін ел аттары болған. “Он сан оймауыт, тоғыз сан торғауыт”, “он екі баулы өзбек”, “қырық сан қырым” деген аттар сондайдың мысалы сияқтанады.

Мына Қамбар әңгімесінде, ноғайлы мен өзбек, бергі кездердегі айтушының қызулы жыр үстінде, жолшыбай іліп әкеткен сөзі болуға лайықты көрінеді. Сол ретпен ноғайлыны бұл әңгімеден шығарсақ, Қамбар өзбек ішінің батыры болуы керек. Бірақ соңғы XV ғасырдың орта кезіне шейін біз тарихта бүгінгі қазақ, өзбек деген елдің бір ғана өзбек бірлігі деген атпен келгенін көреміз. Сондықтан, бүгінгі Қамбар әңгімесі, қазақ аузында бұрынғы Алтын орда бірлігінің кезінен алып шыққан жұлде, сыбағаларындай, кейінгі өзбек бірлігінің кезінен қазақ елдігінің алып шыққан жаңа жолдасы болуға қисынады. Бұл халде Қамбарды кіші батыр десек те, мезгілі, не дәуірі ескі кезді еске түсіреді.

Енді Қамбардың ішкі әңгімесіне келейік. Бұл турада алдымен айтатын сөз Қамбардың батырлық алу аты туралы. Қамбардың басында біз бұрынғы батырлардан заңы, салты бөлек кәсіп иесі, еңбекшіл батырды көреміз. Бұрынғы батырлық мынамен салыстырғанда серілік, еркелікпен сайрандаған көзге түсер батырлық болса, мынау қоңыр, момын жүріс сияқты, көптің көзін де, көңілін де тартарлық қызыл-жасыл жарқылдағы жоқ, қоңырша салт сияқты. Бірақ бұдан да батырдың маңындағы ағайын ауқымға пайда тигізетін болыстығы, достығы мол болатын, ауданының тілеуіне біткен көпшіл мінез кеткен жоқ, жоғалған жоқ. Сондықтан Қамбар аңшы болса, кедей ағайын, әлсіз руының қамы үшін, соның жетпегенін жеткізіп, аш-арығын асырау үшін шыққан аңшы батыр болады. Аңшылық жолы Қамбардың серілікпен молдықты, атақты іздеген жол емес, өзінше игілікке, жақсылыққа берілген жол. Қауымның қызметкері, канат-құйрығы. Үміт қылатын жол. Қазақ батырларының әңгімелерінде аңшылықтың өзі де көп жайылған үлкен бір салт болады. Біздің батырлардың бір алуаны — аңшыдан шыққан батырлар. Бұның мысалдары, әсіресе ертегілерде көп. Кәсіп иесі аңшы

батыр. Мал бағушы, бақташы Қодар батыр сияқты, біздің батырлардың ол да бір бөлек типі болады.

Аңшы батырлар қазақта жалғыз бергі заманда шыққан емес, бұлар алыстағы ескі заманның қалдығы сияқты. Кейде долбарға қарағанда, біздің ертегілерде екі жердің бірінде кез келетін тасты, таулы, орманды жерде кездесетін, адам келбетінен келбеті бөлек жалмауыздар, осы аңшы батырлардың көтеріп, ұлғайтып көрсеткен суреті болуға да ықтимал болар. Елсіз, күнсіз жапан түзде, албыр-салбыр болып, аң терісін жырып-тесіп, киіп жүрген жалғыз аңшы жалғыз-жарым жолаушыға жасырын сырлы бір зат болып көрінуі ғажап емес. Сондықтан, жалмауыздың пішіні аңшыдан шықты деген долбар, тіпті лағып кеткен сөз болмасқа тиіс.

Қамбар сол тараудың үлгісі, сол алуанды батырлардың кіндігінен тарайды. Бұның, бірінші, ел алдында өзіне алған міндеті бар. Солардың аш-арығын асырауына керек. Екінші, Назым қыздың назына бұрылып ұйыса алмайтын мінезі де сол жайын — аңшы адам қауымын жатырқап кеткен тағылау мінезді білдіргендей болады.

Қамбар батыр әңгімесінің кейбір уақиғаларын ескі әңгіменің түріне ұқсатсақ, кейбір кездері бергі заманға көп жылжытып әкеп тастап отырады.

Жоғарыда айтқан аңшылық Қамбар әңгімесінің ескілікті, жаңалықты боларлық мезгілін көрсетпейді. Ол есте болу керек. Жаңа заманға Қамбар уақиғасын жақындататын бір уақиға әңгіменің нағыз түйіні, болған жері — қалмақ ханының Назым қызды тартып аламын деп келгені болады. Міне, бұл уақиға Қамбар әңгімесінің ең үлкен негізі. Қамбардың батырлығы да, елдің батырды қадірлейтін кезі де осы халдің үстінде білінеді. Біз осы уақиғаның өзін алып қарасақ, бұрынғы замандағы қалмақпен, я басқа жаумен соғысатын соғыс, ұрыс, қағыс ешбір уақытта бір қызды аламын деген әңгімеден тумайтын. Бұрынғы жаулықтар бәс таласқан, тең түскен, шабысқан, егес қылысқан ойранды уақиғалармен, тарихи толқындармен қанаттасып кететін. Мынадағы ұрыс, жанжал олардан көп ұсақтап, көп азып кеткен кезді білдіреді. Қазіргі тартыс бір-ақ қыздың бір ханның алмақ мақсатынан шығады. Бұл бұрынғы заманда

ел шабысып, егес боларлық іс емес, бұдан басқа да ірі істер жеткілікті болатын. Сондықтан бұл әңгіменің тізілуі берірек заманда болғандығын білдіреді.

“Алпамыс батырдың” қысқаша әңгімесі

Бұрынғы заманда Жиделібайсын деген елде³⁰ Байбөрі, Байсары деген екі бай болады. Екеуі де жасы ұлғайып жеткенше бала көрмеген, көкірегін қарыс айырған армандары бала болады. Бала тілеп әулиелердің басына барып түнейді. Көп жалынып, жалбарынады. Аяғында екеуінің де әйелдері екі қабат болады. Екі бай жан қиысқан дос болатын. Сондықтан әйелдері босанбай тұрып, бірінен ұл болса, бірінің қызын қоспақшы болып, уәделесіп ежеқабыл жасайды. Байбөрінің қатыны бір ұл, бір қыз табады. Байсарының қатыны жалғыз қыз табады. Жұрт жиылып той болғанда, балаларының атын қойғалы ғайып ирен қырық шілтен келеді. Бұлар басына сәлде салған қариялар болады. Ата пірі — солардың айтуы бойынша Байбөрінің ұлының атын Алпамыс, Байсарының қызының атын Күлбаршын қояды. Той үстіне үлкен ойын, сауық болады. Тамам ел көкпар тартысады. Көкпарға екі байдың өзі де түседі. Бірақ лақ тартысып жүргенде — екі бай ерегісіп, ашуланып, төбелесіп қалады. Байсарының руы аз, Байбөрі көп екен, бұлар көп болған соң, Байсары таяқ жейді, жалғыздығын айтып, жылап, намыс қылады. Байбөрінің қамшысы тиген соң, бұл елде тұрмаймын деп құдалық пен достықтың бәрін тастап, өкпелеп, ауып кетеді. Алты айшылық сапар жүріп, Тайша хан деген қалмақ ханының еліне келіп, соны мекен етеді. Арада бір талай дәурен өтеді. Күлбаршын жасына жетіп сұлу қыз болады. Қалмақтың ханының көзі түсе бастайды. Уәзірлерінен Күлбаршынның жайын естіген соң, Тайша ханның өзі де келіп Күлбаршынды көреді. Құмар болады. Бірақ Күлбаршынға Тайша ханнан басқа әскер басы Қаражан деген батыр тағы құмар болады. Екеуінің де алғысы келеді. Біріне-бірі разы болмайды, жол бермейді. Сонан соң қыздың өзі таңдасын деп, екі жағы бірігіп, Байсары мен Күлбаршынға елші салады.

Қыз екеуіне де тиюге разы емес, ол өзінің алыстағы жарын күтеді. Сондықтан қалмақтың ешқайсысын таңдамаймын, әйтеуір менде ықтияр жоқ болса, кімге сәті келсе соған тиермін, қырық күншілік Байрақтан ат шаптырсын, қай қалмақтың аты озып келсе, соған тиемін. Хан, қара демеймін дейді. Қалмақтар бәйгеге дайындалады.

Бұл уақытта Алпамыс та қалыңдығын іздейтін мезгілге жеткен еді. Ата-анасы жасырып жүрсе де, алысқа кеткен қалыңдығы бар екенін естіп, жылқысынан ат таңдап мінбек болып Құлтай деген бабасына келеді.

Құлтайдың, мұның жолына дайындап, жетіліп жүрген, Байшұбар деген тұлпары болады. Алпамыс көп жылқының ішінен соны танып ұстап алып, қалыңдығының елін іздеп, жол тартады.

Қалмақтың еліне бұл келген уақытта алдынан Қаражан батыр кездеседі. Екеуі бірін-бірі біліспеген соң, жекпе-жекке шығады. Алпамыс Қаражанды жеңіп, өлтірмекші болғанда, қалмақтың батыры: “Дос болайық, мен мұсылман боламын” дейді. Алпамыс мақұл көреді. Екеуі достасқан соң, Қаражан Құлбаршыннан сүйінші сұрайды. Ханға барып, зынданда жатқан Байсары мен қатынын босатады.

Баяғы айтқан бәйге болады. Алпамыс та Байшұбарды бәйгеге қосады. Атына Қаражанды мінгізеді. Бәйгеге төрт жүз тоқсан ат қосылады. Қырық күншілік жерге барып қайта қайтатын мезгіл болғанда, қалмақтар Байшұбарды қауіп қылады. Айламен алдап тастап кетуді ниет қылып, бәрі бірдей жатып, тынықпақшы болады. Қаражанның жеті күндік ұйқысы бар екен, ол ұйықтап қалғанда баласы Досмұқамбет әкесінің қол-аяғын байлатып, Байшұбардың төрт аяғын төрт қазыққа таңып тастап, өздері шауып кетеді.

Қаражанды ұйықтап жатқанда ақ сәлделі адам келіп оятып, қолын шешеді. Батыр атын босатып алып, кеткендердің артынан шабады. Өзге қалмақтың бәрін қуып жетіп, барлығынан да озады. Жалғыз-ақ Қаражанның қара ат мінген жалғыз баласы Досмұқамбет жеткізбейді, озғызбайды. Қаражан қал деп тілек етсе де, баласы болмайды. Сондықтан баласын көтеріп алып, қара тасқа ұрып өлтіріп, қара аттың басын кесіп алады. Осыдан кейін Байшұбар алдында келеді.

Бәйгеден аты озса да, қалмақтар Күлбаршынды Алпамысқа қимай, “күрес болсын, кімде-кім жықса, сол алсын” дейді. Алпамыс күреске шығып, қалмақтың бас палуанын жығады. Қалмақтар бұған тағы намыс қылып, Байшұбарды өлтірмекші болады. Алпамыс келіп, атына мінген уақытта ханның Көкеман қасқа деген уәзірі мылтық атады. Алпамысты өлтірмек болады. Бірақ оған тимейді. Сонан соң Алпамыс ашуланып, қалмақпен соғысып, қырғын салады. Қалмақтар жеңіледі. Бүлік шығарғаны үшін Көкеман қасқаны Тайша хан өлімге бұйырып, басын алғызады. Алпамыс Күлбаршындай қалыңдығын алып, ата-енесіне қоштасып, өз еліне аман-сау қайтып, отыз күн ойын, қырық күн тойын жасайды. Алтын қабақ аттырады.

“Алпамыс батыр” әңгімесінің мәнісі

Біз қарастырған Алпамыс батыр әңгімесі, жалпы әңгіме түзген ретіне қарағанда, көбінесе Қозы Көрпеш — Баян сияқты әңгіменің қайталамасы болады. Алпамыстың туысы, Байбөрі, Байсарының достығы, жас күндегі ежеқабыл, араздықпен айырыла көшу, Алпамыстың Баршынды іздеп барып, көп қиындықтың соңынан алуы, бұл айтылған әңгіменің сүрлеуі түгелімен Қозы Көрпеш — Баянның қайталамасы болады.

Сондықтан Алпамыс батырдың әңгімесін бұл қалпында толық қарастыру әдебиет тарихына соншалық міндетті сияктанбайды. Себебі, әңгіме тізу реті басынан аяғына шейін қазақтың атақты Қозы Көрпеш жырына жақын келетіндіктен, Алпамысты көп қарастырудан да Қозы Көрпештің өз әңгімесіне көбірек тоқтау керек, бірақ осымен бірге Алпамыстың жайынан айтылатын сөз: бұл бұрынғы батырлар әңгімесінің ішінде қазақ иісін көбірек сездіретін әңгіме болады. Бұрынғы батырлар әңгімесінен біз қазақтың ескі рулары араласқан кездерін көрсек те, сол рулардың нағыз қазақ бірлігіне кіріп, жаңа, бүтін елдің жасап келген, қалыптанған мінезін, нығайған елдің салтын білдіретін ерекше, қазақша келетін жерлерін көп көре алмаймыз. Бұрынғы

әңгімелер неше алуан болған түрік бірліктерін көрсетсе де, жекеленіп шыққан қазақ елдігін толық суреттеп көрсете алмайды.

Алпамыс батыр әңгімесі бұл жағынан қарағанда, нағыз қазақ елінің ескілігі болады. Бұл берірек келген заманның туындысы. Әбден қалыптанған қазақ бірлігінің әңгімесі Алпамыс әңгімесіне келгенде ғана біз елдің салт-санасын көргендей боламыз. Бүгінгі қазаққа таныс, жақын болған әдет-ғұрыпты көреміз. Екі байдың достығы, достық үстіндегі ежеқабыл, той, көкпары, жылқышы суреті, бәйгеге ат қосу, қайын ата мен қайын енені қадірлеу, барлығы да қазақ иісін білдіреді. Алпамыс әңгімесінің бұрынғы әңгімелерден бөлек бағасы осы жерінде.

Алпамыстың біздің қолымызға түскен әңгімесі азғындаған, бұзылған әңгіме, ескі әңгімесі бұдан толық көлемді, мағыналырақ болса керек еді. Бірақ, ол әңгіме қолда болған жоқ. Сондықтан мұның жайындағы сөзді көп ұзартпаймыз.

III бөлім

ЕЛ ПОЭМАЛАРЫ

Қазіргі жиналған ел әдебиетінің ішінде қазақ жұртының ел поэмасына қосылатын екі үлкен әңгіме, 5 өлең бар. Біреуі — “Қозы Көрпеш — Баян”, екіншісі — “Қыз Жібек”. Ел поэмасы деп қандай түрдегі әңгімелі өлеңді айтатынымызды осы екеуінің мағынасы мен үлгісін қарастырған уақытта анықтап айтпақшымыз. Сондықтан, қазір жалпы сөзді айтудың орнына сол екі әңгімені бас-басына қарастыруға кірісеміз. Әуелі қарастыратынымыз “Қозы Көрпеш — Баян”.

“Қозы Көрпеш — Баянның” қысқаша әңгімесі*

Ескерту: екі бай аты 1 — Қарабай, 2 — Сарыбай.

Бұрынғы өткен уақытта Балталы, Бағаналы деген елдің ішіне шеттен ауып келген Қарабай, Сарыбай деген екі бай келеді. Сарыбай келген жерден Балталының еліне үлкен мырзалық көрсетіп, қалың елдің бейілін алып, ханы есепті, қадірлі жақсысы болады. Қарабай тоқсан мың жылқы айдаған бай болса да, сараңдықпен құнсыз болып елге қадірі жоқ болады. Екеуінің жасы жетпіс пен сексенге келген кәрі. Бірақ балалары жоқ, зарлы. Бір күні екі бай елсіз тауда аңда жүріп, кез келіседі, мұңдарын айтысады. Екеуінің де үйіндегі

* Қозы Көрпештің әңгімесі жалғыз қазақ емес, басқа түрік жұрттарының да талайының ішінде бар. Бірақ оларды қоя тұрып, қазақ ішіндегі әңгімесін алсақ, соның өзі де неше алуан болып айтылады. Біздің қолымызға үш түрлі әңгімесі түсіп еді. Соның ішіндегі ең толық, ең ойлысы жаңағы айтқан Қозы Көрпеш болғандықтан, осы нұсқаны қарастырамыз.

қатындары екі қабат екен. Құдай атын айтып дос болып, бірінен ұл, бірінен қыз туса, екеуін қоспақ болып ежеқабыл жасайды. Сол уәденің үстінде, Қарабай Сарыбайдан тілек етіп бір буаз маралды атқызады. Буаз аңның киесі атып, Сарыбай сол жерде өледі. Қарабай егіз лақ маралды алып, еліне қайтады.

Жолшыбай “Сарыбайдың қатыны ұл тапты” деп, сүйінші тілеп келе жатқан шапқыншыларына жолығады. Ауылына келсе, өзінің де қатыны босанып, қыз тапқан екен. Сүйінші сұраған сақау қатынға түк бермейді. Мазасын алғаны үшін дүре салады.

Сарыбай өлімін Балталы, Бағаналының хан, қарасы болып жоқтайды. Қалың ел жиналып, жылап-сықтап, басына күмбез орнатады. Қарабай құдама бата оқимын деп, сексен нарға саба артып Сарыбайдікіне келе жатады. Бірақ бата оқушылардан бұрын Сарыбайдікіне өзі келіп жөргекте жатқан Қозыны көріп, мені жұтатын жалмауыз туыпты деп, нардағы сабаның бәрін тілгілеп, қымызды ақтарып тастап, үйіне қайтады.

Сарыбайдың ханымы аңдағы уәдені естіп, Қарабайға кісі салады, құдалықты бекітпекші болады. Елші болып Тайлақ бидің баласы он бір кісіні ертіп барады. Қарабай “Жетім ұлға қыз бермеймін” деп елшілердің басын жарып, сабап қайтарады. Содан кейін, “Балталыны мекен қылып тұрмаймын” деп ауа кешеді, туған жерден көшерде Қарабайдың асырап алған Ай, Таңсық деген екі қызы¹ ел мен жерге қоштасады. Қарабай қазақ даласын шыр айналып көшеді. Арада көп жыл өтеді. Бір заманда шөлге ұрынып малы қырылады. Сол уақытта торғауыттан алты құлаш бедеу мініп Қодар деген батыр келеді. Қайраты зор болғандықтан, Қарабайдың қалған малын шөлден аман сақтап алып шығады. Еңбегі үшін ақ Баянды сұрайды. Қарабай жалғыз қызын бермек болып уәде қылады.

Балталыдан ауған бай көп көшудің соңынан Аягөзге келіп, тұрақтап мекен етеді. Баян сұлудың атағын естіп жан-жақтан талай мырза іздеп шыққан. Барлығы Ақ шаулы, Қоңыр шаулы деген тауларға жиналып, Қарабайдың ауылына қарай жүгіреді.

Бұлардың алдынан Қодар шығып, батырлығымен соғысып, жеңіп, құл қылып алады. Бұл кезде Сарыбайдың елінде қадірлі болып тұрған Тайлақ деген бидің Айбас деген інісі бар еді. Бұл “Қозы ер жеткенде не деймін” деп, Баянды іздеп, елінен шығады. Арада көп заман жүріп Қарабай жайлаған жерге жеткенде, далада жидек теріп жүрген үш қызға жолығады. Бұл Баян мен апалары болады. Айбас сөйлесіп танысады. Баян Қозыны күтіп жүрген болады. Қодардай жаудың барын мәлімдейді. Айбастың келген жолына сый береді. Қозыға бір тоғыз қылып сәлемдеме береді. Айбас кетерде, Қодардың қайратынан қыздар қорықпасын деп, әдейі Қодарға кездесіп, жекпе-жек жасайды. Қодарды ұрып жығып, талдырып кетеді. Қыздардың көңілі тынады.

Айбас еліне келген соң, Қозыны шақырып алып, көрген жайын баян етеді. Жас жігіт шешесі мен елі-жұрты болып жалынғанға тоқтамай, қалыңдығын іздеп, жүріп кетеді. Бірге еріп бармақ болған Айбасты серіктікке алмайды, намыс көреді. Артындағы ел әлденеше құрбандық етіп, тілеу тілеп, бата беріп қала береді.

Қозы елсіз далада көп заман жүрген соң ағы арып, тоны тозып, жүдеп келіп бір көлдің басында жалғыз жатады. Баласының түзде жүдеп жүргені шешесінің түсіне кіреді. Ел жиылып, садақа беріп, тағы тілеу тілейді. Сол күні Қозыға көп керуен кездеседі. Керуеннің ішінде керемет иесі — қожа болады. Қозыға дұға үйретіп, өзі мен атының түсін өзгертіп береді. Қозы тазша кебін киеді. Содан кейін бір заманда Қарабайдың ауылына жақындайды. Далада қой жайып жүрген тазшаға келіп, ауылдың жөнін сұрап болған соң, қойшы тазшаға қой бөліп беріп, еркіне жіберіп, өзі Қарабайдың қойын айдап ауылға келеді. Бұрынғы тазшадан әрбір мінездері бөлек болады. Қыздар сезіктеніп сынай бастайды. Ертеңіне Қозы қойға кеткенде бір қызды тоқты қылып киіндіріп, қоймен бірге жібереді. Далада Қозы Көрпеш зарын айтып, жыр жырлайды. Тоқты қыз көргенін, естігенін айтып келеді. Баян мен Қозы біріне-бірі ашылып бір ниет, бір тілеумен табысады. Бірақ Қозыға таз кебінімен тазша болып жүру қажет болады.

Осымен бірталай мезгіл өткен соң, әркім-әркімге Қозы қайратын сездіре бастайды. Қодарды қалжыңмен түйреп мазақ қылып жүреді.

Бір күні ел көшіп келе жатқанда Қодар қыздарға мақтанбақ болып Қозы Көрпештің жауырынынан алады. Қозы аударып-сып, Қодарды аттан аударып алып, желіп жүріп кетеді.

Ауыл жаңа жұртқа қонған соң көпке қайратын сездірмек болып желінің қазықтарын бармағымен батырып, қол ағашпен жерге сіңіреді. Қарабайға да анда-санда тізесін батырып, жаралап жүреді.

Сонымен қыс жақындап, жылқы ортаға шығатын уақытта, Қодар қысылшанда қайраты тиеді деп (тазшаны) Қозыны, жылқыны сұрайды. Қарабай беруге көнеді. Қодар, Қозы тоқсан құлмен бірге жылқыда болады.

Жазға салым Қодар жеңгенді сағындым деп ауылға кетеді. Қозы Көрпеш “сарқыт әкел” дейді. Қодар келгенде қыздар ілтифат қылмайды. Бос қайтады. Содан кейін Қозы келіп, он шақты күн қыздың қасында күліп-ойнап жылқыға қайтады. Қодарды мазақ етеді.

Осымен біраз дәурен өткен соң жаз шығады. Бұл елдің Са-сан деген биі сауын айтып, той жасайды. Жұрттың бәрі тойға кетеді. Ауылда Қозы мен қыздар қалады. Сол уақытта Қозы Көрпеш басындағы кебінін біржолата алып тастап, еркімен күйеу болып, қалыңдық ойнап, жата береді.

Бұл жайды тойда жүрген Қодарға бір қатын жар-жар айтып естіртеді. Қодар естісімен талқан болып ашуланып, Қарабайды суымды бер деп қыспаққа алады, ел шаппай тынбайтынын айтады, барлық тойға жиылған ел Қодардан қорқып, соның кісісі болып, Қозы Көрпешті алдап шақырып, өлтірмекші болады. Тойдағы елдің атынан Қозыны күйеу деп шақырушы жеңге кіреді. Қыздар жас жігіттің бармағанын дұрыс көреді. “Сақ бол” дейді. Баян: “Мені еліңе алып кет” дейді. Қозы тойға бармағанды мақұл көрмейді. Барады. Ай, Таңсық ере келеді.

Тойдағылар, сонымен, арақ-шараппен сыйлап, мас қылып, елітеді. Есі аууға айналғанда екі қыз күреңкейді көлденең тартып тұрып “Қаш” дейді. Қозы мініп алып

қашады. Артынан көп ел жабылып қуады. Қозы Көрпеш Қодарды ұрып жығып, құтылып кетеді.

Бұдан кейін Қодарға тоқсан құл қарсы шығып, соғыс салады. Қодар талайын ұрып жығып, жан-жаққа қашырады. Солардың ішінен Көсем сары деген жігіт шығып, даладағы Қозыны іздеп, табады. Екеуі жолдас болып достасады, Шоқ деген жерді уақытша мекен етеді.

Қозы тойдағы ішкен удан жазылып болған соң, Баянды алып еліне кетпекші болады. Сол күйімен жүргенде бір күн Қозы жоқта Қодар Шоқ терекке іздеп келіп, ұйықтап жатқан Көсем сарының басын кесіп әкетеді. Басты “байыңның басы” деп Баянның алдына тастайды. Баян Қозы емес екенін танып, ешкімге білдірмей орап, тығып қояды. Көсем сарыны Қодар өлтірген соң, соның кегі үшін Қозы іздеп келіп, “Сенің қылғаның жетті” деп, Қодарды өлтіреді. Содан кейін сүйгенін алып еліне қайтады.

Жанақтың айтуындағы Қозы Көрпеш осылай бітеді. Бірақ, бұдан басқа Қозы Көрпеш жайындағы көп әңгімені алсақ, оларда шоқ теректің түбінде ұйықтап жатып өлетін Қозы болады. Қозының шоқ теректің түбінде екенін Қодар торғайдан біледі, торғай Баян мен Қозының арасында тілші болып жүреді екен. Бір шаңыраққа келіп қонып отырғанда Қодарға тілеулес бір кемпір ұстап алып, мойнын бұрағанда: “шоқ терек” деп өліп кетеді. Сонымен Қодар тауып алып, әлгідей өлтірген болады.

Қозы өлген соң, Баян Қодардан кек алады. Қодар “аламын” деп келгенде әуелі күйеуімнің басына бірге барып, бата оқиын дейді. Келе жатқанда Қодарға бір шыңырау құдықтан су әпер дейді. Қодар Баянның қырық құлаш шашынан ұстап шыңырауға түседі. Суды әперіп қайта шығып келе жатқанда Баян бұрымын қиып жіберіп, құдыққа қайта құлатып, таспен атып өлтіреді.

Содан Қозының басына келгенде, қалың керуенге кездесіп, барлығы бірдей Баян сұлуға қызығып алғысы келеді. Баян “Күйеуімнің басына күмбез орнатындар, сонан соң тиемін” депті. Керуен айтқанын істеп, зират салады. (Осы күнгі Жетісудағы зират)². Содан керуендер тағы таласқан соң Баян: “Бәріне бірдей тиюіме бола ма, Ана бейіттің басына шығып

секіріңдер, қай аман қалғаныңа тиемін”, — дейді. Бәрі бірдей секіріп, құлап өледі. Жалғыз аман қалған біреуін Баян өзі өлтіреді.

Содан кейін Қозының кабіріне кіріп, қара пышақтың сабын жарының кеудесіне тіреп қойып, өзі соның жүзіне жүрегін төсеп Қозыны құшақтап, жығылып өледі.

“Қозы Көрпеш — Баянның” мәнісі

Батырлар әңгімесінен кейін қазақ ескілігіндегі әңгімелі өлеңдердің бір түрі — ел поэмасы болады. Бұған қосылатын “Қозы Көрпеш — Баян”, “Қыз Жібек”. Бұл өлеңдер алдыңғыларша батыр жорығын жырламайды, белгілі дәуірде қазақ елінің салт-санасы, кәсібі, елдігі қандай жайда болғанын білдіретін сөздер. Бұның екеуінде де көшпелі кәсіппен ру жігіне бөлінген, елдің ортасында өскен жастардың махаббат, достық бағасын түсінуі көрінеді. Екеуі де сол көшпелі елдің салт, ғұрпымен байланысқан махаббат жыры болады. Біздің әуелгі қарастыратынымыз “Қозы Көрпеш — Баян”. Бұл қазақ ескілігінің кәрі заманнан бері қарай қадірлеп, сақтап келе жатқан асыл бұйымы.

Біз “Қозы Көрпештің”, өзге көп түрік жұрттарының ішінде әлденеше түрдегі әңгімелері барлығын былай қойып, қазақтың өз ішін алғанда, талай қайталамасы барын білеміз. Қозы Көрпеш поэмасына толық сын, сол барлық қайталамасы жиналған күнде болар, байлаулы сөзді сол түгел жиылған заманның сыншысы айтар, біздің қазіргі айтатынымыз жарты сын. Алғашқы жасаған нобай сын. Бізге түгел сөзді айтқызбайтын себеп: қазақ ішіндегі Қозы Көрпеш әңгімелерінің түгел жиналмағандығы.

Қазірде біздің қолымызда бұл поэманың үш әңгімесі бар. Бірі — Семей үйезі, Тобықты ауданынан жиналған әңгіме³, екіншісі, Мәскеуде басылған Радлов жиған әңгіме⁴; үшіншісі, Жетісу қазағының арасынан Колпаковский жандаралдың жиғызған әңгімесі⁵.

“Қозы Көрпеш — Баянның” ішкі мағына-маңызын бағалаудан бұрын, әуелі осы үш әңгіменің өзді-өзін салыстырып, үшеуінің ортасынан тұтасқан қай бір әңгіменің нобайын жасап шығару керек.

Бұл үш әңгімені сырт жағынан қарағанда, айырмыстары көп сияқты. Кей уақытта біреуінде кездесетін адамдар екінші, үшіншісінде жоқ болады. Мысалы, Жетісу әңгімесіндегі Әбсебай; бұл Баянның туысқаны, екі жастың достары болады.

Осы сияқты Семей әңгімесіндегі Тайлақ би, Радлов әңгімесіндегі Баянның кіндік шешесі, алғашқы екі әңгімеде бірдей келетін Айбас үшіншісінде жоқ болады.

Қозы Көрпеш қайын іздеп келе жатқанда, жолшыбай кездесіп түсін өзгертетін өнерді үйретуші қожа бірінші әңгімеде бар болса, екіншіде Баянның кіндік шешесі болады. Үшінші әңгімеде бұның екеуі де өз пішінімен араласпайды. Бірақ, бұлардың істейтін ісін сыйқыршы кемпір істейді. Ол бір кезде Қозы Көрпештің алдынан тоғай шығарып, бір кезде көлдер жасап, жолын бөгейді. Аяғында Қозы Көрпеш соның себебінен алты айдарлы жігіт болады.

Бұдан соңғы, осылар қатарында кейбір әңгімеде үлкен орын алатын Баянның апалары Ай, Таңсық, Айғыз болады. Бірақ бұлар бар әңгімеде кездеспейді. Радлов жиған әңгімеде бұлардың орны жоқ. Үш әңгіменің ішіндегі тағы бірінен-бірі айырылатын өзгешелік: Қозы Көрпештің қайны барын еститін жері; бірінші әңгімеде Қозыға айтатын Айбас болады. Ол қызды іздеп барып, көріп келген соң әдейі естіртеді. Бар әңгімеде бірдей жер: Қозыға Баян жайының ержеткенше мәлім болмағандығы. Семей әңгімесінде Сарыбай өліп, Қарабай ауып кеткенде Сарыбайдың қатыны Тайлақ би арқылы барлық Балталы, Бағаналыдан тілек етіп сұрайды, кеткен Қарабай кете берсін, жалғыз-ақ осы сөзді ешбір жан Қозыға айтпаса екен деп, сонымен ержеткенше айтылмай қалады.

Әңгімелерде бұл жайы толық айтылмаса да, Қозы Көрпештің осындай себептермен естімейтіні белгілі сияқтанады. Жас жігітке Семей әңгімесінде естіртуші Айбас дедік. Өзге әңгімеде естіртуші өрмек тоқып отырған кәрі кемпір болады. Біреуінде — тазша бала. Бұл аталғанның бәрі әңгіменің ішінде ең ірі орындағы адамдар емес. Орта қызметтің адамдары. Сырт қараған кісіге бұлардың аты да, жайы да кез келетін жері де біріне-бірі ұқсассыз, бөлек сияқты. Бірақ бұл әңгіменің сыртқы көрінісі ғана.

“Қозы Көрпеш” әңгімесінің өзге түрік жұрттарындағы қайталамасын алмай-ақ, қазақ елінің ішіндегі әңгімелерінің өзін алғанда барлық бүгінгі көп түрдегі әңгімелердің алғашқы, бірақ негізінен тарағаны анық. Бірақ бүгінгі біздің қолымыздағы үш әңгіменің ешбірі де сол алғашқы негіз емес, мұның бәрі де алғашқы түрден тараған тарау. Сондықтан бұл үшеуін бірдей салыстырып отырып, алғашқы түрінде жақын бір әңгіменің тұлғасын жасау біздің бүгінгі міндетіміз.

Осы мақсатпен қарастырғанда бүгінгі қолдағы әңгімелердің өзгерістері, айырмыстары неден болғанын табу керек. Қозы Көрпеш жайындағы әңгімелердің өзгерістері екі себептен болған: біреуі — көп айтушының аузынан өткен ескі әңгіме болғандықтан, ұмытып, жаңылып, байқамай, ойсыз кіргізген өзгеріс бар, бұл ықтиярсыз кірген жаңалық, жаттық. Екінші түрі — тыңдаушының тілегін, ақынның ұнатқан ыңғайына қарай бейімделіп кеткен өзгеріс, бұл ықтиярлы өзгеріс, әдейі кіргізген жаңалық. Енді жоғарыда бөліп шығарған әр алуан адамдар орта қызметтің адамы болса, бұлардың аты-жөнін өзгертіп кіргізу әлгі айтылған екі түрлі өзгерістердің қайсысына қосылмақшы.

Менше, бұл алғашқы түрдегі жаңылыс ұғудан, ұмытып қалудың салдарынан кірген өзгеріс болады. Ұмытудың себебінен кіргендігі бұл адамдардың әңгіме ішінде істейтін ісінің өзгермегендігінен білінеді. Шынында, бірінші әңгімедегі Баянның кіндік шешесінің тілеулестігі сияқты мінездер әр жерде әр алуан адамның мінезі болып көрінсе де, жалпы әңгіменің ішінде бір-ақ қызметтің адамдары. Бұл екі жастың үлкеннен, жақыннан шыққан достары. Қозы Көрпештің белгісіз алыстағы қалыңдығын іздеп шыққан жолы қауіп-қатерлі, көмескі жол, алдындағы тұман ішінен кездесетін жасырын, жат нәрсе көп, жолында кездесетін бірінші әңгімеде қожа болады. Екіншіде, Баянның кіндік шешесі, үшіншіде сиқырлы кемпір. Бұлардың бәрі бір міндет, бір қызметтің адамдары, екі жастың қосылуына қараңғы, сырлы біліммен көмек ететін адамдар, бұлардан басқа жастардың жас тілеулесі болу керек. Кәріше, ақылмен, батамен, дұғамен, сиқырмен көмектесуден басқа олардың арасында достық, махаббат жібін

жалғастырып, жамаушы болып жүретін адамдар керек. Екі жас өмірі қиыншылыққа, қауіпке ұшырағанда, не болмаса бір-бірінен алыстап, ұзап кеткенде, арада ұмыттырмай жүретін ескерткіш сияқты сақтаушылар керек. Сол қызметпен жүретін Айбас, Ай, Таңсық, Торғай болады. Бұлардың міндеті де жоғарғылардікі сияқты, бірақ алуаны екінші түрлі.

Міне, үш әңгімені бір-бірінен өзгертіп, ұқсастығын азайтатын осы адамдардың әр түрлі әңгімеге әр күйде кездесуі болса, жиып-теріп, санап келгенде бұлардың ешқайсысы да істейтін қызметін атқаратын міндетімен бірінен-бірі жат адамдар болмайды. Барлығы көбінесе бір орта қызметтегі адамдардың міндеті. Бұларды әр түрлі қылып кіргізу алғашқы әңгімені жаңылғандықтан, әрбір ақын өзінше жаңалап, сырлап, ұмытылған ескі әңгімені қайта құраймын дегендіктен туған.

Бұл өзгерістер әңгіменің ішкі мағынасы мен тұлғасын өзгертеді, мақсатын бөлек қылып, негізін аударады деп ойлауға келмейді. Жалғыз ғана әңгіменің ұзын сүрлеуінен жаңылмай келе жатып, жолшыбай ғана аз бұрандап кеткенге ұқсайды. Орта қызметтің адамдарын осы бағамен шығарып қойып, енді әңгіменің ішінде көрнекті орын алатын адамдарына келсек, олар жайының өзгергенін ешбір әңгімеде көрмейміз. Көшпелі елдің поэмасының барлық әңгімесі соның ішіндегі ірі орындағы адамдардың ісі мен өмірінен құралатындықтан бір әңгімеде өзгеріс мол десек, сол ірі адамдар өмірін өзгерткеніне қарап айтуға керек. Арадағы орта қызметтің адамын танымастай қылып өзгертсе де, ол не сұлулығын арттырып, не сұлулығын кемітетіндей ғана өзгеріс болады. Әңгіменің нағыз әңгімелік құрайтын ірі адамдардың өмірі мен ісі өзгермесе, ол уақытта әңгіменің көп өзгеріске ұшырамағаны білінеді. Қазіргі біздің қолымыздағы үш әңгімеге қарағанда, біз нағыз Қозы Көрпеш әңгімесіне себеп болған негіздің өзгермегенін көреміз. Барлығында өзгермеген бір-ақ пішіннің адамдары, ешбір әңгімеден бұлар қалмайды. Істейтін ісі, бастан кешірген уақиғалары да үш әңгімеде бір-ақ түрлі.

Жалғыз-ақ әрбір әңгімедегі айырмасы бұлардың кейбірінің мінезі, кейпі бір әңгімеде көлемді болып, молырақ көрінеді.

Істейтін ұсақ істеріне шейін саналып, айтқан сөздері де түгел түседі, екінші әңгімеде бұл шолақтау болып қысқарылады. Бірінде кейіпкерлер нағыз суретті әдебиеттің кейіпкеріндей, бүтін пішінді адам болса, екіншіде одан да гөрі шаларақ, көмескірек. болып түседі. Бірақ жалпы тұлғалары ешбірінде де жат адам болып өзгеріп кетпейді. Сондықтан қай әңгімесін алсақ та бәріне бірдей әңгіме: әуелі Сарыбай мен Қарабай аңшылықпен далада жүріп танысуы, достасуы, балалы болмай жатып жасаған ежеқабыл, одан Сарыбайдың өлуі, Қарабайдың ауа көшуі, жат болып кеткені, Қозының ержете іздеуі, қайнында жау көп болып, қызды алуға бөгеттің көптігі. Екі жастың құмарлығына бөгет болып шығатын Қодар, Қозы Көрпешке істелген қастық. Аяғында мұратқа жете алмай, барлық әңгіменің сыпыра қанды уақиғамен бітуі. Бұл әңгімелердің бір-бірінен айырылатын айырмасы аяғында шығады. Айырмасы Қозы Көрпеш пен Баянның өлімі болады. Менің ойымша, біздегі үш әңгіменің ішіндегі нағыз үлкен өзгеріс — әдейі кіргізген, қолдан жасаған өзгеріс. Осылардың өлімі турасындағы әңгімеде, алғашқы екі әңгімеде Қозы Көрпеш пен Баян өлмейді. Үшінші әңгімеде Қозы Көрпешті Қодар ұйықтап жатқанда өлтірген болады.

Алғашқы әңгімелер бұрынғы естілудегі нағыз болған өлімді тындаушыға ауыр көріп, әрқайсысы өзінше шеберлеп, әңгімелеп келіп, өлтірмей шығады. Бұл көп айтушы ақындардың әдейі кіргізген өзгерістері болуға керек.

Осы айтылған қысқа сөзбен біз әзірше қолымыздағы үш әңгіменің бір жерге басын қостық деп есептейміз.

Ендігі қарастыратынымыз атақты поэманың ішкі мағынасы. Қозы Көрпеш нағыз қазақ жұртының әңгімесі болса да, өлгенше ескі заманның әңгімесі. Бұған бірінші дәлел — барлық түрік жұртына тегіс жайылғандығы; екіншісі, елдің салтын суреттеген жерлерінен білінеді. Қозы Көрпеш тараған түрік жұрттарын алып қарастырсақ, мұның көпшілігі мұсылман болып отырған түріктер, олардың ортасына жайылғандығы әңгіменің ескілігін білдірсе де, тіпті кәрі заманның әңгімесі дегізбейді.

Өйткені, түрік жұртының көп руы дін бірлігінің арқасында, біріне-бірінің араласы да көп болып, бірінен-бірінің алған әсері де сондайлық көп болған.

Мұсылман болған түріктерге, солардың әңгімесі қазақ ішіне қыдырып келіп, сақталып қалғаны сияқты, қазақтан да көшіп барып, орнап қалуға мүмкін мұндай іс алыс, ескі заманда болуға мүмкін болса, жаңа жақын заманда да болмайды деп айтуға қиын. Меніңше, “Қозы Көрпештің” өте ескілігін білдіретін дәлелі: осы әңгіменің якут (сақаның) ішінде болғандығы⁶, олар мұсылман емес. Алыс солтүстікке кеткеніне көп заман, қазақтан оларға “Қозы Көрпеш” әңгімесі артынан қуа баруға қиынбайды. Ол ел жалпы түрік шеңберінен жырылып кеткен күнінде, осы жақтан ала кеткен жолдасы болуға лайық. Олай болса, “Қозы Көрпеш” Тарақты еліне қарап, ескі әңгіме дедік. Олай болса, біздің Жетісудағы бейіт қай замандікі. Бұрын бұл бейіттің ішінде төрт тас болған. Ол қай замандікі. Соңғы замандағы мамандардың айыруына қарағанда, тас пен бейіт бір заманда салынған емес екендігі анықталған. Бейіттен тастың жасы мың жылдай үлкен, бейіттің өзінің жасы екі жүз, үш жүз жылдан әрі емес дейді.

Бұлай болғанда, не тасты басқа бір жақтан бейітке әкеліп қоя салған болады, не болмаса ескіден тас қалған. Тозған бейіттің басына жаңадан күмбез орнатқан болады. Бізге бұл арасын анықтап айыру қиын. Қазақтың өз салтында бейіт жаңғырту жаман ырым. Сондықтан, ескіріп қалған моланы қайта салды, түзеді десек зорлық сияқтанады. Бірақ осының бәрі қазақ істеген іс болса, қалмақ бейітіне қойылатын тасты әкеліп, Қозы Көрпеш, Баянның басына қою тағы да бір сиымсыз, жат іс болады.

Менше, ел қиялы, Қозы Көрпештің қызықты, сезімді әңгімесін өлең-жырда естумен қанағаттанбай, бірталай заман іс жүзінде де соның аяғын шын қыламын деп, бейіт жасап, тас қойып, сол Қозы Көрпеш мынау дегізгісі келіп, бір қызықты, жұмбақты іс істеді деймін.

Бұлай болғанда, осы Қозы Көрпеш бейіті деген бейіт өзге бір жерден тағы да шығып қалуы ғажап.

Қозы Көрпешті қазақ ескілігі көп қызықтаған. Оның белгісі найманның бір тересі он екі ақынды жиып, осы Қозы Көрпешті өлең қылғызған дейді. Он екі ақынның ішінде Жанақ та бар екен⁷. Жанақтікі өзгелерден артық болғандықтан, жайылып

кетіп, өзгелерінікі ұмытылып қалған. Жанаққа өлең қылғызған төре ат, шапан сый берген. Бұл қазақ ескілігі, Қозы Көрпешті іс жүзінде қаншалық қызықтағандығын әбден білдіреді.

Қозы Көрпеш жайындағы шын әңгіменің мезгілін айыру өлгенше қиын жұмыс. Әсіресе біздің заманымызға қиын. Сондықтан, әзірше осы сияқты нобай сөзді айтып, бұл жайындағы сөзді бітіреміз.

Қалай да болса Қозы Көрпеш алыстан келе жатқан ескі әңгіме. Мұның айтушысы да көп болған. Ол айтушылар әр заманның, әр әсердің адамы. Сондықтан, бірі ескілік бояуын күшейтсе, кейбірі мұсылманшылық сарынын да жұқтырған. Сондықтан, әңгіменің ұлы денесі неше заманның, неше алуан жұқпа бояуынан аман емес. Біз бұл айырмыстарды жоғарыда да үш әңгімені салыстырудан да байқаймыз. Одан басқа бір әңгіменің өзін алып тексерсек те, неше түрлі әсердің кіргенін айыру қиын. Мысалы, Жанақ өлеңін алсақ, соның тілінде, әңгімеленген ретінде, оқшау болып кірген адамдарда, сезімдерінде түгелімен шұбартқан түрлердің байлығын, молдығын көреміз. Одан бері де, сол бір-ақ жерден шыққан бір тараудағы әңгіменің өзін алсақ, соның өзінен әлде неше ақынның аузынан кіргізген қоспасы барын байқаймыз. “Қозы Көрпеш” өте көп ақынның аузынан өткен. Мұның бір замандағы айтушылары, ылғи ақындар болған. Ол ақындар қоспасыз айта алмаған. Әрбір қоспа өзінше әр түрлі жаңалық кіргізіп, алғашқы асыл нұсқаның пішінін жаңа заман бояуымен аламыштап отырған. Бұл жағынан қарағанда, көп ақынның кеше ғана басып өткен ізін білдіретін Жанақ өлеңі. Мұның алғашқы сөзі белгісіз Кемел ақынды даттаумен басталады.

“Кемел ақын келтірер сөздің түрін. Оған да заман өткен бір ықылым”. Бұл сөзді айтушы екінші ақын алдындағы әңгімені өлең қылған ақынға алғашқы сөзін бағыштайды, одан бері: “Сыбанбай, Бекбау, Жанақ айтады екен”⁸. Түбі оның кім десе түрікпен деп”, — дейді. “Бұл арада үш ақын өтті, олар осы сөзді айтыпты” деген тағы бір жаңа ақын. Міне бұған қарағанда, кешегі өткен ғасырдың орта кезінде болған Жанақтың өзінен соң 4-5 ақын айтқан болса, “Қозы Көрпеш — Баян” неше ұстаның қолынан өткендігі белгілі.

Осы сияқты болжалы сөздермен біз енді “Қозы Көрпеш” әңгімесіне келеміз.

Әзірге қолымызға түскен үш түрлі әңгімені алғанда, бұлардың сыртқы айырмасы көп сияктанғанмен, ішкі негізде қай жерде болса да өзгермейтін бүтін сұлу, бір негіз бар деп, жоғарғы үш әңгімені салыстырғанда айтқанбыз. Әңгіменің ішіндегі жеке адамдарды қарастырудан бұрын әуелі сол негіздегі әңгіме нені білдіреді, қандайлық мағына бағасы бар, сол жайдан біраз сөз айтып өтейік.

“Қозы Көрпеш — Баян” — махаббат жыры. Баяғы заманнан бері қарай махаббат көп жыр болған. Сөз көп жырдың ішінде әр ғасырда, әр түрлі ортада, адам қауымының алған тәрбие, салт-сана, білім, сезім дәрежесіне қарай махаббат әр алуан болып жырланған. Сонда махаббат жайынан екінің бірі айтатын өлең сөздердің көбі қала беріп, ұмытылып, ескіріп кеткен уақыттарда, ара-арасында мәңгілікке сақталып қалатын, белгілі заманның ескерткіші сияқты жырлар бар. Ондай жыр жалғыз махаббаттың өз бағасын айтса, соны белгілі тәрбие, белгілі салттың ортасында өскен халық түсініп, қалай бағалағандығын білдіріп, сол елдің ішкі сезім-қиялын, ақыл-ой, ішкі назы мен жан тіршілігін толық көрсететін сөз болған. Сондықтан сымбатты өнердің кадiрiн бiлген елдердiң, жалпы адам баласының бәрiне бiрдей қылып айтқан iшкi өмiр не? Махаббат бағасы қайсы? — деген сауалдар өзiнiң түсiнуiн, өзiнiң көз қарасын, бағасын бiлдiрiп кетiп отырған. Бұл айтылған жолдарға сиымды болып жазылған махаббат жырлары белгiлi, бiр-ақ елдiкi емес, сол елдiң өмiрi мен салтын, көңiл күйiн бiлдiрiп отырып, жалпы адам баласының ой қазынасына бiр бұйым қосқан елдер деп саналған.

Олардың махаббат жырлары барлық сезім мен қиялға ие болған. Адам баласының барлығының ортақ мүлкі деп саналған. Осы реттегі махаббат жырының үлгісі Италия өнерінің алтын дәуірінде туған Дантенің “Тәңірдей комедиясы”⁹ ескі замандағы грек, рим мәдениетінің сүтін еміп, бергідегі ілгері басқан өнер мен крестьян дінінің ой, сезімді билеген маңызды заманында, солардың бесігінде өскен Италия өнері бір үлкен дәуірдің табысы қылып “Тәңірдей комедияны”

шығарған. Күнбатыс Европа бері келіп құр өнер дегеннің қуыс кеудесін ұстап, ішкі толғауы ой, рең, асыл сезім, адамшылық жолдарынан адасып, құр ғана құмарлық жырымен, құр ғана сыртқы дене өмірімен кетіп бара жатқанда, сол адасып бара жатқан қауымды ұялтқандай болып “Ромео — Джульетта” шыққан¹⁰. Бұл да белгілі елдің белгілі түрде қалыптанған салты мен сезім тіршілігі тудырған бір туынды, бұл да өз заманының бір үлкен қорытындысы. Күншығыста тереңдеген діндарлықтан туып, тамыр жайған ғайыпқа нану. Бері келген уақытта, өз өмірінің ең жоғары шыққан басқышында сопылық дәруіштің салтына берілген¹¹.

Ол замандағы сұлу, сымбатты өнер, өлең, жыр түгелімен құдай жолына істеген мүнәжат сияқты, жүрек қанын ағызған өлеңмен, күңіренген бәйітпен жаратқан иесіне дұға оқитын. Ол кездегі ақындық өнерінің өзі де құдайға істеген құлшылық болатын. Жақын күншығыста әдебиет өнерінің бір ұзақ дәуірі осы бәйітпен өтеді. Бұның мысалы, Физули¹², Қожа Хафиз¹³, Мағыри¹⁴, Қожа Ахмет Яссауи¹⁵, Сопы Аллаяр¹⁶. Осы ұзақ дәуірдің гүл мен бұлбұлы, арақ, шарап, шатыраштың көп жырларының қорытындысы болып “Ләйлі — Мәжнүн” туған. Адам баласының қазынасына күншығыстың тартқан сыбағасы осы “Ләйлі — Мәжнүн¹⁷” сияқты махаббат жыры болған.

Мен түрік жұртының “Қозы Көрпешін” “Фаустпен” салыстырғаннан да осы жырлармен салыстыру лайық деймін¹⁸. “Қозы Көрпеш — Баянның” өз орны осы жерде. Бұл көшпелі салтпен өскен бақташы елдің махаббат жыры баяғы көп заманнан бері қарай келе жатқан салт әдет ортасында өмірді тұрмыс қалпына қарай түсінген ел: бақыт, достық, махаббат, жақсылық деген нәрселерді де өзінше, өзгеден бөлек түсінеді. Сондықтан осы мәселелерді ашық көрсететін жеке-жеке адамдарды шығарып, солардың өмірі, сезімі, тілегі, бағытына қарай елдің де өзі көңілі нені сүйіп, неден жиренгенін білдіреді.

Қозы Көрпеш әңгімесінің негізі — іште жатқан балаларды жарық дүниені көрмей тұрып қосып қойған ежеқабыл.

Бұл білімді, өнерлі, өзінше сезімдімін деген елдің көзімен қарағанда, қаншалық қара таңбадай кемшілікті мінез болса,

сол ортада соны дұрыс деп өскен елдің өмірінің де қаншалық бағалы, қаншалық мағыналы екендігін білдіреді.

Сол айырмыстарға қарап отырып бақыт, қызық, адамшылық деген нәрселер заманға, тұрмысқа, салтқа қарай қаншалық танымастық болып өзгеріп отыратынын білуге болады. Біздегі Қозы Көрпеш пен Баян махаббаты, Қыз Жібек өмірі қазақ елінің осы сияқты өзгеден бөлек айрықша келе жатқан бір тіршілігін айқын білдіреді. Махаббат жыры болудан басқа “Қозы Көрпеш — Баян” көшпелі салттың жыры болады. Қалың қазақ жайлаған жібектей шалғыны, көлеңкелі ағашы, қоңыр желі, малға шүйгін ақ көдесі бар Сарыарканың жыры барлық қазақ елінің ішкі, сыртқы өмірінің күйі, даласы мен кәсібі, салтының жыры. Бұл жағынан қарағанда өзгелерден Қозы Көрпеш әлдеқайда көлемді, кең ауданды әңгіме. Осы сияқты белгілеріне қарағанда, Қозы Көрпеш қазақтың сымбатты өнерінің ішінде ұзыннан-ұзаққа созылған тұтас бір дәуірдің мол қорытындысы болады. Сол қорытынды болғандықтан, қазақ ішіндегі неше алуан таптың бір-бір үлгісін көрсетеді.

“Қозы Көрпеш — Баянға” келгенде біз бұрынғы әңгімелі өлеңдерде істемеген бір істі істейміз. Ол — жеке кейіпкерлерін толық тексеріп қарастыру. Кейіпкерге бөліп қарастыру Қозы Көрпешке келгенде қажет болады. Себебі бұл әңгіме басынан аяғына шейін бір жерде не жаңылып, не адаспай белгілі адамдардың арнаулы кейпін береді. Ежелден мінезге қарап, адамға баға беріп, бар өмірінде мінезбен туысқа қарай сын жасап, барлық тіршілік жіптері көп тараулы мінездермен жалғасатын қазақ елі бұл әңгіменің тұсында өзінің мінез сынына жүйріктігін айқын көрсеткен. Сондықтан әңгімені қарастыруда біздің ендігі міндетіміз Қозы Көрпештегі адамдардың әңгімедегі орны мен арнаулы мінезін, түрлерін қарастырып шығу болады. Онсыз Қозы Көрпешті шала тексеріп, шала сынаған боламыз. Қазіргі заманда толық сын үшін болмаса да, асыл әңгімені толық ұғынудың өзі үшін-ақ, жеке адамдарын кейіпкер ретімен қарастырып шығу керек.

Енді Қозы Көрпеш әңгімесіне кіретін адамдарды жеке шығарып қарастырудан бұрын әуелі барлық әңгіменің негізіне араласатын көрнекі орындағы адамдардың неше

жікке бөлініп қандай мінез, қандай қалыптың үлгілері бар екендігін айыру керек. Біз бұл әңгімені алдымен махаббат жыры дедік. Олай болғанда әңгімедегі адамдардың алғашқы бір жігі махаббат үлгісін көрсететін адамдар болады. Олар Қозы Көрпеш, Баян, Айбас, Ай, Таңсық. Екінші бір жіктегі адам көшпелі салтты көрсетіп, бақташылық кәсібіне салған елдің шаруа тұрмысына қарай тілейтін тілек, ұстаған қиялы не екендігін білдіретін адамдар. Олар Қодар, кейде Қарабай болады. Бұдан соңғы бір алуан адамдар елдің сүйсінген, сүйген, мақтаған адамдары. Ел билеген хан, басшы би, кемел бәйбіше, солардың артынан еріп, қадірлеген қарашы.

Қозы Көрпеш әңгімесінде ескі замандағы қазақ елінің бар табының адамы бар. Басы ел меңгерген ханнан бастап, аруағы ірі бәйбіше, бай, жау жүрек батыр, қызықшыл жігіт пен қыз, керемет иесі — қожа, белгісіз саудагерден аяғы қой жайған тазшаға дейін араласады. Бұл адамдар әрқайсысы жеке бір жандар ғана емес, әрбірі әр түрлі таптың үлгісі. Сол қауымның ішінде ең үлгілі қызық өмір кімнен шығу керек. Әрине, жарылмаған қауындай, тұтас көңілмен алдынан таудай үміт күтетін, сезім күйіне салынған жастан шығу керек.

Сондықтан бар әңгіменің орта жерін алатын сүйіскен екі жас болады. Бұл екеуінің тұтасқан өмірі, махаббаттың түгел жыры екеуін екі адам деп бөліп қарауға келмейді. Бұларды, атаның ежеқабылымен бірге тілек, үміт, талап, барлығын да бір-ақ жерге қосқан. Сондықтан сезімі мен ақыл ойлары да түгелімен бір-ақ күйде, бір-ақ орында болады. Екеуін екі бөлетін нәрсе: жаратылыста бірі еркек, бірі әйел болғандығы, істегі айырмыстары да сондық-ақ. Әйтпесе сезім өміріне келгенде бұлар бірінсіз бірі жарты болып қалатын мәңгі бірлік, мәңгі тұтастық үшін ғана жаралған адамдар. Осы белгісіне қарап біз Қозы Көрпеш пен Баянды екі адам деп айрықша тексеріп қарастырмаймыз, оның орнына осылардың көңіліндегі махаббаты тудырып өсірген ел мен ұяны жалпы жағдайда тексереміз.

Сол мақсатпен қарағанда, бұл екеуінің өміріндегі алғашқы бір далада аңда кездесіп, бала тілеудің үстінде достасып, ежеқабыл жасаған екі зарыққан шалдың ант-уәдесі. Екі жастың келешегіне шарт болып қалған, екі бала іште жатқан

уақытта ел әдетінде дін қарызындай нық байланған салт бойынша әкелері тағдырын қосып қояды.

Сол қосу, “лауқыл мақпузға” жазылған тағдыр¹⁹ жаратылыс бұйрығындай болып екеуінің келешегін билейді. Бұлар өмірінің қайғылы халі де, сәулелі күн шуақты қызық күні де осы халден суат алады. Екеуі бірін-бірі көрместей қиын қияға кетсе де, осы оқиғаның болғанын естуі-ақ мұң, содан әрі белгісіз от, табиғи заң билегендей болып, өзінен-өзі қозданып, дамыл алдырмай қыздырып, белгісіз жардың достығын көксетіп, сағындырып, алыстан-ақ жүрегі мен тілектерін қосады. Бірақ әңгіме бұлардың махаббатын күшті қылып, тереңдетіп, іштегі қызуларын асқынту керек. Бір-біріне меншікті болу, қосылу өлгенше қиын. Асудан өткен күнде ғана мүмкін болуға керек. Сол уақытта бұлардың бірі сағынып жылап, бірі іздеп, бейнет тартып, махаббат есігін ашудан бұрын от дариясындай азапты, қиындықтан өту керек. Сонда ғана махаббат күшейіп, шын достық шын ғашықтық жыры болуға керек. Сол себепті араларына талай қиын кедергі, ауыр кешу, азапты өткел салады.

Ол өткелдің бірі — Қарабайдың мінезсіздігі, сараңдығы. Дүниедегі тілегі мен тіршілігі түгелімен алдындағы малына байланғандықтан ол Балталы — Бағаналыдан көше қашады. Малдан айырылса өлгені. Көп малды азғана жерге сиғыза алмайды. Сондықтан пайыз таппай көшеді. Тынымсыз ұзақ көшу, бір жағынан қазақтың көшпелі салтын білдірсе, екінші жағынан Баянды Қозы Көрпештің қолына түсірмейтін болып алысқа, қырға әкету үшін істеледі.

Үдере көшумен Қарабай Сарыарқаны шыр айналып шыққанда, Қозының жары дүниеден қайтып қолға түспестей, жеткізбестей алысқа кетті дегізбек, ол замандағы қазақтың ұғымынша Қозы мен Баянның арасы бұдан алыс жерге кетуге мүмкін емес. Бұл ертегі жолынан да алыс, қиын жол. Ертегінің ерлері ең қиын, ұзақ сапарға барғанда Қап тауына барады. Не болмаса белгісіз теңіздің Барса келмес деген аралына барады²⁰. Бұл жерлердің аттары Құлаққа өлгенше жат сияқтанғанмен екеуі де Қарабай көшкен жолдан ұзақ емес. Біреуі осы күнгі Кавказ, екіншісі Азия теңізінің аралы. Жер

шеті Кавказ деп білсе, бір шеті Қарабайдың көшіп кеткен жері болуға керек. Мұндайлық ұзаққа көшіп кетуі, қыз бен жігітті екі қияға әкетіп, бірін-бірі ойлаған күнде көңілдегі арманы мен қайғысын күшейтпек. Бұл хал Қарабайдың сараңдығы мен Қозыға беруге қарсылығынан басқа екінші бір кедергі.

Одан кейін екеуінің арасы алыс болуымен бұлардың бақытсыздығы бітпейді. Қозы іздеп келерлік күн болса, тағы бір үлкен кедергі алдынан дайын болу керек. Ол Қодар, Қарабай мен Қодар Баянның қасында қамап тұрған тас қорған. Сыртына өліп-талып жетсе де, Қозының бұл қорғанның ішіне кіріп, сүйген жарын алып шығуы қиын. Қодар бір жағынан Баянды меншіктенген иесі болады, екінші ол үлкен дәу, мықты батыр.

Оған Қарабай шексіз борышты. Уақыт Қарабайды Қодар айырылмастай қылып мықтап шегелеген. Әдейі Баян мен Қозының ортасындағы кедергіні үлкейтіп, арасын алыстату үшін әңгіме Қарабайды елден асқан сараң қылып, малына қорғалатып, ол малдың амандық-түгелдігін Қодардың қайратына, ұлы панасына қорғалатқан соң, Қарабай еріксіз мықты малшының қолтығында қалады. Ол Қозының жауы, Қодардың тілеулесі болады. Сондықтан Қозыға қызды аламын деу қиын.

Мұншалық қиыншылық бөгеттің арасында сүйіскен жастардың қызуы еріксіз күшеюге керек.

Жақында жеткізбейтін қызық жастардың арманы мен өксігін күшейтеді. Бірақ өлгенше қиын жолда бұлардың оттары сөніп қалуға болмайды. Сол тас қорғанның ішінде отырса да, Баянның шешесі өсіретін, жүрегін нығайтатын тірек керек. Сол тірек үшін қияда жатқан жастардың арасында қиял жібіндей әлсіз болатын адамдар керек.

Сол міндетті атқаратын жас қыздың апалары Ай, Таңсық, Қозының ағасы Айбас болады. Ай, Таңсық Баянның жанындағы махаббат күн шуағы, тәтті ертегі, сұлу қиялының ұясы болады. Кішкентай күнінен Қарабай ауа көшкенде өз әмірлерінің мақсаты мен тілегін айтады.

“Қозы — күйеу, біз — қайын бике болып иілісіп тұратын күн болар ма?” — деп өмірлік арманын білдіреді. Қозы бұлардың да өмірлік жыры, қызығы. Жастардың маңындағы жылылық лебі болғандықтан, кейде анадай, періштедей

мейірімділікпен жас Қозыға арнап “Айым, күнім, атарсың қазалы оқты” дейді. Екі қыз бен Айбас жастар өміріндегі достық, дұрыстық үлгісі.

Бұлар Қарабай, Қодар сияқты кара қайрат, қаталдық, қараңғылықтың қарсысына әдейі арнап қойған сұлулық жылылығымен күшті болған қуат. Бұлар, неғұрлым нәзік, неғұрлым сезімді, шерлі болса, соғұрлым Қодар қауіпті, күшті жан болуға керек. Ел қиялы Қозы мен Баянның арасына екі қыз бен Айбасты қоспаса, жастардың махаббаты да жалған болар еді. Ондағы әңгіме орынсыз, сөлекет болар еді. Қиялдың бұларды қосуы ірі, терең ойшылдықтан, ірі суретшілдік сезімділіктен туған.

Қара қайратқа, тас қорғанға сұлу сезімділікті, күнәсіздікті қарсы қойып, оны өлгенше нәзік, әлсіз әйел сияқты жерден шығару, қасын түйген кара бұлт пен жүйрік, өткір нажағайды алыстырғандай болады. Қара қайрат сырттан қорғанын салып, далада мықтап жүргенде, үйде, бесіктің үстінде дұғадай сезімді тілекпен жібектей шалғын қоңыр желді жыр қылып, мәңгі достық, мәңгі махаббатты жырлап, алдыңғы күннің тілеуіне барлық сезім мен ойын дайындап, Баянды екі қыз өсіреді. Бұндай нәзік ұяда ержеткен Баян таусылмайтын махаббаттың иесі болмауға мүмкін емес.

Айбастың да міндеті сол. Бірақ, ол еркек. Сондықтан екі қыз бастаған жұмыстың аяғын еркекше жүріспен, еркек міндетін атқарумен бітіреді.

Міне, осындай от пен күннің арасында, жарық күн мен кара түннің тартысының ішінде ежеқабыл қосқан екі жастың махаббаты туады. Ол махаббат, әсіресе белгісіздігімен күшті, әсіресе тұман ішімен келетін тәтті түстей көмескі келешегімен күшті. Сол себепті бұлар бірін-бірі өлердей сүйеді.

Сондықтан, Баян Қозы өлген күнде соның көрінің ішіне кіріп, жарын құшақтап кара пышаққа жығылып өледі. Міне, махаббаттың сұлу жыры мен сол махаббатты туғызып, өсірген жағдай.

Әңгімедегі бұдан соңғы ірі орындағы адам — Қодар. Біз алдыңғыларды жеке-жеке кейіпкерлер қылып қарастырма-сақ та, Қодарға келгенде әңгіменің өзі беріп отырған ар-

наулы кейіпкердің кім екенін тексеріп, қарап өтпей болмайды.

Қодар көшпелі елдің шаруа салты туғызған батыр. Бұрынғы жағалай шабыс, құба қалмақ заманында, ел қиялы бір уақыт білегі жуан, күшті жау жүрек батырды тілеп, соны жыр қылған. Қодардың тұсында барлық тіршілік бақташылыққа, көшпелілікке байланғандықтан, шаруаның қаһарманын да көксемеуге, іздемеуге болмайды. Бұл жолдағы еңбекшіл ерде де елдің қиял қылатын батыры, орыстың ескілігі батыр пішінін көрсеткенде отырықшыл, егіншілік салтын білдіріп, сол түрдегі шаруаның қаһарманы қылып, жердің салмағын көтеріп жүретін “Микола Селениндей” деп көрсетсе, соны қиял қылса, көшпелі қазақ сондай мықты, алып малшыны қиял қылған. Шынында, көшпелі салт, бұл жолда қаһарман туғызбасқа болмайды. Қазақтың бақташылығы ержігіттің, мықты жігіттің қолынан ғана келетін іс. Аңдыған жау, ит-құстан басқа қысқы боран-шашын, жазғы ыстық, шөлдің ішінде малға ие болатын азамат, өзгеден ерекше қайрат қуаты бар жан болуға керек.

Сондағы алып малшы, қиялдағы бақташы Қодар болады. “Түнімен құдық аршып, түске шейін, сондай құдық жасайды беске шейін. Кейінің өз суы бар, кейінде жоқ, меспен тасып толтырар кешке шейін”. Бұл жағы қайраты. Қысқа келгенде дамыл алмай, қоспен кетіп: “Жылқыға тіпті жайлы Қодар маған. Сырт дұшпан бата алмайды, о бір қабан. Қодаеке шүйгітеді қайдағы отқа, жылқысы семіз шықты есен-аман”. Міне, ел қиялындағы қар төсеніп, мұз жастанып, жеңін жастық, етегін төсек қылып жүріп мал өсіретін, құт, береке болатын батыр бақташы. Барлық көшпелі салт өлең-жырда өзінің тұрмыс күйінен туатын тілегімен білдіретін болса, осыдан артық қылып көрсетуге мүмкін емес. Бұл баяғы заманнан бергі көшпеліліктің ілгергі, соңғы заманға үлкен бір үлгі қылып көрсеткен ұлы денелі шаруа қаһарманы. Қодар бетпақтың құмды, шелді даласынан ғайыптан шыққандай болып кез келетін, сол елсіз, үнсіз құмның тілсіз күші, шөлдің, мейірімсіз табиғаттың ортасынан шығатын жайын қуат.

Бұл айтылған сөздер Қодардың басына қалай да болса сияды. Батырлық, ерекшелік, мақтан, атақ Қодарға жарасады.

Сондықтан Қодар малшылыққа қарамай, сұлу қызды, ерке Баянды алмақшы болады. Оны ешкім өрескел көрмейді. Қарабай екі сөзге келмейді, көнеді. Жалғыз-ақ қарсылық қиялымен, ертегі-жырмен өскен, ұйқылы-ояу сезім түсімен өскен Баяннан шығады. Оған Қодар қаншалық малдың құты болса, қаншалық малға жақсы қара қайрат иесі болса, соғұрлым жек көрінішті, жиренішті сияқтанады. Баянның көзінде Қодар бір үлкен мал. Жұрт көрген өнері — Баянға өнер емес сияқты.

Шынында, Қодардан ел қадірлеген малшылық қасиетті алып тастасақ, ол үлкен мал сияқтанып қалатыны рас. Қодар жай мінезді білмейді. Орамға жоқ, даланың, жайын табиғаттың ортасында тілсіз-сезімсіз, малмен бірге жүріп, сол малдай ішкі өмірге шорқақ, дүлей болып кеткен. Әйтпесе, Қодар қиялдағы малшы да бола алмайды. Осындай елден ерекше мінез алуаны болғандықтан, Қодар өз тілегінің мөлшерін де білмейді. Өзі мен Баянның арасында қаншалық өткелсіз тұңғыық жатқанын айырмайды. Көптің байқайтын дұрысы мен терісін ол сезбейді. Сондықтан мақтанса шек білмей мақтанып, қайраттанса шек білмей, өгіздей өрге сүйрейді.

Бірақ қалай болса да, Қодар өмірінің мағынасы малмен ғана бірге біткен: малдан тысқары жерде ол батыр емес, оңашада адам емес, елеусіз құл болып қалады. Қодардың пішінін өлгенше ірі шеберлікпен суреттеген ел қиялы әдейі малға ғана шегелеп қойған. Қодардың өзінің тілегі мен әдеті еріксіз мал ішіне бірге ере кеткен. Сондықтан Баяннан жартымды жауап ала алмайды. Алғашқы тілегіне жете алмай жүрсе де, оның мол денесі ауырмайды, ештеңесі құрымайды. Баянсыз-ақ мал ішіне келгенде дүниені ұмытқандай қайдағы отқа малын шүйгітіп, Қодар маман жүре береді.

Бұл жағынан қарағанда, Баянға бұл ғашық та емес, Баянсыз өліп те қалмайды. Баян деген бұның көңілді болып жүруі үшін айта салатын бір сөз ғана болу керек. Баянға қызығуы жылтырға, бояуға ғана қызығу сияқты. Ондайлық жарқыраған нәрсеге тоқтап қарау малда да бар сипат.

Қодардың Баянға байланысы сондай-ақ елдің сұлуға, естіге, туыстыға көбірек баға беретін қиялы, бұл тұста Қодарды өз орны деп малдың ғана қасында ұстап, сол өз орнында ғана батыр қылып, бағлан қылып, әншейін өмірден кемітіп, төмен қылып ұстайды. Бұл жерде мақтау мен бағада шектің қайсысы екенін әбден айырып, сынап білген қырағылықты тағы да көреміз. Бақташы елдің қиял қылған малшы батыры жайындағы сөзді осымен бітіреміз.

Әңгіменің ендігі беретін бүтін адамы Қарабай болады. Ел поэмасын жасап шығарған кейіпкерлері, кейде жалғыз қазақтың адамы қазақ мінезінің жақсы, жаман үлгісі болады. Кейде бір-ақ топ, бір-ақ қауымның адамы қылып көпке бірдей мінездермен шығаратын болады. Адам баласының жалпысына қас болған жаратылысты білдіретін адамдар да бар. “Қозы Көрпеш — Баянда” бұл көпке бірдей мінезбен шығатын адамдар — махаббат иесі жастар мен Қарабай болады. Сүйіскен екі жас өмірінде барлық адам баласында түгелімен болатын махаббаттың сұлу жырын көрсек, Қарабайдың мінезі мен ісінде көпке мәлім сараңдықты көреміз, өнерлі елдің әдебиетінде, жазба әдебиет күшейген заманда шыққан сараңдардың толық жасалған суреттері бар. Мысалы, Пушкиннің “Сараң серісі”, Гогольдің Плюшкині²¹ — бұлар орыс әдебиеті күшейіп, өнер атымен дүние майданына танылған заманда шыққан суреттер. Осымен біздің ел поэмасы беріп отырған Қарабайды салыстырып көрсек, бұнда да алғашқылардай толық пішінді, түгел суретті сараңды көреміз.

Баян поэмасы махаббат жырын келістіріп, кестелеп отырып, оның үстіне өзге пішінді тағы сондайлық ірі орынға ие болады. Барлық сараңды алып қарастырғанда, оларды көбінесе жан сипаты мен мінез, әдет сипатынан тексеріп синайды. Мұндай жандар адам баласының бәріне бірдей ортақ мінез, ортақ сипаттың адамдары. Сараңдық, дүниеқорлық адам баласының өнерлі-өнерсіздігіне, бай-кедейлігіне, еркек-ұрғашы деген айырмыстарына қарамайтын, барлығына бірдей, бірінде көп, бірінде аз болып келетін қарғыс атқан мінездің біреуі. Барлық адам баласына азды-көпті болса да махаббат деген нәрсе қаншалық ортақ болса, сараңдық та сондай ортақ мінез. Сондықтан бұл мінез адам баласының өзге жан

иесіне бөлек ерекше болып біткен ақыл сезімінің ішінде сұлу туысының табиғаттан ала кірген бір бұраң сияқты. Сараңдық сыртқы өмірдің қалпынан тумайды. Сыртқы өмір сараңның сараңдық дертін не ұлғайтып, не кішірейтіп кемітерлік қана әсер етеді.

Бірақ барлық сараңдық мінез адамның ішіндегі қараңғы бір бұрыштан шығып жататын, өзгеруге болмайтын, қалыптанған, нық орнаған бір дерт болады. Адамның ішкі сезім жаратылысынан шығатын ауру болғандықтан, барлық сараңның сараңдық мінезін қарастырғанда, алдымен олардың жан жаратылысы ерекше біткен адам деп тексеру керек. Барлық сараң алдымен жаны өзгеше жаралған кейіпкер болады.

Қарабай қазақ өмірінің ортасында туып-өскен сараң. Әуелі Қарабайды сараң, малдың құлы қылып көрсететін мінезді тексеріп өтелік. Поэма әуелгі, Қарабайды көрсеткен жерден-ақ, дүниеқорлық мінезін оқушының алдына ашып салады. Сол бір басталған бетінен аяғына дейін бір уақыт сараң байдың пішінін жоғалтпай, көмескілікпен бұлдыратпай, бір мінезге екінші мінезбен ісін қосып, толық пішінді сараңды жасап шығарады.

Қарабай “Тоқсан мыңды айдаған бай болса да, үйіне сілкіп салар сырмағы жоқ” болады. Бұл барлық мол дүниені өзінің қара басынан да аяйды. Қарабай буаз малды олжалап алу үшін, құдай атын айтқан досын сатады. Бұрынғы қазақтың ұғымынша Сарыбайдың буаз маралды атқысы келмей, үйде келінің екі қабат еді, қырсық болар деп қорыққаны әбден орынды қауіп. Бала тілеудің үстінде жүріп бала көтеріп жүрген жазықсыз жан иесін өлтірсе киесіне, обалына ұшырауға мүмкін. Ол ескі қазақтың ұғымында даусыз ақиқат сияқты. Оны Қарабай да теріс демейді. Бірақ оның дүниеқұмарлық дерті күшті. Сондықтан Сарыбайға қырсық болатынын біле тұрса да атқызады. Обалын мен көтерейін деп өзінің алдынан шығуға мүмкін болған белгісіз қауіпке шыдайды. Оған күнгі тілегі, дүниеқорлық дерті бәсеңдесе, соған жеңілдік табылса болады. Сондықтан кімді болса да құрбан қыла салады.

Онан соң Қарабай Қодардың алдында шексіз борышты, міндетті болады. Сондағысы малдың қамы. Сондықтан, малын аман алып шыға аларлық қайратын көрген соң, екі сөзге келмейді. Қодардың тілеген ақ Баянын бермекші бо-

лады. Қарабайға барлық маңайындағы дүние мен маңында жүрген жандардың ішінде екі-ақ жақын нәрсе бар. Ең әуелгі мал, онан соңғысы соны сақтайтын малшы. Одан басқа жандардың тіршілігі, тілегі, қуанышы, көз жасы түгелімен Қарабайдың ішіне кірмейді, ұғылмайды. Көңіліне қозғау сала алмайды. Қодар қымбат болғанда сондығымен қымбат; сол себепті Қозы Көрпеш тазша болып келіп, өкпе бергендігі үшін басқа табакпен ұрғанда: “Жарса жарсын табақты, ойбай, қатын, малды бақпай кетеді, үндемелік” дейді. Бұл мысалдар әңгіменің өзі мүсіндеген Қарабайдың қалыптары. Енді сараңбайдың сыртқы өмірін алып, соны сараң қылатын шарттарды тексеріп көрелік. Қарабай 85 жасқа келгенше бала көрмей өткен жалғыз шал. Туып-өскен елі белгісіз, жалғыздық, қу бастық мұның өмірлік тағдыры сияқты болған. Оның үстіне көп малы бар. Барлық адамда сараңдық деген мінез кәрінің ішінде ерекше, айқын көрінеді.

Бұрынғы суретті кейіпкер болған сараңдарды алсақ, барлығы да кәріден шыққан сараңдар. Жас күнде адам сезіммен іс қылып, көп тілек, қиялымен өмірін сүрген уақытта дүниеқорлық, мал құмарлық сияқты нәрсеге оңай тоқтап, байланып қалмайды. Онда туыста бірге біткен сараңдық болса да, көбінесе оны бұзып кетіп отыратын қызулы жастық тілектері болмақ. Қартайған адам қиялдан арылған. Өткені мен келешегін анық түсініп, сынап, солғын, салқын қанмен күндегі өмірді күнделік жүдеу күйінде ғана түсінеді. Сондықтан алдыңғы өмір алыстағы тұманды қиялмен елестеген болып бұны алдай алмайды. Ол бүгінгі көз алдындағы барымен тіршілік етеді.

Сондықтан қартайып, алдынан үміт үзіле бастаған сайын қолындағысына жабысып, қатып, мықты ұстап, бауырына басып, сүйеді. Оның көңілі басқа тілекке бөліне алмайтын көн болып, кеуіп қалған көңіл болады. Мұндай кезде адамның тілегі мен үміті бала болуға мүмкін. Соның тіршілігімен барлық қартайған, қажыған әкеге жаңа бір сүйеу, жаңғырту сияқты болуға мүмкін.

Бірақ Қарабай 85 жасқа келгенге шейін бала көрген жоқ. Бала тілеуден қалмаса да, бұл күнде бала қолына тисе де, ол оңала алмайтындай болып дерттенген. Түзелер, жазылар кезден өткен. Сондықтан бала да оның кеуіп қалған көңілін

жібіте алмайды. Оның үстіне баласы еркек бала емес, әйел бала. Қазақтың ұғымында жарты жан тірек бола алмайды.

Қарабай халіне жеткен кәріде көңіл күйі орта жерді білмейді. Ол екі шеттің біріне шығу керек. Сол екі шетте боларлық мінездің бірі — Сарыбай, бірі — Қарабай. Сарыбай сияқты болса, қартайған шағына шейін бала көрмеген соң, үміт тозған соң, алдында жалғыз күткен жуық көр, қараңғы, түпсіз терең келешек тұрған соң, ондай адам не дүниенің барлық қызық дегеніне қол сілтегендей тоқтаған, салқындаған. Алдыңғы тұманды, жуасыған көңілмен ғана күткен адам болу керек. Ол сопылыққа, адамшылыққа, кеңдікке, мырзалыққа берілген адам болуға лайық. Сондықтан маңайындағы жақсы-жаманның бәріне ол қадірлі, бағалы, қасиетті адам болу керек. Сондай мінез Сарыбайда болғандықтан, “Келімсек төре хан болып, Балталының халқына” деген мақтауға жетеді. Бұл дұрыстық үлгісі, Қарабайға қарсы бір шеттен барып шыққан адам болады. Қарабай осының қарсысында жиырылған қалпынан жазыла алмай, сараңдықпен бүктетіліп, дүниені қия алмай қалған қарау болады. Бұл екеуі де баяғы заманнан осы күнге шейін шындығын жоғалтпай келе жатқан нағыз өмір айнасы сияқты, әлі күнге тірі жүрген кейіпкерлер, әлі де барлық кәрі осы екі жолдың бірінде: әлі де Қарабай, Сарыбайлар адам баласының ішінде жоғалмай тіршілік етіп келеді.

Қарабай осы себепті жалпы адам баласына түгелімен ортақ үлгі. Өнерлі ел, өнерсіз елдің екеуінің ішінде де бар адам. Жан сипатының ерекше дерттілігіне қарағанда сол дерттің өте шеберлік, жүйрікпен суреттелгеніне қарағанда, Қарабай нағыз суретті кейіпкер, поэманың ішінде өмірі мен ісі аз көрінсе де Сарыбай да сондай ірі кейіпкердің бірі, өзі өлсе де артындағы оның жайындағы әңгіме көп. Сол әңгіме суретті кейіпкерді толық суреттеп, бітіріп бергендей болады. “Қозы Көрпеш — Баянның” мағына-маңызынан басқа, тіл кестесі мен өлең түрін алсақ та, өзге ел әдебиетінен қалған өлеңдердің барлығынан бөлініп, жеке дара болып шығатын оқшаулығы бар. Бұның тілі батырлар өлеңіндегі құлан жортыс сияқты құба жондатқан, аспандаған тіл емес. Сол себепті мұнда “айыр қалпақ, жез телпек” те жоқ. “Ылдидан шапса, төсте озған; таңертең шап-

са, кешке озған, томаға көзді қасқа азбан” да жоқ. Мұның орнында ел поэмасының тілі, қалың елдің тілі болған. Жақын замандағы шешен қазақтың ортасында кестелеп айтып жүрген қара тілі. Елдің өз тілінің суретін анық түсіру үшін кейде сол елдің өзі айтатын қалжыңды айтып, күлдіріп қояды. Біреуді мысал қылып мазақ етсе де, сол елдің өз дағдысымен мазақ етеді. Қайғыртып, қаралы қылып күйдіргісі келсе, яки ашумен алқындырғысы келсе — барлығындағы жаман әдет ел ішіндегі қойшы-қолаңшы, хан, қара болсын, бәрінің бірдей қолданып жүретін, күндегі мәлім сөздері.

Барлық әңгімесі өлеңді тыңдаушыға қызықты қылып, қалың елдің құлағына жағымды қылып көрсету үшін, өлеңді бастан-аяқ баяндау сөзге салып жібермей, арасына кәрі-жас бірдей сүйетін салт өлеңдерінің түрлерін кіргізеді. Сол себепті “Қозы Көрпештің” ішінде естірту, жоқтау, қоштасу, жаржар өлеңінің бәрі де бар. Осының ешбірі әңгімелі өлеңге ұрлықпен әкеліп жамалған емес. Баяндап келе жатқан әңгіменің ағымына өте жарастықты болып, сұлу түр болып қосылып, сұлу түр болып үйлесіп кетеді. Сол түрлер қосылған соң “Қозы Көрпешті” қалың ел жанындай сүйіп тыңдамасқа шарасы жоқ. Тыңдаушы ұлы қазақтың бір пішінін міні жоқ мол айнадан түгел көріп отырғандай болады. Сондықтан жатақ өлеңін кейінгі айтушылар, жаңағыдай салт өлеңдеріне келгенде, арнаулы әнге салып айтатын. Бұл әдет тыңдаушының құлағын бір жолата қандыратын болған.

Осындай тіл мен түрдің ерекшелігіне қарасақ та, “Қозы Көрпеш” өлеңдері ел әдебиетінің бір жерге топтанып, жиылған толық қорытындысы болатындығына дау айтуға болмайды.

“Қыз Жібектің” қысқаша әңгімесі

Бұрынғы өткен заманда, Жағалбайлы деген елдің ішінде²² Базарбай деген бай болады. Мұның Төлеген, Сансызбай деген екі баласы болады. Базарбай елден асқан даңқы зор бай болса да балаларына жас күнінен қыз айттырмайды: әрқайсысы ержеткен соң өзінің өнерімен таңдаған қызын алсын дейді. Төлеген жасына жетіп, жігіт болған соң маңайдан өзіне тең

қыз қарастырады. Ешкімді ұнатпайды. Сөйтіп жүргенде бір алыс елде Қыз Жібек деген сұлу қыз бар деп, атағын естиді. Қыздың салтанаты мен түрі елден асқан өзгеше болып естіледі. Ол да күйеу таңдап, ешкімді менсінбей жүргенін естиді де, Төлеген соның атағына құмар болып, талай жүз жылқы айдап, қыздың елін іздеп, жүріп кетеді. Арада көп заман жүреді, жол бойында жақсы қыз бар деп көрсеткен жұрттың бәріне іркілместен сый беріп, мырзалық даңқын шығарып отырады.

Аяғында Қыз Жібектің ағасы сияқты ақылшысы болып жүрген Қаршыға деген адамға кез болады. Соған үлкен сый беріп, кісілігін танытады. Қаршыға Төлегенді ертіп алып Қыз Жібектің көшінің соңынан түсіп, қарындасын көрсетпекші болады. Көш бойында талай сұлу көрінеді. Төлеген әрқайсысын Қыз Жібек пе деп ойлайды. Жібек қыздардың ішінде болмапты.

Ол көштің алдында, ақ күйменің ішінде, ешкімге жүзін көрсетпей жеке кетіп бара жатады. Қаршыға мен Төлеген артынан қуып жетеді. Ағасы тілек етіп, жүзінді көрсет дейді, Қыз Жібек бір-ақ рет ашып, Төлегенге қарайды. Бір-екі ауыз қалжың айтысады, екеуі бір-біріне ұнайды.

Ақырында Төлеген — күйеу, Жібек — қалыңдық болып, талай заман қызық дәурен сүріп тұрып қалады.

Бір мезгілдер болғанда Төлеген ел есіне түсіп, бір барып қайту керек дейді. Жолы қиын, алыстықтан қорқып, Жібек қыз құдайдан оң сапарын тілеп, көп қоштасып, аттандырып салады. Төлеген келесі жылы жазға салым қызбен бірге келмекші болады.

Еліне аман-есен келіп, бір талай уақыт тұрып, Төлегеннің әкесі кеткенін қабыл көрмейді. Енді жібермейтін болады. Баласына “Барма” деп жарлық етуден басқа, ел-жұрттың барлығына хабар шашып: “Төлеген кететін болса, бір адам ермесін” дейді.

Сонымен жүргенде жаз болып, құстың алды келе бастайды. Төлеген уәдесінен кешіккенін біліп, қалыңдығын сағынып, қайнына жол тартпақшы болады. Шешесі мен інісі зарлап, жылап: “Кетпе” дейді, Төлеген тоқтамайды, жалғыз-ақ інісіне қайын жұртының жөн жолын айтып: “Мен кешіксем, іздеп тап” дейді.

Сол бетімен жолда бірнеше заман жүріп, Жібектің елінің шетіне тақалғанда Сарқамыс деген бұлақтан мұның алдын тосқан жау шығады. Бұлар Қыз Жібектің елінен, сол қызға құмар болып арманда қалған жігіттер екен. Жат елден келіп, Төлеген алған соң бұған кекті болып, жолын тосып өлтірмекші екен. Бастығы Бекежан деген болады. Сарқамыста бұларға кездескен соң Төлеген соғыс салады. Көп болса да алғызбай, қайрат көрсетеді.

Бірақ Төлеген көппен соғысып жүргенде Бекежан жалғыз камысты бетіне алып, садағын кезеп, аңдып отыр екен. Өзі нұсқағаны құр кетпейтін мерген екен, сол Төлегенді атып жығады.

Төлеген жалғыз жатып, зарлап, аспаннан ұшқан қаздарға мұның шағып өледі. Бекежан Төлегеннің көк жорғасын мініп Қыз Жібектің аулына келеді. Жібек сұмдықтың болғанын біліп, Төлегенді Бекежан өлтірді деп ағаларына шағады, ағалары Бекежанды өлтіреді.

Қыз Жібек жары өлген соң қапа болып, ешбір дүниеге алаң болмай, соны жоқтаумен, қайғырумен күндерін өткізеді. Төлегеннің жолына жанын салғандықтан Жағалбайлыдан біреудің келуін күтеді. Төлегеннің інісі Сансызбайды жоқтайды. Бір әмеңгері сол болған соң, соған қосылуды арман етеді. Бұл уақытқа дейін ағасы кешіккен соң, Сансызбай іздеп шығып еді. Жібектің еліне о да келіп жетеді. Бірақ бұл уақытта Жібектің еліне қалмақтың ханы келіп, көп қолымен қамап алып, Жібек қызды аламын деп жатқан.

Сансызбай келген соң, Жібекпен уәде байласып, ауыл көшкенде қалмақ ханының атына Жібек мініп, екеуі бірігіп алып, Жағалбайлыға бет қойып қашады.

Қалмақ артынан жабылып қуады. Сансызбай тосып алып, қалмақтың ханымен жекпе-жек жасайды. Бұл уақытта Қыз Жібек мойнына шылбыр салып, тілеу тілеп отырады. Сансызбайды қалмақ өлтірсе, буынып өлмекші болады. Бірақ, қалмақты Сансызбай алады. Ханын өлтірген соң, артынан келген қолды да қырады. Содан кейін көңілдері жайланып, жеңгесімен екеуі Жағалбайлыға қарай жүріп кетеді.

“Қыз Жібек” әңгімесінің мәнісі

Қазақтағы ел поэмасының екінші бір мысалы — “Қыз Жібек”. Жалпы поэма атты әңгімелі өлеңдер, елдің арнаулы салтын, әдет заңын, дүниеге көз қарасын, ұғымын білдіретін әңгімелер десек, “Қыз Жібек” те сондай ел тіршілігінің көлемді айнасы болғандықтан, көңілдегідей жақсы поэма деп саналады.

Біз “Қозы Көрпешті” қарастырған уақытта, ол поэма қазақтағы көшпелі салтты білдіреді, сондай салт, сондай әдет заңының ортасында туып-өскен адамның дүниеге көзқарасы қандай, махаббат сезімін бағалау, бақыт, жақсылықты айыру қандай, сондайларын көрсетеді дегенбіз. “Қозы Көрпеш” көшпелі салт пен ру жігіне бөлінген ескі өмірдің сұлу табысы деп баға бергенбіз. Қазіргі “Қыз Жібек” те сондайлық ел салты, ел ескілігінің бір табысы. “Қыз Жібек” әңгімесінде қазақ сияқты елдің бұрынғы әйелге берген бағасы білінеді. Сондағы әйел турасындағы әдет-заң сол заман еркегі мен ұрғашысына қандай ұғым берген? Ру жігіне бөлінген тіршіліктің кезінде ру мүлкі деп саналатын әйел махаббатқа қалай қараған? Өз өмірінің мағынасын не деп түсінген? Соның өмірден күтерлік қызық сәулесі, үміт тілегі қандай күйде болып қалыптанған? “Қыз Жібек” әңгімесі осы жайларға жауап бергендей болады. Ескі заманның әйелі ескі заңның арқасында дүниеге бүгінгіден бөлек, ерекше көзбен қараса, сол заманның еркегі, сол заманның барлық қауымының да көз қарасы сол болған. “Қыз Жібек” әңгімесі жалғыз ғана әйел емес, барлық елдің дүниені түсінуі мен ұғынуын тұтас көрсетеді. “Қыз Жібек” әңгімесінде ерте бір замандағы қазақ жастарының тіршілігі, қазақ жасының жақсы деп баға берерлік бір қызықты өмірі баян етіледі. Сол әңгіменің орта жерінде тұратын адамдар: жар таңдаумен өскен, жөпшенді жігітті менсінбей, тәкәппар болып жүрген сұлу Қыз Жібек.

Екінші адам сол қызды алыс елден іздеп келіп, сұлулық, естілігімен жеңіп алатын Төлеген.

Әңгіменің ішіндегі суреттелген қыз бен жігітті алсақ, бұл екеуі де өз заманының бел баласы. Сол өңірде өсіп, сол көшпелі салт пен ру жігіне бөлінген елдің заңын, заң ұғымын ұғым қылып тұтынған адамдар.

Осы жағынан қарағанда, Төлеген өз заманындағы қазақ ортасындағы сері мырза, ерке бұлан болып өскен жігіттің үлгісі. Бұрынғы қазақтың түсінуінше қатын алатын шақ — әрбір жігіттің жігіттік ерлік өнерін сынайтын кез болады. Баяғы замандағы ескінің айтқан: “Қатынды не ел шауып, егер қылып жаттан аларсың, не ағанды өлтіріп, жеңгенді аларсың” деген сияқты сөзі бергі заманға шейін қазақ жігітіне сын есебінде айтылған бір сөз болған. Баяғы ескі заманның батыр атын алған жігіт, қатынды бұрынғының батырлық үстіне қиын-қыстау сапарда табатын болса, одан бергі заманның жас жігіті сол қатын алатын шаққа жеткенде бір кедергі, бір бейнет сияқты, қауіп-қатер сияқты қиын, өткелі тар, кешуі көп жерлерден өтіп барып алуға керек болған. Бұндай хал бір өңірдің серісі, мырзасы, жақсы жігіт болған жастарға әсіресе міндет сияқтанған.

Төлеген елден асқан атакты Базарбайдың баласы. Ержеткенше қыз айттырмай, әкесі де өз таңдауымен алсын деп келген, сондықтан, ол ержеткен соң күндегі амандық, тыныштықтың бәрін бір күнде артына тастап, тіпті алыс жолда, тіпті қиын қияда тұрған Қыз Жібектей сұлуды іздеп шығады. Албырттық, жастық шаққа, сезім билеген қиялшыл шаққа жасырынға, көмескіге ынтық болатын мезгілге Төлегеннің Қыз Жібекті іздеп шығуы әбден сияды.

Мұның жүрісі өзінше батырлық жүрісіндей, тәуекел жүріс. Бейнет пен қатерге жақсы жары үшін әдейі белін буып шыққан жүріс. Махаббат қандай шарттың арасында шын махаббат болып, қандай күйлердің ортасында туып-өсетінін әбден ұғына білген ел қиялы екі жастың сезім күйін күшейтіп, махабатын жарастырып, қызуын ұлғайту үшін әдейі осындай жайлардан бастайды. Енді Төлеген іздеп шыққан, ынтық болған Қыз Жібектей сұлуы кім? Ол қай алуан адам? Соған келейік. Қыз Жібек те, Төлеген сияқты өз заманының барлық жас әйелінің сұлу үлгісі, тұтас сұлу жыры сияқты сезімді жас Қыз Жібек пішінінде, қазақтың ертегіде жырлайтын сән-салтанаты, қызық-рақат ортасында өсетін ерек сұлуының мінезі, салты бір көрінсе, бұдан соң, әсіресе, айқын көрінетін сол замандағы нық орнаған әмеңгерлік, жесірлік заңы.

Қыз Жібектің Төлегенді сүйі анық. Сыртқы әңгімелеу ретінде, бұның тағдыры Баяннан бөлек болса да, мұндағы махаббат сол Баян махаббатының дәрежесіне жетерлік, өзінше бір заңдарға бойсұнған махаббат.

Бұның бойсұнған ерекше заңы, қазақ елінің жесірлік салты дедік. Төлегенді өзге көп құмар жігіттің ішінен таңдап алғанда Қыз Жібек жалғыз жүргендігіне қарамай, өкінішсіз, қалтқысыз сүйеді. Соны шын көңілімен сүюмен, сағынумен жүрген уақытта Төлеген өледі. Осы оқиғадан соң Қыз Жібек жүрегінде махаббаттың екінші бір түрі шығады.

Бұл түрі бүгінгі махаббат жайын сұрайтын адамдардың ұғынуынша, бүгінгі өнерлі Еуропа ұғынуынша жат түр. Мұндай махаббат болмайтын да сияқтанады. Бірақ қазақтың сол замандағы тұрмыс заңын, салтын еске алсақ, сол заң мен салтқа анық бойсұнып өскен адамдардың көзімен қарасақ, бұ да махаббат екені даусыз. Бұл “Қыз Жібектегі” махаббаттың екінші сатысы. Қазақ махаббатының өзгеден ерекше бір алуаны, ерекше түрі.

Қыз Жібек басында Төлегенді сүйгенде оның бір басын ғана сүйіп қойған жоқ. Ол махаббаттың келешек қызықты күнін сол Төлеген шыққан рудың, сол шыққан ауылдың, аймақтың ішінде болады деп есептеген. Қазақтың салты бойынша, өзін Төлеген руының мүлкі деп есептеп өскен. Бұның келешектегі күні Төлегеннің ауданымен, ауылымен байланысқан махаббаты ауданды, көлемді махаббат. Бүгінгі ғана бір-ақ жанды сүйіп, сонымен тоқтап, тойып қалған махаббат емес, келешектегі келін болған, жеңге, бәйбіше болған заманның барлығын бірдей сүйіп, сол күнді іштегі махаббаттан басқа, сол руға тиісті болған намыспен сүйген, сондықтан Төлеген өлген күнде, ол Сансызбайды Төлегенді жоқтағандай жоқтайды.

Сансызбай келгенде бұрынғы жоқтағаны тіріліп келгендей көреді. Артында басы бос, жетіп отырған қайынысы болған соң, өз жары өлмегендей болады. Қайыны өз күйеуімен бір ата, бір анадан туған соң, Төлегеннің жарты денесі сияқтанады. Тіріліп келген аруағы, суреті сияқты болады.

Сондықтан оған бұрынғыдай құмар көңілмен қосылып, жарастықты тіршілік етпек болады. Бұл бақытсыз болар еді, Сансызбай жоқ болса, Төлегеннің артында Сансызбай болғандықтан, жесір қалған қалыңдық бақытсыз емес. Сансызбайдың басына қатер таянған күнде мойнына шылбыр салып, өлмекке дайын болып отырған — Қыз Жібектегі махаббат шын махаббат екенін және сол махаббат бір атаның баласына түгел арналған толық махаббат екенін білдіреді. Бұл әңгіме өзгеге өте жат болса да, қазақ құлағына бұл күнге шейін жат емес. Қазақ көзіне шын махаббат сияқты көрінуінде шүбә жоқ. Ол адамдардың мінезі мен ісі, қиялы мен сезімі қалың елдің көпшілігіне ұғынымсыз жат нәрсе болса, сол уақытта әңгімелеуші адасқан болады. Ондай ел ұғымына жат келетін әңгіме жайылып, тарамайды. Жоғалып та кетеді.

“Қыз Жібек” әңгімесі, қазақ елінің өз рухы, өз қанынан шыққанына осы күнге шейін елдің өзі куә. Осы күнге шейін бір қазаққа Қыз Жібектің Сансызбайды сүйіп, соған тиюі өрескел көрінген емес. Олай болса, бұл әңгіме қазақ елінің өзгеден бөлек табиғатымен, өзгеден бөлек ұғымынан туғандығына дау жоқ. Сондықтан мұны да Баяндай, қазақ тіршілігі туғызған махаббат жырының бірі дейміз.

Қыз Жібек әңгімесінің негізі ескі замандағы ел әдебиетінің ертегі сияқты қара әңгімесінен алынған. Бері келгенде, өлең өлшеуіне салып, суретті әңгімеге айналдырып, поэма қылып шығарған — Жүсіпбек қожа²³. Бұл күнде қолымызда ескі “Қыз Жібек” әңгімесі жоқ. Сондықтан алғашқы тұлғасы қандай еді, оған өңдеуші Жүсіпбек қанша жаңалық қосты, қанша өзгертті, ол туралы біз еш долбар жасай алмаймыз. Бірақ бұл күнгі қолда отырғанын сынағанда байқалатын нәрсе: “Қыз Жібек” ел әдебиетінің ішінде жазбаның романы сияқты көрінеді. Бұдан бұрын біз қарастырған ел әңгімесінің қай-қайсы болса да, бұрынғы заманда болып өткен бір адамның өмірі мен ісін алып, соны ұлғайтып, әңгіме қылып, соны қиялдайтын, мысалға баяғының батырларын алсақ, солар да ойдан шығарған, қиял туғызған адам емес. Дәл әңгімеде жыр қылған ерлік сияқты қасиеттері түгел болмаса да, соған ұқсаған іс пен

мінездері болған. Соны ел қиялы көтеріп, түрлеп жыр кылып әкеткен.

Осы ретпен “Қыз Жібек” әңгімесін алып, болған оқиғадан шыққан ба, жоқ қиял туғызған әңгіме ме деп қарастырсақ, бұл өзге әңгімелерден басқарақ көрінеді. “Қыз Жібек” бұрынғы батырлар әңгімесі сияқты жортуылшы, жорықшыл ердің әңгімесі. Бұл тарихи дәуірге де келмейді. “Қозы Көрпеш — Баян” сияқты әңгімеден де бұның басқарақ жерлері бар. “Қозы Көрпеш” көп елге жайылғанда анық болған әңгіме болып жайылған. Бүгінгі Жетісудағы бейіті ертеде Қозы Көрпеш деген адамдардың болғанына куәлік айтып тұр. Бұрынғы ел ортасына жайылған қара әңгіменің көбі ертегі болса, Қыз Жібек оған да ұқсамайды. Олай болса, бұл әңгіме өзге ескіліктің бәрінен бөлек.

Ескі сөздің ішінде роман үлгісімен шыққан, басқа жұрт әңгімелеріне ұқсаған бір түр болады. Түр ұқсастығына қарағанда қай елдің қандай әңгімелеріне келеді? Меніңше, Қыз Жібек араб, парсының ғашықтар әңгімесіне ұқсайды. Қазақтың өлеңінде: “Біреуі жеті ғашық Сейпүлмәлік, кітаптан ғашықтығын көрдім анық” деп айтатын Сейпүлмәлік әңгімесі Қыз Жібек әңгімесіне азырақ жұғын берген сияқты. Шынында, Төлегеннің Қыз Жібек деген сұлу қыз бар деп атағын естіп, ғашық болып, белгісіз алыс жолға құмартып іздеп шығуы, Сейпүлмәліктің Бадығұлжамал деген пері қызының суретін көріп, ғашық болып, іздеп шығуына аз да болса ұқсағандай болады. Бірақ бұл ұқсастық бойынша бар әңгімесі “Сейпүлмәлікше” келеді демейміз. Бұл сөз азырақ ұқсастық жайын ғана айтқан мөлшер сөз.

Анығында, Қыз Жібектің басы күншығыс ертегілерінше басталса да, қазақ өміріне өте жуық, қазақ ішінде осындай оқиға, осындай мінез бен істі туғызатын шарттың бәрі жоғарыда айтқандай анық болған. Соңғы заманға шейін жігіттің қыз қарап, қыз таңдап шығуы болып та келеді. “Қыз Жібек” өзге жұрттың әңгімесіне романша, ертеке басталғандығымен ұқсайды. Бірақ тағы да айтамыз, солай басталуы қазақтың өз тұрмысынан да туып кетуі мүмкін.

Осымен бөтен жұрттың әдебиетінен келген әсер болса, ол — басталуында ғана. Одан кейін әңгіменің құрылысы, ұлғайып өсуі, барлық адамы, адамдардың мінезі, ісі, барлығы да түгелімен нағыз қазақтың өзінікі. Өзге жұрттан келген азырақ мәдени жұғын болса, о да жат тәрізді емес, қазақ салтына табиғи оқиға сияқты көрінеді.

Әңгіме ішіндегі қыз, Бекежан, Қаршыға, Сансызбайлар, барлығы да баста айтқандай, қазақ елінің, қазақ салты мен қалпының бел баласы.

IV б ө л і м

ТАРИХИ ӨЛЕҢДЕР

Ел ескілігінің бір алуаны — тарихи өлеңдер. Бұл уақытқа шейін біз қарастырған әдебиет жұрнақтарынан тарихи өлеңдердің бөлінетін бір үлкен айырмасы бар: бұдан бұрынғы ескілік кейде әңгімелі өлең туғызса, кейде ел салты мен ел сезімінің әр түрлі ауыр-жеңіл күйлерін шығарса, барлығында белгілі мезгілге, белгілі орынға байланбаған еркіндік бар. Даланың желіндей, кезіне қарай шалқып есіп, кейде ілгері, кейде кейін кететін, ел өмірінің арнаулы мезгілімен нық байланудың орнына тарихтың ұлы шеңбер, көмескі дәуірінен болымсыз ғана белгі беретін. Ол өлеңдерді меңгеріп, билейтін көңіл күйі, ақындық қиялы болатын. Оларға қарағанда, тарихи өлең ел әдебиетінің жаңа бір ағымы, жаңа түрі сияқты.

Тарих өлеңдері ең алдымен ел тіршілігінде анық болып өткен тарихи оқиғадан туады. Пәлен жыл мен пәлен жылдың арасында болған тарихи дәуірдің жыры. Сол дәуірде арнаулы оқиғаның қақ ортасында болған атақты адамдардың басынан кешкен өмір, қолымен істелген істің жыры болады. Тарихи өлеңдердің ішіндегі адамдар жалпақ елге аты белгілі, жалпақ елге қадірлі, сүйікті адамдар. Сол адамдардың істеген ісі, беттеген мақсаты, көптің өміріне қозғау салған әсері, көптің аузында неше алуан әңгіме болып қалады. Бұл әңгімелердің көбі сол оқиғалардың ішінде болған, көзі көргеннің әңгімесі.

Сондықтан сөзі мен суреттерінің шындығы көбінесе даусыз. Сондайлық тарихи оқиғалар өз тұсында көпке жайылған жанды әңгіме болып жүрсе, кейде ақындардың қолына жетіп, өлең өлшеуіне түседі. Тарихта болған оқиға.

Оқиға өлеңге айналған соң өзі ескінің тарихы болып жоғалмайтын болады.

Бұл күнгі қазақ ескілігінен бізге қалып отырған тарихи өлеңдердің барлығы да осы жолмен туып, өскен.

Бірақ қазірде тарихи өлеңдерді қарастырудан бұрын айтатын бір сөз: бізде бұл күнге шейін барлық тарихи өлең жиналып болған жоқ. Нағыз тарихи өлеңдерінің басталған кезі Абылай заманынан бері қарай деп санасак, қазірде Абылайдың өз жорығын баяндаған өлеңдер, онан соң Сырым қозғалысын айтатын өлеңдер¹ біздің қолымызға тиген жоқ. Баспаға шыққан өлеңдері жоқ шығар деймін. Жалпы тарих өлеңдері, өз санына қарағанда, ескі батырлар өлеңінен аз болмауға керек. Бірақ бұл күнде қолдағысы Кенесары, Исатай, Бекет өлеңдері болғандықтан², тарихи өлеңдері турасындағы жалпы сөзді осы айтылған екі-үш өлеңге қарай топшылаймыз.

Әуелі бұл өлеңдерді бас-басына қарастырудан бұрын, осыларды туғызған тарих, дәуір туралы біраз айтып кетпей болмайды. Себебі бұл өлеңдерді туғызған ел тіршілігінің тарихы, тарихта орын алған ұлы оқиғалар. Сол себепті тарих өлеңдерін толық ұғу үшін алдымен солардың мезгілін, сол заманның шартын білу керек.

Қазақ әдебиетінің тағдыры тарихи өлеңдерге шейін қазақтың қалың елінің тағдыры сияқты болып келген. Онда әлеуметтік бағыты, әлеуметтік мақсаты жоқ. Не туса да қиял мен сезімінен, таза ақындық қуатынан туған. Барлық әдебиет бір арнаулы жолға түсіп, барар жерін белгілеп, “көпті түзеп, көпті бастаймын” деген талапты ойламаған кезі. Ол әдебиеттің заманындағы елде: “Қайда барамын, не тілеймін, кім боламын?” деген сұрауларды өзіне қоймаған ел болатын.

Сарыарқаның желіндей еркін ел, жайын даланың киігі мен құланы сияқты ықтиярлы ерке болатын. Ол заманның тарихы да көмескі, күңгірт.

Тарихи өлеңдердің тұсында сол қазақтың өмірі көлеңкелі күңгірттен күнес күнгеіге шыққан сияқты. Бұрынғыдай емес, ендігі қадалып қараған көзге бадырайып анық көрінетін сияқты болады.

Бұрынғы заманда құмды, шөлді даланың жайын қуаты сияқты болып жүрер қазақ елі, сол шаң мен желдің ішінде, көптен шырғалап тартып, күтіп жүрген тосқауылға ілінеді. Артқы өмірі асусыз тау, өткелсіз су сияқты белгісіздік кезеңнің астында жатса, мына заманда тарихтың асу кезеңіне шығып, бергі бетке қарай құлаған сияқты болады. Тарихта бұл екі дәуірдің жапсары Әбілқайыр, Тәуке, Қайып, Абылай хандардың³ заманына келеді. Бұл дәуірдің басы — 1723 жылғы ақтабан шұбырынды. Екінші сатысы: орыс сияқты шет жұртқа бағынуға айналып, елдің алдында “темір нокта мен қайыс ноктаның” таңдауы шыққан заман⁴. Ақыры орысқа бағынып, ноктаға бас иіп, асаудың жуасып, алыптың басылған уақыты болады.

Қазақ елін орысқа бағындыруға зорлаған себептер көп. Бір жағынан қалмақ сияқты елдің тізесі батқан жаулығы болса, екінші: Орта Азия хандықтарының қысымшылығы, үшінші: орыс үкіметінің қазақты бағындыруды мақсат қылғандығы, осымен бірге тағы бір зор себеп, қазақтың өз хандарының алалығы. Өзара жаулық пен араздық, өштік күшейіп, бірін-бірі жауламақ үшін әрқайсы кез келген жұрттан көмек іздеп, елін әр айғырдың үйіріне сіңіруге айналғандығы. Осындай көп себептер тұтасып, ел тіршілігі, бір шым-шытырық мезгілге жеткенде, орыс үкіметінің шеңгелі қомағайлықпен созылып, қазақ даласын уысына кіргізіп әкетіп бара жатты.

Орысқа бағыну, елдің алдына ұсынған сыбағалы табақтай болып, еріксіз бой ұсындыруға айналды. Ел өмірі мен әдебиеті тарихында осы дәуірден қалған белгілер көп.

Бұл дәуірдің әдебиеті сол кездегі жұмбақ күнге жеткен елдің алдында тұрған құздан, алдында тұрған қайғылы күннен қорқып, қобалжып тұрып, ыңыранып, күрсінген күйін білдіреді. Не болса да артқа қайтар күн жоқ. Өлімге кетсе де алға кететін болған соң, артқы бостандық, бірлік күніне қоштасқан мезгілі.

Әдебиетте қалың елдің бұл қайғысы Абылай айналасынан шығады. Абылай маңына жиналады. Себебі сол аласапыран дәуірде қалың елдің “қайрандап жан қала ма” деген “Қазықұрттай” үміті, жалғыз ғана Абылай басында қалған

болатын⁵. Ескі қазақ елдігін, ескі жұрттың тілегін, ту көтеріп бір араға жиған Абылай болатын.

Бұлай болса, кейінгі заманда туатын үлкен тарихи оқиғалар мен сол оқиғалардың тарихи жырлары түгелімен Абылай заманынан суат алады. Қазақтың жат елге бағынбай өз елдігін сақтап қалып, іргесін бөлек салуы, Абылай заманынан бері қарай ХІХ ғасырдың ортасынан ауғанға шейін, жаңа саяси бет сияқты болады.

Бірақ ол кезде қазақ елі бала еді. Орыс үкіметі әрі қу, әрі мықты еді. Сондықтан Абылай тілегі іске аспады. Ел бағынды. Бұрын орысты құбыжық көріп, сене алмай, бағынбаймын деп жүрген ел бағынған соң не көрді. Көргені көп. Бұл дәуірдің барлық оқиғаларын жылдан-жылға бөліп қарау біздің міндетімізге кірмейді.

Тарихтың дәл суретімен толығырақ танысамын деген кісі болса, қазақ тілінде шыққан Халел Досмұхамбетұлының⁶ “Исатай — Махамбет” жырының басына жазған баяншысы мен Қошмұхамбет Кемеңгерұлының “Қазақ тарихынан” деген еңбектерін қарап өтсін дейміз⁷. Біздің міндетіміз сол дәуірдің әдебиетіне түскен ізін қарастыру болғандықтан, тарихи дәуірдің ұлы суретін ғана қысқаша айтып өтеміз.

Абылай заманынан бастап жоғарыда саналған екі-үш тарихи өлеңдерді туғызған оқиғаларға шейін өткен мезгілді алсақ, бұл дәуір жүз жылдай уақытқа созылады. Осы жүз жылдық дәуір қазақ өмірінің барлық суретін өзгертіп, бар өмірін екінші салаға түсіріп жіберді. Бұл уақытта елдің ескі өмірінде болған өзгерістер бірінші: бұрын жаман, жақсы болса да, өзінің ханы билеп, өз бетімен өмір сүрген ел, бері келгенде әуелі ханнан айырылды. Бұрынғы хан елдің өзгеден бөлек бір тіршілігінің белгісі сияқты болса, бері келген уақытта орыс үкіметінің көз, құлағы сияқты болымсыз ғана төрешігі болып қалды. Соңғы уақыттың хандары қазақтың қасы, патша үкіметінің тыңшысы болды. Шенге, шекпенге сатылған сатымсақ ханның маңайынан өлекседен тараған сасық иістей, толып жатқан ұсақ төре, ұсақ би, ру жуандары шықты. Мұның бәрі патша үкіметінің жорға құлы болды. Ел тіршілігінің өзгеріп, азуға айналғанының бір белгісі осы еді.

Бұдан соңғы өзгеріс елдің шаруа тіршілігіне келеді. Қазақтың өз әкімдері жоғалып, өз билігі кетіп, үкімет қолымен сайлаған ұлықтар отырған соң, патша үкіметі қазақ даласын уысынан шықпайтын қылып, бағындырудың саясатын бұрыннан ойлап, дайындап жүрген жол бойынша жылдамда-тып жүргізе бастады. Талай жылдай қазақтың аңысын аңдып, тамырын ұстап келген соң, мезгіл жетті деген уақытта қазақ даласының таңдама жерін ала бастады. Қазақтың көптен күткен сұмдығының бірі осы еді, осы да іске асуға айналды. Жерлері алынумен қатар, әуелі қазақ даласын айнала сызып, шеткі қалаларды салды. Содан біраз заман өткен соң қалың қазақтың ортасын жарып, тағы бір рет қалалар салды. Барлығына да үкіметін, әскерін, саудагерін орнатты. Артық жерге Ресейдің қара шекпен мұжықтарын әкеп қондырды. Бұрынғы хан, бұрынғы би, бұрынғы елдің қамын ойлайтын түзу адамның бәрі шетке қағылып қалып, қыбыр еткен ісі болса барлығы да орыс қуатымен, орыс қолымен істейтін болды. Бір “законінен” соң екінші “закон” шығып, ел тіршілігінің шеңбері тарыла бастады. Бұрын қайыс нөкта болып созылудың орнына көңдей кеуіп, темір құрсаудай болып қысып, қинай бастады. Сайлау, билік, жүріс-тұрыс, көші-қон түгелімен ел ықтиярында емес, елдің үстінде қара бұлттай түйіліп тұрған жаттың ықтиярында болды.

Абылай хандардың тұсында орысқа бағынуды сөз қылғанда, осы хал болады-ау деп қайғырып, қаралы сөз қылған ел басшылары көп еді. Сол заманның ханы мен биі, кәриясы мен жырауы, ылғи жақсысы түгелімен келесі заманның күйін айтып, жырлап өткен сияқты еді. Солардың сөзін есіткен кейінгілер өз тұсында алдыңғының айтқан сөзі келіп, соларды шошытқан тозақ орнаған сияқты болған соң, бұрынғы жақсыларын ғайыпты болжаған әулиедей көрді, кейінгі заманда көріп тұрған күннің ауырлығын айтып күңіренген ел, алдыңғы өткен жақсыларының аруағынан айналып, басқан ізін торқадай көрді.

Қазақ әдебиетінде осы айтылған жүз жылдық дәуірден қалған ізбен келген белгі өлгенше көп, сол белгілердің бір алуаны Кенесары, Исатай өлеңдері сияқты болса, екінші бір

алуаны — елдің ақыны мен жыраулары айтқан толғау, тақпақ өлеңдері болады.

Бірақ біз әдебиет тарихында ескілік жұрнағының барлығын ең алдымен әдебиет жолымен жіктеп келе жатқандықтан, қазіргі тарихи өлеңдердің бөліміне жаңағы айтқан екі алуан өлеңнің соңғы түрін кіргізбейміз. Ол өлеңдерді осы кітаптың ішінде зар заман ақындары деген бөлек жікке кіргіздік. Сондықтан жаңағы айтылған тарихи дәуірдің өлең түріндегі үлгі мысалының барлығын сол бөлімде толығырақ көрсетпекшіміз.

Қазірде тарихи өлеңдердің өзіне көшуден бұрын жаңағы айтылған қайғылы, күнгірт дәуірге қазақ елі не деп жауап береді? Сол кездегі ел наразылығы сыртқа шықты ма? Қандай жолмен, қандай іспен сыртқа шықты? Сол сұрақтарға жауап беріп өту керек. Қалың ел ауыр заманынан қысылып, қиналған уақытта түгел ғана сөз наразылығын айтып, жылауға зорлап қойған жоқ. Ел халіне ауыртпалық келтіріп тұрған істің барлығына да іспен қарсылық көрсетті. Патша үкіметі қазақ елін меңгеріп, ауыздықтап алуға айналған кезде, әуелгі уақытта елдің өзінен шыққан сатымсақ “жақсыларға” билетті дедік, ол адамдардың барлығы да төре тұқымынан шыққан хандар болатын; бұлардың жалғыз мақсаты: бір жағынан елді мыңқ еткізбей басып, жаншып отырып, екінші жағынан орыс үкіметінен үнемі мақтау, үнемі шен, дәреже алып отыру болатын.

Бірақ осылардың тұсында қалың ел жалғыз хан зорлығы емес, сонымен бірге күннен-күнге суық қолын сұғып, обырдай обып бара жатқан үкімет сұмдықтарын көрген соң, көңіліндегі барлық наразылығын жаңағы хандарына қарай беттетті, елдің өз ішінен шыққан “арам ет” сияқты ала көңіл жақсыларды, ең алдыңғы жауы деп есептеді. Әрине, ел кегі жалғыз бұлармен бітпекші емес еді. Жүректің түбінде жатқан дерт орыс билігі екенін бесіктегі бала да біледі. Бірақ іс басталу үшін әуелі көзге көрініп, көпке бірдей сезіліп тұрған жақын жердегі жаудан бастау керек болады.

Сондықтан, қазақтың бір қарсылығы өз ортасының ханымен жау болудан басталады. Осы мезгілдер қазақ қауымының ішінен ел мұңын, ел тілегін жоқтайтын екі алуан адамды шығарды. Біреулері: заман халін қайғырып, елдің мұң, зарын

жалынды сөзбен шығаратын жоғарыдағы айтылған кемеңгер ақылшы кәрия, толғаушыл жырау, сезімді ақындар, екіншісі: жаңағыдай ілгері-соңғы жақсылардың ақыл-өсиетінен, өлең-жырынан, саяси ой мен бағытты, салт-сананы іске асырамын деген қол батырлары. Сонымен ел тіршілігінің ауыр күндері туғызған екі алуан адамның бірі — ой батыры болса, екіншісі — қол батыры деу керек. Бұлардың ішінде тарихи өлеңге кіретін соңғылардың істері дегенбіз. Қалың қазақтың наразылығын қолына ту қылып ұстап, көптің жоқшысы болған ел қаһармандары қазақ даласының қай бұрышынан болса да шығып бой көрсетті. XIX ғасырда, 60 жыл бойында қазақ даласының бір жері болмаса, екінші жерінде іспен қарсылық көрсету деген мақсат өшпестен келді. Бірақ қазақ даласы жайылған ұшан теңіз үлкен. Сондықтан бірі мен бірінің желісі қосыла алмай шыққан өрт сияқты болып, өз бетімен шығып, өз бетімен басылып отырды. Осы қалыпты болған көтерілістің басы: Кіші жүз Сырым батырдың Нұралы ханға қарсы шыққан қозғалысы. Онан соң Жәңгір ханға қарсы жасаған Исатай, Махамбет қозғалысы. Осымен заманы бір болған оқиға Орта жүзден шыққан Кенесары, Наурызбай қозғалысы. Бұлардан соң тарих пен әдебиетте орын алған бір көтеріліс — Есет пен Бекеттің көтерілісі⁸.

Міне, осы саналған оқиғаларға қарасақ, Орал, Бөкей ауданын жайлаған — Кіші жүз, Ақмола, Семей облыстарын жайлаған — Арқа қазағы, онан соң Сыр бойының қазағы, барлығы да орыс үкіметіне қарсы шыққан қозғалысқа бір-бір рет араласып өткен. Бұл саналған ірі оқиғалардан басқа, осылардың бетімен ұшқындап шыққан ұсақ көтеріліс, ұсақ қарсылықтар әлде неше жерде талай рет болған. Бір жерде ел сайлауға шыққан “Майырды” өлтіріп⁹, екіншіде жерін алған қазақ орыспен, мұжықпен төбелесіп өлгендер болса, барлығы да жаңағыдай қарсылық ағымының бетімен болған оқиғалар болатын, сондықтан елдің батырлар жорығын жыр қылған тарихи өлеңдерінің арты мұжықпен төбелесіп өлген Сәтбекті де өз заманының геройына қосады¹⁰.

Осы сияқты тарихи жалпы мағлұматтан кейін қазіргі қарастырғалы отырған тарихи өлеңдерге әдебиет тарихының

өлшеуімен келсек, осы оқиғаларды елдің өлең қылған түріне тағы біраз тоқтау керек.

Түр жағынан қарағанда, тарихи өлеңдер, бұрынғы батырлар өлеңдерімен туысады. Мұнда да сондай елден асып туған ерлердің ел қамы үшін аттанып, ел тілегін артынан ертіп қастасқан дұшпанға шабуыл жасаған жорықтары жырланады. Осы белгіні алып, одан соң елдің өз бағалауынша Кенесары, Исатайлар кім екенін еске алсақ, тарихи өлеңдерді ұлы батырлар әңгімесіне қоспасақ та, кейінгі кіші батырлардың ретінде Қамбар, Алпамыстан кейін тіркеуімізге керек. Тарихи өлеңдердің қаһармандарына елдің өзі “Батыр” деп ат қойған. Бұларды шын тарихи мезгілдің тарихи оқиғасы деп бағалаудан да баяғының батырларының ісі деп баға беруді лайық көрген. Себебі ел ұғымынша, баяғы батырлардың ісі де осы Кенесарылардың ісі болатын. Ел сынына баға беріп, ел ұғымынша жіктесек, Кенесарылар кіші батырлардың ретіне де даусыз қосылады.

Бұларды сол жікке қосқызатын бір себеп: кейбір тарихи өлеңдер жырлану ретінде де баяғы батырлар өлеңінше құралған. Мысалға Бекет өлеңін алсақ, мұның ішінде аталатын “Орынбор”, “Петрбор” деген қаласы бар, Арыстан деген хан баяғы батыр өлеңінің “Қазанынан” кәрірек болмаса, жас көрінбейді. Мұнда тарихи шындықтан гөрі, ертегінің көмескілігін тәуір көрген ескі сарын бар. Ел жыры Бекеттің туысына да заманына қарай бір ерекшелікті жапсырғысы келгендей болады. Бұл жерде де ескі батыр өлеңінің иісі бар.

Шынында, ел қиялы Кенесарыларды батыр қылып жырлағысы келгені рас. Бірақ батырлар өлеңі бергі заманға жақындаған сайын жаңа өзгеріске түсіп, өмірге жақындап, түр жағынан әлсіреп бара жатқанын байқаймыз. Бұл өзгеріс пен айырмысты, ұлы батыр мен кіші батырларды салыстырғанда айтқанбыз. Сондықтан Кенесарыларды баяғының батыры қылып қалай жырлайын десе де, олар көбінесе бүгінгінің адамы болып тұрып алып, кейін қарай шегінбей қойған.

Олай болатын себебі, барлық тарихи өлеңдердің екі түрлі ерекшелігі бар. Біреуі қаншалық көмескі қылып жасырамын дегенмен, бұл оқиғалардың кеше ғана болғаны анық.

Сондықтан барлық оқиғалардың бетінде тарих басып өткен жер, сорғалаған қан, сойқақтаған із болып ашық жатыр. Жасыруға, жалтартуға келмейтін шындығы көпке бірдей мәлім. Бұдан соңғы екінші себебі: тарихи өлеңдердің көпшілігін сол оқиғаның ішінде болып, сол заманды көзі көргендер жыр қылған. Сондықтан, өзгені елемесе де, дәл мыналардың басынан аттап кету ел қиялына қиынырақ болған. Осы себептерге қарап, тарихи өлеңдерді түр жағынан кіші батырларға қосуға мүмкін десек те, екінші жақтан тарихтың пәлен жыл мен түген жылының арасында болған анық оқиғаның ізі болғандықтан, айырықша бір жікке бөліп шығардық. Тарихи өлеңдерден біздің қолымыздағысы — “Кенесары”, “Исатай — Махамбет”, “Бекет”. Енді осы үшеуін жеке-жеке қарастырып шығамыз.

“Кенесары — Наурызбайдың” қысқаша әңгімесі

Нысамбай жырында Кенесарының Қырғызға аттанған жорығы ғана жырланады. Қырғызбен соғысуға себеп болған болымсыз нәрсе: ханның тор төбел ат дейтін аты ұрланады. Соны қырғыз алды деп алғашқы рет қол жібереді. Бұл жолда Кененің қолы жеңіліп қайтады. Оның үстіне Кененің айтқан бұйрықтарын қырғыздар тыңдамайды. Соған кекті болып Қанайдың сырлаған тамын құлаттырады.

Осыдан кейін қазақ пен қырғыздың арасы шиеленісіп, қатты жаулық басталады.

Кене өз қолындағы әскерін азсынып, маңындағы қазақ руларынан көмек алмақ болады. Алғашқы сөз салған ел өр Дулат еді, ол ермейді. Содан көңілі қайтып тұрғанда Қоқаннан ауған көп Дулат келеді¹¹. Бастығы Үрістем, Толыбай, Орақ датқа, Белқожа, Медеу деген билер болады.

Сол елмен бірігіп, қалың қол болып, қамаудан аттанып, Алатауға келіп, қосшы деген руды шабады. Елін жесір-жебір қылып, Қалша деген биді байлап алады. Қырғыз бітім сұрап Жаманқараны елшіге жібергенде, Наурызбай елшіні өлтіріп тастайды.

Содан кейін қырғыздың барлық руы басын қосып, Алатаудың беліне әскер төгіп, қалың қолмен жауды тосады.

Бірнеше күн қазақ қолы қырғыздың шебіне шабуыл жасайды. Абылай аспас асудан асамын деп ниет қылады. Бірақ таудың сала-саласын кезіп кеткен қол ханның әскерін ілгері қарай бастырмайды. Ойда тұрып атқан зеңбірек қырғызға дарымайды. Ақырында Наурызбай мен Бұғыбай батыр ақылдасып, 30 жігіт серік алып, тау басына жол салмақ болып аттанып кетеді.

Бұл уақытта Кене хан қалған қолдың ортасында сөз сөйлеп, қырғыздың асуын алмай қоймаймыз деп сөз байла-сады. Қолдың бастығы Байызақ датқа болып, бастарына тас көтеріп, ант етеді. Сол мақсатпен Кене бастық болып, барлық қол таудың басына қарай жол тартады. Осы Кене, Наурызбай бастатқан 30 жігіт таудың басына шығып алып, қырғызбен соғыс салып жүр екен:

Болжал-болжал көрінер,
Жау жоғары, біз төмен
Жеткен екен қамалға,
Наурызбай атты сүр берен.
Қарқарадай астында
Байызақ берген көк дөнен.
Күн шығыс жаудың шетінен
Қамалға кірді көлденен.

30 жігіт тау басына шыққан соң, қалған қол да ілгері жетеді. Ойдағы зеңбіректі 40 арқан жалғап жоғары көтеріп алады. Зеңбіректі құрып алып атқан соң, қырғыздың шебі жарылып, толқуға айналады. Наурызбай мен Бұғыбай артынан жеткен ханды көрген соң бұрынғыдан артық жанын салып, қимыл қылады. Қазақтың батырлары неше түлік мал менен тұтқындарды топ-тобымен әкеліп жатады. Бірақ бұл соғыста қырғыздың тайлы-таяғы қалмай жиналған еді. Барлық еркек кіндікті азаматы қырылып болғанша, Кенесарыға бағынып, бойсынбақшы емес еді. Сондықтан тау тасының арасынан шеп жасап алып, соғысып жүреді. Осы үлкен соғыстың үстінде Наурызбайға қырғыздың Кәрібоз деген басты кісісі кездесіп, Кенемен дау айтысады.

Кәрібоз сонда сөйледі,
Сөйлегенде бүй дейді:
“Ей, Наурызбай, ер төрем,

Қарайып жүрмін қаныма,
Ызақорлық көрсетіп
Қатты батты жаныма.
Не жазығым бар еді,
Кенесары ханыңа.
Бітті деп, көңіл тынбады
Қырғызда қалған арына.
Алмаған ары қалды ма,
Қырғызда оның тайы да.
Қосшыны шапты шулатып,
Қара ағаштай шүңгірден,
Қалшаны ұстап байлады
Хан болып халқын меңгерген.
Абылайдың тұсында
Қылған ісің жөн келген
Қырғыздың жолы бар ма еді
Қалыңсыз саған қыз берген.
Аса барып ел шаптың
Туыңды тігіп Құмбелден.

.....
Бұрыннан — соннан бар ма еді.
Елшіге бейнет елімді.
Жаманқарамды өлтіріп,
Бір сындырдың белімді,
Тіріме қылсаң болмай ма,
Өлгенім саған не қылды.
Атаңның ақы бар ма еді
Ескожа, Қанай көрінде”.

Осы сияқты сөздермен Кәрібоз кінәмен дау айтқанда Наурызбайдың қарсы айтатын кінәсі көп емес. Ол: “Арағың мен бозанды қой”¹², — дейді.

Соғыс бұл айтыспен тоқтамайды. Басында қазақ қолы олжа алады. Жеңуге ыңғайланады. Бірақ тауды кернеп алған қалың қол біржолата жеңгізбейді. Жапатармағай соғыс болып жүрген уақытта Кененің туысқаны Ержан қолға түседі. Қырғыздарға қайрат біте бастайды. Сарысудың кемеріне барлық қол жиылып, қазақты қоршап алуға айналады. Сол уақытта қырғыз тобынан жекпе-жек тілеп Шынының ұлы Бедері деген батыр шығады.

Көпке шейін қазақ ішінен мұның жекпе-жегіне шығатын кісі табылмайды. Байызақ датқа ашуланып, көптің намысын қыздырып сөз сөйлейді. Ақырында өзге жан шықпаған соң,

Наурызбай шығады. Наурызбай жауға қарсы шығарда көпке қарап, сөз сөйлейді:

Наурызбай сөйлеп жөнелді:
Батырлар, құлақ салыңыз.
Қара ағаштай көп қазақ
Бақты болсын ханымыз.
Жау қарасын көргенде,
Қайтпасын бастан бағымыз.
Ержан түсіп қырғызға,
Дұшпанға кетті арымыз.
Онан біздің артық па
Майданға кірмей жанымыз.
Ержан үшін жарассын
Ақ боз атқа ханымыз, —

деп Бедеріге қарсы жүріп кетеді. Наурызбай жекпе-жекте қырғыздың екі, үш батырын өлтіреді. Содан кейін жалпақ соғыс болады. Қазақ зеңбірек атады, бірақ екі атқан соң зеңбірек ортасынан үзіліп, керекке жарамай қалады.

Бірақ бұл соғыста да Наурызбай мен өзге батырлар үлкен қайрат көрсетіп, қырғызды тағы еңсеруге айналады. Қайта-қайта топ-топ қылып олжа әкеледі. Бірақ осы соғыстың орта кезінде өзге қолдан оқшау соғысып жүрген Наурызбайдың атына оқ тиіп, жығылып қалады. Қырғыз қолы батырды баспақшы болып, жабыла ұмтылады. Наурызбайды Бұқарбай мінгестіріп алып қашады. Қырғыздар жау қаштылап қуып соғыс салады. Наурызбайды көп батырлар арашалап алып қашады. Аман-есен құтылады. Бірақ, бір рет беті қайтып қашқан соң қырғыздың қолы жетпей тоқтамайтын болып, тобын жиып қазақты қамап алады. Қырғызбен көп соғысып, жеңе алмаған соң қазақтың көңілі шайыла бастайды. Қол ішіне жік кіреді. Астыртын азғырушылар болады. Оның үстіне қырғыздың саны сағат сайын көбейіп, шығар жол тастамай қоршап алады. Сол күні кешке арасына іріткі кірген әскер тоз-тоз болып қаша бастайды. Соғысарлық күш қалмайды. Қазақ қолының барлық басшылары, бастығы Кене хан, Наурызбай болып қолға түседі. Содан арғы жері жырда айтылмайды. Осы барған сапарда ерлер елге қайтпады. Қатын-бала, елі-жұртын көруге жазбады деп сөз аяғын жоқтаумен бітіреді. Жоқтауы:

Қоғамы күшті ер еді,
Киімді бала тудырған.
Ықпалы жүрген ер еді
Алтынды қылыш будырған.
Абылайлатып ат қойып,
Дұшпанды көрсе қудырған.
Көп сарғайтып келместей
Кенехан, саған не болды?!
Тұлпардан сайлап ат мініп,
Дорбадан жемін жегізген.
Жем орнына бал беріп,
Қысырдың сүтін емізген.
Басқын қалың жау жетсе
Әлі де шығар дегізген.
Кенекемді қалдырып,
Көк бурыл саған не болды?!
Патшада бар алтын тақ,
Жасынан жаппар берген бақ,
Безбелді кара бүркіттей
Шабытты туған сұғанақ.
Қанаты жоқ, құйрық жоқ,
Бір анадан жалғыз тақ,
Көп сарғайтып келместей,
Наурызбай, саған не болды?!

“Кенесары” жырының мәнісі

Тарихи өлеңдердің ішінде баспаға шыққан ірі өлеңнің бірі — “Кенесары — Наурызбай” жыры. Бұл да барлық тарихи жырлар сияқты белгілі дәуірдің туғызған әңгімесі.

Кенесарының қайғы, өкінішімен біткен жорығы, қазақ баласының барлығына да қадірлі, қасиетті әңгімедей болып көп жайылған. Бұл жырдың көп жайылуына екінші бір себеп болған нәрсе — Кенесары ісінің өзге батырлардың ісінен әлдеқайда ірі, әлдеқайда көлемді оқиға болғандықтан туады. Кенесары қазақ елінің ескіден қадірлеген Абылай ханның тұқымынан шыққан, өзі де орыс құлдығына елдің бағынып алып, қиын-қыстау заманға келіп қысылған кезінде ескі еркін күннің ескерткіші сияқты, жоғалған ұжмақ жоқшысы болып шыққан. Артынан көп елді ертіп, қалың көптің тілеуіне

сүйенгендігінен көп жылдай күшті үкіметтің қолына түспей, қарсылық істеп өткен. Сол елден ерекше еңбегі үшін үш жүздің баласы сол қысылшаң аласапыран заманда да хан сайлаған.

Кенесары жорығына қазақ баласының әрбір руы да араласқан. Испен араласпаса, сөз қосып, тілеу қосқан. Үш жүздің игі жақсысының ауызында Кенесары істері көп жылдарға шейін қан қыздыратын әңгіме болып жүрген. Сондықтан Кенесарының өз жорығы ғана әңгіме болмай, сол Кенесары қолында бірге жүрген батырлардың да жеке-жеке әңгімелері туған. Кенесары тұсындағы батырлардың ішінде, әсіресе, Наурызбай өмірі көп жыр туғызған қызықты әңгіме болған. Қазіргі біз қарастыратын Нысамбай жыры сол ірі оқиғалардың дәл ішінде болған “Кенесары — Наурызбай” болады¹³.

Бұл жырдың бұрынғылардан бір ерекше жері: кешегі қалың қазақтың көз алдында болған көпке мәлім әңгіменің дәл өзі айтылса, оның үстіне сол бусанған қан, бұрқылдаған шаңның ішінде сол ел қаһармандарымен бірге жүріп, қиындық көрген Нысамбайдың жырлауы әңгімеге екінші бір ерекшелік береді. Нысамбайдың жыры бұл уақытқа шейін әңгімелі өлеңдерінің тұсында болмаған бір жаңалық, өзгешелікті білдіреді.

Бұл жырдың айтушысы — қайғылы оқиғаның қызығы мен қайғысының қалың ортасында болған, қан майданның ішінен шыққан жортуылшы ақын, қалың қолдың жыршысы. Шеру тартқан жүрістің, бақытты, қызық жорықтың жыршысы. Қазақтың ханы мен батырының қасында қалың қолының ішінде жүретін желікті топтың қызығы, думаны, сырнай мен кернейі сияқты ермегі болған жыршысы. Мұның өзі де аламан. Қалың қолдың қызығы бұған да қызық, қайғысы бұған да қайғы. Оның үстіне бұл соғысудағы қол мен елдің арасындағы тілшісі, біріне-бірінің тілеуін, ниетін қосып отыратын жамаушысы. Нысамбайдай жорықтағы қолдың жыршысы бұрынғы хандардың тұсында да болған. Мысалы: Абылайдың қолындағы толғаушыл Бұқар жырау да осы Нысамбай реттес болған. Бірақ жырау көбінесе кісілігі мол, ойшыл болған. Өрттей өлеңді сөзімен Абылайдың ақылшысы болып кеткен. Сондықтан ол әңгімелі өлеңді бойына лайық көрмей, көбінесе

өсиет есебінде толғау айтып, соны дағды қылған. Бұл жағына келгенде өз міндетін әбден түсініп, кейінгіге қызықты белгі тастаған Нысамбай.

Кенесары — Наурызбай жорығы туралы кейінгі талай ақын талай түрлі өлең шығарса да, дәл Нысамбай жеткен өріске жеткен емес. Нысамбай жырында оқушының көз алдында ағып отырған қандай қызулы, жанды шындық бар. Бұл өлең ақын қиялының еріккендегі ермегі емес. Барлық сөзінде сол жорықтың қуанышы мен қайғысын кеше ғана көз алдынан өткізген, көзі көргеннің жаңалығы бар. Көп қолмен бірге кешегі тарыққан қайғы, мұң, арманы бар. Өзі сол оқиғаның адамы. Сондықтан әңгіме тізуінде жаңылмайтын сенімділік бар. Сонымен бірге Нысамбай ел ақындығының дағдысынан да жаңылмайды. Әңгімелі өлеңге өзінің ақындық пішінін кіргізбейді. Өзі көлденең отырып айтқан айтушыдай бойын аулақ ұстап, шын істі жасырмай дәл айтады. Анда-санда аузынан шығып кететін өртті арман, жалын болмаса, әңгіменің көп жерінде қырғыз бен қазаққа тең ақын болып сөйлейді.

Нысамбай жырында қырғыз үнемі жазықты болмайды. Қайта Кәрібоздың кінәласқан сөзінде Наурызбайды жеңуі ақынның ерекше әділдігін білдіреді. Қырғызда кінә аз. Жазығы: “Ежелгі жау ел болмас” деп Абылай тұқымына бағынғысы келмегендік¹⁴. Жалғыз сол кінәсі үшін қырғыз, қазақ қолынан көп зорлық, көп қиянат көреді. Соның бәрін бадырайтып айтпаса да, Нысамбай бүркемей, жасырмай сездіреді. Қырғыздың кінәсіздігі Кенесары қолындағы көп жұртқа мәлім. Сол кінәсіздігін ақын да сезеді. Сондықтан Кәрібоздың сөзінде өз басшысының орынсыз қиянатын, орынсыз жуандығын түгел санайды.

Кенесары қолында алалық туады. “Қызыл тұмсық” болсын деп барымталаумен олжаны берген Дулат бір қалыпты тұрмайды, бұзылып, айнаиды. Қазақ елінен ұзаққа баратын бірлік шықпайды. Нысамбай осыны да қалдырмайды, бұл сияқты сөздер Нысамбайдың өзге ақындардан бөлек мінезін көрсетеді. Бұл сыншыл жыршы. Қырғыздың сөзін жөндеп, кінәсін күшті қылып айтып, жазықсыздығын білдіріп отырып, өзінің Кенесары тілеуінде екендігін де өлеңінде жасырмайды.

Кезекті кезінде екі жаққа да тең сөзін орамды жырмен жақсы жеткізеді.

Кенесары — қалың қазақтың үміті. Бір қырғызға аттанған жорығы емес, одан көп арғы жерден Кенесары арқылы қалың қазақ жақсылық күтетін, Кенесарының түп мақсатымен беттеген беті жалғыз Нысамбай емес, кейінгі жалпақ елдің үмітін артқан беті еді. Кенесары ірі іске ұзақ күнге белгіленген үміті еді. Сондықтан жақын жерде шұғылынан қаза тапқаны алыстан тоят іздеп ұшқан ақ сұңқарды қанатынан қайырғандай, ақынның қабырғасын сындырғандай болады. Бұл Нысамбай жүрегінің түкпірінде жатқан зіл қара тастай қайғы болады.

Соны ойлағанда Нысамбай жырмен тақылдап, қайғылы сапарды баяндап отыра алмайды. Оны шын қайғы жеңіп, шын зар басады. Қайғымен іші егіліп жылап, өртенген жүрек өлеңдетіп, шырақтық кылуға жарамайды. Жарық жұлдыздай ағып өткен қырандары Нысамбайды таусылмастай арманға батырады. Сондықтан оқиғаның қайғымен, жылаумен бітетін жерін айтып біте алмай, әлсіреп, жылап тоқтайды. Дәл қайғылы хабардың үстіне келгенде әңгімесін үзіп, жоқтау, жылаумен қалған халды баян етеді. Бұл жоқтау Кенесарының бар қызығын бірге көріп, соның жорығы мен жүрісін өмір қылып кеткен Нысамбайға мінсіз жарасады. Нысамбайға осылай айтудан басқа жол жоқ сияқты. Аламаншыл ақыннан бұдан арғыны тілеуге болмайды¹⁵.

Сондықтан сағынып-сарғайған қайғылы, қаралы көңілімен “Көп сарғайып келместей, Кене хан саған не болды...” деп, “Кенекемді қалдырып, көкбурыл саған не болды...” деп тоқтайды.

“Кенесары” жырындағы өлең тілі ерекше сұлу кестелі тіл, оқушыға ұғымды, артынан лепілдетіп ертіп отыратын құрыш қайратты қызу бар. Ақынның жанын салған қызумен шын сезімін білдірген, міні жоқ ұзақ қайғы өлеңі болып шығады. Өлең тілі құр ғана ұйқасы мен қызуын қуған сөз емес, сол заманның кестелі сұлу, шешен түрлерінен құралған сом алтындай жұмыр келетін кесек тіл. Өлеңдері ерекше отты келетін соғыс суреттері мен айтыс, талас сөздер. Соғыста еске алатын үлкен оқиғаның бірі қалмай тізілген, ақынның ірі суретшілдігін білдіретін өзгеше шеберліктер бір емес, әлденеше жерде келеді.

Кенесарының Нысамбай айтқан жыры жалғыз ғана қырғызға аттанған жорықты баяндайды. Бұл жорықтың алдында он жыл бойы созылған ұлы оқиғалар мына жырда көрінбейді. Сол себепті Кененің орысқа қарсы шыққан соғысы, өзбекпен жасаған соғысы болсын, яки кейбір қазақ руларымен кездескен ұрыстары болсын — барлығының жайын айтып, солар турасындағы соғысқа айдаған себеп пен мақсаты жыр шеңберінен шығып алып, баяндауды қисынсыз көрдік.

“Исатай — Махамбет” жырының қысқаша әңгімесі

Жырда Исатай — Махамбеттің барлық жыры айтылмайды. Көтерілістің алғашқы басталған оқиғалары ғана суреттеледі. Исатай Бөкейден соң хан болған Жәңгірдің тұстасы болады.

Хан қол астына 30 мың үй қарайды екен. Сексен мың жаны бар екен. Исатай ол ханның қол астына қарайтын Беріш руының ел бастаған әділ биі, абыройлы жақсысы болады¹⁶.

Хан елін билегенде орыстың үкіметіне сүйеніп, маңайына әр жерден шыққан шығайларын жиып алып қожа, молдаға билетеді. Елге көп шығын салады. Ел ішінен уәзір есебіне он екі би алады. Бірақ билер өзі сүйіп, сайлаған би емес. Ханның жетегінде болып, үнемі соның шашбауын көтеретін, әділеті жоқ, жемқор билер болады. Қалың елдің ортасында ханның әділетсіз ауыр билігі үшін үлкен наразылық болады. Алым-салықтың ауыртпалығы басқа ел қамын ұқпайтын жат пен жаманның билігі жалғыз ғана қара халық емес, ел-елдің басты адамдарын да наразылыққа салады. Көп елдің кеңесі ханға қарсылық жасап, ауыртпалығынан құтылуды қажет деп біледі.

Қалың елдің өз тілегін орындап, өз билігін жүргізуді тілек етеді. Осы көптің ішінде Жәңгір ханға Исатай да ырза емес болады. Оның үстіне Беріштен би сайлау керек болғанда, қалаған кісісін көрсету елдің өзіне тапсырылып еді. Беріштің ішінен шыққан Жақсымбет, Шомбал, Балқы деген билер ел қамын жейтін Исатайға билікті беруді қиындады. Сонымен

талас болуға айналған соң, барлығы ортасынан Балқы деген кісіге билікті береді.

Балқы елдің қамын бүктемеге тастап, ылғи Жәңгір ханның сөзін сөйлеп, жоғын жоқтап, соған жағынуды мақсат қылды. Беріш атаулы бұған бұрынғыдан да жаман наразы болды. Осымен жүргенде Исатай хан ордасына келіп отырып, бір биліктің үстінде Жәңгірдің мінін айтады. Хан алдына бір мырза мен бір жарлы дауласып келген уақытта мырзаға бұрылып үкім айтылып еді. Осыдан шығып Исатай, ханда әуелден адалдық жоқтығын бетіне айтады.

Хан бұл сөзге намыстанып, қарсы сөйлейді. Исатайға тілін тигізеді. Исатай да ерегісіп жуан сөйлейді. Жәңгір мұндай қарсылыққа шыдай алмай, Исатайды тұтқын қылып, күреспен ұстап отырып, жанындағы он екі биге билік айтқызады. Билер ханға тіл тигізгені үшін Исатайға алпыс атан айып кеседі. Исатай ықтиярсыз айып төлеп, еліне қайтады.

Әділетті жоқтадың деп жазаға ұшыратқан соң, намысына шыдамай қол жиып, ханмен соғысуға қамданады. Исатайша наразы болған елдің тобы осы тудың астына жиналады. Бір мыңдай қол болады. Бастығы Исатай — Махамбет болып қол хан ордасына қарай бет қояды.

Келе жатқан қолдың хабары ханға естілген соң, о да әскер жинайды. Орысы бар, қазағы бар екі мыңдай кісі болады. Әскеріне бастық қылып Қарауыл деген қожаны сайлайды.

Екі әскер далада айтқан жерге жиналып, соғыс салады. Басында алыстан атысып, қашықтан ұрысады. Артынан Исатайдың қолына Махамбет келеді. Бұл басында кейіндеп қалған екен. Келісімен Махамбет қолды бастап, жауына қарай тура беттеп, шабуыл жасайды. Ханның әскері бұлармен қарсыласуға шыдамай, тоз-тоз болып қашады. Бұл жолы хан жеңілген болады. Исатайдың қайраты мен ерлігіне көп ел сүйініп, жеккөрінішті ханнан құтылу үстіне батырдың тобын көбейтпек болып, бұрынғыдан жаман ағыла бастайды. Көп елдің тілеуі де артынан еріп, өрісіне сенімі артқан соң Исатай келесі жылы алты мың қолмен хан ордасының өзін алмақ болып тағы аттанады. Бұл жолғы мақсаты ханның ордасын талқандап, өзін тұтқын қылып, орнынан түсірмек болатын.

Ойда жоқта Исатай әскері келіп қалған соң, хан есінен танып қорқады. Сасқан жерде ойына келген шараның бәрін қолданады. Бір жағынан жақын маңдағы орыс қалаларының барлығына тілші шаптырып: “Ордамды Исатай қамап жатыр, ақыл менен көмек бер, Исатай патшаға қарсы көтеріліс жасап отыр”, — дейді. Екінші жағынан қасындағы ел кісілерін де Исатайға салып, айтқанын орындамақ болып, бітім тілейді. Үшіншіден, өз басының аман, жаман болатынына сене алмай, ордасын тастап, қашпақшы болады. Бірақ сол жұмыстан маңындағы ақылшылары, ханымы болып, “тақсыр...” деп тоқтатады. Бітімшілер Исатай қолына келіп, айып-анжы төлеп, табыспақ болып, сөз сөйлейді. Бұлардың сөзіне Махамбеттің тоқтағысы келмейді, “Алдап жүр, орысты тосып жүр, біз қайда қаламыз, одан да елшілерін қырып, орданы алайық” дейді. Бұл ақылды Исатай орынсыз көреді. Бері қарай ойыса бастайды. Көп қол наразы болады. Бірнеше күн бітім жайындағы сөз созылып, аяғы жерге тимеуге айналады. Бұл уақытта Исатайдың ісіне ырза болмағандар шығып, ыдырап, тарай бастайды. Оның үстіне ханға көмек бермек болып, орыс әскерлері келіп қалады. Исатай дегеніне жете алмай, қапыда қалып, шегініп кетеді. Жаудан қашығырақ жердегі құмды мекен қылып жатып, Жайықтың суы қатқанын тосады¹⁷. Бұл кезде қасындағы барлық көп қолы бытырап, тоз-тоз болып кетеді. Құмда жүргенде орыстан қуғын келеді. Исатай соғысып аман құтылады. Саны аз ғана болса да алдырмайды. Сол ұрыстан кейін Жайықтан өтіп, бұрынғы шыққан еліне келеді. Махамбет екеуі бірталай заман қашқын болады.

“Исатай — Махамбет” жырының мәнісі

Баспаға шыққан тарихи өлеңнің бірі — “Исатай — Махамбет”. Исатайдың жорығын жыр қылған Ығылман ақын¹⁸. Ақынның жыры тарихта ізі қалған жыр, анық оқиғаның дәл өзінен туған шындық тазалықпен айтылады. Мұнда көмескілеген жасырын жоқ. Болған оқиғаны өлең өлшеуіне түсіру жыршының алдыңғы мақсаты болған сияқты. Ығылман Исатай жырын тізуіне қарағанда, кейде Кенесары қолындағы

Нысамбайға ұқсайды. Бұ да батыр сапарына тілеулес, соның ісінен жеміс күтіп, үміт етеді. Бұл жағынан қарағанда ел мұңын жоқтап шыққан қолдың ақыны сияқты. Ығылман анығында Исатай қолында болмаса да, сол оқиғаның артынан ел есінде қалған жанды әңгіменің қызуын өз басынан атқарған ақын. Мұның да жайылған өрісі мен тыныс алған әуесі — Исатай оқиғасын тудырған әуе, Исатай қолының шаңы басылмай, дүбірі мен даңқы ел аузында ескірмей тұрған уақытта шыққан. Ол оқиға көпке шейін ескіруге мүмкін де емес. Себебі — Исатайды шығарған себептер, сол оқиғаны тудырған тарихи халдер Ығылман заманында да кеміген жоқ-ты, көп істе патша үкіметі бұрынғыдан да жауызырақ, бұрынғыдан да қаталырақ болып алған. Сондықтан Исатайлар заманында Абылай, Бұқар жыраудың атақ, даңқы қандай болса, Ығылман заманында Исатай Махамбеттер де сондайлық қадірлі аруақ болған.

Исатай өз заманында зор іс істеп өтті. Ол құр ғана сөз сөйлеуді қанағат қылған жоқ. Барлық ақыл мен қайратын іске жұмсады. Сол іс пен мақсаттың жолына басын құрбан қылды. Сондықтан кейінгі ұрпақ оның басын бағалап, оның қадірін ұққан болса, ең алдымен сол жақсысын ұмытпау керек. Соның аруағы қалың елдің аузында үнемі аталып, үнемі еске алынып жүруі керек. Олай болса, Исатайдан соңғы бір алуан жақсысының міндеті сол батырдың аруағын тірілту.

Бұл міндетті атқаратын кім? Немен тірілтеді? Атқаратын сол тарихи дәуір туғызған екі алуан жақсының бірі деп саналған кемеңгер қария мен ойшыл жырау. Исатайлар қол қызметін атқарып өткенде, бұлар сол оқиғалардың бетіне қарай, ел ойы мен ел сезімін тәрбиелеуге міндетті.

Бірақ елге арналған жақсы сөз өлеңмен жақсы ұғылады, өлеңмен айтылса ұмытылмайды. Сондықтан Исатайдың жорығын жыр қылуды екінші түрлі батырлық міндеті деп санаған ақын шығады. Исатайды қадірлеген ел соның жүрісін өлең қылуды ақынға әлеумет міндеті сияқты қылып артады. Осы сияқты ел ортасына ертеден орнаған салт бойынша қазақтың өлең өлшеуіне түскен тарихы жасалады. “Исатай” жырының тарихи өлең болатын зор себебінің бірі — осы.

Осы хал Ығылман жырында өзге өлеңдерден анығырақ, ашығырақ көрінеді. Бұрынғы батырлар жырының барлығын туғызған себептер қандай екенін ашып бергендей болады. Оларды туғызған да осы ұғым, осы салт. Кенесары жорығын Нысамбайға жырлатқан себеп те сол, сондықтан Ығылман Исатайдың жырын бастап келе жатып:

Үйренген бастан бір мінез
Шабан едім бой күйез.
Ұйқымнан жатқан оятып,
Тұрғызды сөз жетектеп,
Даусын естіп халқымның,
Ұйқымнан жатқан тұрғанмын.
Ел камын жеген ер үшін,
Шыбын жанын фидә еткен —
Мен бір даяр құрбанмын, —

дейді.

Халқының дауысын есітіп, бой күйез мінезін тастап, ұйқысынан оятып, батыр жолына басын фидә қылатын тілеуестігін білдіріп, ақын жыр жырлап, жер күңіренеді. Ақынды бұл міндетке айдап салған ел басшысы болған батырдың артында күңіrentіп қалған қарашы арманда кеткен жақсысына белгі қойып, ескерткіш жасауға міндетті. Әйтпесе, ер еңбегі зая кеткендей арман болар еді. Сондықтан:

Тәржіма халін ерлердің
Жырлап жазсаң не етер деп,
Ел үшін еткен еңбегі
Жарыққа шықпай кетер деп.

Ел айтқан соң, Ығылман Исатайдың ісіне өлеңнен күмбез орнатуға кіріскен. Батырдың басына зират салған ісмер сияқты өз қолынан келетін ескерткіш жасаған.

Жырдағы әңгімені алсақ: тарихи оқиғаның жылы ізі суымай тұрған уақытта, сол оқиғаның өкшесін басып шыққандықтан үлкен шыншылдықпен жазылған. Өмірде анық болған оқиға көмескісіз, күңгіртсіз, айнаға түскендей ашық түскен. Бұрынғы батырлар жырының жасырынды сүйетін тұманды сарыны Исатай жырында суалып, жоғалған сияқты да, оның орнына ел тіршілігі мен ел салты көлемдірек

болып көрінуге айналған. Бұл жағынан қарағанда Кенесары, Исатай жырлары сияқты тарихи өлеңдер әдебиетте жаңа бағыт туғызып, өмірге жанасуды мақсат қылған сияқтанады. Ел әдебиетіндегі өміршілдік, нағызшылдық толық пішінде ең алғашқы рет осы өлеңдерден шығады. Исатайдың Жәңгір ханға астамдық сөз айтып, айып тартып, алпыс атан төлеуі, ел билерінің кесім айтуы, онан соң жырдың ішіне шай мен жылы үй, құс төсектің кіруі барлығы да әдебиетке ел өмірі көлемді суретпен кіре бастағанының белгісі. Бұлардан басқа орыс әскері, зеңбірек, қазақша соғыстың суреттері болсын, бәрі де бүгінгі заман адамдарына Исатай оқиғасы кеше ғана болған іс екенін анық білдіреді. “Исатай” жырында “Кенесарыда” кез келетін жекпе-жек жоқ. О да ескі өмірдің ескі салты еді. Оның аржағында баяғы ескі батырлар жекпе-жегі кезең астында ғана тұрған сияқты еді. Мына заман ол салт пен ол дағдыны жоғалтқан. Бұл көріксіз, көңілсіз болса да өмір.

Күндегі тәжірибенің анық ұғындырған даусыз ақиқаты. Сондықтан Ығылман өзі көрген суретті ғана жырлайды. Исатай жорығын ертегілі батырлар ісіндей қылып бұлдырата алмайды. Солай болмасқа ақынның шарасы да жоқ еді. Өйткені, зеңбірек пен әскер қазақ өмірінің төрінен өзіне деген орынды ойып алған. Баяғы заманда бұлар ертегі болса, Ығылман заманында асау басқа киілген нөқта тым-ақ анық, ақиқат болған. Зеңбіректен тізе көрген жалғыз Исатай мен соған ерген ел емес, ақынның қиялы да сол қазаны көрген. Бұрын ертегілі, сағымды тұманмен тіршілік еткен ақындық қиялы алғашқы рет қазақ даласында зеңбірек даусын естіп, ел ішіне жат ниетпен келіп, жат тілмен сөйлеп жүрген шен мен шекпенді көргенде бұрынғы ұйқылы-ояу түстен еріксіз оянған. Ел етіне “құба құстың суық тұмсығы тиіп” шошынып мұздатқан заманда ақын қиялы да, бала шағынан шығып, қызылды-жасылды күндеріне қош айтып, ақыл мен ойға бой ұра бастаған. Сол ақылға бой ұру барлық тарихи өлеңдердің бояуын бұзып, бағытын өзгертіп, жоғарыда айтқан өміршілдік сарынын күшейткен.

Бірақ, Исатай жырын жалғыз осы белгісіне қарай сынап кетсек, тексеруіміз бір беткей, солақай болар еді. Сондықтан осы жырды ескі батырлар жырымен жалғастыратын үлгі

қандай, соған біраз тоқтау керек. Ығылманға “Исатай” жырын айтқызған себеп, ескі жырларды туғызған себеппен бір болғандықтан, әрине бұған да ескі үлгінің көшкені бар, ол үлгісі — Исатайдың өмірін баяндауда, рас Ығылман ең алдымен, Исатай басының жоқшысы. Сондықтан әуелгі сөздерді жоқтау үлгісімен бастайды, Нысамбай Кенесарыны жырдың аяғында жоқтаса, Ығылман басында жоқтайды.

Ағайынның арына,
Қарындастың қамына,
Қысқа күнде қырық шапқан.
Қысылғанның панасы —
Асыл едің Исатай
Ер Тайманның баласы, —

деген сөздер Исатайға арнаған сөз екенінде дау жоқ. Жырдың бұл жері бергі өмірдің табысы болса, осыдан кейін келетін өлеңдерінің көбі: Исатайды тудырған ата-ана, тудырған орта, туып-өскен жерге арналады. Содан кейін бала күнінен жігіт болып, жетілген шағына шейін кім болғанын айтады.

Он жасына келгенде,
Бұлбұлдай тілі сайрады.
Жасы он беске келгенде
Жұрт пайдасын ойлады.
Жиырмаға келгенде,
Жиылған дуды көргенде,
Оза шауып бәйге алды.
Жиырма беске келгенде,
Астананың қамы үшін
Түн ұйқысын бөлгенде,
Түгесілмес қайғы алды.
Отыз жасқа келгенде
Өлімді жауды көргенде,
Жасақпенен сайланды, —

дейді.

Міне, мұның бәрі батыр шынын толық қылып суреттеп “нағыз батыр” дегізу үшін ескі батырлар әңгімесінен алған үлгі. Ақынның түсінуінше, Исатай орыс заманы ғана туғызған

батыр емес. Туысы баяғы батырдың туысы. Сол батырдың бел баласы. Бірақ мұның сорына бұзылған кер заманға кез болып, кедергіге ілінген, заманы бұрынғы болса, бұ дағы “қоңыраулы найза қолға алып, қоңыр салқын төске алып, жауды көрсе шүйіліп, жеңсіз берен киетін” ұлы батыр болар еді. Қазірде мұның басын тағдыр қуатындай болып, басып тұрған ауырлық бар. Ол ауырлық, ол кезең: “Батыр бір оқтық, бай бір жұттық” болып қалғаны. Бірақ заман халі өз бетіне. Сондай сұм заман болса да, баяғыдай батыр туа алған, сол батыр — Исатай. Сондықтан жаңағы туып-өскен өмірін айтқан жыр Ақжүністің Қожаққа айтқан:

Бес жасында, қарт Қожақ,
Жас шыбықтан жай тарттың,
Жалғыз шиден ок аттың,
Атқан оғың жоғалттың,
Қане шыққан мүйізің?!
Жиырма беске келгенде,

.....
Ақ балтырың түрініп
Оймақтай аузың бүріліп,
Қарт бурадай шамданып,
Қас батырдай қамданып,
Бір дұшпаның сөз айтса,
Шыныңменен арланып,
Қызды бақтың бір кезде,
Қане шыққан мүйізің?! —

деген сөздеріне даусыз ұқсастығын білдіреді. Бұл үлгіні ел әдебиетінің бір түрінен екінші түріне еркін көшіп жүретін үлгі деп есептесек, ол уақытында Исатай, Махамбеттің жыры өзге халіне қарағанда, жоғарыда айтқан жаңа заманның жаңа түрлі жыры болады. Заманның толық суреті сияқты болып түскен әңгімелі өлеңі — тарихи өлең болады.

“Бекет батырдың” қысқаша әңгімесі

Алшын, Жаппас деген елдің ішінде¹⁹ ер Көтібар деген бай болады. Оның жеті баласы болады. Үлкені Серкебай екен. Соның жалғыз баласы — Бекет батыр болады. Бұның тұсында Арыстан деген хан болып Орынбор, Петербор деген қалалар болады. Арыстан хан сол Орынбор, Мәскеу, Томск

деген қалалардан лек-лек болып шыққан орыс әскерлерін бастап келіп, қазақ елінің шырқын бұзып, қастық істейді. Елді жылатып, зарлатады. Соған Бекет батыр шыдамай, Арыстан ханды өлтіреді. Ханды өлтірген соң, орыстың ұлықтары Бекеттің соңына түседі. Патшаға айыпты болып, қылмысты кісі атанады.

Орыс атаулының бәрі жау болып, қуғынға ұшыратқан соң Бекет қолға түспей қашқын болып жүреді. Сол уақытта дуандардың әкімдері батырды қалай ұстауды білмей айланың бәрін тауысып келіп, аяғында Бекеттің жолдасы Шерниязды айналдырады. Көп пұл беріп, сатып алып, жолдасын ұстап беруге уәде алады.

Шернияз Бекетті алдау үшін орыстан пәлен жүз теңге ақша алып, соны саған сыйға жіберді, өзіңмен татуласпақшы дейді.

Бекет осының тіліне нанып дуанға келгенде, дайындалып тұрған әскер ұстап алып, қол-аяғына қолөткі салып, көк арбаға таңып, Сібір айдап жібереді. Бекеттің тұтқын болғанын естіген соң амандасып қалмақ болып, артынан қуып шешесі келеді. Жылап, зарлап жыр айтады, Бекет те сүйегі босап жылайды. Артта қалған елі мен әкесіне, үй ішіне, ағайын-туысқанына сәлем айтады. Сонымен Бекет Сібірге кетеді. Шешесі үйіне жылап қайтқан соң, Бекеттің қатыны байын іздеп, жүрмекші болады. Ата-енесінен бата алып, сегіз мың теңге ақша алып, ноғайдың саудагері болып киініп, алыс сапарға жүріп кетеді.

Жолда талай күн жол жүріп, күйеуі тұрған жерге жетеді. Тұтқын болып жұмыста жүрген күйеуін көреді. Бірін-бірі таниды. Қатыны күйеуінің жолына бірнеше рет ат айтып сояды. Абақтыдағы Бекетке асын пісіріп бергенде, ішіне батырдың алмас пышағын тығып беріп жібереді. Жолығатын жерін айтып хат салады. Бекет түн болған соң, алмас пышақпен қол-аяғының шынжырын қиып, абақтыдан қашып шығады. Мұнымен бірге жатқан Жаппар төре бар екен, ол Кенесарының баласы. Бекетке бұ да қосылып алып, барлығы бірдей қашады. Артынан солдаттар біліп, қуғын жасайды. Батыр барлығын қырып, қуғыннан құтылып шығады. Содан кейін аман-есен еліне келіп, Шерниязды өлтіріп, баяғыдай дәурен сүріп, мұратына жетеді.

“Бекет батыр” жырының мәнісі

Тарихи өлеңнің ақырғы бірі — “Бекет батыр” өлеңі. Бекеттің оқиғасы Кенесары мен Исатай оқиғаларының кезінен 20—25 жылдан кейін болған. Мұны туғызған тарихи хал де Кенесары, Исатай оқиғалары туғызған халмен желілес. Сондағы сияқты қалың елдің наразылығы. Қазақтан сайланған ханның арамдық, зұлымдығы. Елге келтірген ауыртпалығы, сондай күйлердің салдарынан Бекет Арыстан деген ханға қарсы шығып, ел кегін алып, өлтіреді. Бірақ жырда Бекет оқиғасының қалай туып, ұлғайып өскені айтылмайды. Жыр Бекет оқиғасының арты немен біткенін ғана айтады. Сондықтан, тарихта Бекетпен бірге үлкен іс істеген Есет, Көтібар батырлардың істері жырдың ішінде айтылмайды.

Бекеттің өз ісі де қалың елмен, қолмен жүріп істеген іс емес, жалғыз ердің жалғыз аттанған жорығы сияқтанып келеді. Бұдан бұрынғы тарихи өлеңдерде ел қаһарманының артынан ерген қалың елдің қозғалысы көрінсе, мына өлеңде ол әлдеқайда бой көрсетпей, бұғып қалған сияқты. Сондықтан Бекет жал-құйрығы жоқ жалғыз жігіт болып, басына келген ауыртпалықты жалғыз атқарып, қазаны да жалғыз көреді.

Бекеттің жыршысы өмірде болған үлкен оқиғаның соңғы әңгімелерін ғана алып жырлаған дедік. Осылай болудың себебі не? Бізше, мұның көп себебі бар. Ең әуелгі себебі — Бекет бастаған істі ел басында сүйеп, сүйсініп, соңынан ерсе де артынан іс ұлғайып кетіп, Арыстандай хан өліп, орыс үкіметі соның кегі үшін қуғын жасап, тізе қылған соң, баяғыдай емес, жасқаншақ болып қалған ел Бекет басына тілеулестігін білдіре алмай, жарым жолда басылып қалған болу керек. Көп ел басылып қалған бетінде жау да емес, жолдас та емес болып, орта жерде қалғанда орыс қысымшылығын көп көрген адамдардың кейбірі Бекетті тентек деп санай бастаған болуға да мүмкін. Сондықтан аяздай қысып тұрған орысқа бет қарай алмай, ықтап кетіп, Бекетті ұстап беруге де көнгендер болуға керек.

Бекет батырды Шернияздай досына ұстату көп елдің соңғы уақытқа шейін Бекеттің артынан еруге жарамағандығын

сездіргендей болады. Соның белгісі жырдың ішінде талай жерде көрінетін сияқты. Бекетті ұлықтар көк арбаға таңып, айдап кеткенде артынан амандасқалы жалғыз шешесінің баратыны, одан кейін артынан іздеуші есебінде өзінің қатыны кетті. Барлығы да Бекеттің бұрынғылар сияқты қалың қолдың ортасындағы хан көрген басшы емес, салт атты, сабау қамшылы ер жігіт қана болып қалғандығын білдіреді. Содан басқа бұрынғы тарихи өлеңдерден “Бекет” жырының тағы бір көзге түсетін ерекше жері: осы оқиғаны жыр қылған ақынның жайы. “Бекет” жырын шығарған ақын бұрынғы Нысамбай, Ығылман емес, оларға қарағанда, бұл Бекет оқиғасынан алыста тұрған көлденең әңгімеші сияқты. Сондықтан аналардың сөзі жоқтаумен, жалынмен, шындықпен келсе, мынау денесі сергер ертегіші сияқты, Бекет оқиғасын қиялына ерік берген еркіндікпен әңгімелейді.

Әңгімесінің басы, қайдан шыққаны белгісіз Арыстан деген ханнан, Орынбор, Петрбор деген қаладан басталса, аяғы “мұратқа жету” болған амандықпен бітеді. Тарихи елеңге шын тарих пішінін беру өлеңшінің ықтиярында, ол тарихи оқиғаның әлін білсе, өлеңі тарихи дәуірдің айнасы сияқты болады. Әлін білмей шала есігіп, көмескі түсінсе, әңгімесі ескі сарынға тартып, ескі үлгіні жағалап, ертегішелеу болып кетеді. “Бекет” жыры “Кенесары” жырынан сона құрым кейін шықса да, әлде қандай себеппен жаңағы айтқан соңғы үлгімен кеткен. Жырға қарасақ, “Бекет” тарихи өлеңнен де баяғының кіші батырларына көбірек ұқсайды. Өлең мен әңгіме үлгісі Бекетті еріксіз кіші батырдың азғыны сияқты қылып көрсетеді. Әңгіме бөйынша, ханды өлтірсе — жалғыз өлтіріп, қаза көрсе — жалғыз көретін себептен баяғының жалғыз аттанатын батырына ұқсатпақ болған мақсаттан тууға мүмкін, өлең үлгісі бір емес, әлде неше жерде ескі батыр жырының кәрі үлгісін көзге елестетеді. Кейде мұны тастап, қисса дағдысына салып “әлқисса” деп те кетеді. Ескі батыр жырының үлгісі — Бекет айдалып кетіп бара жатқанда шешесінің қоштасып айтқаны:

Арба салып, ат мініп,
Сапар етіп жол шектік,
Құтты болсын тұғырың.
Мінген атың аласың
Өлгенде көрген баласың.
Адал бала тастай ма
Атасы менен анасын?
Мен келгенде тоқтамай,
Жалғыз қайда барасың.
Кетер болсаң, қарағым,
Еме кет, анаң мамасын, —

деген сөздерінен көрінеді. Бұл жері Қобыланды Қазанға кетіп бара жатқанда Аналық айтқан сөздің азғыны. Кейінгі ақынға ескінің үлгісі қызықты көрінген. Сол себепті ескінің үлгісін тілеген жерге жапсыра берген. Әйтпесе, қол-аяғы кісенделіп, ықтиярсыз айдалып бара жатқан Бекетке қоштасып жатқан шешесінің әлгі айтқан сөзі лайық емес. Бұл арадағы сөздің ықтиярымен ізденіп бара жатқан Қобыландыға айтқан сөзге ұқсайтын жөні жоқ. Бірақ үлгі қуған олақ ақын Бекетті ескі батыр қылып жырлаймын деп, өзі білген “қошқар мүйізін” салған. Осы сияқты үлгі Бекеттің:

Сіздер қалдың, мен кеттім
Мен сіздерден садаға, —

деген жауабында да көрініп тұрған сияқты. “Бекет” жырын тексере қараған кісіге жаңағы айтышғандарға ұқсайтын ескі батырлар жырының сарыны басқа жерлерден де көрінуі оңай. Жалғыз осы белгілерге қарасақ, Бекетті де кіші батырлар ретінде қосуға керек.

Бірақ бұл жерде де Исатай жырының тұсында айтқан бір сөзді оқушының есіне саламыз. Ол сөз: тарихи өлеңдердің тұсында ақындық қиялы қаншалық шарықтаймын дегенмен, өмір кісенімен тұсалып қалғандығы туралы болатын. Сондықтан жаңағы сияқты ескілік бояуын алып тастасақ, “Бекет” өлеңі де батырдың нағыз әңгімесіне келгенде өміршілдік соқпағына түседі. Әңгіменің ішінде көп аталатын Орынбор, Петрбор сияқты қазақ елінің тағдырын шешетін қалалар,

үйездік әкім, батырды айдаған солдат, қолға салған қолөткі, көк арба — барлығы да өмір. Өмір болғанда сол дәуірдегі тіршіліктің нағыз ауыр, нағыз жүдеу суреттері. Сол суреттің у сияқты ащы дерті батырдың да қайратын буып, еңсесін түсірген. Жүректе жалын басылып, алдыңғы күннің сенімінен айырылған. Сол себепті шешесінен айырылар жерде:

Есен барып, сау келіп,
Көремін де демеймін,
Көрмеймін де демеймін,
Кер шабақ пен күреңді
Мінемін де демеймін,
Мінбеймін де демеймін.
Есен барып, сау келіп,
Сүйемін де демеймін,
Сүймеймін де демеймін, —

дейді.

Батырдың иығына қайғы шығып, көңілін күдік басқандығын осы сөздер білдіреді.

Бекеттің қоштасқан сөзінің ішінде елі мен әкесіне, қатынына айтқан сәлемі түгелімен өзіміз көрген өмірдің анық қалпы. Оның ішінде қиялмен қоспа қосып, көтеріп айтқан сөздер жоқ. Барлығы да айдалып бара жатқан жігіттің артқыға айтқан зар-мұңы. Жырдың ішінде “Бекетті” тарихи өлеңнің нағыз батыры қылып көрсететін жалғыз-ақ жер бар. Ол Арыстан ханның өлімі туралы:

Арыстан жатқан орданы,
Дулап жанған қорданы,
Тайсалмай барып енгенмін.
Арыстан мінген көк қасқа,
Астынан алып мінгенмін.
Жібек баулы қолшы тон,
Үстінен алып кигенмін.
Бүгін өліп кетсем де,
Арманым жоқ алдаға.
Талтаңдаған төрені,
Сақалынан ұстап ап,
Қонаққа сойған қозыдай,
Қолымнан өлім бергенмін, —

деген сөздері. Бекеттің тарихи ісі осы. Батыр атын әперген ұлы дүбір жорығы да осы. Заманында Исатай істеген ерлікті істеп, қалың елдің қамын ойлап, көптің тілеуіне сүйеніп, өз басын құрбандыққа шалған. Қылышынан қан тамған ұлықты өлтіріп, патша үкіметіне қазақ елінің жүрегінде жатқан қарсылықты ақырғы рет осындай үлкен іспен көрсеткен. Сондықтан Бекеттің даңқы қазақ даласына көп жайылып, жоғарыда айтқандай ертегіге ұқсас әңгіме болған. Бекетті тарихи өлеңнің қаһарманына қосатын себеп осы.

V бөлім

ЕРТЕГІ

Адам баласы білім-өнер жүзінде болған уақытта маңайындағы дүниенің жасырын сырларын білмегендіктен, өзіне белгісіз заттың барлығына құдай деп табынған. Сол табынған нәрселері көп болғандықтан, әрқайсысы туралы арнаулы әңгімелері болған, осындай құдайлар әңгімелері ескі грек, рум халқында көп болған¹.

Заман өткен сайын, ақыл, білім өскен соң, ол табиғат нәрселерінің құдай емес екені білінген. Сондықтан олар жайындағы әңгімелер бұрынғы мағынасынан айырылып, кейінгі айтушылардың аузында ертегі болып кеткен. Өмірде болмайтын істер, қиялдың көтеріп суреттеген әңгімелері деп танылған. Қазақ ескілігінде кездесетін жалмауыз, диюлар, мыстан кемпірлер араласқан әңгімелердің барлығы да сондай көтерген қиялдың табысы.

Бұл ертегілердің ішінде араласатын заттар әншейін адамнан бөлек ерекше істер істейді. Әр түрлі күйге түсіп құбылады. Төрт көз ит болып, бір уақытта есек болып, бір кезде түлкі болып кететін сияқты жерлері түгелімен сол ерекшелікті білдіреді. Ертегінің жері де, мезгілі де белгісіз болады. Баяғы тағы заманда болған оқиға, белгісіз от дари-ясы, жын, пері мекені, алтын сарай, күміс бәйтерек, аспанда салынған үйлермен келеді. Осы сияқты жай өмірден жат болып жасалатын істер ертегінің дағдысы деп саналады. Ертегілі сөздердің белгісі болады. Бірақ барлық ертегі сөзін түгелімен ойдан шыққан деп есептеуге келмейді. Оның ішінде белгілі шындық болған. Кейбір ертегілер ескілікті дүниені түсінуін білдіретін болып, сол ескі замандағы

ұғымның белгісін сақтап қалғаны бар. Ондай ертегілерді, ескілік әңгімесін — әуезе дейді.

Екінші бір түрі: сол ескілікті ұғымды білдірумен бірге елдің ескі салт әдетін де білдіретін болады. Белгілі үлгі, өсиет шығаратын да ертегілер бар. Бұларды салт ертегісі, яки үлгілі ертегі дейді.

Қазақтағы “Құла мерген” сондай салт пен үлгі ертегісі деп саналуға болады.

Құла мергеннің аңшылық кәсібі өзге елден бөлек. Жалғыз өмір сүріп, ылғи мергендікпен күн кешіруі оның салтын білдіреді. Құла мергенге қас болған қатын, жалмауыз кемпір, барлығы да адам баласының өміріне қастық қылатын, қараңғы, сырлы заттар болады. Құла мергеннің кегін алушы баласы Шүйе мерген. Мергеннің ісі ақ, сондықтан ол жеңеді. Қас болған қатыннан кек алады. Жалмауызды өлтіреді. Бұл “Аққа зауал жоқ”, “қараның ісі оңға баспайды” деген ұғымның белгісі. Сондықтан бұл жері өсиет сияқты үлгі сөзі болады.

Салт ертегісінің бір түрі мысқыл, мазақ ертегілер. Бұдан да дұрыстық пен терістіктің тартысы көрсетілетін болады. Бірақ жамандық иесі мазақ, күлкі болып көрсетіледі. Мысалы: қу шал мен жалмауыз, диюлар әңгімелері. Бұлай болғанда ертегі деп баяғы замандағы елдің дүниеге көз қарасын білдіретін я сол көзқарастың белгілі ізін көрсететін, онан соң белгілі елдің салтын білдіріп, арнаулы үлгі айтатын, жамандықты жерлеп, жақсылықты көтеріп айтқан, ойдан шығарған көтерме әңгімені айтады. Қазақ ертегісі өте көп. Осы күнге шейін қыстың ұзақ түндері қыр елінің барлығында ертегі тыңдап, ертегі айтумен өтеді. Сол ертегілердің ішінде ең ескірегін алсақ, бұрынғы ескі нанымды білдіретін жалмауыздар араласқан ертегі мен кәсіп ертегілері болады. Кәсіптен ертегіге көп кіретін аңшылық. Өте ескі ертегілер “Еділ Жайық”, “Құла мерген” сияқтылар болса, мұнда иен тау, елсіз өзендерді жапа-жалғыз мекен еткен баяғының батыр аңшылары әңгімеге кіреді.

Баяғы қазақтың бір алуан батыры аңшы болғаны рас. Біз Қамбар әңгімесін қарастырғанда бұл турадағы пікірді айтқанбыз. Қазір де сол ескі әңгімелерде кездесетін қараңғы, сырлы

жалмауыз, жез тырнақ сияқты жанды заттар, тескен тау сияқты жат жерлер қиялдың өзінен ғана туады ма, жоқ болмаса соларды туғызған болымсыз себептер бар ма, соны айтайық.

Қазақтың ұғымында жалмауыз, жез тырнақ бұрынғы ескі діннің мұрасы. Дүниедегі жанды, жансыз нәрсенің барлығын жаратқан, барлығын билейтін бөлек-бөлек иелер бар, солардың бірі — адамға қас, бірі дос иелер. Мәселен, жарық — жылы күнді билейтін адамға дос ие болса, қара түн — қараңғы, сырлы науқастарды жіберетін адамға қас болған иелер. Сондай иелер кейде тау, тас, тоғайлы жерде, елсізде мекен етеді. Адам кездесе қастық қылады деген ұғым бар.

Сондықтан, жұрттың бәрі әншейінде күдікті көрінетін елсіз жерде бұзылған молалар көрсе, тау ішінің үңгірін көрсе, бұлардың бәрінен әлгідей қастық иесін күтетін. Сондай күткен, қорыққан кездерге, иен далада жалғыз жүрген, жайын адам болып кеткен алып аңшылар кездесе, қорыққан қиял соларды жалмауызға, не жез тырнаққа айналдырып әкетуге әбден мүмкін. Тескен тау, бұрын дүние сырын білмеген, табиғатпен таныстығы жоқ, көр бала халінде болған адамға сағым көтерген алыстағы көк таулардың сиқынан тууға мүмкін. Міне, осы сияқты ретпен салыстырып, сынап қарағанда, бұрынғы ертегінің ішіндегі өтіріктің барлығы да белгілі себептен шынға ұсаған, жаңылыс ұғымынан туған деп білу керек. Бұрынғы елдің қиялы өзіне таныс емес жат бір нәрсені құрдан-құр жанынан шығарып әңгімеге кіргізген емес, қайта бұрынғы заманда сол ертегіге кірген нәрсенің барлығы да даусыз шын сияқты көрінетін. Ол кездегі ертегі, бүгінгі елдің өмірінен алған шын әңгімелер сияқты, даусыз шын оқиға болып көрінген. Бері келіп ел есі кіріп, ержеткен соң ғана ертегіні өтірік деуші шығады. Ол елдің білім, зейіні артып, дүниеге таныстығы молайғандықтан, бұрынғының ұғым, нанымынан кейінгілердің ақыл, білімі артып, бой жетіп, асып кеткендігінен. Қазақтың көп ертегісін жинап, сынап қарастыру біздің жақын зор міндетіміздің бірі болады.

Қазақ ертегілерінде жоғарыда айтылған ескі түрлерінен басқа, берірек заманда шыққан жаңарак әңгімелер де бар.

Мәселен, өлең өлшеуіне түскен батырлар әңгімелерінің барлығы ертегі болып кеткен, батыр әңгімесін көп ел құмартып тындайтын болғандықтан, ел қиялы бергі замандардың батырларын да ертегінің қаһарманы қылып әкеткен.

Мәселен, Наурызбай, Ағыбайлар әңгімесі² сияқты кешегі болған батырлар да кейбір ертегіге айналып, жалмауыз, жез тырнаққа кездесіп кетеді. Елдің сүйіп, сүйсінген батырының барлығы да көпке жайылған, сансыз көп ертегі болған.

Бұлардан соңғы бір алуан ертегі, күлдіру мақсатымен айтылатын нағыз өтірік әңгімелер болады. Мәселен, Алдар көсенің қырық өтірігі сияқтылар. Кейде тапқыштық, шешендік қулық та ертегіге кіретіні болады. Сол ретке қосылатын Алдар көсе мен Жиренше шешен әңгімелері, ел әңгімесі бұларды болған адам дейді. Бірақ, осындай адамдардың болғаны рас болса да, бері келе ел бір жолата ертегі адамы қылып жіберген. Біреуі шешендік үлгісі болып, екіншісі қулық, тапқыштықтың үлгісі болып, арғы-бергі замандағы осындай жайдан туатын, әңгіменің барлығын өз бастарына жиып алған. Ел қиялы соларға неше түрлі шешендік әңгімесін, әлденеше түрлі қулық әңгімесін апарып жамап, барлық өмірлерін тұтас әңгіме қылып әкеткен.

Мұсылман күн шығысында осыларға ұқсайтын бір адам Қожанәсір. Ол аңқау қу. Аңқау күлдіргі, барлық өмірі түгелімен күлдіргінің қулық әңгімесі болып кеткен. Жиренше мен Алдар көсе де бар өмірі бір-ақ тараулы мінездің соңында кеткен³. Сол мінездің ертегісі болып кеткен адамдар. Қазақтың қара сөзді ескілігінде, бұл екеуінің әңгімесі ертегі мен ұқсас әңгіменің арасындағы бір ерекше қызықты түр болады.

VI бөлім

АЙТЫС ӨЛЕҢДЕР

Қазақ ескілігінің бір үлкен саласы — айтыс өлеңдер. Ауызша әдебиет ішінде айтыстан көп кездесетін өлең жоқ. Баяғы ескі заманнан бастап соңғы күндерге шейін қай ру болса да ортасында айтыс өлең айтылмаған ел болмайды. Бұрынғы үлкен айтыстың арты бұл күнде құда мен құдағидың бірін-біріне не жақсылап, не жамандап айтқан айтысы сияқты болса да, осы күнге шейін көп жерде айтысы бар. Болатын себебі қазақтың ұғымынша: жаттама өлеңдерді айтысса да, әнге қосып сөз таласып жасамаса, барлық ойын, айт пен той қызықсыз, көңілсіз болатын. Сондықтан ақындық қуаты болмаған жас жігіт “Әри айдай бойдай талай” деп айтысса да, айтыстың ырымын істеп, жол алып, жолды алуды ұмытқан жоқ.

Бұл өлеңдер туралы сөз қозғағанда, әзірше айтыстың қандай түрге бөлінетінін айтпасақ, барлық айтыс сөздерді түгел жиып, барлығын түгелімен мысалға келтіруімізге болмайды. Себебі, күнде баспаға басылып, ол жазба күйінде жиналып жүрген айтыстардан басқа талай-талай жақсы айтыстардың әлі күнге жатқа білген, бірен-саранның аузында жазылмай, жиналмай жүргені де толып жатыр. Осы айтылған сөздерге қарағанда, айтыс сөз қазақ ескілігінде өте жанды, өте қызулы, бағалы сөз болғанында дау жоқ.

Айтыс сөздерінің молдығы мен көп жайылғандығына қарасақ, қазақ елі ақындық теңізі сияқты көрінеді. Өзге жұрттың әдебиет тарихын өлең түріне бөлгенде, айтыс өлеңі деген бөлім, не жоқ болады, не болмаса өте аз кездеседі. Қазақтың өзге түрдегі ескілігінің барлығында өзге елдікіне ұқсастық болса да, айтыс өлеңдері барлығынан да жат,

жаңа түр. Қазақ әдебиетінің өзіне ғана меншікті саналады. Басқа жұртта өлең болса, мұншалықты мол болып етек алып жайылған емес. Анда-санда кездесетін шашыраған өлеңдер сияқты көрінеді. Мысалы: ескі француз әдебиетіндегі тенсондар, бұлардың түрі қазақ айтысына ұқсайды. Онда да екі ақын көп жиынның алдында сөз жарыс жасайды. Айтыстың өзге өлеңнен айырмасы: суырып салма өлеңдермен айтысатын болса, тенсондарда сондай, жанынан шұғылдан шығарылған ауызша өлеңдер. Айтысатын сөздері де кейде қазақ айтысында кездесетін білім талас сияқты, жұмбақ пен ой тартысы болады. Мәселен, кейбір тенсондар “адам қауымында әйелдің қандай бағасы бар” деген жайға арналған. Француз әдебиетінен басқа, ескі араб әдебиетінде “Мұғалла хат” деген өлеңдер болған, бірақ бұл нағыз айтыс емес, көбінесе өлең жарысы сияқты. Бұрынғы замандағы жәрмеңкедей ұлы жиында көп ақынның бір тақырыпқа айтқан жарысы, өлеңдері көптің сынына түсіп, соның ішіндегі ең жақсы жәрмеңкенің ең жиын, ең қызулы жеріне жібекке жазылып, ілініп қойылатын. Сондықтан “Мұғалла хат” деп — ілулі өлеңдер аталған.

Міне, өзге жұрттың әдебиетінде айтыс өлеңдердің осы сияқты түрлері болғаны рас. Бірақ мұның бірде-бірі қазақ айтысындай көпке тарап, көп жұрттың барлығын бірдей ермек қылатындай болған жоқ. Қазақтікі сияқты әдебиет тарихының бөлімі болуға жарайтындай болып етек алып тараған емес. Қазақтың кәрі, жасындай айтысты қызық көріп қызуланып, тегіс өнер қылып, жалпақ ел ұстанған емес. Қазақтағы айтыс әдебиет бөлімі болудан басқа ел тартысының бұрынғыдан келе жатқан театры сияқты көпке бірдей қызық беретін жиын сауығы болған.

Сондықтан, айтысқыш ақындар жүрген жер ел ортасында көшпелі сауықшылар жүргендей қалың думан, жиын болатын. Елдің айтыс өлеңді қатты қадірлегендігінен айтыс ақындары: Шөже, Кемпірбай, Жанақ, Сабырбай, Мұрат, Тоғжан, Біржан, Сара¹ сияқтылардың атағы қазақ ішіне тегіс жайылған. Барған елінің барлығында бағалы, қадірлі болып, қайда барса да сый, құрмет, қызық, сауық болатындықтан, айтыс ақындары сол жүрісін біржолата салт қылып әкеткен. Көбінің кәсібі: сән-

салтанатпен, қобыз, домбырамен нөкер алып, ел қыдырып жүріп айтысқа шығатын ақындарды іздеумен өткен. Бұрынғы заманның осы сияқты жиыны болса да айтыссыз өтпейтін. Талай ақын өз елінен шығып, жат елді аралап, кектеніп, кез келген ақынмен айтысып, не жол алып, не жол беріп, жеңіп, жеңіліп жүрген. Баяғы заманда жауынгер батыр алыста тоят іздеп, білегінің қайратына сеніп, соғыс майданында жау іздесе, айтыс ақындары тіл-жағының қайратына сеніп, соғыс майданының жекпе-жегін іздейді. Қазақ елінің бұрынғы жортуылшыл батырдан кейін тапқан, екінші алуандас батыры, қызыл тілдің иесі ақындар. Ел тіршілігінің жауынгерлік дәуірінен шығып, тыныштыққа бет алған кезінде, Сарыарқаны сайқалдап, онды-солды шарлап жүрген бір алуан адамдары, осындай сөз батырлары кешегі Жанак, Кемпірбай, Шөже, сол ақындардың үлгісі ел ортасында соларға ұқсамақ болған жігіттер көбейген.

Ақындық, әншілік өнері жақсы жігіттің белгісі сияқты саналған. Сондықтан ел ішінің қызық сауығы үшін сән түзеп, қыдырумен жүретін салдар шыққан. Атақты ақындарға еліктеуден серілік молайып бері келген заманда Біржандай сал, Ақандай ақын серіні шығарған. Бұлардың жайы қай елдің ортасында болса да, кейінгіге үлкен әңгіме болып қалған.

Соның барлығы бұрынғы айтыс ақындарының сарқыты. Онан соң бұрынғы ел, ақын айтысын қызық сауықтың ермегі сияқты көрсе де, екі рудың ақыны айтысатын кезде құр ғана көлденең тындаушы болып отыра алмайтын. Біреуінің тілеуінде болып, ұранына қызып, өзі жекпе-жекке шыққандай болып тыңдаған. Айтысқа шығаратын ақынын, қанды майданға баратын батырын шығарғандай қылып, іштен тілеу тілеп шығаратын. Сондықтан, Қаптағайдың қызы Сара айтысқа шығарда: “Найман шал аруағың жебей гөр деп, ақ үйден шыға келдім мен де айқайлап” дейді. Сара айтысқа шығарда найманның игі жақсысы болып келіп, бата беріп, тілек етіп шығарады. Найманда тағы бір ақын өз тұсындағы ірі ақынның бірімен айтысқалы бара жатып: “Дүние салдыр-гүлдір өтер дедім, сонымен аз сөйлесем не етер дедім. Қой айтып, дүйсембі күн атқа міндім, найман

шал аруағың көтер дедім” дейді. Ескі қазаққа айтыс өлең ең қадірлі сөз болған. Сондықтан “сөз тапқанға қолқа жоқ” деп, өлең сөзді кім кестелі қылып, сұлу айта алатын болса, оның кәрі-жасына, келін-кепшіктігіне қарамай ұлы жиын, игі жақсының барлығы да ілтифат қылып тыңдап, ықылас құрмет көрсететін. Сол себепті Тоғжан Орманшыға келін болып түсіп, бетіне шымылдық тұтып әкеле жатқан жерде алдынан шығып, баяғыда айтысып жеңе алмай жүрген адам әдейі алдынан тосып тұрып:

Жамағат шымылдықтан серпіліңіз,
Ақынсыған немені келтіріңіз.
Үйінен буаз келген мұндар қарды
Жұрт көзіне көрсетпей өлтіріңіз, —

дегенде.

Тоғжан:

Орманшы жиылыпты жамағатың,
Әлі санға толған жоқ азаматың
Ұл туса, таяқ соғар қолғанатың,
Қыз туса, керек қылар қанағатың
Оның несін бетіме салық қылдың
Ініңнің сақтап келдім аманатын, —

деген.

Сонда Тоғжанды сол заманның елі абыройсыз деп сөккен емес. Себебі, оның айтып тұрғаны өлең сөз, жүйелі, кестелі сөз. Бұл мысалдарға қарағанда, айтыс өлең құр ғана қызу сауықтың сөзі емес, қанды қыздырып, аруақты шақыратын жанды сөз екені көрінеді.

Ауызша әдебиетте өлең тақпақ пен айтыс ретінде айтылатын сөздер екі жікке бөлінеді. Біреуі ақындар айтысы, екіншісі билердің билік үстінде, ру тартысының тұсында айтысатын сөздері — билер айтысы. Сырт көрінісіне қарағанда, ақындар айтысы мен билер айтысы қазақ ескілігіндегі екі алуан сөз сияқты. Бірақ, кейбір мағыналарымен, ел тұрмысымен байланысына қарағанда, екеуі бір түрге қосылады.

Бұларды бір түрге қосатын себеп: ескі қазақ ішінде өте күшті болған ру жігі. Бұрын қазақ әдебиетінде кездесетін өлең түрлері әр кезде әр түрлі болып ел кезегі үшін қызмет еткенін айтқанбыз. Мысалы: сыршылдық өлеңдері көздегі

жас, көңілдегі қайғыны уатып, сүйеу беретін сөздер болса, кейбір жерде жылату үшін, көзден жас шығару үшін көңілдің зар-мұңын шығаратын сөз болған. Бұл түрдегі өлеңдер көңілдің қайғылы, күңгірт сырымен байланысқан өлеңдері. Бұдан соңғы бір алуан өлең — бұрынғы өткен батыр, би сияқты, сүйіскен жастар сияқты жақсылардың жайын жыр қылған, солардың жүрісіне сүйсініп, қошаметтеп келіп, кейінгіге үлгі бергендей, ой салғандай, шынымен ел қиял қылған жақсылардың түр сыпатын, неше алуанын көрсетпек болған әңгімелер еді. Бұларда жақсылық үлгісі көрініп, ақыл мен ой сезімге азық беріп, кейінгіге үлгі айтып, бет нұсқамақ болған талап бар. Ол өлеңдегі мағына осы сияқты мақсаттарға арналған.

Қазақ ескілігінің бұлардан соңғы бір алуаны соңғы замандарда ел жақсыларының заман жайына қайғырып, мұңайып айтқан сөзі. Олар ескірген ақындардың ел мінін айтып, алдында келе жатқан қауіпті, қайғылы күнді ескертіп, елдікке-бірлікке шақырып айтқан өлеңдері. Бұл сөздер ел тіршілігінің дертін емдеуге арналған.

Ел қайғысының емін іздегені ескі ақындардың өлеңдері. Бұлардай өлең айтқан ақындарды зар заман өлеңшісі деген жікпенен өзге барлық ескілік өлеңдерінен бір бөлек шығарамыз. Енді қазіргі қарастыратын айтыс өлеңдерді алып, соны жаңағы саналып өткен ескілік түрлерімен салыстырғанда қандай айырманы, қандай ерекшелікті көреміз? Соған келейік.

Айтыс өлеңдердің ішінде мұң менен зар айтылмайды. Мұның ішінде елге бүгінгі мінін айтып, пәлендей жолға түсіп, түзел деген өсиет сөздер жоқ. Мұндағы сөздердің барлығы екі кісінің тартыс-таласы. Бұл өлең түрімен айтылған сөз күресі, сөз жекпе-жегі. Ішкі мағынасына қарағанда, мұндай айтыстар бұрынғы елдің сауығы, желігі үшін айтылатын айт пен той, ойын, жиынның әлеңдері. Айтыс өлеңдерінің тұсында қазақ еліне бұрын әлде неше күйлердің үстінде бірде уатып, бірде жылатуға жараған өлең, енді күлдіріп, қуантып, желіктіруге қызмет еткендей болады. Сол күлдіріп, қызық пен сауық үшін қызмет еткен уақытта, айтыс өлеңдер қазақтың жоғарыда айтылған ру жігі сияқты

ерекше бір тіршілік салтымен байланысқан өлең болады. Ру жігіне бөлінген ел кей кезде ұранымен бас құралып, ұран атымен тіршілік еткенде рудың бәйгеге қосқан атын қызықтаса, күреске түскен палуанын қызықтап, намыспен сүйсе, мынау өлендердің тұсында сол сияқты ру талас, ру намысы, ру бәйгесіне сөз жүйірін қосқандай болып, жік-жікке бөлініп, солардың тілеуін тілесіп, қызығын қызықтасады. Айтыстың ақыны бәйгеге қосқан ат, күреске түсірген палуан есепті қызық, сауықтың қызметшісі болған. Бұл айтылған сөздердің барлығы — көбінесе ақындар айтысына арналатын сөздер. Ақын айтысының билер айтысымен бір түрге қосылатын себебі жоғарыда айтқан ру жігімен байланысқан бұрынғы қазақ жақсысының барлығы да өзінің руымен, туысымен жақсысы деп саналатын. Сондықтан өзі шыққан руының өзге рулардан артық болуы әрбір адамға мақтан, жұбаныш болатын. Би болса жақсы, мықты, басты деген ат алғанда өз руының іргесін көрмегені үшін, өз руының телісі мен тентегін болса да, жатқа жем қылмағаны үшін, өз руына өзгеден артық жуандық, ірілік олжа әпергені үшін жақсы деп аталатын, сол сияқты батыр да, палуан да, төре мен ақын да өз руына жақсы ат әпергендігі үшін жақсы деп бағаланады. Қазақ тұрмысының осы сияқты ерекшелігінен айтыс өлеңінің ақыны мен билік жолындағы билер сөз сөйлесе, сол жоғары ру жігін тереңдетуге, ру намысын айқындап шығаруға қызмет қылған. Бұл жағынан қарағанда ешбір ру жігіне бөлінген елде сол ру тіршілігін өнер жүзіне шейін түсіріп, мұншалық ұлғайтып әкеткен ел жоқ.

Қазақтың ақыны мен биінің біріне-бірі ұқсайтын жері осы арада. Әрқайсысы әр алуан жолда, әр алуан сөз сөйлейтін болса да, сол өздері шыққан рулардың күреске түскен палуаны есепті болғандықтан, екеуінің айтысында жалпы әдебиетте бір-ақ түрлі өнер есебінде болуға лайық.

Енді айтыс ақындарының өлеңі мағына жағынан қандай түрге бөлінеді? Соған келейік. Ақындар айтыстары ішкі мағынасына қарағанда, көбінесе ру күндестігі, ру жарысының, ру мақтанының өлендері. Мысалы Біржан мен Сара өлендері:

Б і р ж а н:

Арғынның көз жеткісіз аймағы бар,
Дөңгелек жеті рудан ойнағы бар,
Кім жетер Жанайдарға Алтайдағы
Алты жүз ботасы мен тайлағы бар.
Шалқыған Жәнібек пен Тұрсын, Жанай
Айт, Жүсіп, Нұрмұхамбет, Досан, Қанай,
Солардың қысабына көз жетпейді,
Ол түгіл, бір Шақамдай болса қалай.
Қаржаста бір құтым бар Мұса, Шорман
Үзілмей келе жатыр ескі қордан.
Қазының бел баласы Садуақас
Құтқарған сан қыранды түскен тордан.
Ұл тумас Қазанқаптай ата ұлынан,
Тұқымы дегдар шыққан жақынынан.
Шыныбай асып па еді бір шағында
Жан жетпес ер Қазекем аруағына.
Жамантай, Құспек, Шыңғыс, Сартай төрем²
Ілінген талай найман қармағына,
Тәттімбет арда керім арғын асқан
Қырық түрлі күй ілінген бармағына
Ежелден әрі баймын, әрі молмын,
Шын қызсам, шыдамайсың зардабыма.
Адамның ақ иығы қажы Құнанбай,
Сан жүйрік сау кеткен жоқ бір сыналмай.
Найманның әулиесі батыр Барақ
Шын құса болып кеткен түк қыла алмай.
Ыбырай жас жолбарыс білектенген³,
Дұшпанға арыстандай жүректенген.
Өзінің заманының бозбаласы,
Перінің жігітіндей іріктелген.
Ей, Сара, қайсысың бар оған жетер,
Өнерін көрген жанның есі кетер.
Адамның жалғыз басты білімдісі,
Оны да жамандамас найман бекер.
Орта жүз Абай қойды атын батпай,
Үйіне үйез кірмес жауап қатпай,
Арғынның асылдығы міне осындай
Наймандай ағайының жүрген сатпай.
Бар болса, бұған орай болмай сөйле,
Әйтпесе сөзіңді қой босқа шатпай.

С а р а:

Ей, Біржан, сөз сөйлейін анықтатып,
Көңілің ауырмасын қабақ қатып,
Көкшетау, Қызылжарда талай арғын
Күн көрген қызын жалдап, жатақ жатып.
Бармаған соң жайымды білмейді деп,
Құр босқа мақтанасың тәңір атып.
Найманда кара Керей, Сыбан, Мұрын⁴,
Жеті ата Жолымбетке күйған нұрын.
Шерубай, Тана мырза, ер Тәукебай,
Қай қазақ сөз бастаған одан бұрын.
Баласы Қозыбайдың Тілеуберді,
Алтыбай оның ұлын әркім көрді.
Құдайдан қорыққан арғын осал да емес,
Қарадан хан боп шыққан Қисық еді.
Жан жетпес Бабатайға, Жалбы, Жанақ,
Аққожа би, Ақтайлақ асқан манап.
Ақтамберді, Алтыбай, ер Әйімбет,
Қалмақты қолмен сатқан қойдай талап.
Кенжеғұл, қазақ жетпес бабасына,
Төрт арыс билік айтқан баласына.
Байтоқа, Кеңесбай мен құт Данияр
Таймаған сөйлер сөздің шамасына.
Арғын жоқ мақтағанмен, Тойғұлыдай
Құт күйған қыдыр келіп сабасына.
Бірін-бірі андыған қу арғынсың,
Мақтанған мінсең орыс шанасына.
Екі жыл бақ айналса біреуіне,
Қайдағы жаулық қылған данасына.
Арғында кісілік жоқ мен білмейтін,
Қарны ашта қастық етер анасына.
Өзінді ат та қылдың, құс та қылдың,
Жайымды адам күймен айтайын мен.
Өнерге екі жағым бәрі бірдей,
Құр босқа бөгелемін келіспей нем.
Сайраған бүкіл найман бұлбұлымын,
Ұрғашы ғой демесең қай жерім кем.
Өз басым ұрғашының кара тілі
Бйырам бағы, бітісім, қызыл гүлі.

Айтыстың бұдан соңғы бір алуаны бас мінесуге арналған өлеңдер. Мысалы, Мұрат пен Жантолы:

М ұ р а т:

Жантолы, асыранды қазың қашты,
Жүргенде өзімсініп жазым қашты.
Әсеттің туысына қарсы болды,
Байғұс-ау қандай қой тазың қашты.

Ж а н т о л ы:

Құдаеке-ау, әжептәуір сөзің сенің,
Қудалау сын емес пе ердің кемін,
Елбіреп іші бауырың түсе берсе,
Айтып кет, құдаеке таздың емін.

М ұ р а т:

Тамырын тазыңыздың қиған болар,
Күл сеуіп аққан қанын тиған болар,
Бір шерік іскеметар, күкірт, сынап,
Қайнатып, көк дәріні құйған болар.
Бір жұма көк шүберекпен орап тастап,
Қан-жынын ыстық сумен жуған болар.

Ж а н т о л ы:

Аз екен ел қыдырып көрмегенің,
Ойында тағы бар ма көздегенің.
Дәрудің жеті түрлі бәрін біліп,
Таз ба еді он жасыңнан емдегенің.

М ұ р а т:

Аз еді ел қыдырып көрмегенім,
Ойымда тағы да бар көздегенім.
Таз бенен ақ бас қотыр бір нәсілді,
Ақ басты көрмеймін бе емдегенің.

Ж а н т о л ы (*байына*)

Бір қақтың ақ етіме ашуменен,
Жігітке ашу ұят, асыл деген.
Ұрынған өзі келіп берішке тимей,
Мен бе едім ақ қара бас қотыр басың жеген.

М ұ р а т:

Бір қакты ақ етіңе ашуменен,
Жігітке ашу ұят, асыл деген.
Бір түгіл, екі сокса жаның шықсын,
Осының кісі келер ме басын көрген.

Бұдан кейінгі ақындар айтысы Кемпірбай мен Шөже.
Бұ да жаңағы үлгі сияқты бас мінесу.

К е м п і р б а й:

Бес намаз, он екі иман жанға пайда,
Қалайын бір сөйлесіп осындайда.
Біреуге мал, біреуге бас қайғы ғой.
Барасың, соқыр азбан, жаяу қайда?

Ш ө ж е:

Ұстараның жүзіндей ауған дүние,
Мені көріп шабықтың мұнша неге.
Ай мен күн, жер мен көкті көргенім жоқ
Кемпірбай ақылың болса, маған тиме.
Баласы Жаныс марқұм Сәтбай мырза
Құран оқи барамын қаралы үйге.

К е м п і р б а й:

Асыма шақырмаған келдің жетіп,
Бұғылы, Тұғылыдан жаяу өтіп⁵.
Бұл елде қожа, молда жоқ деп пе едің,
Соқыр ит, кім шақырды жекелетіп.

Ш ө ж е:

Салмағы екі көздің дәл кеудемде,
Алданың әр не қылса, еркі өзінде,
Бар болса қасиетің, кәзімді жаз,
Ұрайын жаза алмасаң қу сөзіңді.

К е м п і р б а й:

Ішінде мен Шаншардың дегдәрі едім⁶,
Ішінде ауған қырғыз сен жарлы едің.
Көзіңді көрінгенге теле дейсің,
Көзің шыққан жерінде мен бар ма едім?

Ш ө ж е:

Қазақтың дін мұсылман жедім қамын,
Сөйлеймін мойныма ала көздің ағын.
Жиылып он екі ақын түк қылған жоқ,
Сен қылармын деймісің енең...
Мұқтасар сөзім майда қақ тасындай⁷,
Омырауым Бұхардың қақпасындай⁸.
Екі аруақ орнаған жер бос қалмайды.
Қырғыздың алтынымын ат басындай.

К е м п і р б а й:

Бұл елге ақын болды Шөже қайдан.
Жүр екен Шөже дәндеп Шортанбайдан.
Жас өсіп, жарлы байып жеткен заман,
Жүрмесін жаның шошып Кемпірбайдан
Жолықпай дүр ақынға жүр екенсің
Берейін сыбағанды соқыр хайуан.

Ш ө ж е:

Кемпірбай, көңілінді тындырайын,
Аруаққа, асса құдайға ұрдырайын.
Оралдан түлеп ұшқан мен ақ иық,
Топшыңды қанатыммен сындырайын.

Айтыстың бұлардан соңғы бір алуаны рулардың арасындағы жуандық, зорлық өлеңі. Бір руға екінші рудың істеген астамдық артықтығын айтатын өлеңдер. Мысалы: Сабырбай мен Тасыбай:

С а б ы р б а й:

Ақтайлақтың баласы Сабыр ермін,
Бәйгеден күнде келген карагермін,
Қанай төбет елімді екі шапты,
Бәлем, арғын, етінді тірі жермін.

Т а с ы б а й:

Мені өлтірсең пышақ ал, маған таян,
Менің қылған қылығым алдаға аян.
Мен өлместен еліңді екі шапса,
Мен өлген соң боларсың бақа-шаян.

Сабырбай:

Жылқыны сен алғанда мен де алғанмын.
Қайда мен кезегімнен құр қалғанмын.
Мықты жігіт жылқыны алатұғын
Кісіңді орынынан мен салғанмын.

Тасыбай:

Бәсе, жылқыны сен алғанда мен де алғанмын,
Қайдан мен кезегімде құр қалғанмын.
Ажалды адам әр жерде-ақ өлетұғын.
Мен шаңырақ пен түңлікке көз салғанмын.
Сен қотан бұлақ, қызыл кен құлды шаптың,
Қыдырбай елден шыққан тұлды шаптың
Мен Ақтайлақ, Балпандай биді шаптым,
Кәнекей, соған орай кімді шаптың.

Төртінші түрі сирек кез келсе де, жеке бір түр болатын білім таласы. Ол күндегі білім — дін білімі. Сондықтан құранның аятын айтысады. Дін жүзінен жұмбақтар айтып, соны шешіседі. Мұның мысалы, Кемпірбай мен Шөже өлеңдерінің аяғындағы айтыс:

Шөже:

Кемпірбай, көкте не бар, жерде не бар.
Жаратқан неше мақлұқ қадір жаппар.
Алданың достысы кім, дұшпаны кім?
Өзіңнен сұрайтұғын әр сөзім бар.
Қай күні қарасақ та майдан болып,
Қай күні өлім қошқар бауыздалар.
Күнәсін пенделердің кешіргін деп,
Күнәнді, ей лағынат, мойныңа ал деп,
Шайтанға қандай адам қазы болар.
Неше адам пенделерге жәрдем қылар.
Қолына қанды тон мен кесені алып,
Кімнің кім мақшар күні құнын даулар.
Алданың әмірінен жәрдем болып,
Кіммен кім мақшар күні күрес салар.
Арғылып бақ дәреже бағы асып,
Мақшарда қандай адам мансап алар⁹.
Бұл сөзге ақын болсаң, ақылың жетер.
Ойланып бата алмасаң есің кетер.
Біреуін қайта айтсаң кәпір болдың
Ойланып шеше алмасаң, шешпе бекер.

Кемпірбай:

Болғанда жерде Мәди, көкте Айса¹⁰,
Алты күнде жаралды екі дүние¹¹
Жүйтілік¹², Тәбілт¹³, Жәбілт¹⁴ екі жылан
Мұнзалда¹⁵ көріп едім осылайша.
Жеті қат жер астында көк өгіз бар,
Дүние бұзылғанша өлмей тұрар,
Қай күні қарасатқа майдан болса,
Сол күні өлім қошқар бауыздалар.
Күнәсін пенделердің кешіргей деп,
Төрт шадияр пендеге жәрдем қылар¹⁶.
Күнәнді, ей лағынет, мойныңа ал деп¹⁷,
Шайғанға имам ағзам қазы болар.
Қолына қанды тон мен кесені алып,
Би-Фатима¹⁸, Қасен¹⁵, Құсайын²⁰ құны даулар.
Алланың өмірімен жәрдем болып,
Мұхамбет Мәриямға неқақтанар²¹.
Бұлардың тойларының қызығы үшін,
Ер Ғали, Қаһарманмен күрес салар²².
Артылып бақ дәреже, бақыты асып,
Арыслан сүріндіріп, жолын алар.
Қаһарман тіленсе де жібермейді,
Алдадан ұлықсат жоқ деп періштелер.
Әкең Қаржау Жайықтың басы бар ма,
Ит соқыр мұнша нең бар құмарланар.

Шөже:

Бұл сөзім орта жүзді араласын,
Сөзіме ақын болсаң табыласың.
Туғалы аға сыйлап көрмеген ит,
Ағаңмен топ ішінде жағаластың.
“Уаттори миналбатғы мын биләй”
Тауып бер осы сөздің мағынасын²³.

Кемпірбай:

Ей Шөже, сенің өзің кәпір болдың,
Айрылып таза малдан тақыр болдың,
Өлеңге құран сөзін қосамын деп
Қатының талақ, өзің және кәпір болдың.

Ш ө ж е:

Кемпірбай, жай жүр десем, жай жүрмейсің,
Антұрған, жас жапыннан түңілмейсің
Құранның хадісінен аят айтсам²⁴.
Осындай жақсы сөзден түк білмейсің.
“Уатторы” Тор тауына Мұса барған,
Алладан төрт-ақ ауыз жауап алған,
Дидарын бұл жалғанның көрсетем деп,
Бір алла Мұсаны аяп тасты салған.
Мұсаның бойы балқып, тасты ерітіп,
Таяғы еріп кетіп, таста қалған.
Алланың төрт сөзінен түк білмейсің,
Қасымнан былшылдамай тұр, кет, арман.

Кейде осы өлеңдердің барлығы аралас келетін өлең де болады. Айтыс өлеңдерінің сыртқы түріне келсек, барлық ақын айтысы екі түрге бөлінеді. Біреуі қайым өлең, екіншісі қара өлең. Қайым өлеңнің мысалы Мұрат пен Жантолының қайымдасқаны.

М ұ р а т:

Жантолы, жас күніңнен болдың телі,
Қыдыртқан жігіттікті тентек желі.
Көп айдың көрмегелі болды жүзі
Жантолы, үйіннен шық көріскелі.

Ж а н т о л ы:

Құдаеке, жас күніңнен болдың телі,
Қыдыртқан жігіттікті тентек желі.
Көп айдың көрмегелі болды жүзі
Асықпай атыңнан түс сөйлеселі.

М ұ р а т:

Жантолы, жас күніңнен болдың телі,
Қыдыртқан жігіттікті тентек желі.
Ақырып, ат ұстамай аттан түс деп
Қарағым, маған айтшы, ненің желі.

Ж а н т о л ы:

Болғанда сары жұлдыз қаз келеді,
Қыс өтсе, оған жалғас жаз келеді.

Асығып, ат ұстамады деп айып етпе,
Көңіліміз ояу, көзіміз ұйқыда еді.

М ұ р а т:

Болғанда сары жұлдыз қаз келеді,
Қыс өтсе, оған жалғас жаз келеді,
Болғанша тапа тал түс ұйқың қанбай,
Деп пе едің қас әулие таз немені, —

деген сияқты...

Қайым өлеңнің белгісі: бір ауыз өлеңнің алғашқы екі жолы екі ақынға ортақ сөз болады. Қара өлеңнің мысалы осыдан бұрынғы айтыстар. Айтыс ретінде қосылатын тағы бір түрлі өлеңдер — мақтау мен жамандау өлеңдері. Онан соң арыз айту, ақы сұрау өлеңдері, бұлар да айтыстағы сияқты шұғылдан шығарылған, суырып салма өлеңдер.

Айтыс ақындарының көбінде, ұлы дүбір айтыстардан басқа көп уақытта ел ішінің басты адамдары мен бай-бәйбішелеріне кейде мақтап, кейде жамандап айтатын өлеңдер болған. Кейбір ақындар ел ортасында аз атадан шыққандықтан, кедей-кепшік болғандықтан, ақындық сөзді кәсіп қылып жүрген.

Онан соң ел ішінің тіршілігі де теңдік қара қайратқа, ру жуандығына байланғандықтан, нашардың көбі есесіз болып, теңдігіне іліне алмай, қақпай көретін жері көп.

Сондайда біреуден көрген зорлық, қиянат болса, бұрынғы төремен бастас сияқты ортаның ұлықтарына өлеңмен арыз айтып, есе, теңдік алу да көп жайылған дағды болған.

Ескі қазаққа сөз бағасы зор болған. Сондықтан жақсы сөзді бала болсын, қатын-қалаш, келін-кепшік болсын барлығы да елеусіз, ескерусіз қалмайтын.

Сондай өлеңдердің мысалы, қазақ ескілігінде айтыстар сияқты көп кездеседі. Бұларды айтыс өлеңіне қосқызатын себеп, бірінші суырып салма өлеңдері болса, екінші әркімнің көз алдында айтылатын арнау сөз болғандығы. Кісіге арнап айтқан мақтау, жамандау, я арыз айту сияқты сөздер болса, бәрі де екі ақынның айтысында кездесетін не қошемет, не дау сөздерге ұқсайтын. Мұндай өлеңнің мысалы Бижанның қожаға айтқаны, Шернияздың Баймағамбет төреге айтқан өлеңдері.

Қарқаралы үйезінде болған²⁵ бір жиылыста Бижанның елге құрметті бір қожаның үстінен шағымы болып, арызын айтқалы келеді. Сонда жиылыстың ішінен Ақай²⁶ Бижанға²⁷ арызыңды өлеңмен айт дегенде:

Б и ж а н:

Тыно сал, Ақай-еке, қожаңызға,
Қой қоймайтын болды ғой қорамызға.
Қожадан несиеге ақша алған жан,
Өлгенде бата қылмас молаңызға.
Қабағын қатты шытса, қой береміз,
Аз қойды бұған беріп тұрамыз ба.
Мына сарт қырады ма мойны жуан,
Құтырды байыған соң бұрынғыдан.
Кәріптер сонда көзін ашар еді,
Хат салса қара тауға біздің дуан.
Келгелі қылғаныңның бәрі зорлық,
Құтылдық, Ақай-еке, қайтсек мұнан.
Кеп қусаң жамандықты болмай ма мәрт.
Ақты ойласаң арамнан бойыңды тарт,
Қатыныңды Арқабай, Ермек ұрған,
Мұнша неге елердің, ақ тамыр сарт.

Бұған қожа ашуланып, Ақай отырған съез үйден шығып, өз үйіне барып, Бижанды шақырып алып, босағасына байлап қояды. Жас шыбықты суға салып ұрайын деп жатыр деген сөзді Ақай есітіп, қожаның үйіне келіп, Бижанға қожаны мақтап өлең айт дегенде:

Б и ж а н:

Жатпайды қисық ағаш тез алдында,
Бермейді жақсы жауға кез алдында.
Жақсының арты зындан, алды дария,
Сөйлейін қожакемнің өз алдында.
Кел дария кепір салған еткелмен тең,
Токталмай тілім сөйле көп алдында.
Сен тұрған заманында бір бәйтерек,
Күнелткен көлеңкенде мен көбелек.
Көтермей көбелекті сынып кетсең,
Бәйтерек болып-болмай неге керек.
Кез келсем қарсы алдыға ажалды аңдай,

Атқанда тау бұзатын сен зеңбірек.
Еш адам байлығыңа шақ келмейді,
Төрт жағың, төрт құбылаң дөп-дөңгелек.
Несібе жерден еніп, көктен жауып,
Қор қылма бөтен жауға қойдай бағып.
Жаз сауын, күзгі егіндей молшылығың,
Мен пақыр қол үзейін сізден неғып.
Кәріп, міскін күнелткен панайында,
Қысқа күнде күнелткен қырық сауып.
Қызылжар²⁸, Омбы²⁹, Семей³⁰ алты айшылық
Он күнде оған бардың пошта шауып
Аспан мен күн жарқырап жай түскендей,
Қалмай ма қапы ақырсаң есім ауып.
Торғай жеп тояттамас қара бүркіт,
Не шабытың канады маған шауып.
Шаншарда ақыл табар жалғыз жігіт
Дос болдың Ақайменен ақыл тауып.
Бірі озар екі жүйрік жарысқанда,
Екі ердің бірі өлмейді алысқанда
Барлықтың бар пайдасын көрмеп пе едің,
Кешегі Қазанқаппен³¹ жарысқанда.
Жарылғаптың ұлы еді Ақтамберлі³²,
Үш есе малың асты Жаныстан да.
Бір көрсет көптігіңді көп алдында
Іздеп кеп пақыр мұртың табысқанда.
Сын болмас ер жігіттің жоқтығынан,
Баршылық үміт қылдым тоқтығыңнан.
Асылдым алдың биік арғымақ деп,
Туладың бір алғанда шоқтығыңнан.
Қойым түгіл, атымды ал, не қылайын,
Жалғанның кім кетпейді боқтығынан.
Қожа-екем ұлық болған тым жасынан,
Жақсылар сөз жасырмас сырласынан.
Былтыр маған бес теңге бер деп едің,
Тақсыр-ау неке қияр турасынан.
Баласына атасы не айтпайды,
Атаң жұртқа пір болған ту басынан.
Бетіңе тура қарап, сен деп пе едім,
Сөзіңе ақыл айтқан ермеп пе едім.
Сүлеймен Ұзақпенен мал жиғанда,
Бір ісек, бір серкешті бермеп пе едім.
Қарасу лақ баға өзенінде
Өзіңе жайын айта келмеп пе едім.

Қожа-еке, жырдың кілті көк аспанда
Жол көрсет ақылыңмен адасқанда.
Зейінің Сүлейменнің байғызындай
Қалмайды іште назым сырласқанда³³.
Атан түйе сен болсаң, мен көбелек,
Нем қалар табаныңмен бір басқанда.
Жеп-жеңіл топырағым, бишарамын,
Топанша ағызасың шын тасқанда,
Қожа-еке, ішім толған қайғы, құса,
Тентекті тегіс тиып, баса ұста,
Бәрінен өзге жанның асып тұрсын
Алдыңда осы күні жалғыз Мұса.
Бізге қиын болғанмен, тәңірге оңай,
Онымен бір сағатта бірдей қылса.
Қожа-еке, ақыл — серік, дәулет — қорған,
Түскен сұңқар құтылмас жібек тордан.
Бұрынғы әкім атаң әулие өтіп
Жеті атаң туғаннан соң сорым сорған.
Кешегі Қояндының базарында³⁴
Бай келді Қызылжар мен Петрбордан.
Шаншардың мырзалары шама қылды,
Сонда да жан болмады сізден озған.

Бұдан кейін мақтау өлеңінің бір мысалы Шернияз өлеңдері.
Баймағамбет хан “Қызымды мақта” дегенде, Шернияз былай
деген:³⁵

Байеке, сіздің қызда жаман бар ма?
Жамандар біз байғұста заман бар ма?
Еркек болса, әр жұртқа хан болғандай,
Әйел қылған алдаға амал бар ма.
Орынбор сыр салдырған қалалары
Ақылға бәрі бірдей даналары.
Өңшең абзал баланы таба берген,
Бұлардың қандай екен аналары.
Жұмақтың қор қызындай тегіс туған,
Ай, алдай, қалай мінсіз балалары.
Сонда хан: “Енді жамандашы”, — дейді.

Ш е р н и я з :

Байеке-ау, сіздің қызда жаман бар ма?
Жамандар біз байғұста заман бар ма,

Шот желке, шолақ айдар күң дер едім,
Бармайды ауыз шіркін жамандарға,
Бес тиындық қызыңның біреуі жоқ,
Қылған соң құдай ханша амал бар ма.

Хан:

“Ханымды мақташы” дегенде:

Шеріңнің сөйлер сөзге желгенін-ай.
Шүкір қылдым алданың бергенін-ай.
Жұмақтың сипатындай дәл айбаты,
Ханымның келбетінің келгенін-ай.

Содан кейін хан: “Ханымды жамандашы”, — дейді:

Шеріңнің сөйлер сөзге басуын-ай.
Аруағы Алдиярдың асуын-ай.
Ханымның мұрны кейкі, бойы аласа,
Келбеті мегежіннің қашырындай.
Көк иттей күшіктеген құржың қағып,
Жататын шығар тыр-тыр қасынып-ай.
Тұрпаты ит, шошқадан былай емес,
Бай-еке, көргенімді жасырдым ба-ай.

Билер айтысы

Билер айтысының қазірде барлық түрлері жиналып болмағандықтан, екінші бұл түрдегі айтыстар ерекше көп болғандықтан, бұл күнде түгел жіктеп, бөліп қоюға болмайды. Сондықтан, қазірде қандай түрлері кездесетінін айтамыз. Бірақ бұл жіктеу уақытша ғана жіктеу және ылғи ішкі мағынасына ғана қарап жасалған жіктеу болады. Осы бетпен қарастырғанда билік айтыстары: бірінші, дау мен билікті қоса айтып, ру жігінің бетімен сөйлейтіндері болады. Мысалы, Бұқар жыраудың Керейге айтқан тақпағы:

Керей, қайда барасың,
Сырдың бойын көбелеп.
Сен қашсаң да, мен қойман,
Арғымағым жебелеп.
Енді алдыңнан шығайын,
Жауған күндей себелеп.
Ақ мырзамды өлтірдің,

Ақ сойылмен төбелеп,
Мен арғын деген арыспын,
Азуы кере карыспын.
Сен — бұзау терісі шөншіксің,
Мен — өгіз терісі талыспын.
Абылай алдында бітіссен,
Құдандалы таныспын.
Абылай алдында бітпесен,
Атасын білмес алыспын.
Көшің кетер бір жаққа,
Малың кетер бір жаққа,
Көш соңынан жете алмай,
Есің шығар сол шақта.
Жар басына қонарсың,
Жарты лашық тігерсің,
Ауызыңнан ас кетер,
Қара көзден жас кетер,
Бұл қылығың қоймасаң,
Сонау кеудедегі дулығадай бас кетер.

Екінші, екі бидің әділ билікке таласып айтқан талас сөздері.
Мысалы, Ақтайлақ, Солтабай билігі³⁶.

А қ т а й л а қ:

Бай қонысын сұрасаң,
Батпақ сулы даласы.
Қой қонысын сұрасаң,
Кекірелі Жантық шорашы.
Құйса-дағы таусылмас,
Қыдырлы байдың сабасы.
Сірә да ұшпақ керер-ау,
Осындай тапқан анасы, —

деп өзінің кеудесін түртіп:

Сен төрт кісі күмән ұстатсаң,
Мен тоқсан түйе құн кестім,
Сөзімнің болса расы.
Бүгін керей елгенде,
Ертең найман өлмей ме,
Өлімді жанның мұрасы, —

дейді.

Бұл сөзді Солтабай ұнатпағанда, тағы

А қ т а й л а қ:

Әуелі бағыра ашылса,
Аққу шомар көлдерге.
Туысқаны кімнің көп болса,
Үлкен медеу белдерге.
Қырық кез торғын жатыр ғой,
Ақ сандықтың түбінде.
Бәрін айт та, бірін айт,
Сұлтанжан-ау, сар қасқа ат тұр ғой белдеуде, —

дейді.

Үшінші, арбасып, ырғасып жұмбақпен, тұспалмен айтысатын талас билік, мысалы Қараменде мен Кеңгірбай билігі³⁷. Дадан руы Боқты деген кісінің бір ағайынынан, Тобықтының мырза деген руы бес қысырақ ұрлап, қырып алыпты. Қуғыншы келгенде, мырза танып, әлде неше жерде сөз болып, аяғы Қабекен мен Қарамендеге барып, екеуі біріне-бірі сөзін айтып, арасына қайта-қайта кісі жүріпті. Нағыз жарыққа түсетін екі куә болмай, ішек-қарын аршыған қатыннан шыққан сөз деп, Жұмағұл болып жабыла танған соң, күмәнға салайық десе, Боқты көнбей, әбден ысқаяқ дауға айналған. Сол тақырыпты Қабекен Байғара Кенбайды Қарамендеге жұмсардың алдында, сендер Қарамендеге: “Шын болса, желдеген тайы шығар. Өтірік болса, қазақтың баяғы жала жапқан жайы шығар. Батыр айғақ, бай шүгелі болмаған даудың жайы қалай болатынын Қараменде өзі айтсын”, деп айтындар. Сонда Қараменде айтар: “Бұл Қарекеннің күмән ал дегені ме, не басқа жүзден келген дау емес. Тым болмаса өзге Орта жүз дауы емес. Қараменде мен Кеңгірбай Тобықтының бес тайын қағып таба алмай, күмәнға салыпты дегенге жанның бәрі күлмей ме. Онан да Қабекем өзі қақында, не бар, не жоқ қылсын, мен сөзімді сол кісіге билеттім” дер. Сонда сен ойланғансып отыр да: “Япыр-ай, бұрын да шатасқан антұрған дау еді. Енді екеуіңнің аранда жүріп, осы бес тай үшін өміріміз өте ме?”. Бұл сөзіңізді айтқанда, Қабекен: “Қараменденің мұнысына

рахмет, берді деп жұта салғаным лайық емес қой, мен өзіне бергенім берген десе, тағы қайта келем бе? Бітімін айтып жіберсеңіз болмай ма? Қабекең сізге берді ғой” дендер. Сонда Қараменде айтар: Кеңгірбай бұл сөзді маған біржолата беріп отырған жоқ, онысын сөз қосып, құйрығынан ұстай беріп отырғанынан білмеймісің, оның қасында көп жүріп, сырлас болып едің ғой:

“Құйрығын ұстап мал берсе,
Қолыма тиді деменіз,
Алақанын жаймай ас берсе,
Асатты ғой деменіз”, —

деп, Құттыбай би айтқан жоқ па³⁸. Бұл сөзді мені қыстамай-ақ өзі айтсын, бірақ:

“Қоңырды қағу кімге жөн,
Өмірді қағу кімге жөн
Осынымды айт”, —

дер. Сонда сен: “Бұл соңғы сөзінді Қабекеңе айтып бармаймын. Мұныңыз Қабекеңнің өзін күмәнға ұстаған болмай ма? — де, ол сөз айтқанша: “Айтқандайын, баяғыда Қазыбек би Әнет бабаңнан шариғатпен ескі қазақ жолын үйренемін деп, көшіп келіп, бір жаз үйреніп, күз қайта көшерінде: “Табан ақынды айт, бата бер”, дегенде, бабаң не деп еді. Соны ұмытып қалыпшын, сұрай кел, осы сөзге не айтса да ұмытпай кел деп еді-ау” деп айт”, — дейді.

Кенбай Қарамендеге келіп, Қабекең сөзін айтса, дәл Қабекемнің айтады дегенін айтыпты. Үйретінді сөздерге дәл айтқандай шығыпты да: “Соңғы сөзінді айтпаймын, бабаң Қазыбекке не деп еді?” — дегенде, Қараменде: “Ә” деп тұра қалып: “Мен адасып отыр екенмін ғой. Бұл сөз Кенбайшаның сөзі емес, Кеңгірбайшаның сөзі екен ғой, жауласқан жатқа айтатын бітімсіз сөзін маған айтқаны екен ғой:

— Көбік ауыз боқты көнбес,
Көк ауру мырза бермес,
Кеңгірбай сөзі бұл болса,
Бұл ара қоныс болмас.

Кеңгірбайға сәлем де, бұл сөзді маған берсе, мен бес тайды салауат қылдым. Ол үлкен болып қоныс алсын, мен отау болып өріс алайын.

Күндердің күнінде
Көрісерге күн жақсы болсын.
Алыстан іздемесін,
Кезең астындағы кең қақтан табар, —

депті Әнет бабаң³⁹.

Қазақ жолы қанағат,
О да жолдан адаспас,
Қасаңдау емі шарығат,
Оған ешкім таласпас, —

деген екен.

Төртінші, дау мен билік тұсында, не жамандап, не мақтап айтатын сөздер. Мысалы, Сабырбайдың Солтабай төреге айтқан өлеңі:

Алдияр, біздің ауыл Берікқарада,
Белге соққан жыландай екі арада
Тобықты күнде тиіп жылқы алады,
Иесіз иен елде ерік бола ма.
Шұбарым, арғымағым, арыстаным,
Сөзге бай ауыздыққа алысқаным,
Жасықты жанып-жанып тасқа салған,
Болаттың суын тапқан, данышпаным.
Шұбарым, арғымағым, кермаралым,
Өз заңынша полковник, жандаралым.
Кәпір қаулан болғанда, мұсылман аз,
Қайрандап қазы құрттай жан қаларым.
Шұбарым, арғымағым, жүлде алғаным,
Арқауылдың жонындай күн шалғаным.
Асусыз тау, өткелсіз су келгенде,
Құйқылжып құладындай жол салғаным.
Шұбарым, арғымағым, сары жілік,
Арғын, найман арасы болды бүлік,
Ежел, тышқан қыстайды Құндыздыны⁴⁰
Иен түр бабаң қонған қызыл шілік.
Солтеке, сеніменен қай төре тең,
Төрені ақыл, қараны қайратпен жең.

Жалды жылқы, құйрықты қой жемеген,
Хан ием-ай, сол мінезің Жайықтан кең.
Солтекем бесбайыстың қарағындай,
Әлібек, Айтақ қыстайды қара құмды-ай,
Қолына отты шала ұстап туған,
Жат бауыр қыла көрме Барағымды-ай⁴¹.

Бұл айтыстарда екі жақтың бірдей айтуы шарт емес, затында дау мен талас, тартыс үстінде шыққан сөздер болғандықтан, жалғыз бір-ақ жақтың сөздері өлеңмен айтылған болса да, билер айтысының мысалына аламыз.

VII б ө л і м

ЗАР ЗАМАН АҚЫНДАРЫ

Зар заман деген — XIX ғасырда өмір сүрген Шортанбай ақынның заман халін айтқан бір өлеңінің аты¹. Шортанбайдың өлеңі ілгергі, соңғы ірі ақындардың барлық күй, сарынын бір араға тұтастырғандай жиынды өлең болғандықтан, бүкіл бір дәуірде бір сарынмен өлең айтқан ақындардың барлығына “зар заман” ақындары деген ат қойдык. Бұл ақындардың дәуірі жоғарыда айтқан тарихи дәуірді туғызған дәуір. Зар заман ақындарының алғашқы буыны Абылай заманынан басталса, арты Абайға келіп тіреледі². Сондықтан қазақтың тарихымен салыстырсақ, зар заман дәуірі толық жүз жылға созылады.

Біз тарихи өлеңдерді қарастырған уақытта, осы жүз жыл қазақ тіршілігіне қандай жаңалық әкеліп, қандай күйге түсіргенін айтқанбыз. Бұрын өз бетімен еркін жүрген елдің тіршілігі осы дәуірде қайғыны да, қазаны да, толып жатқан өзгерісті де көрген. Сол ауыр күндері ел ортасынан екі алуан адамды шығарды дегенбіз. Біреуі — тарихи өлеңдерде саналған ел қаһармандары, екіншісі — ел тілегін айтып, зар, мұңын сөзбен шығарған ойшыл қария, өлеңші ақын, жырау болатын. Қазіргі қарастырғалы отырған зар заман ақындары — сол ел қамын сөзбен жоқтаған жоқшылар. Бұлардың туысы мен бағыт сарыны ел басына келген тарихи дәуірден туғандықтан, барлық ақынды тарихи көлемінде қарастыру керек. Бұларды ұғу үшін соларды туғызған ел мен шартты тарих бетінен ұғыну керек. Бірақ біз сол заманның жалпы тарихтағы нобай суретін тарихи әңгімелердің тұсында айтқандықтан, бұл бөлімде тарихи мағлұматтың дәл өзіне тоқтамаймыз. Оның орнына сол дәуірдегі өлең, жырға тарих

суреті қандайлық болып түсті, зар заман деген бағыт неден басталып, немен бітті? Ақындары кім? Бұрынғы өлеңдерден басқалық жаңалығы бар ма? Кейінгі заманға қандай сарқыт қалдырды? Онан соң әдебиетте бұл дәуір қандай орын алады? Мінеки, бұл бөлімде әрбір ақынның өлең, мысалдарын көбірек көрсетіп отырып, анықтамақ болған түйінді мәселелер осылар.

Бұл бөлімдегі өлең, жырды, тарихи мезгілі бір болғандықтан, жоғарыда қаралып өткен тарихи өлеңдермен қатар қарастыру керек еді. Болмаса сол бөлімнің артынан келу керек еді. Бірақ біздің қазіргі тізімімізде бұл екі бөлімнің арасына ертегі мен айтыс өлеңдер кірді. Бұның себебі: зар заман өлеңдерінің өзге барлық өлеңнен ерекше бір айырмасы барлығынан. Біздің білуімізше, зар заман ақындарынан бастап біздің әдебиет екінші жікке қарай ауысады. Бұдан бұрын қарастырған әдебиет жұрнақтарының барлығын ауызша әдебиет десек, мыналарды жазба әдебиеттің басы деу керек. Не болмаса қазақ топырағында ең алғашқы жазба әдебиетті туғызған анасы осылар деу керек.

Тарихшылардың көбі жазба әдебиет деп жазу кірген соң шыққан әдебиетті айтады, әйтпесе жалғыз ақынның жазып шығарған өлеңін айтады. Елдің әдебиетін ауызша мен жазбаға айыру үшін қолданылатын ең оңай, ең сыртқы белгі осы. Жаңағы зар заман ақындарына осы белгінің жалғыз өзін алып қарасақ, алғашқы ақындар жазып айтпаса да, орта буыннан бастап, соңғыларының барлығы да жазып сөйлейтін болған.

Бірақ ауызша әдебиет пен жазбаны айырудың жалғыз белгісі бұл болмауға керек. Бұл ғана емес. Біз осы кітаптың бас кезінде, екі түрлі әдебиеттің айырмасын айтқанда, жаңағы белгіден басқа тағы бір белгіні көрсеткенбіз. Ол белгі: ел әдебиеті жалпақ елдің сөйлеп, әңгімелеп, өзінше қалыптап жүрген жұрнақтарынан туады. Оның ішінде елдің өз ұғымына, өз пікіріне жат нәрсе болмайды. Не жаңалық, не ескілік болса, барлығы да елдің өзінікі.

Өлең қылушы ақын болса, ол құр ғана жақсы айтушы, әншейін ғана шешен әңгімеші. Өз жанынан елден бөлек ұғым, наным, пікір, ой туғыза алмайды дегенбіз.

Онан соң ескі әдебиет жұрнақтарының барлығында бір бетте бір мақсатқа қарай тартқан бағыт жоқ. Елді үйретіп, түзеп тастаймын, мұңын жоқтаймын деген тілек жоқ. Бұл жұрнақтардың әр қайсысы өздігімен туып, өз бетімен бөлек өмір сүреді. Барлық ескіліктің басын бір жерге қосатын тамыр жоқ.

Бұған қарағанда, жазба әдебиетті туғызатын, ең алдымен, жалғыз ақындар.

Әрине, бұл ақындар да ел тіршілігі мен ел ұғымынан тіпті жат шырқап кетпейді. Бірақ елмен кейде ұғысса, кейде ұғыспайды. Елді кейде мақтаса, кейде сынап, сөгеді. Кейде елмен бірге қуанса, үміт қылса, кей уақытта көптен жалғыз шығып, бөлініп алып, жылайды. Қамығады. Қайғырады. Не қылса да бұл ақын елден гөрі бойы озған, ой, сезім, білім шалымы көптен гөрі ілгерілеп, асып кеткен адам болады. Сондықтан бұлар кейде көптің сыншысы болса, кейде сол көпке ақыл, өсиет айтатын басшысы, ақылшысы да болады.

Осындай ақын шығып, көптің жайылып жүрген бетінен бөлек бір жаңа беттер тауып, қалың елге жаңа өріс, жаңа жайылыс табамыз деген ниеттер туған соң, бұл елдің әдебиетінде ең алғашқы бағыт, мақсат деген нәрселер туады. Жақсылыққа бастасын, теріске, жаңылысқа, жаманға бастасын, қайда тартса да, әйтеуір ел халқының бұрынғы халіне қанағаттанбай, жаңалықты іздеп, “бастаймын, түзеймін, қазіргі күйге қанағаттанбаймын” деген күй бірлік, алғашқы рет тұтасқан ой құралып, әдебиет жүзінде елдің әлеуметтік тіршілігі сөз бола бастаған соң, жазба әдебиет дәуірі туа бастады деп есептеу керек. Ауызша мен жазба әдебиеттің арасын бөлетін белес, кезең осы.

Зар заман дәуірі қазақ әдебиетінің тарихында жаңағыдай кезең асқан дәуір болғандықтан, қазақтың жазба әдебиеті осылардан бастап әлеумет халін ұғып, ел қамын жоқтауға кіріседі. Өлең бұрынғыша қызық, сауық сияқты ермек емес, қауым қызметін атқара бастайды. Елдің саяси пікірі мен тілек, мақсат, мұң, зар сияқты сезімдерінің басын қосып, жаңадан ой негізін, салт-санасын құрай бастайды. Бұл уақытқа шейін болмаған әлеуметшілдік сарыны, азаматтық нысанасы шығады.

Сондықтан зар заман ақындарының алғашқы буыны өлен, жырын ауызша айтса да, жаңағы белгілерге қарап, барлық зар заман ақындарынан қалған сөздерді жазба әдебиетке қосамыз.

Енді зар заман кезеңінің ақыны деп кімді айтамыз? Бұл дәуірдің алғашқы ақындары кім болады? Барлығының басын қосатын күй қайсы? Көпшілігі не жайдан сөйлеген? Осы сұрақтардың шешуіне келейік.

Зар заман ақындарының көпшілігі ХІХ ғасырдың орта кезінен бері қарай, Исатай, Махамбет, Кенесарылар қозғалысының артынан шығады. Қалың қазақтың ұйтқысын шайқап шыққандай болып, Орта жүзді, Кіші жүзді түгел оятқан Исатай, Кенесары қозғалыстары қайғылы халмен біткен соң, елдің тауы шағылып, иығы түскен, бұрын болымсыз үміт болса, белгісіз келешектен күткен аз ғана сәуле болса, барлығы да жаңағы ерлердің жолсыз жорығынан соң суалып біткендей болады. Сондықтан ХІХ ғасырдың орта кезінен кейін зар заман күйі қалың елге түгел жайылады. Өкінішті қазаның артынан қара жамылған елдің жүрегінен қайғыдан басқа еш нәрсе шықпайтын сияктанады. Сол қазалы күй осы заманның қайғышыл ақындарын туғызып, зар заманшыл уайымшылдардың санын көбейтті. Бұған қарағанда, зар заман ақынының қалың шоғыры өткен ғасырдың орта кезінде шықты деу керек.

Бірақ қазақ тарихында Кенесары дәуірінің ауырлығы жалғыз Кенесарының өз тұсында туған жоқ. Ауыртпалық арғы жерден, Абылай заманынан басталды дегенбіз. Қазақ елі қайда барып, қайда тұратыны туралы, басына келе жатқан ықтиярсыздыққа қарсы не шара қолдану туралы ең алғашқы рет қатты толғанып, ойланғаны Абылай тұсында болатын. Сол Абылай тұсында ілгергі күннің талай жұмбағына шешу айтылған сияқты болып, саяси бет, негізгі пікір сол кезде белгіленіп, қалыптана бастаған. Сол күнде-ақ, мүмкін болса, патша үкіметіне бағынбай, елдің өз іргесін өз бетімен бөлек сақтау түбегейлі ниет сияқты нық байланған болатын. Орысқа қараған күнде ел басына құлдық, зорлық, ауыртпалық келетіні ел басшысының барлығына белгілі болатын.

Сондықтан кейінгі заманда Кенесары, Исатай көтерілістері болса, барлығы да Абылай заманынан суат алады. Солардың тұсында нығайған пікір, қалыптанған бет кейінгі заманда ел батырларының көтерілістерін туғызды дегенбіз. Тарих жүзінде әлеумет тіршілігінде, Кенесары мен Абылай заманының арасында осындай байланыс болса, әдебиетте де Кенесары жорығының артынан шыққан зар заман ақындары мен Абылай дәуірінде болған ақындардың арасында сондайлық үзілмейтін жалғастық бар. Абылайдың ұясынан ұшқан балапаны Кенесары болса, кейінгі замандағы ақындардың ой, бағытын баулыған аналары да сол Абылай заманында тіршілік еткен. Ел тарихынан осы сияқты қадау-қадау белгі тұрғызып алған соң, әдебиет тарихының да көш асуы анығырақ ұғылып, анығырақ көрінетін болар дейміз.

Абылай дәуірінде зар заман ақыны екі алуан болған. Мұның бірі, елге келер күннің жұмбағын шешіп беріп, үлгі-өсиет сөйлейтін, болжап айтқан қария: екіншісі — толғау айтқан жырау. Екеуі де кейінгі заман ақындары сияқты, өлеңшілікті салт қылып, қазақтың ақындық өнерін дағды қылған адамдар емес. Екеуінің де көпке айтқан сөздері өлең күйінде айтылып, тақпақ, толғау болып кетсе, ол қазақтың баяғыдан шешендік үлгісін өлең күйінде бағалап, өлең түрінде жақсы ұғынып, жақсы тыңдайтындығынан туған. Сол себепті ескінің биі, батыры, барымташысы болсын, даугер жауапкері болсын барлығы да қара сөздің арасына тақылдаған тақпақ, желдірген өлең қоспаса сөзі сұйық болып, дәлелсіз болатындай көрген. Абылай тұсында болған жаңағы екі алуан жақсының көп сөзі өлеңге айналып кеткен себебі де сол.

Анығында, өсиетшіл қария, толғаушыл жыраудың негізгі міндеті өлеңшілік емес, елге басшылық істеп, басалқа айту болатын. Бұның екеуі де ең алдымен елдің ақылшы кемеңгері, заманның сыншысы, қырағысы болатын. Сондықтан әрқайсысы өз елі, өз табының не биі, не батагөйі болады. Екеуі де жалғыз ел ақылшысы емес, елді меңгерген хан мен бектің де ақылшысы, уәзірі есебінде болған. Хан шеше алмаған ауыр түйін, қиын жұмбақ, көмескі келешек болса, барлығына да шешу сөзді солар айтатын. Тыныштық заманда қиюы

қашып, арасы ашылған қарындасты табыстырып, қысылшан заманда сасқан елге жол табатын, бет нұсқайтын кемеңгер, көрегені болған. Жер таңдау, ел таңдау, көшу, қону да, соғысу, бітімдесу де, барлығында ханның ең алдымен ақыл қосатын кісілері солар болатын. Бұлар хан қасына қалың елдің ішінен қосылған қариялар кеңесі сияқты. Сондықтан хан аузынан шыққан ұшқары сөз болса, жөнге салатын да осылар. Көп елге хан жарлығын орнату керек болса, айтқан сөзі ем болатын дуалы ауыз да осылар. Кей кезде қалың ел ханнан да осылардың аузынан шыққан сөзді толымдырақ көретін. Ел тіршілігінің барлық ауыр істері осылардың қабылдауымен іске асатын. Қауым тіршілігінде бұлардың саяси салмағы сондайлық зор болғандықтан, аузынан шыққан сөзде олқы болмауға керек. “Ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс” болатын жақсылардың сөзі көптің көзінде мінсіз, толық болуы шарт. Көлденең кісі мін таба алмайтындай, қорғасындай ауыр, оқтай жұмыр, өтімді болуы керек. Сол себепті бұлардың сөзі асыл өлең өлшеуімен шығуы шарт болған. Айтылған сөз: тақпақ толғау сияқты болса ғана ел көзіне мінсіз, асыл болып көрінетін. Ел билеген жақсы туралы заманның сыны мен ұғымы сондайлық болғандықтан, әрбір хан өз қасында ақылшы болатын биді таңдағанда, ең алдымен сөз тапқыш өткір деген суырылған шешеннен, судырлаған ақыннан алатын. Осы салтқа Абылай да бағынған. Сондықтан таңдап алған ақылшыларының ішінде Бұқардай жырау, Жәнібектей шешендер болады. Бұл адамдар ең алдымен ел меңгеру жолындағы саясат адамдары болғандықтан, көпке айтқан сөздерінің барлығы ел мұңына, ел қамына арналған сөздер болады. Бұлар өз заманындағы қазақтың жоғарғы табынан: билер, басшылар ортасынан шыққан, өздері әкім. Сондықтан ел тізгінін ұстаудың бір шарты көптің қамын жеу болғандықтан, артында қалған сөздерінің барлығы әлеуметшілдік сарынымен айтылады.

Қазақ елінің жазба әдебиеті алғашқы дәуірінде ел өмірінің осы сияқты қайнар бұлағынан, жуан тамырынан шыққандығын ойласақ, бергі заманда шыққан Абай сияқты ақындарды туғызған анайы топырақ, арғы ата-баба кім екенін анық ұғамыз. Осы жайды ұғынсақ қазақтың жазба әдебиеті

кешегі өткен Абай емес, одан көп арғы жердегі көп сай мен көп саладан суат алатынын түсінеміз. Біз жоғарыда зар заман сарыны Абылай тұсындағы екі алуан ақыннан басталады дедік. Біреуі ақылшы би, қария, екіншісі толғаушыл жырау. Енді осы жіктің адамдары кім? Соларға келейік.

Әзірше бұл жіктің алғашқысына қосатынымыз: Асан қайғы, екіншісі — Бұқар жырау.

Бұл жерде Асан қайғыдай ертегінің адамы сияқты болып кеткен ескінің аты аталуы кейбіреулерге жат көрінуі мүмкін. Сондықтан Асан қайғы өмір сүрген заман туралы біраз сөз айтып өтейік. Ел аузындағы ескілік пен ел ортасындағы әңгімелерге қарағанда, Асан қайғы тіпті кәрі заманның адамы сияқты көрінетіні рас. Бүгінгінің қазағына Асан қайғы ертегінің Еділ-Жайығынан да, ел әңгімесінің Алдар көсе, Жиренше шешендерінен де жас сияқты көрінбейді.

Бұл күнге шейін біздің қолымызда Асанның қай заманда туып, қандай адам болғаны туралы ешбір анық мағлұмат жоқ. Бірақ қазақ даласын жайлап отырған қазақ руларының қайсысының ішіне барсаң да, Асанның аты мәлім, әйгілі болып шығады.

Себебі сол рулар отырған қоныс-қоныстың барлығы туралы Асан болжал, тұспал айтып кеткен. Болжалының барлығы қалың қазақтың қамын жеген ұлы қариямыздың дуалы аузынан шыққан жалынды сөз сияқты. Сол болжалдың өзіне қарап ел Асанды кәрі күннің сәуегейі, әулиесі сияқты көреді. Бұл күнде өз өміріне Асан қайғының тұспал сөздері келіп тұрған сияқтанады. Асанның сондағы айтқан сөздері келген сайын ел оны, тіпті кәрі заманды болжап, біліп қойған кісі қылып, атағы мен білімін зорайтып, ғайыпты болжаған қырағылығын күшейту үшін өз қолымен әдейі алыс заманға апарып қойғысы келеді. Сондықтан Әз-Жәнібектей алыс заманның ханымен тұстас қылады³.

Оның үстіне ел әңгімесі Асанды желмаяға мінгізген соң, бұрынғыдан да алысқа шегініп, бір жолата ертегі заманның адамы қылып әкеткен. Себебі қазақ елінің көпшілігі “Желмая” — түйенің бір түрі екенін, осы күнге шейін Орал, Бөкей қазағының қол малы екенін білмейді. Орта жүз қазағының

түсінуінше, желмаяны ертегінің жалмауыздары ғана мінеді. Сондықтан сол жалмауыздар сияқты жат бір нәрсе болып көрінеді. Осындай себептердің салдарынан Асан қайғы кейде болған адам сияқты емес, ертегі әуезе тәрізді, көмескі пішінді жан болып та көрінеді. Бірақ Асан қайғы жайындағы аз ғана мағлұматтар мен Асан айтты деген сөздерді қазақ тарихымен салыстырып көрсек, бұл адам ең алдымен Әз-Жәнібек ханның тұстасы болуға қисынбайды: тарихта Әз-Жәнібек Қобыландының тұстасы. Бұл ноғайлы қазақ бірлігінің заманында хандық құрған адам. Ол кезде қазақ елінің алдында орысқа қарау деген мәселе туған да емес. Ешбір жанның басына ондайлық суық ой келген де емес.

Онан соң бұл күнде Асан жайынан не білсек те, сол Асанның өз аузынан шыққан сөзден білеміз. Өз аузынан шыққан сөзге қарасақ, Асан Абылайдың тұстасы болмаса да, сол Абылай алдында аз-ақ бұрын өмір сүрген адамға ұқсайды. Өйткені Асанның қатты қиналып айтқан сөзі заман жайы туралы, қиналған заман қазақтың орысқа бағынуға жақындап қалған мезгілі. Сол кезде алдында төніп келе жатқан қарғыс күнді ойлап:

Мұнан соң қилы-қилы заман болар,
Заман азып, заң тозып жаман болар
Қарағайдың басына шортан шығып,
Балалардың дәурені тамам болар.
Ол күнде қарындастан қайырым кетер,
Ханнан күш, қарағайдан шайыр кетер.
Ұлы, қызың орысқа бодан болып,
Қайран ел, есіл жұртым сонда не етер, —

деген Асан қайғыдан қалған екінші бір сөз — жоғарыда айтқан Әз-Жәнібек ханға айтыпты деген сөз. Жәнібек хан Ертістің басынан қорған салдырыпты, қарадан қатын алыпты, құладыңға қу ілдіріпті. Осы үшін жұмысына той қылғанда Асан келмейді. “Қуанышыма неге келмедің?” деп сұрағанда, Асан заман жайына қайғырып бірталай болжал айтқан. Сол сөзінің ішінде:

“Қатын алдың қарадан,
Айрылдың хандық жорадан⁴.
Ел ұстайтын ұл таппас
Айырылар ата мұрадан.
Мұны неге білмейсің,
Құладың құстың құлы еді,
Тышқан жеп жүні түледі,
Аққу құстың төресі,
Ен жайлап көлді жүреді.
Аңдып жүрген кеп дұшпан,
Елге жау боп келеді,
Құладың қуды өлтірсе,
Өз басына келеді.
Құлың кеп сені өлтірер,
Осыны Асан біледі.
Мұны неге білмейсің?
Арасынан қытай, орыстың
Қорған сап, тыныш жатырсың.
Өзің, Жәнібек, елден асқан батырсың.
Ертісті өрлеп орыс жүр,
Тіл алсаң іздеп қоныс көр⁵
Желмая мініп жер шалсам,
Тапқан жерге ел көшір,
Мұны неге білмейсің?
Бұл арадан көшпесең,
Айтқаныма түспесең,
Орыс алар қалаңды,
Шулатар қатын, балаңды.
Осыны көрдім түсімде,
Біл десе де білмейсің:
Қош, аман түр, Жәнібек,
Енді мені көрмейсің, —

деп желмаяға мініп, жүріп кеткен екен дейді.

Осы өлеңдердегі: орыс, қытайдың арасында отырған қазақ, Ертісті өрлеп жүрген орыс, бодан болғалы отырған ел, жат жұртқа құл болмас үшін ауа көшуді ем көрген басшылар, барлығы да Абылай дәуірінің суреті емес пе? Абылай дәл өз заманы, болмаса соның алдындағы 30—40 жылдай бұрын да болған хандардың анық белгісі емес пе? Сондықтан Асан өмір сүрген заманды Абылай дәуірінің айналасынан іздеу керек деп білеміз. Асанның мезгілі турасындағы сөзді осымен

доғарып, енді жаңағы өлеңдердегі негізгі пікір мен сарынға келсек: Асанның аузынан шыққан сөз Абылай заманындағы барлық кемеңгер қария мен кемел бидің жүрегінде жатқан дерті, аузынан шыққан жалыны болатын. “Қилы-қилы заман болып, қарағай басын шортан шалғанда”, “ұлы, қызы орысқа бодан болғанда, қайран ел есіл жүріп не болады”, “не болады” деген ауыр сұрақ, ащы жұмбақ сол заманның барлық жақсысына тағдыр түйініндей кеселді түйін болған. Қалың қазақтың ішінен: “Не болады?” деген сұрақты ең алдымен өзіне қойған Асан. Содан кейінгі заманда шыққан жақсының барлығы да сол сұрақты мың қайтарып айтқан, бірақ ешбірі жауап бере алмай, шешу айта алмаған.

Әуел басы Асаннан басталып, барлық зар заман ақындары осы сұрақтың алдында не дерін білмей, қайғылы қара жамылып тұрып, амалы құрығандықтан күрсініп жылап, күңіреніп өткен. Бүгінгі күні — қайғы күні толып жатқан жара сияқты, ауыр дерт, ащы азап күні. Бірақ алда не болады? Қай жарға апарып соғады? Шығар жол, көрер сәуле бар ма? Оны ешкім білмейді. Сол жолды білмегендіктен ел қамын ойлаған ойшылдың барлығы да тығырыққа қамалған сияқты. Шығар есік табылмаған соң, зар менен шер жеңеді. Сол сұрақ, сол жұмбақ, жүз жылға шейін шешілмеген. Сондықтан жүз аса жыл бойында қазақтың есі кірген әдебиеті ылғи бір-ақ сарын, бір-ақ бағытпен өтеді. Ол бағыты — зар заман.

Бұл дәуірдегі әлеумет тіршілігінің ең шаншулы мәселесін әдебиет жүзіне түсіріп, алғашқы рет қалың елдің қамын ойлап, күңіренген қария Асан. Алғашқы рет келешек заманның құбыжығын сезіп, тұспалмен белгі беріп, болжал айтқан Асан қайғы. Сол заманның өзінде басқа жерге ауайық десе де, өлең сөзді қауымның қызметіне жаратуға кіріскен тағы да сол. Кейінгіге ел қамын жоқтаған мұң, зар сарынын тастап кеткен де сол. Зар заман ақындарының барлығындағы сары уайым Асан бастаған сарын. Сондықтан зар заман ақындарының алғашқы белгісі Асан қайғыдан басталады дейміз.

Абылай дәуірінде болжалшыл қарт, ақылшы биден шыққан бір алуан ақын — Асан қайғы болса, екінші — толғаушы жыршыдан шыққан — Бұқар жырау. Бұның заманындағы

осы алуандас өлеңшіні ақын демей, жырау деген. Осы аттың өзі де жыраулар әншейін өлеңшіден бөлек, ой иірген ойшыл өлеңші екенін білдіргендей болады.

Жырау — құр ғана тақылдақ өлең айтпайды: бұл заман сыншысы, сойлесе шешілмеген жұмбақ, түйіні шатасқан сөздерді ғана сөйлейді. Өзі тұрған заманның белгілеріне қарап, келешек заман не айтатынын болжайды. Сөзінің бәрі терең ой, терең мағынамен сөйленеді. Сыртқы түрі құбажондатқан толғау, салыстырған суреттермен ұқсатқан нобай, жағалатқан белгімен келеді. Айтпақ жайларын ашып, ұғымды қылып, анықтап бермейді. Әдейі көмескілеу жұмбақ қылып айтады. Ұғарлық кісі сол жұмбақтан ұғыну керек. Жыраудың сөзі мақсатсыз айтылмайды. Не айтса да, көптің мұңы мен қамы, көптің жәйі-күйі туралы, не көпке арналған ақыл, өсиет есебінде айтылады.

Осы сөздің барлығына әлгіндей суреттілік, жұмбақтылық шарт болғандықтан, жыраудың салыстырған суреттері кейде біріне бірі қайшы келетін, арасы алыс жайлардан алынған сияқтанады.

Беті шалғай терістен, қиын қиядан, бұлт құшқан биіктен, шыңыраудың түбінен шыққандай “қиырдан жиылған” суреттер болады. Сондықтан толғауының ішінде “Құлан жортпас қу тақыр, қулықтан туған құлаша” бір мағынаны ұғындыру үшін қатар келсе, жоғарыда айтқан нобай белгі деп есептеу керек. Сыртқы аламыштығына қарап жатсынбай, ішкі жұмбақ мағынадағы түбірі бірлігін ойлап, соны ұғыну керек.

Жырау айтқан толғаулардың өзге сөздерден ерекшелігі болғандықтан, ең алдымен сыртқы түріне тоқтап өттік. Енді зар заман ақындарына Бұқар жырауды қосатын сарын қайсы, қандай белгімен, қай алуандас ақын болып зар заманшылдардың ішіне қосылады, сол жағына келейік.

Бұқар жырау Абылайдың жанындағы уәзірі⁶, заман күйін сынға салып, қорытынды айтып, бет нұсқайтын кемел ақылшысы. Абылайдай ханмен бірге қалың елге де өсиет айтады. Айтатын сөзінің барлығы сол күнде қазақ елінің басына келіп тұрған саяси хал, тарихи дәуірге арналады. Ел билеген ұлықтың ішінен шыққан ақын болғандықтан, ақылының

көбі елді бастап, билеп жүрген басшыларға, артынан ерген елге арналады. Қарашыны қалай билеп, қалай бастау керек екендігі туралы сөйлейді. Жыраудың міндеті осы жайлардың барлығын көпке тарайтын, көпке естілетін құрыш сөзбен айту. Сондықтан ең алдымен өлеңмен айтады. Екінші, өз алдында болған ойшыл жақсылар қазақ қамынан не сөз айтқан, нені тілеп, нені арман қылған, соның бәрін білу керек. Кейінгі көпке солар айтқан сөздің шешуін айту керек. Сондықтан Бұқардың ірі толғауы жоғарыда Асан қайғы айтқан көмескі жұмбақты шешуге арналады. Асан қайғы қойған сұрақтың мағынасы қайсы? Дерті немене? Соны ұғындырады, бұл сөзбен Асанның қайғысын, жалғыз Абылайға емес, қалың елге де ашып береді.

Бұқардың заманы — ел басына ауыртпалық туған заман. Саяси хал, қазақ елінің басына құлдық ноқтасын кигізгелі қабағын түйіп, ауырлап келе жатқан. Сондықтан Бұқардың толғауында екі түрлі күй, сарын бар. Біреуі, жоғарыда айтқан шарт, әлеумет қамын сөйлеу, екінші, сол жайды сөйлегенде мұң зармен, арманмен сөйлеу, қайғылы пішін, қаралы көңілмен күңіреніп сөйлеу. Бұл сарын көрер көзге бола қолдан жасап алған сарыны емес. Сол заманның дерті улатқан ақынның жүрегінен қайнап шыққан шын жалын, шын қайғы. Сөйлесе жүрегінен қайғы ғана шығатын болғандықтан, Асанның сөзін айтпастан бұрын, “Осы қайғыны көпке жайғанша, айтпасам қайтеді” деп жыраудың өзі де қиналады. Сондықтан Абылай Асан сөзінің шешуін айт деп сұрағанда:

Ханға жауап бермесем,
Ханның көңілі қайтады.
Қайтара жауап сөйлесем,
Халкым не деп айтады.
Хан Абылай, Абылай,
Мұндай жаман хабарды
Сұрамасаң не етеді... —

деп тілек етеді. Бірақ бұл сөзді көпке ұғындыру — жыраудың міндеті. Жырау жасырғанмен, заман өз пішінін жасырып тұрған жоқ. Асан айтқан ауыр күн тақап келіп қалды, енді ел жыласа да, күңіренсе де, қандай заманға

келгенін ақылшы, ойшылдарының аузынан естуі керек.
Сондықтан жырау:

Енді айтайын тыңдасаң,
Маған қаһар қылмасаң.
Қарағай судан қашып,
Шөлге шыққан бір дарак.
Шортан шөлге шыдамсыз,
Балықтағы бір қарак.
Ойлама шортан ұшпас деп,
Қарағайға шықпас деп.
Құбыладан келер бір кәпір,
Аузы-басы жүн кәпір
Жаяулап келер жұртыңа.
Қара шекпен кигізіп,
Балдымай жағар мұртыңа.
Ел қамын айтқан жақсыны
Сөйлетпей ұрар ұртыңа.
Есеп алар пұлынан,
Солдат алар ұлыңнан,
Күндердің күні, Абылай,
Есе тимес өзіңе,
Есіктегі құлыңнан... —

дейді.

Осы сөзбен Бұқар жырау өз заманының қайғы-шерін Асан заманының қайғысымен жалғастырады. Кейінгі зар заман ақындарына осы сарынды ұсынып, осы бағытпен қол созады. Бұқар жыраудан қалған толғау сөз көп, солардың ішінде Абылай заманындағы жыраудың бағыты мен сарынын анық көрсететін осы толғауы. Осымен күйі бір келетін тағы бір толғауы:

Бірінші тілек тілеңіз:
Шұғыл пасық залымның
Тіліне еріп азбасқа.
Екінші тілек тілеңіз:
Алпыс басты ақ орда,
Ардақтаған аяулың,
Өзіңнен басқа бір жанға
Тегіннен олжа болмасқа.
Үшінші тілек тілеңіз:
Желкілдеген ту келіп,

Жер қайысқан қол келіп,
 Сонан да сасып тұрмасқа.
 Төртінші тілек тілеңіз:
 Омыртқасы үзіліп,
 Аязды күнде айналған,
 Бұлтты күнде толғанған,
 Тар құрсағын кеңіткен
 Тас емшегін жібіткен
 Анаң бір аңырап қалмасқа ... —

дейді.

Бұл толғауды туғызған да жаңағы сарын.

Келешек қандай күйлер әкеледі? Не сыбаға тартады? Зәлімнің тіліне еріп, ел аза ма? Алпыс басты ақ орда жатқа жем бола ма? Жер қайысқан қол келіп, ел саса ма? Тар құрсағын кеңітіп, тас емшегін жібіткен аналар аңырап қала ма? Барлығы да келе жатқан кер заманда болуға мүмкін. Соны сезгендіктен ақын зарлайды. Соның ызғары өткендіктен жыраудың жүрегін қаралы қайғы басады. Бұл толғауы сол замандағы саяси халдің бетін ашып айтқан анық белгі. “Қарағай басын шалғалы жүрген шортанның” кім екенін түсіндіргені.

Жыраудың бұлардан соңғы кейбір толғауы саяси халдің дәл өзіне арналмаса да терең ой, терең өсиетпен: заман азып, заң тозып, тіршілікті уақыт өзгерісі билейтіні туралы тұспал айтады. Бұның мысалы: “Айналасын жер тұтқан” деген толғауында “Тіршілік бір қалпында тұрмайды. Өмірді уақыт билейді”. Сондықтан:

Айналасын жер тұтқан
 Айды батпас деменіз,
 Айнала ішсе азайып,
 Көл суалмас деменіз.
 Құрсағы құшак байлардан
 Дәулет таймас деменіз.

 Қурай бітпес құба жон
 Құлан жортпас деменіз.
 Құландар ойнар қу тақыр
 Көлшік болмас деменіз.

Құрсағы жуан биелер
 Құлын салмас деменіз.
 Құлық туған құлаша
 Құрсақтанбас деменіз.

 Құбылып тұрған бәйшешек
 Қурай болар солған соң.
 Хандар киген қамқа тон
 Шүберек болар, тозған соң.
 Еңсесі биік кең сарай,
 Кемтік болар, бөлген соң...—

дейді. Мұның бәрі елге кемеңгер жыраудың толғанып айтқан ақыл өсиеті. Өмір даналығы. Өлең сөздің міндеті елдің

ақыл-ойын тәрбиелеу, білім үйретіп, басшылық ету, ой түсіріп, көзін ашу, көңілін ояту. Сондықтан өмір ақиқатын теңіздей тереңнен толқытып әкеледі.

Бұл айтылған толғауларда Бұқар жырау заман сыншысы, бірақ жоғарыда айтқан бір сөзде жыраулар жалғыз ғана ел ақылшысы, ел сыншысы емес, ханға да ақыл айтып, ханды да сынайды, кемшілігін мінейді дегенбіз. Хан байлаған істің барлығына ел үндемей көне бермейді. Елдің ырза, наразылығын хан қасындағы жырау мен ақылшы би сөйлейді. Ханның байлауы солармен ұғысқан уақытта ғана байлау болады. Сондықтан ел басына келген соғыс, бітім сияқты мәселелер болса, барлығында байлау сөзді ел уәкілдері, жыраулар, билер айтады дегенбіз.

Бұқардың бір толғауы ескі күннің осы жайын анық білдіреді. Бұл толғау Абылай көптің қарсылығымен есептеспей, орыспен соғысам деген уақытта айтылған. Бұқар көп жағында, соғысқа қарсы. Сондықтан Абылайға:

“Ей, Абылай, Абылай, Сені мен көргенде, Тұрымтайдай ұл едің, Түркістанда жүр едің. Әбіл-Мәмбет хандарға, Қызметші болып тұр едің. Сен қай жерде жүріп жетілдің. Үйсін Төле бидің Түйесін баққан құл едің. Жиырма жасқа жеткен соң, Дәулет құсы қонды басына, Қыдыр келді қасына, Бақ үйіңе түнедің Ақ сұңқар құстай түледің, Алыстан тоят тіледің, Қылышыңды тасқа біледің, Он сан алаш баласын, Жұсатып қойдай өргізіп, Жұмсап тұрсың қолыңнан. Ашуланба, Абылай. Көтерермін, көнермін, Көтеріп қазына салармын. Өтіңменен жарылма, Өкпеңменен қабынба. Орыспенен соғысып, Басына моншақ көтерген, Жұртыңа жаулық сағынба. Күнде мендей сөйлейтін Тоқсан үште қария Енді саған табылмас, —
---	--

дейді.

Бұл өлеңдерге қарағанда, жырау құр ғана өлеңші, құр ғана ақылшы емес, керекті кезінде ханның да, қараның да қатты сыншысы, қатал тезі болатынын білдіреді. Ақылшы өсиетшіден шығып, кей кезде саяси салмағы бар, зор қуат иесі болатынын сездіреді. Сондайлық салмағы болып, айтқан сөзі

кімге де болса ем болатындықтан, жырау кей уақытта бөлініп-жарылған елдің бітімші биі де болып кететін.

Қиюы қашып, жігі ашылған ерлерге жамаушының сөзі ем болмаған уақытта, кесікті билік пен нық байлауды айтып, көпті тоқтататын жырау болған. Бұның мысалы: Бұқардың Керейге айтқан сөзі, Керей өкпе ұстанып ел ұйқысын бұзып, ханға бағынғысы келмей, араздықпен ауа көшпекші болады. Сонда жырау өзінің қуатын білдіріп, ызғарланып, жуан сөйлейді:

Керей, қайда барасың,	Атасын білмес алыспын.
Сырдың бойын көбелеп.	Көшің кетер бір жаққа,
Сен қашсаң да, мен қойман	Малың кетер бір жаққа...
Арғымағым жибелеп.
Енді алдыңнан шығайын,
Жауған күндей себелеп.	Жар басына конарсың,
.....	Жарты лашық тігерсің,
Мен арғын деген арыспын,	Ауызыңнан ас кетер,
Азуы кере қарыспын.	Қара көзден жас кетер,
Сен — бұзау тірісі шөншіксің,	Бұл қылығың қоймасаң,
Мен — өгіз терісі талыспын.	Сонау кеудедегі
Абылай алдында бітпесең,	Дулығалай бас кетер, —

дейді.

Бұл кезде жырау жуан дәугер, жуан би. Ол қалың арғынның көптігіне сүйенген. Сол көпті соңына ерткен, салмағы ауыр тоқпағы. Бұқардың ханға жуан сөйлейтіні де сол.

Тарих сынымен қарағанда, Асан қайғы мен Бұқар жырау, қазақ қауымының жоғарғы табынан шыққан хан мен билер ортасынан туған ақындар. Өздері де ел меңгеріп жүрген басшы, ұлық. Бұларды туғызған қазақ тарихының хан билеп, би билеген дәуірі. Сондықтан дүниеге көзқарасы, ұғымы, ел тіршілігіне берген бағасы, барлығы да хан мен би заманының ой негізін, салт-санасын білдіреді. Асан қайғы Жәнібектей ханның қарадан қатын алғанын теріс көріп, келешек заманында құл билейді деп қорықса, “ханнан күш, қарағайдан шайыр кетеді!” десе, Бұқар жырау: “Күндердің күні Абылай, есе тимес өзіңе есіктегі құлыңнан” деп, “қараша торғай қаз болмас” десе, барлығы да ескі үлгіні сүйіп, өз заманының ұйытқысы бұзылмағанын тілегендіктен туады.

Бірақ Абылай заманындағы ақындарды сынағанында, жалғыз осы белгімен сынауға болмайды. Бұлар қазақтың өз тұрмысына, өз ісіне келгенде, ескі үлгіні сүйсе де, сонымен бірге ең терең, ең күшті сөздерін қалың қазақтың қамына арнаған. Қазақ елі өз бетімен еркін өмір сүруі мүмкін болса, Асан мен Бұқар сондай заманда өмір сүрсе, онда бұлардан байшыл ақынның толық үлгісі шығуға болар еді. Бірақ ол беттегі ел адамының өрісі аз болып, ең ауыр хал — орысқа бағынып, жаттан таяқ жеу болған соң, ақындардың да күйі мен сарыны қалың елдің мұң-зары мен тіршілік қамына айналып кеткен. Сол себепті Абылай заманындағы ақындардың желісі кейінгі заман ақындарымен қосылып кетеді.

Асан мен жыраудың өлеңдерін түр жағынан қарасақ, ылғи құба жондатқан жұмбақ пен жарыстырған ой, қатарластырған көп үлкен суретпен келеді. Барлық сөзі терең ой мен ақыл, өсиетке айналады. Кейінгі ақындарға тастаған үлгісінің бірі де осы. Болжалшыл қария, толғаушыл жыраудың сөздерін осы белгімен сынасақ, бұлар біздің әдетте өз бетімен туған салтанатты әдебиет белгісін көрсетеді. Қазақ топырағының өзінен, қазақтың тарихи дәуірінен туған үлгісі әдебиет дәуірі сияқты болады.

Абылай заманында болған зар заман ақындарының жайын шамалап білдік, енді бұлардың арты не болғанын айтайық. Ел тарихында Абылай заманынан соңғы үлкен толқын Исатай, Кенесары мезгілінде болған тарихи өлеңдерді қарастырған уақыттарда айтқамыз. Абылай заманында негізделген саяси бағыт Сырым, Исатай, Кенесары тұсында іс жүзіне шығып, қалың ел өмірінің астын үстіне келтіреді. Сол заманның пікір жолындағы басшысы, табалдырығы Абылай заманы болатұғын. Соңғы заман адамы ой суатын, саяси бағытын артқы дәуірден алды. Сондықтан бір заманда толғау айтқан қария кейінгінің ақыны мен ақылшысы басшысына қадірлі аруақ, қасиетті ұран сияқты болды. Ел билеген би болса, батагөй ақсақал, қария болса, заман халін Асан қайғыша қайғырып, Асанша жоқтап, күңіренетін болды. Өмір қажытып, қайғы жеңген басшысының барлығы Асанды үлгі қылып: “Қилы-қилы заман болар, қарағай басын шортан шалар”

дейтін болды. Осы күй Асан қайғы мен Бұқар жыраудан кейінгінің ақынында да күшті. Сондықтан жоғарыда айтылған жүз жылдық дәуірдің ақыны түгелімен осы күй, осы сарынды үлгі қылып, Абай заманына шейін жетті. Кейде сол сарынның арты Абаймен тұстас болған ақындардан да жоғалмағаны бар.

Енді осы дәуірдегі зар заман ағымына кіретін кім? Бізше бұл ағымға XIX ғасырда болған ақындардың бәрі кіреді. Бұл ғасырда қазақ ақындары екі алуан болған. Біреуі: есі кіргең ойлы ақындар, нағыз зар заманның өз ақындары, екіншісі: елдің қызық-сауығын салт қылған айтыс ақындары. Жоғарғы айтқан ағымға айтыс ақындарының кіретін себебі: бұлардың барлығы бірдей ылғи айтыспен өткен емес. Көпшілігі айтыспен айт пен тойды қызықтап жүріп, сонымен бірге андасанда ел басына келген ауыр күндерді де өлең қылатын. Орыс зорлығымен жерден ауған ел, елден қуылған ер болса, соның барлығына айтыс ақындары да жылаған, жоқтау өлеңдерін айта білген. Сондықтан зар заманға бұлар айтыстарымен кірмесе де, жаңағыдай есті өлеңдерімен кіруге-тиісті.

Енді зар заманның өз күйін толық суреттеп көрсетіп, анық үлгі болатын ақындарға келсек, бұлардың саны көп болуға керек. Бірақ бұл күнде барлығының сөздері жиналмаған: жиналғаны болса, баспаға шықпаған. Сондықтан қазірде зар заманның бар ақынын түгел санап шығу мүмкін емес. Сол себепті көпке мәлім болып, жарияланған ақындардың бірнешеуін мысалға алып, солардың бағыты мен сарынына қарап жалпы зар заман ақындарының заманы мен қалпын ұғынып көрейік.

Бұқар жыраудан соң XIX ғасырдағы зар заман ақындарының басы — Махамбет. Одан кейінгілері: Шортанбай, Мұрат, Алтынсарыұлы, бұлардан соңғы бір буыны Абаймен тұстас ақындар⁷.

Әзірше бұлардың мысалына алатынымыз Нармамбет, айтыс ақындарынан кейбір өлеңдерімен осы жікке кіретін Шернияз, Доскожа, Күдері кожа сияқтылар⁸. Онан соң зар заманның күй сарынымен әңгімелі өлең айтқан ақындар жоғарыда тарихи өлеңнің ішінде айтылған Нысамбай, Ығылман сияқтылар.

Енді жаңағы саналған ақындарды жеке-жеке қарастырып көрейік. Абылай тұсынан кейін зар заман ақындарының санын көбейтіп, сарынын күшейткен Кенесары, Исатайлар дәуірі дедік. Сондықтан бұл дәуірдің ақындарын жаңағы адамдардың оқиғаларына жақын тұрған Махамбеттен бастаймыз.

Махамбет жалғыз ғана ақын емес. Бір жағынан ақын болса, екінші жағынан Исатай оқиғасының қан майданында ірі қайрат көрсеткен атақты батыр. Әрі сөзімен, әрі ісімен әлеумет қызметкері болып, сол жолға бойындағы бар қуатын сарп еткен адам Махамбет. Бұқар жырау мен Асан қайғының жаңа замандағы жаңа үлгісі, тұтынған жолы мен көздеген мақсатта солардың ешбір айырмасы жоқ. Алдыңғылары өз заманына ақыл өсиетпен басшылық етіп, әкімшілік орында отырып, қызмет етсе, мынау алдыңғылар салған жолмен, солар нұсқаған бетке қол қайратымен жетпек болған. Исатай, Кенесарылар қазақ елінің ақырғы рет патша үкіметіне қарсы тұяқ серіпкен қимылын көрсетсе, Махамбет осылардың жолын түгелімен қабылдап, өзіне иман қылған адам. Жырау өсиет пен билік соңындағы адам болса, Махамбет солардың үлгісімен жаңа заманда, тар заманда шыққандықтан, үгіт пен істің соңына түскен адам. Сондықтан қалың елді артынан ертіп жүріп, үкіметке қара қайратпен қарсылық етеді. Көтеріліс жасайды. Соғысады. Сөз сөйлесе жалпы қазақтың қанын қыздырып, желіктіріп, осы жолға ертпекші болады. Өлеңіне қарасақ, өздері істеген істің алғашқы кезіндегі Махамбет осы пішінмен айқын көрінеді.

Бұның заманы Абылай заманынан да бұзылып кеткен. Бұл күнде бұрынғыша толғау айтып, алыстан қозғап, ой түсіремін деп отыруға болмайды, енді іс қана қалған. Жүрек тоқтатып, бекініп қолға найза алып аттану ғана қалды. Не өлу, не тірілу керек. Тыныс бітіп, тығырыққа қамалған жердегі жалғыз асу осы. Сондықтан қызулы үгіт сөзбен қалың қазақтың қайраты бар ерлеріне ұран салады. Көтеріліс жалауын сермеп, “Алақаны мұздамаған” ұл болса, соларға арнап:

“Ереулі атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Егіндікті жер шалмай,
Қоңыр салқын төске алмай,
Тебінгі терге шірімей,
Терлігі майдай ерімей,
Алты малта ас болмай
Өзіңнен туған жас бала
Сақалы шығып, жат болмай,
Ашаршылық, шөл көрмей,
Арып-ашып, ел көрмей,

Түн қатып жүріп, түс қашпай,
Тебінгі теріс тағынбай,
Темір қазық жастанбай
Қу толағай бастанбай
Ерлердің ісі бітер ме...” —

дейді.

Бұл өлеңнің тұсында Махамбетте үміт бар. Алдынан күткен тілегіне жетем деген екпін, жалын бар. Бірақ бұл күйі ұзаққа барған жоқ. Істің басы осындай иманмен басталса да, тез уақытта бастарына қаза келеді. Ақынның екпініне қарсы қара дауыл шықты. Атқан оғы тасқа тиді. Қол бастаған ер болсын, артынан ерген ел болсын барлығының да тауы шағылды. От сөнуге айналды.

Исатай істеген іс — қазақ еліне жасалған сын еді. Тарихтың тар кезең, тайғақ кешуі еді. Осыған қарсы тұруға қайрат табылып, шыдам жетер деп еді. Соның бәрі табылмаған сияқты болды. Сондықтан елдің әлсіздігіне көзі жеткен ақын:

“Толарсақтан саз кешіп,
Токтамай тартып шығуға,
Қас үлектен туған қатепті,
Қара нар керек біздің бұл іске.
Қабырғасын қаусатып,
Бір-бірін деп сөксе де,
Қабағын шытпас ер керек,
Біздің бұл іске”, —

дейді.

Ақын ердің қазақ ішінен керек қылған қайраты сыртына шығып көзге көрінбеді. Жасыған ел алдынан соққан дауылға қарсы тұруға шыдамай, бет бұрып ықтап кетті. Сондықтан:

“Бұрынғыдай қарыштап
Қоналмадық қонысқа,
Келе алмадық келіске,
Жағалай қонып қонысқа,
Тағы жақын келдік орысқа...”

Бұрынғы тілек, үмітпен салыстырғанда, бұл өмір емес; жұбанатын сәуле жоқ. Қарғыс күн:

“Ат басына соқтырып,
Ата-енені сөктіріп,
Нәлет болсын, жігіттер,
Біздің бұл жүрген жүріске.
Тағыдай таңдап су ішкен,
Тарпандай тізесін бүгіп от жеген,
Тағы сынды мырза едің,
Тағы да келдің тар жерге...
Тандансаң тағы болар ма,
Тәңірінің салған бұл іске”, —

дейді.

Қарсы көңіл жығылып, жалын жүрек суынған соң, жаңа заманға ықтиярсыз бағыну ғана қалды. Бірақ бұл бағынуда көнгеннің белгісі жоқ. Тастай қатқан қаттылық пен қарсылық әлде болса іште жатыр, сондықтан ендігі қалған күнді тіршілік деп есептемейді. Нәлет оқиды. Ақын көңілінен жаңағы өлеңмен шыққан осы күй, қарсылық ақын көңілінен еш уақытта кеткен жоқ. Исатай толқыны өтті. Ел жығылып, жеңілді, жаңа заманға зорлықпен болса да бас иіді. Жаңа өмірге ырза болған қанағатшылдар да шықты. Жаңалықтан рақат алатын “жақсылар” туды. Заман өзгермеген сияқты болып, бұрынғыша жұбаныш, қызық тапқандар болды. Бірақ ақын көңілі бұның біріне де қанағаттанған жоқ. Өзгеге жақсы көрінген өмір бұған тозақ есебінде көрінді. Тұтқын орын деп санады. Бүгінгі ырзалық — құлдың ырзалығы. Қорашыл

төбет болғанына мәз болған жігерсіз, отсыздың ырзалығы. Шынында, бүгінгі күн қаралы күн емес пе? Қаралы болатын себебі:

Желкілдеген ала ту
Жиырылып ойға түскен күн.
Жез қарғылы құба арлан
Жез қарғыдан айрылып,
Қорашыл төбет болған күн.
Аса шапқан құлаша ат
Зымырандай болған күн.
Арқауылдың бойынан

Теріскей дауыл соққан күн.
Сағағы болат қылыштың
Балдағынан сынған күн.
Жас бәйтерек жығылып,
Жығылғаны естіліп,
Алыстағы дұшпанның
Қуанып, көңілі тынған күн.

Заман осы болған соң, ақылды қанаттандыратын жұбаныш жоқ. Сондықтан бұның аузынан шыққан сөздің барлығында жаңағы зар заман күйі арылмастай қайғылы сарын болып, білініп отырады.

Зар заман ақындарының Махамбеттен соңғысы өлеңді жазып айта бастайды. Бұлардың алдындағы тарихи дәуір Исатай, Кенесарының жолсыз жорығымен байланысқан, жүдеулік қайғы күндері болатын. Ол уақыттағы елдің өміріне қандай жаңалық, өзгерістер, ауырлықтар кіріскенін бұрынғы ақындардың тұсында айтқамыз.

Енді сол тарихи оқиға мен патша саясатынан басқа тағы қосымша жаңалықтар болды ма? Болса, не жаңалық? Сол жаңалықтың әдебиетке қандай әсері болды? Зар заман ақындарының бұрыннан келе жатқан күй сарынын өзгертпесе де, бояуын жаңғыртып жаңа иіс кіргізгені бар ма? Сол жайдан біраз сөз айтып өтейік.

Бұқар жырау заманынан келе жатқан бұрынғы әлеуметшілдік, ойшылдық сарынына Махамбет заманында ісшілдік қосылса, кейінгі ақындардың тұсында жаңа әсер сияқты болып дін мен мәдениет исі кіре бастайды.

Зар заманның орта буынынан бері қарай дін сарыны біздің әдебиетте жылдан жыл өткен сайын үлкенірек орын алады. Басы Шортанбайдан басталған діншілдік, XIX ғасырдың аяғына келгенде толып жатқан дін қиссаларына келіп соғады⁹. Бірақ, бұл жазылып отырған әдебиет тарихында біздің мақсат қылған нәрсеміз ең әуелі қазақтың нағыз өз әдебиетін аршып

алу болғандықтан, дін ағымымен туып, жат жұрттың үлгісі сияқты болып көшіп келген әдебиетін әзірше қозғамақшы емеспіз. Себебі қазақ әдебиетіне кірген дін қиссалары мен халық романдарын алсақ, барлығы да өзге елдерде туып, бізге көшірме сияқты болып келген.

Сондықтан қазақтың бір қиссасын қарастырудан бұрын, сол қиссаларды өзге елдердің әдебиетінен теріп, тексеру керек болар еді. Қазіргі міндет ол емес. Сондықтан біздің әдебиеттегі дін ағымын кең ауданымен қарастырмаймыз. Оның орнына жоғарыдан қарастырып келе жатқан зар заман ақындарында діншілдік әсері білінді ме, қаншалық дәрежеде білінді, соны ғана әрқайсысының өлеңінен қарастырып өтеміз.

Зар заманның орта буынындағы бір жаңалық — діншілдік сарыны делік. Екінші — жоғарыда айтқан мәдениет исі. Бірақ бұл дәуірде соңғы жаңалық оншалық айқын болып, толық күйінде білінбейді. Білінсе жалғыз Алтынсариннің ғана сөздерінде білінеді. Сондықтан мұны бір үлкен жаңалық демей, исі деп қана атадық.

Бұл айтылған жаңалықтардан басқа зар заман күйінде болған тағы бір өзгеріс: Махамбеттен соңғы ақындар, бұрынғы Бұқар жырау заманында биікте тұрған өлең сөзді ойға келіп, түсірді. Бұлардың тұсында өлең ел өмірінің ұсақ салаларына тарауға айналды. Бұрынғы ақын қазақ өмірінің ұлы құрсауын, үлкен ауданын сөз қылса, бұлардың сөздері, күндегі өмірдің ұсақтаған жамаушысы сияқты болып, жекежеке дертке арналатын болды.

Жырау жырлағанда ел басына келе жатқан жаңа заманның ұлы денесін, нобай суретін сөз қылатын, содан қорқып, толғанатын. Олар қазақ жайлаған сахараның бір шетінен шыққан шоқтай қара бұлтты көріп, соның белгісінен шошып, содан келетін бәле қандай екенін болжап, тұспал қылып айтатын.

Соңғы ақындардың заманында сол бұлт бір есептен қазақ даласының үстінен соғып өтті. Сондықтан бұл күннің ақындары баяғыдай шыққан бұлтты сөз қылмай, содан түскен бұршақты, үй жыққан дауылды, мал ықтырған соққыңды сөз қылды. Дала жайлаған елдің өмірінде бұлттан

түскен қаза менен дерт қандай болды, соларды айтып, күңіренетін болды.

Сол қаза мен дерттер қайсы? Дерт көп. Біреуі, елді орыс ұлығы билегенін арман қылады. Ел мінезінің бұзылып бірлік, берекеден айырылғанын айтады. Байлық кетіп, кедей болғанына қайғырады. Екіншісі, ел жайлауын орыс алып, жер тарылғанын, зорлық көргенін айтады. Бұрынғы кең қоныс, кең өрісін жоқтайды. Үшіншісі, дін жоғалып, қарындастық қадір тозып, ру тіршілігінің шырқы бұзылғанын сөйлейді. Кейбіреулер өзгеріп тұрған заманның ауыртпалығын айтып келіп, өткен күнге жоқтау айтады. Осының бәрін санаумен бірге тығырыққа қамалып, сенделген елдің қайғылы хандары кей-кейде ем айтқысы да келеді. Бірақ мұның ешқайсысы да алдыңғы заман неге соғатынын білмейді. Өткен күннен қалған ұлы жұмбақты шеше алмайды. Сондықтан әрқайсысының демі де әр түрлі. Кейбірінікі дін, кейінікі таза адамшылдық, тағы бірінікі шала күйде айтатын оқу өнер. Бұлардың сөз қылған жайлары басқа-басқа сияқты болып, атаған емдері де әр түрлі болғанмен, барлығының басын қосатын ортақ жері бар. Ол ортақ жері: заман халінің қайсысынан туатын өкініш, зар өткендей ойлап, күрсініп, сағынып, қазірден қажып, торығу, алдыңғыдан шошынып, қорқу, сондықтан ыңыранып, зарланып, зарығу. Жылауына зорлау.

Зар заманның пісіп жеткен кезіндегі толық шыны осы. Енді осы халдерді жеке ақындардың сөз мысалдарынан тексеріп қарайық.

Соңғы заман өлеңдеріне зар заман деген ат қойдық. Бұл аттың иесі Шортанбай. Бұл ақын “Зар заман” деген өлеңінде өзі керіп тұрған қазақ өмірінің барлық суретін айтады. Сол суреттер бойынша Шортанбай өмір сүрген заманның хал-жайы қалай пішінделеді, соны көрейік.

Шортанбай әуелі бұрыннан көп сөйленіп келе жатқан “Заманға” қай заман екенін атап, ат қояды.

Мынау ақырзаманда
Алуан, алуан жан шықты,
Арам, араз хан шықты,
Қайыры жоқ бай шықты.

Сауып ішер сүті жоқ,
Мініп көрер күші жоқ,
Ақша деген мал шықты.

Баяғыдан құбылып, бұзылып келе жатқан заман, өзге заман емес, ақыр заман екен. Бұл арада дін ұғымы мен ескі қазақ көзқарасы бір араға қосылғандай болады. Сондықтан “ақша деген мал шығып, қайыры жоқ бай шыққаны” ақыр заманның белгісі. Заманның осы сияқты жаман белгісі “Зар заманның” ішінде көп айтылады. Ел өмірінде бұрынғыдан өзгерген жаңалық, жаттық болса, барлығы да ақыр заман нысанасы сияқты көрінеді.

Мұның өзі зар заман
Зарлығының белгісі
Ұлы сыйламас атасын.
Арам сідік болған соң,
Атасы бермес батасын.
Қазы, болыс, хан қойды
Некесіз туған шатасын.
Сол заманның кезінде
Қыз сыйламас шешесін,
Ержеттім деп, шаштасып.

Заманның бұзылған белгісі жалғыз адамда емес, табиғат та өзгереді. О да жұтап, жүдеп келеді:

Асылы асқан замандай,
Шөп сұйылды жердегі,

Құс таусылды көлдегі
Бай таусылды елдегі.

Бұның бәрі заман бұзылғанының анық белгілері. Енді осы заманды бұзған кім? Қандай іс, қандай қулық, қай өзгерістен соң бұрынғы заман бұзылуға айналды?

Бұған ақынның беретін жауабы:

Заман қайтып оңалсын,
Адам қайтып қуансын,
Жандарал болды ұлығың,
Майыр болды сыпайың.
Арылмастай дерт болды
Нашарға қылған зорлығың.
Кінәзді көрдің піріндей¹⁰,
Тілмәшті көрдің биіндей,

Дуанды көрдің үйіндей¹¹,
Абақты тұр қасында,
Қазылып қойған көріндей.
Байлар ұрлық қылады,
Көзіне мал көрінбей.
Билер жейді параны,
Сақтап қойған сүріндей.

Сол себепті:

Заманның түрі бұзылды
Текеметтің түріндей.

Мінеки, басында заман жайын ел өмірінің ұсақ белгісінен бастаса да, аяғында келіп тірелетіні баяғы ескі түйін. Заманның зарын айтып, күңіреніп келгенде, сол қайғыға салып отырған себепті іздесек, ол орыс үкіметінің билігі болып шығады. Бұрынғыдай емес, бүгінгі күнде үкімет елді басып, билеп алған, ел өміріне барлық суық пішінімен, суық мақсатымен жақын келіп, қоян-қолтық араласып кеткен. Сондықтан “ұлық болған жандарал, пір болған кінәз, би болған тілмәшпен” бірге солардың кейпіне түсіп, азып кеткен ұрлықшыл бай мен парашыл би де заманды бұзушылардың бірі деп саналады.

Енді осындай заманның ішінде өмір сүрген зарлы ақынның өмірден үміті бар ма? Үміті жоқ. Жалғыз жұбаныш: бүгінгі залымның бәрі осы күнгі ісінің жазасын ақыретте тартады деп сенеді. Сондықтан осы тез құрылатын заманның болуын тілегендей болып:

Келе жатыр жақындап
Ай мен күннің арасы.
Таңда мақшар болғанда,

Таразыны аударар,
Залымның қылған күнәсі,
Әкімнің қылған зинасы, —

дейді.

Зар заман ақындарының ішінде қауым тіршілігін, әлеуметтің қайғысын дін бояуымен бояп айтқан осы Шортанбай.

Зар заманның бұдан кейінгі көрнекті ақыны Мұрат. Мұрат зар заман ақындарының ішінде патша саясатының бір тарауына көп көңіл бөлген ақын. Ол тарауы қазақтың жері алынуы болатын. Сондықтан бұл ақын көп жырында қоныс пен өрістің жоқшысы болады. Жер тарылып, заң бұзылып, ел сасқан соң, бұрынғы ұйтқысы бұзылмаған ру тіршілігі көркінен айырылып, құбылып, қуарып бара жатқан сияқтанады. Бұзылған заман мұның да өлең сөзінің бар күшін әлеумет қамына жұмсатады. Мұрат зар заман ішіндегі ірі ақынның бірі. Бұның сөз үлгісі баяғының толғауы сияқтанып, қарсыға шапқан жүйріктей көсіліп, құлашын керіп келеді. Елдің жайлауы мен қонысын жоқтағанда жалғыз өз заманынан бастамайды. Қазақтың қайғылы күйі алыстап, ескіден келе жатқанын айтып:

Еділді тартып алғаны —
Етекке қолды салғаны.
Жайықты тартып алғаны
Жағаға қолды салғаны.
Ойылды тартып алғаны¹² —
Ойдағысы болғаны

Қоныстың бар ма қалғаны
Мал мен басты есептеп,
Баланың санын алғаны.
Аңғарсаңыз, жігіттер,
Замананы тағы да
Бір қырсықтың шалғаны, —

дейді.

Қазақтың ата қонысы, мекені алына бастағаны, бүгіннен емес, көптен басталған. Сондықтан бұл зорлықтың тарихын шолып өтеді.

Ел өмірін осындай ескіден келе жатқан дерт кернеген соң, заман бұзылмасқа шара жоқ. Бұған да заман өзгеріп, “қырсық шалғандай” болып көрінеді. Бұ да азған заманның белгісін айтып келіп, заман неден бұзылғанына шешу айтады. Шешуі Шортанбайша табиғат бұзылғандықтан, дін жоғынан емес. Табиғат бұрынғы қалпында, заманды бұзған қазақтың өз қауымы:

Бәйіт еттім бұл сөзді,
Қайғы шегіп заманнан.
Заман азып не қылсын.
Ай орнынан туады,
Күн орнынан шығады, —
Бұның бәрі адамнан...

Осыдан кейінгі сөздерде адамның бұзылғанының белгісі қайсы екенін айтады. Белгілері: бұрынғылар айтқан берекесіздік, арамдық, жат бауыр болып қарындастан айрылғандықтан. Қауымды бұзған себеп:

Қатпа болған түйедей,
Киенкі болған биедей,
Ел биледі бір сымпыс
Екі бұты таралған, —

дейді.

Заманды аздырған себептің бірі осы болса, екіншісі күшті дұшпан. Бұл дұшпан иыққа шығып, қырандай қадалып бағып тұр. Мойын бұрғызбайды. Сондықтан ақын:

Дұшпан тазы, біз түлкі,
Қашсақ ерікке қоймайды,

Инге кірсек суырып
Құлғанадай қадалып,
Қазынасы кең құдайым,
Сақтағайсың сәлаMAT, —

дейді.

Мықты дұшпан ақын жүрегін шошытып, жаратқан иесінен тілек тілетеді. Тыныс бітіп қажыған соң, әлі құрыған зарлының арғы тірегі құдай. Сондықтан “сақтай көр” деп соған жалбарынады. Қайғы мен үмітсіздік жеңген ақын алдыңғы заманнан да шошиды, алдыңғы заман ел сұрқын бүгінгіден де жаман бұзатын сияқты. Көмескі келешек тағы да талай бұзық белгіні сездіріп тұрған сияқты. Өмір ұйытқысының бұзылуы ақын заманындағы жамандықпен тоқтамайды. Жақында тағы қауіп бар. Ол қауіп:

Ұстай ма деп білегін,	Ащы суға тойдырып,
Нығая ма деп жүрегін,	Бұза ма деп реңін,
Кейінгі туған баланың	Адыра қалғыр заманның
Шашын, мұртын қойдырып,	Жаратпаймын сүреңін.

Бұл сөзде жақындап келе жатқан заманның ақынды күпті қылған жұмбағы бар. Ол жұмбақ патша үкіметінің қазақ елін орыс қылмақ саясаты. Мұрат сол ниеттің шетін сезген. Өз заманындағы көп белгіден топшылап, сол күн бола ма деп қайғы шеккен. Көрген күні осы болған соң, бұ да тіршілікке ырза емес. Сондықтан “адыра қалған заманы” — Махамбеттің “нәлет” оқыған заманынан өзге емес. Сондай қайғылы, сондай дертті заман екенін білдіреді. Мұраттың ел қайғысын көрсететін бір үлкен өлеңі “Сарыарқа”. Мұнда жерден ауған елдің арып-ашқан күйлерін, бұрынғы дәуренін айтады. Мұнда да күшті сарыны — заман қайғысы. Бұзылған, азған заманның жыры. Сонымен бірге қазақ қоныс қылған жердің құтсыздық, сорлылығын айтады.

Кірін жуып, кіндігін кескен жерден,
Қысылмай, ер кете ме еркіменен.
Бұрын да адыра қалғыр құтсыз еді,
Егескен ердің бәрі жер тіреген, —

дейді.

Жер үшін талай ел өмірін сарп қылып, еңбек еткен. Бірақ ежелден баяғы батыр мен жауынгер елдің ешбіріне пайызды қоныс болмаған құтсыз жер. Сондықтан басшысынан айрылған қара халықта қарсы тұрарлық шара жоқ.

Елдің іргесі ыдырап, тозғаны жалғыз бүгін емес:

Әуелі Әлімменен Табынды алды¹³,
Тоздырып ақсүйектің тағын да алды.
Әленді Көсеппенен Сібірге айдап,
Бұ жұрттың қара түгіл ханын да алды.

Сондықтан алып көңіл басылып жүр демеске шара жоқ.

Зар заман ағымына өлеңнің кейбір сарынымен қосылатын ақын Ыбырай Алтынсарин. Бірақ сонымен бірге сол ақынның өзгелерден бөлек бір жаңалығы бар. Бұл мәдениетті ақын. Сондықтан кейбір өлеңдері оқымысты, үлгілі ақындардың салтымен жазылған. Ондай үлгінің мысалы: “Сәуірде көтерілер рахмет туы” деп даланың жазғы түрін суреттеп айтқан өлеңі.

Алтынсариннен ең алғаш рет қазақ әдебиетіндегі сыйпаттау өлеңі басталады. Еуропа ақындарының үлгісімен қыр тұрмысының көркін суреттейді. Бұл өлеңінде әлеуметшілдік сарыны, ел қамы жоқ қазақ әдебиетінде алғашқы шыққан жаңа үлгі болғандықтан, сол жаңалық мысалының есебінде атап отырмыз.

Әлеумет қамына арналған өлеңдерінің сыртқы үлгісі мен күй сарыны бұрынғы ақындарға ұқсайды. Бұ да елге үлгі, өсиет айтады. Жүдеген елді жұбатқысы келеді, ел түгелімен көңілі кірбең, ғарып сияқты, сондықтан жұмсақ қолмен ұстап, жылы сөзбен келіп, көңіліне қонатын ұғымдай ақыл айтпақшы. Елдің басына келген күн көп сөйленген, көп айтышған.

Сондықтан ендігі сөзді Алтынсарин заманды жоқтап, заман зарын айтуға арнамайды. Заманның қайғы шерін қалың елдің өзі сезіп-біліп, көріп тұр. Оның орнына, мүмкін болғанша, ем айтқысы келеді. Бірақ мұның айтқан емінде бір бағыттық, анықтап бастаған екпін, ағын жоқ. Елдің әр алуанына әр түрлі ем айтады. Елдің үміт, сүйенішін жас буынға

артқандай болады. Сондықтан балаларды оқуға шақырып, бата береді.

Ақынның қалың елге айтқан өсиеті көмескі, ұғымсыз. Өз заманындағы оқымаған надан көпшілікке ешбір үміт арта алмаған сияқты, олардың қолынан іргелі елдік келеріне де сене алмағандай. Сондықтан қалың елге кейде таза адамшылықты ем қылады. Кейде дін өсиетін үлгі қылып ұстайды. Зар заман ақындарының ішінде дін сарынын шығарып, дін мейманалығын көп ұсынатын ақын Алтынсарин. Таза адамшылық жолында елге айтатын ақылы:

Араз бол, кедей болсаң, ұрлықпенен,
Өліп кет, басың кетсе шындықпенен.
Алланың рахметінен күдер үзбе,
Телмірме еш адамға мұңдықпенен,
Мақтанба бай болдым деп, бағыңызға,
Қартаймақ, о да қиын тағыңызда.
Дөң аспай бақ дәулеттің кетуі оңай,
Басыңнан бақыт тайған шағыңызда, —

деген сияқты жалпы адамшылдық үгітімен келеді.

Дін сарынымен келетін өсиеті тәкаппар болмау, сабырлы болу, әділдік пен иесінен ұялу, иман байлығын жиюға тырысу. Осы үлгінің барлығын дін жақсыларының өміріндегі мысалдарымен айтады.

Айубты жеті жылдай мың құрт жеді,
Тәні де бөлек-бөлек болып еді,
Такыт, тәж, мал-мүлкінен қабат безіп,
Жапанда жалғыз жатып “алда” деді.
Кәпірлер кеше күндіз жәбір етті,
Айуб тағы бәлеге сабыр етті,
Арғында михнаттың рахат бар деп,
Не келсе құдайдан деп бәрін күтті.

.....
.....
Дүниеде патша болып Дәуіт те өткен¹⁴,
Ғаламға әділдікпен данқы жеткен.
Бар ғой деп отыз ұлым көптік ойлап,
Бір құдай жалғыз күнде әлек еткен.
.....
.....

Наушаруан өзі ғаділ, кәпір екен,
Дұзаққа әділдікпен жығылмады.
Бұзбаныз әділдікті бұл мал үшін.
Жиясыз оны-дағы бір жан үшін.
Өзәзіл періштенің ұлығы екен,
Не болды тәкаппарлық қылғаны үшін.
Ұмытпа бай болдым деп бір құдайды,
Жер жұтқан қайыры жоқ Қарынбайды,
Мекені қайда екенін білесіз бе?
Жомарттық қылғаны үшін Атымтайды¹⁵, —

дейді.

Мұның барлығы жоғарыда айтылған дін мейманалығы. Жуасып, жүдеген елге ақырғы тыныштық, жұбаныш осыдан табылмас па екен, ендігі өмірдің емі бойсұнып, сабырмен шыдап, дінмен тірек іздеу болмас па екен дейді. Әр заманда, әр елдің тарихында, үміт кемесі су астындағы жартасқа соғылып, талқан болған шақта, әрбір жан өз жарасымен ыңыра-нуға айналғанда, осындай момындыққа түсіп, мұңға батып, дін бесігінің тербетуін іздейді. Тағдырына бас иіп, үміт, тілекке қош айтып, жарық сәулені ол дүниеден күтеді.

Өлеңнің мағынасы мен үлгісі өзгелерден жат болса да, Алтынсариннің өзге зар заман ақындарымен жалғасатын желісі бар. Ол желісі жаңағы айтқан көңіл күйінде, түпкі сарынында, зар заман ағымының бір саласы осы бетпен, осы күймен кеткен.

Осы айтылған зар заман ақындарының сарыны жүз жылдан артық дәуірдің ішінде өмір сүрген қазақ ақынының барлығына да күй, сарын болды. Зар заманның артқы ақыны ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың жапсарында өмір сүріп, сол кезде өлең айтқан Нарманбет. Заман зарының ең ақырғы күйін шертіп, тоқтаған осы ақын.

Осының заманымен, осыдан кейінгі дәуірде зар, күй қазақ әдебиетінен бітеді. Нарманбет мезгілінде зар күйінің басын шертіп, алғашқы толқынын шығарған толғаушы жырау, ақылшы қария да жоғалған. Бұның тұсында Бұқар жыраудың өз дәуірі де арман қылатын қызық дәурен сияқты көрінген.

Қалың елдің қамын тұтас ойлап, тұтас жоқтайтын қам-кордың бәрі біткен. Заманның өзгерісі мезгіл сайын құбыла

келіп, аяғында танымастық болып басқарған. Енді кәрі күйді жоқтаудың өзі де ескірген сарын болып, ол жайлы сөз қылатын алжыған шал сияқты бірен-саран ғана болып қалған. Елдің жақсы деген кісісінен Абылай заманының күйін күйлеу түгіл, Кенесары, Исатайдың да ісі мен мақсатын білетіндер де бірен-саран-ақ болған. Қалың ел, бұрынғы көп тілекті кемітіп, бойұсынып болып, жаңа заман жетегіне жүруге ынтық бола бастаған, құлдыққа, қорлыққа, таршылық пен зорлыққа елдің еті үйреніп, денесі уланып, өліп кеткен. Енді зар заманды Махамбетше айтып, жаңалыққа қарсы болса, ақынды елдің өзі де тыңдамайтын, ұқпайтын сияқты болған.

Нарманбет осы дәуірдің ішінде туған ақын болған соң, зар заманның барлық бағыт, мақсатын ұғып отырса да, солар айтқан күйді қайта шертудің мезгілі өтіп кеткенін сезген. Бірақ ақын жүрегі бұл күнге солардай ырза емес, соларша құсаланып, қайғырып, шерленеді. Қиялы солардың заманында, көңілінің күйі солармен туыстырады. Бірақ олардың үлгісі өтіп кеткенін күндегі өмір мен күндегі тіршілік мақсаттары көп дәлелмен миландырып, ұқтырып отыр. Сондықтан бар зар заман дәуірінде “Сарыарқа” деген өлеңмен қош-қош айтады. Зар күйінің ақырғы толғауы мен ақырғы ырғағы осы өлеңмен келіп бітеді.

“Сарыарқаның” басы зар заманшылардың ескі құлақ күйінен басталады. Ақын алдыңғы сөзде заман бұзылған соң табиғат та бұзылып, бұрынғы көркінен, бұрынғы жарастық қызығынан айырылады дейді:

Сарыарқа, сарқыраған суың қайда,
Түнде шық, күндіз мұнар буың қайда?
Нажағай жарқ-жүрк етіп нөсер құйған,
Көк-жасыл кемпіркосақ туың қайда, —

деген сөздер бүгінгі күннің табиғатына да наразы болған көңілді білдіреді. Зар заман Нарманбетке келгенде жоқтау болып кеткен, ескі күнге қош айтуымен бірге сол ескінің қасиетін айтып, жоқтау араластырады. Бұнда бұрынғылардай

ем айтып, ел дертінен шығарлық жол іздеу жоқ, өзінің мақсаты ескіні жоқтау болғандықтан, сол үлгіден ауыспай отырып:

Бай бар ма баяғыдай барқылдаған
Асы мол, аты тегін тартылмаған?
Алдыңнан атынды ұстап құрмет еткен,
Жайдары жеңгең бар ма жарқылдаған?
Пайдалы балығы көп дарияң бар ма?
Сыбырсыз сыр айтатын жарияң бар ма?
Аузынан ая толым қақырық тастап,
Батағөй басалқы айтқан қарияң бар ма? —

дейді.

Зар заманның артқы ақыны бұрынғы зарлы мұңның бәріне ақырғы күмбезді тұрғызып, әдебиеттің бір ғасырлық дәуірін осы жоқтаумен тындырады. Біз зар заман дәуірін осы саналған ақындармен бітіреміз. Бұл дәуірге аты белгілі ақындардан кіретін көп болуға керек еді. Өйткені арғы заманның Сыпыра жырауы, Қазтуғаны, бергінің Алаша Байтоқ жырауы, Базар жырауы, Досқожасы болсын¹⁶ барлығы да зар заман дәуірінен үлкен орын алатын ақындар. Көбінің сөз саптауы мен күй сарыны осы шеңбердің ішіндегі үлгімен келеді. Бірақ әзірше қоса алмауымыздың екі себебі бар. Біріншісі, көбінің өлеңі басылып жарыққа шықпағандық, шықса да, біздің қолымызға түспегендігі, екінші себеп, қазіргі әдебиет тарихында бетке ұстап отырған мақсатымыздан туады. Бүгінгі мақсат — қазақ елінің әдебиет жұрнақтарын сыртқы түрі мен мағынасына қарап арнаулы жіктерге бөліп, әр түрінің орнын көрсету. Бұл кітаптың түп мақсаты сол болған соң, бір дәуірде бір түрлі өлең айтқан ақынның бәрін санаудың орнына, солардың ішінен мысал боларлық бірнешесін алып, осылардың өлең мысалын тексерумен әдебиет тарихының желісін тартып алмақшымыз. Әр жерде шашылып қалған белгілерге қарап, әдебиет тарихының ұзын жолынан қалған сұрлеуді тауып алуды талап етіп отырмыз.

Осы мақсатпен қарасақ, жаңағы саналған ақындардың бірталайы, Бұқар жырау, не Махамбет, не Мұрат сияқты ақындардың күй сарынын екінші рет қайтарып, қайталап айтқан ақын болып шығады.

Сондықтан бұл кітаптың ішінде бәріне бірдей бөлек-бөлек тоқтауды қажет көргеніміз жоқ. Қазақ әдебиетінің тарихы зар заман дәуірінен соң Абайға келіп тіреледі. Сол себепті енді Абайға көшеміз.

Оқулықтар



ЖЕТКІНШЕК

Жалпы бөлім

Колхоз

Биыл 40—50 шаруа қосылып, Калинин жолдас атына бір колхоз ашты¹. Әкем сол колхозға мүше боп кірді.

Колхоз астығын қазынаға әкеткен еді, қазынадан кеше әр түрлі нәрсе әкепті.

Әкем барып, колхоз лавкесінен әжеме кимешек-жаулық, маған газет-журнал, Кәукеш тәтеме бір әсем шашбау, апама кебіс-мәсі, шай, шәйнек, әкпіш және сондай нәрселер әкеп берді².

Біз бәріміз қуанып қалдық.

Колхоз бастығы тұқым қылу үшін қаладан 10 әтеш, 30 тауық, 10 шақты үйрек әкепті.

Әкем онан 1 әтеш, 3 тауық алды.

Тәтем екеуміз тары шашып, әтеш пен тауықты күтіп жүрміз.

Ықтырма

Бүгін күні бойы аспан түнеріп, қорқынышты бір нәрсе әзірлегелі тұрған түрі бар еді.

Қас қарайып, күн батуға айналды.

Бір мезгіл қатты дауыл шықты. Дауыл аралас жауын жауды. Ешкі, қой пана іздеп үйге тығылды. Біз кереге алып ықтырма жасадық³. Қойлар үйге тығылмай, керегеге паналайтын болды. Түнгі жауын үйдегі адамға да қиын болды. Үйдің тесігінен тамшы ағып, жататын жер де тегіс су боп кетті.

Түнде етігім су боп қалған екен, кейін киюге де қиын болды.

Біздің мектеп кең

Бұл кімнің таңбасы? Кеңес Одағының таңбасы.

Біз Кеңес Одағының ұлымыз. Біздің мектепте ту бар. Онда осындай таңба бар.

Мұғалім: Аяқтарыңды әрқашан жақсы тазаландар, болмаса мектеп іші шаң болады. Шаң бәріңе де залалды. Аурулы боласындар деді.

Кеше кешке қар жауды. Қазір сонар⁴. Әкем Оңғарды ертіп аңға кетті. Олар аңнан кешке қайтады. Сенің әкең де аңшы ғой, аңға кетті ме?

— Әкем таң атпай кетті. Мыңжасар жаңа аңға барады екен. Қасында сенің Ақтазың бар.

Өрісбай сөз сөйлейді. Өзге балалар оның сөзін тындап отыр.

Қане, мына сөздерді кім бұрын дұрыстап оқып шығады:

он — өн	соз — сөз	боз — бөз	тон — төн
ор — өр	тор — төр	қор — көр	

Ұлы Октябрь

Патшаның қолынан,
Молданың жолынан
Бізді құтқарған
Ұлы Октябрь.
Қамаулы күндерден,
Қараңғы түндерден
Бізді құтқарған
Ұлы Октябрь⁵.

Жас ерлер

Жас ерлер, күндей қайнап,
Гүлдей жайнап,
Әзірше емін-еркін
Жүрің ойнап...

Пионерлер

“Барабан соғып,
Қаланы шу қып,
Даланы ду қып,
Жалауды ту қып,
Келеді әні,
Келеді әні” деседі.
Бұлар кім?
Бұлар ма, бұлар:
Мейрамды тойлап,
Күлісіп, ойнап
Келе жатқан,
Бұл ерлер —
Пионерлер.
Байқасаң:
Жүрісі бапты,
Дүбірі қатты,
Аққан сендей,
Еседі желдей,
Еседі.
Бір, екі, үш,
Бір, екі, үш
Лек-лек-лек,
Лек-лек-лек,
Айбынды күш,
Өседі күш,
Өседі.

Күзетші

Айсыз қараңғы түн болды. Аспанды қошқыл қара бұлт басты. Үскіріп жел соқты. Дауылды жаңбыр болды. Артынан дауыл басылып, нөсер құйды. Дүрілдеп, жер жарып күн күркіреді. Шартылдап, жарқылдап жәй түсіп тұрды.

Тірі жанның бәрі қалтырап қорықты. Жұрттың бәрі үйді-үйіне тығылды. Далада жан қалмады.

Дәл осы кезде айдаһардай ақырған аспанның қаһарынан қорықпай, қойды айналып, қора күзетіп жүрген жалғыз Қойшығұл еді.

Шіркін, Қойшығұл жүрек жұтқан ер ғой!
Мал баққан бейнет, еңбек соныкі ғой!
Мал иесі де сол болуы керек қой!

Сурет салдық

Оқытушы ағай бізге сурет салғызды. Біреуіміз ағаштың, біреуіміз үйдің, біреуіміз аттың суретін салдық.

Айша жапырағынан ажыраған теректің суретін саламын деп, бүлдіріп алды. Терегінің бұтақтары өзінен де жуан боп шықты.

Айшаның суретін көріп біз күлдік. Омар дейтін тентек бала бар еді, ол мысқылдап, мазақтап болмады.

Байқасақ, Айшаның көзі жасаурап, жылауға аз-ақ қалыпты.

Сол орайда оқытушы ағай келіп қалды. Ағай Айшаның суретін көріп:

— Жарайды, жігіт. Жақсы салыпсың, тағы да жаса! — деді.

Бұны естіген соң Айшаның шоқтығы шығып қалды. “Бәлем, қалай екен!” деген кісіше, бізге мақтана қарап қойды. Біз жым болдық. Омар ұялып теріс қарады.

Үй салу оңай

Сырдария елінің кепесі — аурудың ұясы. Бұны көрген адамдардың бәрі айтады. Сол кепеден құтылу деген оп-оңай жұмыс. Адам ерінбесе жаман кепенің орнына жап-жақсы үй салып алуға болады. Ол үшін былай істеу керек: арасын кез жарым қылып бақан орнату^{6, 7} керек. Бақан үй сықылды төрт бұрышты боп орнатылсын. Сонан кейін қамысты сымбалдап буып⁸, бақандарға шегелеу керек. Қамыстың арасын, іші-тысын сылап тастау керек. Төбесін ағашпен жабу керек. Сонда сып-сыпайы, діңкиген жаңа үй боп шығады. Кепенің қасында бұл кең сарайдай⁹. Істелуі де оңай.

Жел

Бүгін қарашаның 15-і, жел қатайып, қара дауыл болды. Ағаштың жапырақтары қардай борайды. Шіріген қу бұтақтар

шарт-шұрт сынады. Майысқан ағаштардың бұтағы терезені тырс-тырс қағады...

...Біраздан бері тыңдаушы көбейіп келеді. Апам да, әжем де, тәтем де, көршілеріміз де келіп тыңдайтын болды.

Анда-санда әкем:

Апырай, осы мен де мектепке түсіп, сабақ оқысам ба екен! десе, апам:

Мына сақалыңмен не деп “ата... бата...” деп отырасың! деп күлуші еді.

Кеше әкем ауыл кеңесіне барып, сондағы сауатсыздар мектебіне жазылып келіпті.

Әкем қайтқан соң:

— Мені де неге жазғызбадың? Мен де оқимын, — деп апам қиғылық салды.

— Қатынға оқу неге керек, деп әкем көнгісі келмеп еді, мен үгіттеп көндірдім.

Бүгін әкем де, апам да сабаққа кетті.

Сұраулар:

— Сендердің әке-шешелерің сауатты ма?

Сауатсыз болса, мектепке түсіңдер деп үгіттедіңдер ме?

Кешке қол бос уақытта үй іштеріңе кітап оқып бересіңдер ме?

Аязда ағаш неге сықырлайды

Ағашта дым бар. Дым дегеніміз су. Әдетте заттар суықта тарылады, ыстықта жайылады. Бірақ судың басқа бір сипаты бар. Су мұз боп қатарда тарылмайды, қайта далияды, кеніді.

Аязда ағаштардың сықырлайтыны осы себептен. Ағаштың суы аязда қатып далияды да, ағаштарды шытырлатып жарады.

Судың мұз болғандағы далию күші сондай, қалындығы төрт елі шойын зеңбірекке су толтырып аязға қойсаң, қатқан мұз зеңбіректі қақ айырады.

Темірге ұсап, су неге суықтан тарылмайды? Себебі су қатқанда арасына қуысты көп қалдыра қатады.

Тәжірибе: бөтелкеге су толтырып қойындар. Қайтер екен?

Ауада салмақ бар ма

Бір жағы ашық, бір жағы тұйық пияла түтікті алып, оны таразыға салып өлше де, ауыз жағын отқа қыздыр. Қызған кезде жып-жылдам ашық аузын тығында да, қайтадан таразыға тарт.

Сонда түтіктің салмағы бұрынғыдан кем боп шығады. Себебі алғашқы тартқанда түтікте ауа бар еді, қызған кезде ол ауа шығып кетті. Екінші тартқанда түтік ауасыз өлшенді.

Осыған қарағанда ауада салмақ бар ма, жоқ па?

Мектепте неше бала бар

Күздігүні сабаққа түсерде оқытушы әр баланың аты-жөнін, жасын жазып алған еді. Ол қағазды анкета дейді екен. Сол анкетаны кешке оқытушымыз бізге әкеп берді де:

— Мына анкеталарды тәртіпке салып, біздің мектепте неше бала бар екенін, олардың нешеуі еркек, нешеуі қыз екенін, батырақ, кедей, бай балалары қанша екенін және жастарын есептеп біліңдер, — деді.

Біз ағайдың айтқанын істеп шықтық.

Біздің мектепте 68 бала оқиды екен. Оның 27-і екінші сыныпта, қалғаны бірінші сыныпта оқиды екен¹⁰.

Барлық балалардың 23-і қыз, қалғандары ер балалар екен.

Туысына қарағанда: батырақ баласы — 35, кедей қара шаруа баласы — 18, ұста балалары — 7, жұмысшы баласы — 8.

Жастарына қарағанда: сегіздегілер — 34, тоғыздағылар 17, ондағылар 8, он бірдегілер — 6, қалғаны он екідегілер болды.

Сұраулар:

2-сыныпта оқитын балалар қанша? Мектепте оқитын балалардың нешеуі еркек бала? 12 жастағы балалар нешеуі?

Сағат

Біздің мектепте бір үлкен сағат бар. Ағайда бір кішкене сағат бар. Ағай сағатын қолына салып жүреді. Мектеп сағаты ілулі тұрады.

Ағай бізді өзінің сағатымен таныстырды. Сағатында: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 деген цифрлар бар екен. Бір қысқа, бір ұзын тілі бар екен. Ағай бізге:

— Мына ұзын тілі қанша минут болғанын, қысқасы қанша сағат болғанын білдіріп тұрады. Бір сағатта 60 минут болады. Минуттің тілі барлық цифрларды бір айналып 12-ге жеткенше, сағаттың тілі бір цифр мен екінші цифрға дейінгі жерді-ақ жүреді, — деді.

Мұнан кейін біз мектеп сағатын барып көрдік.

Оның цифрлары басқа екен. I, II, III, IV, V, VI, VII, VIII, IX, X, XI, XII боп жазылыпты.

Бұның мәнісін сұрап едік, ағай:

— Менің сағатымдағы араб цифры, мектеп сағатындағы рим цифры деп аталады. Бірақ екеуінің мәнісі бір, — деді.

Үсік, күйік қалай жазылады

I

Үсіген адам тез өліп қалмайды, көпке дейін қатып жатады. Үсікке шалдыққан адамға мынаны істеу керек: үсіген адамды тура жылы үйге кіргізбе. Әуелі салқын жерде ұстап, денесін қармен не салқын сумен ысқыла. Жылына бастағанда біртелеп жылы орынға кіргіз.

Есі кетіп қалған адамды қоңыр салқын үйге жатқызып, киімін шешіп, мәуітпен не шекпенмен жауып, сыртынан қармен ыс¹¹. Табылса, аузына бір қасық арақ құй, не бұрыштың суын ішкіз.

Қармен біраз ысқылаған соң, қар аралас сумен ысу керек. Жылынған кезде жылы шай ішкіз. Жылы жерге кіргіз. Денесін жұмсақ шүберекпен сүртіп, құрғат. Денесіне жылқы майын жақ.

II

Адамның денесі шарпылып күйсе, ол қатерсіз. Оған түкіріктеп сабын жақ; күлдіреп күйсе, инемен жарып суын ағыз. Үстіне картоп ұны, кебек, бор сияқты майда, құрғақ, таза нәрсе сеп.

Күйген жерге шаң, тозаң, кір жолатпа. Қайнаған суға малынған таза шүберекпен орап қой.

Тым арсия, ырсия күйсе, дәрігерге көрсетпей жазылмайды.

Күйген адам сусауық болады. Сондықтан оған шай, сүт беріп отыру керек.

Жұқпалы дерттер

Дәрігерге көрсетпей болмайтын бірнеше жұқпалы аурулар бар. Олар: өкпе құрт, мерез, сүзек, қызылша, қызамық, түйнеме, күйдіргі, қырылдауық, шешек, оба, чума, безгек, таз сияқтылар.

Мұндай ауруға ұшыраған адам бақсы-балгерді қойып, оқыған дәрігерге көрінуі керек.

Бұл аурулардың бәрі де жұқпалы аурулар. Сондықтан олардан қатты сақ болу керек. Ауру әдетте астан, ауадан, қайнамаған судан, түкірік-қақырықтан, нәжістен, бит-бүргеден, шыбын-шіркейден, масадан, тышқаннан, иттен, малдан, киім-кешектен жұғады.

Нығымет

Нығымет отырса қисайып, бүкірейіп отырады. Жазу жазса кеудесімен үстелге жатып алады.

Оқытушының:

Нығымет, түзу отыр. Кеуденді көтеріп жаз! — дегенін тыңдамады.

Өсе келе Нығымет бүкіш болды. Бір иығынан екінші иығы аласа болды. Денесі қисық боп қалды.

Жүре-жүре Нығымет ауыр-ауыр жөтеле бастады. Қаны азайып, ауруға ұшырады.

Нығыметті көргендер бастарын шайқады. “Жастай қор болды” десіп, жандары ашыды. Өзімен бірге сабақтас болған жолдастары:

— Оқытушының айтқан ақылын тыңдамаушы еді. Сондықтан осындай болды, — десті.

Нығымет қалай отырып, қалай жазды? Оқытушы оған не деді? Оқытушының айтқанын тыңдамағаны өзіне жақсы болды ма?

Ленин өліміне

*1924 жылдың 21 январында кешкі 6 с.
50 минутта Мәскеу жаанындағы Горкіде
Ленин жолдас қайтыс болды.*

(Үкімет жары)

1924 жылы 26 январьда кеңестердің екінші съезінің қаралы жиылысында Сталин жолдастың сөйлеген сөзінен:

“Талай ғасырлар бойында еңбекшілер әлденеше рет езушілердің, байлардың құлдығынан құтылмақшы боп талап етті. Бірақ соның бәрінде дегеніне жете алмады.

Жалғыз-ақ біздің мемлекетімізде ғана езілген еңбекші бұқара байлар мен алпауыттарды төңкеріп отыр.

Сіздер білесіздер, жолдастар, бұл сияқты ұлы жұмысты басқарған Ленин мен оның партиясы болатын. Байлар мен алпауыттардың қожалығы жойылуы керек екенін Ленин бүкіл дүние еңбекшісіне түгел білдірді. Сол себепті Лениннің аты барлық еңбекші, езілуші атаулыға ең қадірлі ат болды”.

Етікші

Етікші етік тігерде әуелі аяқтың тұрқын, алқымын өлшеп алады. Сол өлшеуге қарап қалып таңдайды. Қалыпқа қарап бас, көттік пішеді¹²; жіліншікке қарап қоныш пішеді.

Етікші пішерде былғарыны жібітіп, созып, қырыс-тырысын жазып алады. Пішкен соң басын қондырады.

Содан кейін қонышын қусырып, аузын көмкереді. Қалыпқа дәлдеп жонып алған өкше сіріні етіктің ішкі жағына жапсырып алған соң, етікті қалыпқа сұғады.

Сонан соң ұлтанын, тақасын шегелейді. Етікші етікті бізбен, тарамыспен тігеді.

Өкше тақаны, ұлтанды мінегеннен кейін, күйемен не сиямен қаралап, жылтырағанша ысқылайды. Қалыбын суырған соң көттігін қайиды.

Жылқыны асылдандыру жолы

Қазақ жылқысын асылдандырудың екі жолы бар:

1) Өз тұқымын іріктеп, жақсыларынан бала туғызып, дұрыс күтіп, өсіру. Бұған көп уақыт керек. Бұл қиын жол, бірақ, шаруаға тиімді жол.

2) Араб, түрікпен жылқыларының тұқымымен араластырып, жаңа тұқым шығару. Бұл оңай жол, бірақ, шаруаға тиімсіз жол.

Ешкі

Ешкі өсімтал, күтімі жеңіл, сүті жұғымды, жүні түбітті.

Сүтті ешкі тұрықты, сүйрік бас, ұзын емшек, омырауы салыңқы, желіні алдына қарай итінген, салпы келеді. Желін түгі тығыз, аяғы етті болады. Сүтті ешкінің баласын теке қойсаң, тұқымы да сүтті боп туады. Мойны сорайған, кеудесі қушиған, қарны қабысқан, белі қайысқан, арты шөмиген, аяғы шибиген текеге жолама.

Жақсы қой

— Ойпырым-ой, әке-әй!

— Немене?

— Мұғалім ағай бүгін бізге қойлардың сүгіретін көрсетті ғой!.. Қойда біздің қойлар ширегіне келмейді. Бір-біреуі 9 пұт тартады дейді; 30 қадақ май түседі дейді, не деген сұмдық?!

— Соға бер өтірікті. Бір жарым пұттан артық қой болушы ма еді? 30 қадақ май ту сиырдан да таңдап шығады... Әншейін жаңсақ естіп жүрсің ғой.

— Бұйырмасын, осы құлағыммен есіттім. Нанбасаң, Жұматайдан сұра... Жүні де 12 қадақ болады дейді. Оны роман қойы деп атайды екен. Өзі ылғи егіз табады, кейде үш-төрт қозыны бір жылда табады. Терісінен тон кисең, аязда буың бұрқырап жүреді, — дейді. — Қысқа да берік болады, — дейді.

— Рас болса, онысы жақсы екен... Бірақ ондай қой біздің қолымызға қайдан түссін...

— Неге түспейді? Кооператив арқылы алдыруға болады дейді ғой мұғалім...

— Әке-ау! Айтпақшы, біз бүгін қойды қалай күтуді де сөз қылдық.

— Е, қалай күту керек екен?

— Міне, менің жазып алғаным:

“Қыстыгүні қойға пішенді 3-4 мезгіл жаңалап сал. Аяққа басылған шөпті қой жемейді: шөпті оттыққа салған жақсы, жұмасына екі рет тұз бер, не сор жалат. Шірік пішен жегізбе: козы тастайды. Мұздай сумен суғарма. Зәрін сындырып бер.

Қой қора жылы, асты құрғақ болсын. Сызды жерде тез ариды, бауыр құрт болады”.

— А, бұларыңның жөні бар екен... Пішен жетсе, бере берер еді-ау, жұрт. Бірақ жетпейді ғой... Оттық деген сөздің дәмі бар: шөпті әншейін рәсуа қыламыз... ескеру керек екен.

Сүтті сиырдың белгілері

(Баяндаушы Әбікен)

— Сүтті сиырдың желіні үлкен, қомақты, қатпарлы келеді. Сауғанда тез солып қалады. Емшектері орташа, арасы алыс, төрт емшегі тең болады. Оңай сауылады. Желін терісі жұқа, желін үстіндегі жүні жұмсақ, сирек келеді. Желіннен бауырға қарай созылған тамыры желіннің үстінде тарамданып, бауырында білеуленіп тұрады. Міне, мынадай, — деп Әбікен газеттегі сүгіретті бәрімізге көрсетті.

— Сүтті сиырдың басы етсіз, қағылез, мүйізі де шағын, жеңіл болады. Мойыны жіңішке, ашаң, терісі жұқа, жұмсақ боп, қатпарланып тұрады, қабырғалы, кең кеуде, аяқтары тарамыс, қысқа, жұмсақ жүнді, арқасы тұзу келеді. Арты талтақ, бөкселі, бұлшық еттері алшақ болады. Қабырғалары нәзік, аралары алшақ, түйе құрсақ болса керек. Бәрінен де керегі желіні екен. Желіні сынға келмесе, өзге мүшелерінің келгені сөз емес, — деп...

* * *

...Сүйектен желім қайнатылады. Сүйектің майы алынады. Қу сүйекті үгіп жер өңдейді.

Мүйіз. Мүйізден тарақ, түйме, бәкіге сап істеледі. Үгіндісінен бояу жасалады немесе жер өңдеуге кетеді. Мүйізден желім де қайнатылады.

Тұяқ. Тұяқтан желім істейді.

Ішек. Ішектен қазы, шұжыққа қап қылады.

Боқтық. Боқтықты қыстай жинап егінге шашсаң, егінің бітік шығады.

Күл. Шөп, картоп, кендір егілетін жерге жырттар алдында күл сепсең, екі есе шығымды болады.

Ескі шүберек. Ескі шүберекті жинап алып сатсаң, фабрикаға салып қағаз жасап шығарады.

“Ескі-құсқы” нәрселерді үкіметке беріп отыру керек. Үйткені ескі-құсқының құрылысымызға пайдасы мол. Бұл жөнінде ат салысып, көмек көрсетуі тиіс...

Қызыл әскерлер

Қызыл әскер — еңбекші елдің ұлы. Жұмысшы мен қара шаруаның алдыңғы қосыны. Ол еңбекшілердің үстемдігін қорғайды. Жиһангер патшалықтардың шабуылынан¹³ Кеңес Одағын қорғайды.

23 февраль — қызыл әскер күні. Бұл күн жалғыз одақтағы еңбекшілер емес, бүкіл әлем еңбекшілерінің де мейрам күні. Қызыл әскер дүние жауыздарының қамауынан, біздің төңкерісті аман сақтап алып шықты. Біздің төңкеріс — дүние төңкерісінің кіндігі.

Біздің саясатымыз — тыныштық саясаты. Бірақ капиталшы мемлекеттермен татулық сақтау жалғыз біздің еркімізде емес. Байлар қай күні болса да Кеңес Одағына шабуыл жасауға мүмкін. Біз тыныштықты тілесек те...

* * *

... дәуміт еді¹⁴. Жол бойының көдесін ұзын тілімен орақтап жүріп: “Мендей үлкен, мендей күшті мал жоқ. Менің тартқан жүрегімді өзгелер орнынан қозғай алмайды” деп ойлады.

Соны ойлаған кезде арт жағынан “бәһ” деген бір дыбыс шықты қараса жампоз сары атан екен. Өгіз сасқанынан: “Салаумәлейкім! Отағасы, қайда барасың?” деді. Сары атан мойнын қарағайдай қақырайтып, “Қарасордың көкпегін жеуге барам. Сенің бес аттағаныңды, біз бір-ақ аттаймыз” деп, ернін салп еткізіп, балп-балп басып, адымдай жөнелді.

Сары атан адыраңдай, арбаңдай аяңдады, өгізден озғанға “Менен жүйрік кім бар? Елдің көшіп, қонып жүргені менің арқам ғой” деп ойлады.

Соны ойлаған кезде арт жағынан бір дүрсіл шықты. Қараса, бір ақбоз ат келеді.

Адымдаған ақбоз ат адымын ашырмай қуып жетті. Сары атан сасқанынан: “салду-малейкім! Батыр, мұнша неге асықтың?” деді. Боз ат бір пысқырып: “Е, мен жай жүруші ме ем? Сен 5 шақырым жүргенше, мен 20 шақырымынды артыма тастаймын, шабысымды көр! Жолды бер, топан аяқ!” деп өте шықты.

“Менен сұлу, менен жүйрік кім бар? Менсіз адам мешел ғой” деп, ақбоз ат аузы көпіріп келе жатты.

Со кезде артынан бірдеңе өкіріп келіп қалды. Ақбоз ат селк етіп, жалт қараса, түгіні будақтаған бір қап-қара дәу жақындап қапты. “Мынау бір жалмауыз ғой” деп, боз ат жалт берді. Бұ келе жатқан отарба еді¹⁵.

— Ой, құмырсқа! Кет былай! Еземін! Көрмейсің бе, будың күші кеудемді кернеп, ұшыртып келе жатқанын, — деп, күжілдеп, пыс-пыс, сырт-сырт етіп өте шықты. Отарба бір жайқын өзенге жетті. Өзен үстіндегі көпірмен баяулап өтіп келе жатты. Сонда суда келе жатқан от кеме азынады.

— Уай, тасбақа, сен суда жүзе аласың ба? Американ жұртына бара аласың ба? Көк теңізде мен ғана жүзем, сен барда да жұрт жүгін маған артады, үйткені сен қымбатсың: көмірге тоймайсың, — деп, азынап ол кетті.

Отарба судан өте бергенде екі көзі жалтыраған бір құртымдай нәрсе ызылдап жанаса кетті. Бұл бір әдемі автомобиль екен.

— Сен неге дүрілдейсің? Шойын жолдан тайып кетсең, ойран-топан боласың. Буың да, қазаның да түк қайрат қыла алмайды. Мені айт! Бензин мен мазуттан өзгені керек қылмаймын; кез келген жолмен айдаймын, — деп, зымырап жөнелді.

— Мұныкі де рас-ау! — деп, отарба өз жөнімен тарта берді.

Сол кезде қақ төбесінен “дыр-дыр-дыр” деген бір дыбыс естілді. Бұ бір добалдай аэроплан еді¹⁶.

— Жерге жабысқан, жер құрты, сен неге көкисің? Мен, міне, бөріңнің төбеңнен қараймын. Дәмең болса, маған ілесіп көрші! — деп, аэроплан дызылдап шарықтады.

Автомобиль аспанға қарап қала берді. Аэроплан аспандай көрінбей кетті.

Қосыламын

Мен биыл өмірі көрмеген нәрселерді көрдім. Екі рет автомобильді, әлденеше рет тракторды, түрлі ауыл шаруашылық машиналарын, темір жолды, тағы-тағы сондай ғажайып нәрселерді көрдім.

Бұрын қырда мұндай нәрселер болмаушы еді. Биыл қаптап кетіпті. Қара шаруалар да таң-тамаша.

Басында біздің ауылдың адамдары бұларды жатырқап, үркісіп еді. Осы күнде еті үйреніп алыпты. Бастары қосылса сөйлейтіні машина.

Әуелгі кезде машиналарды ешкім мақтамаушы еді. Бай мен молдалар жамандаушы еді. Осы күнде бай, молдалар жым бопты. Батырақтар аузынан суы құрып мақтасады.

Кеше біздің үйде он шақты батырақ жиылып: “трактор аламыз” деп шуласып жатысты. Тегі трактор алмай тынатын түрлері жоқ.

— Трактор алуға мен де қосылам! — деп әкем де протоколға жалпақ бармағын басты.

— Мен де қосылам! — деп мына жақтан мен дүрсе қоя бердім.

Батырақтар ду күлді.

— Қосылсаң, қаны, қол қойшы! — десті.

Мен іркілмей: “Қосыламын. Жұман ұлы Асан” деп қолды қойып қалдым.

— Жарайды, жарайды, жігіт екенсің! — деп батырақтар шуласты. Біреуі келіп арқамнан қақты. Менің қуанышым қойныма сыймады.

Қыстың ақыры

Қыстың көзін жоймақ болып, күн біртіндеп жылына берді. Сірескен қар мен мұз табанынан таусылып ери бастады. Қар ерісімен-ақ көкөрай шөптер желкілдеп, шаруалардың бірді-екілі малы семіре бастады.

Әсіресе қыстың достары — сауысқан, қарға, қасқырлардың үні өшкендей болды.

Арамтамақ қарға, сауысқандар масайрай алған жоқ. Күн жылынып, жерге кілем төселгендей қалыпқа түсті.

Сай-сайды су басты. “Жаз келді, жаз келді!” деп жер жүзіндегі жанды заттың бәрі күбірлесті. Шаруалар жазғы жабдығына кірісті. Еңбекке жұмылды.

Бір қазақ қызының сөзі

Жаз жаңа шығып келе жатқан кезде, бір қырғыз қазақтың үйіне келіпті.

Күн жел екен. Үй толы арық-тұрақ екен. Қырғыз үйге кіріп, отыруға орын таба алмай, далада отыра беріпті.

Қас қарайған кезде қазақтың қызы бір қолына сүт ұстап, бір қолымен сырмақ көтеріп келіп айтыпты...

Сұраулар:

Қазақ арық-тұрақты үйге неге қамайды? Арық-тұрақ қамалған үйде тазалық болуы мүмкін бе?

Арық-тұрақты да жылыту үшін, үйді де таза ұстау үшін не істеу керек?

Жазғытұры қырда тоқшылық бола ма, аштық бола ма?

Жазғытұры мал неге арық болады?

Жазғытұры мал арық болмау үшін не істеу керек?

Жаз келді

.....

.....

... ерке жаз келет.

Ал балалар, қараңдар!

Ойнап алтын шаш берет,

Ал балалар, тараңдар!

Жазғытұрымғы айлар: *март, апрель, май.*

Қызыл бұрыш

Майда жұмсақ жел ессе,

Желпілдейді туырлық.

Сықырлайды ырғалып,

Керегелер буылдық.

Керегемен тербеліп,

Желбірейді қызыл ту.
Үй іші толған жалба жең:
Кейі күбір, кейі шу.
Газет, журнал жайылған,
Үймелеген оқушы,
Жалықпашы, қарағым,
Оқышы, інім, оқышы!

Патшаны түсірген күн

Ең соңғы патша екінші Николай Романов еді¹⁷. Николай да ата-бабаларындай мол жерді иемденіп, пайда тапты. Ақшаның арқасында көп жұртқа жұмыс қылғызды, еңбегін емді. Өңшең ірі қонысты алпауыттармен, капиталшылармен бірігіп, Ресейді биледі, әскер оның айтқанын қылды. Өзі сияқты басқа жұрттың патшаларымен елге, жерге таласқанда, әскерді соғысқа айдап, қойдай қырды. Солдаттар — жұмысшы мен қара шаруалар ғой. Соңғы неміспен соғысатын жолы жұрт патшаны патшалықтан түсірді. Солдат, жұмысшы, қара шаруалар әбден қосылған соң, 1917 жылдың 12 март айында әуелі Петерборда көтеріліс қылды, сосын Ресей жерінде көтеріліс болды. Сүйтіп, патшаны жоқ қылды; содан кейін еңбекшілер сол жылы октябрь ішінде үкімет басындағы байларды қуып тастап, билікті өз қолына алды. Патшалар қашаннан бері қара халықтың пайдасын ойламай, зәбір көрсетіп келген ғой.

Енді өзге жұрттардың патшалары мен байларын түсіру керек. Мұны біз коммунист партиясының басшылығымен істейміз.

Сайлау ұрандары

— Кедей, батырақтар, орташалармен бірігіп, одақтаса отырып, коммунист партиясының басшылығымен сайлауға қатынасыңдар!

— Кәмпеске сықылды үлкен науқандарда тап жолын мықты ұстаған кедей¹⁸, батырақтардың белсенділерін кеңеске сайлаңдар!

— Батырақ, кедейлер! Кәмпескеден алған мал-мүлікті дұрыс пайдаланыңдар! Шаруаларыңды көтеруге жұмсандар!

— Қосшы мүшелері! Қосшы одағы кеңес үкіметінің ауылдағы тірегі екенін ұмытпаңдар! Сайлауда еңбекшілерді бастандар! Белсенді жақсы мүшелеріңді кеңеске сайлаңдар!

— Еңбекшілер, бес жылдық планды төрт жылда орындауға ат салысыңдар!

— Кедей, батырақ, орташалар! Ауыл шаруашылығын теңшілдік негізіне көшіру үшін ең үлкен сара жол бірлескен шаруа құру екенін жақсы түсініңдер! Күш бірлікте! Бірлесіңдер! Коллектив құрыңдар!

— Ауыл шаруашылығының өнімін арттырудың ең үлкен әдісі шаруаны машиналандыру екенін естен шығармаңдар!

— Ауыл еңбекшілері, байға, молдаға, атқамінерлерге, рушылдыққа қарсы болыңдар!

— Кеңеске іскер, адал, тап саясатын дұрыс алып баратын еңбекшілерден шыққан белсенділерді сайлаңдар!

Кел, жалшы

Жалшы, кедей, батырақ
Жағынып байға не қылад?
Еңбекші табы біріксе,
Бар мақсаты табылад.
Тегіс кіріп тілекке,
Мықты сеніп білекке,
Тап тілегі, бірлігі
Алсын орын жүреkte
Келеді тұрмыс гүлденіп:
Енді бекер жүрмелік!
Қой, түйеге көк завод
Дауыс қоссын, күңіреніп.

Он парыз¹⁹

Мал баққан, егін еккен шаруа, жаттап ал

Шаруаң орнықты, уайымсыз болсын десеңдер, мына он парызды жаттап алыңдар:

1) Малыңды күт. Күшіне тигізе қинама. Бет алдына шаба берме. Тамағы тоқ, орны таза болсын.

2) Қол жетер жерде мал дәрігері болса, ауырғанын соған көрсет. Елде малдың жұқпалы ауруы білінсе, дереу мал дәрігеріне білдір.

3) Мал тұқымын асылдандыр. Айғырды, бұқаны, қошқарды, бураны, текені жақсыдан сал. Айғырың, бұқаң жақсы болса, малың берекелі, құнды да, бұлды да болады.

4) Малдың төлін күт. Бұзауың ертеден кара кешке, күннің көзінде байлауда жатпасын. Қымызға қызып отырып, құлынның жайын ұмытып кетпе? Төлді жастай күтсең, бұла қылып өсірсең, малың сонда жақсы болады.

5) Егінді дұрыстап, шашатын тұқымның жақсысын сайлап ал, әбден тазарт, жерді оңдап жырт, жақсылап майдала. Қолыңнан келгенше машина-саймандарыңды жөндеп ал, егінді арам шөптен тазарт, ерінбе. Егініңді жинап алғанша дамыл көрме.

6) Егіннің жауларын құрт. Тиісті мекемелердің жәрдемімен ел болып, ұйымдасып, егіннің жауларын құрту шарасын істе.

7) Жер ал. Тұрмыстың ыңғайына қарай жерге орналасып, қала болу шарасына кірісіңдер. Бастарың қосылып, жиі отырсаңдар, бірігіп шаруа жүргізуге жақсы болады.

8) Су бөге; су түспейтін жерге арық бөгет, су түсірсең, пішенге молығасың, жұттан аман боласың.

9) Шаруа кооперативіне кір²⁰. Шаруа артеліне²¹ — мал өсіретін, машина-сайман алатын, арық жүргізетін серіктіктер ашыңдар.

10) Шаруаны білім жолымен жүргіз. Мал дәрігерлерінің, білімді адамдардың айтқанын істе.

Сиырды қалай күту керек

Қыстыгүні қай малға болсын жылы қора, құрғақ, жұмсақ орын, мол тамақ, зәрі сынған қоңыр су керек. О түгіл малға ауа мен жарық та керек. Шаруаның тілін білген жұрт — сиыр басына бөлек-бөлек үйшік, алдына оттық істеп, шөпті де, суды да оттыққа қояды екен.

Буаз сиырды ұрма, қинама, қыспа, атқа тепкізбе, айдап суарам деп жығып алма; ескі, шірік шөп, салам, кебек, қатқан нан берме; астын жұмсақ, құрғақ қыл.

Бұзаулардан бір-екі ай бұрын суалтып жібер; бұзаулайтын айында шөпті тым көп берме: күніне екі сағаттай жүргіз; желіні іссе, майла; бұзаулаған соң бір айдай жақсы күт.

Тұқым таза болсын

Астық шығымды болуға тұқым таза, толық болуы керек. Тұқымдық астыққа қастауыш, қара түйнек араласпасын. Тұқым лас болса, егінге арам шөп шығып, қастауыш қаптап кетеді. Арам шөпті егіске шегіртке, торғай сияқты зиянды жәндіктер де үйір болады. Лас тұқымнан өнген егістің астығы да лас болады.

Тұқымды тазартқанда елек астынан түскен ұшығы, ласы малға жем. Тазартылмаған тұқым пайда келтірудің орнына зиянға шығады. Тұқым таза, салмақты, толық болсын.

Қардың суын пайдалан

Қара бидай қардың суымен шығады. Қара бидай егетін жерге қар суын мол сіңіру керек. Құнтақты шаруа²² егін айналасына жүгері, не шекілдеуік (күнбағар) егеді. Екеуінің сабағы да ағаш сықылды, піскенде басын орып алып, сабағын орнында қалдырады. Оған қар үймелейді. Қар ерігенде жер тояды. Жер суға тойса, егін шығымды болады.

Қар токтатқан жердің тұқымын күз сеуіп тастаған жақсы: қар суымен тез өседі.

Қар токтатудың бір амалы: қыстыгүні қарды жер ағашпен соқалап тастау.

Есте болатын нәрсе: жерді көлденең жырту керек: қар үймелеуге жақсы.

Тағы бір амалы: қарға шарбақ орнату; қамыс шаншу ең оңайы: әр жерге қарды шошайтып үйе беру немесе аққала соғу.

Ерінбесе, бұлардың қайсысы болса да қиын емес. Қыстыгүні бір-екі еңбек етілсе, егін көріне артық шығады.

Жерің тозса, жоңышқа мен бұршақ ек

Бидай салып тозған жерді жаңартудың ең оңай жолы — тозған жерге жоңышқа, бұршақ егу. Бұршақ пен жоңышқа тозған жерге өзі тамақ беріп, жаңартып, семіргеді, тыңландырады²³. Қайтадан бидай ексең, заулап шығады. Жоңышқа малға таптырмайтын тамақ. Суарып салсаң, бір дестеден 5-6 жүз пұт

жоңышқа түседі; күтіп-бақса, жоңышқа бір жазда үш рет орылады.

Өзге шөптей жоңышқадан қиқым, салам қалмайды. Жылқы жемегенді қой, қой жемегенді сиыр мен түйе жейді, басқа шөптен асыл, аз жесе де жұғымды болады.

Ал бұршақ базарда бұл, бидайдан қымбат, жесең — өзіңе ас, көже қылсаң — тоқ.

Бір жерге үнемі бір тұқым сала бермей, бұршақ, жоңышқа, бидай, сұлыны алмастырып салып отырсаң, егістік жерің тозбайды. Жері тозған қазақ ең әуелі осыны істесін.

Тарыны қалай егу керек

Тарыны күн әбден жылығанда еккен артық. Тарының шамы — салқын²⁴. Еккен уақытта күн салқын болса, тары өте шабан өседі. Тары еккен жердің топырағын ондап майдалау керек. Топырақ неғұрлым үгілмелі, жұмсақ болса, соғұрлым тарының шырайы енеді, еккен жердің топырағы жақсы болса, аз сепкен дұрыс.

Айт, шуу, ала атым!

Айт, шуу, ала атым
Сүйеніш қанатым.
Жалғыз сен бейнетпен
Егінді салатын,

Жаз шөпті шабатын,
Пайданы табатын.
Күн болса алақай,
Еңбегің жанатын.

Айт, шуу, ала атым!
Бү күн айт, баратын.
Еріккен бай емен,
Бар малым — бір атым.

Бір осы ала атым,
Егін бар салатын.
Айт іздеп еріксем,
Жұмысым қалатын.

Айт, шүү, ала атым,
Сүйеніш қанатым.
Күн болса, егерде
Еңбегің жанатын.

Сонда “айт”, ала атым
Мейрамдап шабатын.
Айт, шүү, бітірем
Жерімді салатын.

Трактор

Елдің жер жыртып, егін салып жатқан кезі еді. Бір топ бала ауылдың сыртында ойнап жүр едік. Бір мезгіл Омар...

ҚАЗАҚСТАН

I б ө л і м

ҚАЗАҚСТАН ЖЕРІНІҢ БІТІСІ, АУА РАЙЫ

Қазақстан аудандары. Қазақстанда бір облыс, 12 округ, 195 аудан бар. Облыс — Қарақалпақ облысы. Бұнда 4 округ бар. Облыс орталығы Шымбай²⁵ қаласы. Облыстың барлық халқы 304541 жан. Бұның 38 проценті қарақалпақ, 28 проценті қазақ, 28-дей проценті өзбек, қалғандары басқа ұлттар.

12 округтің біреуі — Орал округі. Бұның орталығы — Теке (Орал) қаласы²⁶. Округтің 340000-дай халқы бар. Соның 72 проценті қазақ. Қалғаны басқа ұлттар.

Екінші округ — Гурьев. Бұның орталығы — Үйшік қаласы²⁷. Үйшік, Теке екеуі де Жайық суының бойында. Округтің халқы 177500. Бұның 79 проценті қазақ, қалғаны казак-орыс және басқа ұлттар.

Үшінші округ — Адай. Бұның орталығы — Ойыл қаласы²⁸. Халқы 189 мың.

Төртінші округ — Ақтөбе. Орталығы — Ақтөбе қаласы²⁹. Халқы 388 мыңдай.

Бесінші округ — Қостанай қаласы³⁰. Округ халқы 460 мыңнан аса. Бар халқының 42 проценті қазақ.

Алтыншы округ — Қызылжар³¹. Халқы 725 мыңдай. Соның 28 проценті қазақ. Көпшілік халқы орыс.

Жетінші округ — Ақмола³². Орталығы — Ақмола қаласы. Округ халқы 419 мыңдай. Қазағы 57 процент.

Сегізінші округ — Сырдария. Орталығы — Шымкент³³ қаласы. Барлық округ халқы 892 мыңдай. Қазағы 73 процент.

Тоғызыншы округ Қызылорда³⁴. Орталығы Қызылорда қаласы. Округ халқы 317 мың. Бұның 87 проценті қазақ. Қызылорда Сырдарияның жағасында.

Оныншы округ Павлодар, Кереку округі. Орталығы — Кереку қаласы³⁵. Бұл Ертіс суының жағасында. Округ халқы 312 мыңдай. Бұның 55 проценті қазақ. Қалғаны орыс, тағы басқа ұлттар.

Он бірінші округ Семей округі³⁶. Бұның орталығы Семей қаласы. Округтің барлық халқы 888 мыңдай. Соның 49 проценті казак. Қалған көпшілігі орыс және басқа ұлттар.

Он екінші округ Қарқаралы округі. Орталық қаласы Қарқаралы³⁷. Округ халқы 186 мыңдай. Қазағы 96 процент.

1926—27 жылдың санағы бойынша, барлық Қазақстан халқы 6 578 579 жан. Бұның 539 249-ы қалаларда тұрады. Қалған халық ауыл шаруа кәсібімен тіршілік етеді.

Қазақстанның ауа райы. Қазақстанның ауа райы жалпы алғанда құрғақ деп саналады. Әсіресе түстік жағы, Орта Азия шегіндегі округтердегі ауа райы құрғақ болады³⁸.

Сарыарқа белінің түстігіне қарай ауа райы орташа³⁹, бұнда жылдың төрт маусымы да болады. Терістік Қазақстанда ауа райы орта есеппен (цельсий бойынша) 3 градус. Бұл аудандарда жылына түсетін жауын-шашын есебі 300—370 миллиметр.

Сарыарқадан түстікке қарай, Атырау жазығы түгелімен жылы болады⁴⁰. Бұл ауданда ауа құрғақ, жауын кем. Жылына түсетін жауын-шашын 150—200 миллиметр. Шілде шандатқан ыстық, қысы ызғарлы суық, қары аз болады.

Қазақстанның түстік жағында, жаз өте ыстық, қысы суық, құрғақ келеді. Қыстың суықтығы — 20 градусқа жетеді. Жаздың ыстығы 40—50 градустан асып кетеді.

Қазақстанның түстік бөлігіне кіретін Жетісу ауданын алсақ⁴¹, ол таулы. Сондықтан ауа райы салқын болады.

Қазақстанның көп жерінде жауын аз. Себебі Қазақстанға жақын жерде теңіз жоқ. Теңіз суы бу болып аспанға шығып, содан бұлтқа айналып, жауын болып жауады.

Қазақстан топырағы. Қазақстандағы жазық далалардың топырағы егінге қолайсыз. Егінге ең қолайлы қара топырақ, терістікте ғана құндыздық⁴² болып өтеді (Қостанай, Көкшетаудың⁴³ арқа жағында). Мұнан соң қара топырақ Қазақстандағы ірі таулардың қолтығында ойдым-ойдым болып жатады.

Егін шаруасы жақсы орнаған Семей, Ақмола, Орал аудандарындағы топырақ — қоңыр каштан топырағы.

Түстікке қарай басқанда бұл топырақ бозғыл каштанға ауысады. Ондай жерлерде негізгі кәсіп, мал асырау кәсібі болады.

Бұдан арғы түстікке таман бассак, қатқыл топырақ және құм болады. Құмды жерлер: Бетпақ шөлі⁴⁴, Бөкейліктегі Нарын құмы⁴⁵, Қазалы⁴⁶, Шалқар⁴⁷ арасындағы Қарақұм⁴⁸, Ұлықұм⁴⁹, Торғайда⁵⁰, Акқұм⁵¹, тағы басқалар. Бұл топырақтар Қазақстанда белдеу-белдеу емес, көбінесе шет-шеттерінде бірімен-бірі аралас түсіп те жатады.

Түстік жақта құмнан басқа, су жаюға қолайсыз борбас, көбір топырақ та көп.

Қазақстан сулары. а) *Көлдер.* Қазақстан көлдерінің бірқатары жазғытұры қар суымен жиналып, күзге қарай кеуіп, құрғап кетеді. Мұндай көлдерге көбінесе май, июнь айларында шалу шығады. Шалу жылқыға серне болып, тез семіртеді⁵². Бұл көлдер жылқының ата қонысы.

Кейбір көлдер — қопалы⁵³. Қопалы көлдер шабынды, қыстаулық болады. Сондай қопалар әр жерде бар. Ең үлкендері Қорғалжың⁵⁴ (Ақмола, Атбасар арасында⁵⁵), Сары копа⁵⁶ (Торғайда), Кіндікті⁵⁷ (Қостанай ауданында), Тәуіп⁵⁸ (Ырғызда) тағы басқалар.

Қазақстанның кейбір көлдері сорға айналады. Бұл ащы көлдер. Сор көбінесе Сарыарқаның оңтүстігінде көп. Атырауға қараған еңгеуде көп. Бөкейлікте көп кездеседі.

Бұл сорлардың сулық жағынан да, басқа өсімдік жағынан да қасиеті жоқ деуге болады.

Жалғыз-ақ осындай көлдердің кейбірінде тұз болады. Қазақстан тұзды көлге бай. Тұзды көлдердің ірілері: Дендер⁵⁹ (Оралда), Орқаш⁶⁰ (Торғайда), Жеменей⁶¹ (Қостанайда), Керекү⁶² (Керекү ауданында), Жаман тұз⁶³, Жақсы тұз⁶⁴ (Ақмолада), Қарабас⁶⁵ (Семей ауданында).

Қазақстандағы ең ірі көлдер: Арал теңізі⁶⁶. Бұның ең ұзын жері 400 шақырым. Арқадан түстікке қарай 245, батыстан шығысқа қарай 267 шақырым. Бұл теңіз балыққа бай.

Одан соң Балқаш⁶⁷. Бұл Семей, Қарқаралы, Жетісу шегінде. Ұзыны 400 шақырымға таяу. Ені 10—80 шақырым. Балыққа бұ да өте бай.

Алакөл Жетісудың шығыс бұрышында⁶⁸. Ұзыны 70, ені 40 шақырым. Балықты көл.

Жайсаң көлі — ұзыны 100, ені 30 шақырым. Тұщы, балықты көл. Ертіс суы сол Жайсаңға құйып, жарып өтеді⁶⁹.

Марқакөл — ұзыны 35, ені 15 шақырым⁷⁰. Балықты көл, Семейдің шығысы мен түстігінің аралығында, Алтай тауында.

Сұраулар:

Аудандарында көл бар ма?

Қандай көлдер? Халық шаруасына не пайдасы бар?

б) Өзендер. Қазақстанда Атырау жазығында толып жатқан салаларымен Жайық өзені бар.

Жайықта, Теке мен Гурьев қалаларының арасында кішкене өзен пароходтары жүреді. Атырау жазығында Жайықтан басқа Ойыл, Жем, Сағыз өзендері бар. Бұлар Мұғалжар дөңестерінен шығады⁷¹.

Арал-Балқаш жазығында: Сарысу⁷², Торғай⁷³, Ырғыз⁷⁴, Шу⁷⁵ өзендері бар. Бұлар Сарыарқа, Алатау араларынан шығады.

Қазақстанның терістік жағында: Ертіс, Есіл, Нұра, Тобыл өзендері бар^{76, 77}. Бұлардың бәрі де терістікке қарай ағады. Ертіс Алтайдан шығады.

Ертісте Жайсаң көлінен бастап аяғына шейін пароход жүреді.

Қазақстанның түстік жағындағы өзендердің бәрі де Алатау жотасынан шығады. Бұл жақтағы үлкен өзеннің бірі — Сырдария⁷⁸. Ол Арал теңізіне құяды.

Екінші үлкен өзен — Әмудария⁷⁹ Басы Памир⁸⁰ тауларынан шығады да, Қарақалпақ облысын басып өтеді. Бұ да Арал теңізіне құяды. Әмударияда пароход жүреді.

Жетісу ауданындағы үлкен өзеннің бірі Іле⁸¹. Іленің нешеме саласы бар.

Соңғы жылдарда Іледе пароход жүре бастады.

Сұраулар:

Аудандарында қандай өзендер бар? Қай жерлерден шығып, қай жерде бітеді? Өзеннен шаруалар қандай пайда алады?

Қазақстан таулары. Қазақстанда батыстан шығысқа жүрген сайын жерінің беті биіктей береді.

Ең шығыс бұрышында қысы-жазы қары арылмайтын Алтай, Алатау сияқты зенгір таулар кездеседі.

Жалпы алғанда, Қазақстан жерінің көбі жазық болғанмен, кең жазықтардың араларында бірімен-бірі жалғаса біткен таулар, дөңестер, белдер бар.

Шығыстан бастап Алтай⁸², Тарбағатай⁸³ сілемдері, Алатаулар⁸⁴ — Жетісуды айналып, арасын үзбей тізбектеліп отырады. Семей, Қарқаралы округтеріне аңтарылған еңкеудегі таулар Алтай жүйесінің шашыраған бұтағы.

Сол Алтайдан басталған Семей, Қарқаралыны басқан белдер батыс жақтағы Мұғаджарға шейін созылады.

Бұл белді Сарыарқа белі дейміз.

Сарыарқа барлық Қазақстандағы суларды екі бетке бөледі. Бір сулар терістікке, екінші сулар түстікке ағады.

Қазақстан түстігінде Алатауға барып жалғасатын Қаратау деген үлкен тау бар⁸⁵. Бұл орта Азия шегінде.

Сұраулар:

Аудандарында қандай таулар бар? Олардан қандай өзендер шығады?

Сусыз тіршілік жоқ. Қазақстанның түстік жағындағы, Түркістандағы диқандардың ең үлкен керегі су. Бір жылдың төрт бөлігінің бірі судың қамында болады. Ескі арықты таза-лау, жаңадан арық қазу, су алатын кезегін аңду сол сияқты көп-көп жұмыстар бар. Әмударияның жағасындағы Қарақалпақ облысы сияқты жерлерде, су жұмысының жанағылардан басқа тағы бір ерекше бейнеті бар. Онда кейде су өте көп болып кетеді. Сондайда егінді судың селінен сақтау керек.

Әйтпесе су бар астықты шайып кетуі мүмкін.

Селден егінді қорғау үшін, диқандар қарабура салады. Бұның ұзындығы 100 километрдей, биіктігі 1, 1,5 метрдей болады.

Бұндай үлкен қарабура салу, оны жыл сайын бүтіндеп отыру — Қарақалпақ облысының халқына ауыр бейнет, мол шығын болып түсіп отырады.

Су Орта Азияның бар жерінде де аз. Барлық жерде де су тапшылығы бар.

Бірақ бәрінен де суға тапшы жер Түрікменстан. Түрікменнің диқандарында Әмудариядан су алу қиын.

Бұл дарияның суы саяз, оның үстіне арнасы тез өзгеріп, әр жылда әр саламен ағады. Үйткені жағасынан ағызатын құмы көп. Сол құмы жол бойында іркіліп, тау болып үйіліп қалып, судың бетін бұрып жібереді.

Оның үстіне жағасы жар болады. Өзеннің суын далаға жаю үшін суды төменнен көтеріп, биікке шығарып алу керек.

Суды көтеру үшін жағаға шығыр орнатып, сол шығырды атпен айналдырады. Кейде түйе, өгізбен де айналдырады. Бұл жұмыс малға өте ауыр тиеді. Мал жоқ жерде диқанның өзі айналдыратыны да бар.

Бірақ бейнеті зор болса да шығырдың суы аз⁸⁶ болады. Сондықтан диқандар суды ширетпен алады. Ширеттің қашан келетінін әрбір диқан ертеден біледі. Және өзіне тиген суды бір тамшысына шейін босқа жібермей, жақсылап пайдалану керек.

Шығырмен суарғанда бір гектар жерді суаруға жұмсайтын еңбек, жәй арықтан суаратын еңбектен төрт есе қиын болады.

Құм. Қазақстан мен Орта Азияның көп жері құм. Ең белгілі құмдар: Қаракұм⁸⁷, Қызылқұм⁸⁸. Қаракұм деген атты адамға жау құм дегеннен қойған болса керек. Қаракұм Әмудария суынан басталып Көпеттау биіктеріне шейін созылады. Құмды шөлде қырда кездесетін жасыл шөп те, гүлдер де жоқ.

Онда жалғыз ғана сұп-сұр ұсақ құм бар. Бұл тегіс болып жатпайды. Кейде құмнан құралған көп төбешіктер болады.

Бұларды бархан дейді. Ондай таудың бәрі де желдің салдарынан жасалған болады. Жел шөлдің үстінен соққанда құмды аспанға көтереді. Сондай жел ұшырған құмдар өте қауіпті болады. Кейде сондай құмдар егіндікті, бақшаларды, қыстақтар мен ескі қалаларды да басып қалады. Жақын жерде шойын жол болса, оның жолдарын да басып қалуға болады.

Бұндай залалдан жолды қорғау үшін жолдың екі жағына қамыстан ықтырма жасап қойған жерлер де бар. Бұдан басқа, жолдың екі жағына, сол құмда өсуге шыдайтын өсімдіктерді егіп, сонымен құмның ауа көшуін тоқтататын шаралар да жасалады.

Құмның өсімдігі. Құмда өсетін өсімдіктердің ең көрнектісі сексеуіл. Құм сексеуілдің ата қонысы. Қалың құмдардың ішінде көбейіп тоғай болып өскен сексеуілдер де кездеседі.

Сексеуіл тоғайын — өлі тоғай деседі. Үйткені бұнда жапырақ жоқ. Жасыл жіңішке бұтақтары ғана бар. Сыртқы түрі жалаңаш, бұтақталған ағаш сияқты болады.

Және сексеуіл тоғайында ешбір сыбдыр, ешбір дыбыс та естілмейді. Бұның ішінде бір аз ғана құстар мен аз ғана жануарлардан басқа ешкім болмайды. Жануардан да жалғыз сарышұнақ тышқан ғана кездеседі. Сексеуіл тоғайы өлген табиғат, жансыз мола сияқты көрінеді. Сексеуіл қисық-қисық болып бұралып өседі.

Ең биік ағашы 3—6 метрдей болады. Сексеуіл биіктемей, жайылып өседі. Бұл ағаштың екі тұқымы бар. Бірі қара сексеуіл. Ол аласа болады. Өзі ашыға жақын жерде өседі. Екіншісі ақ сексеуіл. Онысы биігірек болады. Ұсақ құмда өседі.

Сексеуіл ағашы 40—60 жыл жасайды, әр жылда бірнеше қабат жасайды. Бұрын жұрт әр қабатын әрбір жылда жасайтын шығар деп түсінуші еді. Ол қате болып шықты.

Сексеуіл тамыры жуан болады да, жердің астына тереңдеп кіреді. Тамыры ағаштың бойынан жуанырақ болады.

Сексеуілді “шөлдің патшасы” деп атайды. Себебі бұдан үлкен ағашы жоқ.

Сексеуіл ағашының қажеттігі зор. Орта Азияның ең жақсы отыны — сол сексеуіл.

Көшпелі елдер құрғақ сексеуілден жақсы көмір де өртеп алады. Қара сексеуілдің жас бұтақтарынан сақар да істейді.

Сексеуілдің күлі ыдысқа арналған терілерді түзеуге де жақсы болады.

Бұлардың бәрінің үстіне сексеуіл — жел қуалайтын құмды бекітуші де болып отыр.

Кәрі сексеуіл тамырын тереңге жіберіп алған соң, құмды жел айдап кете алмайтын болады.

Қамыс. Құсайын үйіне кіре беріп:

— Бүгін түнде тағы бір сиырды жолбарыс жарып тастапты, деді.

— Бұл жолбарыс қайдан келеді? Неге біздің ауылдың жанына келіп жүр? — деп баласы Ақымет әкесінен сұрай бастады.

— Біздің ауылдың жанында Сыр ағады емес пе. Оның бойы толған қалың қамыс. Сол қамыста жолбарыс та, қабан да бар. Қамыс оларға үлкен пана. Адам ол қамыстың ішінде жүре алмайды. Қабандар оңай жүреді. Қамыстың ішінен қабанды іздесең де таба алмайсың. Қабанның көбі тобымен жүреді де, анда-санда қамыстан шығып, адамға залал келтіреді.

Жолбарыс қабанды жейді. Ол сол қабанды іздеп келеді. Бұрын жолбарыс қамыста көп болушы еді. Қабан мен жолбарыс ұдайы жауласушы еді. Жолбарыс ыңғайлы. Сондықтан ол женетін. Бірақ бұл күнде жолбарыс азайды. Қалғаны болса бірен-саран ғана, олардың да болғаны Сыр мен Әмударияның аяқ жағында болады. Бұл күнде жолбарыстан келетін залал көп емес. Олардан әлдеқайда залалды болып отырған қабан.

Кеше түнде егіндікке бір қабан түскен екен, үш рет айдап шығып едім. Сонда да болмай қайта келіп түсті.

— Жолбарыс азайды дейсің, со сияқты қабанды да азайтуға болмай ма? — деді баласы.

— Құртуға болады. Аңшылар мылтықпен атып өлтіреді. Бірақ біздің жеріміз өзгелерден алыста. Сондықтан мергендер көп келмейді. Және қабанға шығуға жалғыз аңшыға қиын. Көп кісі бірігіп шығу керек. Көп кісі болса қабанды қамап алады.

Ал жалғыз-жарым кісіден қашып, құтылып кетеді. Қамыс пана болады. Қамыстың сондай залалы да бар.

Онан соң қамыстың үлкен бір залалы тағы бар.

— Ол немене?

— Өзен жағасында қамыс өскен жер дымқыл болады. Қамыстың түбінде су жатады. Ол су ешқайда ақпайды. Бір жатқан жерінде тұрып, сасып бұзыла береді. Бетіне салынды

бітіп көгереді. Ондай судан жаман иіс шығады. Сол су жерге тарайды. Сондықтан қамыс айналасындағы топырақ дымқыл болады. Ондай жерді батпақ шалшық дейміз. Сол шалшықта маса көбейеді. Қамыс пен күріш еккен жерлерімізде маса көп болатынын байқағаның бар ма?

— Иә, тіпті көп болады. Маза бермейді.

— Міні, сол масалар адамның үлкен жауы. Көбінесе сол маса шаққаннан кейін адам безгек ауру болады. Ол ауру адамды көп қинайды. Біздің ауылдардағы аурудың көбі безгек.

— Масадан кісі қалай ауырады?

— Масаның денесінде көзге көрінбейтін ұсақ жәндіктер болады. Солар масаның тұмсығымен адамның қанына кіреді де, көбейіп өсе бастайды. Содан кісі бір қызып, бір тоңатын болады.

— Жаман екен ғой. Құрту керек екен масаны.

— Құрту керек. Бірақ масаны құрту үшін жаңағы қамысты батпақты құрту керек. Сол себепті қазір қамысты өртеп, орнына құм сеуіп, топырақ салып, жерді құрғатып отыр бірталай жерде.

Егер сүйтіп біздің батпақтарды құртса да жақсы болар еді. Сонда ауру да, қабан да, жолбарыс та болмас еді.

Сұраулар: Қамыстың келтіретін пайдасы бар ма? Зиянынан басқа қандай пайда келтіреді?

ҚАЗАҚСТАН БАЙЛЫҒЫ

Қазақстанда халық шаруасы. Қазақстанның жалпы шаруасында бірінші орын алатын — мал шаруасы. Себебі, Қазақстан жерінің көпшілігі мал шаруасына ғана қолайлы.

Бұнда мал шаруасын кәсіп қылатын ел, Қазақстанның байырғы елі — қазақ елі. Бірақ бақташылық ата кәсібі болғанмен, қазақ әлі күнге малды білім жолымен асырамайды. Көшпелі аудандардың бәрі де малды құр жерге жайып, тебінмен асырайды. Қысқа қор жимайды. Жиюға да болмайды. Үйткені, бұл аудандарда пішендік тапшы.

Сондықтан, қыс қатты болғанда қазақ малы көп жұтайды.

Осындай жұттар жиі болып тұрады. Соңғы 1921 жылғы жұтта барлық Қазақстан малының тең жартысы қырылып қалды.

Бұдан соңғы ауыл шаруасындағы негізгі түр — егін, мал шаруашылығы. Бұндай түрлі шаруашылыққа айналған жерлерде егін кәсібі басымдау, мал шаруасы егінге еріп отырады.

Қазақстанның терістік-батыс аудандарында егілетін егін: бидай, сұлы, арпа, қара бидай, тары. Жетісу мен Сырдария аудандарында — суарма бидай мен шөл бидайы. Бұлардан кейін тары, жоңышқа, арпа, сұлы, мақта тағы басқалар. Қарақалпақ облысында мақта, бидай, күріш, жүгері, жоңышқа егіледі. Бұлардың бәрі де суарып егіледі.

Қазақстанда өнерлі кәсіп те бар. Бұның ішінде ілгергі орынды алатын үлгірту кәсібі. Тері, былғары, сабын, мақта, май заводтары бар. Бірақ олар әзірге малдан шығатын өлі бұйымдарды тегіс үлгіртетін күйге жеткен жоқ. Бұл сияқты ұсақ өндірістен басқа Қазақстанда жалпы одақтық маңызы бар үлкен кәсіп дүкендері де бар. Ондайлардың ретіне қосылатындар: Жемнің мұнай кәсібі. Риддер кені. Риддерде қалайы, қорғасын, күміс, алтын, жез қазылады⁸⁹.

Қарсақпайда мыс, жез қазылып шығарылады⁹⁰. Спасск⁹¹, Екібастұзда⁹² тас көмір шығарылады.

Қазақстанда тұз кені де мол. Тұз төбе⁹³ мұнда 100 миллиард пұт шамасындай болады.

Қазақстанның жаратылыс күштері. Бізде халық шаруасының барлық жоспары жаратылыс күшін пайдалану негізіне құрылған. Жаратылыс күші жағынан Қазақстанды үшке бөлуге болады:

1. Қызулық күші. 2. Ақ көмір. 3. Мұнай кені.

Қызулық күші бар жерлер: Ертістің сол қабағынан Қарағандыға шейін. Бұл — батыс жағы. Терістігінде Екібастұзға жетеді. Түстікте — Спасск заводы, Успен кені⁹⁴, Кеңтөбе⁹⁵ сияқты жерлер.

Бұл аудандарда тас көмір қоры өте көп. Көмірдің көп шығатын жері — Қарағанды. Бұдан бес миллиард тонна көмір шығуға тиіс. Қарағанды көмірінің жалпы одақтық маңызы зор.

Екібастұздан Успен кеніне шейін, одан түстікке таман, Балқашқа шейін жайылған ауданда тас көмірден басқа жез, күміс, қорғасын болуы Қарағанды көмірінің маңызын тіпті арттырып жібереді. Бұдан соңғы тас көмір кенінің үлкені — Екібастұз.

Қазақстандағы екінші байлық — ақ көмір. Бұның мол жері — Алтай мен түстік Қазақстан. Шаруашылыққа пайдалануға келетін су күші 2 миллион 400 мың аттың күшіндей бар. Алтайдағы Үбі⁹⁶, Бұқтарма⁹⁷ өзендері, түстік Қазақстандағы Шу⁹⁸, Шыршық⁹⁹ өзендерінің ғана су күшін алсақ та 270 мың аттың күшіндей болады. Тентек¹⁰⁰, Лепсі¹⁰¹ өзендері бұл есепке кірмеген. Мұнда бірінші орын алатын Алтай ауданы. Риддер осының алабына кіреді.

Ақ көмірдің екінші ауданы Іле өзені¹⁰².

Іле өзенінің жылдық тасқынын алсақ, дөңгелек есептегенде секундына 505 текше метр су болады екен. Жетісудың барлық суларының 43 процентіне жетеді. Бұл өзеннің қазірдегі бір маңызы — өзенде пароход жүретін болды. Пароход Іленің жоғарғы бойында жүреді. Қытай шегіне, одан ары Құлжа қаласына қатынасатын болады.

Үшінші байлық — мұнай. Бірақ Қазақстан мұнайы әлі түгел зерттелген жоқ.

Зерттелген жерлердің мұнай қорын күшке айналдырып есептегенде, жылына 450 мың аттың күшіндей мұнай шығаруға болады. Мұнай кені бізде Жайық суының

жағасындағы Гурьевтен басталып, Жосалыға шейін созылады¹⁰³ (бұл Ақтөбенің терістік шығыс жағында). Бірақ желісі үзіліп, әр жерде иірім-иірім болып кездеседі.

Қазақстан өсімдігі. Қазақстан жерінің өсімдігі топырақ ыңғайына қарай әр ауданда әр түрлі болып кездеседі. Қара топырақты тау аудандарында, су шаятын жерлерде өсімдік қалың. Өсімдігі кілемнің түріндей түрлі гүлді. Әр түрлі дәмді, шөбіне боз араласып шығады. Өсімдікке қолайлы аудандарда ел жиі болады.

Топырағы жақсы ауданнан түстікке қарай баса берсек ащы шөп молая береді. Бүйірқұм, баялыш, қара соран, қызыл соран сияқты өсімдіктер көбейеді¹⁰⁴. Шөбі сирек, бойы тым аласа, пішен қылып жинауға өнімсіз болады.

Қазақстанда шөпсіз татыр, тақырлар да тіпті көп. Сондай ауданның бірі — аты шулы Бетпақ дала. Бетпақтан батысқа қарай басқа құмдар бірінен-бірі жалғаса береді. Аяғы Бөкейдің құмдарынан шығады. Жаздыгүні құмда тіршілік мүмкін емес. Құмда мал қыстыгүні ғана тіршілік ете алады.

Қазақстан жерінде ормандар да бар. Бұнда күргелі орман, жапырақты орман да бар.

Күргелі орман — терістік Қазақстанда, Жайсаң, Өскемен, Көкшетау аудандарында¹⁰⁵. Онан соң Алатауда, тағы басқа кейбір аудандарда болады. Жапырақты ағаштар терістіктегі өзендердің алаптарында көп болады.

Қазақстанның шөл сахараларында сексеуіл өседі. Түстік жағында жеміс ағаштарын өсіру кәсібі мол.

Сұраулар:

Жерлеріңнің топырағы қандай? Қандай өсімдік көп кездеседі?

Тас көмір. Тас көмір қалай пайда болған. Баяғы еткен замандарда біздің жерімізді қалың шың тоғай басқан еді. Ол кезде қазіргі уақытқа қарағанда күн анағұрлым жылы еді. Жаңбыр көп жауып тұрушы еді, су мол болушы еді. Ана жерде, мына жерде шалшық су болушы еді.

Сондықтан ол кезде осы күнгі емен, қарағай, қайың сықылды ағаштар болмай, камыс, жөке текті ағаштар өте көп, қалың өсетін болған.

Ол кездегі өсімдіктер тез өсіп, тез жығылушы еді. Жығылғанда маңайындағы шалшық суларға жығылушы еді.

Осындай жығылған ағаштарды артынан құм, топырақ басып, оның үстіне тағы басқа ағаштар құлап, судың асты қабат-қабат өлі ағаш болып қалып отырған.

Мұнан кейін талай-талай заман өткен. Су астындағы не жердің терен қабаттарындағы ағаштар ұзаққа дейін шірімеген. Олар бара-бара көмірленіп, қатайып, бірнеше замандардан кейін кәдімгі өзіміз білетін қап-қара тас көмірге айналған.

Мұнай. Мұнай деген — қоңыр түсті қою жер майы. Мұнай от тисе жанады. Қызулы болады. Бір килограмм мұнай екі килограмм тас көмірдің жылылығын береді. Сондықтан ең жақсы отын. Әсіресе ол теңіз пароходтары үшін қолайлы отын. Себебі кең дарияларды жүзіп өту үшін, оларға көп отын керек. Көп отынға көп орын керек. Мұнай аз орын алады, отынның орнына жүреді. Мұнай жалғыз отын емес, басқа керекке де жаратылады. Айырым заводтарда одан керосин, бензин, вазелин сияқты заттар тартылады. Мұнайдан машина майлайтын май, түрлі бояу, жұпар да жасалады. Кеңес Одағында мұнайдың ең мол кені — Баку қаласының қасы¹⁰⁶.

Қазақстанда мұнай Жем өзенінің бойында. Ауданы 70 мың шаршы шақырым.

1915 жылғы бұдан 16 жарым миллион пұт мұнай шығарылған еді. 1925—26 жылы 17 миллион пұт мұнай алынды.

Қарсақпай ауданы. Аудан шаруасының келешегі маңызды. Үйткені ауданның ішінде мыс, қорғасын, күміс, темір, көмір кендері аса мол. Бұлардың ең күрделісі — мыс кендері. Мыс кендерінің аудандағы ең күшті жері — Жезқазған заводы.

Жезқазған — жалғыз Қазақстан емес, барлық Одақтағы мыс кендерінің күрделісінің бірі¹⁰⁷. Жезқазған кені ерте замандағы теңізге тұнған қалың құм тастарға жер астынан көтерілген ыстық мысты бұлардың кірігуінен жасалған кен.

Жезқазған кенінің жеке өзінің ауданы 100 шаршы шақырымдай. Бұлардың қазірге шейін бұрғымен зерттелген бөлімі 90 ғана десятина. Кен шығарылатын штрех, шахталарының ауданы 9 десятинадан аспайды. Осы 90 десятина жердегі бар кеннің мөлшері — 86 метр тереңдіктен жоғарғы

жақтарын алғанда, айқын шамасы 1 миллион 700 мың пұт таза мыс беру керек.

Болжау шамасы 42 миллион пұт.

Қарсақпай ауданында мыс жалғыз Жезқазғанда емес, басқа жерлерде де көп. Қысқасы, Қарсақпай ауданы енді біраз жылдарда кен балқыту, завод кәсібін орнату жақтарынан қарағанда Қазақстанда бірінші орында тұруы даусыз.

Сұраулар:

Сендер тұрған жердің маңында кен заводтары бар ма?

Онда бардыңдар ма? Барсаңдар, көргендеріңді әңгіме қылып айтыңдар.

Түркістан — Сібір бойындағы аудандардың кен байлығы. Жақын арада Түркістан¹⁰⁸ Сібір¹⁰⁹ жолы бойындағы аудандардың кен байлығын зерттеу жұмысы туралы баяндама тыңдалды. Бұл баяндама бойынша пайдалы кен жолдың терістік жағында көп көрінеді. Екібас сияқты бұрын ашылған кәсіпорындары да жолға жақын. 1928 жылы жер кенін зерттеуші Русаков Балқаш көлінің терістік жағасынан мыс кенін тапқан¹¹⁰. Оның есебінше басқасын былай қойғанда, тек Қоңырат деген жердің өзінде 25 миллион тонна мыс кені бар көрінеді.

Мұнан жылына 31 мың тонна таза мыс шығарып тұруға болады. Жолға тартымды басқа аудандарда көмір, қорғасын сияқты кендер де аз емес. Жол салынып, Балқаш көліне су жолы ашылғаннан кейін бұл кендер пайдаға асырыла бастамақ. Және Балқаштың балығы да керекке дұрыстап жаратылатын болады. Кен зерттейтін комитетке, жақын арада темір жолға жуық кендерді, оның ішінде Балқаштың терістік жағындағы аудан, Алматы, Қапал¹¹¹, Аягөз аудандарындағы кендерді толық зерттеу тапсырылды. Әсіресе жолға жақын Тарбағатай, Іле, Ысық¹¹² аудандарындағы тас көмір кенін зерттеуге айрықша көңіл бөлінбекші.

(Газеттен.)

Риддер кені. Патша үкіметі Риддер кенін өзі пайдаға асыра алмай, 1912 жылы ағылшын байларына жалға берген. Ағылшын байлары сол жылдан бастап ескі шахталар-

ды тазартқан. Бұрғы салып, жер астындағы кенді зерттеген.

1914 жылы 36 метр тереңдікте есепсіз көп кен байлығы бар екенін білген. Бірақ 1917 жылы Октябрь төңкерісі болып, ағылшын байлары еліне қашып кетті. Риддер кені содан бері мемлекеттің мүлкі деп жарияланды.

Риддер кені Кеңес қолына өткен мезгілде азамат соғысы болып жатыр еді. Сондықтан кезінде оның ісі жақсы реттеле алмай, 1921 жылы ғана қайтадан қолға алынды. Бірақ алғашқы кірісу 1921 жылдан басталса да, Риддер кәсібін шынымен жөндеу жұмысы 1925 жылда ғана ретке қойыла бастады. Сонымен алғашқы жылдар шахталар жөндетіліп, кен қазу жұмысына 1926 жылдың аяқ кезінде кірісілді.

Риддер кенінен шығатын заттар: жез, қалайы, қорғасын, күміс, алтын сияқтылар. Сол кендер 1927 жылы дұрыстап шығарыла басталды. 1927 жылы октябрге дейін шығарылған кен тасы — 1 миллион 225 мың пұт, айына 100 мың пұттан келеді. Содан бері, кен тасын шығару жыл сайын, ай сайын артып келеді. Келесі 1928 жылдың октябріне дейін, айына 205 мың пұт кен шығарылған.

Риддер Қазақстандағы зор өндіріс ауданының бірі болып келеді. Бұнда жұмысшы көп. Жылдан-жылға жұмысшы қаласы үлкейіп, соның ішінде істейтін қазақ жұмысшыларының да саны артып келеді. Бұл жұмысшылар үшін неше алуан мектептер ашылған, саяси сауатсыздықты жоятын клубтар, саяси тәрбие орындары да көп.

Алматы тауындағы тоғайлар. Орта Азияда тоғайдың көп жері — Ферғана¹¹³. Бұның тауларынан соң тоғайы қалың болатын таулар Жетісуда. Ағашы таудың бетінде өседі. Алатаудың көп жерлерін қалың дүм тоғайлар басқан. Бұл тоғайлардың ішінде ағаштың әлденеше атасы бар. Бірақ Іле Алатауының тоғайларында ең көп кездесетін ағаш — қарағай мен алма ағашы¹¹⁴.

Қазақстанның астанасы Алматы деп аталғанда — сол жердің алма ағаштары тоғай болып, жиі өскендіктен аталған. Жазғытұрым алма ағашы гүлдегенде алыстан қарасаң — ағаштардың бойларына ақшыл-қызыл кілем жабылғандай болып көрінеді.

Алма ағашы гүлдегенде айналаның барлығына жәйлі, жақсы иіс тарайды.

Алма ағашынан басқа Жетісуда — Алатау беттерінде қарағай көп өседі.

Бұл ағашты үй салу үшін пайдаланады. Бірақ бұрын шойын жол жоқ болғандықтан алысқа алып шығып сата алмаушы еді. Атпен тасуға ауыр, өнімсіз жұмыс болады.

Бұрын Жетісудан өзге жерлерге апарып сатылатын нәрсе алма болатын. Бірақ шойын жол жоқтықтан оны да тым алысқа апара алмайтын еді. Енді Алматының алмасы Одақтың бар жеріне де баратын болады. Үйткені Алматы алмасы — дәміне қарағанда ең жақсы алманың бірі. Жетісудың тауларында өсетін тоғайлардың барлық ауданы 300 000 гектар шамасында.

Ш б ө л і м

Қазақстанда ауыл шаруасы. Жол қатынастары

Мал тұқымын асылдандыру. Малды асылдандыруға екі түрлі жол бар. Бірі — қазақ малының өз тұқымын сұрыптап асылдандыру. Екіншісі — басқа жердің асыл малының тұқымынан қошқар, бұқа, айғыр салып асылдандыру.

Көшпелі қазақ елінде жылы, жақсы қора, малға беретін жем кем. Қазақ шөпті аз үйеді. Малға беретін өсімдіктерді екпейді.

Басқа жердің асыл малының тұқымы нәзік келеді. Ыстық-суыққа көнбіс болмайды. Жылы қорасыз, жемсіз күн көре алмайды.

Қазақ малы, қазақ жерінің ауа райына, жалпы жағдайына үйренген. Қысы, жазы жайылумен жүреді. Суыққа шыдамды, көнбіс болады. Шөпті аз үйетін, көшпелі қыр елдерінің малы, қар қалың түсіп, мұз болмаса, жайылумен жүріп қыстан шығады.

Тәжірибеге қарағанда басқа тұқым араластырмай-ақ, қазақ малының өз тұқымынан да асыл мал шығаруға болады.

Әдемі, жүрісті, жақсы биелерді сұрыптап, мініске берік, күшті, зор, сүйегі сұлу айғыр салу керек. Сиырдың да сүттісін, құнарлысын алып жақсы бұқаға қашыртса, оның да тұқымы бара-бара іріленіп, сүтті болып асылдануға болады.

Қысқа азық жия алмайтын көшпелі ауданда мал тұқымын асылдандыру осылайша жүруге болады.

Ал енді жақсы қорасы бар, жем тауып бере алатын шаруалар басқа жердің айғырын салып та асылдандыруға болады.

Осы күнде ел арасында агрономдық орындары бар. Олардың қолында жақсы айғырлар, бұқалар, қошқарлар бар.

Малын асылдандырамын деген шаруалар соларды пайдалануы керек.

Бірлескен шаруа (колхоз). Бірлескен шаруа жоқшылықтан құтылудың ең жақсы шарасы екенін қара шаруалар күннен-күнге түсініп келеді.

Кедей мен орта шаруалардың бас қосып, шаруаларын біріктіріп ұйымдасуына кеңес үкіметі мен партия қолынан келгенін аяп отырған жоқ.

Бірлесу диқандар мен мал бағушыларға ірі шаруа құруға жол ашып отыр.

Ірі шаруаның бытыраған ұсақ шаруадан жақсы болатыны анық. “Көп түкірсе көл болады” деп қазақ бекерге айтпайды.

Ірі шаруада машина қолдануға болады. Бірқатар машиналарды ірі шаруа болмаса, ұсақ шаруада қолдану мүмкін емес.

Ірі шаруаларда жер жырту, тыңайту, жермен пайдалану жұмыстарын жақсы тәртіпке қоюға болады.

Осы күнгі бірқатар ірі шаруалар егіндерінің өнімін көңілдегідей арттыра алып отыр. Бір гектар жерден 3-4 тоннаға дейін астық алып отырған ірі шаруалар бар. Мұндай өнімді ұсақ шаруалар жалғанда ала алмайды. Бірлескен ірі шаруа арқылы байлар езгісінен құтылуға болады. Байлар мен құлақтар кедей мен орташаларды басы қосылмағандығымен, шашырандылығымен пайдаланып езеді. Өзіне бағындырады.

Бұған қарсы тұру үшін қара шаруалардың бірлесуі керек.

Бірлескен кедей мен орташаны жау ала алмайды.

Күш — бірлікте.

Сұраулар: бірлескен шаруаның жеке шаруадан несі артық?

Ірі шаруаның ұсақ шаруадан несі артық? Байлардың езгісінен құтылу үшін қара шаруаларға не істеу керек?

Кооператив. Біздің мемлекетімізде социализмнің негізгі жолы — мемлекет өндірісі мен ауыл шаруасының арасынық байланыстыруда. Ол байланыс кооператив арқылы ғана орындалады.

Капитал заманында кооперативтің өсуі сол капитал жолымен жүреді. Еңбекшілдер қожалығының заманында кооператив социализмге апаратын “даңғыл жол” болмақшы.

Кооператив жұмысы ауыл шаруа заттарын өндіріске өткізіп, ауылға керек заттарды ауылға өткізіп тұруға арналады. Ауылға машиналарды қарызға алып беріп, сонымен ауыл шаруасының өндірісін күшейтуге әрекет етеді.

Кооперативтің күшімен ғана орташа мен кедейлер бірігіп, ел ішіндегі байлар, саудагерлермен алысуға жарайтын болады. Сонда ғана шаруасын күшейтеді.

Ауыл мен қаланың арасындағы байланыс. Ауыл мен қыстақ қалаға өзінің ауыл шаруасының заттарын береді. Бұл заттары: астық, жүн, тері-терсек, мақта сияқтылар. Осылардың орайына қала, ауыл, қыстаққа фабрика-заводтың істеп шығарған заттарын береді. Ол заттар: бұл, машина сияқтылар.

Қала ауылға бетін бұру керек. Онда не істейді?

Істейтіні: ауылда кеңес құрылысын жасауға көмек етеді, ауылға кітап, газет жіберу керек. Және ауылға агроном, мұғалім, дәрігер жіберу керек.

Осылайша болып, қала мен ауыл бір-біріне шаруашылық жәрдемін берісіп тұрған уақытта ғана бірлік мықты болады. Сол уақытта ғана жұмысшы мен диканның саяси бірлігі берік болады.

Қаракөл қойы. Қазақстандағы қойдың көбі — құйрықты қазақ қойы. Бұның еті, майы мол. Өзі қазақ жеріне үйренген. Қысқа шыдамды. Қатты қыс болмаса, қобінесе алты ай қысты далада, тауда жайылыспен өткізеді. Қазақ қойының қасиеті осы.

Бірақ бұл қойдың жүні биязы, жақсы емес. Сондықтан қазақ қойы қымбат бағалы емес. Жер үстінде қой тұқымы көп. Солардың бәрінің бағасын жүніне қарап белгілейді. Не болмаса қозысының елтірісімен бағалайды.

Қазақ қойының қозысының елтірісі де онша жақсы емес. Жақсы жүнді қойлар фабрика үшін керек. Бұл тоқитын фабрикаларда қымбат бағалы мәуітілер сол асыл қойлардың жүнінен істеліп шығады.

Қазақстанда сол қымбат бағалы қойдың ең көбі — қаракөл қойы.

Қаракөл қойы — Қазақстан ішінде Қызылқұм қазақтарында. Онан соң Қарақалпақ облысында көп. Қаракөл қойы тұқым алуға, басқа тұқымы жақсы қойлармен араластыруға ең жақсы қой деп саналады. Ілім-тәжірибе жолымен айырғанда, ең пайдалы қой осы қаракөл қойы деп танылған.

Тұқымы жақсы қаракөл қойларының бағасы да қымбат. Соғыстан бұрын қаракөл қойының жақсысы 200 сомға жететін. Жақсы елтірісі 500 сомдарға шейін бағаланады. Бұларды біздің мемлекет шет елдерге шығарып сатады.

Қарақалпақ облысындағы қаракөл қойларын агрономдар тексеріп, түрлі қой тұқымдарын асылдандыруға жарайды деп отыр.

Жоңышқа қандай пайда келтіреді*. Алғашқы органда жоңышқаның бір гектар жерінен 3600—4300-дей килограмм пішен түседі: бұл қормен екі үлкен сиырды жыл бойына асырап шығуға болады.

Жоңышқа ащысы көп арам шөпті құртады.

Арам шөптің жерден алатын нәрін жоңышқа тартып алады.

Сонымен жоңышқа жерді тыңайтып, диқанның, жер тыңайтуға жұмсайтын боқтығын басқа керекке жараттырады.

Жоңышқа жердің нәрін арттырады. Топырақты майдалап, жұмсартып жібереді. Топырақ жұмсақ, майда болса оған су да, ауа да жақсы сіңетін болады.

Жоңышқа диқанды жаңа үлгімен іс істеуге үйретеді. Ол диқан шаруасынан ескі соқаны, ескі маланы айдап шығады.

Олардың орнына “сакка” сияқты плугты, “зиг-заг” сияқты маланы кіргізді. Бұлар болмаса, жоңышқаның тамыры жайылған жерді жырту қиын болады.

Күріш. Күрішті бәріміз де білеміз. Бұдан істеген тамақ пайдалы, тоқ, дәмді болады. Кейбір бидайы аз жерлерде күріш нан орнына да жүреді. Мысалы, Қытайда бидайды аз егеді. Оның орнына егетіні, ішетін-жейтіні күріш болады. Үндіні алсақ, ол да солай. Үнді халқының ең үлкен асы — күріш.

Күріш жылы жерде, суы көп жерде өседі. Орта Азияның ауа райы күріш егуге жәйлі. Бірақ бұнда су аз. Сондықтан бұнда, су көп жиылатын аласа, ойпаң жерлер болмаса, өзге барлық жерге еге беруге болмайды.

* Түркістан қазағы жоңышқаның бір атасы бедені көп егеді. Бұны орысша: “люцерни” дейді. Бұның да пайдасы жоңышқадай.

Орта Азияның суға бай жері — Ферғана. Сондықтан күріштің көбі Ферғана округінің түстік жағында көп егіледі: одан кейін Самарқан¹¹⁵ округінде, Ташкен¹¹⁶ округінде — Шыршық суының аяқ жағында көп егіледі. Бұлардан басқа Хиуа¹¹⁷, Бұхарада егіледі. Бұл саналған жерлер Өзбекстан жерінде. Түрікменстанда су аз, сондықтан онда тіпті аз егіледі. Онда күріш еге бастаса, мақтаға су аз болып қалуға болады.

Өзбекстаннан басқа күріш егілетін жерлер: Қазақстан мен Қырғызстан. Қазақстанда бұрын күріш көп егілмеуші еді. Енді, осы соңғы жылдарда, Жетісуда күріш егу жұмысы күшейтіліп келеді. Жақын заманда Жетісуда бірнеше жерде күріш егетін совхоздар жасалмақшы. Ол совхоздардың егетіні жалғыз күріш болады.

Күріш пісу үшін 3,5—4 ай керек.

Күрішке су көп керек дедік. Бұған, бидайға кететін судан 20 есе артық су керек. Мақтаға кететін судан 7—9 есе артық су керек.

Осы себепті бұрын хандар заманында күріш егуші — жері, суы көп, байлар ғана болған. Не болмаса су бөлетін мұраптарға жақындығы бар кісілер ғана егетін болған. Олар таныстық арқылы суды өзгеден көп алатын.

1926 жылда барлық Орта Азияда 200 000 гектар жерге күріш егілді. Бұның көпшілігі Өзбекстанда егілген.

Мақта егу. Қыс өтіп, апрель айы жетті. Күн жылынып, жер құрғады. Осы кезде диқандар мақта еге бастайды. Оспан қапшыққа мақтаның дәнін салып алып, егін басына келді. Дәннің жартысын Оспан бұрынғы аталарынша екпекші болды. Соларша дәнді уыстап алып, түрегеп жүріп шаша салды. Қалған жартысын Оспан жаңа үлгімен шашуға кірісті. Бұлайша егудің жұмысы көп еді.

Әуелі егіндіктің топырағын жал-жал қылып үйіп, тегістеу керек. Сонан соң әрбір жал-жалдың үстінде шұңқырлар ою керек. Соның ішіне ұрықты бос тастай салмайды. Бір шұңқырдың ішіне бірнеше ұрықты қолмен көму керек.

Бірнеше ұрық қатар өсе бастағанда топырақ бетіндегі қатты қабыршақты тез жарып шығады. Түркістанның сар топырағы су тисе сазға айналып, қабыршақтанып қалады,

оны жарып шығу жас өсімдікке қиын тиеді. Сондықтан екі-үш ұрықты бірге көму қажет. Оспан ұрықтарының жартысын осы айтқандай қылып екті. Алғашқы еккен ұрықтары мен соңғы еккендерінің қайсысы жақсы шығатынын байқамақшы болды. Ұрықтардың үстіндегі топырақ қабыршақтанып қалмасын деп, Оспан егіндіктің үстіне ұсақталған боктықты сеуіп тастады.

Күздігүні мақта жинағанда бос шашып тастаған мақта нашар шығып, жолдап еккен мақта өте жақсы шықты.

Алатау бауырында бірінші қоңырау Түрксібтің басталған жерінде. Атақты Еділ суының басы: адам аттап өтетін кішкене бұлақ екен.

Түрксібтің басталатын жері — Луговой станциясы¹¹⁸. Осыдан шетке бұрылып бара жатқан қос рельстен аттап өткенде жаңағы Еділ есіңе түседі.

Бірақ жәй ғана қос рельс боп жатса да, Түркістан — Сібір жолының басы осы жер. Луговой екеу. Екеуінің арасы бір километр жер.

Бірінші Луговой екіншіден бұрын салынған. Кіші Луговойдан бұл бес жас үлкен. Бірінші Луговойда шу, дырду жоқ. Оның жанынан Фрунзеге, Ташкенге баратын поездар ғана өтеді¹¹⁹.

Екінші Луговой бұндай емес, шуы мол, жанды, қызулы. Оның жәйінен сөйлегенде “станцияға барындар” демейді: “өндіріске барындар” дейді.

Ол қазық шынында өндіріс дүкені сияқты.

Біз Луговой — Алматы жолының бірінші пассажиры едік. Сондықтан станция қайда, станция бастығының бөлмесі қайда, телеграф, тағы-тағы сондайлар қайда деп іздестік.

Қазірде бұның бәрі бір-ақ барактың ішінде. Барактың бір бұрышына III кластың залы деп ат қойыпты. Сол жерде Алматыға баратын пассажирлер.

Біз бірінші пассажир поезымен Алматыға тартпақшымыз.

Станцияның есігінде: “Алматыға баратын пассажир поезы 18 июльде таңертеңгі сағат бесте жүреді” деген жарнама маңайдағы кенес жұртшылығын ертеден қуантулы болатын.

Бұл хабар газет оқымайтын, алыста жатқан қазақ ауылдарына да түгел жеткен. Жұрт тегіс асығулы.

Бұл поезға сыймай қалған адамдар ең болмаса әсемденген паровоз, вагондарға жақсылап қарап қалмақ.

Жолда біздің пассажир поезымыздың өтуін тосып, бөгеліп тұрған талай-талай жүк поездары да бар.

Біз жүрдік. Жол ашылды. Пассажир поездарының ұдайы қатынасы 1 августан басталмақ. Қатынас басталудан бұрын жолды “зерттеп” шығу керек.

Сол зерттеу біткен соң екі Луговойда кәдімгі шойын жол станциясы болады.

Түбінде екі Луговой болмайды. Екеуі қосылады.

Қазіргі екі станцияның ортасынан бір үлкен кіндік станция салынып, бір поезды Ташкенге, біреуін Сібірге жіберіп тұратын болады.

Шоқпардан асқанда. Егер Луговой станциясы дегеніміз жалғыз барактар болса, бұл жаңа жолдың өзге станциялары туралы не айтуға болады.

Бұлардың бәрі де жаңа көшіп келген ауылдай. Нәрселері әр жерде үюлі, әр жерге шашылған. Кісі орнығып отыратын жер де жоқ.

Бізге қысылғандай, қуанғандай болып:

— Ештеңе емес, бір жұмадан соң келіндер, бар нәрсеміз реттеледі, — деседі.

— Ауыл орнығу үшін бір жұма жеткілікті уақыт. Бірақ жол орнығу үшін бұл мезгіл аз болмас па?

Бірақ Түркістің салынысы соншалық жылдам. Сондықтан менің қасымдағы шойын жолшылар: үш күн ішінде танымастық болып өзгерген станциялардың барлығын айтысады.

Шу станциясы — қазірде бірнеше “отырықшы” вагоннан ғана жасалған. Станция үйлерінің қызметін сол вагондар атқарып тұр.

Бірақ киіз үй, шатырлармен қатар, станцияның болашақ үлкен үйі де салынып жатыр. Болашақ клуб та іргесін көтерген.

Тұтынушылар серіктігінің үйі де ақ қабырғасын шаңқитып тұр.

Барлық жерде де осындай. Шойын жолдың өзін салу жұмысынан үй салу жұмысы арттарак қалады. Үй мен қала салу — күнінде 4 километр жол салатын жолшылар жұмысымен жарыса алмайтыны анық. Бірақ сол үйлердің, қалалардың салынуы да ескі шойын жолшыларды таң қалдыратындай тездікпен салынады. Шынымен-ақ американың шапшаңдығы орнаған сияқты.

Далақайнарға 22 километр қалғанда паровоздың бір тетігі бүлініп¹²⁰, амалсыз бөгеліп қалдық. Алдағы бекетке бір салт аттыны жіберіп, басқа паровоз алдыратын болдық.

Бұл бөгеуіл бәрімізге де оңай болмады. Әсіресе, тұңғыш пассажир поезын Алматыға апарып түсіремін деп келе жатқан машинашы Зубрилинге қиын тиді. Ол әншейінде істемейтін жұмысты істеді. Паровоз қозғалып жіберіп, шуылдап, гүрсілдеп Далақайнарға қарай тартып берді. Бұл паровоз жаңа келген паровозға тіркеліп алып, атақты Шоқпардың жонына қарай көтерілуге әрекет қылды.

Орта Азияда Шоқпар деген сөзді естімеген кісі бар ма?

“Шоқпар ма, Қордай ма?” деп көп таңданып, көп таласқан¹²¹. Жолды қайсысымен асырамыз деген мәселе көп талқыланған.

Біз жеңіп шыққан Шоқпарды басып келеміз.

Таңдауда Шоқпарды алудың артық екенін тәжірибе көрсетті.

Жол Шоқпар арқылы салынғанда, шойын жол шығыны 20 миллион арзандап, жұмыс бір жыл бұрын бітетіні бұл күнде әбден айқын болды. Шоқпар Қордайдан мың метр аласа, бірақ осы Шоқпардың өзінде де поездың көтерілуі қандай қиын.

Он бір вагонды екі паровоз тартып келеді. Сонда да поездың қозғалуы тіпті жәй. Жаяу кісі озатындай.

Және көтерілетін жері биік болғандықтан поезд айналып жүреді, тік тартудан бұл жүріс оңайырақ.

Сол айналып жүрген жүрісіне қарап қазақтар:

“Бұлар ақымақ. Тура жүретін жолды иректеп қойған” деседі.

Поезд айнала береді, бірақ жәй жүрсе де ілгері басып келеді. Тік жол көзімізге көрінбегендіктен: “тік асуы қайда” дейміз.

Бұның жауабын терең ордай болып қазылған жол айтады. Барлық Шоқпар асуының бойында жол терең боп қазылған. Поезд ылғи терең ор ішімен жүреді.

Бұл жерлерде қызмет қылған, жалғыз күрек шот емес, аммонал да араласқан көрінеді. Аммонал — жерді ойрандайтын күшті дәрі. Бұл динамиттен де күшті.

Шоқпарда рельс салу үшін жартастарын опырып, құлатқан.

Кесілген, жалаңаштанған тас қабырғалар — вагон терезесінен, пышақпен кесілген жердің іші-бауыры сияқты көрінеді.

Паровоздардың тынысы кеңіп, вагондардың жүрісі шапшаңдағанына қарап, өрдің таусылғанын байқайсың.

Бұдан ары қарай, Алматыға шейін поезд ылғи еңіспен сыдыртады.

Шоқпар асуынан асып кеттік.

Алматы. Алматының алдындағы салынған станциясында алғашқы келген паровозды жұрттың қалай қарсы алғанын маған айтысып еді.

Паровоздың алдынан қазақтың қалың тобы шыққан.

Көптен күткен қонақты олар қошаметпен қарсы алған.

Паровоздың ішінде болғандарға олар “диқан сыйы” деп шекпен мен тымақ әкеп берген. Бәйге жасаған.

Және шойын жол салушылардың тобына, сый есепті қып екі батырақты әкеп қосқан. Екі батырақ Шамалған даласын тастап, шойын істеуді үйренуге кеткен¹²². Қазақ диқанының кәсібін Түркісіб солайша өзгерткен.

Түркісіб көп нәрсені өзгертіп келеді. Сонымен бірге қазақтың да тұрмысы мен салтын өзгертеді.

Осы себепті, бірінші пассажир поезы Алматыға жақындағанда, жанында диқан еркектер мен диқан әйелдер қалың топ боп бірге шауып отырды. Бәрі де қуанышты, қызыл жалаулар ұзын ағаштың басында желпініп келеді. Шойын алыптың салдырынан қысылып шапқан қазақ аты екі сағат бойына шейін талмастан, Алматының қаласына шейін бізбен қатар шауып барды.

Диқандар асығулы еді. Олар Алматының қуанышына мезгілімен жетпекші еді. Шынымен мезгілінде жетті.

Поезд бір шақырымдай жерді тіпті ақырын жүрді. Бұл жолдың бәрі иін тірескен адам екен.

Еркегі, әйелі, баласы — бәрі де түгел. Қазақ астанасы жас-кәрісіне шейін түгел келсе керек.

Шұбар таудың “урасы!” поездың сәлемдескен айғайымен таласқандай. Музыкалардың тартқан “Интернационалы” поездың ұрандарымен тілдескендей¹²³. Ұрандар: “Алматы міні, енді Сібірді әпкел” деген сияқтылар еді.

Біздің поездың келуіне Алматы станцияны салып бітіре алған жоқ еді.

Поезд үлкен семафор-мунбердің жанына тоқтады. Жақын жерде үлкен үй, маңдайында “Алматы” деген жазу бар. Алматы қаласының станциясы осылай аталмақ.

Поезд тоқтады, бірақ қалың жұрттың даурығы бірінші қоңырауды естіртпеді. Бұл қоңырау Алматы станциясының бірінші қоңырауы еді.

Митинг бітті, шешендердің қуанышты сөздері де айтылып болды. Бірақ сонда да халық тарамды.

Поезбен бірге жарысып келген аттар қазір де поездың қақ қасында тұр.

Жолдың әншейіндегі тәртібі бұған көнбесе де, бүгін сын жоқ.

Қазақтар бұнда текке асыққан жоқ. Поездың әр жерін өз қолдарымен сипап, ұстап көру керек. Жалғыз паровоз емес вагондарды да, Алматыда дауыс берген бірінші қоңырауды да ұстап көру керек.

А. Ксандр.

*“Правда Востока” газеті¹²⁴,
5 июль, 1929 жыл.*

Ірі байларды конфискелеу туралы (Үкімет жарынан). Ұлы Октябрь төңкерісінен кейін Ресей ішіндегі алпауыт байлардың жер-мүлкі алынып, қара шаруа, жұмысшы қолына көшірілді.

Біздің қазақ арасында бұл болған жоқ. Қазақ ішінде баяғы бай, сол бай. Мыңдаған, жүздеген малы бар. Ежелден билеп-

төстеп қалған, елді бір шыбықпен айдаған, ел еңбекшілерін сүліктей сорған; қазақ елін шен-шекпенге сатқан, асса бір облысқа, қалса бір дуанға жуандығымен, мықтылығымен даңқы шыққан, атышулы шонжар, ақсүйек байлар әлі баяғы таз қалпында. Ұшан-теңіз байлығы өзінде. Баяғы жуандығы, мықтылығы өзінде.

Байлығы, мықтылығы арқасында маңайына қоңсы кедейлер жинап отыр. Адал ақы, маңдай терін жеп, тегін жұмысын істетіп отыр. Қанша кедейлерге арзанын қымбатқа өткізіп, кедейдің қымбатын арзанға алып отыр...

Осының бәрін ұққан ел кедейі енді ұлы төңкерістің бас кезінде ала алмаған теңдігімізді алуымыз керек деп отыр.

Қазақ кедейлерінің осы тілегіне сүйеніп, ел ішіндегі ежелден билеп-төстеп қалған, патшадан шен-шекпен алған ақсүйек, атышулы таңдама ірі байлардың байлығын, ата жуандығын, мықтылығын жою үшін — қазақ үкіметі — осы байлығы, мықтылығы асқан ірі байлардың малын конфискуелеуді, өздерін жер аударуды ұйғарып отыр.

Осылардың қорлық-зорлығынан қазақ еңбекшілерін ерекше төңкеріс қимылымен құтқарайын деп отыр.

Сонымен ірі байлардың малын конфискуелеп, өздерін жер аудару жұмысы басталды.

Осымен Қазақстанның бар жерлерінен ірі байлар бір округтен екінші алыстағы округке жер аударылды.

Өте залалды болған, өте ірі байлар Қазақстан шегінен бір-жолата қуылып, басқа республикаларға да жіберіледі.

Қазақстанның барлық жерінде ел кедейі бұл науқанды үлкен белсенділікпен өткізді. Орталарынан айдалған байлардың артынан топырақ шашып, малдарын қара шаруа артельдеріне бөліп берісті.

Сұраулар: Ірі байлар неге айдалды? Олардың келтірген залалы қандай еді? Өз аудандарыңнан кімдер айдалды? Олардың еңбекші елге келтірген залалдарын айтыңдар?

Қазақстанда жол қатынасы. Қазақстанда темір жол, су жолы, арба жүретін қара жолдар да кем. Қазақстан топырағында Орынбор — Жаманқала, Қостанай, Қызылжар, Семей, Алматы темір жолдары бар.

Соңғы жылдарда салынып жатқан Түркістан — Сібір темір жолының маңызы өте күшті. Бұл жол — озса бүтін Кеңес Одағы, қала берсе Орта Азия, Қазақстан, Сібірдің шаруашылығын өркендетуге себепші болмақ. Жол Семей мен Луговойдан екі жақтап салына бастады. Жолдың ұзындығы 1445 километр. Жол түскен соң Сібірдің, Жетісудың арзан астығы Орта Азияға төтесінен тасылады*.

Алтай өлкесінде жылына 23,5 миллион пұт, Жетісу, Қырғыз, Семейде 18 миллион пұт өздерінен артылған астық болады.

Ақмола округінен жылына 20 млн. пұт астық артады. Осының бәрі Орта Азияға келсе, оның мақта кәсібі өркендейді. Сонда жыл сайын мемлекеттерден мақта сатып алуға жұмсап отырған 266 миллион сом ақшаны мемлекетіміздің өз ішіндегі игілігіне жұмсайтын боламыз.

Онан соң Түркістан — Сібір жолымен Алтай, Алатаудың үй салуға жарайтын ағаштары тасылып, сатылатын болады. Орта Азия бұған да мұқтаж. Қазірде ағашты Ресей ішінен, алыстан алғызады. Алыстан алған зат қымбаттап түседі.

Қазақстан шегінде бұдан басқа салынып жатқан жолдар: Шортанды — Көкшетау¹²⁵, Қызылжар — Ақмола, Спасск заводтары арасында. Және де Славгород — Семей арасында¹²⁶. Алматы — Құлжа арасына бұтақ салынбақ. Аягөз бен Ақмола жолы қосылмақ.

Темір жолға қарағанда, Қазақстанда су жолы өте кем.

Пароход Ертіс өзені мен Әмударияда, Арал теңізінде ғана жүруші еді. Соңғы жылдарда Іледе де жүретін болды. Енді бір азда Балқашта жүретін болу керек.

* Түркістан — Сібір темір жолы 1930 жылы 1 майда салынып болып, Семей — Луговой арасында тасымал ашылды (редакцияның ескертуі).

IV бөлім

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ ТҰРМЫС САЛТЫ, ҚОҒАМДЫҚ ТӘРБИЕ

Балалардың аурулары

а) *таз қотыр*

Қаладан келген доктор мектеп балаларын қарап жүріп, Сәлім деген балаға:

— Сен тегінде жуынамысың, Сәлім? — деді.

Сәлім:

— “Жуынған” деген не? — деді.

— Мәселен, анда-санда сабын мен су алып, басыңды, дененді, бетінді жуамысың? Өзің жумасаң, шешен жуындыра ма?

— Жок, өзім де жумаймын, шешем де жумайды. Оның менсіз де жұмысы көп, — деді Сәлім.

— Міне, көрдің бе, сондықтан сенің басыңа қотыр түскен, байқаймысың, басыңның бәрі сыбағысып тұр. Бұның жазылуына көп уақыт керек. Қазір сенің басыңда шаш та қалмапты. Қотыр мен ірің басыңды түгел басып алған. Басыңдағы топың да кір болып кетіпті. Ол адамның бас терісінен шығып тұратын май мен терден осындайлық кір болған. Сен басыңды жумаудың үстіне біраз жел кіргізіп, желпінтпейсің де. Кір топы жауып тұрған соң басыңа таза ауа да тимейді. Басың тер мен кірден қышығанда сен қанын шығарып қасисың да, артынан кір топымен жауып қоясың. Одан кейін басыңда тағы кір қалады. Тағы барып іріңге айналады. Сол кір мен ірің сыбағысып қатып қалады. Артынан тағы қасисың, тағы барып қатады. Аяғында басың, міне, мынандай болыпты, — деді доктор.

Сәлім қызарып, жылап жіберді. Ол өзі кінәлі екенін сезгендей болды. Бірақ дәлді кінәсі не, соны әбден ұқпағандай еді.

— Күнде басыңды сабынмен жу да, мына майды таңертең де, кешке де жағып жүр, — деп доктор Сәлімге бір сауыт ұсынды.

— Сабынмен қайдан жуамын, біздікінде сабын жоқ, деді Сәлім. Доктор:

— Олай болса, мына сабынды ал, — деп Сәлімге бір сабын берді де:

— Май мен сабын біткен соң, маған тағы кел. Мен екі жұмадан соң келемін, — деді.

ә) *қышыма қотыр*

Сәлімнен соң докторға бір жеті-сегіз жасар қыз келді. Қасында шешесі де бар еді. Шешесі қыздың көйлегінің түймесін ағытты. Доктор қыздың кеудесінде қышыма қотырдың бөрткендерін көрді. Тырнақпен қасыған орындары айғыз-айғыз болып тұр екен.

— Балаларың көп пе? Мына ауру балаңды өзгелерден бөлдің бе? — деді доктор.

— Балаларым бесеу, үйіміз тар. Сондықтан бәріміз бірге, жерде жатамыз. Қайда бөлейін. Басқа бөлмеміз жоқ. Бұл бала мектепке барып жүр еді, — деді шешесі.

Доктордың ауылға алғаш келгені осы еді. Сондықтан таң қалып:

— Бұлай қылуға болмайды. Бұдан езге балалардың бәріне жұғады. Ең болмаса үйіңнің бір бұрышын осы балаға бер де, өзгелерге жанастырма. Тамақты да бөлек ыдыстан жесін. Мектепке жіберме. Неге қотыр болды, білемісің? Мына көйлегін қарашы, неткен кір. Бір киілгеннен бері жуылған емес. Денесі де сондай кір. Қышыма қотыр осындай кірден болады. Мына май мен сабынды ал. Балаңды күнде шомылдыр да, күніне үш рет май жағып отыр. Екі жұмадан соң тағы келіп көріңдер, — деді.

б) *көз ауру*

Күлсім Алматыға оқуға келіп еді. Алыстағы ауылдан ағасы алып келген. Мектепке келіп түскен күні Күлсім мен тағы басқа жаңа түскен бес баланы доктор қарайтын болды. Доктордың бөлмесіне бұларды мұғалима алып кірді. Күлсім алдымен доктордың қасына келді, доктор Күлсімге:

— Сенің көзің неге қызарған, терезеге таман жүрші, мен көрейін, — деп Күлсімді жарыққа апарып, көзін қарай бастады. Күлсімнің көзінің жиектері қызарған, көзінің іші жастанып тұр еді.

— Мынау нағыз көз ауру (трахома) екен. Және күшейген кезі екен, деп, мұғалиманы шақырып алып, Күлсімнің ауруын сұрай бастады.

Көзі көптен ауыра ма? Күнде беті-қолын жуа ма? Көзін жуа ма? Немен сүртеді? Апа-інісі бар ма? Олардың көздері ауыра ма? Бәрін сұрады.

Күлсім жауап берді.

— Мен көзім ауру екенін білмеймін. Өйткені, ауырмайды. Жалғыз-ақ қыши береді, жас ағады. Жасын көйлегінің, шапанының жеңімен сүртеді. Болмаса сүлгі орамалмен сүртеді. Үйде екі інісі мен үш апасы бар. Олардың бәрі де ауылда қалды. Бәрінің де көзі осындай. Жалғыз олар емес, ауылдағы барлық балалардың көзі сондай. Бәрінің де көздері қызарып жүреді, тегіс жас ағады.

Күлсім таңертең оянғанда кірпігі жабысып қалады. Ондайда көйлегінің жеңін түкірігімен сулап алып сүртіп, тырналап ашады. Сумен көзін әдейілеп жуған емес екен. Осының бәрін айтып берді.

Міне, осындай күтімсіз болғандықтан көзіңе ауру пайда болған. Сен көзіңді жумайсың. Оның орнына кір шүберекпен сүртесің. Сол кірмен барып тағы көзіңді сүртесің. Ондай болған соң, әрине, көз жазылмайды. Онан соң көзің ауырса өзге балалармен ойнамау керек. Әйтпесе олардың да көзі ауырады. Ауылда бірге ойнаймыз деп, біріңе-бірің ауру жұққызғансың, — деді доктор.

Содан кейін Күлсімді жеке бөлмеге тұрғызып, тамақты сонда әкеп беретін болды. Доктор күнде келіп, көзіне дәрі тамызып, тазалап жүрді. Және өзің күніне үш рет көзіңді шәйіп тұр деп тағы бір дәрі берді. Күлсім айтқанды жақсы орындап, дұрыс емделіп тұрды. Екі жұма өткен соң көзінен жас ағуы тоқталды, ұйқыдан тұрғанда жабысып қалатыны да жоғалды. Аздан соң көзі қышымайтын, жастанбайтын болды.

Сонымен бір айдан соң трахомасы жазылып, Күлсім сабаққа кірісті.

Жолдас Калинин. Михаил Иванович Калинин 1875 жылы ноябрьде Тверь губерниясында, Жоғарғы Троица деген поселкеде туған¹²⁷. Оның әке-шешесі кедей қара шаруа еді. Жолдас

Калинин жас күнінен-ақ жұмысқа араласып, үй ішіне болыса бастаған. Алты жастан жас іні-қарындастарын қарап, 11 жас-тан былай дала жұмысына қатысқан.

Қыстақ мектебін бітіргеннен кейін жолдас Калининді бір көрші бай малайлыққа алады. 1889 жылы жалданған байымен бірге көшіп Петербург (осы күнгі Ленинград) қаласына келеді. Мұнда ол шәкірт болып, мылтыққа патрон (оқ) жасайтын заводқа, артынан Путилов заводына кіреді¹²⁸.

Мұнда жолдас Калинин төңкеріс жұмысына қатыса бастайды.

Ұзамай жолдас Калининді патша полицейлері ұстап алып, тұтқынға салады. Артынан Кавказға айдап жібереді.

Кавказда Калинин төңкерісшілдік жұмысын тастамайды. Тифлис қаласында жұмысшыларды бастап¹²⁹, үкіметке қарсы қыр көрсетеді. Ереуіл жасайды. Ол үшін жолдас Калинин тағы ұсталып, абақтыға түседі.

Жолдас Калинин Кавказдан Балтық теңізінің жағасындағы Ревиль қаласына айдалады¹³⁰. Мұнда ол тағы төңкеріс жұмысын бастайды. 1904 жылы жолдас Калинин Ревильден Аланес губерниясына қуылады. Онан қайтқаннан кейін большевиктерге қосылады.

1905 жылы төңкерістен кейін жолдас Калинин Петербург пен Мәскеу заводтарында қара жұмыскер боп істеп жүріп, төңкерісшілдік қызметін де тастамайды.

Жиһан соғысында жолдас Калинин Петербург заводында жұмыс қылды. Сол кезде жұмысшыларға капиталшылардың озбырлығын, басқаларды таламақ, езбек мақсаттарын айтып, түсіндіріп жүрді. Жұмысшылар ортасынан төңкерісшіл ұйымдар ашып, большевик партиясының Кіндік Комитетімен қатынас жасап тұрды.

Октябрь төңкерісі жолдас Калининді жоғары көтеріп Петербург қаласына бастық қылды.

1919 жылы март айында Ленин жолдастың ұсынуы бойынша, жолдас Калинин Бүкіл Ресей Кіндік Атқару Комитетінің бастығы боп сайланды.

1923 жылы жолдас Калинин Кеңес Одағы республикасының Кіндік Атқару Комитетіне бастық боп сайланып, осы күнге дейін таймай, барлық теңшіл, Кеңес Республикалар Одағының басшы көсемі боп келе жатыр.

Сұраулар: Жолдас Калинин қай жерде туған? Оның әкешесі кім еді? Төңкеріс жұмысына қай қалада тұрғанда кірісті? Қай-қай жерлерге айдалды? Осы күнде қандай орында?

Еңбекшілер ұраны

Оян, қарғыс таңба басылған,
Жалаңаш, аш құл, қайрат қыл!
Қайнап баста ақыл ашынған,
Майданға қанды айдап тұр.

Қиратамыз ескі жалғанды,
Жаңа тұрмыс орнатамыз.
Жарылқаймыз жарлы қалғанды,
Дәулеттен сонда татамыз.

Бұл болар ең ақырғы,
Ең күшті зор майдан,
Дүние еңбекшілерімен
Табылар бар пайдан.

Бостандықты бізге ешкім бермес:
Патша да, бай да, батыр да,
Бостандық бізге көктен келмес,
Аламыз күшпен ақырда.

Ал егер жоям десең құлдықты,
Тамағым болсын десең тоқ,
Қорғанбай күпілдет көрікті,
Темірді қызған кезде соқ.

Бұл болар ең ақырғы,
Ең күшті зор майдан.
Дүние еңбекшілерімен,
Табылар бар пайдан.

Біздер — бүкіл дүние жалшысы,
Біз — еңбекшілер таптары,
Жерге қожа болу еркіміз,
Арамтамаққа жоқ бәрі.

Ал егер найзағай шартылдап,
Қаптаса жауыз дүниесін.
Бізге де жарық күн жарқылдап,
Түсірер нұрлы сәулесін.

Бұл болар ең ақырғы,
Ең күшті зор майдан.
Дүние еңбекшілерімен
Табылар бар пайдан.

Кеңес Одағында ұлт мәселесі. Кеңестер Одағында 50-ден аса ұлттар бар. Булар: орыс, армян, грузин, татар, қазақ, қырғыз, бурят, жақұт, самоед, өзбек, түрікпен, тағы басқалар¹³¹.

Бұлардың бәрін бір одақ қылып отырған немене? Патша заманында ұсақ ұлттар шаруа жүзінде де, саясат жүзінде де езгіде, кемшілікте болатын.

Патша үкіметі бұратаналар тұрған шеттерде өндірісті өсірмеу әрекетінде болды. Ана тілінде бала оқытатын мектептерді тыйып, жауып қойды. Ұлт-ұлттың арасына жаулық, араздық жайды.

Жалғыз кеңес тәртібі ғана осы ұлттардың бәрін бір үйдің ішіндей қылып біріктіріп отыр.

Байлардың заңын найзаның күшімен іске асыратын бұрынғы тәртіпті жоғалтты.

Оның орнына жұмыскер мен дикан өкіметі әрбір ұлтқа еркін тіршілік етуге жол ашты. Әрқайсысы өз тіршілігін өзі басқаратын болды.

Кеңес сайлауы: а) С а й л а у ғ а , с а й л а н у ғ а к і м н і ң қ ұ қ ы ғ ы б а р . Кеңеске сайлауға, сайлануға мына адамдардың қақысы бар:

1) Жұмысшылар мен қызметкерлердің еркек, әйелі.

2) Қолөнермендер мен шеберлер.

3) Қара шаруа мен диканшы казак-орыстар, егер пайда табу үшін біреудің жалдама еңбегімен пайдаланбайтын болса.

4) Қызыл әскер мен қызыл кемешілер. Және қызметкерлер мен жұмыскерлердің үй шаруасында істейтін адамдардың да (қатын, шешесі) сайлау, сайлануға қақы бар.

Жұмысқа жарамсыз болып қалған барлық жарымжан жұмыскерлер, қызыл әскерлер, қара шаруалар да сайлау, сайлану қақына ие болады.

Жоғарыдағылардың сайлау, сайлану қақына ие болуы үшін заң тағы мынадай шарт қояды. Сайлау күніне солардың бәрі ең кемі 18 жасқа толған болуы тиіс.

б) **Сайлауға, сайлануға кімнің қақысы жоқ.** Біреуді сайлауға, не өзі сайлануға қақысы жоқ адамдар мыналар:

1) Пайда табу үшін жалдама еңбекпен пайдаланатын адамдар. Олар, мысалы, заводшылар, фабриканттар, жалдама

жұмыскер тұтатын әр түрлі кәсіп дүкендерінің иелері. Ауыл, қыстақтағы бай-құлақтар, тағы сондайлар.

2) Еңбекпен табылмаған табыспен, мысалы, ақша өсімімен, өндіріс орындарының пайдасы үшін мүлік түсімдерімен күн көрушілер.

3) Жай саудагерлер, сауда делдалдары.

4) Барлық діннің дін қызметкерлері (молда, ишан, сопы, поп, тағысын тағылар).

5) Бұрынғы полицияның қызметкерлері мен агенттері, тыңшылар, бұрынғы патшаның нәсілдері, қазақта ұлықтан шен алған жуандардың тұқымдары, хан нәсілдері.

6) Белгілі зерттеумен жынды деп танылған ауру адамдар.

7) Законда, не соттың билігінде көрсетілген уақытқа дейін сот арқылы құқығынан айырылған адамдар.

б) **Жергілікті орындардағы кеңес үкіметі.** Жергілікті кеңес үкіметінің ең бірінші ұясы, қалалы жерде — қала кеңесі, ауыл-қыстақтарда — ауыл-қыстақ кеңесі.

Онан кейінгі сатысы — аудан кеңес сиязы. Ол сияз сол аудандағы барлық кеңестердің өкілдерінен құралады. Аудан кеңес сиязы сол ауданға тиісті мәселелерді тексереді, шешеді, бекітеді.

Онан кейінгі саты — округ кеңес сиязы. Бұлар қала кеңестері мен ауыл, қыстақ кеңестерінің өкілдерінен құралады. Округ кеңес сиязы өзінің өкілдерін облыстық, аймақтық кеңес сияздарына жібереді.

Әрбір кеңес сиязы өзінің көлемінде (аудан, округ, облыс) ең жоғарғы билік орыны болады. Әрбір сияз өзіне жеке атқару комитетін сайлап алады.

Аудан үшін — аудандық, округ үшін — округтік, аймақ үшін — аймақтық, республика үшін — кіндік атқару комитеттері сайланады.

Бұл атқару комитеттері екі сияздың әредігінде өзіне қарасты жерлердің ең жоғарғы билеуші орыны боп сайланады.

Сұраулар: Ауыл-қыстақтағы, қаладағы ең жоғарғы билеуші орын қай орын?

Екі сияз әредігінде ауданды, округті, аймақты республиканы кім билейді?

Қазақстанда саулық сақтау жұмыстары. Төңкеріске дейін үкімет бұратана елдің саулығын зерттеген жоқ. Үйткені, уақ ұлттар да келешекте ел болсын деп ойлаған жоқ.

Елдің қамын ойлаған үкімет алдымен елінің саулығын зерттейді.

Осыны бұрынғы патша үкіметі ойлады ма? Ойлаған жоқ. Ойламағандығын ескі үкіметтің істеп кеткен ісі айтып береді.

Мысалға, өзіміздің Қазақстанды алайық. Бұнда жергілікті халықтың ең жиі отырған жерінің бірі — Семей. Осы Семей округінің жергілікті халқынан, қазына қаржысынан емделуге ескі үкімет кезінде 6200 адамға бір-ақ орын берілген. Көшпелі елдің арасында саулық сақтау ісі төңкеріске шейін атымен болған жоқ. Керек десе, саулық зерттеу ісінің жобасы да жасалған жоқ.

Еңбекші елдің бақытына төңкеріс болды. Төңкерістен кейін туған үкімет елдің сана-саңылауын көтерумен бірге, ішкі тұрмысына көз салды. Елді сауықтыруға үніле қарады.

Ел саулығын сақтау жолында төңкерістен соңғы 10 жылдың қызметі аз емес.

Мұны мына цифрлардан көруге болады.

Қазірде Қазақстанның ірі қалаларында 44 аурухана бар. Ауыл—қыстақ, уақ қалаларда 113 аурухана, 294 фельдшерлік пункті бар. Октябрьдің он жылдық тойына, Қазақстан халқының жиі орнаған жерлеріне, ауыл-қыстақ халқына арналып 20 аурухана салынды. Көшпелі елдердің арасында жоғарғы аталғандардан басқа, ел саулығын зерттейтін көшпелі отрядтар шығарылады. Жыл сайын қазақ ішін аралап 8 үлкен отряд шығады. Отрядтар аралаған жерлерінде қандай аурулардың барлығын да айырады.

Сондай отряд жүрген аудандардағы бар аурулардың түрі мыналар: тері ауру (бұлардың ішінде таз, котырлары да бар), 15 процент мерез, 5 проценті безгек, көз ауруы, жіңішке ауру (күрт).

Көшпелі елдің арасында саулық сақтау туралы істеген көрнекті шараның бірі — шешек егу болды. Бұрын мыңдаған қазақ баласы шешектен қырылушы еді. Өлмегені саулығын жойып, не су қараңғы соқыр болып, не өңінен, көркінен айрылып қалушы еді. Енді қазақ баласы шешек апатынан азат болып келеді.

Бұрын қазақ арасында саулық сақтығы туралы тараған үгіт кітабы жоқ еді. Қазір сондай кітаптар да көп таратылады. Төңкерістен бұрын дәрі-дәрмек сағатын орындар (аптекалар) жеке адамның, саудегердің қолында болушы еді.

Қазірде жеке адамның қолында бір аптека да жоқ.

Түгел қазына мүлкінде.

Бұдан кәсіп одағының мүшелері, жұмысшы, қызметкер, диқандар — дәріні тегін алады.

Малдан жұғатын аурулар. Мал да адам сияқты ауырады. Оларға да бір-бірінен ауру-науқас жұғады.

Мал ауруларын да адам сияқты емдейді. Бұны мал дәрігері — мамандар істейді.

Малдан адамға жұғатын аурулар, санай берсек, толып жатыр. Солардың ішінде ел арасында жиі ұшырайтындары: жамандат, маңқа аурулары. Жамандаттың адамға шыққанын күйдіргі дейді.

Жамандат болып өлген жылқының етінен, терісінен сақтану керек. Жамандатып өлген жылқыны сойған адамдарға күйдіргі шығатыны толып жатыр.

Етін жегендер ауырмаса, жақсы пісіргендіктен ғана ауырмайды. Болмаса күйдіргі ішке шықса, жазылу мүмкін емес.

Жамандат болған малдың ешнәрсесін пайдаланбау керек. Оны терең қазып көму керек.

Осы сияқты малдың өзге аурулары да жұғады. Адам ғана емес, малдың өзіне де жұғады.

Сондықтан малды, адамды індеттен сақтау үшін, онерлі жұрттар жұқпалы аурумен ауырған малды атқызып тастайды. Ауырып өлген малдың ешбір таспа-тарамысын да шаруасына жаратпай, жерге көміп тастайды. Өлген малдың бәрін бір мола қаздырып, соған апарып, жер астына терең қылып көмеді.

Малды, адамды жұқпалы аурудан, індеттен сақтау үшін ілімнің айтқанын істеу керек.

Жұқпалы аурумен ауырған малдың ешнәрсесін алмай, қанжынын қалдырмай, малдың ерісі, жүретін жолы, суатынан аулақ жерге апарып көміп тастау керек.

Көмгенде үй басы бір шұқыр қазбай, қай жер болса сол жерге көмбей, бүкіл ауыл болып бір жерге көму керек.

Жердің тереңдігі екі кездей болу керек.

Комсомол — қызыл кемеңің қамқоры. 1922 жылы октябрьдің 16-сында Ресей Лениншіл Жастарының ұйымы (ВЛКСМ) республиканың қызыл кемесіне қамқор болуды мойнына алды.

Енді жұмыскер мен қара шаруаның жүз-жүз мың жастары оған қашан да болса көсемдік қылып, көмек көрсетуге дайын тұрғанын әрбір су әскері білуге тиісті.

Әрбір комсомол мұны қашанда есінен шығармасын. Қызыл кеме оның көмегін күтіп отыр.

Жаңа әліптің пайдасы. 1) Жаңа әліп үйренуге оңай. 2) Жаңа әліп жазуға жеңіл. 3) Жаңа әліп оқуға оңды. 4) Жаңа әліп тасқа басуға қолайлы. 5) Жаңа әліптің бағасы арзан. 6) Жаңа әліп тез тозбайтын төзімді. 7) Білім кітаптарындағы пән белгісі қай жұртта болса да жаңа әліп әріптерімен жазылады. 8) Денсаулыққа керекті дәрі-дәрмектер жаңа әліппен жазылып алынады. 9) Жаңа әліпті білген адам Еуропа елдерінің және басқа елдердің көбінің баспа сөздерін оқи алатын болады. 10) Жаңа әліп арқылы жер жүзінің бәрімен де қатынас жасауға болады. 11) Жаңа әліп ескілік пен діншілдіктің тамырына балта шабады... болғанша жаңа әліпке көшелік.

Жойылсын қалың мал. (Үкімет заңынан). Біздің үкімет заңында, қалың мал туралы мынандай ереже бар:

230. Қазақ ғұрпы бойынша күйеу немесе оның әке-шешесі, ағайындары, құдандасы жағынан қыздың әке-шешесінің ағайындарына, немесе құдандасына қызды сол мал берген күйеуге еріксіз тиюге міндетті қылса, малды берушілер бір жылға шейін еріксіз жұмысқа салынады. Немесе, бір жылға шейін еркінен айрылады. Бұл қылмысты істеген жай адамдар мен іс басындағы адамдар да сол жазаға бұйырылады. Қалың мал алушылар да сол жазаға бұйырылып, оның үстіне алған қалың малындай айып тартады.

231. Әйелді еріксіз күйеуге зорлаушылар бес жылға шейін еркінен айрылады.

232. Екі қатын алушылар мен көп қатын алушылар бір жылға шейін еріксіз жұмысқа бұйырылады.

Протокол

...Протокол жүргізуді үйрену керек. Бұнда көрсетілетін нәрселер:

а) Жиылыс жасаушы кімдер, яки қандай ұйым; б) қай уақытта жиылыс жасады; т) кімдер болды; ж) жиылыс бастығы мен хатшының аттары, фамилиясы; д) күн тәртібі; р) сонан соң нелер сөйленіп, нендей қорытындыға келінді, соның қысқаша мазмұны; з) бастық пен хатшының қолы.

Мысал:

30-III-26 жылда рабфак месткомын тергеген комиссия жиылысының

№ 2-протоколы

Б о л ғ а н д а р: Карпов, Палымбақ, Оразбаева, месткомнан — Брегман, Навицкий.

Бастық: Карпов, хатшы — Палымбақ.

К ү н т ә р т і б і:

1. Месткомды зерттеудің планы.
2. (26 жылдың 1/1 -нан 15-III-қа шейінгі) уақытта месткомның пұл жұмысы қалай жүргізілгенін зерттеу.
3. Өзара жәрдемнің кассасын зерттеп шығу.
4. Ағымдағы істер.

Тыңдалды:

1. Карпов жолдас зерттеу жасау туралы мынандай тәртіп ұсынады:

Әуелі касса кітабын алып месткомның шығындарының орынды, орынсызын зерттеп шығу керек.

Содан кейін касса кітабын өзара жәрдем кассасындағы сомамен салыстыру керек. Бұның да шығындарының орынды, орынсызын айыру керек.

2. Брегман жолдастың касса кітабын жүргізу, соманы жұмсау жөніндегі берген түсінігі. Кітапты зерттеу.

Қаулы кылынды:

1. Карпов жолдастың зерттеу тәртібі туралы ұсынған ұсынысын қабылдап, соны қолдануға кірісу керек.

2. Месткомның ақша есебін жүргізген тәртібін және шығын қылған сомасын негізінде орында деп табу. Жалғыз-ақ бұдан былай местком кітаптағы өшіріліп жазылған сөздерге түсінік жазып отыратын болсын. Және жұмсалған ақша не орынға жұмсалатынын толық жазып отырысын.

3. Кіріс пен шығысты айна бір-ақ рет кітапқа тіркеуді

3. Навицкий жолдастың өзара жәрдем кассасының есебін жүргізу турасында берген түсіндірісі.

4. Оразбайқызы жолдастың зерттеудің келесі күні туралы койған сұрағы.

кемшілік деп табу. Бұдан былай бұндайдың болмауын шарт қылу. Өз жәрдем кассасы үш күн ішінде кітабын тәртіпке қойып, бұдан кейін кіріс-шығысты күн сайын жазып отырсын.

4. Келесі зерттеу 5-апрельге сағат 3-ке белгіленсін.

Бастық (қолы қойылған).

Хатшы (қолы қойылған)

Қазақстанға көршілес республикалар

Орта Азияның республикалары. Орта Азияға қарайтын жердің ауданы мол. Бұның күнбатыстан күншығысқа шейінгі ұзындығы 2.266 километр, терістіктен түстікке шейінгі көлденеңі 1.290 километр.

Бұл үлкен аудандағы республикалар: Одақтық Өзбек ССР-ы, Одақтық Тәжік ССР-ы, Одақтық Түрікмен ССР-ы және Қырғыз автономиясы — бұл РСФСР-ге кіреді.

Бұлардан басқа, Орта Азияның ішіне Қазақстан автономиясының оңтүстік бөлімі кіреді. Және Қазақстанға қарайтын Қарақалпақ автономиялық облысы кіреді.

Орта Азия республикалары жер шамасына қарағанда РСФСР-дің европалық бөлімінің үштен біріндей, жерінің бәрін есептесек: Германия, Франция, Италия, Австрия, Венгрияның бәрінің жерін қосқанда қандай болса, Орта Азияның молдығы да сондай.

Бұл Орта Азия республикаларының шекарасы батыста РСФСР-мен шектес.

Кавказ республикаларымен шектес, түстікте парсы, ауғанмен шектес.

Шығыс-түстік аралығында Қытаймен шектес. Терістікте РСФСР-дің азиялық бөлімі Сібірмен шектес.

Өзбек республикасы Алатаудың терістік-батыстық сілемдерінде. Бұның шегіне жақын келетіндер: Қазақстан, Қарақалпақ облысы, Түрікмен республикасы, Ауған, Қытай.

Қырғызстан. Алатау, Памир тауы және Сырдың басындағы жазықтарға орналасқан.

Қырғызстанның терістік-шығыс жағында Ыстықкөл бар¹³². Бұл — дүние жүзіндегі таулы жерге біткен көлдің ең зоры.

Қырғызстан терістікте Қазақстанмен шекаралас, батыста — Өзбекстанмен, түстікте — Тәжікстанмен, түстік пен шығыс аралығында — Қытаймен шекаралас.

Қырғызстан 7 кантонға (округке) бөлінеді. Бұлары: Талас¹³³, Жәлелабад¹³⁴, Шу¹³⁵, Фрунзе, Ош¹³⁶, Нарын¹³⁷, Қаракөл¹³⁸.

Қырғызстанның астанасы — Фрунзе қаласы (Пішпек). Бұл қала шойын жол үстінде. Осы шойын жол Фрунзені өзге республикалармен жалғастырады. Сібір мен Қытай жақтарына арба жолдары тарайды.

Қалада өндіріс әлсіз күйде. Өнімдісі сауда. Елеулі сауда заттары: астық пен мал сүмесіндері. Астанадағы халық саны 35.000.

Қырғызстанның өзге қалаларының ішіндегі елеулісі — Қарақол. Бұның тұрған жері әрі сұлу, әрі саушылыққа өте жақсы. Жыл сайын денсаулығын түзейміз дегендер Қарақолға әлденеше мыңнан жиылады.

Қырғызстан жерінің көлемі 200 000 шаршы километр. Халқы 1 миллион. Орташа есептегенде: бір километрге 5 адамнан келеді.

Ұлт жігіне бөлгенде, бар халқының 67 проценті қырғыз, 12% — орыс, 11% — өзбек, 10% — өзге ұлттар: тәжік, қазақ сияқтылар.

Тұрмыс қалпына, әдет-салтына, тіліне қарағанда, қырғыз қазаққа жақын.

Осы күнде отырықшы болып келе жатқан қырғыз көбеюлі. Бірақ әлі де көшпелілердің жалпы саны артық жатыр.

Халық жиі отырған жердің бәрінде де мектептер бар.

Қырғызстанда — қалалардың аудандарында, Памирдың етектерінде, Алатаудың тау ішіндегі жазықтарында — қыстақ салып тұрған орыстар бар. Мұндай қыстақтардың жалпы саны қырық шамалы. Орыстың көбі егіншілік кәсібінде.

Көл мен өзен жағасындағылар балықшылықты да кәсіп қылады. Жері аз орыстар әр түрлі уақ кәсіптерді қолданады.

Орыстар үйлерін күйдірмеген кірпіштен салады. Әрбір үйдің жерінде жеміс бақшасы мен палыз (огород) болады.

Қыстақтардың бәрінде де мектеп бар.

Орта Азияның топырағы қандай. Топырақ деп жердің үстінгі қыртысын айтамыз. Сол қыртыста көп мән бар. Өсімдікке жақсы, өсімдікке жаман топырақ бар деп бөледі.

Өсімдікке жақсы топырақ болса, егін жақсы шығады, жаман топыраққа ешнәрсе егуге болмайды. Нашар топырақтың шығымы да нашар болады. Өсімдікке ең жақсы топырақ — қара топырақ. Ол шіріген өсімдіктер мен жануарлардың өлекселерінен құралған топырақ.

Сары топырақ өсімдікке жақсы деп саналады. Орта Азияда қара топырақ жоқтың қасы. Мұнда егінді сары топырақты жерге егеді.

Кейбіреулердің пікіріне қарағанда, сары топырақ ауып келген топырақ деп саналады. Оны не жел, не болмаса өзен аударып, ағызып әкеледі. Олар бұл топырақты қайдан алады. Жел жерден шаң шығарады да, сол шанды жинап әкеп таулардың ығына үйеді. Заманнан заман өткен сайын сол шаң көбейе береді. Ақырында сары топырақ көп жерді басып, жәйіліп алады.

Ол топырақтың түсі сары, жұмсақ болады. Өзінен су өткіш болады. Сырт ажарына қарағанда бұл топырақ ылғи біркелкі, қабат-қабат болмайды. Өзге топырақтарда бірінің үстіне бірі түскен қабат-қабат бар.

Өзендер де жел сияқты қызмет етіп, өздерінің жағасындағы жерді шәйіп, ұсақ топырақтарды ағызып әкетеді. Сонымен өзеннің біткен жерінде, яки теңізге құйған жерінде ағып келе жатқан шаң топырақтың барлығы жерге шөгіп отырып қалады. Бұдан да сары топырақ құралады.

Бірақ бұл топырақ жел әкелген топырақтан басқарақ болады.

Бұнда анадай емес, қабаттар бар және қаттырақ болады. Суды да оңайлықпен өткізбейді.

Көбінесе қабатсыз топырақтың астында қабатты топырақ жатады.

Егіншілік кәсібі үшін бұл жағы пайдалы: су үстінгі сары топырақты қабаттан тез өтеді де, ары кетпей тоқтайды. Су бос шығын болмайды. Өсімдікке бұнысы жәйлі.

Кейбір білімпаздардың пікірі бойынша, сары топырақ ауып келген топырақ емес, сол тұрған жерінде болған ауа райы, су, желдің әсерімен жасалып қалатын болады дейді.

Орта Азия халықтарының тіршілігіне сары топырақтың пайдасы зор.

Сары топыраққа егін егуден басқа жұрт өздерінің үйлерін, дуалдарын да осы топырақтан салады. Сары топырақпен жерді де тыңайтады. Құлаған дуалдардың кесектерін алып, егіндікке алып барып, соны уатып, шашып тастайтын болады. Арық сулары да ылғи сары топырақты ағызып отырады. Сондықтан арық суының түсі ылай болады. Жерді суарғанда сары топырақ шөгіп қалып, егіндік жерді соның өзімен де тыңайтады. Кейде сары топырақ су ішінде көп болсын деп, сумен сары топырақтан құралған төбешіктерді шайғызатыны да болады.

Бірақ Орта Азияда сол сары топырақ жайылған жер көп емес, үйткені өзен де, тау да бізде соншалық көп емес.

Мөлшермен Орта Азияның барлық көлемін 100 бөлімге бөлсек, соның 10 бөлігі ғана сары топырақ болады.

Өзге жердің жартысынан артығын құм басқан. Құмды шөлдің арасында анда-санда ащылы, сортаң жер кездеседі. Бірақ ол көп емес, 100-ден 1-2 бөлім ғана болады. Орта Азияда 100 бөліктің 20 бөлігі таудың еншісіне тиеді. Қалған жердің барлығы сазды қыр. Олар егіндікке жарамайды. Үйткені суаруға келмейді. Қырдың сазды жерлері күн ыстығынан жарылып жатады. Және саздың өзі де таза күйде емес, көп жерде ол құммен аралас болады.

Сонымен Орта Азияның бар көлемін 100-ге бөлсек, соның 59 бөлімі құмды топырақ, 10 бөлімі сары топырақ, 20-сы тау, 2 бөлімі ащылы сортаң, 9 бөлімі сазды қыр, егінге қолайсыз жер болып шығады.

Мақта қалай өседі. Мақтаның көбі Орта Азияда өседі. Қазақстан жерінде Сырдария округінде, Ташқзақ ауданында¹³⁹, онан соң Қарақалпақ облысында өседі. Бұл аудандардың барлығы да Орта Азияда. Орта Азияда күн жылы, ыстық, ұзақ болады. Мақта ыстықты сүйеді. Сондықтан Америкада

мақтаны “күн баласы” деп те атайды. Жаңбырлы, бұлыңғыр күндерде мақта өндімейді. Мақтаны еккен күннен бастап, күздігүні жиып алғанға шейін жаңбыр болмаса тіпті жақсы болады. Мақтаны сентябрь айынан бастап жинауға кіріседі. Олай болса, жиыны бес айдай жауынсыз, ашық, жылы күй болып тұру керек.

Сондайлық жаңбырсыз, ашық, ұзақ жаз Орта Азияда болады.

Еккеннен кейін 20 күннен соң әлгі ұрықтар жер жүзіне көктеп шыға бастайды. Содан ары өскенінде мақта түп болып ұлғая бастайды.

Мақта егіндігін суару қажет. Егілгеннен бастап, мақтаның өсуі тоқталғанша 3—5 рет суарылады. Мақтаны суарғанда арықтан суарады. Арық суы жалдап үйген топырақтардың арасымен жүреді.

Егер тұқым қалай болса солай шашылып тасталған болса, арық суы барлық егіндікті басады. Суарудан басқа, топырақты шауып босату керек. Мақта тамырының айналасындағы топырақ бос, күпсек болу қажет. Шапқанда кетпенмен шабады.

Және мақтаның арасына шыққан арам шөптерді жұлу керек. Арам шөп шабылмаса, суға ортақ болып, мақтаның өсуіне бөгет жасайды. Мақта июнь айынан бастап гүлденеді. Сентябрьде бүрінің аузы ашылады. Содан кейін мақтаны жинауға кірісу керек.

Мақта қайда өседі. Март басы Семей жақта әлі қыс. Үскіріп боран соғады. Даланы қалың қар басқан. Бұл кезде алыстағы Өзбекстан мен Түрікменстанда масайраған жаз. Емге қар табылмайды. Жарқыраған жылы, ашық күн, көгерген дала, гүлденген ағаш.

Ол жақтарда сегіз ай ыстық болады. Ала жаздай аспанды теңгедей бұлт баспайды. Бір тамшы жаңбыр жаумайды десе болады.

Мақта үшін, міне, сол керек. Мақта ыстық жерді, құрғақ ауаны жақсы көреді.

Мақта март айының аяқ кезінде егіледі. Июньнің басында гүлденеді. Әуелі мақта жасыл шөп болып шығады. Артынан бүршік пайда болады. Бүршіктер гүл атады. Гүлі алғашқы

күні ақ болады, ертеңіне қызарады. Біраздан соң гүл үгіліп түседі, мақтаның жалаңаштанып шоқпар бас көсегі қалады. Бұл көсектер — мақтаның жемісі болады. Көсек піскеннен кейін жарылады¹⁴⁰. Ішінен жұмсақ ақ түбіт шығады. Мақта деп, міне, соны айтамыз.

Мақтаны суару. Мақтаның өсіп, жетілуі үшін 215 жылы, ашық күн керек. Жердің жеткілікті дымқылдығы болу керек. Түрікменстан мен Өзбекстанда жылы күн тіпті көп, бірақ су аз. Сондықтан бұл жерлерде мақта суару үшін арық жүргізіледі. Егін салынған даланың бәрі сала-сала арық болады. Арық үлкен өзендерден алынады.

Мақтаны өңдеу. Мақта теріліп біткеннен кейін, оны түйе мен арбаға артып заводқа апарды.

Завод мақтаны тазалап шығарады: ұрығын бір бөлек, мақтасын бір бөлек ажыратады. Артынан ұрығын жәншіп, онан май ағызады (зығыр майы). Жәншуден алған қабығын отқа жағады не даланы жаңарту үшін пайдаланады. Мақтасын бұл тоқитын фабрикаға жібереді. Ол фабрикада мақтадан машина үршықпен жіп иіріп, жіптен еңбекшілерге, диқандарға керекті бұл тоқылады.

Сұраулар: Мақтаға қандай жағдай керек? Мақта қалай өседі? Мақтадан не істеледі?

Жиналған мақта қайда барады. Оспан мақтасын заводқа апарып төгіп, көп ақша алып үйіне қайтты. Заводта мақтаны ұрықтап және басқа шөп-шардан аршып тазалады. Содан соң машинамен басып, үлкен-үлкен тең қылып буып, шойын жолға салып, Мәскеудің бұл тоқитын фабрикаларына жібереді. Тоқыма фабрикалары мақтадан әр түрлі, әр түсті бұлдар, маталар тоқып шығарады.

Біздің жаз киетін киімдеріміз, ішкі киімдеріміз, барлығы да сол тоқыма фабрикаларында мақтадан істеліп шығады.

Орта Азияда жер сілкіну неден болады. Орта Азияда жер сілкіну көп болады. Бұның себебі: Орта Азияның таулары әлі әбден қалыптанып болмағандықтан. Бұрынғы ескі тауларға жаңадан шыққан таулар қосылады. Бұл жердің ішкі кіндігі

салқындағандықтан болады. Жердің ішіндегі қызу бәсеңдеген сайын сыртқы қатпарлардың қабаттары өзгереді. Жаңа қабат пайда болады. Егер жаңа қабаттар жайлықпен жасалса, онда тау жыныстарының қозғалыстары байқалмай жәй болады. Бір адамның өмірінде таудың өзгерісі байқалмайды. Бірақ бірнеше мың жылдарда, я бірнеше жүз жылдарда жаңа бір биік пайда болады.

Бірақ жер ішінің өзгерісі үнемі жәй болып отырмайды. Кейде ішкі қызу әлсірегенде жердің қатпарлары шұғылынан толқынатыны болады. Сондайда жердің үстіңгі қабаты дірілдеп қозғалады. Соны біз жер сілкіну дейміз. Осындай таудың жасалу ретінен барып болатын жер сілкінуі тектондық сілкіну деп аталады¹⁴¹. Бұдан басқа екінші түрлі сілкіну бар. Оны опырылма сілкіну дейді. Бұл жер астындағы қуыстардың төбесі опырылып құлаудан болады. Төбе құлағанда жер үстінен барған судың себебінен болады.

Біздің Орта Азияда болатын жер сілкінудің көбі — әуелгі түрлі сілкіну.

Ең күшті жер сілкіну 1887 жылы болды. Онда Алматы қаласы ойран болды.

1902 жылы Ферғана тауындағы Әндіжан қаласы ойран болды¹⁴². Ферғана тауы да Алматы тауы сияқты бір Алатаудың сілемі болады. Қырылған адамның шығынына қарағанда, ең зор залал келтірген Қаратағ сілкінуі¹⁴³. Бұл 1907 жылы болды. Жер сілкінуден күншығыс Бұқарадағы Қаратағ деген қала ойран болып, 5 мың адам қаза тапты. Бар ауданда өлген адам саны 10 мың болды. Адамнан басқа көп мал да қырылды.

Сұраулар: Жер сілкіну неден болады? Орта Азияда ең күшті сілкінулер қашан, қайда болды?

КЕҢЕС ОДАҒЫ

1-бөлім

ОДАҚТЫҢ ӨНДІРІСІ, ОДАҚТЫ ИНДУСТРИЯЛАУ

Кеңес Одағына қандай республикалар кіреді. Социалдық негізіне құрылған Кеңес Республикалар Одағы (СССР) кеңесті республикалардың бірінші одақтық съезінде, 1922 жылы декабрь айында құрылды.

Бұл Одаққа кіретін республикалар:

1. РСФСР — социалдық негізіне құрылған Ресейлік Кеңес республикалар құрамасы. Кіндік қаласы — Мәскеу. Бұған кіретін автономиялы республикалардың бірі — Қазақстан¹⁴⁴.

2. УССР — социалдық негізіне құрылған Украина Кеңес республикасы. Кіндік қаласы — Харьков¹⁴⁵.

3. БССР — социалдық негізіне құрылған Белорусс Кеңес республикасы. Кіндік қаласы — Минск¹⁴⁶.

4. ЗСФСР — социалдық негізіне құрылған Закавказ республикаларының құрамасы. Кіндік қаласы — Тифлис.

5. ӨзССР — социалдық негізіне құрылған Өзбек Кеңес республикасы. Кіндік қаласы — Самарқан.

6. ТССР — социалдық негізіне құрылған Түрікмен Кеңес республикасы. Кіндік қаласы — Полторацкий (Ашхабад)¹⁴⁷.

7. Соңғы жылда бұлардың санына қосылған жетінші республика — социалдық негізіне құрылған Тәжікстан Кеңес республикасы. Кіндік қаласы — Дүйшембі¹⁴⁸.

Ресейлік Кеңес республикалар құрамасы, Закавказ Кеңес республикаларының құрамасы деудің себебі бұл республикаларға бірнеше ұқсас республикалар, автономиялы облыстар кіреді.

Мәскеу. Мәскеу РСФСР-дің астанасы. Және СССР-дің шаруашылық, саяси тіршілігінің кіндігі.

Мәскеу — 2 миллион халқы бар зор қала. Күніне әлденеше поездар мұнда талай мыңдаған адамдарды алып келіп, талай мың адамдарды алып кетіп жатады.

Қаланың ішіндегі қозғалыс күндіз-түні бірдей үзілмейді. Қаланың үстінде аэропандар ұшып жүреді. Көшелерде автомобиль, трамвай, автобустар ағылып жатады. Үйлердің шатыр-шатырларының төбесінде радио ағаштары шаншылып тұрады. Фабрика, заводтардың ұзын мұржаларынан түтін будақтап шығып жатады.

Мәскеуде сансыз көп мектептер, әжәйіпханалар, театрлар, кинолар бар.

Бұнда әкімшілік кеңселерінің ең үлкендері тұрады. СССР-дің Кіндік Комитеті, Халық Комиссарлар Кеңесі де осында. Мәскеуде шет патшалықтардың елшілері де тұрады.

Қаланың дәл ортасында Қызыл майдан деген алаң бар. Сонда еңбекшілердің ұлы бастығы — Ленин жолдастың қабыры бар. Оны Мавзолей дейді. Мәскеу бүкіл дүние төңкерісінің кіндігі. Жер үстінің еңбекшілі Мәскеуді барынша жақсы көреді. Байлар өлердей жек көреді.

Кеңес Одағының халық шаруасы. Біздің мемлекетіміз барлық жердің алты бөлігінің біріне ие болып отыр.

СССР — негізінде екінші мемлекет деп саналады. Бұның егіндігі бүкіл жер жүзіндегі барлық егіндіктің үштен біріне барабар.

Бүкіл дүние шаруасы сияқты бізде де аудан-аудан, облыс-облыс арасында еңбек бөлісу бар.

Өндіріс аудандары мен егінші аудандар арасында зат айырбасы жасалады.

Өндірістің екі үлкен кіндігі — Мәскеу мен терістік батыс аудандары. Бұлар қара топырақты түстіктен астық алады. Сібір мен Қазақстаннан май, ет алады. Донбасс пен Оралдан тас көмір, темір алады.

Баку ауданынан мұнай, Түркістаннан мақта алады.

Азық-түлік заттарын қала халқы ішіп-жейді. Отын мен шикізат фабрикаларға барады. Ол фабрикалар: бұл, темір саймандар, аяқ киім, ауыл шаруа машиналарын жасап шығарады.

Сол жасалған нәрселер СССР-дің барлық егінші аудандарына түгел тарайды.

Қазіргі күнде СССР үкіметі мемлекетті машиналандыру қамына кірісіп отыр. Мемлекетті электрлендіру жөнінде бұл күнде көп табыс бар. Волховстрой, Шатур сияқты үлкен электр станциялары салынып болды. Бұл күнде Днепрострой деген үлкен станция және салынып жатыр. Соның бәрі мемлекетті машиналандырудың қамы.

Кеңес Одағын электрлендіру. Өткен дағдарыс жылдарында біздің өндіріс кәсібіміз құлдырап, төмен түсіп кеткен еді. Азамат соғысы ауыл шаруашылығын да ойсыратқан еді.

Қазір біраз жылдың ішінде ол кемшіліктерді толықтыра бастадық.

Енді мұнан да ілгері басу керек. Өндіріс кәсібі мен ауыл шаруашылығын әлденеше рет жоғары көтеруіміз керек.

Бұл мақсатқа жеткізетін бір күш бар. Ол электр күші. Сондықтан біздің үкімет Кеңес Одағын электрлендіруге аянбай кірісіп отыр.

Электр күші бұдан арзан. Өндіріс орындары мен темір жол, парохоттарды электр күшімен жүргізсек, бумен жүргізуден әлденеше рет арзан түседі.

Электр күшін тілесек қандай жерде пайдалануымыз мүмкін. Электр күшімен түрлі машиналарды жүргізуге болады.

Жүк көтеруге болады. Су тартуға болады.

Ауыл шаруашылығында электр күшімен соқа, трактор жүргізуге, егін оруға, бастыруға, ұшыруға, тасуға болады.

1921 жылы бүкіл Кеңес Одағын электрлендіру жоспары жасалған еді.

Ол үшін 10—15 жылдың ішінде 30 үлкен электр станцияларын салу керек делінген еді.

Қазір 1929 жылы 13 ірі электр станциясы салынып бітіп, іске кірісті. Алдымыздағы бес жылдың ішінде жаңадан тағы 42 электр станциясы салынып бітпек.

1927 жылы Волхов өзенінде Ленин атына арналған асқан күшті бір электр станциясы салынып бітіп, іске кірісті. Бұның күші бір миллион 200 мың аттың күшіне барабар келеді.

Қазіргі уақытта Днепр өзенінің бойында Ленин электр станциясынан әлденеше рет күшті бір электр станциясы салынып жатыр. Мұнан басқа жаңадан салынып жатқан кіші-гірім станциялар әлденеше.

Есен: 1926 жылы электр станцияларын салу үшін 72 миллион сом, 1927 жылы онан екі есе артық сом ұсталды.

1928 жылы 1927 жылдан үш есе артық ұсталды.

1927 жылы, 1928 жылы қанша сом ұсталды?

Ақ көмір деген не? Ақ көмірдің не екенін жұрттың бәрі біледі. Ол сарқырап аққан өзеннің суы. Бірақ оның ақ көмір деп аталатынын бірқатар жұрттың білмеуі мүмкін — түсіндірелік:

Тас көмірмен әр түрлі машина жүргізіледі. Міне сол машиналарды ағынды сумен де жүргізуге болады.

Бұған мысал — жабайы су тиірмен.

Ағып жатқан суды бөгеп, оны кемерінен көтереді. Жоғарыдан төмен құлап түскен сумен тиірменнің дөңгелегі айналады.

Су неғұрлым жоғарыдан төгілсе, солғұрлым оның күші үлкен болады.

Біздің Отанымызда еркімен ағып жатқан өзен көп. Оның ағынымен пайдаланған жеріміз аз. Егер пайдалансақ, қандай көп, арзан күшке ие болған болар едік.

Біздің Одақтағы судың жалпы күші жылына 170 миллион тонна көмірге жауап беруге жарайды. Бұл сан Донбасс кенінен шығатын көмірден бес есе артық.

Осынша байлықпен неге біз осы күнге дейін толық пайдаланбаймыз?

Себебі, бұлармен пайдалана қою сонша оңай емес. Кішкентай өзеншені бөгеп, су тиірмен орнату қиын жұмыс емес. Бірақ үлкен, ағынды өзенді бегеу оңай соқпайды.

Бірден үлкен өзеннің суын бөгеу қиын болса, екіншіден, бөгелген судың зор күшін қайда жұмсау керек?

Осы күнгі техника бұл жұмбақты шешіп отыр. Қазір суы бөгелген жерге электр станциясы салынады.

Өзендердің суы электр станциясының машиналарын айналдырады. Машина айналғаннан электр пайда болады.

Ол электр түрлі сымдар арқылы жан-жаққа таралады. Сонымен фабрикалар, заводтар пайдаланады.

Сондықтан Ленин шаруашылықты көтерудің ең зор құралы электр станциялары деп білетін.

Сұраулар: Су тиірмендер қалай құрылады? Электр станциялары қалай құрылады? Көмірді үнемдеу үшін, шаруашылықты көтеру үшін электр станцияларының қандай маңызы бар?

“Қызыл путиловшы”. Ленинград қаласының шетінде түтін басып қап-қара болған, екі қатар тізілген ұзын үйлер бар. Бұлар “Қызыл путиловшы” заводының дүкендері.

“Қызыл путиловшы” заводы әр түрлі машина, трактор, отарба, вагон жасайды.

Оның шойыннан темір мен болат жасайтын бөлмесін заводтың соғып тұрған жүрегі десе болады. Даладай үлкен бір бөлмеде алты пеш бар. Заводтың кішкене отарбасы әлгі пештерге темірдің әр түрлі сынығын тасиды.

Асқар таудай зор пештердің әрқайсысы бірден 40 тонна шойын жұтады (бір тонна — 71 пұт).

Заводтың басқа бөлмелеріне (дүкендеріне) керекті сом темір осы арадан таралады. Ол темірлерден басқа бөлмелерде сым, қазан, машинаның әр түрлі бөлік-салақтары жасалады.

Еңбек ері, қызыл ұста Соколов:

— Қазір, соғыстан бұрынғы уақытқа қарағанда екі есе артық сом темір жасайтын болдық. Бұрын 12 сағатта 45-тен 50-ге дейін сом темір жасаушы едік, қазір 8 сағатта 90-ды, кейде 100-ді жасаймыз.

Өніміміз жылдан-жылға артып келеді. Қазір айына 200 трактор жасап шығарамыз. Діқандар біздің тракторымызды мақтап, алғыс айтып хат жазады, — деді.

Сұраулар: “Қызыл путиловшы” заводы қай жерде? Ол заводта не нәрселер істеледі? Заводтың қандай жетістіктері бар? Заводтың кімге пайдасы бар?

Есен. 1. “Қызыл путиловшы” заводы 1929 жылы 112 трамвай вагонын, 87 темір жол вагонын жасап шығарды.

Барлығы қанша вагон жасап шығарды?

Завод 1927 жылы 726 трактор, 1928 жылы 1253 трактор шығарды.

Екі жылда қанша трактор шығарды?

“Сельмаш” заводы. Дон өзенінің бойындағы Ростов қаласында ауыл шаруашылық машиналарын жасайтын бір завод салынып жатыр. Оны қысқартып “Сельмаш” деп атайды.

“Сельмаш” жер дүниедегі ең ірі, асқар заводтың бірі болады.

“Сельмаш” заводы Кеңес Одағының ауыл шаруа машиналары турасындағы барлық мұқтажын жеткізе алатын болады.

Ол машина істеп шығара бастаса, шет жұрттан машина күтіп, қол созып отырмайтын боламыз. Осы күнгі Украинадағы 17 заводтың істейтін машиналарын “Сельмаштың” бір өзі жасап шығаратын болады.

Заводтың салынуы 45 миллион сомға түседі деп шамаланады. 1931 жылы салынып бітпек. Завод жұмысқа біртіндеп кіріспек. 1929 жылдан бастап-ақ қара шаруаларға керекті арзан машиналар жасала бастайды.

Завод салынарда жұмыскерлердің де қажеті еске алынбақ. Олар үшін айырым ас үй, қызыл бұрыштар, балалар үйлері салынбақ. Заводтың жанынан екі үлкен қыстақ салынбақ. Онда көпке ортақ асхана мен кір жуатын орындар болмақшы.

Сұраулар: “Сельмаш” заводы не істейді? Оның істеп шығарған машиналарын кім пайдаланады? Завод салынғанда жұмыскерлердің мұқтаждары қалай еске алынады?

Жүнді іске жарату. Тоқыма өндірісінде жүннен бұл тоқып шығару үлкен орын алады. Жүннен тоқылатын мәуіті, тағы сондай бұлдардың көбі қойдың жүнінен істеледі. Қойдың екі тұқымы бар. Біреуі — меринос қойы, екіншісі — жәй қойлар.

Меринос қойының жүнінен қымбат бағалы бұлдар істеледі. Жәй қойдың жүнінен арзан бағалы бұлдар тоқылады.

Фабрикаға келіп түскен жүн әуелі сорт-сортқа бөлінеді. Содан кейін бәрі тегіс жуылып, кірден, шәйірден тазартылады. Содан соң жүн әр түрлі машинаға түсіп іс көреді.

Жүнді іске жарататын фабрикалардың көпшілігі РСФСР-де, Мәскеу губерниясында.

Заводта

Қабат-қабат салынған
Бұлың-бұлың, болат үй.
Электр шамы жағылған,
“Түр, жұмысшы, киім ки!”
Деп көдегі гүрілдейд.
Үршықтар ойнап билеп би,
Дөңгелектер дүрілдейд.
Машинада қоңыр күй.
Арыстандай толғанып,
Жалын көкке бойлайды.
Жолбарыстай жонданып,
Темір коз тербеп толғайды.
Толғатқандай отты пеш,
Салады бебеу, ойбайды.
Қолы-басы күйелеш
Онымен жұмысшы ойнайды.
Қара тұтқыш қаһарман,
Күйелі қара құмандай
Булыға бұға қақалған.
Түнжырайд түгін тұмандай.
Қызыл темір қылмаңдап,
Орғиды ол оқ жыландай.
Жұмысшының жылдамдай
Қысқашы қысад қырандай.
Шүрқ-шүрқ еткен шойын шоқ,
Қазанда қайнап бітеді.
Бөренедей темір от
Тербеліп тесікті өтеді.
Сол бөрене ұзарып,
Жіптей ұзақ кетеді.
Машина — шеге шығарып,
Зырылдап зырқ-зырқ етеді.
Осыны көрген қазақтың
Ойын мына ой орады:
“Бәріне де жан-жақтың
Осындай оттар толады.
Тегістік деген ұлы үйге
Осылар шеге соғады.
Күндердің сондай күнінде
Біздің де ел сонда болады”

Баспаханада. а) А л ғ а ш қ ы а д ы м. Петька деген бала кітап басуды үйренсем деп көп ойлаушы еді. Бір күні оны баспаханаға шәкірт қылып алғанда, Петьканың қуанышы қойны-қонышына сыймады. Бұны бір ысылған наборщиктің қасына әкеп қосты.

Баспа теретін жәй үлкен бөлме екен. Бұның іші толған жеке-жеке төрт бұрышты жәшіктер. Оларды касса дейді. Жәшік іші бөлек-бөлек көз-көз екен. Әрбір көзінде бір ғана әріптер жатады. Біреуінде “а”, екіншісінде “б”, тағы сол сияқтылар. Әріптер қорғасыннан істелген.

Петька келе салысымен кітап басуға кірісетін шығармын деп ойлап еді.

Олай болмады. Бұны әуелі кассаның жанына әкеліп:

— Сен әуелі көзіңді жұмып тұрып, керекті әріпті тауып алатын болып машықтануың керек, — деді

Петька айналасына қарады. Әрбір кассаның жанында бір-бір наборщик тұр.

Олардың сол қолдарында ұзынша тақтайшасы бар. Оң қолымен кассаға қарамастан керек әріптерін сыпылдатып алып, сол қолындағы тақтайшаларына тізіп жатыр.

Петька бұршақ тергендей екен деп ойлады да, жұмысқа кірісті.

Бірақ жұмыс оңай емес екен. Ол қайта-қайта әріптерді шатастыра берді. Шатасқан сайын ашуланып, күйіп-пісті. Ақырында қатты шаршап, үйіне зорға жетті.

б) Г а з е т т е р қ а л а й б а с ы л а д ы. Бір күні Петька бір жолдасымен бірге газет бөліміне кірді.

Газеттің беттері терілген екен.

Бірақ машинаны жүргізуге әлі көп уақыт бар екен. Сондықтан екі бала үйге қайтты. “Бүгін түнде не қылсам да келіп, машинаның жүргенін көремін” деді Петька.

Айтқанындай түнгі сағат екіде ол қайтадан баспаханаға келді. Машинашы машина жанында әр түрлі қам қылып жүр екен. Бұл машина тіпті үлкен. Бөлменің жартысына таяуын алып тұр. Машинаның ішіне шиыршықтап оралған үлкен бір тең қағазды кіргізіп қойыпты.

— Бұл ротация машинасы. Сағатына 90 мың газет басып шығарады, — десті Петькаға.

— Ал, болды, — деп бір уақытта машинашы айғай салды.

— Бастандар, — деген бір дауыс тағы бір жерден шықты. Машинашы өзінің машинасын тағы да анықтап бір қарап шықты да, содан кейін машинаға электр күшін жіберді.

Үлкен алып сияқты машина:

— Бррррр, — деп дауысын шығарды.

Сол-ақ екен, барлық винт, барлық дөңгелектер, барлық біліктер қозғалып іске кірісті.

Бұрын өлік сияқты болып тұрған машина енді жан біткендей болды.

Дүрсілдеп үлкен дөңгелектер айналды. Шиыршықталған қағаз жылдам-жылдам тарқатыла бастады.

Машинаның ішінде қағаз би билегендей. Бір кезде “ызың”... еткен дауыс шықты да, машинаның ішінен 25 газет шығып, жәшіктің ішіне кеп түсті.

“Ызың”, “ызың” етіп қоңырау үні шығады. Әрбір ызыңның артынан жаңа газет топ-топ болып жәшікке келіп түседі.

Машина бөлімінде тарс-түрс дырду бар. Сондықтан бұның қасындағы адамдар ылғи айғайлап сөйлейді.

Петька бұл жұмысқа таң қалып, ұзақ қарап тұрды. Оның қиялы алға кетіп, бұл газеттердің сатушы балалар арқылы, Шойын жолдар арқылы, талай-талай адамдардың қолына барып жатқанын көріп тұрғандай болды.

Талай миллион газет Мәскеу көшелеріне, барлық шойын жолдармен бар қалаларға, ауылдарға тарап кетіп жатыр.

Барған жерлерінде жұрт газетке анталап, қадалып оқып жатыр. Жаңа хабарлар біледі, жанды сөзді естиді. Бір адам жазған сөз миллион адамға мәлім болады.

Соның бәрін таратып тұрған осы, мына ғажайып машина. Осы тас қабырғаның ішінде тарсылдап тұрған машина.

“Тізушілер”

деген өлеңнің бір үзгіі

Жыпырлаған ұяларда
Толған текше қорғасын,
Үй — құжынаған ұялы орда,
Қорғасынның ордасы.
 Жүйрік қолдар сумандасып,
 Қорғасынды тіздейді.
 Ұядан бір ұяға асып
 Керек әрпін іздейді.
Жыпырлайды сәкілерде
Тізімдердің дестесі, —
Тізушілер қолмен терген
Өнер-білім кестесі.
 Сол қорғасын кестедегі —
 Білімнің сан сырлары.
 Қатар-қатар текшедегі —
 Тіршіліктің жырлары.
Толған ұя жыпырлайды,
Әріптердің ордасы.
Тізушілер қыбырлайды,
Жазушының жолдасы.
 Шапандары қап-қара көк
 Арнап киілген жұмысқа.
 Қыбырласып, қап-қара боп
 Құжынаған құмырсқа.
Қорғасыннан өрнек тізген
Шойын дене жұмыскер.
Тасты ерітіп, жан кіргізген
Жұмыскерден кім іскер?
 Міне, жолдас солар бізбен,
 Тас еріткен жұмыскер!
 Тіршіліктің сырын тізген
 Солар ғана мініскер...
Тізген әрпі 10 жыл тынбай —
Алтын қақпа тарихқа
Түзу тартқан алтын сымдай
Жаңа тұрмыс — жарыққа.
 Он жыл бейнет тізген өрмек,
 Білім-сана халыққа.
 Тізгендерің алтын өрнек,
 Істе, жолдас! Жалықпа.

Мұнай не керекке жаратылады. Мұнай жалғыз отын үшін емес, басқа керектерге де жаратылады. Заводтарда онан керосин, бензин, вазелин сықылды заттар жасалады. Бұлардан басқа мұнайдан машина майлайтын май, түрлі бояу, жұпарлар да жасалады.

Қоп-қоңыр, сап-сасық майдан жақсы иісті жұпарға дейін жасалады деп кім ойлайды!

Мұнай қалай өндіріледі. Мұнай әдетте жердің терең қабаттарында жатады. Оны жер астынан алып шығу үшін жерді тесіп, өзек жасайды. Жерді басы сүйір, енді, ұзын темір тұрбамен теседі.

Бұл сүйір темірді зор машина айналдырады. Жер тесерде тұрбаның ішіне түтікпен су жіберіледі. Су жерді жұмсартады. Тұрбаның сүйір басы жібiген жерді ағаш тескендей үңгірлеп теседі.

Қазылған жердің құмы, топырағы тұрбамен жоғары көтеріліп, айырым бір қанауға барып құйылады.

Жердің тесігі мұнайға жеткен кезде мұнайды зор түтікпен жоғары тартып, кіші-гірім отаудай үлкен ыдыстарға апарып құяды. Онан мұнай жер-жерге таралады.

Сұраулар: Мұнай қандай отын? Мұнайдан қандай нәрселер жасалады? Мұнай қалай өндіріледі?

Кенес Одағындағы мұнай өндірісі

(Миллион соммен есептегенде)

311	372	433	518
1926 жылы	1927 жылы	1928 жылы	1929 жылы

Тас көмірден не жасалады. Тас көмірде түрлі қымбат зат бар. Өте қызулы пеште күйдірсе, тас көмірден жарық газ пайда болады. Онымен фонарь жағады. Көмірдің өзі кокс деген затқа айналады. Кокс — барып тұрған жақсы отын.

Мұнан басқа тас көмірден карболка қышқылтымы, нафталин, түрлі бояу, сия, түрлі дәрі-дәрмек жасалады.

Қанттай тәтті сахарин сықылды заттың тас көмірмен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын сықылды. Шынында сахарин да осы тас көмірден жасалады.

Және тас көмірден түрлі иісті май, жұпар жасалады. Оқ-дәрі үшін керекті және бір қышқылтым да тас көмірден шығады.

Міне, тас көмірдің байлығы осындай.

Сұраулар: Тас көмір неден пайда болған? Қалай пайда болған? Тас көмірден қандай заттар шығады?

Кеңес Одағындағы тас көмір өндірісі

(Миллион соммен есептегенде)

256	326	371	423
1926 жылы	1927 жылы	1928 жылы	1929 жылы

Есеп. 1927 жылға қарағанда 1928 жылы, 1928 жылға қарағанда 1929 жылы қанша тас көмір артық өндірілген, соны есептеп шығыңыздар!

АУЫЛ ШАРУАСЫНЫҢ ДАМУЫ ИНДУСТРИЯЛАУ. СОВХОЗ, КОЛХОЗДАР

Шаруаны бірлестіру жолы — машина. Машина, әсіресе трактор, ауыл-қыстақта шаруа түрін өзгертіп отыр. Жеке, бытыраған ұсақ шаруаны жойып, оның орнына бірлескен ірі шаруа құрмақ. Жеке, ұсақ шаруаны машиналандыру еңбегі өнімді болуы мүмкін емес. Жеке, ұсақ шаруаларды бірлестірмей, оларды машиналандырмай байлардың қанауынан құтқару, еңбектерін өнімді, шаруасын көтеру де мүмкін емес.

Бірлескен еңбекші қара шаруа үшін көп пайдалы, тиімді. Үкімет те бұл жөнде барлық күшін салып, жәрдем көрсетіп жатыр. Аз жылдың ішінде еңбекші қара шаруалардың бәрі де бірлестік шаруаға айналмақ — түгелінен машиналанбақ.

Кеңес шаруасы (совхоз) “Гигант”. Солтүстік Кавказ аймағындағы Сал округінің даласында жақында ғана қоралы қой, үйірлі жылқы жайылып жүруші еді. Ол жайын дала болатын. Далада сыбызғы мен қуыс қурай тартқан қойшы, жылқышының ғана мұңды сарыны естілетін. Қазір ол даладан басқа күй естіледі. Қазірде жым-жырт даланы басына көтеріп азан-қазан қылған 300 трактордың дүрілдеп, гүрілдеген дүбірі естіледі. Бұл тракторлар — Сал округіндегі “Гигант” совхозының тракторлары. “Гиганттың” 150 мың гектар жері бар.

Жер көлемі Мәскеу қаласының көлемінен 25 мәртебе артық. Совхозда ат та, өгіз де жоқ. Ескілік белгісінен еш нәрсе жоқ. Бұлардың бәрінің орнында машина.

Машинадан басқа бар нәрсе — адам.

Бұл адамдар — атшы, өгізші емес, тракторшылар. Бұлар алыс, жақыннан жиылған, бұрынғы батырақ, кедей қара шаруалар. Ішінде толып жатқан комсомолдары да бар.

Совхоз өткен жылы 12 мың гектар қысқы егіндік, 30 мың гектар жазғы егіндік салды. 1929 жылы барлық 150 мың гектар жерге түгел егін салмақ. Жұмыстың ең қызу кезінде совхозда 5 мың жұмыскер, 600 трактор қызмет етеді. “Гигант” совхозы — Кеңес Одағындағы ең зор совхоз. Егіннің түсімін орта

есеппен санағанда ең кемі 200 мың тонна бидай алмақ. Бұл астық Мәскеу қаласындағы барлық адамның жарты жылғы азығы.

Совхоздың кіндігінде клуб, аурухана, мектеп, жұмысшылар үйлері салынып жатыр. Тракторларды түзейтін дүкендер, машина тұратын сарайлар да жасалып жатыр.

Сұраулар: Совхозға қарайтын жердің көлемі қандай? Совхоз үшін машиналардың маңызы қандай?

Машинаны басқаратын кімдер?

Ленин атындағы артель. Біздің ауылдан 40 шақырым жерде бір крестьян қыстағы болушы еді. Сол қыстақтағы 27 кедей, батырақтарды қосып, Ленин атына артель ашты.

Бұл артель басында жарлы еді. Жөнді үйлері де жоқ. Бір тамда 10—15 жас бірге тұрушы еді.

Осы күнде артель 17 жаңа үй, бір мектеп, бір балалар үйін салып алыпты. Үйлері кең, таза. Жақында 10 үй қазанын біріктіріп, ортақ асхана, кір жуатын үйлер салыпты.

Бұның бәрі бір күнде болған емес.

Басында артельдің халы қиын еді.

Алғашқы алған егіндік жері 31-ақ гектар болатын. Басқа жерлері тоғай еді.

Артельдің мүшелері жұмысқа аянбай кірісті. Осы күнде артельдің 230 гектар егіндік жері бар. Сомасы 5 мыңнан 70 мыңға жетіпті. 2 тракторы, 11 аты бар. Әр түрлі машиналары да көп.

Біз артельді бастан-аяқ араладық. Ісінің бәрінде де тәртіп көрдік. Онда әр түрлі газет, журналдар, кітаптар алынып тұрады екен.

Артельдің тұрмысы қай жағынан болса да түзелген, жақсы. Артельдің келешекте мұнан да ілгері басып кетуіне әбден сенуге болады.

Социалдық жарыс. Алматыдағы шұға жасайтын фабрикада жұмыс жансыз, шабан тартып еді.

Әркім “8 сағат істедім, жұмыс бітті” деуші еді. Жұмыс уақытында біреу темекі тартып, насыбай атып, біреулер әңгіме айтысып, қалжыңдасып, біреулері тіпті жай отырысып, талай-талай уақыттарын зая кетіруші еді.

Бір күні жұмысшылардың жалпы жиылысы болды. Жиылыста комсомол Әлжан келіні орнынан тұрып:

— Жолдастар! Газетке қарағанда жер-жердің бәрінде, өндірістерде социалдық жарыс басталыпты. Күн сайын біреу-біреуді жарысқа шақырып жатқанын көресің. Бізге не болды? Біз де неге біреумен күш сынаспаймыз? — деді.

Сол-ақ екен, у да-шу шапалақ.

— Сынассақ сынасамыз!

— Сынасса несі бар?

— Намысымызды жібермеспіз!

— Кіммен сынасамыз? — деген тұс-тұстан көп дауыс шықты.

Сол жиылыста Өзбекстанның жібек иіретін фабрикасын социалдық жарысқа шақырмақ болып қаулы шығарылды. Біраздан кейін жібек иіретін фабрика қабыл алыпты деген хабар келді. Келісімге қол қойылды.

Фабрика жұмыскерлері намысқа тырысып, бұрынғыдай емес, жақсы істей бастады. Өзара бір-бірінің ортасында да бәсеке басталды. Әлжан келіні жанына бірнеше қатындарды қосып алып, еркектермен бәсекелесті.

Бұрынғыдай уақытты бос өткізу қалды. Жұмыс қызды, жанданды. Сонымен біразда жіп иірушілердің жұмыс өнімі бір жарым есе артты. Тоқымашылардың іс өнімі екі есе артты. Шұғаның саны да, сапасы да артты. Жарамсыз нәрсе істеп шығару бұрынғыдан үш есе кеміді.

Сұраулар: Бәсекеден бұрын жұмыс қалай бара жатыр еді? Бәсекенің пайдасы қандай болды?

Швецияда

(Жүргініші әңгімесінен)

Электрдің ауыл шаруасына араласуы. Автомобиль тас жайған тақтақ жолмен қатты ағызып келе жатты. Кішкене тоғайлар, үйлер бірі артынан бірі артымызда қалып жатыр.

Бір кезде шофер (автомобильдің жүргізушісі) алдымыздағы 6 топ үйді көрсетіп, міні біздің отарға да келдік, — деді. Маған отар дегені отар ғана емес, фабрикадай көрінді.

Тоғай арасында темір шатырлы, биік тас үйлер көрінеді. Сарай мен албарлары да біздің албарлардай емес, өздері бір кіші-гірім завод сияқты.

Біз қақпаға кіріп, отар бастығының үйінің алдына тоқтадық. Көңілді жүзбен жымыған бір адам үйдің алдына шықты.

— Мен управляющий Стеркимін, — деп маған танысты да, бөгелместен отарды қарайық деді. Біз әуелі сиыр қораға келдік.

Бұның аты ғана сиыр қора. Қораның асты цемент. Голланд сиырының нәсілінен болған бірнеше сиыр тұр. Бәрінің де жеке-жеке тұратын орыны бар. Кең, таза, алдарында жем жейтін оттықтары.

Сиырлардың жанынан рельс салынған. Бұнымен арбаға салып, сырғанатып жем әкеліп тұрады. Сиырлардың астына төсеуге шымтезек дайын тұр.

Мен бір жұмыскердің сиырды жуғанын көрдім. Жуып болған соң сиырдың үстіне бір машинаны іліп қойып, сиырдың емшектеріне апарып кішкене түтікшені кигізді. Содан кейін барып электрді жүргізді. Біраздан соң сиырдың астына қойған үлкен темір шелек емізіктеп сүтке тола бастады.

— Бұл электр сауыншы. Жарты сағатта бес машинамен 45 сиыр сауып аламыз. Сол бар сиырды саууға екі жұмысшы жетеді. Сауып алған сүтті аз уақыт қана салқындатамыз да, тезінен қалаға жібереміз, — деді бастық.

Жұмысшылар бір сиырдан соң екіншіні сауып жатты. Үйреніп алған сиырлар былқ етпей тұрып, жемін жей береді.

— Жем беру жұмысы көп уақыт алады. Бірақ біз бұл жұмысты да машинамен істейміз, — деді Стерки.

Біз қораға, тысқа шықтық. Қорада үгіткіш машина жақсы жемді, жмыхты үгіп жатыр екен.

— Біздің жұмысшыларымыз осындағы бар машиналарды да жүргізе біледі. Бұл қиын жұмыс емес. Машина “сынған, бүлінген” деген сияқты уақиғалар бізде болмайды. Машинаға күтім жақсы болса болады.

Оның есебіне жұмыскер тіпті аз керек. Сіздер де қыстақтарыңызға электр кіргізе бастады деп естіп едім, — деді. Мен бізде не істеліп жатқанын айтып:

— Бірақ сіздерден көрі бізге бұл істерді ретке қою қиынырақ. Біздің мемлекетіміз өте үлкен. Онда шаруаға электр

кіргізу үшін көп жұмыстар істеу керек. Қыстақты электрмен жарықтандыру қазір бізде де реттеліп келеді. Крестьяндар өзендерге станция салып, қалаларына электр отын апаруға көңілді кіріседі, — дедім.

— Жүріңіз, мен сізге біздің салам мен тұқым сақтайтын сарайларымызды көрсетейін, — деді Стерки. — Егер бір-екі жұма кейін келсеңіз, біздің астық түйгенімізді көрер едіңіз, — деді.

Содан кейін біз үлкен сарайды көріп, аралап шықтық. Сарайдың бір бұрышына мотор орнатыпты. Мотор электр күшін қорытып шығарып, отардағы барлық машиналарды жүргізеді. Ол машиналар астық түйю, тұқымды сорттау, салам тасу сияқты жұмыстарды істейді. Дәні алынған саламды машина жалпақ жіппен орап алып, сарайдың бұрышына апарып түсіріп тұрады. Бұған керек десе айырдың да қажеттігі жоқ.

Стерки саламның қалай тасылатынын көрсетпек болып электрді жіберді.

Іріктелген қара бидайды қапшық-қапшық қылып үйіп қойыпты. Оны да көрсетті.

Біз далаға шығып, мал жайылатын жайылыстарын да көрдік. Қайтарда тауықтар тұратын жеріне кіріп едік. Онда түн бойы электр жанып тұрады екен.

— Жарық болып тұрса тауықтың жұмыртқалауы өнімді болады, — деді Стерки. Кешке Стерки мені шойын жол станциясына шейін шығарып салды.

Пароход. Бұл уақиға 1807 жылы 11 августа болған. Гудзон дариясының жағасына жиылған жұрт қалың еді¹⁴⁹. Нью-Йорк қаласының барлық халқы тамашаны көруге келген болатын. Пултон деген ағылшын кеме жасапты¹⁵⁰. Кемесі күректі, кенепті керек қылмайды. Бумен жүреді деседі. Кеме жағада тұр. Үлкен мұржасынан түтін шығып, ұшқыны шашылып жатыр.

— Жүрер ме екен, жүрмес пе екен? — деседі жұрт.

Көпшілік:

— Жүрмейді, деп күлісіп мазақ етеді.

Сүйтіп тұрғанда кемеңіз зор дауысы шықты. Үлкен дөңгелектер суды шалпылдатып ұра бастады. Кеме орнынан қозғалып дарияны өрлеп жүріп берді. Халық аңырайып, сілесі

қатып тұрып қалды. Біраздан соң қуаныштан айғай салысып, пароходтың артынан шұбыра бастады. Бірақ пароход барған сайын жүрісін тездетіп, біразда көзден ғайып болды. Осыдан екі жұма өткен соң газеттерде жарнама шықты: “Пароход жұмасына екі рет Нью-Йорктен Албан қаласына кісі тасиды” деген. Тағы да жағаға көп халық жиналды. Бірақ пароходпен жүруге ешкімнің батылы бармады.

Аяғында пароход Албан қаласына пассажирсыз кетті. Өзен үстінде бұл келе жатқанда жолдағы жұрт шошып қарады. Бұны жел, ағынды елемейтін шайтан деп білісті. Түнде көрген жұрт шошынғанынан далаға қашып тығылатын болды.

Пароход Албан пристанында қайта жүрмекке дайындалып тұр еді.

Пароходтың палубасында Пултон жалғыз өзі ғана. Бұдан басқа от жағатын жұмыскерлер мен жалпы қызметшілер ғана бар. Бір уақытта Пултонның жағадағы бір адамға көзі түсті. Ол қолында жүгі бар, топты жарып келе жатқан бір америка адамы екен. Пароходқа мінді.

Пултон:

— Сізге не керек? — деп еді.

— Сіз кісі тасимыз деп газетте жарияладыңыз. Мен Нью-Йоркке бармақшымын. Міні, ақшаңыз, деп Пултонның қолына ақша салды.

Пултон ақшаға қарап тұрып, өзінің ырзалығын қалай айтуды біле алмады.

— Әлде бұл аз шығар? — деді пассажир.

— Жоқ, білесіз бе, бұл менің бірінші ғана табысым. Маған сенген бірінші адам сізсіз. Менің сізге ырза болғандығым соншалық, шамам келсе сыйлар едім. Бірақ нансаңыз түк қаражатым жоқ. Сенімен біз тағы да кездесерміз. Ол күнде менің ісім түзелген болар. Сонда осы бүгінгі күнді еске алармыз, — деді қуанған Пултон.

Істің басы осы еді. Аз уақытта жұрт пароходтан қорыққанды қойды.

Пассажир күннен-күнге молаятын болды. Басқа мемлекеттерде де пароходтар пайда болды. Аяғында пароход дарияда ғана емес, теңіздерде де жүретін болды. Мезгілден мезгіл өткен сайын пароходтың жасалуы да шеберлене берді.

Осы күнде ұзыны 140—150 метр үлкен пароходтар жиі кездеседі. Бұндай пароходтардың сағатына 35 километр жүретіндері бар.

Пароходта пассажирларға арналған жақсы жайлар бар. Азық мол болып алынады. Ішінде театр ойналатын, газет басылатын, радиомен құрғақта болып жатқан уақиғалардың бәрінен хабар алып отыратын болды. Бүгіндегі теңіз пароходы — ағып жүрген қала есепті. Бұл қаланың көшелері, бақшалары да бар. Үлкен пароходтағы пассажирдың саны 4 мыңға шейін болады.

Ең әуелгі машина қалай жүрді. Осыдан 100 жыл бұрын ағылшында жаздың ашық бір күнінде, жасыл шалғында бірнеше сиыр жайылып жүр еді. Шалғын ортасымен өзен ағатын. Сол өзеннің жағасында малшы бала Георг Стефенсон отыр.

Анадай жерде сиырлардың иесінің үйі көрініп тұр. Оның ар жағында Байлам деген жұмыскер қаласы. Қаладан әрі тас көмір заводы көрініп тұр. Онда тынымсыз жұмыс қайнап жатыр.

Жүздеген адамдар жер астында тас кеміріп, көмір қазып шығарып жатыр.

Кейбіреулер көмірді тысқа шығарады.

Сол заводта Стефенсонның әкесі де жұмыс істейді.

Бұның үйі кедей, тұрған үйлері шатыры тозып құлаған, ескі үй. Сол үйде бұлардың өздері сияқты тағы үш кедейдің үйі іші тұрады. Олар да көмір қазушылар.

Бір күні Георгті жылына 12 сом беріп малшылыққа алмақшы болып біреу шықты. Бұған әкесі қуанып кетті.

Үйткені, үй ішінің басы кемиді, оның үстіне аз да болса ақша табады.

Баласына сабақ оқыту дегенді ол кезде ешбір жұмысшы ойлай да алмайтын.

Сонымен кішкене Георг сиыр баға бастады. Бұрын ол әкесі жүрген кенге барып, сондағы машиналардың ісін көруге құмар болушы еді. Қазір ондағыдай бара беруге болмайды. Не қылу керек?

Ақырында өзеннің жағасында да оған қызықты нәрселер табылды. Бала өзеннің дәл жағасына келді, бұл арада оның

ойыншығы тығулы. Ойыншығы заводтың ағаш арбалары сияқты. Одан басқа өзенге орнатқан кішкене тиірмені де бар.

Георг өзінің тиірменінің жүрісін тамашалап отырғанда өзен жағасына тағы бір бала келді. Бұл Георгтің әрі жолдасы, әрі құрдасы Том еді. Екеуі амандасқан соң Георг:

— Том, менің не ойлап тапқанымды білдің бе? Кел, екеуміз бірігіп, заводтағы жүк көтеретін машинадай машина жасайық.

Ол кезде бумен іс істейтін машиналар бар еді. Бірақ шойын жолдар жоқ болатын.

— Машинаны неден жасаймыз?

— Неден жасайтынды табамыз, — деді Георг.

— Олай болса неменесі бар, кел істейік, — деді Том.

Сонымен екі бала іске кірісті. Бірнеше күннен соң машина әзір болды. Бұл кәдімгі заводтың машинасындай. Сондай жұмыс істейді. Бірақ кішкене, ойыншық машина.

Георгтің машинасы аз уақытта маңайдағы жұрттың бәріне мәлім болды.

Бұны көруге маңайдың балалары ғана емес, үлкендері де келетін болды.

* * *

Арада бірнеше жыл өтті.

Георг азамат болып қалды. Оның тілегі орындалып келе жатты. Қазірде ол әкесімен бірге заводта машина жанында іс қылады. Жасы 14-те ғана болса да, ол үлкен жұмысшылардың білмейтінін біледі. Олар істей алмайтын жұмысты да істейді.

Ұдайы машинаның жанында болғандықтан, Георг машинаның қалай жасалғанын әбден зерттеп біліп алды.

Бұның білімін жұмыс басқарушылар байқады да, баланы күннен-күнге үлкен жұмыстарға өрлете бастады. 18 жасында ол жүк көтеретін машинаны басқарушы болып сайланды. Ол машина көмірді терең ошақтан сыртқа көтеріп шығаратын.

Тағы біраз жылдан соң, оны заводтың машинисі қылып сайлады.

Стефенсоннан бұрын да әрбір машинашылар бу машинасына дөңгелек жасап, сонымен ат орнына жүк тартқызу керек деген ниет ойлаушы еді.

Сондай бір машина талай аттың жүгін тартатынын олар білуші еді.

Бірақ сондай машинаны жүргізу ешкімнің қолынан келмеген.

Көбі паровозды нашар қылып жасайтын. Және машинаны жәй жермен жүргізу мүмкін емес болған, дөңгелегі жерге кіріп жүрмей қоятын-ды.

Кей жерлерде завод ішінде рельс салатындар болды. Бірақ рельсті ирек-ирек қылып жасап, дөңгелекті де ирек тісті қылып істейтін. Бұндай машина қатты тарсылдап, даурыққаны болмаса, жүрмейтін болған. Ол кездегілер дөңгелектің табаны тегіс болып, рельс тегіс болса, арба жүрмей, бір орында құр айналып тұрып алатын шығар деп ойлаған.

Стефенсон осы пікірдің теріс екенін тапты.

Ол өзінің үйінде кішкене паровоз жасады, бұның дөңгелегінің табаны тегіс еді.

Соны тегіс рельстің үстіне қойып, жүргізіп көріп еді, жүріп кетті.

Тәжірибесі жақсы болып шықты. Осыдан кейін Стефенсон бір завод иесіне кеңес берді. Табаны ирек дөңгелекті, ирек рельсті таста да, тегіс рельс, тегіс табанды дөңгелек жаса деп. Осы кеңеспен іс істеп еді, машина жақсылап жүре бастады.

Осыдан кейін Стефенсонға өз жобасымен паровоз істеп беруді тапсыратындар көбейді. Стефенсон паровозды бірінен-бірі артық қылып жасап шығарып жатты.

Бір күні ол тұрған қыстаққа бір хат келіпті. Хаттың сыртына:

“Инженер Стефенсон мырзаға” деген жазу бар екен. Хат тасушы “инженерді” іздеп көп жүрді. Таба алмады.

Аяғында бір әйел:

— Ойбай-ау, әлде біздің Георгке жазылған шығар! — деп Георгтің үйін көрсетті.

Хатта Стефенсонға жақсы ақы бермекші болып, бір үлкен жұмыс тапсырыпты.

Жұмысы: бір-екі қаланың арасына 13 километр жерге шойын жол салып беру турасында екен.

Стефенсон қатты қуанып, іске кірісті.

Жұмысы іс болып шыққанша көп қиындық, бөгеттер көрді. Үйткені бұндай ниет іс болады дегенге ешкім сенген жоқ. Бірақ сүйтсе де екі жылдан соң 1825 жылы жұмыс бітті. Тамашаға жиылған қалың елдің алдында Стефенсон өзі салған жолмен, өзі жасаған паровозбен жүріп өтті. Жүрісінің шапшаңдығы ол заманда естілмеген шапшаңдық еді. Сағатына 18 километр жүретін тездікпен жүрді.

Жұрт қатты таңданды.

Бірінші шойын жолмен бірінші машина осылайша жүрді.

Аз уақытта осы жолмен тас көмір, тағы басқа жүктер тасуға кірісті. Содан біраз өткен соң адамды да таситын болды. Жолдың ешбір қаупы жоқ екенін жұрттың көзі көрді.

Стефенсонның атағы барлық ағылшынға, одан әрі барлық дүниеге жайылды.

Талай жерлерден шойын жол салып бер деген шақырулар алды. Стефенсон соның бәріне де барып, тоқталмастан істеп жүрді.

Артынан Стефенсонның баласы Роберт ер жетті. Ол оқу оқып, инженер атын алып еді. Оқымысты баласы да әкесіне жәрдемші болды.

Баласымен қосылып Стефенсон өзінің білімін толтырды. Ақырында оның өзі салған жолдармен жүретін поездар бұрынғысынан да тезделіп, сағатына 45 километр жер жүретін болды.

Бұл табысымен Стефенсонның адам баласына келтірген пайдасын санап бітіруге болмайды. Бұрын атпен бірнеше айларда көп бейнет, көп қауіппен зорға жеткізетін ауыр жүктерді от арба бірнеше сағат, я бірнеше күнде оп-оңай жеткізеді. Шойын жол түскен соң жер үстіндегі тіршілік те тез өзгеріп кетті.

Бірақ елдің көбі жаңалыққа оңай көне алмайды. Шойын жол жайында да солай болды. Көпке шейін шойын жолға сенімсіздікпен қарап, отарбаның ішінде шайтан отыр деп жүргендер де болды. Кей жерлерде крестьяндар отарбаның

жолына құдайдың суретін алып шығып тоқтатпақшы да болысты.

Құйрықты жұлдыз. Тамаша қала. Ленинградтан 125 километр жерде бір тамаша қала бар. Оны еңбекшілер ақыны Демьян Құйрықты жұлдыз дейді¹⁵¹.

Себебі, қараңғы түнде оған аспанға қарай шашырап жарқыраған құйрық пайда болады.

Бұл — Волхов өзеніндегі электр станциясы. Ленин атына салынған станция.

Бұл станция қалай салынды. Бірнеше жыл бұрын Волхов өзенінің бойы тып-тыныш еді. Машинаның айғай-шуы, отарбаның тарсыл-күрсілі естілмеуші еді.

Қараңғы түнде аспанға от шашқан құйрықты жұлдыз да жоқ еді. Жалғыз-ақ асау тентек, бұйра жал қарт Волхов қана жағадағы қия жартасқа соғылып, гүрілдеп жатушы еді.

Әлдеқандай бір күні қоңыр киінген бірнеше жүз адамдар келді. Қолдарында әр түрлі құрал-саймандары бар еді — балға, балта, ара, күрек, шеге...

Маңайдағы қара шаруалар күлісті. Шақырмай келген қонақтардан:

— Сендер кімсіңдер? Неге келдіңдер? — деп сұрасты.

Келгендер:

— Электр орнатамыз, — деген жауап берді.

— Электр орнатамыз дейді, — деп қаба сақал қарт мұжықтар онан әрі күлді.

Қоңыр киінгендер шіміркенген жоқ. Балта тарсылдады. Ара ызылдады...

Баяғының ертегісіндей бір күні кешке қарт Волховтың үстінен жарқырап жұлдыз туды. Жұлдыз өрттей жанып, маңайына от шашты.

Су ортасынан салынған салтанатты сарай көрінді. Жұлдыздың жарығымен шағылысып алтындай жалт-жүлт етті. Бұны көріп маңайдағы халықтар, қаба сақал қарт мұжықтар аузын ашып қайран қалды.

Қазірде Ленинградтың барлық фабрика, заводтары сол станцияның электрімен жүреді.

ЕҢБЕКШІ ТАБИНЫҢ ЖЕҢУІ, ЕҢБЕКШІЛЕР МЕЙРАМДАРЫ

1917 жылы октябрьде. Биік мұржалардан будақтап шыққан түгін көрінбейді. Машиналардың тарсыл-тұрсылы, айғай-шуы естілмейді. Фабрика жым-жырт.

Екі жұма болды, фабриканы ақтың әскері қоршап алған. Сонан бері мылтықтың оғы жаңбырдай жауады.

Фабрикадағы қызыл әскердің бастығы Штарковтың неше күннен бері көзі ілінген жоқ. Түсі сап-сары боп жүдеп кеткен. Сонда да тыным таппай әмір беріп жүр.

Штарковтың айналасы толған мылтық, үйіліп жатқан оқ. Екі жағында екі пулемет.

Бір мезгіл мылтық асынған ұста Мышин кіріп келді.

— Юнкерлер* екі рет ақ жалау көтерді. Таяй берсек, пулеметпен бытырлатады. Бізден қырық адам жоқ болды. Құрысын юнкерлер¹⁵²! — деді.

Мылтық даусы жиіленіп, атыс күшейді. Жұмысшылар мен солдаттардың райын қайтармақ боп, байлар бар күшін салып жатыр.

Штарков жолдастарымен жүгіріп көшеге шықты.

— Сол жақтан, бір-бірлеп, — деген жарлық естілді.

— Ал, шаппа-шап! — деген Штарковтың дауысы саңқ ете түсті. Штарков алға қарай ұмтылды. Қызыл отряд жауға қарсы лап берді.

Қызыл әскердің тегеурініне шыдай алмай, юнкерлер сығылып шегіне берді.

Жұмысшылар тұрған үйлердің тобесінен желбіреген қызыл тулар көтерілді. Жалынды, жігерлі күй тартылды.

Бірнеше күннен кейін, биік мұржалардан будақтап түгін шықты. Жым-жырт тұрған машиналар тарсылдап, гүрсілдей бастады. Олардың дыбысынан жаңа күй, жаңа үн естілді.

* “Юнкер” деп патша заманындағы әскер мектебінде тәрбиеленгендерді айтады. Октябрь кезінде олар қолдарына қару алып, кеңес үкіметіне қарсы тұрған.

Фабриканың бұрынғы қожасы жуан қарын Лампас байдың бөлмесінде енді жұмысшы Штарков отыр. Оның тұсында “Қызыл директор”^{*} деген жазу ілулі тұр.

Сұраулар: Фабрика, заводты бұрын кім билеуші еді, олар кімдікі болушы еді?

Қазір кім билейді, кімдікі?

Бірінші төңкеріс. Патшаға соқыр сенудің құрбаны болып, 1905 жылы январьда Петербургта мыңдап адам қырылды. Бұлар төңкеріс құрбанының бірінші мыңы еді.

Ұрланып көмілген өліктің бұл бірінші мыңы бүкіл Ресей еңбекшілерінің ұйқысын шайдай ашты.

Екі миллион жұмыскерлер бір адамдай көтеріліс жасады. Біз енді құлдыққа көнбейміз деді.

Жұмыскерлерге еріп қара шаруалар көтерілді. Өздерінің қанаушысы — алпауыттарға қарсы тұрды.

Бұлардың көтерілісін көріп, солдат пен матростардың қаны қызды. Олар да көтерілді.

Үкімет те қарап жатпады. Бар күшін жиды. Оның артынан барлық сатымсақтар, қанішерлер, көз жоқ соқырлар ерді. Ұлт арасына араздық сеуіп, дүниені қан жоса қылып, бас көтергендердің бәрін тұншықтырып өлтірмек болды. Аяусыз, рақымсыз қан төгісі болды.

1905 жылғы төңкеріс қызыл қанға боялып тұншықты. Бірақ ол жылғы құрбан болған өліктердің үстінен 1917 жылғы екінші, үшінші төңкеріс туды. Біздің бірінші Кеңес үкіметіміз туды.

Енді бүкіл жер дүние төңкерісі туғалы келеді. Бүкіл жер дүниенің кеңес республикасы туғалы келеді. Бұлар еріксіз туады, тумай қоймайды. Біздің бірінші төңкерісімізде құрбан болған ерлердің бәрін бірдей ешкім де білмейді. Біле де алмайды. Үйткені олардың саны көп тым көп. Бірақ олардың қаны бекерге шығып зая кеткен жоқ. Бос төгілген жоқ.

Қазірде оларға күн сайын ескерткіш сарайы салынып келеді. Ол сарай барған сайын жылдам салынып келеді.

^{*} “Директор” деп, фабрика, завод сықылды өндіріс орындарының бастығын айтады.

Ол ескерткіш сарайдың аты жер дүние ортақшылдығы.

Төңкеріс жолында

(“Смело, товарищи, в ногу” өлеңінің әнімен айтылады).

Жас әскер — кеңестің ерлері,
Төңкеріс жолында жаны,
Майданға бастарын бергені,
Езілген еңбекші — ел қары.
 Жау жүрек, қажымас арыстан,
 Жаңалап жайнатар елін,
 Оқ атып байлармен шабысқан,
 Қайратты босамас белім.
Көсемім коммунистер майданында,
Жөн сілтер теңдікке ақылшы,
“Ерлер” деп, шақырса майданға,
Дайын тұр! Дүние жалшысы.
 Қыраннан қырағы көзіміз.
 Дос қандай, дұшпан кім бізге?
 Қырымнан болжаймыз — көреміз,
 Жау түссе саламыз тізеге...
Басамыз күн сайын ілгері,
Міндет сол — дүние жаңарту,
Тілектес, кедей жас, кел бері,
Қосылсын — ұлы, ұран шу...
 Қаруым — зеңбірек, винтовка,
 Ұшсам тұр — аэропланым,
 Көк өрлеп шығамын шетке,
 Төңкеріс жолында — ұраным!..
Зеңбірек дүрілде-дүрілде,
Жауың мол әлі жан-жақта.
Дұшпанға уың шаш — гүілде,
Төңкеріс жолында анықта!..

СССР-ді қорғау жұмысы барлық ұлттардың, еңбекшілердің міндеті. Одақты қорғау жұмысы бір-ақ ұлтқа тапсырылуға бола ма? Біздің Одақта ұсақ ұлт пен ұлттардың бәрі де тең дәрежеде. Сондықтан Одақты қорғау бірақ ұлттың міндеті емес. Бәрінің де міндеті. Бізде бір ұлтты жоғары, бір ұлтты төмен санау жоқ. Сондықтан міндет те бәріне ортақ болады.

Олай болса, қызыл әскер бөлімдерін жасауға ұлт-ұлттың бәріне де ат салысу керек.

Бұл жұмыста да Кеңес үкіметі патша үкіметінің саясатына қарсы саясат қолданады. Патша заманындағы әскердің ішіне езілген ұсақ ұлттардан солдат алып кіргізбейтін. Мысалы, Орта Азия халықтары бұрын түгелімен солдатқа алынбайтын еді. Бұларды патша үкіметі езіп отырғандықтан, жігіттерін солдатқа алудан қорқатын.

Езілген ел құралданған солдатты болса, бір күн болмаса бір күнде патша үкіметінің өзіне қарсы көтеріліс жасауға болар еді.

Патша үкіметі осыдан қорқатын. Ол үкіметтің сыртқа айтатын дәлелі: “Бұл елдердің адамдарының дене бітімі әлсіз. Сондықтан солдат бола алмайды” дейтін.

Онысы сөз емес екендігін бүгінгі күн көрсетіп отыр. Қазірде ұсақ ұлттардың жігіттері қызыл әскердің ішінде жақсы қызмет етіп жүр.

Кеңес үкіметі бұрын бұратана деп саналған елдердің шаурауы өсуге, білім өнері өсуге көп еңбек сіңіріп отыр.

Сондықтан Октябрь төңкерісінің ісін қорғау теңдік алған ұлттардың бәрінің де міндеті деп саналады.

Бізге дүниенің байлары жау. Солардың жаулығынан одақты қорғауға барлық ұлттар да дайын отыру керек.

Әскердің ұлттық бөлімдері, барлық қызыл әскердің өзі сияқты — еңбекшілерден ғана құралады.

Біздің тап жауымыз болған бай, молда, ишан, төре балалары Кеңес республикаларын қорғай алмайды. Оларға құрал берілмейді. Ондайларға соғыс өнері үйретілмейді.

Ондайлардың әскерлік қызметі қызыл әскерге керек болған қара жұмысты істеу болады.

Қатардағы әскер мен бастық атаулының барлығы бірдей еңбекші таптың азаматтарынан болу шарт. Қызыл әскердің патша әскерімен айырылатын зор ерекшелігінің бірі осы жерде.

Қызыл әскер — тыныштық тірегі. 1918 жылы 23 февральда Кеңес үкіметінің жарлығы бойынша жұмысшы — қара шаруа қызыл әскеріне негіз салынды.

Азамат соғысының кезінде қызыл әскер қиын-қыстау кезеңнен, ауыр сыннан бөгелмей жақсы өтті. Жер дүниедегі бірінші Кеңес республикасын буындырып, өлтірмек болған

қалың жаудың күлін аспанға ұшырып, тас-талқанын шығарды.

Қызыл әскердің жауынгерлігі, қайраттылығы арқасында Кеңес Одағының еңбекшілеріне тыныш тұрмыс құруға мүмкіндік туды.

Бұл тыныштық бізге арзанға түскен жоқ. Бұған ауыр күрес арқылы жеттік. Осы күрес арқылы өзімізді жауымызға таныта білдік.

Біз капиталшы шет жұрттармен тыныш-тату — шаруашылық байланысын жасауға тырысамыз. Біз жаңадан соғыс бастап, қан төгіспес үшін қолымыздан келгеннің бәрін істедік. Келешекте де соны істемекпіз. Біздің саясатымыз — тыныштық саясаты.

Бірақ капиталшылармен тату болу жалғыз біздің ғана қолымызда емес. Капиталшылар тілесе, қай күні татушылықты бұзып, қолына қару алып, бізге қарсы тап бермейді деп сенуге болмайды.

Біз тыныштықты тілейміз. Бірақ жауымыздың бізді тыныш қоймауы мүмкін. Еріксіз қолымызға мылтық алғызуы мүмкін. Біз бұны әрқашан күтіп тұруымыз керек.

Сондықтан шаруашылықты көтерумен қатар қызыл әскерді күшейтуіміз керек.

Сақ болындар, құлақтарың түрулі болсын. Қызыл әскерді екі көзіңнің біріндей күтіндер. Қызыл әскердің күшін әлсіретпедер деп Ленин жолдас бізге өсиет айтып кеткен.

Кеңес Одағындағы еңбекшілердің бұны ұмытпауы тиіс. Біздің сенімді қорғанымыз — қызыл әскерді күшейту жөнінде Кеңес үкіметіне жәрдем беруі керек. Неғұрлым қызыл әскер мен қызыл кеме күшті болса, солғұрлым жауымыз капиталшылардың жігері құм болады. Солғұрлым, соғысуға олардың батылы бармайтын болады.

Сұраулар: Біз неге соғысқа дайын болуымыз керек? Соғысқа дайын болу үшін не істеуіміз керек?

Ленин Сібірдің қыстағында тұрғанда*. Шушен қыстағына біз ымыртта келдік¹⁵³. Владимир Ильич аңға шығып кеткен екен. Біз аттан түскен соң, бір кішкене үйге келдік. Сібірдің Минусин округінде крестьяндар таза тұрады¹⁵⁴. Едендерінде өздері тоқыған жәймалары бар. Үйдің

* Крупскаяның әңгімесінен.

кабырғалары ағартылған. Владимир Ильичтің бөлмесі үлкен болмаса да, таза екен.

Бір кезде аңнан Ильич қайтты. Бөлмесінде жарық жанып тұрғанға танданып, басқыштан асығыс көтеріліп келеді екен. Мен алдынан шықтым.

Бұл түні ұзақ сөйлестік. Ильичтің саушылығы жақсы екен. Ажары тың, күйлі көрінді.

а) **Достары.** Ильичтің аса жақсы көрген бір танысы Журавлев деген крестьян еді.

Өкпесінің ауруы бар, отыз жастар шамасындағы адам еді. Бұл ешбір әділетсіздікке мойынсұнбайтын, байларға қорықпай қарсы шығатын.

Ильичтің екінші танысы тағы бір кедей болатын. Онымен аңға бірге баратын. Бұны Сосыпатыч деп атайтын. Өзі ең бір ақылы шағын мұжық еді. Бірақ Ильичке ықыласы шын болатын. Одан әр уақыт Ильичке әр түрлі қызық сыйлар келетін. Кейде тырна сыйлайды, кейде кедр ағашының бүрін де сыйға беретін.

б) **Қалай тұрдық.** Біз келгеннен кейін аздан соң бұрынғы пәтерден шығып, екінші орынға көштік. Бұнымыз бір үйдің жартысы еді. Өзінің огороды, қорасы бар. Барлық пәтер ақы — айына төрт сом. Бұнда кәдімгі үй болып тіршілік еттік. Мен шешем екеуіміз пеш айналасында боламыз. Әуелде мен ас пісіре алмай, сорпа толған шөңкені пеш ішіне төгіп алып та жүрдім. Бірақ артынан, үй шаруасына үйреніп алдым. Огородымызда: қияр, маркоп, свеклі, асқабақ сияқтылар өсті. Мен огород күтіп өсіргеніме қатты мәз едім.

Аздан соң қорамызды бақшаға айналдырдық. Тоғайға барып хмель алып келіп, бақша жасадық. Жақында алған хабарыма қарағанда, осы күнде сол үйде комсомолдардың ұясы тұрады екен.

Қораның ішінде бір латыш тұрушы еді. Оның 14 баласы болған екен. Бірақ өзге бар баласы өліп қапты, аман қалған жалғыз Менке екен. Бұл алты жасар, арық, ашаң жүзді, көзі жақсы бір бала еді. Өзі сөзді салмақты қылып сөйлейтін. Менке біздікіне үйір болып алды. Таңертең біз тұрар-тұрмастан есік ашылады. Қарасаң, басына үлкен бөрік киген, шешесінің бешбетшесіне оранған кішкене Менке кіріп келе жатады. Кірісімен қуанышты дауыспен:

— Мінеки, мен де келдім, — дейтін. Менің шешем бұл баланы барынша жақсы көретін. Ильич те үнемі қалжындап, алысып ойнап жүретін. Менке соны біледі де, өзін бізге бағалы кісі санайды.

в) **Ау.** Ильич екеуіміз де ертемен кетіп, оқуға, жұмыс қылуға кірісеміз.

Бірталай уақыт жұмыс істеп кеп, артынан көп уақыттар жаяу сейілге шығамыз. Ильич қалың мықты булдан шалбар тіккізіп алды. Содан кейін көлден-көлге кезетін. Кейде тоғайдың алаңына шығып тұрсаң, құрдың ағаш тоқылдатқан дыбысы естіледі.

Ильич аңшылыққа қатты құмар еді. Бірақ өте қызулы аңшы болатын.

Күздің бір күнінде тоғай ішіндегі жолмен келе жаттық. Ильич:

— Қоян кездесе, атпаймын. Үйден қайыс алуды ұмытып кетіппін. Алып жүруі қиын болады, — деді.

Сүйдеп келе жатқанда бір қоян ата жөнеліп еді, Ильич басып салды.

Күз өтіп, қысқа жақындаған уақытта Енисей суының үстінен ұсақ мұз жүре бастады. Осы кездерде аралдарға қоян атуға барып жүрдік. Бұл уақытта қоян ағарып қалған. Жер қара. Қашқанмен, аралдан ешқайда кете алмайды. Айналада қойша жайылады. Сондайда біздің мергендер қайық толатындай көп қоян атып алатын.

Кейін суық түсті. Өзен қатты. Бірақ қар әлі жауған жоқ. Сол кезде өзен үстімен ұзап жүріп кетеміз. Мұз астында әрбір тас, әрбір балыққа шейін көрінеді. Су асты ертегінің патшалығы сияқты көрінеді.

Қыс болғанда өзендер түбіне шейін қатады. Су мұздың үстімен кетіп, аздан соң тағы да мұз болып қатады. Мұз қабат-қабат болып қатады.

Кейде екі километрдей жер сырғанап отырасың, сондай майысқақ қабат мұздың үстімен. Осындайдың бәрін Ильич қатты жақсы көруші еді.

8 Март. 8 март күні 1910 жылдан бері қарай мейрам етіле бастады. Бұл мейрам Клара Цеткиннің* ұсынысы бойын-

* Клара Цеткин — әйел. Герман жұмысшыларының ескі көсемі. Жер дүниедегі ортақшыл әйел қозғалысының көсемі. 1927 жылы 70 жасқа жетті.

ша, социалшыл әйелдердің жер дүниелік екінші съезінде Даниядағы Копенгаген деген қалада қабыл етілген¹⁵⁵.

Әйелдер күні Ресейде 1913 жылдан бастап мейрам етіле бастады.

Жер дүниедегі ортақшыл әйелдердің күні бүкіл дүние еңбекшілері үшін мейрам күн. Бұл күн әйелдерді теңдікке, бостандыққа жеткізу жөніндегі табыстарды еске түсіріп, есепке алатын күн.

Бұл кезде барлық еңбекшілердің үлкен жолынан шетте тұратын, бұрынғы әйелдер жоқ.

Европадағы ортақшыл партиялар әйелдер ортасында үлкен жұмыстар істеп жатыр. Артта қалған күншығыс әйелдері де үй ішіндегі құлдықтан, ескі әдет-ғұрыптың езгісінен құтылу үшін күресуге кірісті.

Бізде болса әйелдер еркіндікке толық ие болды. Әйелдер тең, теңшілдік тұрмысын құрысу жұмысына тартылды.

Бұл жөніндегі табысымыз көп.

Кеңеске сайланған әйелдердің саны күн санап артып келеді. Кооперативке, ерікті қауымдарға, ұйымдарға жазылған, тіршілікке, мектепке, үйірмелерге, кеңес мекемелеріне кірген әйелдердің саны да күн санап артуда.

Ақыры ортақшыл партияға мүше болған әйелдердің де саны көбейіп келеді. Табысымыздың зор екендігінде еш дау жоқ. Бірақ сонымен қатар, келешекте істелетін істер және де көп. Әсіресе қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен сықылды ұлттардың әйелдерін көтеру жөнінде істелетін жұмыс көп.

Әйелдерді кооперативке мольрақ қатыстыру керек. Әйелді үй ішінің ұсақ жұмысынан босататын ортақ асхана, балалар үйі сықылды орындарды көбірек ашу керек.

Әйелді өндіріс орындарына тарту жұмысын да күшейту қажет.

Саяси сауатын, білімін арттыру керек. Еңбекшіл әйелдер белсене кіріспесе, жер дүниедегі еңбекшілер де жауын жеңе алмайды, — деген Ленин жолдас.

Кеңес Одағындағы еңбекшіл әйелдер Ленин жолдастың бұл сөзін естен шығармасын.

Сұраулар: 8 Март қандай күн? 8 Март қашаннан бері әйелдердің мейрам күні бола бастады. Кеңес Одағындағы әйелдер қандай құқыққа ие болды? Әйелдер толық азат болу үшін тағы не істеуіміз керек?

ҚАЗАҚ ШАРУА ЖАСТАР МЕКТЕБІНЕ АРНАЛҒАН ПРОГРАММА ЖӘНЕ ТҮСІНІК ХАТ

Суретті әдебиет туралы¹

Жалпы сөз

Әдебиет шығармаларын зерттеуде қолданатын әдіс Маркстің социологиялық әдісі болу керек. Бұл әдістің шарты не? Шарты әрбір әдебиет шығармалары мен соның шығарушысын өз заманының көрінісі есебінде тексеру.

Сол әдебиет шығармасы алынған заманның шаруа жағдайы, саяси күйі қандай еді, оны оқушы қоғамтану сабағынан білген болу керек. Қоғамтану сабағы сол белгілі замандағы қоғамның дүниені түсінісі қандай, қоғам пікірлерінің толқындары қандай екенін білдіреді. Осы мағлұматтарға сүйеніп отырып, тексеретін жазушымыз қандай таптың тілегін, көңіл күйін, пікірі мен бағытын жырлайды². Соны айқындап ашу керек.

Бұл жайды ашу әрбір жазушының шығармалары социалдық жағдайдың қорытындысы екенін білдіреді.

Сол шарттар, жазушы шығарған нәрселердің мазмұны не? Онан соң түр үлгісіне де өзінің таңбасын салады. Бірақ бұл әдісті қолданғанда мынандай екі түрлі кемшіліктен сақтану керек.

Б і р і н ш і с і:

Ақындарды әдебиет тарихының соқпағына салып алып өзге дүниеден жырып әкетіп тексеру, маркстілік, социологиялық тексерістің орнын, осы әдіс басып кетуге мүмкін. Бұнда кітап қашан шыққан, ақыны кім, ата-тегі кім, өзге өмірі қандай? Осы сияқты нәрселер сабақ болып кетуге болады. Әдебиет бұйымдарының барлық қоғам тұрмысындағы бұйымдармен байланысы қандай, тарих жолындағы өсіп-өнудің қорғаушысы кім, қандай күш? Бұлар жайы тексерілмей бүктеме қалуға болады. Оқытушы бұған әкелетін болса қазіргі жастардың салт-санасына, заманына әрі

заманы, әрі салт-санасы қайшы болған әдебиет шығармалары ұғылмай қалуға мүмкін.

Е к і н ш і қ а у і п:

Маркстілдік әдісін өте шолақ, өте саяз ұстанып барып, жалпы ғылыми жолды жайдақтатып жіберуде бұндай жарға соқпас үшін молдан пішкен терең қорытындыдан қашу керек. Бұл балаға ұғымсыз болып қалуға болады, не болмаса ұмытылып қалады, әуелі кесіп айтатын соңғы қорытынды дегенді де бермеу керек.

Бұлардың орнына әрбір әдебиет шығармаларын асықпай, көп ойланып, бойлай тексеру қажет, бұндай тексерістің алдыңғы қатардағы жұмысы — әдебиет шығармаларының қоғам тұрмысымен ап-айқын болып жанасып тұрған белгілерін байқауда. Содан әрі қарай басқыштай барып қана социологиялық реттеудің ауданы молаюу керек. Максұт осы болғандықтан әуелгі жылдардағы тексеру:

Әдебиет шығармаларындағы мағына мен пікір (идея) шартты нәрселер, қоғам күйіне байлаулы нәрселер екенін байқатуға арналады.

Кейін екінші жылдың жартысынан былай ғана әдебиет шығармаларындағы түр мен үлгінің өзі де жаңағы сияқты шартты екенін тексеру дұрыс. Бірақ, бұл соңғы тексеріс қиын қызмет. Сондықтан бұны жұқалап, оңайлап алу керек. Және қолдануға оңай болған орындарға ғана жұмсау тиіс.

Маркстілдік-социологиялық әдісті әдебиетке қолданғанда тағы бір қаталық: әдебиетті тексеру жұмысын қоғамтану білімінің қайталамасы сияқты қылып жіберетіндік бар. Әдебиеттанудың орнына қоғамтану қайта оқылып, жаңа білім жамалмай бір орынды “сары жұрт” қылып қайта-қайта шиырлай беретін болуға мүмкін, орыс мектебінде де осындай кемшілік болатыны бар. Қазақта бұл тіпті мол болуға мүмкін.

Әдебиет сабағы қоғамтанудың қанжығасында кету қаупі бар. Рас, қоғамтану ғылымын қазақ топырағына әкеп қолдану қызықты. Өткен күнде қазақ хандары қандайлық қиянаттар істесе, қазақ жерлері қалай отарланды, қазақ даласында сауда капиталы қандайлық қожалық құрды. Бектер, билер, молдақожалардың дәуірі қалай жүрді. Бұлардың барлығы туралы

көп санақ, көп тарихи мағлұматтар табуға да мүмкін, бұларды білуге де керек.

Бірақ білгенде де оқушы бұл нәрселерді қоғамтану ғылымынан білу керек. Олай болса, бұларды балаларға белгілі деп есептейміз. Екінші, сол санақ, сол тарихи мағлұматтардың қаншасы жиылса да құр өздері келіп, әдебиет шығармасына арналатын социологиялық шешуді бермейді. Сондықтан әдебиет шығармасын тексерер алдында әңгімеде не сөйлейміз?

Әңгіме белгілі дәуірдегі қоғам ішінде қандайлық көңіл күйлері болғанын анықтайды.

Ол күйлер шаруашылық саяси себептерден туған, сол кездегі қоғам түсінісінде болған негізгі сарындар (мотив), пікірлер бар. Осыларды жиып келіп белгілі шаруашылық: саяси жағдайдың себебінен құралатын пәлендей кейіпкер, пәлендей мінездер барлығын айқындау керек. Тексеріс осы қалыпта болса оқушыларға жаңа мағлұмат беріледі.

Және әдебиетті түсіну үшін маркстілдік-социологиясын дұрыс қолданған болады. Әдебиетті Марксше түсіну, бір дәуірдің құрғақ шаруасын ғана түсінуде емес, сол шаруа жағдайынан туған аз шығармалардың барлығының суретін қоса білуде. Қоғамның дүниені түсінісі қандай. Белгілі тап арнаулы дәуірде қандайлық көңіл күйі күйленді. Қандай себеппен сол заманда дәурен сүрді. Осындайлар анықталуға тиіс.

Тексеретін мәселелер ғана әдебиет шығармасының мазмұнына арналмай, ақынның өзінің көзқарасы, өзінің көңіл күйі, қай таптікіне жататындығына арналу керек. Бұл мәселенің ішіне кіретін бөлімдер: ақын өз шығармасының ішіндегі қаһармандарына қалай қарайды? Қайсысын жақын көреді? Әр таптың адамдарын көрсеткенде шыншыл болып дәлелін көрсеткен бе? Қаһармандарын басқа түрлі қылып шығармай, осы қалыпта шығаруының мәнісі не? Осыларға көңіл болу керек. Және балаларға тема бергенде “Кедей мен байдың тартысы” деген сияқты томаға-тұйық тема бермей, “пәлендей жазушы бай мен кедейдің тартысын қалайша көрсеткен, не себепті пәлендей қылып көрсеткен” деп беру керек. Үйткені жалғыз ғана әдебиет туындысына қарап кедей мен бай тартысының тарихын толық пішінін түсіру мүмкін емес. Қиын.

Төменде қазақ жазушылары мен солардың кейбір шығармаларының тізімі берілген. Бұл тізім қара шаруа жастарының мектебіне қолайлап жасаған тізім болғандықтан, көбінесе қазақ әдебиетінің соңғы дәуірлері алынды. Үйткені соңғы дәуірлердегі әдебиетте социалдық сарындары (мотив) айқынырақ көрінеді. Жастарға өте ескі күннің, кәрі замандардың ақындары оңайшылықпен ұғылмайды (себебін түсіндіру керек). Қай жылда әдебиеттің қандай дәуірлерін алып, қай-қай ақындарды тексеру мәселесіне келгенде екі түрлі жайды еске алу керек.

1) Әдебиет дәуірлері қоғамтану ретінде оқылатын дәуірлерге дәл келсін. Сондықтан біз бірінші жылдың екінші жартысы “бұрынғы ауыл” деген темаға арналсын деп отырмыз. Оның алдында “бүгінгі ауылды” тексеру, баланы әдебиет сабағына жетектеп кіргізу, баулу үшін қажет, үйткені бүгінгі күн балаға (кімге де болса) ең қызықты, ең ұғымды, ең әсерлі де күн.

2) Әдебиет туындыларын оңайынан бастап қиынына қарай жетектеген сияқты басқыштап беру керек.

Рас, қазақ әдебиетінің айналасы мол емес. Тереңдеген, түрленген де әдебиет емес. Бірақ, сүйтсе де бірінен-бірі қиыны, бірінен-бірінің оңайы бар. Шынымен тереңдеген ойшылдықты, сыншылдықты, қырағылықты керек қылатын сұлу шығармалар да бар. Социологиялық сынның тереңдеп өрістеп жұмсалуына жақсы материал боларлық шығармалар қазірде жеткілікті. Сондықтан ұғымдырақ болатындарды, салт-сана жағынан пайдалырақ болатындарды ілгері салып, ұғымға ауырырақ келетінін, салт-санасы көп реттеуді керек қылатын жазушыларды кейінге салдық.

Бірақ қазақ әдебиетінің мағыналанған дәуірі тегінде ұзақ емес³. Үлгілі әдебиет жолына шыққанына 20—30-ақ жыл болды. Мектепте әдебиетті тексергенде біз осы аз ғана дәуірді алып, соны әр жылға бөлшектеп қарастыратын боламыз. Кей кезде баяғы, ескірек заманда, мысалы, XIX ғасырдың басында болған ел қалпын әңгіме қылған уақытта, бергі заманда сол XIX ғасырдың аяғында жазылған сөздерді дәлелге алуымызға тура келеді. Өткен күннің көріністері деп алатынымыз болады. Бұлардың барлығы қазақтың ескі күнінен қалған, мағыналы үлгілі әдебиет шығармаларының жоқтығынан болады. Және шын суретті әдебиет ретіне кіретін болып жазылған мағыналы

әдебиет шығармасы болса, діннің, кәрі заманның суретін беруіне мүмкін. Бұл жолды өзге жұрттың әдебиет жайындағы сабақтары анда-санда болмаса, ұдайы қолданбайды. Біз ба-рымызбен базарлаймыз.

Сол мағыналы әдебиеттің өрісі аз ғана болғандықтан, аз ғана қазақ жазушыларын, көктемеге түсірмей, толығырақ оқытып шықпақпыз. Сол себепті әрқайсысының шығармаларының темасына қарай, ұғымға ауыр-жеңілдігіне қарай, суреттілік жақтарының түрленуіне қарай және қоғамтану темаларына үйге келуіне қарай көп жазушыларды үш жыл бойында түгелімен оқытпақшымыз.

Бір жазушыға қайта-қайта айналып соғу, марксистік-социологиялық сыны үшін өте керекті. Былтыр оқып кеткен ақынды, артта қалды деп қоймай, биылғы жылда кездесетін ақын, жазушымен салыстырып тексеру үлкен пайдалы жұмыс болады. Салыстыру арқылы әдебиет шығармасының социалдық шарттары байланысулы екендігі айқындалады.

Әрбір жазушының мазмұнға, сыртқы үлгі-кестеге жана-суы қандай, кімше келеді, соларын да салыстыру арқылы анығырақ білуге болады.

Және бір жазушыны әр жылдағы мақсұтқа қарай әр жылдағы балаларының піскендігіне қарай, әр түрлі жақтан сынап, әр түрлі көзбен тексеру — сол жазушы жайында баланың толық түсініс алуына себеп болады. Осымен концентрлік әдісі мұқтаждықтан туды десек те, қажеттікпен сүйемелдегіміз келеді.

Сонымен міндетті түрде болмаса да, ұсыныс ретінде мынандай тақырыптарды ұсынамыз.

Бірінші жыл

1. Тақырып — бүгінгі ауыл, төңкерістің жемісін көріп отырған ауыл кедейінің әдебиеттегі суреттері.

2. Бұрынғы рушылдық жігіндегі ауыл, хан, би, батыр заманы, соның ілгері-кейінді жоқшылары.

Екінші жыл

1. Азамат соғысының уақытындағы ауыл тұрмысы. Төңкеріске қатысқан қазақ жалшылары, төңкерісшілдері.

2. 16-жыл мен ескірек кездегі ұлт бостандығы жолындағы әдебиет. Сол кездегі ауыл күйі.

Үшінші жыл

1. Октябрь төңкерісінен соңғы жылдар.

Сонымен қатар жүрген кеңес құрылысы. Жұмысшы табының соңына ерген ауыл еңбекшілері, жалпы батырақтары, алғаш соның бағытына талпынған бет.

2. 1905 жыл мен 1916 жыл арасындағы ауыл күйі. Ел арасындағы азғындаған мінездер, теңсіздіктер (социальное зло). Сол кездегі оқығандар қозғалысы. Алғашқы ұлтшыл, халықшыл оқығандар⁴. Отаршылыққа қарсы ағым.

Бірінші жылдың алғашқы жартысында тіл тануға көп уақыт бөлінеді. Бұл кезде әдебиет жөнінен істейтін жұмыс:

Кішкене, жеңіл әңгімелерді, өлеңдерді, бірен-саран жеңіл повестерді оқуға болады, әңгімелер, повестер түгелімен бүгінгі ауыл, бүгінгі қала жайын, бүгінгі жаңа тұрмыс жайын баяндайтын болсын.

Бірінші жылда не оқылатынын біз программада көрсеттік. Бірақ бұндай тізімді шолақ ұғыну керек емес. Осыны ғана ұстанып, басқаға ауыспай қатып қалуға жарамайды. Ең әуелі бұл тізімді кеңейту керек, онан соң бір әңгіменің орнына екінші соған ұқсаған және содан да қолайлырақ әңгімені тауып алуға болады (бұл үшін оқытушы қазірде шығатын ілім журналдарын көп қарастыру қажет). Бүгінгі ауыл, бүгінгі құрылыс деген жайлардан жазылатын әңгімелер қазіргі журналдарда көп (Жалғыз-ақ алғанда, шынымен жарқырап тұрған ашық әңгімені, шынымен суретті деуге жарарлық әңгімені таңдап алу керек).

Бұл жағынан қарағанда, қазақ әдебиетінің жастығы, олақтығы, өте саяздығы көзге көрінбей қоймайды. Бірақ сұйқыл әдебиеттің өзінің ішінде мектепке керек нәрселерді сүзіп алуға болады⁵. Және бір ескертетін нәрсе, таңдап алынған әңгімелер балалардың жасына қолайлы келетін болсын.

Алғашқы жарты жылдың ішіндегі зор міндет: балаларды суретті әдебиетке қызықтыру. Соны оқуға ентелету, онан соң дұрыс оқуға үйрету. Осы мақсатпен ең алғашқы кездерде бала араласқан әңгімені, мүмкін болғанынша балалар қаһарманы болған әңгімені алу керек. Бұндай оқудың тұсында суретті

әдебиеттің түрлі ғылыми, саяси әдебиеттен басқа болатынын байқату керек. Бұл үшін әр түрлі материалды алып салыстыру шарт.

Суретті әдебиетті жалғыз ғана мектеп ішінде емес, үйде де оқытуға тырысу керек, тәрбиенің, баулудың бір үлкен шарты осы екенін де естен шығармау керек. Үйде оқығанда балалар қай кітапты таңдап оқиды, ол жағына ерік берілгені дұрыс. Бірақ сонда да оқытушының міндеті:

Салт-сана жағынан зиянды болмайтын, пайда келтіретін кітаптардың тізімін жасау керек, әсіресе мектептегі суретті әдебиеттің ішінде боғауызы бар, жалаңаш құмарлықты айқындатып шығаратын кітаптар болмағаны дұрыс.

Онан соң ұсыныс ретінде болса да оқитын кітаптарды таңдағанда, балалардың белгілі жылда мектепте оқитын әдебиет сабағының бетіне байланысатын нәрселерді беру лайық. Әдебиеттің белгіленген жыл дәуіріне жанасатын кітаптар оқылғаны мақұл. Әрине, ең соңғы уақытта шығатын қызықты кітапты керексіз қылуға болмайды.

Оқылатын кітаптардың тізімі:

Бірінші жыл

Бейімбет⁶ — “Бір адым”⁷, “Сары ала тон”⁸, “Шариғат бұйрығы”⁹, “От басында”¹⁰, “Сойқанды содырлардан”¹¹, қысқа әңгімелер. Өлеңдерінен: “Мырқымбай”¹², “Ел тәңірісі жастар”¹³, “Айт, шүү, ала атым”¹⁴, “Түлденсе ауыл”¹⁵, “Жер тәңірісі шаруа”¹⁶, “Бай”¹⁷.

Сәкен¹⁸ — “Жер қазғандар”¹⁹, “Советстан”²⁰, “Ауыл байғұс, мінеки”²¹.

Илияс²² — “Беташар”²³, Түрксібке арнаған өлеңі²⁴ “Е. Қ.”-та.

Сәбит Мұқанов²⁵ — “Октябрьдің өткелдері”²⁶, “Қызыл арқа”²⁷, “Пионерлерге”²⁸, “Шоқыптың шаруасы”²⁹, “Ауыл тілегі”³⁰, “Пионер”³¹, “Тұрмыстың тұлпары”³², “Балбөпе”³³.

Мүсірепұлы³⁴ — “Қос шалқар”³⁵.

Мұхтар³⁶ — “Еңлік Кебек”³⁷.

Абай³⁸ — “Болыс болдым мінекей”³⁹, “Болды да партия”⁴⁰, “Қалың елім, қазағым”⁴¹, “Аттың сыны”⁴², “Жігіттер, ойын арзан”⁴³, “Адасқанның алды жөн”⁴⁴.

*Бұқар жырау толғаулары*⁴⁵ — (“Таң” журналында басылған),

Батыр жырлары: “Қобыланды”⁴⁶, “Тарғын”⁴⁷.

Ел поэмасы: “Қозы Көрпеш”⁴⁸, “Қыз Жібек”⁴⁹...

Бірінші жыл

Бейімбет — “Құла жорға”⁵⁰, “От басында”⁵¹, Сойқанды содырлар”⁵² қойшы өлеңдерінен.

Сәкен — “Бандыны қуған Хамит”⁵³, “Қызыл сұңқарлар”⁵⁴, “Күзді күнгі далада”⁵⁵.

Ілияс — “Мамытовтың өлімі” (аударма).

Мүсірепұлы — “Тулаған толқында”⁵⁶.

Мұхтар — “Қилы заман” (бөлімдері)⁵⁷.

Абай — “Төрт мезгіл”⁵⁸, “Адамның кейбір кездері”⁵⁹, “Өлең сөздің патшасы”⁶⁰, “Аңшылық”⁶¹.

*Мұрат ақын сөздері*⁶².

Махамбет сөздері. “Исатай жыры”⁶³, “Бекет”⁶⁴.

Үшінші жыл

Бейімбет — “Күлпаш”⁶⁴, “Аштық құрбаны”⁶⁶ аштық жылымен байланысқан өлеңдері⁶⁷, “Кедейге”⁵⁸, “Бәрі де тыйылды”⁶⁹, “Жәке”⁷⁰.

Сәкен — “Экспресс”⁷¹, “Отарба”⁷², “Қара жер”⁷³, “Қарлы аязда”⁷⁴, “Баспахана”⁷⁵, “Терушілер”⁷⁶.

Мұқанұлы — өлеңдері⁷⁷.

Мұхтар — “Қанды түн”⁷⁸, “Бәйбіше, тоқал”⁷⁹, “Қараш-Қараш оқиғасы”⁸⁰.

Сұлтанмахмұт — “Кедей”⁸¹, “Қала ақыны мен дала ақынының айтысқаны”⁸².

Сәбит Дөнентайұлы — “Уақ-түйектен”⁸³.

Абай — “Масғұт”⁸⁴, Лермонтовтан жасаған аудармалары: “Жолға шықтым”⁸⁵, “Қарасам, қайғыртар жұрт”⁸⁶, “Сал демеймін сөзіме”⁸⁷, “Кинжал”⁸⁸, “Терек сыйы”⁸⁹, “Қараңғы түнде”⁹⁰, “Дума”⁹¹; Пушкиннен: “Татьяна — Онегин”⁹².

*Максим Горький*⁹³ — “Челкаш”⁹⁴, “Сұңқар жыры”⁹⁵, “Ана”⁹⁶.

*Пушкиннен*⁹⁷ — “Тас мейман”⁹⁸, “Сараң сері”⁹⁹, “Дубровский”¹⁰⁰.

Всеволод Иванов — Төрт әңгіме¹⁰¹.

Лавренев — “Қырық бірінші”¹⁰³.

Оқуға жаттығу

Оқуға жаттығу, оқи білу дегеннің өзі де өнер, ол да тәрбиені, баулуды керек қылады. Оқығанда жазушы берген жалпы суретті ғана, жалпы мағынаны ғана ұғынарлық қылып оқу емес, сөздің барлық нәзік ырғақтарына шейін айқындатып, елестетіп оқи білу керек. Балалар бұндай қылып оқи алу үшін бірінші шарт: суретті әдебиет шығармалары жеңіл құрылған, жеңіл жазылған болу керек. Әуелі сондайларды таңдап ала білу керек. Екінші:

Сондай оңай сөзді үлгілі қылып оқуға оқытушы тәрбиелеу керек. Әр түрлі қылып тапсырған міндеттер баланың оқуға жаттығу жағын көп ескерсін. Оқи білу: жалғыз тіл ғылымы мен әдебиет үшін ғана емес, ғылымның қай саласына барып, қай кітабын ұстасаң да — соған мұқтажсың.

Оқуға жаттығу жұмысы бірінші жыл бойы түгелімен (екінші жылдың да бас кезінде) — балалардың алдын ала дайындалуына байланады. Салған жерден бала әрі ашық оқитын, әрі ырғақты, әсерлі қылып, тыныстап, екпіндеп оқитын бола алмайды.

Кез келген газет, кез келген кітап болсын, ешқайсында алдын ала қарастырып, машықтанып байқап алмай, дұрыстап оқып кете алмайды. Егер оқытушы алдын ала дайындамай, балаларға томаға-тұйық қылып, пәлен әңгімені оқы десе, суретті әдебиет бұл баланың өзіне де, класка да әсерсіз, жансыз болып оқылады.

Ұдайы жақсы оқитын балаларға ғана сүйеніп, ылғи соларға ғана оқыту да дұрыс емес. Бұл бір-екі баланы ұзатып әкетіп, өзгені артта қалдырған жұмыс болады. Әуелі жеңіл, ұғымды әңгімені алып, соны қатты да, ақырын да оқыту керек. Әрбір оқуда жылдамдық, анықтық, ырғақтық, оқығанда ұғушылық — қандай екенін байқау керек, әңгіменің ұғылмай, сезілмей шашу қалатын жері болмасын. Соған ұғып болу керек. Осы жағынан қарағанда іштен оқумен аралас, кейде біреудің оқығанын тыңдай білетін қылып та баулу керек.

Біреу оқып, өзге тыңдағанда, балалар ұғымсыз сөйлемдерді, жеке сөздерді белгілеп, айрықша әсер еткен қызықты сөздерді еске алып, жалпы әңгіменің, жә мақаланың негізді мағынасын да түсініп отыратын болсын. Осыны зерттеу қажет.

Осымен қатар қара сөз бен суретті сөздің арасындағы оңай байқалатын айырмыстарға көңіл бөлгізіп, бақылату керек. Суретті сөздің өзін алсақ, жалғыз темасы, я мағынасына ғана үнілмей, суреттіліктің негізгі бұйымдары:

Сыпаттау, әңгімелеу, салыстыру, қайталау, суреттілеу сияқты белгілеріне де көңіл бөлгізу шарт. Әңгіменің ішіндегі ірі кейіпкерлердің ісін, сөзін байқаудың үстіне өзге қосымша, елеусіз орындағы адамдардың сөзін, мінезін де байқай отыру қажет. (Мысалы, “Сары ала тон” сияқтыларда) Осылармен қатар уақиға қай уақытта, қай орында болып отыр. Адамдардың пішініндегі ерекшелік қандай, соларды балалар белгілей отырсын. Кітаптың ішіндегі осындай ұсақ бөлімдеріне көп тоқтап, жай жүру — жалпы әңгімені тұтасынан түсінуге бөгет қылмайды.

Қайта әншейінде баланың байқамай көктеп өтіп кететін жерлеріне ерекше ықылас аудартып, әңгімені толық түсінуге, әңгімені сүйгізуге әсер етеді. Суретті әдебиет туындысының, суреттілігі, әсерлігі, қоздыратын күші балаға ұғымды, қонымды болу үшін, әңгіме осы заманның жайынан алынған болуы тиіс. Бірінші жылдың жартысына “Бүгінгі ауыл” деген теманың кіріп отырған себебі сол, суретті әдебиет осылайша алдын ала дайындалып барып оқылатын болған соң, бірінші жылдың ішінде балалар, халық алдына шығып, өлеңдер, қара сөздер оқитын болады, (төңкеріс мейрамдарында, мектептің сауық кешінде, ауыл халқының алдында, жастар жиылысында). Өлеңге, қара сөзден өлеңге, суретті қара сөзден гөрі де көбірек машықтану керек, өлең екпіні, ырғағы, әлгіден гөрі де көбірек баулуды керек қылады. Бірақ алғашқы жылдың ішінде бала бұны да билей алатын, халық алдына шығу баланың сенімін нығайтып, желігін арттырады. Сонымен қатар оқуының сапасы артатын болады.

Бірінші жылдың екінші жартысында кітапты өз бетімен оқи алатын болып, баланың суреттілік алымы — қиялы артады. Оқыған кітабын өз басынан кешірген халдей, иіп оқитын күйге жетеді. Бұл кезде қоғамтану сабағынан алған мағлұматтар мен дәлелдер баланың пікірін өткен күннің суреттеріне жанастырады. Әсіресе өткеннің әдебиетке түскен сәулесіне жақындатады.

Мысалы, Абайдың “Болды да партия” деген өлеңі сияқты. Не болмаса “Әділетсіз биге кедей арызшының сөздері”

сияқты. “Шернияздың Баймағамбетке айтқан сөздері” сияқтылар.

Бұрынғы ауылда болған қиянаттардың бетін ашады. Қоғамтану сабағы бұрынғы хан мен бидің елге істеген қиянатын айтса, бұрынғы ел ішін партиямен бүлдірген болысты, атқамінерді айтса, әдебиет соған өзінің белгісін көрсетеді.

Осындай салыстырулар қоғамтану сияқты ғылымның сыпаттауымен, суретті жырдың сыпаттауында қандай айырмашылықтар барын байқайтын болады. Бұл екеуі екі түрлі білім есепті. Біреуі — өткен өмірді іспен, дәлелмен, айқын белгімен көрсету жолында. Екіншісі — сол өмірді суретпен көрсетеді. Сол екеуін салыстыру арқылы, бала әдебиет туындысын сынауға қарай аяқ басу керек. Суретші нені суреттеді? Кімді суреттеді? Қалай суреттеді деген сұрақтардан: Суретшінің өзі кім? Дүниеге, айналаға қандай көзбен қараған суретші? Заманында кімнің даусына құлақ салып, қалай қарай жетектеді деген сұрақты да тудырады (мысалы, “Болды да партия” деген өлең осы жағынан қарағанда, Абайдың атқамінер, ру басы, болыстар тобынан шыққандығын көрсетеді). Жаңағы сұрақтарға жауап тауып, шешу. Айтқан уақытта — өмірді суретпен көрсетудің өзінде де социалдық белгілері бар екені айқындалады. Ақылды, қайғылы, сыншы кісі болып көрінсе де, Абайдың ру басы, атқа мінер екені, Бұқар жыраудың хандық шашбауын көтерген ру биі екені айқын көрінеді, хан мен рушылдық іргесін сүйеп, жуаннан шыққан ақын жырласа, елді шенге сатқан төрелерді жамандаған, парақор билерді шенеген, халық ақыны, ауыз әдебиет жырлары екінші күйде бұқарашылдық күйді көрсететін болады. Ауызша әдебиеттің хандық пен билікті, болысты шенеген өлең жырлары хандық биліктің қазақ бұқарасына залалды, керексіз, заманы өткен нәрсе екенін білдіру керек.

Екінші жылда балалар газет, журналды алдын ала дайындалып оқитын болу керек. Алдын ала дайындалғанда, таныс емес жат сөздерді, терминдерді, қиын сөйлемдерді, кісі аттарын, қала, мемлекет аттарын іріктеп алатын болу керек.

Әуелде бұл жұмыс оқытушының көмегімен жергілікті оңай газеттерді оқудан басталады. Үйде алдын ала дайындалмастан келіп, класта дауыстап оқу екінші жылдың аяғында,

тәжірибе ретінде қолданады. Міндетті жұмыс есебінде үш жылда ғана солайша оқылатын болады

Екінші жылдың программасына драмалық әдебиет туындылары кіреді. Бірінші жылда “Еңлік — Кебек” сияқты пьесаның әрбір бөлімдері ғана оқылып көрілген болу керек. Оны қоғамтану сабағына жанастырып, ескі билік заманындағы әділетсіздік қиянаты көрсетілетін қылып, сондайдың мысалына әр жерін алған болады. Екінші жылда пьесаны жақсылап оқи білу дегенге көп көңіл бөлінеді, оқуда сезімді, пікірді анық көрсететін дене қозғалысы сияқтылар араласады, сондай әсерленген сөздер арқылы қаһармандар арасындағы қағысулар — ішкі, сыртқы тартыс-талас тіресулер айқындалу керек (Мысалы, “Қызыл сұңқарлар”). Жаңағыдай қылып оқу шарт болғандықтан, драма кітаптардың тұсында болатын қызмет — ауыр қызмет. Ерекше көп көңіл, уақыт бөлуді керек қылатын қызмет болады.

Үшінші жылда қандай жазуды болса да дайындалмастан анық қылып, дұрыстап, әсерлі қылып оқи алатын болу керек (бұл жыл бойы машықтандыра беру шарт). Жылдың аяғында балалардың барлығы да кітапты өз бетімен толық пайдалана білетін, өз бетімен еркін қызмет етуге жарайтын болу шарт. Кітаптан керегін ала білу, кітаптан алған дәлелге сүйену, тілмашша пайдалану, таблицалар мен справка берерлік қосымша құралдармен пайдалана білу керек.

Тілді байытуға өлең жаттаудың көп септігі тиеді, бірінші жылдың программасында Бейімбет, Сәкен, Абай сықылдылардың өлеңдері бар, одан басқа көп халық әдебиеті бар. Осылардан балалар өлеңдер жаттау керек. Жаттағанда, әрине, кез келген өлең атауларының бәрін жаттау емес.

Барлық оқылып шыққандардың ішінен балалар өздерінің таңдауы бойынша екі-үш өлеңді жаттайды, әрине, төңкеріс ақындарының өлеңдерін, төңкерісті жырлайтын өлеңдерді жаттау керек. Әр бала өз бетімен таңдайтын болғандықтан, кластағы барлық балалардың жаттап алған өлеңдері көп болып шығады. Өлең жаттау екінші-үшінші жылдарда да болады. Жаттаудағы, оқудағы шарты бірінші жылдағы сияқты.

Сөйлеуге жаттығу

Бірінші жылда сөйлеуге жаттықтыру: қойған сұраққа анық, толық жауап бергізіп үйретуден басталады. Тәжірибеге қарағанда, бұл жұмыс балаға оңай болатын көрінбейді.

Жауап берудің арасында байланыс жоқтық: не болмаса (не жоқ) деген сияқты қысқа қайырғыштық, кейде сұраққа жанаспайтын жауаптар берушілік ұдайы кездеседі, сондықтан бала қандай жауап берді, қалай берді, осы жағына оқытушы көп көңіл бөлу керек.

Баланың өзін де сол жолда ойландыру керек. Сөз ойдағы пікірдің құралы. Оны ойланып, күтініп қолдану керек екендігін миландыру қажет. Осымен қатар байқаған жоспарды байланыстырып, әңгіме қылып айта білу керек. Бұның мысалы, оқып шыққан кітапты әңгіме қылып айту, өмірде болған уақиғаларды (есіткені, бастан кешкен уақиғаны, жол жүргенін, экскурсияға барғанын) әңгіме қыла білу шарт. Сонымен жылда, бірінші басқыш мектепте істелген іс ілгері созылып өрістейді. Бірақ бұнда әңгімелей білудің әдісіне көп көңіл бөлінеді, әңгімелеудің ретіне отчет беру де кіреді (болған істі ойша айту сияқты). Осындай машықтанулардан кейін алдын ала дайындатуды керек қылатын жайларды алу керек. Мысалы, алдын ала зәпескі, күнделік, протокол түрінде жазып алынған нәрселерді қорытып алып, солар бойынша сөйлеу.

Осы жұмыстардың қайсысы сабақпен, қоғамдық қызметпен байланысады. Сондықтан бұндай істі істеу: сабақ жөнінде тапсырылған міндетті орындау, өткен сабақты қайта зерттеу, иә, келесіге мағлұмат жию есебінде болады. Бірен-саран сөзшең бала болмаса, өзге баланың көпшілігі өз пікірін толық айтып шығуға олақ, шорқақ келеді, сондықтан тәрбиешілік, оқытушылық мақсатымен анда-санда жиылыстар жасап, сонда балалардың әрқайсысының сойлей білетіндік жайы қандай екенін байқау керек, анық, ұғымды, қысқа, тиімді сөйлеуге баулу керек. Әңгіме айтқызу, кітапты тығып қойғызу да осы мақсұтқа арналады.

Екінші жыл осы жұмысты ілгері өршітеді, бірақ бұрынғыдан қиындатып, тереңдететін болады. Енді сұраққа қайтарылатын жауап, дәлелді, салмақты жауап болу керек, бұған әдебиет шығармаларын тексерген уақытта машықтандыру дұрыс. Тапсырылған міндеттің сұрақтарына жауап бергенде кітаптың пәлен жерлерінен мысал алып, соған өзінің пікірімен дәлел қосарлау керек.

Үшінші жылдағы ең іргелі жұмыс: ауызша баяндама жасауға машықтандыру (тиісті мағлұматтарды жиып ала білу.

Сонымен пайдалана білу. Баяндамасына қолайлы жоспар жасай білу, өзі тілеген уақытта айқын қорытынды шығару). Бұндай баяндамалар мазмұн жағынан да, сыртқы құрылыс жағынан да класта тексерілетін болады. Осылайша көптесіп пікір ауысу өте бағалы жұмыс деп саналады. Әркімді іске талпынтып қызықтыратын, шабандарға қозғау салатын, сыншылық сезімін оятатын, өзара сынға үйрететін осындай істер болады.

Сол себепті бұндай іс үш жылдың үшеуінде де болу керек. Әсіресе үшінші жылда өте қажет. Үйткені, бұл жылдың зор міндеті — сөйлеуге жаттықтыру.

Жазу тіліне жаттығу

Жазу жұмысының бірталайы ауызша сөзге машықтанумен байланысты.

Ұғымсыз сөздерді, сөйлемдерді жазып алу. Сондай сөздерден тілмаш құрастыру, әдебиет шығармасын ұғыну, зерттеу жолындағы бірінші қатардағы жеңіл жұмыстар деп саналады. Екінші сатыдағы жұмыс — кітаптан сөз талғап алу (цитирование). Бұның алғашқы кездегі мақсаты: тіл кестесін (стилистика) байқату үшін, сұлу болып шыққан сыпаттауларды, толық болып айтылған пікірді, бояулы, ажарлы ашық сөздер сияқтыны жазғызу керек. Әрі таман басқан соң сөз талғап алу — әдебиет туындысын сынауға, зерттеуге дәлел есебінде пайдалану керек. Талғап алынған сөздер белгілі орынның салтын, белгілі адамдардың мінез-құлқын анықтауға дәлел есебінде алынатын болсын. Әдебиет сабағымен қатар, ел аузындағы мақал, мәтел, өлең, тақпақ сияқтыларды жазып алудың мәнісін зерттеп өтуге болады. Содан соң бүгін жазылып алынған өлеңді, бұрынғы, ескі тарихи өлеңдермен салыстыруға болады. Жазу тіліне жаттығудың бұдан арғы жұмысы, ой қызметіне қарай тереңдей береді. Бірінші қатардағы іс-жоспар жасай білуге арналады. Жоспардың мәнісі, пайдасы ой қызметіне тәртіп кіргізеді. Әрбір бөлімді, жікті біліп, жалпы байланыстар жасауға машықтандырады. Жоспарлаудың алдында істелетін іс: мазмұнды бөлім-бөлімге жіктеп, әр бөлімге ат қоя білу де, екінші кезектегі жұмыс әр бөлімнің арасындағы байланысты тауып белгілеп (негізді, үлкен байланыстар, ұсақ байланыстар), содан кейін басқыштаған үйлесімді айыру, оқушылар жоспардың схема

түрін, тармақталған анық түрін — екі түрін де білу керек. Сыртқы үлгісіне қарағанда жоспар сұрақ ретінде, сөз басы жинақ ретінде, не болмаса ұсақ сөйлемдер ретінде болуға да мүмкін. Сұрақ ретінде болса, жоспар анкетке ұқсайды. Оны толтыру әдісіне бала бір жылдың ішінде әбден дағдыланып алу керек.

Жоспарлау жұмысының ішінде сөйлемнің кестесін теру сияқты істер керек болса, бұған протокол жүргізу көп қызмет береді. Ең әуелі сөйлеушінің негізгі пікірін ұғынып, соған қарсы дау ретінде айтылған тиімді сөздерді сөйлеп алып, барлығын қысқа қылып қорытып жазуға түсіру — балалардың машықтануына үлкен пайдалы, зор жемісті қызмет, бірінші жылда — ұсыныстар мен қорытындыларды ғана жазатын қылып, протоколдың оңай түрін берген лайық. Бұлардан басқа пікір таласын көрсету жиылыстың жалпы суретін қағазға түсіру сияқты жұмыстар, жоғарғы кластарға міндетті іс болады.

Балалардың өз жанынан сөз шығару жұмысы әңгіме түрінен ұзамау керек. Әңгіме ең жеңіл, ең қолайлы түр — өмірден алған әсері жаңа суретке ауысады. Қиял сияктанып жүрген нәрселер болмысқа, шындыққа бағынуға қажет болады. Оқушы өзі оқып шыққан әсерлі, суретті әңгіменің бетімен екпінденіп барып, әңгіме жазып тастауға болады. Осындай істердің артынан баланың шынымен өз жанынан сөз шығаруына тәжірибе жасау керек. Мысалға оқып шыққан әңгімені алып, соның тоқтаған, біткен жерінен арғы уақиғаларды жаз десе бұл балаларға өте қызықты, желікті жұмыс болады.

Әңгімені ілгері созуда қаһарманның ілгеріде боларлық халдерін алуға болады. Жаңадан кездесетін уақиғаларды құрастыруға болады.

Не болмаса, әңгімені жазушы бастаған жерден алмай одан бұрынғы кезден бастауға, яки жазушының тастап кеткен жерлерін әңгіме қылып таратуға да мүмкін.

Екінші жылдағы негізгі жұмыс — шығармалар жазу мен конспект жасау. Шығарманы баяндама сияқты бір жақтан мағлұмат жиюды керек қылатын жайлардан беру керек емес. Баяндаманың қарасы да, аумағы да үлкен болады. Ол белгілі темаға арналған пікірді қорытуды керек қылады. Дәлелдеуді, екшеуді тілейді. Қиын болғандықтан, баяндама жөніндегі жұмыстар үшінші жылға қалдырылды.

Жоспар жасай білудің артынан келетін жұмыс, конспект жасау.

Конспект кітап оқыған уақытта қажет (кітапты қолға қарындаш алып отырып оқу).

Кітап ішіндегі негізді жерлерді кітап алып, соны қысқа, жұмыр қылып жаза білу керек. Конспекті жасауға оқытушымен жасаған әңгімесі, мақаласы, жәй мақала, біреудің өмірбаяны сияқтылар жақсы материал болады. Суретті қара сөзді конспектілеу қиын да, қолайсыз да болады, бірдемені тыңдаған уақытта да конспектіге машықтану керек. Оқытушы айтқан әңгіме, баяндама, схема күйінде болса да жазылып қалса, сол кейін қайтадан зерттеген соң алғаш білімінің толық суретін елестетуге жәрдем етеді. Сонымен қатар, шеттен алған білімінің қайсысын болса да конспектілеп алған болса, балаға баяндама жасау жеңіл тиеді.

Екінші жылдың ішінде баланың жазу тіліне жаттығуы бірталай өрістеніп қалған, машығы молайып қалған болады, сондықтан шақыру қағаз үшін, расписка сияқты кеңсе қағаздарының барлығын жазуға жарай алады.

Жанынан шығаратын сөз жалғыз ғана әңгіме түрінде болмай (жанынан жазба әңгіме шығару), сипаттау түрінде болғаны мақұл. Сипаттауға қаһарманның мінезі сияқтыларды алуға мүмкін, көп көріністер, көп белгілердің ішінен негізгі арнауды тандап алу (мысалы, әдебиет кейіпкерін толық ұғыну) үшін әдебиет туындысының мазмұны тереңдеп тексерілген болу керек.

Үшінші жылдағы жұмыстың жаңа түрі есебінде қосылатын нәрселер:

1) Әдебиет мысалдарын салыстырып отырып, жарыстырған сын жасау.

2) Өз бетімен зерттеп шыққан материал жайында жазбаша баяндама дайындау.

3) Тезистер жасау.

4) Әдебиет туындысына сын жасап баға беру. Әдебиет сөзін жасау (бұл ауызша сөз). Баға беру жұмысы жеңілұшқары пікірге сүйенбей, көп ойланған, көп зерттелген мағлұматтарға сүйенетін болсын.

Әдебиет жөніндегі істердің қоғамға пайдалы іспен байланысуы

Тіл мен әдебиет сабақтары қоғамға пайдалы істердің талай-талай түрлеріне табиғи жолмен кеңінен байланысуға болады.

1) Әр жерлерге кітап алып барып суретті әдебиетті, иә, басқа кітаптарды оқып, солардың жайынан әңгімелер туғызу. Бұндай істерді қызыл отау, сауатсыздықты жою мектебінде, қосшылар ұйымында жасауға болады.

2) Кітапхана болған жерлерде сол кітапхана ішіндегі әр түрлі жұмыстар болады.

3) Ауыл тілшілерінің үйірмелерін жасап, солармен бірге қабырға газетін шығару мүмкін.

4) Сауатсыздықты жою жұмысына араласуға болады.

5) Ойын көрсету, әсіресе суретті кітаптарды ойнап көрсету керек. Әдебиет кештерін жасау керек.

6) Шаруа иелеріне өтініш жазып, хат жазып беретін болу керек.

7) Шаруа газеттеріне ауданның шаруасы жайынан, жалпы шаруа науқандары турасынан мақалалар жазып, байытуға да болады.

Біз бұнда қоғамға пайдалы жұмыстың тіл-әдебиет сабағына байланысатын кейбір-кейбірлерін ғана айттық.

Бұлардан басқа көп пайдалы жұмыстарда оқытушы мен оқушының күндегі тәжірибесі, басқа әлденеше күйлерде де кездестіреді.

Әдебиет шығармаларын түр жағынан зерттеу

Маркстілдік социологиясын ғылыми құрал қылып, дұрыс қолданамын деген уақытта әдебиет туындысының жалғыз мазмұнын ғана зерттеп қою керек емес. Қазіргі қазақ әдебиетінде сын, айтыс сияқты сөздер болса, олардың барлығы да мазмұны жайын ғана сөйлейді.

Социологиялық зерттеудің бір-ақ жағын ғана ұстайды. Әдебиетті шын ғылыми жолымен тексеремін деген уақытта, мазмұнға қосып, әдебиет түрінде социологиялық жолымен зерттеу қажет болады. Социология әдісі суретті түрдің (форма) өзін де шешетін болу керек. Белгілі кесте, үлгінің (стиль) өзі де, барлық бұйымдар да социологиялық шарттармен байланысты екенін анықтау қажет. Мысалы атқа мінер ру басының, малшының, оқығанның, жұмыскердің, саудагердің тілдері, сөйлеу үлгісі бірінен-бірі басқа-басқа болатыны анық. Соны тексеру, сынау арқылы оқушыларға да айқын қылып көрсетуге де болады. Әдебиет шығармасының ішінде

кездесетін суретті сөздерге қарап, жазушының қандай тапқа жақын екенін білуге болады. Мысалы, оқыған жазушылардың ішінде елдің, атқамінердің, мырза бозбаласының тобына жақындығы қандай болмасын, көпшілік бұқара, еңбекшіл топқа жақындығы қандай екенін білу қиын емес. Әдебиет өрнектерінің (жанрлардың) құрылысында (композициясында) социалдық шартқа байланысты екендігін ашуға болады (мысалы Бұқар жыраудың толғаулары, Абайдың насихат өлеңдері — өз заманының сыншысы, басшысы, ұстазы боламын деген топтардың қолданатын үлгісі болған... қазақ ескілігінен алған әңгімелі жырларының құрылысы да сондайлық социалдық шарттармен байланысулы).

Бірақ осы сияқты мөлшер сөздерді айтсақ та, бір жағынан бұндай сынның қиын жұмыс екенін де ескертеміз. Жалпы әдебиет ғылымының ішінде әдебиет түрін (формасын) социологиялық жолмен реттеу әлі нығайып, тереңделіп, орнығып болған жоқ. Бұл жаңа ғылым.

Қолдана білмесе, алдын ала көп ойланбаса, көпшілік тайғақ жолға түсіп кетуге болады. Іргелі ғылыми негізді жайдақтатып жіберу қаупі де бар. Мысалы, ақынның өмірбаянына қарай салып, шыққан ортасын ғана біле салып, барлық шығармаларында не байдың, не қара шаруаның, не жұмысшының ақыны деп кететін қорытындылар болуға мүмкін.

Көлеңкеге қарап тон пішу сияқты қаталықтар, адасулар болуы мүмкін. Сондайлық болып қаңғымас үшін, әрқашан жазушысы кім дегенді бұрын алмай, жазылған шығарманы зерттеу керек. Оның суреттілік пішінін, құрылыс ретін сынау керек, құрылысын сынағанда: әңгімеленетін негізгі салаларды алып, солардың елеулі бөлімдерін айыру. Әңгіме құрылысындағы іргелі әдістерді табу. Жалпы үлгі кестесінің ерекше жерлерін анықтау керек. Сөзді, суретті әсерлі қылып шығару үшін жазушының қолданған әр түрлі шаралары бар, әдебиет туындысының тіл ғылымы жағынан сынауды керек қылатын бөлімдері бар. Бұндай мәселелерге келгенде, әрине, оншалық тереңдеп, алыстап кету қажет емес, үйткені, түр жағынан сынаудың (формальный анализ) өзі мақсұт емес. Түрін сынау, кейін келетін социологиялық сынға мағлұмат үшін, дәл басқыш үшін ғана емес. Және түрін сынау —

әдебиет шығармасының мағынасы мен мазмұнын тереңдеп түсінуге себепші болады.

Барлық оқу жылдарында ақындық түрін
(поэтическая форманы) байқау ретінде
мынандай программа ұсынамыз

Бірінші жыл

I. *Өлең сөз бен суретті қара сөз.*

II. *Жеке ақындар шығармасы мен ауызша әдебиет (халық жыры).*

III. *Суретті шығарманың бұйымдары:*

1) Негізгі тақырып пен қосымша тақырыптар.

2) Шығарманың қаһарманы.

IV. *Әдебиет шығармасындағы әңгімелеу әдістері.*

1) Сыпаттау (описание).

2) Әңгімелеу (повествование).

3) Әңгімелестіру (диалог).

V. *Сөзді суреттеу, кестелендіру әдістері:*

1) Тұспал сөз.

2) Ауыстыру (сравнение).

3) Көріктеу (эпитет).

4) Әсерлеу (гипербола).

5) Қызбалылық, сезімділік әсері бар сөз.

VI. *Ақындық сөйлеміндегі ерекшеліктер:*

1) Сөздердің тұрған орны, ауызша сөзде келетін орнынан басқаша болатындық.

2) Қайталағыштық.

3) Сөзді еселеп, асқындытып сөйлегіштік — дамыту (нарастание).

VII. *Өлең сөздің бұйымдары:*

1) Өлең екпіні (ритм), ырғағы.

2) Ұйқастық.

3) Өлең шумақтары.

4) Такпак, желдірме ретінде айтылған ауызша әдебиет түрлеріндегі өлең екпіні.

VIII. *Әңгімелі өрнектер мен сыршылдық өрнектерінің түрлері:*

1) Әңгіме.

2) Повесть (ұзақ әңгіме).

3) Батыр жыры.

- 4) Ертегі.
- 5) Әннің өлеңдері.
- 6) Ауызша әдебиеттегі әр түрлі салт өлеңдері.

Екінші жыл

I. Сөзді кестелендірудің әдісі:

- 1) Тұспал сөздердің түрлері: тенеу, алмастыру.
- 2) Кейіптеу.
- 3) Өлең сөзді белгілі дыбыстармен күйлеу: ассонанс (өлеңде ылғи бір дауысты дыбыс келіп отыратын болғанда). Мысалы: “Ағасың, ақылы асқан асқармен тең”; аллитерация (ылғи бір дауыссыз дыбыс келіп отыратын болса, мысалы: қауым ең қара қазан қорқақ қоян, иіс келіп отырсындар ма, күдірет қалам).

II. Өлең сөзінің қырлары:

1) Өлең өлшеулері. Неше буынды өлең. Айшықтар, шумақтар, бунақтар қандай.

2) Ұйқастық түрлері: егіз ұйқас, ұйқас, шалыс ұйқас сияқтылар.

III. Сыршылдық өрнегі:

Сезімділік. Әсерлілік жағынан қарағанда әр сатыда тұратын өлеңдер.

Үшінші жыл

I. Драмалық әдебиет туындылары:

1) Күлкі пьеса (драмалық шығарманың құрылысы, кейіпкерлердің мінезін сынаудың әдістері).

2) Драма (қайғылы уақиға).

3) Поэма (жаңа замандағы әңгімелі өлеңдер). Бұл программа ақындық түрін байқау үшін деп ұсынылып отыр, қазірде тәжірибе үшін беріледі. Бұған оқытушылардың да, әдебиет мәселесін зерттеушілердің де қосымшалары, түзетулері болу керек. Жалпы қазақ әдебиетінің сабағын үш жылға концентрлік әдісімен алғандықтан, мына түр жағын байқау жұмысында — сол концентр ретімен жіктедік, драманы біздің жоғарыдағы программamızда екінші жылда тексереді дегенбіз. Бірақ барлық программаның негізі — концентр әдісінде екенін ұмытпау керек. Екінші жылда жалпы танысу, оқуға жаттығу үшін драманы берсек, үшінші жылда драма деген әдебиет өрнегін тереңдеп тексеретін боламыз.

1930

**Әрбн
нұсқалар**



ЗҰЛЫС

Зұлыс деген бір тау бар үлкен, биік¹,
Басы қарлы таянып көкке тиіп.
Пілден пайда етуші жансебіл бар,
Қаракет қып сүйегін атып, жиып.
Орта жері отша ыстық піл ойнағы,
Өзге көрсе шыдамас кетер күйіп.
Жаралы піл жабыспай жібермейді,
Ер атады еңбек қып жанын қиып.
Қалың тоғай, қара үңгір, қиын жартас,
Қаскүнем хайуанаттар тұрған сиып.
Дейтұғын Кватэрмен бір мерген бар,
Бейнет іші күн көрген қатер киіп.

* * *

Мың ділдә өлсе-дағы пілдің құны,
Ер мерген пұлы үшін атпайды оны.
Адам аумас нәрсе жоқ үйренген соң,
Қызық болып қатерлі көрген күні?

Көрген жоқ Кватэрмен бекер жатып
Күн сайын талай аңды келеді атып.
Судан арғы шәһарда қымбат баға,
Қайтпақшы піл сүйегін барып сатып.

Сүйегімен жинаған пілдің тісін,
Барарына барсын деп қылған ісін
Қарапқа² өзі түсіп, пұлын салды³,
Алып қайтпақ керекті әр немесін.

Кеменің үйі де көп, кісі қалың,
Аяқ басып жүруге келмейді әлің
Екі адам бір бөлмеде бөлек отыр,
Кім екені аңшыға емес мәлім.

Біреуі ұзын бойлы, қыр мұрынды,
Қымбатты оңаша алған бір орынды.

Қара мұрт, қызыл жүзді, кең жаурын,
Сөзі әдемі, киімі әм форымды.

Кемедегі кісіден иығы асқан,
Келісімді, келімді, кердең басқан.
Кішкене қабағында кейісі бар,
Оғат кетіп айтпасам байқамастан.

Біреуі толық келген, орта бойлы,
Кемел кісі сықылды білімге ойлы⁴.
Үлбіреген ақ тәнді, көзі көкшіл,
Нағылса ол да жақсы адам сойлы.

Капитан екеуіне келді жетіп,
Көріп жүрген бұрыннан келіп-кетіп.
— Керек қылған кісіңіз мінеки, деп,
— Аңшының жайын айтты мәлім етіп.

Ұзыны айтты: — Генри менің атым,
Тиді ме жолықсын деп жазған хатым?
Анық сен Кватэрмен аңшы болсаң,
Сізге бір жолығарлық бар қажетім.

— Кватэрмен аңшы біз іздеп жүрген,
Зұлыс тауда піл атып өмір сүрген.
Керек қылған хатыңыз тиіп еді,
Таса болмас өзіңнен көрген, білген.

— Айтайың, — деді Генри, — жайды бастан,
Миллионердің ұлымын дәулеті асқан
Жалғыз інім Джорждан тірі айырылып,
Құлағандай болып тұр басыма аспан.

Ініммен қалжың сөзге келдім шалыс,
Кішіге еңкеймекті көрдім намыс.
Көрместей боп біржола өкпе қылып,
Кетер деп ойламадым менен алыс.

Бір күні жоғын білдім банкке барып,
Бар ақшасын қалдырмай кетіпті алып.
“Жер үстінде бар болса табармын” деп,
Әр тараптан іздедім хабар салып.

Анықты түк хабар жоқ ешбір жақтан,
Мұндай іс көріп пе едің судай батқан?
Өмір қайғы, өкініш кездей болды,
Уайымсыз жан едім үйде жатқан.

Еміс хабар естідім жолықты, деп,
Сізге кез менің інім болыпты, — деп.

Зұлыс тауда піл атып жүргенінде,
Үйіңе қонақ болып қоныпты деп.

Осы еді, Кватэрмен, менің жайым,
Зор қайғы інім еске түскен сайын.
Бар өмірімді жолына құрбан қылдым.
Еріксіз жатқызбайды қайғы-уайым.

Жалғыз інім Джорджға меһирбанмын⁵,
Қалайша кеткеніне өзім таңмын.
Көргеніңді көмескі қылмай сөйле,
Осылай әуре болған мен бір жанмын.

Аңшы сонда: “Інінді көрдім, депті,
— Ол оңай қайтпас жерге сапар етті.
— Сүлейменнің қазынасын іздемекке⁶,
Талап етіп екі адам жүріп кетті.

Бару қиын, дедім мен айтып жайын,
Адам аман қайтпаған барған сайын.
Ақыры болмаған соң копия бердім⁷,
Жол планы бар еді менде дайын.

* * *

Бір күні мен Зұлысқа шықтым аңға,
Піл кез келер деп ойлап андығанға
Ыстықтан қап-қара боп тілі түскен,
Жығылып, тұрған жолықтым халсіз жанға.

Көтеріп алып келдім балағанға*,
Қуандым көз ашуға жарағанға
“Алмас... алмас...” деді де жаны шықты,
Қойнынан қағаз таптым қарағанда.

Сүлеймен планы екен қазынасының,
Білмедім қайда екенін жолдасының,
Қағазды оқып қарасам, іздеген жан,
Не болары белгісіз бір басының.

— Ол план менде қалды соныменен,
Іс қылып іздемедік оныменен.
Інің Джоржды екі адам іздеп кетті,
Табамыз деп планның жөніменен⁹...*

АБАЙДЫҢ БАСПАДАН ҚАЛҒАН ӨЛЕҢДЕРІ

Сап-сап, көңілім, сап, көңілім,
Саяламай сай таппай.
Сен жайыңа жүргенмен,

* Аяғы әзірге табылған жоқ.

Аяғы әзірге табылған жоқ.
Қыз өле ме бай таппай.
Түн кезгенің мақұл ма?
Жан-жағыңа жалтақтай!
Өлермін деп жүрмісің?
Мұнан басқа жай таппай.
Сап-сап, көңілім, сап, көңілім,
Сарқа берме санасың.
Бүгін өзің айтсаң да,
Әлі-ақ өзің танарсың.
Қашан беріп тойғыздың
Аюдайын ағасын,
Қатыны мен қалашын?
Қарсақ жортпас қара адыр
Қарамай неге шабасың?
Сонда тәуір бола ма
Ұстап ап біреу сабасын.
Киіміңді тонасын,
Елге де күлкі боласың.

Сап-сап, көңілім, сап, көңілім,
Сағынышқа сарғайма!
Жай жүрсең де қыз кумай
Сені біреу қарғай ма?
Тілімді алсаң, тыныш жүр,
Бұным ақыл болмай ма?
Көріп алсаң көріктіні
Таңдап алсаң тектіні,
Сонда да көңілің толмай ма?

ЕСКІ ЗАМАННЫҢ КИІМІ

Ойланып ойға кеттім жүз жылғы өткен,
Тон қабаттап кигенім шидем шекпен
Жейде, дамбал ақсаңнан жарғақ шалбар,
Жырым балақ матамен әдіптеткен.
Мықшима аяғымда былғары етік,
Киіз байпақ тоңдырмас ызғар өтіп.
Үлкен кісе белімде жез салдырған,
Шақпағым, дәндәкуім жарқ-жұрқ етіп¹.
Күләпара бастырған пұшпақ тымақ,
Ішкі бауын өткізген тесік құлақ.
Тобылғыдан кесіп ап, жіппен қадап,
Артын белге қыстырған бар құрысқақ².
Қалмақы қара үзеңгі, биік қасты ер,
Қанжығамда байлаулы жіптен шідер.
Жарғақ жастық көпшігім, жезді пыстан⁵,
Бір келісті сайманым топқа мінер.

Жинаушы Арқалық.

**Ғылыми
түсініктемелер**



“ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫ”

1925 жылы жазылып біткен бұл еңбек алғаш рет 1927 жылы Қызылорда қаласында жеке кітап болып басылып шыққанымен, ол қалың оқушы қауымға көп тарай қоймаған сияқты. Өйткені, жазушының архивінде кітаптың филология ғылымдарының докторы, профессор Әуелбек Қоңыратбаев сыйлаған жалғыз ғана данасы бар. Демек, автордың өз қолында да қалмаса керек. Ал еңбектің машинкаға басылған бір нұсқасы ғана “Әуезов үйі” ғылыми-мәдени орталығы қорындағы 185 нөмерлі папкада сақтаулы тұр.

Алғашқы басылымнан кейін “Әдебиет тарихы” екінші рет жиырма томдық шығармалар жинағының 16-томында (1985, 9—198-беттер) сол тұстағы цензураның талабына орай редакцияланып, қысқартылып басылды. Осындағы соңғы, VII бөлімге жататын “Зар заман ақындары” тақырыбының материалдары “XVIII—XIX ғасырдағы ақындар” деген атаумен өзгертіліп берілсе, II бөлімнің “Батырлар әңгімесі” тобындағы — “Едігенің қысқаша әңгімесі”, “Едіге батыр” әңгімесінің мәнісі”, “Нәрікұлы Шора батырдың” қысқаша әңгімесі”, “Шора батыр” әңгімесінің мәнісі” түгелімен және “Тарихи өлеңдер” деп аталатын IV бөлімдегі “Кенесары — Наурызбайдың” қысқаша әңгімесі”, “Кенесары” жырының мәнісі” де томға жіберілмеді.

Үшінші рет толықтырылып, жиырма томдықта қысқарған тұстары қайта қалпына келтіріліп, жеке кітап болып “Ана тілі” баспасынан 1991 жылы (басылымның арнаулы редакторы филология ғылымдарының докторы, профессор Мекемтас Мырзахметов) басылып шықты.

Сол жылдары көптеп ашылған жастар мен үлкендер мектептерінде, техникумдар мен оқытушылар даярлайтын институттарда қазақ әдебиеті тарихының әр түрлі үлгілерде оқытыла бастауы

Әуезовтің осы тақырыпқа қалам тартуына түрткі болған шығар деген ой келеді: Оның үстіне өткен дәуір әдебиетін жүйелеп, талдаған оқулықтар жоққа тән еді.

Қай кезең, қай асудан асқанын, ұлы сұрлеуге қай қырларынан келіп қосыларын, жанрлық ерекшеліктерін анықтауды, саралауды күтіп, уақыт шаңында кеміліп жатқан қазыналар қазақ әдебиетінде аз емес, әрине. Бірақ бірден ашып-ақтарып тастау қиын. Оңай дегеннің өзінде де, бөлім-бөлімдерге бөліп қарастырғанда кейбіреулері, атап айтқанда, ертегілер мен басқа халықтар әдебиеттерінде кездесе бермейтін билер сөзі мен билер айтысы туралы ой-тұжырымдарын осы саланың мұралары толық жиналып болмағандығы себепті, қысқа қайыруына тура келді. Әдебиеттің тағы бір мол саласы — XIX ғасырдың екінші жартысындағы кітап болып басылып, ел арасына кеңінен тараған діни кіссалар да осындай күйге ұшырады. Оны жазушының өзі: “Дін сарынымен айтылған үгіт-өсиет өлеңдері де тексерілген жоқ. Ол ағымға кіретін ақынның ешбірінің аты да аталған жоқ. Бұл түріндегі өлең жұрнақтары қазақ әдебиетінің тарихына кіру керек еді. Бірақ олардың бұл кітапқа кірмеген себебі: қазақ ескілігін тексерген тұңғыш қызметте, біздің көздеген мақсатымыз, әуелі қазақ елінің өз қанынан туып, өз сүтімен өскен ескіліктің ұлы денесін тұрғызып алмақшы болдық. Дін өлеңдерін, кіссаларды алсақ, көбінің сарыны шеттікі болудан басқа мазмұндары да түгелімен мұсылман ғаламынан келген көшпелі, қыдырма әңгімелер. Сондықтан оларды тексеріп, ұғынып түсіну үшін жалғыз ғана қазақ топырағындағы көлеңкесіне қарап тон пішу керек емес, әрқайсысын тудырған жағдай мен себепті әуелі шыққан ұясынан бастап ұғыну керек” деп түсіндіреді.

Өзінің айтуынша, бұл кітапта қамтылмағандары тек осылармен ғана шектелмейді; тікелей тамырластығы, байланыс-бірлігі бар парсы, түрік, шағатай, татар әдебиеттерінен бөліп, жеке-дара қарауға болмайтындығын ұғынғанымен, бұл жерде алдымен өз әдебиетіміздің нобай-суретін жасап алуды жөн керді. Осындағы “Сыршылдық салт өлеңдері”, “Ел поэмалары”, “Ертегілер” мен “Айтыс өлеңдері” бөлімдеріндегі жіктеулері, көзқарастары кейінгі кез зерттеулеріне негіз болып қаланды, ал “Батырлар әңгімесі”, “Тарихи өлеңдер”, “Зар заман ақындарындағы” тұжырым, ойлары әрі қарай жалғасын, өрісін таппай қалды, коммунистік идеологияға жат көрінген осындағы танымдар ұзақ жылдар бойында еңбектің назардан тыс қалуына себеп болды.

Әдебиет ескілігін сөз ете отырып, оны белгілі кезең, дәуірлермен байланыстыра қарастырғанда Алтын Орда, Ақ Орда, Түрік, Өзбек бірлігі, Ноғайлы дәуірі жиі аталып, ауызға алынып отырды.

Бірсыпыра батырлық эпостар мен жыр-дастан, аңыз-әңгімелердің тууын сол дәуірлердің шындығынан іздеді. Ұлы батырлар, Кіші батырлар деген жіктеулерді де алғаш рет осында ойлап тапты. Осы кездегі кейбір есімдер, туындылар сияқты бергі “Тарихи өлеңдер” бөліміндегі Исатай, Махамбет, Бекет батырларға қатысты әңгіме-жырлар ғана соңғы уақыттың зерттеулерінде көрінісін тапты да, “Кенесары — Наурызбай”, оны жырлаған ақын Нысамбай, Кенесары — Наурызбаймен аттары қатар аталатын бірсыпыра тұлғалар мүлде ауызға алынбайтын болды. Осы ретте “Зар заман ақындары” бөліміндегі өзіндік ізденістерін де айрықша атауға болады, мұнда да бұрын байқалмаған таным, көзқарастар үлгілері кездеседі.

Зар заман деген ұғымның арғы бастауын сонау Асан қайғы заманынан іздеген жазушы ең дамыған кезі деп Абылайдан бергі дәуірді атады; олар бодандыққа айналған халықтың қиындығын бірге бөлісті, оны мұң-зарына айналдырып қуанды, қайғырса — қайғырды, қамықса қамықты, сөйтіп жүріп сыншысы да болды, ақыл, нақыл, өсиет айтушысы, жаңа қоныс, жайылым-өріс іздеушісі де болды, сондықтан да олардың бойы да, ойы да, сезімі де өзгелерден озық, ілгері тұрды. Бұқардан бергі Дулат, Шортанбай, Мұрат секілді көптеген ақындар осы биіктен табыла білді. Осылар сөз еткен қауіпті ел іргесінің сөгіліп, Еділ-Жайықтан айырылууды көзімен көрген Асан қайғы жұмбақтап айтса, оның шешуін Бұқар айқын түрде жеткізіп отырды. Бірақ, осылардың бірде бірі бұл тығырықтан шығудың жолын біле алмай түңілді, алдан үміт артуға болмайтындай бұлыңғырлықты көрді.

Ал жиырма томдықта басылғанының екінші бөлімдегі Едіге, Шора батыр, төртінші бөлімдегі Кенесары, Наурызбайлар түгелімен жіберілмей қалғандығы туралы айтылды. Енді осы бөлімдердің жалпы шолуларындағы қысқаруға ұшырағандарына келсек, олар мыналар: “Екінші сатысы: осы сияқты шет жұртқа бағынуға айналып, елдің алдында “темір нокта мен қайыс ноктаның” таңдауы шыққан заман. Ақыры орысқа бағынып, ноктаға бас иіп, асаудың жуасып, алыптың басылған уақыты болады.

Қазақ елін орысқа бағындыруға зорлаған себептер көп. Бір жағынан қалмақ сияқты елдің тізесі батқан жаулығы болса, екінші: Орта Азия халықтарының қысымшылдығы; үшінші: орыс үкіметінің қазақты бағындыруды мақсат қылғандығы, осымен бірге тағы бір зор себеп, қазақтың өз хандарының алалығы. Өзара жаулық пен араздық, өштік күшейіп, бірін-бірі жауламақ үшін әрқайсысы кез келген жұрттан көмек іздеп, қазақ елін әр айғырдың үйіріне сіңіруге айналғандығы. Осындай көп себептер тұтасып, ел тіршілігі

бір шым-шытырық мезгілге жеткенде орыс үкіметінің шеңгелі қомағайлықпен созылып, қазақ даласын уысына кіргізіп әкетіп бара жатты.

Орысқа бағыну елдің алдына ұсынған сыбағалы табақтай болып, еріксіз бой ұсындыруға айналды. Ел өмірі мен әдебиет тарихында осы дәуірден қалған белгілері көп” (16-том. 1985. 135-бет). “Әдебиетте қалың елдің бұл қайғысы Абылай айналасынан шығады. Абылай маңына жиналады. Себебі сол аласапыран дәуірде қалың елдің “қайрандап жан қала ма” деген “Қазығұрттай” үміті жалғыз ғана Абылай басында қалған болатын. Ескі қазақ елдігін, ескі жұрттың тілегін ту көтеріп бір араға жиған Абылай болатын.

Бұлай болса, кейінгі заманда туатын үлкен тарихи жырлары түгелімен Абылай заманынан суат алады. Қазақтың жат елге бағынбай, өз елдігін сақтап қалып, іргесін бөлек салуы Абылай заманынан бері қарай XIX ғасырдың ортасынан ауғанға шейін жаңа саяси бет сияқты болады.

Бірақ ол кезде қазақ елі бала еді. Орыс үкіметі әрі қу, әрі мықты еді, сондықтан Абылай тілегі іске аспады. Ел бағынды. Бұрын орысты құбыжық көріп сене алмай, бағынбаймын деп жүрген ел бағынған соң не көрді. Көргені көп (136-бет). “Тарихтың дәл суретінен толығырақ танысамын деген кісі болса, қазақ тілінде шыққан Халел Досмұхамбетовтің “Исатай — Махамбет” жырының басына жазған баяншысы мен Көшмұхамбет Кемеңгеровтің “Қазақ тарихына” деген еңбектерін қарап өтсін дейміз” (136-бет).

“Бұл уақытта елдің ескі өмірінде болған өзгерістер бірінші: бұрын жаман-жақсы болса да өзінің ханы билеп, өз бетімен өмір сүрген ел бері келгенде әуелі ханнан айырылды. Бұрынғы хан елдің өзгеден бөлек бір тіршілігінің белгісі сияқты болса, бері келген уақытта орыс үкіметінің көз, құлағы сияқты болымсыз ғана төрешігі болып қалды соңғы уақыттың хандары” (136-бет).

“Бұдан соңғы өзгеріс елдің шаруа тіршілігіне келеді. Қазақтың өз әкімдері жоғалып, өз билігі кетіп, үкімет қолымен сайлаған ұлықтар отырған соң, патша үкіметі қазақ даласын уысынан шықпайтын қылып, бағындырудың саясатын бұрыннан ойлап, дайындап жүрген жол бойынша жылдамдатып жүргізе бастады. Талай жылдай қазақтың аңысын андып, тамырын ұстап келген соң, мезгілі жетті деген уақытта қазақ даласының таңдаулы жерін ала бастады. Қазақтың көптен күткен сұмдығының бірі осы еді, осы да іске асуға айналды. Жерлері алынумен қатар, әуелі қазақ даласын айнала сызып, шеткі қалаларды салды. Содан біраз заман өткен соң, қалың қазақтың ортасын жарып, тағы бір рет қалалар салды. Барлығына

да үкіметін, әскерін, саудагерін орнатты. Артық жерге Ресейдің қара шекпен мұжықтарын әкеп қондырды. Бұрынғы хан, бұрынғы елдің қамын ойлайтын түзу адамның бәрі шетке қағылып қалып, қыбыр еткен іс болса барлығында орыс қуатымен, орыс қолымен істейтін болды. Бұрын қайыс нокта болып созылудың орнына көндей кеуіп, темір құрсаудай болып қысып, қинай бастады. Сайлау, билік, жүріс-тұрыс, көші-қон түгелімен ел ықтиярында емес, елдің үстінде қара бұлттай түйіліп тұрған жаттың ықтиярында болды.

Абылай хандардың тұсында орысқа бағынуды сөз қылған осы хал болады-ау деп қайғырып, қаралы сөз қылған ел басшылары көп еді. Сол заманның ханы мен биі, қариясы мен жырауы, бар жақсысы түгелімен келесі заманның күйін айтып, жырлап өткен сияқты еді. Солардың сөзін есіткен кейінгілер өз тұсында алдыңғының айтқан сөзі келіп, соларды шошытқан дозақ орнаған сияқты болған соң, бұрынғы жақсыларын ғайыпты болжаған әулиедей көрді, кейінгі заманда көріп тұрған күннің ауырлығын айтып күңіренген ел, алдыңғы өткен жақсыларының әруағынан айналып, басқан ізін торқадай көрді.

Қазақ әдебиетінде осы айтылған жүз жылдық дәуірден қалған ізбен келген белгі өлгенше көп, сол белгілердің бір алуаны Кенесары, Исатай өлеңдері сияқты болса, екінші бір алуаны — елдің ақыны мен жыраулары айтқан толғау, тақпақ өлеңдері болады.

Бірақ біз әдебиет тарихында ескілік жұрнағының барлығын ең алдымен әдебиет жолымен жіктеп келе жатқандықтан, қазіргі тарихи өлеңдердің бөліміне жаңағы айтқан екі алуан өлеңнің соңғы түрін кіргізбейміз. Ол өлеңдерді осы кітаптың ішінде зар заман ақындары деген бөлек жікке кіргіздік. Сондықтан жаңағы айтылған тарихи дәуірдің өлең түріндегі үлгі мысалының барлығын осы бөлімде толығырақ көрсетпекшіміз.

Қазірде тарихи өлеңдердің өзіне келуден бұрын жаңағы айтылған қайғылы, күнгірт дәуірге қазақ елі не деп жауап береді? Сол кездегі ел наразылығы сыртқа шықты ма? Қандай жолмен, қандай іспен сыртқа шықты? Сол сұрақтарға жауап беріп өту керек. Қалың ел ауыр заманнан қысылып, қиналған уақытта түгел ғана сөз наразылығын айтып, жылауға зорлап қойған жоқ. Ел халіне ауыртпалық келтіріп тұрған істің барлығына да іспен қарсылық көрсетті. Патша үкіметі қазақ елін меңгеріп, ауыздықтап алуға айналған кезде, әуелгі уақытта елді өзінен шыққан сатымсақ “жақсыларға” билетті дедік, ол адамдардың барлығы да төре тұқымынан шыққан хандар болатын, бұлардың жалғыз мақсаты: бір жағынан елді мыңқ еткізбей басып, жаншып отырып, екінші жағынан орыс үкіметінен үнемі мақтау, үнемі шен, дәреже алып отыру болатын” (139-бет). “Жүректің

түбінде жатқан дерт орыс билігі екенін бесіктегі бала да біледі. Бірақ іс басталу үшін әуелі көзге көрініп, көпке бірдей сезіліп тұрған жақын жердегі жаудан бастау керек болды” (137-бет). “Бір жерде ел сайлауға шыққан “Майырды” өлтіріп, екіншіден жерін алған казак орыспен, мұжықпен төбелесіп өлгендер болса, барлығы да жаңағыдай қарсылық ағымының бетімен болған оқиғалар болатын, сондықтан елдің батырлар жорығын жыр қылған тарихи өлеңдерінің арты мұжықпен төбелесіп өлген Сәтбекті де өз заманының геройына қосады” (137-бет). “Ел сынына баға беріп, ел ұғымынша жіктесек, Кенесарылар кіші батырлардың ретіне де даусыз қосылады” (137-бет). “Шынында ел қиялы Кенесарыларды батыр қылып жырлағысы келгені рас” (138-бет). “Сондықтан Кенесарыларды баяғының батыры қылып қалай жырлайын десе де, олар көбінесе бүгінгінің адамы болып тұрып, кейін қарай шегінбей қойған” (138-бет).

Кітаптың төртінші бөлімінен қысқарып қалғандар осылар болса, жетінші бөлім — “Зар заман ақындарының” тақырыбы ғана өзгеріп қоймай, қысқарту барысында сөйлем мен сөйлем, ұғым мен ұғымдардың байланысын сақтау үшін автор сөзіне сөз қосылған тұстар да кездесіп қалып отырады және идеологияға қайшы келеді-ау деген ой, танымдардың жіберілмеу жағының да қапы қадағалағандығы байқалады. Осы тұрғыдан бұл бөлімнен қысқарып қалғандарына мына төмендегілер жатады: “Зар заман деген — XIX ғасырда өмір сүрген Шортанбай ақынның заман халін айтқан бір өлеңінің аты, Шортанбайдың өлеңі ілгергі, соңғы ірі ақындардың барлық күй, сарынын бір араға тұтастырғандай жиынды өлең болғандықтан, бүкіл бір дәуірде бір сарынмен өлең айтқан ақындардың барлығына “зар заман ақындары” деген ат қойдык. Бұл ақындардың дәуірі жоғарыда айтқан тарихи дәуірді туғызған дәуір. Зар заман ақындарының алғашқы буыны Абылай заманынан басталса, арты Абайға келіп тіреледі. Сондықтан казактың тарихымен салыстырсақ, зар заман дәуірі толық жүз жылға созылады” (116-бет). “Зар заман” деген бағыт немен басталып, немен бітті? Ақындары кім? (176-бет). “Бұның себебі: зар заман өлеңдерінің өзге барлық өлеңнен ерекше бір айырмашылығы барлығынан” (176-бет). “Кенесары дәуірінің ауырлығы жалғыз Кенесарының өз тұсында туған жоқ” (178-бет). “Сондықтан кейінгі заманда Кенесары, Исатай көтерілістері болса, барлығы да Абылай заманынан суат алады. Солардың тұсында нығайған пікір, қалыптанған бет кейінгі заманда ел батырларының көтерілістерін туғызды дегенбіз. Тарих жүзінде әлеумет тіршілігінде Кенесары мен Абылай заманының арасында осындай байланыс болса, әдебиетте де Кенесары жорығының артынан шыққан зар заман ақындары мен Абылай дәуірінде болған

ақындардың арасында сондайлық үзілмейтін жалғастық бар. Абылайдың ұясынан ұшқан балапаны Кенесары болса, кейінгі замандағы ақындардың ой, бағытын баулыған аналары да сол Абылай заманында тіршілік еткен” (179-бет).

“Ұлы, кызың орысқа бодан болып,
Қайран ел, есіл жұртым сонда не етер” (182-бет).

“Мұны неге білмейсің.
Арасынан қытай, орыстың
Қорған сап, тыныш жатырсың,
Өзің Жәнібек, елден асқан батырсың.
Ертісті өрлеп орыс жүр,
Тіл алсаң, іздеп қоныс көр...
Орыс алар қалаңды,
Шулатар қатын, баланды.
Осыны көрдім түсімде
Біл десе де білмейсің” (200-бет).

“Орыс, қытайдың арасында отырған қазақ, Ертісті өрлеп жүрген орыс, бодан болғалы отырған ел, жат жұртқа құл болмас үшін ауа көшуді ем көрген басшылар, барлығы да” (183-бет). “Қилы-килы заман болып, қарағай басын шортан шалғанда”, “ұлы, кызы орысқа бодан болғанда, қайран ел есіл жүріп не болады”, “не болады” деген ауыр сұрақ, ащы жұмбақ сол заманның барлық жақсысына тағдыр түйініндей кеселді түйін болған” (183-бет).

“Әуел басы Асаннан басталып, барлық зар заман ақындары осы сұрақтың алдында не дерін білмей, қайғылы қара жамылып тұрып, амалы құрығандықтан күрсініп жылап, күңіреніп өткен. Бүгінгі күні — қайғы күні толып жатқан жара сияқты ауыр дерт, азап күні. Бірақ алда не болады? Қай жарға апарып соғады? (183-бет). Қазақтың есі кірген әдебиеті ылғи бір-ақ сарын, бір-ақ бағытпен өтеді. Ол бағыты — зар заман” (183-бет). “Алғашқы рет келешек заманның құбыжығын сезіп, тұспалмен белгі беріп, болжал айтқан Асан қайғы. Сол заманның өзінде басқа жерге ауайық десе де, өлең сөзді қауымның қызметіне жаратуға кіріскен тағы да сол. Кейінгіге ел қамын жоқтаған мұң-зар сарынын тастап кеткен де сол. Зар заман ақындарының барлығындағы сары уайым Асан бастаған сарын. Сондықтан да зар заман ақындарының алғашқы белгісі Асан қайғыдан басталады дейміз” (183-бет).

“Жырау айтқан толғаулардың өзге сөздерден ерекшелігі болғандықтан, ең алдымен сыртқы түріне тоқтап өттік. Енді зар заманның ақындарына Бұқар жырауды қосатын сарын қайсы, қандай белгімен, қай алуандас ақын болып зар заманшылардың ішіне қосылады, сол жағына келейік” (184-бет).

“Сөйлесе жүрегінен қайғы ғана шығатын болғандықтан, Асанның сөзін айтпастан бұрын, “Осы қайғыны көпке жайғанша, айтпасам қайтеді” деп жыраудың өзі де қиналады. Сондықтан Абылай Асан сөзінің шешуін айт деп сұрағанда:

Ханға жауап бермесем,
Ханның көңілі қайтады.
Қайтара жауап сөйлесем,
Халқым не деп айтады.
Хан Абылай, Абылай,
Мұндай жаман хабарды
Сұрамасаң не етеді... —

деп тілек етеді. Бірақ бұл сөзді көпке ұғындыру — жыраудың міндеті. Жырау жасырғанмен, заман өз пішінін жасырып тұрған жоқ. Асан айтқан ауыр күн тақап келіп қалды, енді ел жыласа да, күңіренсе де, қандай заманға келгенін ақылшы, ойшылдарының аузынан есту керек. Сондықтан жырау:

Енді айтайын тындасаң,
Маған қаһар қылмасаң.
Қарағай судан қашып,
Шөлге шыққан бір дарак.
Шортан шөлге шыдамсыз,
Балықтағы бір қарақ.
Ойлама шортан ұшпас деп,
Қарағайға шықпас деп.
Кұбыладан келер бір көпір,
Аузы-басы жүн көпір.
Жаяулап келер жұртыңа,
Қара шекпен кигізіп.
Балдымай жағар мұртыңа,
Ел қамын айтқан жақсыны
Сөйлетпей ұрар ұртыңа,
Есеп алар пұлыңнан,
Солдат алар ұлыңнан,
Күндердің күні, Абылай,
Есе тимес өзіне,
Есіктегі құлыңнан... —

дейді. Осы сөзбен Бұқар жырау өз заманының қайғы-шерін Асан заманының қайғысымен жалғастырады. Кейінгі зар заман ақындарына осы сарынды ұсынып, осы бағытпен қол созады” (184-бет). “Қарағай басын шалғалы жүрген шортанның” кім екенін түсіндіргені” (185-бет).

“Бұқар жыраудан соң XIX ғасырдағы зар заман ақындарының басы — Махамбет. Одан кейінгілері: Шортанбай, Мұрат, Алтынсарыұлы, бұлардан соңғы бір буыны Абаймен тұстас ақындар.

Әзірше бұлардың мысалына алатынымыз Нармамбет, айтыс ақындарының кейбір өлеңдерімен осы жікке кіретін Шернияз, Доскожа, Күдері қожа сияқтылар. Онан соң зар заманның күй сарынымен әңгімелі өлең айтқан ақындар жоғарыда тарихи өлеңнің ішінде аталған Нысамбай, Ығылман сияқтылар.

Енді жаңағы саналған ақындарды жеке-жеке қарастырып көрейік. Абылай тұсынан кейін зар заман ақындарының санын көбейтіп, сарынын күшейткен Кенесары, Исатайдың дәуірі дедік. Сондықтан бұл дәуірдің ақындарын жаңағы адамдардың оқиғаларына жақын тұрған Махамбеттен бастаймыз” (190-бет). “Зар заман ақындарының Махамбеттен соңғысы өлеңді жазып айта бастайды. Бұлардың алдындағы тарихи дәуір Исатай, Кенесарының жолсыз жорығымен байланысқан, жүдеулік қайғы күндері болатын... Ол уақыттағы елдің өміріне қандай жаңалық, өзгерістер, ауырлықтар кіріскенін бұрынғы ақындардың тұсында айтқамыз” (193-бет). “Соңғы заман өлеңдеріне зар заман деген ат қойдық” (194-бет). Бұзылған заман мұның да өлең сөзінің бар күшін әлеумет қамына жұмсағадy. Мұрат зар заман ішіндегі ірі ақынның бірі. Бұның сөз үлгісі баяғының толғауы сияктанып, қарсыға шапқан жүйріктей көсіліп, құлашын керіп келеді. Елдің жайлауы мен қонысын жоқтағанда жалғыз өз заманынан бастамайды. Қазақтың қайғылы күйі алыстап, ескіден келе жатқанын айтып:

Еділді тартып алғаны
Етекке қолды салғаны.
Жайықты тартып алғаны —
Жағаға қолды салғаны.
Ойылды тартып алғаны —
Ойдағысы болғаны.
Қоныстың бар ма қалғаны.
Мал мен басты есептеп,
Баланың санын алғаны,
Аңғарсаңыз, жігіттер,
Замананы тағы да
Бір қырсықтың шалғаны, —

дейді.

Қазақтың ата қонысы, мекені алына бастағаны бүгіннен емес, көптен басталған. Сондықтан бұл зорлықтың тарихын шолып өтеді.

Ел өмірін осындай ескіден келе жатқан дерт кернеген соң, заман бұзылмасқа шара жоқ” (197-бет).

“Заманды аздырған себептің бірі осы болса, екінші күшті — дұшпан. Бұл дұшпан иыққа шығып, қырандай қадалып бағып тұр. Мойын бұрғызбайды. Сондықтан ақын:

Дұшпан тазы, біз түлкі,
Қашсаң ерікке қоймайды.
Інге кірсең суырып,
Құлғанадай кадалып,
Қазынасы кең құдайым,
Сақтағайсың саламат, —

дейді.

Мықты дұшпан ақын жүрегін шошытып, жаратқан иесінен тілек тілетеді. Тыныс бітіп қажыған соң, әлі құрыған зарлының арғы тірегі құдай. Сондықтан “сақтай көр” деп соған жалбарынады. Қайғы мен үмітсіздік жеңген ақын алдыңғы заманнан да шошиды, алдыңғы заман ел сұрқын бүгінгіден де жаман бұзатын сияқты. Көмескі келешек тағы да талай бұзық белгіні сездіріп тұрған сияқты. Өмір ұйтқысының бұзылуы ақын заманындағы жамандықпен тоқтамайды. Жакында тағы да қауіп бар, ол қауіп:

Ұстай ма деп білегін,
Нығая ма деп жүрегін,
Кейінгі туған баланың,
Шашын, мұртын қойдырып,
Ащы суға тойдырып,
Бұза ма деп ренін,
Адыра қалғыр заманның,
Жаратпаймын сүреңін.

Бұл сөзде жақындап келе жатқан заманның ақынды күпті қылған жұмбағы бар. Ол жұмбақ патша үкіметінің қазақ елін орыс қылмақ саясаты. Мұрат сол ниеттің шетін сезген. Өз заманындағы көп белгіден топшылап, сол күн бола ма деп қайғы шеккен. Көрген күні осы болған соң, бұ да тіршілікке ырза емес, сондықтан, “адыра қалған заманы” — Махамбеттің “нәлет” оқыған заманынан өзге емес. Сондай қайғылы, сондай дертті заман екенін білдіреді. Мұраттың ел қайғысын көрсететін бір үлкен өлеңі — “Сарыарқа”. Мұнда жерден ауған елдің арып-ашқан күйлерін, бұрынғы дәуірін айтады. Мұнда да күшті сарыны заман қайғысы. Бұзылған, азған заманның жыры. Сонымен бірге қазақ қоныс қылған жердің құтсыздық, сорлылығын айтады.

Кірін жуып, кіндігін кескен жерден,
Қысылмай, ер кете ме еркіменен.
Бұрында адыра калғыр құтсыз еді,
Егескен ердің бәрі жер тіреген, —

дейді.

Жер үшін талай ел өмірін сарып қылып, еңбек еткен. Бірақ ежелден баяғы батыр мен жауынгер елдің ешбіріне байызды қоныс

болмаған құтсыз жер. Сондықтан басшысынан айырылған қара халықта қарсы тұтарлық шара жоқ.

Елдің іргесі ыдырап, тозғаны жалғыз бүгін емес:

Әуелі Әлім менен Табынды алды,
Тоздырып ақсүйектің тағын да алды.
Әленді Көсеппенен Сібірге айдап,
Бұ жұрттың қара түгіл ханын да алды.

Сондықтан алып көңіл басылып жүр демеске шара жоқ. Зар заман ағымына өлеңінің кейбір сарынымен қосылатын ақын Ыбырай Алтынсарин. Бірақ сонымен бірге сол ақынның өзгелерден бөлек бір жаңалығы бар. Бұл мәдениетті ақын. Сондықтан кейбір өлеңдері оқымысты, үлгілі ақындардың салтымен жазылған. Ондай үлгінің мысалы: “Сәуірде көтерілер рахмет туы” деп даланың жалғыз түрін суреттеп айтқан өлеңі” (197-бет).

Ақынның қалың елге айтқан өсиеті көмескі, ұғымсыз. Өз заманындағы оқымаған надан көпшілікке ешбір үміт арта алмаған сияқты, олардың қолынан іргелі елдік келеріне де сене алмағандай. Сондықтан қалың елге кейде таза адамшылықты ел қылады. Кейде дін өсиетін үлгі қылып ұстайды. Зар заман ақындарының ішінде дін сарынын шығарып, дін мейманалығын көп ұсынатын ақын Алтынсарин, таза адамшылық жолында елге айтатын ақылы:

Араз бол, кедей болсаң ұрлықпенен,
Өліп кет, басың кетсе шындықпенен.
Алланың рахметінен күдер үзбе,
Телмірме еш адамға мұндықпенен.
Мақтанба бай болдым деп бағыңызға,
Қартаймақ, о да қиын тағыңызда.
Дөң аспай бақ дәулеттің кетуі оңай,
Басыңнан бақыт тайған шағыңызда, —

деген сияқты жалпы адамшылық үгітімен келеді.

Дін сарынымен келетін өсиеті тәкаппар болмау, сабырлы болу, әділдік пен иесінен ұялу, иман байлығын жиюға тырысу. Осы үлгінің барлығын дін жақсыларының өміріндегі мысалдарымен айтады.

Айубты жеті жылдай мың құрт жеді,
Тәні де бөлек-бөлек болып еді.
Тақыт, тәж, мал-мүлкінен қабат безіп,
Жапанда жалғыз жатып “алда” деді.
Кәпірлер кеше күндіз жәбір етті,
Айуб тағы бәлеге сабыр етті,

Артында михнаттың рахат бар деп,
Не келсе құдайдан деп бәрін күтті...

.....
.....
Дүниеден патша болып Дәуіт те өткен,
Ғаламға әділдікпен даңқы жеткен.
Бар ғой деп отыз ұлым көптік ойлап,
Бір құдай жалғыз күнде әлек еткен...

.....
.....
Наушаруан өзі ғаділ, көпір екен,
Дұзаққа әділдікпен жығылмады.
Бұзбаңыз әділдікті бұл мал үшін,
Жиясыз оны-дағы бір жан үшін.
Өзәзіл періштенің ұлығы екен,
Не болды тәкаппарлық қылғаны үшін.
Ұмытпа бай болдым деп бір құдайды,
Жер жұтқан қайыры жоқ Қарынбайды,
Мекені қайда екенін білесіз бе?
Жомарттық қылғаны үшін Атымтайды, —

дейді.

Мұның барлығы жоғарыда айтылған дін мейманалығы. Жуасып, жүдеген елге ақырғы тыныштық, жұбаныш осыдан табылмас па екен, ендігі өмірдің емі бойсұнып, сабырмен шыдап, діннен тірек іздеу болмас па екен дейді. Әр заманда әр елдің тарихында үміт кемесі су астындағы жартасқа соғылып, талқан болған шақта әрбір жан өз жарасымен ыңырануға айналғанда, осындай момындыққа түсіп, мұнға батып, дін бесігінің тербетуін іздейді. Тағдырына бас иіп, үміт, тілекке кош айтып, жарық сәулені ол дүниеден күтеді.

Өлеңнің мағынасы мен үлгісі өзгелерден жат болса да, Алтынсаринның өз зар заман ақындарымен жалғасатын желісі бар. Ол желісі жаңағы айтқан көңіл күйінде, түпкі сарынында, зар заман ағымының бір саласы осы бетпен, осы күймен кеткен.

Осы айтылған зар заман ақындарының сарыны жүз жылдан артық дәуірдің ішінде өмір сүрген қазақ ақынының барлығына да күй, сарын болды. Зар заманның артқы ақыны XIX ғасыр мен XX ғасырдың жапсарында өмір сүріп, сол кезде өлең айтқан Нармамбет. Заман сарынының ең ақырғы күйін шертіп, тоқтаған осы ақын.

Осының заманымен осыдан кейінгі дәуірде зар, күй қазақ әдебиетінен бітеді. Нармамбет мезгілінде зар күйінің басын шертіп, алғашқы толқынын шығарған толғаушыл жырау, ақылшы қария да жоғалған. Бұның тұсында Бұқар жыраудың өз дәуірі де арман қылатын қызық дәурен сияқты көрінген.

Қалың елдің қамын тұтас ойлап, тұтас жоқтайтын қамқордың бәрі біткен. Заманның өзгерісі мезгіл сайын құбыла келіп, аяғында танымастық болып басқарған. Енді кәрі күйді жоқтаудың өзі де ескірген сарын болып, ол жайды сөз қылатын алжыған шал сияқты бірен-саран ғана болып қалған. Елдің жақсы деген кісісінен Абылай заманының күйін күйлеу түгіл, Кенесары, Исатайдың да ісі мен мақсатын білетіндер де бірен-саран-ақ болған. Қалың ел, бұрынғы көп тілекті кемітіп, бойұсынып болып, жаңа заман жетегіне жүруге ынтық бола бастаған, құлдыққа, қорлыққа, таршылық пен зорлыққа елдің еті үйреніп, денесі уланып өліп кеткен. Енді зар заманды Махамбетше айтып, жаңалыққа қарсы болса, ақынды елдің езі де тыңдамайтын, ұқпайтын сияқты болған.

Нармамбет осы дәуірдің ішінде туған ақын болған соң, зар заманның барлық бағыт, мақсатын ұғып отырса да, солар айтқан күйді қайта шертудің мезгілі етіп кеткенін сезген. Бірақ ақын жүрегі бұл күнге солардай ырза емес, соларша құсаланып, қайғырып, шерленеді. Қиялы солардың заманында, көңілінің күйі солармен туыстырады. Бірақ олардың үлгісі өтіп кеткенін күндегі өмір мен күндегі тіршілік мақсаттары көп дәлелмен миландырып, ұқтырып отыр. Сондықтан бар зар заман дәуірінде “Сарыарқа” деген өлеңмен қош-қош айтады. Зар күйінің ақырғы толғауы мен ақырғы ырғағы осы өлеңмен келіп бітеді.

“Сарыарқаның” басы зар заманшылардың ескі құлақ күйінен басталады. Ақын алдыңғы сөзде заман бұзылған соң, табиғат та бұзылып, бұрынғы көркінен, бұрынғы жарқын қызығынан айырылады дейді:

Сарыарқа, сарқыраған суың қайда,
Түнде шық, күндіз мұнар буың қайда?
Найзағай жарқ-жүрк етіп нөсер құйған,
Көк жасыл, кемпіркосақ туың қайда? —

деген сөздер бүгінгі күннің табиғатына да наразы болған көңілді білдіреді. Зар заман Нармамбетке келгенде жоқтау болып кеткен, ескі күнге қош айтумен бірге сол ескінің қасиетін айтып, жоқтау араластырады. Бұнда бұрынғылардай ем айтып, ел дертінен шығарлық жол іздеу жоқ, өзінің мақсаты ескіні жоқтау болғандықтан, сол үлгіден ауыспай отырып:

Бай бар ма баяғыдай барқылдаған,
Асы мол, аты тегін тартылмаған,
Алдыңнан атынды ұстап құрмет еткен,
Жайдары жеңгең бар ма жарқылдаған.
Пайдалы балығы көп дарияң бар ма?
Сыбырсыз сыр айтатын жарияң бар ма?
Аузынан ая толым қақырық атып,
Багагөй басалқы айтқан қарияң бар ма? —

дейді.

Зар заманның артқы ақыны бұрынғы зарлы мұнның бәріне ақырғы күмбезді тұрғызып, әдебиеттің бір ғасырлық дәуірін осы жоқтаумен тындырады. Біз зар заман дәуірін осы саналған ақындармен бітіреміз. Бұл дәуірге осы белгілі ақындардан кіретін көп болуға керек еді. Өйткені, арғы заманның Сыпыра жырауы, Қазтуғаны, бергінің Алаша Байтоқ жырауы, Базар жырауы, Досқожасы болсын — барлығы да зар заман дәуірінен үлкен орын алатын ақындар. Көбінің сөз саптауы мен күй сарыны осы шенбердің ішіндегі үлгімен келеді. Бірақ әзірше қоса алмауымыздың екі себебі бар. Біріншісі, көбінің өлеңі, басылып жарыққа шықпағандық, шыкса да, біздің қолымызға түспегендігі, екінші себеп қазіргі әдебиет тарихында бетке ұстап отырған мақсатымыздан туады” (198-бет).

Мекемтас Мырзахметов бастырған 1991 жылғы басылымда алғысөз ретінде белгілі ақын, филология ғылымдарының докторы Әбділдә Тәжібаевтың “Мұхаң бүгін де ұстаздық мінбесінде” деп аталатын мақаласы бар. Кітаптың соңында М. Әуезовтің “Шолпан” журналының 1922 жылғы № 2, 3 және 1923 жылғы № 4, 5 сандарында жарияланған “Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі” (тарихи-әдеби сын) деп аталатын мақаласы қоса берілген. Ә. Тәжібаев өзінің жазғанында: “Мен Мұхаңның осы кітабын Қызылордада бірінші рет оқығанда он сегізге жаңа толған, өлең жаза бастасам да, ақын болудың ақ жолын аңғарып жетпеген, мезгіл ұрандарына үндес болуды ғана мұрат тұтырған бала жігіт едім, оның үстіне: Мұхтар, Жүсіпбек, Мағжан деген “буржуазия зиялыларынан” сақ ұстануға тәрбиелене бастағам.

“Кел, қазақ кедейлер,
Ұйымдас жалшымен,
Байларды, молданы,
Қойдай қу қамшымен...” —

дейтін өлеңдерге шексіз сенетін кезім еді. Өйтсе де мен қазақ әдебиеті жөнінде, оның тарихы туралы сөйлеген жаңа кітаптан оқып шыққанша бөліне алмадым...

Міне, енді “Әдебиет тарихымен” сексеннен асқанда екінші рет кездесіп отырмын. Бұл кітапты жасы отызға толмай тұрып жазған Мұхаң жойқын еңбек жасаған екен ғой. Зар заман сарынын сонау Асан қайғыдан бастап сезінген жас ғалым осы заманның барлық ауыр тауқыметін суреттеп, келешегіне болжам айтқан пайғамбардай Шортанбайды да әбден танытыпты. Көреген ағамыз өз тұстастарын жеріне жете әшкерелей, олардың бұзылған бейнелерін жеткізе суреттей отырып:

Шөп сұйылды жердегі,
Құс таусылды көлдегі, —

деп, бай даланың қалай тозғанын де жеткізіпті. Азған елдің ұлы ата сыйламас болар, қызы ана сыйламас боларын да айтыпты... Мұхтар Әуезов дұрыс бастап берген әдебиет тарихын теріске шығару үшін көзі нұрлы, көңілі сырлы азаматқа жасаған қиянатымыз қаншама. Қазақ әдебиетінің тарихын тек пролетариат революциясынан бастау үшін қандай сергелдендерге ұрындық, әдебиет тарихының жауапты міндетгерін орындау енді ғана істелетін жұмыстарға байланысты. Біз Мұхаң дұрыс белгілеген кезеңдерді сол бағытта түгел және терең қамтуымыз керек” деген толғаныстарын білдіреді.

М. Мырзахметов бұл еңбектің жиырма томдықтағы басылымының үштен бірі қалай қысқарғандығын, тұтас күйінде жіберді деген тараулардың көптеген сөйлемдері мен әлеуметтік астары өткір пікірлердің қалай жұлмаланғандығы жөнінде айтады және осы туындының мән-мазмұнына қатысты мынадай тұжырымын білдіреді: “Алғашқы оқулық болғанына қарамай, еңбекте сол тұстың өзінде-ақ өткір де өзекті ойлар мен келелі тың пікірлер барынша мол айтылғаны бүгінгімен салыстырғанның өзінде ала бөтен байқалады. Бұл ой-пікірлер қазірдің өзінде саналы оқушысы мен зерделі зерттеушісінің ойына ой қосып, кесек те күрделі танымдарға бағдарлай алатын қуатқа ие. Мысал ретінде айтар болсақ, автор өзінің зерттеу нысанасына алып отырған белгілі бір туындының әлеуметтік басты сарынын айқындауға тарихи принцип тұрғысынан ой қозғап, пікір білдіруі — өз заманы үшін айта қаларлықтай сонылық дер едік. Бұл іспеттес тың таным, әсіресе, қазақ халқының ой-санасындағы түбірлі өзгерістердің тамырын дәл танып, құлай сөз еткенде де байқалып тұрады. Мысалы, қазақ қауымының исламиятқа дейінгі дәуірі мен мұсылмандыққа енгеннен кейінгі қазақ жұртының дүниетанымы, әдет-ғұрпы, салт-сана дәстүріндегі өзгерістердің туу себебін осы дәуірдегі саяси-әлеуметтік жағдайлармен сабақтастыра қарай отырып, білгірлікпен танытуында үлгі-өнеге аларлық ой-тұжырымдары жатыр. Немесе осы кітапқа дейін қазақ әдебиеті тарихының соқпағы әлі де салына қоймаған кезде автор ұстанған кейбір іргелі әдіс-тәсілдер әлі күнге дейін сабақ аларлық практикалық әрі методологиялық мәнге ие. Өйткені, автор осы еңбегінде белгілі ұғымнан беймәлім ұғымға қарай, қарапайымнан күрделіге қарай, бүгінгі танымнан өткен дәуір танымына қарай беттеп зерттеу әдісін қолданған ерекшелікті де көреміз”.

Елу томдық академиялық толық басылымға жиырма томдық шығармалар жинағындағы нұсқасын, жоғарыда көрсетілген жағдайларға байланысты, жіберуге болмады да, негізге 1991 жылғы жарияланымы алынды. Автор қолжазбасының түпнұсқасы

сақталмағандықтан, бұл басылым 1927 жылы Қызылордада араб әрпінде басылып шыққан нұсқасымен қайта салыстырылды, оны жүзеге асырғандар: Сұңқар Жұртбаев пен Мұқаш Қожахметұлы. Бұл салыстырулардан кейінгі басылымда да едәуір текстологиялық қателіктердің орын алып, көп сөз-сөйлемдердің түсіп қалғандығын көреміз.

“ЖАЗУШЫДАН”: “Мақсат” — “Мақсұт”, “Жаңа дүниенің”, — “Жаңа бір дүниенің”, “Айқындалып” — “Айқынданып”, “Соңғы жылдарда” — “Соңғы жылдар”, “елде неше” — “әлде неше”, “курстар ашылып” — “курстері ашылып”, “судьялық” “суделік” (5-бет), “курстары” “курстері”, “тілек қойып” — “тілек қылып”, “әдебиетін ұғынудың” — “әдебиетін тексеріп, ұғынудың”, “Ана тілінің іздейтін жаңалығы” — “Ана тілінің жолында ендігі басқышта қазақ мектебінің іздейтін жаңалығы”, “ішіндегі ақыл” — “ішіндегі оқушының ақыл”, “басқа оқушыға” — “басқа сол оқушыға”, “кітапты тәрбие ғана” — “кітапты тәжірибе ғана”, “адамдардың алдында ескілік нобай” — “адамдардың алдына ескіліктің нобай” (6-бет), “ұлы сүрлеулерін” — “ұлы сүрлеуін”, “мына көптің ауданына қарағанда” — “мына кітаптың ауданына қарағанда”, “Көптің ішінде” — “Кітаптың ішінде”, “дін қыссалары” — “дін хиссалары”, “үгіт-өсиет өлеңдері де” — “үгіт-өсиет өлеңдерде”, “ескіліктің ұлы денесін туғызып” — “ескіліктің ұлы денесін тұрғызып”, “әуелі шыққан” — “әуелгі шыққан” “қазақтан бұрын парсы” — “қазақтан бұрын арап, парсы” (7-бет), “онан соң кітапты” — “онан соң осы кітапты”, “темір таяқ тебендей” — “темір етік теңгедей, темір таяқ тебендей”, “ұзақ сапарында”, “ұзақ сапарына да”, “желтоқсан, 1925 жыл” — “декабрь, 1925” (8-бет).

“СӨЗ БАСЫ”: “топ жарып” — “топ жырып”, “қорландыруға тырысқан” — “қырландыруға, қорландыруға тырысқан”, “еркекке де басшы болып шықты” — “еркекке де жәйлі тиді. Олар да оралуға айналды. Көргені көп кәрі әйел басшы болып шықты” (10-бет), “иелік шықты” — “иешілдік шықты”, “некелеуді шығарды” “некеленуді шығарды”, “өзімшілік туды” — “өзімшілік туды”, “Ең әуелі” — “Ең әуелгі”, “негіз болды” — “егіз болды” (11-бет), “жас бас-тауында” — “жасы бастауында”, “Ол жеңіп алып” — “Ол жар болушы әруақ. Екінші жауыз қаскүнем әруақ. Ол жеңіп алып”, “Құдайға дұға” — “Құдайға арнаулы дұға” (12-бет), “барлық сал мен” — “барлық сол ел мен” (14-бет), “Хақназар” — “Ақнияз”, “қазақ хандығы” — “Қазан хандығы” (14-бет), “арғы дәуір” — “арғы ескі дәуір” (15-бет), “Ең әуелгі” — “Ел әуелгі” (16-бет), “Әуелі өзімізге таныс” — “Біз әуелі өзімізге таныс”, “жалпы әңгімелерден жасалғандықтан” — “жалпы әңгімелерден жасалатындықтан”, (17-бет) “ол көптің” — “ол — көптің өнері”, “оның барлығы” “соның барлығын” (18-бет), “желпініп, айтады” — “желпініп, желдіртіп айтылады” (18-бет).

“І-бөлім. СЫРШЫЛДЫҚ САЛТ ӨЛЕҢДЕРІ”: “өлеңдер шерлі” — “өлеңдер де шерлі”, “Дін салты мен ұғымынан” — “Дін салты мен дін ұғымынан” (19-бет), “Абылайдың кеңшілігі” — “Абылайдың әкімшілігі”, “елді Абылайдай” — “елді Абылай”, “ауыл тентектеріне тию” — “ауыл тентектерге тию” (20-бет), “ел байлығы қызығынан” — “ел байлығы жер, жер елдің құты деп түсінгендіктен туады. Бүгін ел малынан айырылса, қызығынан” (21-бет), “Баршаны бөздей жырттырған” — “Баршаны бөздей жырттырған, Жібекті жүндей түттірген”, “шыққан мерзімі”, “шыққан мезгілі” (22-бет), “ұғынысына мін” — “ұғысынша мін”, “шарт ғана” — “шарт туатынын ғана” (23, 24-беттер), “жиналатын шері” — “жиналатын шерді” (26-бет), “Сарыарқаға қоштасу айтылады” — “Сарыарқаға қоштасу айтылады. Екінші Күдері қожаның Қарқаралыдан ауарда айтқаны”, “Бағылан қозы болар” — “Бағылан қозы қой болар”, “Бұғы да марал жатқан жер” — “Бұғы да марал жатқан жер, Мерген де таңдап атқан жер” (28-бет), “Сулап тұрған бәрің бал” — “Шулап тұрған бәрің бал”, “жермен қоштасу” — “жерге қоштасу”, “сапар шегіп барамын” — “сапар шегіп мен барамын” (29-бет), “көңіл сұрай” — “көңілің сұрай” (30-бет), “Хан Бертіс, Қарауыл” — “Хан Бертіс, Қарқаралы Жандар аға, Атығай, Қарауыл”, “Бұл өлең реттегі” — “Бұл өлең осы реттегі”, “жасырын жүрген” — “жасырып жүрген”, “өнері сақталуын” — “өнері сақталып қалуын” (31-бет), “Алғаныңа жандарым” — “жалғаныңа жандарым” (32-бет), “қайғының бірін айтып” — “қайғының өзін айтып”, “айту сонымен бірге” — “көңіл айту сонымен бірге” (33-бет), “қайғым қалай етсе” — “қайғым қайтсе”, “дін таныммен” — “дін наныммен” (34-бет), “Қыс өтіп” — “Қыс кетіп” (35-бет), “Қыз көзі жаудырап” — “Қыз шығады қылмиып, екі көзі жаудырап” (36-бет), “Бірақ сол сөзді” — “Бірақ сол сөздің бір де бірі қолда болмағандықтан, сол турадағы сөзді”, “Құлан көлде жылқы ойнап” — “қаулан көлде жылқы ойнар” (38-бет), “Ер жалғыз үй болмаса” — “Ер жалғыз үй қонбайды, қатын бір шәйпәу болмаса” (39-бет), “ең үлкен шарт” — “ең үлкен шарты”, “өзгеден күй мен” — “өзгеден бөлек күй мен”, “ерекше күй алғандай ерекше күш алғандай”, “бастырмалап, қыздырып” — “бастырмалап, айдап келе жатқан бір күш бар, ол күш бақсыны кернеп, буып, қыздырып”, “Сөзіндегі суреттер біріне бірі қаншалық” — “Қаншалық сөзіндегі суреттер біріне бірі” (40-бет), “лаулаған кезде ғана келеді” — “лаулаған кезде ғана жын келеді”, “әулиесі сияқты құдайлармен”, “бақсының барлығын бергі” — “әулиесі сияқты болған. Ол кезде бақсы болжал айтса “Аспан” сияқты құдайлармен”, “бақсының барлығын бергі” — “бақсының барлығының түп иесі шайтан, пері сияқтылар деп, бұрынғы діннен қалған нанымның барлығын бергі”, “жерде екенін” — “көкте екенін” (41-бет), “Әр нәрсенің” — “Не

нәрсені” (45-бет), “Тәңірі берген несібің” — “тәңірі берген несібең”, “Үстіңнен кез қаңқылдап өтсін”, “Үстіңнен қаз қаңқылдап өтпесін”, “Тіліңнің бір шетіне” — “Желіңнің бір шетіне” (46-бет), “шерлі өлеңдермен” — “шерлі өлеңдерден”, “болса керек” — “болмауға керек” (47-бет), “Бес бауымды” — “Бас бауымды” (48-бет), “адам баласының қауымынан” — “адам баласының қауымына”, “қайшы келетін өзiмшiлiк” — “қайшы келетін өзiмшiлдiк” (50-бет), “еректің ішінде” — “еректің үйіне әйел керек. Бұл қалдар адам баласының қауымының ішінде”, “екі жол шығады” — “екі айыр жол шығады” (52-бет), “өлеңнің бірі қоштасу” — “өлеңнің бірі — танысу” (53-бет), “Сынға салып тыңдап тұр” — “Сынға салып қарасын, құлағын салып тыңдап тұр”, “Өзіңнен үлкен адамның” — “Өзіңнен үлкен адамның бетіне тіке қарама” (55-бет), “Киімін тауып алып бер” — “Киімін тұрып алып бер” (52-бет), “Жақын болар есікке” — “Жақын болар өсекке” (57-бет), “Қолын ұстап, бетін сүрт” — “Қолын ұстап, бетін сүй” (58-бет).

“II бөлім. БАТЫРЛАР ӘҢГІМЕСІ”: “шыдап жүрсе де әлгі” — “шыдап жүрсе де бір күндерде әлгі” (62-бет), “бір сұлу олжасы” — “бір сұлу қыз олжасы”, “отқа өртеу керек” — “отқа өртету керек”, “пері қыз” — “пері қызы” (63-беттер), “бақталастың белгісі” — “бәс таластың белгісі”, “мінезді жақсы” — “қазақ мінезді жақсы”, “қата сөзбен айтылған” — “қара сөзбен айтылған”, “Сондықтан әрбір” — “Ол сондықтан әрбір”, “жадағай сияқты” — “жадағай су сияқты” (64-бет), “Токтамыс ханның” — “Токтамыс қатынының”, “Сол сияқты” — “Сол кезде”, “Азу тісі болаттай”, “Азу тісі балғадай” (65-беттер), “Қобыланды көнбейді” — Зынданнан босатамын, қашыңдар” дейді, Қараман бұған көнсе де, Қобыланды көнбейді”, “Құртқаның еліне жетеді” — “Құртқаның көміп кеткен белгілеріне қарап отырып, батыр Алшағырдың еліне жетеді”, “Күнікей деген” — “Күнікей, Тінікей деген” (67-беттер), “Қыдан ақын өлеңі” — “Қыдан ақын айтқан өлеңі”, “көтеріп, әуелгі”, “көтеріп, ірілетіп әуелгі” (69-бет), “есінде сақталып” — “елдің есінде ескіден сақталып” (70-бет), “Енді Қобыландыны” — “Қобыландыны”, “Қазан хандығының тұстасы қылып” — “Қазан хандығының тұстасы болғанда осы сияқты ел қиялының жылжытуымен келген. Енді Қобыландыны Қазан қаласының тұстасы қылып”, “соны арман қылып” — “соның заманын арман қылып”, “жел батыстан өсіп”, “күнбатыстан өсіп”, “Москва тұтқыны” — “Мәскеу тұтқыны”, “Москвадағы барлық” — “барлық Мәскеудегі” (72-бет), “көпір деп отырған” — “көпір деп отырады”, “мұндай кезде өзі” — “мұндай кезде дәл атын ұмытып өзі” (73-бет), “ел жақсысы туралы” — “ел жақсысы туысы туралы”, әулиемен араластырып” — “әулиемен пір араластырып”, “алдағы еске алған” — “жолдағы еске алған”, “өзінде тоят іздейді” — “өзінде алыстан тоят іздейді”, “Азу тісі болаттай” — “Азу тісі

балғадай”, “Желі толған жылқымды” — “Тоғай толған жылқымды” (74-бет), “әулие қуған батыр емес” — “дүние қуған батыр емес”. “Ол жақсылық атау үшін жүрген батыр, айдын үшін жүрген құл”, “қыпшақты аларлық” — “қыпшақ елін аларлық” (75-бет), “барлық ниетімен жау” — “барлық ниетімен жар”, “Қобыландының үйде”, “Қобыландының келешегін ойлаған болжал айтады, Қобыландының үйде”, “Құртқа қызметі Қобыландыдан” — “Құртқа Қобыландыдан”, “Қобыландыға Тайбурылды” — “Қызметі Қобыландыға Тайбурылды”, “Бұл әңгіме жалғыз қазақ әңгімесі емес” — “қазақ әңгімесі емес, әуелгі қалыпта жалпы түрік әңгімесі болуға тиіс. Мына әңгіме” (76-бет), “көп айтушыдан” — “көп айтушының аузынан”, “Қобыланды жырының тілі әдебиеттің замандағы” — “Қобыланды жырының тілі әдебиеттің соңғы замандағы” (77-бет), “сурет жағынан алсақ бұның, Европаның” — “сурет жағынан алсақ бұрын Еуропаның” (78-бет), “жабыла қуады, жете алмайды” — “жабыла қуады, бірақ бәрі бірдей жете алмайды” (79-бет), “Бұл сөзді есіткен соң” — “Бұл сөзді естіген соң”, “Қанзада судың бойындағы” — “Қанзада Шаған-шудың бойындағы”, “Қайсардың қара тасына” — “Қарақа сияр тасына”, “Ерлігінде шама жоқ” — “Ерлігінде жаман жоқ” (80-бет), “қазақ руларында сақталып” — “қазақ руларының ішінде сақталып”, “Қай рудан” — “Қай руынан” (81-бет), “батырлардың бірі тама” — “батырлардың бірі қыпшақ, бірі тама”, қазақта сол батырдың жат емес екенін” — “қазаққа сол батырдың жат емес, өз батыры мен бағланындай сүйсіндіретін жақын батыр екенін” (81-бет), “Тарғынды бір” — “Тарғынды да бір”. “Жігітше ісі үшін әңгіме” — “жігітше әкеткен ісі үшін емес, әңгіме”, “Қартқожақтай” — “Қартқожақтай” (84-бет), “жақсының ретінде” — “жақсының ретіне”, “жат құралғандай” — “жат түрмен құралғандай”, “сұлу үшін” — “сұлу сурет үшін” (86-бет), “өлшеуді мықты айтқан” — “өлшеуді мықты ұстанып айтқан”, “ерекше абырой-атақ” “ерекше абиыр-атақ”, “алған соң батыр” — “алған соң барын батыр”, “жарастығымен билеген” — “жарастықпен билеген”(87-беттер), “Тарғын белі” — “Тарғынның беті”, “ыңғайына бұрып” — “ыңғайына қарай бұрылып”, “Ширап отыратын әйел, Ерінің абырой” — “ширап отырған өршіл әйел, Ерінің абиыр”, “Еркекке дос болатын” — “Еркектің досы болатын”, “Бір өзін Баба түкті Шашты Әзіз” — “Бір өзі мыңға татитын асыл балаң болады”, дейді, Жалғыз-ақ Баба түкті Шашты Әзіз” (88, 89-беттер), “жауырыншы жауырынға” — “жауырыншылары жауырынға”, “Сайын басына” — “Сайынның басына”, “Жауырыным болған қолаң шаш” — “Жауырыным толған қара шаш”, “Шешем берген боқташы” — “Шешем берген боқшасы”, “алтын ай болат” — “алтын ой болат” (90-91-беттер), “оның келешекте” — “олардың келешекте”, “ел жиылады” — “ел жиналады”, “Оның себебі қолдаушысы” — “Оның себебі, алдымен, Сайын өзінің туысын билеп, дүниеге келуіне себеп болған қол-

даушысы (92, 93-беттер), “тіршіліктің қызықтары” — “тіршіліктің қызық, рахаты”, “отырып қалады” — “қатып отырып қалады” (94-бет), “елінде: Мақтұм” — “елінде: Арун, Мақтұм” (95-бет), “Тілек еді еліме” — “Тірек еді еліме”, “Кәпірлердің қолынан” — “Кәуірлердің қолынан”, “қаланы солардан тазартады” — “қаланы кәпірлерден тазартады”, “аттары ұлы” — “аттары аталатын ұлы”, “табиғи жай” — “табиғи жұмыс”, “ақыры Шора” — “ақырғы батыр Шора”, “Нәрік сияқты батырдан” — “Нәрік сияқты жас бағырдан”, “мінезде де” — “мінезде де тым”, “ықтымал” — “ықтимал бар”, “өзгеріп кеткендігін” — “өзгеріп кететіндігін” (96, 97, 98, 99-беттер), “абыройлы, бақытты. Ол” — “абиырлы, бақытты. Олар”, “айыра алады” — “айыруға болады (100, 101-беттер), “бір-бірлеп өтеді” — “біргіндеп өтеді”, “мылтығының арқасында” — “мықтылығының арқасында”, “өлтіреді” — “өлтіріп алады”, “батырды көреді” — “батырды жақсы көреді” (102, 103-беттер), “кезінде біз” — “кезіне шейін біз”, “жаңа жүлдесі” — “жаңа жолдасы”, “жарқылдағаны жоқ” — “жарқылдағы жоқ” — “жарқылдағы жоқ”, “суреті болса” — “суреті болуға”, “тіпті лақап” — “тіпті лағып кеткен”, “аламан деп келгені. Бұл “аламын деп келген болады. Міне, бұл” (105, 106-беттер), “Алпамыстың тұсы” — “Алпамыстың туысы”, “рулары бірлігіне кіріп” — “рулары араласқан кездерін көрсек те, сол рулардың нағыз қазақ рулары бірлігіне кіріп”, “неше алуан түрік бірліктерін” — “неше алуан болған түрік бірліктерін” (109-110-беттер).

“ІІІ бөлім. ЕЛ ПОЭМАЛАРЫ”: “шеттен ауып келген Қарабай, Сарыбай деген екі бай болады” — “шеттен ауып келген Қарабай, Сарыбай деген екі бай келеді”, “сексенге келген кезі” — “сексенге келген кәрі”, “Сарыбайдікіне өзі келіп” — “Сарыбайдікіне келе жатады. Бірақ бата оқушылардан бұрын Сарыбайдікіне өзі келіп”, (111-112-беттер), “Тойдағылар атынан” — “Тойдағы елдің атынан”, мақұл көрмейді. Ай, Таңсық” — “мақұл көрмейді. Барады, Ай, Таңсық”, “Қозыны іздеп тосады” — “Қозы іздеп табады”, “бір Қозы жоқта” — “бір күн Қозы жоқта”, “сонан соң тиемін” дейді” — “сонан соң тиемін” депті”, “Москвада басылған” — Мәскеуде басылған” (114, 115, 116-беттер), “үш әңгіменің нобайын” — “үш әңгіменің өзді өзін салыстырып, үшеуінің ортасынан тұтасқан қай бір әңгіменің нобайын”, “айырмашылықтары көп” — “айырмыстары көп”, “осы сөздерді” — “осы сөзді”, “үшеудің бәрін бірдей” — “үшеуін бірдей”, “салдарынан кірген болады” — “кірген өзгеріс болады”, “жолында бірінші әңгімелесетін” — “жолында кездесетін бірінші әңгімеде” (117, 118-беттер), “жас тілеушісі” — “жас тілеулесі”, “Көрпешті ұйықтап” — “Көрпешті Қодар ұйықтап” (120-бет). “Қозы Көрпешті еліне” — “Қозы Көрпешті Тарақты еліне”, “аяғын қыламын деп” —

“соның аяғын шын қыламын деп”, “Біз бұл айырбастарды” — “Біз бұл айырмыстарды” (121, 122-беттер), “Әзірге қолымыздағы үш” — “Әзірге қолымызға түскен үш”, “бірдей қылып айтқан махаббат бағасы қайсы” — “бірдей қылып айтқан ішкі өмір не? Махаббат бағасы қайсы?”, “бір елдікі емес” — “бір-ақ елдікі емес”, “түрде қалыптасқан” — “түрде қалыптанған” (122-123-беттер), “өнерінің ішінде ұзаққа” — “өнерінің ішінде ұзыннан ұзаққа”, “Баянға келгенде” — “Баянға келгенде біз” (125-бет), “тіршілігі алдындағы” — “тіршілігі түгелімен алдындағы”, “Баянды меншіктеген” — “Баянды меншіктенген”, “малшының қолтығында болады” — “малшының қолтығында қалады” (127, 128-беттер), “ірі суретшілік” — “ірі суретшілдік”, “сезім ойын” — “сезім мен ойын”, “ерекше жүріспен” — “ерекше жүріспен”, “жеке кейіпкерлер” — “жеке-жеке кейіпкерлер”, “күшті жүрек батырды” — “күшті жау жүрек батырды”, “ер де қиял қылатын” — “ерде де елдің қиял қылатын”, “Микола селенін де” — “Микола Селениндей” (129, 130-беттер), “ілгері заманға” — “ілгергі, соңғы”, “малдың құны” — “малдың құты”, “Қодардың тілегі” — “Қодардың өзінің тілегі”, “еркек, әйелі деген” — “еркек, ұрғашы деген”, “күн болып” — “көн болып” (131-136-беттер), “екеуі бір-біріне” — “екеуі бірбіріне ұнайды”, “Төлегеннің кеткенін әкесі” — “Төлегеннің әкесі кеткенін”, “Кеп болса” — “Сарқамыста бұларға кездескен соң Төлеген соғыс салады. Көп болса”, “Жібектің еліне” — “Жібектің еліне о да келіп жетеді. Бірақ бұл уақытта Жібектің еліне”, “көзқарасы қандай, сондайларын” — “көзқарасы қандай, махаббат сезімін бағалау, бақыт, жақсылықты айыру қандай, сондайларын”, “әрбір жігіттің ерлік” — “әрбір жігіттің жігіттік ерлік”, “міндет сияқтанады” — “міндет сияқтанған”, “Қыз Жібекте, Төлеген” “Қыз Жібектей сұлу кім”? Ол қай алуан адам? Соған келейік. Қыз Жібек те Төлеген”, “жас Жібек” — “жас Қыз Жібек”, “келін болатын жеңге, бәйбіше болатын заманның” — “келін болған жеңге, бәйбіше болған заманның”, “біз долбар” — “біз еш долбар”, “қыз бар деп іздеп” — “қыз бар деп атағын естіп, ғашық болып, белгісіз алыс жолға құмартып” (137-145-беттер).

“IV бөлім. ТАРИХИ ӨЛЕНДЕР” — “белгілі орынға” — “белгілі мезгілге, белгілі орынға”, “тарихтың ұлы шебер” — “тарихтың ұлы шеңбер” (145-бет), “оқиғалар мен тарихи” — “оқиғалар мен сол оқиғалардың тарихи”, “Досмұхамбетовтың” — “Досмұхамбетұлының” (148-бет), “төбелесіп өлген Санбекті” — “төбелесіп өлген Сәтбекті” (151-бет), “бас имекші емес еді. Сөйтіп — “бойсынбақшы емес еді. Сондықтан”, “Туынды тігіп күм белден” — “Туынды тігіп Құмбелден”, “кернеп алған қол” — “кернеп алған қалың қол” (155-бет), “соғыс салады” — “қуып соғыс салады”, “Шапты туған сұғанақ” — “Шабытты туған сұғанақ” (156,

157-беттер), “сол қаһармандарымен” — “ел қаһармандарымен”, “жаңалықты, өзгешелікті” — “жаңалық, өзгешелікті білдіреді” (158-бет), “Ежелгі жау болмас” — “Ежелгі жау ел болмас”, “жүрегiнiң түкпiрiнде зiл” — “жүрегiнiң түкпiрiнде жатқан зiл” (159-160-беттер), “Шомбал, Балқы деген” — “Шомбал, Балқы деген билер”, “ылғи Кене ханның” — “ылғи Жәңгір ханның”, “бір мырза, бір жарлы” — “бір мырза мен бір жарлы”, “Исатай” — “Исатайға”, “Бірақ маңындағы” — “Бірақ сол жұмыстан маңындағы” (162-163-беттер), “Бір жағынан қарағанда ел” — “Бұл жағынан қарағанда ел”, “Исатай қолында болса да” — “Исатай қолында болмаса да”, “мақсаттың жолына басын” — “мақсаттың жолына басын құрбан қылады. Сондықтан кейінгі ұрпақ оның басын”, (164-беттер), “көшкені бар, Исатай” — “көшкені бар, ол үлгісі Исатайдың әмірін баяндауда, рас, Ығылман ең алдымен Исатай”, “тұмсығы тиіп шошып” — “тұмсығы тиіп шошынып”, “батыр туылған” — “батыр туа алған”, “Москва” — “Мәскеу”, “қалалардан лек болып” — “қалалардан лек-лек болып” (166, 167, 168-беттер), “қашқан болып” — “Бекет қолға түспей қашқын болып” (169-бет), “жүріп істеген емес, жалғыз ердің аттанған” — “жүріп істеген іс емес, жалғыз ердің жалғыз аттанған”, “Ең әуелгі — Бекет” — “Ең әуелгі себебі Бекет”, “Арыстан хан” — “Арыстандай хан”, “тарихи дәуірдің айнасы” — “тарихи дәуірдің айнасы сияқты”, “еріксіз батырдың” — “еріксіз кіші батырдың”, “көрген анық қалпы” — “көрген әмірдің анық қалпы” ((170-173-беттер).

“V бөлім. ЕРТЕГІ”: “елдің көз қарасын” — “елдің дүниеге көзқарасын”, “түн қараңғы” — “қара түн қараңғы” (188-189-беттер).

“VI бөлім. АЙТЫС ӨЛЕНДЕР”: “бірін біріне жақсылып”, “бірін біріне не жақсылап”, “әри айдай, бойдай талы” — “әри айдай, бойдай талай” (191-бет), “Соның барлығы айтыс” — “Соның барлығы бұрынғы айтыс” (193-бет), “бір алуан соңғы” — “бір алуаны соңғы”, “елдікке шақырып” — “елдікке, бірлікке шақырып”, “іздеген ақындардың” — “іздеген ескі ақындардың”, “жылатып тараған” — “жылатуға жараған” (195-196-беттер), “Елбіреп бауырың” — “Елбіреп іші-бауырың” (199-бет), “тілеп ұшқан” — “түлеп ұшқан” (201-бет), “Ақырып, ән ұстамай” — “Ақырып, ат ұстамай” (204-бет), “бермеп пе едің, өзіңе” — “бермеп пе едім, Қарасу, лак, баға өзенінде, Өзіңе” (207-бет), “тайын таба алмай, күмәнға салыныпты” — “тайын қағып таба алмай, күмәнға салыпты” (211-бет).

“VII бөлім. ЗАР ЗАМАН АҚЫНДАРЫ”: “ақылшысы болады” — “ақылшысы да болады”, “қарап зар заман” — “қарап барлық зар”, “заман кейінгілері” — “заман кезеңінің” (217-218-беттер), “барлығы қалың қазақтың” — “барлығы туралы Асан болжал, тұспал айтып кеткен. Болжалының барлығы қалың қазақтың”, “сияқты бір

нәрсе” — “сияқты жат бір нәрсе”, “ой желген емес” — “ой келген де емес”, “аузынан шыққан сөзге” — “аузынан шыққан сөзден білеміз. Өз аузынан шыққан сөзге”, “айтқан Жәнібек” — “айтқан Өз Жәнібек”, “Бұландыға” — “Құландыға” (221-222-беттер), “жауап беріп, шешу” — “жауап бере алмай, шешу”, “Асан қайғыдан басталады дейміз, Жырау құр ғана” — “Асан қайғыдан басталады дейміз. Абылай дәуірінде болжалшыл қарт, ақылшы биден шыққан бір алуан акын Асан қайғы болса, екінші толғаушы жыршыдан шыққан Бұқар жырау. Бұның заманындағы осы алуандас өлеңшіні акын демей жырау деген. Осы аттың өзі де жыраулар әншейін өлеңшіден бөлек ой иірген ойшыл өлеңші екенін білдіргендей болады”, “сөзі, мақсаты” — “сөзі мақсатсыз” — “көптің жәйі туралы” — “көптің жәйі-күйі туралы”, “барлығы да күнде” — “барлығы да сол күнде”, “шыққан болғандықтан” — “шыққан акын болғандықтан”(221-225-беттер), “ұрындырады, сөзбен” — “ұғындырады, бұл сөзбен” (226-бет), “шыққанмен билер” — “шыққан хан мен билер”, “толы үлгісі” — “толық үлгісі”, “ел өмірін асты-үстіне” — “ел өмірінің астын үстіне”, “Абай заманына жетті” — “Абай заманына шейін жетті” (230-232-беттер), “өлеңдерін айта білген” — “өлеңдерін айта білген. Сондықтан зар заманға бұлар айтыстарымен кірмесе де, жаңағыдай есті өлеңдерімен кіруге тиісті” (232-бет), “жат болмай, арып-ашып” — “жат болмай, Ашаршылық, шөл көрмей, арып-ашып”, “жасалған іс еді” — “жасалған сын еді” (234-бет), “бет бұрып кетті” — “бет бұрып ықтап кетті”, “Тұтқын төбет болғанына” — “Тұтқын орын деп санады. Бүгінгі ырзалық құлдың ырзалығы. Қорашыл төбет болғанына”, “құл атша” — “құлаша ат”, “Алыстағы дұшпандар” — “Алыстағы дұспанның”, “жаңағы бір заман”, “жаңағы зар заман” — “Бұрыннан келе жатқан” — “Сол жаңалықтың әдебиетке қандай әсері болды? Зар заман акындарының бұрыннан келе жатқан”, “Сол жайында” — “Сол жайдан”, (235-236-беттер), “ашып ал” — “аршып алу”, “Бұқар жырау тұсында өлең сөзді ойға әкеліп түсірді. Бұлардың” — “Заманында биікте тұрған өлең сөзді ойға әкеліп түсірді. Бұлардың”, “ыңыранып, зарығу” — “ыңыранып, зарланып зарығу” (237-238-беттер), “өзге заман екен” — “өзге заман емес, ақырзаман екен”, “бұзылғанның белгілерін” — “бұзылғанының анық белгілері”, “Адам қайтіп қуансын” — “адам қайтіп қуансын, жандарал болды ұлығың”, “бүгінгі заманның бәрі” — “бүгінгі залымның бәрі” (240-241-беттер), “Ойдағысы болғаны” — “Ойдағысы болғаны, қоныстың бар ма қалғаны”, “адамның бұзылуының” — “адамның бұзылғанының”, “дұшпан иыққа шығып” — “дұшпан. Бұл дұшпан иыққа шығып”, “жамандықпен тоқтайды” — “жамандықпен тоқтамайды”, “ырза емес, Махамбеттің” — “ырза емес. Сондықтан адыра қалған заманы

Махамбеттің” (240-242-беттер), “дін бесігін іздейді” — “дін бесігінің тербетуін іздейді”, “толғаушыл. Қалың елдің” — “толғаушыл жырау, ақылшы қария да жоғалған. Бұның тұсында Бұқар жыраудың өз дәуірі де арман қылатын қызық дәурен сияқты көрінген. Қалың елдің”, “бұрынғы жарқын қызығынан” — “бұрынғы жарастық қызығынан” (244-245-беттер), “қосылмауымыздың” — “қоса алмауымыздың”, “осылардың мысалын” — “осылардың өлең мысалын” (247-бет).

Міне, бұрынғы жиырма томдықта қысқарып, жұлмаланып басылуы заманындағы идеологиялық жағдайға байланысты болды ғой десек те, мына кейінгі өз қалпында толық жарық көрді дегенінің өзінен қаншалықты олқылықтар мен қателіктердің орын алғандығын көріп отырмыз. Бұл, әрине, цензураның талап-тілектеріне жауап бергендік емес, редакция қызметкерлерінің еркіндеу кеткендігі болып табылады; автор сөздерін өз беттерінше бұрмалап, өз жандарынан сөз қосқандықтары аңғарылады. Жоғарыда тізіп көрсетілген жолдардың кез келгенінен бұлар айқын көрінеді.

Енді кітаптағы түсінік беруді қажет ететін ұғым, таным, сөздер мен атаулар мыналар:

“ЖАЗУШЫДАН”:

1. 5-бет. **“Қазақ мектебінде ана тілі бір тарау білім есебінде”** — Жазушы жиырмасыншы жылдардың бас кезінде көптеп ашылған бірінші басқыш мектептер мен оқытушылар даярлайтын курстарда, техникумдарда және институттарда қазақ тілінің оқытыла бастағанын меңзеп отыр. Бұл жөніндегі пәнді Ахмет Байтұрсынов “Ана тілі” деп атады да, оған қатысты оқулықтарды алғаш өзі жазды. Олар: “Әліппе”, “Сауат ашқыш” (ересектер әліппесі), “Әліппе астар” (әліппеге методикалық нұсқау), “Тіл құрал” 1-бөлім. Фонетика, “Тіл құрал” 2-бөлім. Морфология. “Тіл құрал” 3-бөлім. Синтаксис, “Тілжұмсар” 1-бөлім. Практикалық грамматика, “Тіл жұмсар” 2-бөлім. Практикалық грамматика” деген атаулармен жарық көрді. Жалпы оқу мәселесіне қатысты ойларын М. Әуезов “Оқу ісі” (“Абай”, 1918. № 11), “Оқуға ұмтылатын уақыт” (“Қазақ тілі”, 1922. 18 қараша) деген сияқты бірсыпыра мақалаларында ортаға салды.

2. 6-бет. **“Қазақ тілінде әрбір заманда шыққан сырлы сөздердің үлгі түрі қандай”** — Сырлы сөзді жазушы көркем әдебиет мағынасында ұғынған. Смағұл Сәдуақасовтың алты сұрағына жауап ретінде қайтарған “Өз жайымнан мағлұмат” деп аталатын өмірбаяндық қолжазбасында: “Алғашқы жазуларым сырлы әдебиет бетінде болмай, жалпы газет, журнал мақалаларынан басталды” (папка № 4. 382-бет) деген жолдар осы танымына дәлел бола алады.

3. 6-бет. **“Мектепте жүрген оқушылардың осы сияқты ақыл, сезім азығын тілеп”** — Сезім азығы деп бұл жерде жазушы ойды кеңейтіп дамытатын, жетілдіретін көркем әдебиет, тіл білімі туралы ғылымды айтып отыр. Осыларды мектептерде оқытудың қажеттілігіне көңіл аударады.

4. 6-бет. **“...бұл кітап “Қазақ әдебиеті” деген толық атты аламын деп дәмеленбейді”** — Жазушы бұл ойын кітабында қазақ әдебиетіне қатысты салаларды толық қамтымайтын болған соң еске салады. Бұрынғы, кейінгі дәуірдің бәріне бірдей тоқталуға мүмкіндігі жоқ болғандықтан, осы саламен айналысатындар және көпшілік оқушы қауым үшін оның нобай суретін калқайтып беруді ғана мақсат тұтқандығын айтады.

5. 7-бет. **“Сондай бөлімдер: ертегі, билер айтысы”** — Билер айтысы билер кеңесімен тығыз байланысып жатады. “Билер кеңесі” деген сөз қазақта бұрыннан болған, тіпті, осылардың Сайрам маңындағы Мартөбеде, Сырдария жағалауындағы Күлтөбеде, Бетпақпен ұштасып жатқан Телікөлде, Түркістан жанындағы Битөбе мен Өзбекстанның Ангрен өзені бойындағы Күлтөбеде (Ханабад) өтіп тұрғандығы жөнінде әңгімелер көп. Әрине, мұндай кеңестердің айтыс-тартыссыз, сөз жарысынсыз өтпейтіні белгілі. Ал, кейінгі кездің билері көбінесе еларалық, руаралық жер дауы, жесір дауы, мал, құн дауы сияқты жиындарда сөз жарысына түсетін болды. Бұлардан басқа, билер айтысы өмір мен тұрмыстың әралуан жағдайларына байланысты да туындап отырды. Осының бір үлгісін Төле, Әйтеке би мен Орта жүз Орманбет биелердің Қасқакөл деген жерге байланысты дауының өзі-ақ көрсете алады. Төле мен Әйтеке хат, сәлем түрінде Орманбеттен жауап ала алмаған соң, онымен бетпе-бет сөйлеспек болады. Орманбет келгенде Төле би: “Ей, Орманбет! Мен әлі тірімін, өлгем жоқ, бұдан бұрын қаншама сәлем айтсам да, келген жоқсың. Ер кетер, жер жетер, Орманбет! Ешкімге опа бермес дүние бок! Сен бізден кіші баласың, біз барып қайттық, сен ілгері барасың, біз енді көп жүрмеспіз, көмілерміз, сен жас едің, көңілдегіңді аларсың. Сен бізге Қасқакөлді бер, рас, саған Қасқакөл жақынырақ, бардан пайда, жоқтан залал деген, не берсе қайырын тілеп көр, Үш жүздің ортасында Қасқакөл бар, әр жерде су ішетін басқа көл бар, үш бөлім енші қылып алысайық, жер жетер, көңіліңді ұстама тар” — дегенде, Әйтеке: “Бай болсаң халқыңа пайдаң тисін, батыр болсаң дұшпанға найзаң тисін. Бай болып пайдаң тимесе, батыр болып найзаң тимесе, жұрттан ала бөтен үйің күйсін деген. Бізге кейінгілер соны айта ма деп қорқамын”, дейді, Орманбет: “Екі би, айтқан сөзің жарасады, еншіге әркімдер-ақ таласады, Бұл Қасқакөл Орта жүздің көлі еді, айтқандарың қиянатқа жанасады. Қанағатсыз

билерді қабан деген, қамшылатқан жүйрікті шабан деген, біреудің ақысына зорлық қылса, ақыретте мұндай іс жаман деген”.

Үш би олай ырғасып, былай ырғасып келісімге келе алмаған соң, елдеріне қайтады. Орманбет үйіне келгенде даудың жайын баяндайды, әңгіме сырына қанған анасы баласына қарт билерді ренжітпей, көлді бөліп бер деп кеңес етеді. Шешесінің айтқанын істеп, Орманбет тоғыз бие сойып, екі биді қонаққа шақырады. Мәжілістесіп отырғанда Төле: “Әйел жақсы болса, білім иесі батыр туады, жаман болса, ер бөксе болса да қатын туады. Әйел жақсы болса ердің басшысы емес пе?! Бұрынғылар осылай демес пе? Қасқакөлді алам деп келіп едім. Орманбет бермеген соң өліп едім. Жетпіс жасқа келгенде сөзім жерде қалып, мәңгіге тірілмейтін өлік едім. Жеңгей, мені тірілтгіңіз, енді балаңызға бата берелік”, — депті.

6. 7-бет. “...қазақ әдебиетінде XIX ғасырдың аяқ кезінде үлкен ағым сияқты болған дін хиссалары кірген жоқ” — Қазақтағы бұл хиссалар ислам дінін, Мұхаммед пайғамбар мен оның шадияр, сахабаларының іс-әрекеттерін аңыз түрінде жыр ететін туындылар. Бұлар әсіресе XIX ғасырдың екінші жартысында Қазан, Уфа, Ташкент баспаларында басылып, ел арасына кең тарайды. Осылардың ішінен “Сал-сал”, “Зарқұм”, “Кербаланың шөлі”, “Әзірет Әлінің құлдыққа сатылғаны”, “Әлінің сараң байды жолға салғаны”, “Әзірет Әлінің мигражға шығуы”, “Жүсіп — Зылихадай” көптеген нұсқаларын бөліп атауға болады. Бұларда исламның негізін қалаушылардың өмірі, ерлігі, бағыт жолы уағыздалғанымен, тұрмыс-тіршіліктің қыр-сырлары да, адамгершілік, мейірімділік, малды адал еңбекпен жию, қарып-қасірге қол үшін беру, момынның ақысын жемеу сияқты толып жатқан жай-жағдайлар да сөз болады. Бұлардың тарихи шындыққа жақын баяндалатын тұстары аз емес, тілі:

Күнбатыс, күншығысқа барған бабаң,
Шаһар бұзып, ойранды салған бабаң.
Талай Қайсар, Қаһандай палуандар,
Жолдассыз жалғыз жүріп алған бабаң (“Зарқұм”), —

дегендей көркем, оқиғалары тартымды келеді. Жазушының “кіргізбедім” деп отырғандағы әдебиеттен өзіндік орын алатын осы бір мол дүниелер кейін де зерттелмеді, кеңестік идеология, оған мүмкіндік те, жол да бермеді.

7. 7-бет. “...біздің көздеген мақсатымыз әуелі қазақ елінің өз қанынан туып, өз сүтімен өскен ескіліктің ұлы денесін тұрғызып алмақшы болдық” — Жазушының діни шығармаларды бұл

кітабында уақытша сөз етпеуінің себебі: “... көбінің сарыны шеттік болудан басқа, мазмұндары да түгелімен мұсылман ғаламынан келген көшпелі, қыдырма әңгімелер” деген ойында жатыр. Олай болса, бұл қатарға кейін кітаби ақындар атанған ақындардың кейбір туындыларын да қосуға тура келеді. Олар Шығыс әдебиетіндегі араб, парсы, түркі тілдес халықтары поэзиясының үздік үлгілерін өздерінше жырлады. Олар: Шәді төре, Мәдәлі қожа, Жүсіпбек Шайхулисламұлы, Ораз молда, Нұржан Наушабайұлы, Майлықожа, Тұрмағамбет Ізтілеуов, Шораяқтың Омары сияқты көптеген ауызша да, жазып та айта білетін ақындар еді. “Шахнама”, “Сейфілмәлік Бәдіғұлжамал”, “Ләйлі—Мәжнүн”, “Рүстем—Дастан”, “Тотынама”, “Атымтай жомарт”, “Ескендір” осылардың айтуымен, жазып тарауымен белгілі болды.

8. 7-бет. **“...әрқайсысын тудырған жағдай мен себепті әуелгі шыққан ұясынан бастап ұғыну керек, қазақтан бұрын арап, парсы, оңтүстік түріктері, шағатай, татар әдебиеттерін шолып өту керек”** — Көршілес халықтар ой мұраларымен ертеден аралас, тамырлас екендігін “Тартты мені таразының жырлары” деген Рудаки сөзінің өзі-ақ дәлелдей алады, соған қарап-ақ қазақ жеріндегі бұрынғы поэзияның қаншалық қуатты болғандығын ұғыну қиындыққа соқпайды, Рудакиді парсы поэзиясының ұлы өкілі десек, мұндай тұлғаларды қазақ ақындарының білмейтіні кемде кем, әсіресе, олардың кітаби ақындарға еткен әсері өлшеусіз еді, Иран тобына жататын парсы, ауған, тәжік, күрді тағы басқалар мен түркі, Үндістанның кейбір халықтарының қосқан үлесімен парсы әдебиеті қалыптасты. Фирдоуси, Сағди, Хафиз, Омар һаям, Жәми есімдерін қазақ даласы жақсы білді. Шағатай әдебиеті өкілдерінің көпшілігі түркі тілімен қатар парсы тілінде де шығармаларын жазды.

Әкесі еншіге бөліп берген оңтүстік Алтайдан Әмударияның оң жағалауына дейінгі аралықтағы ұлан ғайыр аймаққа билік жүргізген Шағатай (1242 жылы өлген) Шыңғысхан балаларының ішінде өзі құрған мемлекетті өз атымен атаған адам. Көзі тірісінде ол Ұлы қаған Үгедейдің келісімімен мирасқоры етіп, үлкен ұлы Мүтугеннен туған Қара Хулагуды белгілесе, Ұлы қаған Күйік болғаннан кейін оның немересі тақтан тайдырылды да, орнына Есу Мөңке отырды. Бұдан кейін Төленің баласы Мөңке тағайындалып, Шағатай ұрпағы XIV ғасырдың басына дейін биліктен шеттетілді, осы ғасырдың орта шенінде мемлекет екіге бөлінгенде, олар ұлыстың шығыс бөлігі Моғолстанды билеу мүмкіндігін сақтап қалды. Міне, осы кездерде дүниеге келген мұралар Шағатай әдебиеті аталды, кейде бұларды ескі өзбек әдебиеті деп те айтып келді.

Жалпы түрік халықтары сияқты көптеген мұраларға ортақтығы өз алдына, татарлардың тек өздеріне тән әдебиеті Еділ-Қама бұлғарлары деуірінен бастау алады. XIII ғасырдың орта тұсында Алтын Орда құрамына енгенде Ғалидың өлең-дастандары мен авторы белгісіз “Кесікбас”, “Сопыларға өсиет” деп аталатын шығармалар белгілі болды. Одан бері Махмұд Бұлғари (XV ғ.), Мұхамадия (XVI ғ.), Маулан Құли (XVII ғ.), Утыз Имани (XVIII ғ.), Әбунасыр Курсави (1776—1818), Шагабудцин Маржани (1813—1889), Қаюм Насыри (1825—1902) сияқты әдебиет қайраткерлерінің есімдері танылды. Қазақтың алғашқы кітаптары осы татар баспаларында жарық көргенін де айта кетуге болады. Енді жазушының “Оңтүстік түрік әдебиеті” дегеніне қазіргі түрікмен, әзербайжан, Осман түріктерінің әдебиеттері сәйкес келеді.

9. 8-бет. **“...тегінде бұл тарих қазақ елінің жалпы тарихы шыққан соң тізілуі лайық еді”** — Ә. Бөкейханов, М. Тынышбаев, Қ. Кемеңгеров, Х. Досмұхамедов, С. Асфандияровтардың еңбектері болмаса, тарих деп аталатын көлемді туындының бұл кезде жазыла қоймағаны белгілі, ол ғана емес, қазақтың өз ішінен басқа, одақтас республикалардың бірде-бірінде әдебиет тарихының үйренуге тұрарлық үлгілері жоқ еді. М. Әуезовтің зерттеулері осындай тұста жазылды. Мұны жасы отызға жетпеген жігіттің ерлігі, көрегендігі, білімі мен біліктілігі, тереңдігі демеске болмайды.

“СӨЗ БАСЫ”

1. 10-бет. **“...еректен бұрын үй шаруасының, отырықшы шаруаның негізін салған әйел екен”** — Тағылық тұсындағы орташылдық, аталық, аналық дәуірлер мен мемлекет негізінің құрылған дәуірлері туралы ой қозғайтын жазушы осындағы әйел орнының маңызына ерекше көңіл аударады; табиғи теңдік, қан жақындығына қарай туыскандықтың дамуы, жар ортақтығы дәуірлерінен өткен әйел аңшылық кезіндегідей шаруаға ғана емес, ерекке де басшы болды. Осындағы танымдық негіздері алғашқы мақалалары “Адамдық негізі әйел” (“Сарыарқа”, 1917. 5 қыркүйек), “Қазақ әйелі” (“Абай”, 1918. № 8) топшылауларымен астасып жатыр.

2. 12-бет. **“бұрынғы басшы аталарды, аруақты құрметтеуден”** — Қадірлі адамдарды қасиет тұтып, киелі санау, оның аруағына (рухына) сиыну салты қазақта ежелден болған. Денеден бөлек өмір сүреді деген ұғымда қабылданатын аруақта жан тірі жүреді деген сенім жатыр. Солардың аруағына табыну, дұға оқып жалбарыну алғашқы әңгімелердің, шұбыртпа такпақ өлеңдердің тууына да себеп болды. Әуелгі әдебиет жұрнақтарының шығуы осылардан басталды деп қарайды жазушы.

3. 12-бет. **“Олар ой несі, дін несі болып тап-тапқа бөлінді”** — Осылай бөлінгенімен, дін мен ой бір-бірімен тығыз байланыста болды; себебі, көне замандардың өзінде-ақ ой қуа жүріп дінді ұстанғандар, дін тұтқасында отырып ойшылдықпен, яғни философиямен айналысқандар аз емес еді, жазушы осыны меңзеп отыр.

4, 5, 6, 7, 8. 14-бет. **“Шыңғыс хан заманынан бергі: түрік, монғол тарихының барлық дәуіріне түгел кіріп, толық араласып отырған. Кейінгі Жәнібек, Керей, Қасым, Ақнияз хандардың тұсында”** — Қазақ ордасының хандары Шыңғысханның (1157—1227) үлкен ұлы Жошыдан (1187—1127) тараса, оның алғашқы билеушілері Орыс ханның шөберелері Керей мен Жәнібек. Орысхан Жошының Тоқтайтемір, Өзтемір, Қожа, Бәдіғұлдан кейінгі бесінші ұрпағы болатын. Оның жеті ұлы болды, үлкен ұлы Тоқтақиядан Болат, Болаттан Керей, ортаншы ұлы Құйыршық, Құйыршықтан Барак, Барақтан Жәнібек туды. Бұл екеуі қазақ ордасын аяғынан тік тұрғызып, іргесін бекітті. Жәнібектің ұлы Қасымхан (1445—1518) мемлекет аумағын кеңейтіп, алты алаштың басын біріктіріп, алыс-жақын елдерге мәлім етті. Қасымнан кейін Момыш пен Тайырдың тұсында Орда сол қуаттылығынан айырылып қалды. Тоғым, Ахмет-Өзбек, Бұйдаш хандар қанша әрекеттенгенімен, Қасым көтерген биікке жеткізе алмады. Ел өз қуаттылығына Хақназар хан (1538—1580) билігінің тұсында ғана жетті.

9, 10, 14-бет. **“...Қазан хандығы ноғайлы, өзбек бірлігінің бәріне де кірісіп”** — Ноғайлы Алтын Орданың ыдырауынан кейін пайда болған бірлестік; бұл атау Алтын Орданың әскери қолбасшысы Ноғайдың есімімен байланысады. Батый мен Берке, Меңкетемір мен Тудамөңке, Төлебұға тұсында Еділден Дунайға дейінгі аралықты жаулауда және Шағатай ұрпағы Хұлағуге қарсы соғыста үлкен ерлік көрсетті. Египет сұлтаны Бейбарыспен жақсы қарым-қатынаста болды. Берке өлгеннен кейін Доннан Дунайға дейінгі аралықтағы жерлерді өз бақылауында ұстап отырды. Ол Төлебұғаны (1287—1291) тақтан тайдырып, орнына Тоқтыны (1291—1312) отырғызды, сөйтсе де өзі сол Тоқтының қолынан қаза тапты. Осыдан былай қарай оның қол астындағы тайпалар (оның құрамында қазіргі қазақ атанып жүрген рулар бар) ноғай деген атқа ие болды, Бертінірек ноғайлар Еділдің батысы мен шығысын, Каспий мен Арал, Қазан мен Төмен аралықтарындағы өлкелерде көшіп-қонып жүрді. Орталығы бұрынғы Алтын Орданың астанасы Сарайшық қаласы болды, қазақ-ноғай бірлігіне осы кезеңдер жатады: “Тегінде ноғай-қазақ түбіміз бір, Алтай, Ертіс, Оралды қылған дүбір” немесе “Алаштан қазақ тараған, ноғайлыға қараған, жауға

алдырмай ноғайлар бір-біріне жараған. Ноғайлы, қазақ бөлініп, Үш жүз болып тараған”, деген сөздер осыдан хабардар етеді және Сыпыра жырау, Шалкиіз, Жиренше шешен, Асан қайғылар осы кезде өмір сүрді.

Өзбек-қазақ бірлігі деп Әбілхайыр ханның (1412—1468) алды-артындағы кезеңді айтады. Өзбек ханның кезінде оның қол астындағы халықтар өзбек атанды. Қазіргі Қазақстан жерінде өмір сүрген мемлекет Алтын Ордадан бөлініп шықты, өзбек ұлысы атанған халықтардың билігі Әбілхайырдың қолына көшті, оның мемлекетінің аумағы Ноғай ордасының шығысындағы Жайық өзенінен Балқашқа, Арал теңізінен Тобыл, Ертіске дейінгі аралық пен Сырдарияның төменгі, жоғарғы сағасындағы Сығанақ, Өзкент, Аққорған сияқты көптеген қалаларды қамтыды. XV ғасырдың ортасында Керей, Жәнібек бастаған тайпалар Әбілхайыр қарамағынан бөлініп шықты, осыдан біраз өткенде өзбек атанған тайпалардың көпшілігі қазақ хандығына қарады да, Мауеранахрға ауған бір тобы өзбек атымен кетті. Кейін осы топтан шыққан Әбілхайырдың немересі Мұхаммед Шайбани (1451—1510) әулеті Мауеранахр мен Хорасанға билік жүргізді. Түбі бір тайпалар осылайша бөлінді.

11. 15-бет. **“...ескі замандағы ішкі дүниенің дін нанымын”**— Бұл жерде автор қазақтың исламды қабылдағанға дейінгі наным-сенімдерін айтып отыр. Тіпті сол нанымдардың қалдықтары күні бүгінге дейін сақталып келеді, оның неше алуан түрлері халықтың көптеген өлең-жырларынан көрініс беріп жатады.

12, 13, 14, 15. 15-бет. **“аспан мен отты қадірлеу; бақсы, жын, албасты, жезтырнақ”** — Ш. Уәлиханов қазақтар шаманды бақсы деп атаған дейді. Бұл сөздің түпкі негізі белгісіз бір күштер диюперілердің әміршісі, бағындырушысы және олармен тілдесушісі деген ұғымда жатыр. Бақсылар ем-доммен де айналысады. Жын — халық ұғымында көзге көрінбейтін, зиян, ауру-сырқау, дерт әкелетін күш иесі. Бұны бақсылар мен басқа да қасиеті бар адамдарға қызмет етеді деп түсінген. Бұған зұлымдық рухтың бейнесі ретінде қараған, ақыл-есінен ауысқандарды “жын соқты”, “албасты басты” деп те айтады. Жезтырнақ қазақтың қиял-ғажайып ертегілері “Құламерген”, “Жерден шыққан Желім батыр”, “Аламан мен Жоламан” мен “Алпамыс батыр” эпосынан, тағы басқалардан кездеседі. Мұндай бейнелер мыстан кемпір, жалғыз көзді дәу, жеті басты жылан сияқты болып кездесе береді.

16. 15-бет. **“...адамның көңіліндегі әр түрлі салақияттың түп иесі болуға керек”** — Бұл жөнінде 1-томның 274-бетіндегі түсінігінен оқуға болады.

17. 16-бет. **“Жолыңа жұп шырақ” деу** — Мұндағы ұғым “Әулиеге ат айттым, Қорасанға қой айттым” деген сияқты жақсы жол, жақсы тілек тілеуден туған. Бұлар әсіресе эпостық жырларда жиі кездеседі.

18. 16-бет. **“...оның үстіне ісләм діні ескіліктік барлық белгісімен қатты алысты”** — Тек өзге халықтар емес, ислам араб елдерінің өзіндегі пұтка, әр түрлі зат, құбылыстарға табыну сияқты салттарды жоюға тырысты. Біздің арғы ата-бабаларымыз қолданған шамандық әдет-ғұрыптар, нанымдар да осыған жатты. Абай: “Сөйтсе де, бұрыннан баксы-балгерлерге иланып, отқа, шыраққа табынатын әдетімен исламға тез түсініп кете алмапты” дегенді айтады. Сондықтан да оның көп салттары әлі күнге үзілмей, жалғасын тауып келеді.

19. 16-бет. **“Мысалы, ескі замандарда “абыз” дегендер болған”** — Абай өзінің “Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы” деген сөзінде: Ол кезде шала-пұла хат таныған кісі болса оны абыз дейді екен. Ол “абыз” демек әуелде шаман дініндегілердің өз молдасына қоятын аты екен” (Абай. 1995, 2-том. 222-бет). Ы. Алтынсарин “Жәнібек батыр бала кезінде ақыл-білім үйрену үшін Қара Керей Соқыр абыз дегенді іздеп келген екен” дейді. Осыдан абыздың білімі мол дана, ақылшы, ұстаз екендігін ұғынуға болады. “Еңлік-Кебек” пьесасында да абыз осылай бейнеленді.

20. 19-бет. **“...Абылай әл үстінде жатқанда Бұқар жыраудың жоқтағаны”** — Абылай, Бұқар жырау туралы да 1-томның 342; 2-томның 37-беттеріндегі түсініктерінде жазылған.

21. 20-бет. **“Көп қайғысын ақынның жоқтауымен білдіргені Нарманбеттің заманды жоқтаған өлеңінен көрінеді”** — Нарманбет Орманбетұлы (1860—1918) ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы қазақ халқының ауыр тұрмысын, патша үкіметінің отаршылдық саясатын сынауымен танылған ақын.

22. 20-бет. **“Сарыарқа, сарқыраған суың қайда?** Сарыарқа қазіргі Қазақстанның орталығы мен шығысын алып жатқан жер атауы. Ертеден қазақ ақындарының жырларына арқау болған қасиетті өлке.

23. 21-бет. **“Әйекенің жоқтауы. Шеген би өлгенде келінінің жоқтауы. ...Күйеуі өлгенде Бопы төренің қарындасының жоқтауы”** — Әйеке, Шеген туралы нақтылы деректер кездеспеді. Бопы Әбілмансұрдың Әбілпейіз деген баласының Кете ханымнан туған ұлы. Ол туралы елдің Бопыекемнен төрелік іс кетпеген, жегеніне Байыстай ел жетпеген” деген сөз бар.

24. 22-бет. **“Құдай досы Мұқамбет”** Мұхаммед (570—632) ислам дінінің негізін салған пайғамбар.

25. 22-бет. “Әліні алған осы өлім” — Сөз пайғамбардың күйеу баласы Әзіреті Әлі ибн-Талиб (Фатимаға үйленген) туралы болып отыр.

26. 24-бет. “**Мысалы, Сарыбай өлгенде тазшаның есірткені**” — “Қозы Көрпеш-Баян сұлу” жырындағы Қозының әкесі Сарыбай Баянның әкесі Қарабайдың қараулығынан өледі. Тазшаның есіртті деп отырғаны осы.

27. 25-бет. “**Балталының ханы болған**” — Орта жүз құрамындағы Найманнан тарайтын бір ата. Сарыбайды жырда осы Балталыдан шыққан адам ретінде көрсетеді.

28. 25-бет. “**Ақмет ханның баласын желіккен құлан өлтіріп кеткенде күйші домбырамен есірттеді**” — Ахмет 1465—1481 жылдар аралығында Үлкен Орданың ханы болған. Бірақ аңыздардың көпшілігінде Жошының баласы деп айтылады. Ахмет Польша королі Казимир IV-мен одақтаса отырып, Мәскеуге жорықтар жасаған. Оқаның жоғарғы жағында түйіспек болған 1480 жылғы жорығына Казимирден жәрдем келмейді, себебі, Иван III-нің одақтасы Қырым ханы Мендікерей (1468—1515) дәл осы кезде Польша жеріне басып кіреді. Жорықты соза алмай кері қайтқан жолда, Еділдің төменгі бойында Сібір ханы Ибақ Ахметті өлтіреді. Осыдан кейін орыс мемлекеті Алтын Ордаға тәуелділіктен біржола құтылады.

29. 25-бет. “**Байшуақ би өлгенде, баласы Байғараға қыпшақ Ізбасты бидің есірткені**” — “Отырсам опақ дейсіндер, тұрсам сопақ дейсіндер. Ел шетіне жау келсе Ізбастыдай ұл тумас дейсіндер, жау кеткен соң кубас дейсіндер”, деп сөйлейтін шешен туралы нақтылы дерек келтіру қиын. Оның:

Аласаны атқа санама,
Жаманды затқа санама.
Бір сынаған жаманды
Егіз екі рет сынама.
Тіріде сыйласпаған туыс,
Көзіңе құм құйылсын,
Өлгенде жылама! —

деген сияқты шешендікке өрілген тапқыр сездері белгілі.

30. 26-бет. “**Балталы, Бағаналы ел аман бол**” — Орта жүз құрамындағы Найманнан тарайтын рулар.

31. 26-бет. “**Қайын атаң Қарабай сенен қашты**” — “Қозы Көрпеш-Баян сұлу” жырындағы Баянның әкесі.

32. 26-бет. “**Ел жақсысы Тайлақ би айтқаным сол**” — Тайлақтай бидің дәл сол заманда болған-болмағанын анықтау қиын.

33. 27-бет. “**Іребдел өңшең мырза аға аман бол!**” — Көрнекті, білікті, іріктелген деген мағынаны береді.

34. 27-бет. **“Ер Лұқбан қолтықтап жолдас болар”** — Қазақ аңыздарында Лұқман Хакім жақсылықтың, кеңпейілділіктің, ерліктің, данышпандықтың бейнесі ретінде суреттеледі. Ол жөніндегі әңгімелер Жиренше шешен аңыздарына жақындап, ұқсанқырап тұратын тұстары бар. Лұқман Хакім туралы хикаялар арабтарда да, жалпы шығыс халықтарының көпшілігінде бар.

35. 28-бет. **“Қарқаралы, Қазылық”** Қарқаралы қазіргі Қарағанды облысы көлеміндегі тау, өзен, мекен. Қазылық жер атауларының бірі.

36. 28-бет. **“Есіл, Нұра екі су”** Есіл Сарыарқаның солтүстігіндегі Нияз тауынан басталып, Ақмола, Көкшетау, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарының жерлерінен өтіп барып, Омбының маңында Ертіске құятын өзен. Нұра Қарағанды, Ақмола облыстарының жерінен ағып өтетін өзен. Қарқаралы тауының батыс сілемдерінен басталып, Теңіз көліне құяды.

37. 29-бет. **“Кемпірбайдың Әсетке айтқан өлеңі, Сабырбай ақынның Қуандық деген қызына айтқан сөздері”** — Кемпірбай, Сабырбай, Қуандық туралы 2-томның 364, 374, 375-беттеріндегі түсініктерден оқып білуге болады. Әсет Найманбайұлы (1867—1923) ақын, әнші-композитор. Абайдың алдын көрген, оның “Әсетке” дейтін өлеңі де бар.

38. 30-бет. **“Ер Дәуіт” екі жаста нектеген** — “Құран кәрімде” есімдері аталатын пайғамбарлардың бірі Дәуіт. Таурат Мұсаға, Інжіл Исаға, Фурхан (“Құран”) Мұхаммедке, Забур Дәуітке түскен делінеді. Діни әңгімелерде: ғылым Қызыр пайғамбардан, разылық Смағұл пайғамбардан, сабырлылық Айуп пайғамбардан, шүкірлік Дәуіт пайғамбардан қалды деп айтылады. Бұл жерде ол өнер (ақындық) дарудың иесі мағынасында қолданылып отыр.

39. 31-бет. **“Хан Бергіс, Қарқаралы Жандар аға, Атығай, Қарауыл мен өрдегі Үйсін, Қараөткел таныс едім екі араға, Семейде топырағым болар білем”** — Қарауыл, Үйсін рулар. Құнанбайды қарадан шыққан хан дегені сияқты болмаса, Бергіс есімді белгілі хан жоқ. Ақмоланы, қазіргі Астананы Қараөткел деп те атаған.

Семей ХІХ ғасырдың орта шенінде-ақ Қазақстанның солтүстік шығысындағы үлкен мәдени, әлеуметтік-экономикалық маңызы бар қалаға айналды. Бұның ежелгі аты Доржикит немесе Түзқала. Осындағы әсемдігімен, аумақтылығымен көз тартар үлкен-үлкен сарайларды орыс үкіметінің жіберген адамдары Миллер, Бухгольц, Чередовтар көріп қайран қалады. Олардың есеп ретінде берген анықтамаларында бұл сарайлар “Гудские каменные палаты”, “Семь палат” деп аталады. Осыдан он-он бес жылдай өткенде екінші рет келген Миллер (1633 жыл) сол сарайлардың қирап, еспесіз

жазулар мен суреттердің шашылып, аяқасты болып жатқанын жазады. Осыдан орыстардың әлгідей ғажап ескерткіш-мұраларды жойып, жоқ етіп барып өздерінің камалдарын салғандығы көрінеді. Маңайындағы Абылайкит, Қолбасын сияқты мекендер де осының кебін киеді. Бұл қалада Абай оқыды, ілім-білімге Әуезовтің өзі де осында сусындады.

40. 32-бет. **“Қаратоқай Есет бидің қартайғанда айтқан өлеңі”** — XVIII ғасырдың аяғы, XIX ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген би, сөз бастаған шешен, қол бастаған батыр. Белгілі Мұрат ақынның жақын туысы және ұстазы.

41. 33-бет. **“Тезек төренің “Сексен” деген әні”** — Тезек Ұлы жүздің аға сұлтаны. Өз сөзіне қарағанда, Абылайға немере, ал оның бойында ақындық өнерінің барлығы Сүйінбайдың айтқан сөздерінен де көрінеді. Жоғарыдағы сөз оның ән де шығаратындығынан хабардар етіп тұр.

42. 34-бет. **“Сүйіндік Едіге бидің Жәңгір ханға айтқан сөзін аламыз”** — Тәуке хан ордасындағы билер кеңесінің беделді мүшесі Едіге би “Жеті жарғыны” түзуге қатысқан, “Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітірген” деп Едігені айтады. Оның қанатты сөздері ел аузында сақталып қалған. Жәңгір хан (1652 жылы өлген) Есім ханның ұлы. Ол қазақтар мен жоңғарлар арасында болған соғыста қаза тапты. Халық арасында “Салқам Жәңгір” атанды.

43. 37-бет. **“...Шақшақ Жәнібек кенже қызын бір досының баласына берген”** — Шақшақұлы Жәнібек қазақ шонжарларының арасында 1742 жылы бірінші болып тархан (маршал) атағын алған. Ол Орта жүз бен Кіші жүздің саяси өміріне белсене араласады. Заманында белгілі билердің бірі болды.

44. 38-бет. **“Мысалы, Жаман бақсының сарыны”** — Қойлыбай, Берікбай, Жамансарт бақсылардың аттары аталғаны болмаса, олар жөнінде нақтылы деректер еш жерде кездеспейді.

45. 39-бет. **“Бақсы атаулының барлығы да қобызбен Қорқыт күйіндей”** — Қорқыт VIII ғасырда өмір сүрген, бейіті Қызылорда облысының Қармақшы ауданында тұр. Жалғыз қазақ емес, ол бүкіл түркі халықтарындағы аңыз кейіпкері, данышпан адам ретінде бейнеленеді. Қазақтар оны күй атасы санайды, біраз күйлері бүгінге жеткен.

“II бөлім. БАТЫРЛАР ӘНГІМЕСІ”:

1. 60-бет. **“Батырлар әңгімесінің басы ескі түрік бірлігінің заманындағы әңгімелерден шығады”** — Бұл бірлік Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Орда атанған кездерден арғы Орталық Азиядағы тайпалық одақтардың біріккен мемлекеті Түрік қағандығы замандарына барып тіреледі. Түрік атауы алғаш Алтайдағы Ғұн

тайпаларының біріне басшылық еткен Ашнаның кезінде шыққан, соңынан бұл этноним осы тілдес халықтардың барлығының атауына айналып кетті. Осы түріктер VI ғасырдың орта тұсында жужан, ұйғыр тайпаларын жеңді, одан кейін қытайдың Чжоу, Цин мемлекеттерін талқандады. Орта Азиядағы көптеген тайпалар осы бірлікке қосылды. Осылайша үлкен күшке айналған түріктер Иранға шабуыл жасап, Амударияның батыс жағын, 576 жылы Босфорға дейін басып алды. Эпостардың ішінде “Алпамыс батыр” жыры осы көне замандар дәуіріне жақындайды.

2. 60-бет. **“Ноғайлы, қырым, қыпшақ, қырғыздардың бір жалаудың астында бір ел болып жүрген кездерін айтады”** — Алты алаш атанған ұлыстар, әсіресе, қасқа жолды салған Қасымның тұсында біріккен еді, олар: қазақты, ноғайлы, қыпшақ, өзбекті қамтыған рулары мен (Үш жүзге бөлінуде осыдан кейін болды) қырғыз, қарақалпақ, құрамалар еді. Қасым хан өлген соң бұл бірлестік ыдырап кетті. Хақназар хан қайта қалпына келтіргендей болды, бірақ көпке бармады, ол күй тек Тәуке ханның кезінде қайталанды.

3. 61-бет. **“Алғашқы жікке кіретін ұлы батырлар: туысы бөлек, орны басқа ел қиялындағы баға — жоғары болған”** — Бұл жерде зерттеуші ұлы батырларға “Едіге”, “Қобыланды батыр”, “Ер Тарғын”, “Ер Сайын”, “Шора батырларды”, кіші батырларға “Алпамыс батыр” мен “Қамбар батырды” жатқызады. Осындай жіктеу, жүйелеулер кейінгі жылдардағы зерттеулерінен кездеспейді.

4. 61-бет. **“Бұрынғы Едіге, Қобыландылар бір жағы періден, бір жағы керемет несі — әулиеден туса”** — Мұнда эпос кейіпкері ретінде қарастырса да, олардың тарихи тұлғалар екендігіне назарды аударып отырады. Қобыланды Әбілхайырдың қадірлеген батыры екендігі, оның өзі сияқты тағы бір батыры Дайырқожаны өлтіргенде әкесі Қыдан тайшының: “Қара қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным? Сексен асып таянғанда тоқсанға тұра алмастай үзілді ме жұлыным?” деп жоқтағанын айтады. Осы сияқты әңгімелер болмаса, Қобыландының өмір тарихынан, тарих сахнасындағы қызметтерінен нақтылай деректер келтіру қиын. Ал Едіге жөнінде олай емес, ол Алтын Орданың белгілі қолбасшыларының, билеушілерінің бірі. Едіге қазіргі Оңтүстік Қазақстанның Қаратау бауырындағы Құмкент қаласының әкімі Құтлы Қабаның отбасында дүниеге келді. Барлық өмірі тартыспен, күреспен өтті, осындай кездерде біресе Тоқтамыс, біресе Ақсақ Темір жағында болуына тура келді. Тоқтамыс жеңілгеннен кейін Еділ мен Жайық аралығындағы жерлерге әміршілік етті. Өзі қолдаған Темір Құтлық, Шәдібек тұстарында Алтын Орданың негізгі билігі (1396—1411) оның қолында болды. Ол Ноғай Ордасының негізін қалады. 1408—1409 жылдары Руське шабуыл жасап, көптеген қалалары мен Мәскеуді басып алды. Жошы

ұлысының жері ақырғы рет Едіге тұсында біріктірілді. Оның қазасы Тоқтамыс балаларының қолынан болды.

5. 61-бет. **“Бұрынғы өткен заманда Баба түкті Шашты Әзіз деген”** — Бұл есім қазақтың ауыз әдебиетінде жиі кездеседі. Бір деректе ол Ахмет Иассаудың арғы бабалары екендігі айтылады, тағы бір деректе оның Құтлыбек деген баласынан Едіге туған десе, енді бірде Едіге соның батасынан туған деп айтылады. Оның атымен аталатын бұлақ Қаратаудың теріскейіндегі Қызыл көлге құяды.

6. 62-бет. **“Баланың әділ, есті би екенін Тоқтамыс хан естиді”** — Тоқтамыс 1380—1396 жылдар аралығындағы Алтын Орданың ханы. Алғашында ол Ақсақ Темірдің көмегімен Отырар, Сауран, Сығанақты биледі. Мамайдың орыстардан жеңілісін пайдаланып, Орданың тағына отырды. Жошы тұқымының тақ үшін 25 жылға созылған қырқыстарын тоқтатты. Ұлысты бұрынғы қалпына келтіру мақсатымен орыс қалаларына шабуылдар жасады. Мәскеуді талқандады. Бір кездері өзін қолдап, қамқорлық көрсеткен Темірмен соғысу, Едігемен келіспеу өзін ғана күйреткен жоқ, Алтын Ордадай күдіретті мемлекеттің ыдырауын жақындата түсті.

7. 63-бет. **“Сонан кейін пері қызын қатын қылып алып, Сатемір ханға келеді”** — Сатемір эпостағы бейне, ол Ақсақ Темірдің прототипі болуы да мүмкін. Автор да: Тоқтамыс пен Едігенің араздығы, Тоқтамыс пен Сатемірдің жаулығы — бұл әңгіменің тарихқа жанасатын да жері бар. Тарихта болған Тоқтамыс, Ақсақ Темірдің жаулығы бар” деп жазады.

8. 65-бет. **“Бұл Шәкір-Шәкірәт сияқты әңгіменің қайтармасы”** — “Мың бір түн” және қиял-ғажайып ертегілерінен алынып қиссаға айналдырылған “Шәкір-Шәкірәт” ел арасына кең тараған дастандардың бірі. Алғаш рет 1840 жылы жарық көрген. “Қисса-и Шәкір-Шәкірәт патша һашим балалары” деген атпен Қазан университетіндегі Ш. Құсайынов баспасынан 12 рет басылып шыққан.

9. 65-бет. **“Бұл Сүлеймен пайғамбардың билігі деп айтылады”** — Қасиетті “Құран Кәрімде” аты аталатын пайғамбарлардың бірі. Аңыз бойынша, ол жан-жануарлардың барлығының тілін біледі, жындар, диюлар оған бағынады, ғажайып ғимараттар салады, теңіз түбінен қазыналар өндіреді. Алла атынан сиқыр ғылымын меңгерген Сүлейменге бәрі де қызмет етеді.

10. 65-бет. **“Сол кезде Қияттың Қарамаң бастаған қолы”** — Қият түріктің көне руларының бірі.

11. 65-бет. **“Бибі Фатимаға тапсырдым”** — Фатима Мұхаммед пайғамбардың қызы. Арабтағы фатимидтер халифатын осы Фати-мадан тараған әулет билеген. Қазақ жырларында басына қиын іс түскенде әйелдер Фатима атын айтып сиынады.

12. 65-бет. **“Қарашаш ханымға тапсырдым”** Ахмет Иассаудің анасы.

13. 66-бет. **“Осы жүрісімен батыр Қазанға келеді”** — Қазан жөнінде 2-томның 268-269-беттеріндегі түсінікте айтылған.

14. 68-бет. **“Европа ғалымдарының қазақ елінде ескі заманның саркыты мен белгілері көп болу керек”** — Бұл жерде автор, әсіресе, В. В. Радловтың (1837—1918) ойларын меңзеп отыр.

15. 68-бет. **“Елек қорғанынан Ойылға қарай жүретін қара жолдың үстінде”** — Елек Ресейдің Орынбор, Қазақстанның Ақтөбе, Орал облыстарының жеріндегі өзен. Қобыландының бейіті Електің Орынбор бөлігіндегі жағалауында деп айтылады. Ойыл Ақтөбе, Атырау, Орал облыстарындағы өзен.

16. 68-бет. **“Шәкәрім ақсақалдың шежіресінде”** — “Абайдың ағасының баласы Шәкәрім Құдайбердіұлы (1858—1931) ақын, философ, тарихшы, композитор. М. Әуезов осы сөзі арқылы оның “Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі” деп аталатын еңбегін еске алып отыр.

17. 68-бет. **“Қобыланды батыр Жәнібек пен Әбілхайыр ханның тұстасы делінеді”** — Осы жөніндегі түсінікті 2-томның 370-бетінен қарауға болады.

18. 71-бет. **“Өз бетімен еркін өмір сүріп тұрғанда Қазанда 14 хан болған. Алғашқысы Мақымет, соңғысы 1552 жылы орыстың Иван Грозныйы Қазан қаласын алған уақытта хан болып тұрған Ядігер (Жәдігер)”** — Алтын Орда ыдырағаннан кейінгі Еділ-Кама бұлғарларының жерінде құрылған Қазан хандығының алғашқы ханы Ұлығ Мұхаммед (1438—1445) болса, оның баласы Махымет (1445) хандықтың дербес өмір сүруіне негіз қалады. Астрахан, Қырым хандықтарымен тіл табыса алмаған Жәдігер (оны кейбір деректерде Сібір ханы деп те атайды) орыс шабуылдарына төтеп бере алмай хандықты құлатты. Иван Грозный туралы деректі 2-томның 270-бетіндегі түсінігінен қараңыз.

19. 71-бет. **“Орыс жұртының батырлар ескілігінің барлығы “Қызыл күндей Владимирдың” айналасына жиналғаны сияқты”** — Орыс халқының фольклорлық шығармаларына негіз болған Киев Русінің князы Всеволод Ярославичтың ұлы Владимир Мономах. Шешесі Константин Мономахтың қызы. Соңынан оның есіміне шешесі шыққан тек қосылып аталатын болды.

20. 71-бет. **“Араб жұртының ескіліктегі әңгіме-ертегісінің Арон Рашит айналасына жиналғаны сияқты”** — Атақты “Мың бір түннің” кейіпкері, Харон Рашид (763—809) Мұхаммед пайғамбардың немере ағасы Аббас әулетінен шыққан халиф. Оның ширек ғасырдай (786—809) халифтығы аңызға айналып, көптеген шығармалар туғызды.

21. 73-бет. “Қазан құлайтын заманның өзінде болған батыр Нәрік ұлы Шора өледі” — Туған, өлген жылы белгісіз. Тамадан шыққан ноғайлы батырларының бірі. “Нәрік”, “Шора” деген жеке-жеке дастандар бар. “Нәрік” жырында:

“Қазаннан Шора қайтқанда,
Баяғы көрген Құлыншак
Шора Қазанға кетті дегесін,
Мен де артынан барайын,
Қалмаққа барып соғыс салайын”, —

деген жолдар бар.

22. 73-бет. “Қазандағы жау қалмақ, бір жерінде қызыл бас, тағы бір жерде қырғыз болады” — Қызылбас сөзі шейиттер имамының құрметіне тігілген он екі сайлы бас киімге байланысты шыққан. XV ғасырда қызылбастардың әскери-діни туысқандығы Сефевидің шейиттік, дәруіштік тірегіне айналды. Олар “діни наным соғысы” дегенді ұстанып, іргелес жатқан елдерге жиі-жиі шабуылдар жасаумен болады.

23. 77-бет. “Қобыландыны” соңғы түзеп айтқан Марабай сияқты ақынның” Марабай Құлбайұлы (1841—1898) қазақтың батырлық жырларын жырлаған ақын, жырау. Оның айтуынан Ы. Алтынсарин “Қобыланды батырды”, Н. И. Ильминский “Ер Тарғынды” жазып алған.

24. 80-бет. “Соларды жерінен қуып, бізге Шағанды әпер деп өтініш істейді” — Ақтөбе облысының қазіргі Шалқар және Байғанин ауданындағы өзен.

25. 81-бет. “Сол жиынға Тарғын келген соң Сыпыра жырау сөз бастап” — Сыпыра жырау XIV ғасырдағы Дешті Қыпшақтың белгілі ақыны. “Едіге” жырында ол жүз сексенге келген ақылшы, қамқоршы қария болып көрінеді. Атақты Мұрын жырау өзін Сыпыра жыраудың ұрпағы санайды.

26. 89-бет. “Еркектің досы болатын әйелді орыс әдебиетіне ең алғашқы кіргізген ақын Карамзин” — Н. И. Карамзин (1776—1826) ақын, жазушы, тарихшы. Көптеген әдеби шығармаларынан бөлек “Россия мемлекетінің тарихы” атты 12 томдық еңбек жазған.

27. 96-бет. “Станбол, Қазан екеуі” — Стамбул — Түркиядағы ірі қала. 1453 жылға дейін Константинополь атанған.

28. 97-бет. “Қазан хандығы құлаған соң Шораның нәсілі Османлы түрігіне ауып кеткен” — Осман Түркияның XV—XVI ғасырлардағы ресми атауы. Ертоғырұлдың баласы Осман иелігіндегі мемлекетті өз есімімен атады. Осман әулетінің негізін салды, ол мемлекет бертін келе үлкен империяға айналды.

29. 102-бет. **“Ерте күнде он екі баулы өзбекте”** — Қазақ, өзбек бөлінбей өзбек атымен тұрғанда “алпыс баулы өзбек, тоқсан баулы қыпшақ” деп те айтылатын. “Он сан оймауыт, тоғыз сан торғауыт” деген де осыған ұқсайды. Осындағы Торғауыт Ойраттар құрамындағы тайпалық топ болса, Оймауыт Дулаттың Жанысына жататын ру екендігінен басқа ол замандардағы жай-жағдайынан дерек жоқ. Баулы үлкен-үлкен топтардан тұратындығын көрсетеді.

30. 107-бет. **“Бұрынғы заманда Жиделібайсын деген елде”** — Жиделібайсын жер аты, бұл атау қазақтың “Алпамыс батыр” жыры мен Асан қайғы туралы әңгімелерден кездеседі. Мұхаммед Шайбани бастаған Дешті Қыпшақтың көшпелі рулары Орта Азия жерлерін басып алғанда қазақ, қарақалпақ құрамындағы Қоңырат тайпасының үлесіне Жиделібайсынды береді. Қазір бұл аймақ Өзбекстанның Сұрхандария облысына қарайды. Осы жердің халқы әлі күнге дейін не өзбекпіз, не қазақпыз демейді, Қоңыратпыз дейді.

“III бөлім. ЕЛ ПОЭМАЛАРЫ”:

1. 112-бет. **“Қарабайдың асырап алған Ай, Таңсық деген екі қызы”** — Қазір Семей облысының Аягөз ауданында Ай, Таңсық аталатын өзендер бар. Ай — Тарбағатай тауының Ақшәулі жотасынан бастау алып, Сасықкөлге құяды да, Таңсық — Тарбағатайдың батыс сілемдерінен шығып, Көлдер көліне барып бітеді.

2. 115-бет. **“Осы күнгі Жетісудағы зират”** — Осы еңбек жазылған кезде “Қозы Көрпеш — Баянның сағанасы тұрған жер Жетісуға қараған.

3. 116-бет. **“Тобықты ауданынан жиналған әңгіме”** — Тобықты ауданы деп, қазіргі Абай ауданына қарасты Шыңғыстау өңірін айтып отыр.

4. 116-бет. **“Мәскеуде басылған Радлов жиған әңгіме”** — В. В. Радловтың “Түркі тайпалары халық әдебиетінің үлгілері” (“Народной литературы тюркских племен”) деп аталатын еңбектері басылған. Осының 3-томы түгелдей қазақ әдебиетіне арналған.

5. 116-бет. **“Жетісу қазағының арасынан Колпаковский жандаралдың жиғызған әңгімесі”** — Г. А. Колпаковский (1819—1896) орыс армиясының генералы. Орта Азия мен Қазақстанда патша үкіметінің отарлау саясатын жүзеге асырған. Ол Северцов пен Дарвинге Жетісу өлкесінен өзі жинаған аңдар мен жәндіктердің, өсімдіктердің коллекциясын сыйға тартқан. III. Уәлихановпен хат жазысып тұрған.

6. 121-бет. **“...осы әңгіменің якут (сақанын) ішінде болғандығы”** — Сахалар түрік тілдес халықтар тобына жатады. Мекені Краснояр өлкесі мен Магадан, Сахалин, Амур облыстары.

7. 121-бет. **“Он екі ақынның ішінде Жанақ та бар екен”** — Жанақ жөнінде 2-томның 376-бетіндегі түсінікте айтылған.

8. 122-бет. **“Сыбанбай, Бекбау, Жанақ айтады екен”** — Сыбанбай мен Бекбауға қатысты нақтылы деректер кездеспеді.

9. 123-бет. **“Италия өнерінің алтын дәуірінде туған Дантениң “Тәңір комедиясы”** — Данте Алигьери (1265—1321) ұлы ақын. “Жаңа өмір” (1293), “Пир” (1305), “Халық сөзі туралы” (1308), “Монархия туралы трактат” (1312) сияқты еңбектері емес, оның есімін “Құдыретті комедиясы” (1307—1321) белгілі етті. Еңбек “Тамұқ”, “Күнәдан тазару”, “Ұжмақ” деп аталатын үш бөлімнен тұрады.

10. 124-бет. **“...сол адасып бара жатқан қауымды ұялтқандай болып “Ромео Джульетта” шыққан”** — Халық арасына кеңінен тараған осы аңыз-әңгімені Уильям Шекспир (1564—1616) драмаға (трагедия) айналдырған.

11. 124-бет. **“Бері келген уақытта өз өмірінің ең жоғары шыққан басқышында сопылық дәруіштің салтына берілген”** — Сопылық, дәруіштік ХІІ ғасырдан бастап үлкен ағымға айналды; ұстанған бағыты шыдамдылық, құлшылық, дүние қызығынан, сән-салтанатынан безіну. Сопылықтың әдебиетте қалдырған із-белгісі орасан болды. Бұл ретте атақты ақындар Жалаладдин Руми мен Муслихиддин Сағдиды (1203—1292) ерекше бөліп атауға болады. Бұлар сопылық-дәруіштіктің жолдарынан өтіп, шарттарына жауап берерлік іс-әрекетті, еңбектерімен, ой-танымдарымен, бағыт-бағдарларымен де көрсетті.

12, 13, 14, 15, 16. 124-бет. **“Бұның мысалы Физули, Қожа Хафиз, Мағыри, Қожа Ахмет Яссауи, Сопы Аллаяр”** — Физули (1494—1556) араб, парсы тілдерінде жазған әзірбайжан ақыны. Ол Әмір Хысрау, Дехлеуи, Жәми дәстүрлерін жалғастырушы. Ахмет Иассауи (туған жылы белгісіз, 1166 жылы өлген) бүкіл дүниеге әулиелігімен, ақындығымен танылған тұлға. Бүкіл ислам әлемі оны Мұхаммед пайғамбардан кейінгі орынға қояды, сондықтан да, ол жатқан жер — Түркістанды екінші Мекке санайды. “Диуани хикметі” даналықтың, ақындықтың қуатын танытады, Хожа Хафиз (1325—1390) парсы ақыны, Әбуғала Әл-Мағри (973—1057) арабтың соқыр ақыны. Көптеген поэзиялық, прозалық, философиялық, ғылыми шығармалардың авторы. Оның “Фейннәл үсідә тәтбағұһа зиһабән, уағбәнән фәмен ғұрен уәғұр жән” (арыстан жүріп еткен ізбен ақсақ, соқыр бәрі де, қарға-құзғын да ілесе жүріп азық айырады) деген толғаулы сөзін кейінірек жазушы “Абай жолы” эпопеясындағы Сармолданың аузына салды. Сопы Аллаяр (Алланың досы) туған, өлген жылы белгісіз, ХVІІІ ғасырдың орта

тұсында өмір сүрген. “Ғазизге бағыштау”, “Аллаяр сопы” деген сияқты төрт кітабы белгілі. Әл-Мағри сияқты бұның да “Болур бір фәрәден юз фәрә бижай” деген сөзін “Абай жолы” мен “Қасеннің құбылыстары” әңгімесіне пайдаланды.

17. 124-бет. **“Адам баласының қазынасына күншығыстың тартқан сыбағасы осы “Ләйлі — Мәжнүн”** — Бұл жыр аңыз сияқты айтылғанмен, оның тарихи негізі болған, бұған VII ғасырда өмір сүрген ақын Имрул Қайыстың ғашықтық хикаясы арқау болған деседі. Низами, Науаи, Жәми бастаған ақындар бұл аңызды әрқайсысы өздерінше дастанға айналдырды.

18. 124-бет. **“Мен түрік жұртының “Қозы Көрпешін” “Фаустпен” салыстырғаннан да осы жырлармен салыстыру лайық деймін”** — “Қозы Көрпеш — Баян сұлу” түрік халықтарының біразында бар. Қазақ бұл жырдың Сыбанбай, Бекбау, Шөже, Жанақ айтуындағы бірнеше нұсқаларын біледі. Мазмұн-мәнінің қызықтырғаны сонша, А. С. Пушкин (1799—1837) жырды 1733 жылы түгелдей жазып алады. “Фауст” та Еуропа халықтарының бірсыпырасында аңыз ретінде белгілі, онда Фауст білім мен байлық үшін жын-перілермен (Мефистофель) одақтасқан болып көрінеді. Иоган Вольфганг Гете (1749—1832) бұны 1773—1775 жылдар аралығында поэмаға айналдырды.

19. 127-бет. **“...лауқыл мақпузға” жазылған тағдыр** — Адам о баста жаратылғанда тағдыр-талайының қандай болмақтығы белгіленетін кітап.

20. 127-бет. **“Не болмаса белгісіз теңіздің Барса келмес деген аралына барады”** — Қазақ ертегілерінде кеп кездесетін Барсакелмес Арал теңізінің солтүстік бөлігіндегі ұзынша келген арал.

21. 132-бет. **“Пушкиннің “Сараң серісі”, Гогольдің “Плюшкині”** — Бұл жерде автор Қарабай сияқты сарандықтың символы болған кейіпкерлерді еске алып отыр. Плюшкин — “Өлі жандар” романындағы сарандықтың шектен асқан өкілі.

22. 136-бет. **“Жағалбайлы деген елдің ішінде”** — Жағалбайлы Кіші жүз құрамындағы Жетіруға жататын ру.

23. 142-бет. **“...поэма қылып шығарған Жүсіпбек қожа”** — Жүсіпбек Шайқыслам ұлы (1857—1936) ауыз әдебиеті нұсқаларын жинап бастырумен аты шыққан ақын. Ел “Қыз Жібек” (1894), “Айман Шолпан” (1896), “Қисса Біржан мен Сара ақынның айтысқаны” (1898), “Алпамыс” (1899), “Сал-сал”, “Зарқұм”, “Жүсіп-Зылиха”, “Мұңлық-Зарлық”, “Шәкір-Шәкірат” сияқты басқа да жырларды соның жариялауы арқылы жақсы білді. “Мың бір түн хикаясы”, “Тотының тоқсан тарауы”, “Кербаланың шөлі”, “Дарига қыз” атты аңыз-ертегілерді ол өзінше жырлады.

“IV бөлім. ТАРИХИ ӨЛЕҢДЕР”:

1. 146-бет. **“...онан соң Сырым қозғалысын айтатын өлеңдер”** — Сырым Датұлы (1712—1802) батыр, би, шешен. Кіші жүзде ханға қарсы көтерілісті басқарған. Ол туралы айтылатын өлең-жырлар көп. Орыс тарихшысы М. П. Вяткин (1895—1967) “Батыр Сырым” (1947) атты көлемді еңбек жазған.

2. 146-бет. **“...бұл күнде қолдағысы — Кенесары, Исатай, Бекет өлеңдері болғандықтан”** — Кенесары Қасымов (1802—1847) Абылай ханның немересі, 1837—1847 жылдар аралығында патшалық отаршылыққа қарсы күресті. Исатай Тайманұлы (1791—1838) Бөкей ордасындағы шаруалар көтерілісін ақын Махамбет Өтемісұлы екеуі бірге басқарды. Бекет Серкебайұлы отаршылық саясатқа қарсы Есет Көтібаров бастаған көтеріліске араласты. Шығарушысы белгісіз “Бекет батыр” жырында оның Арыстан сұлтанды өлтіріп, Сібірге айдалғандығы баян етіледі.

3. 147-бет. **“Тарихта бұл екі дәуірдің жапсары Әбілқайыр, Тәуке, Қайып, Абылай хандардың”** — Әбілқайыр (1693—1748) Кіші жүз ханы, қолбасы, 1731 жылы Ресей империясының қол астына кіргендігі жөнінде ант берген. Осы әрекетті сатқындық деп білген өзге жүздің билеушілері Барак сұлтанға (туған жылы белгісіз, 1751 жылы өлген) оны өлтіркізеді. Тәуке (1680—1718) қазақтың Ликургі атанған ұлы хан, “Жеті жарғы” осы Тәукенің басшылығымен жасалды, Ұлы жүз Төле, Орта жүз Қазыбек, Кіші жүз — Әйтеке, қырғыз, қарақалпақ, қатаған, шанышқылы билері — Қоқым, Сасық, Жайнақтар Тәукенің ақылшылары болды. Бұқар жырау да алғаш Тәукеге қызмет етуімен көрінді. Қайыптың (1718—1719) хандығы өте қысқа болды. Абылай (1711—1881) қазақтың Қасым, Хақназар, Тәуекел, Есім, Тәуке сияқты құдіретті хандарының бірі. Ол Ресеймен, Қытаймен тіл табыса білді, үлкен саясаткерлігі қазақ елінің ақыл-есін жиып, нығаюына жағдай жасады.

4. 147-бет. **“...еддің алдында “темір нокта мен қайыс ноктаның” таңдауы шыққан заман”** — Ата-бабаларымыз Қытайға қарау — темір нокта, орысқа қарау — қайыс нокта киюмен тең деп білген.

5. 148-бет. **“Қазықұрттай” үміті, жалғыз ғана Абылай басында қалған болатын”** — Бұл сөзімен автор Қазығұрт тауының басына Нұх пайғамбардың кемесі тоқтағанын айтып отыр. Аңыз кемедегілер осында келіп аман қалған, осыдан кейін қайта өсіп-өнген деп баяндайды. Абылайға артылған үмітте осылайша өніп-өсу тілегі жатыр.

6. 148-бет. **“Қазақ тілінде шыққан Халел Досмұхамбетұлының”** — Халел Досмұхамбетұлы (1883—1939) белгілі мемлекет, қоғам қайраткері, оқу, ағарту, денсаулық сақтау салаларының үлкен ұйымдастырушысы, көптеген әдеби, ғылыми, тарихи шығармалардың авторы.

7. 148-бет. **“Қошмұхамбет Кемеңгерұлының “Қазақ тарихынан” деген еңбектерін қарап өтсін дейміз**” — Кемеңгеров Қошке (1896—1937) Алаш қозғалысына белсене қатысқан қазақ қаламгері, драматург, жазушы, публицист. Көптеген әдеби шығармаларының қатарында “Қазақ тарихынан”, “Бұрынғы езілген ұлттар”, “Егін салу турасында” деп аталатын зерттеулері бар.

8. 151-бет. **“Сырым батырдың Нұралы ханға қарсы шыққан қозғалысы. Онан соң Жәңгір ханға жасаған Исатай, Махамбет қозғалысы. Орта жүзден шыққан Кенесары, Наурызбай қозғалысы... Есет пен Бекеттің көтерілісі**” — Нұралы (1748—1788) Әбілқайырдың үлкен ұлы, оған дейін Хиуа ханы болған. Әбілқайыр өлген соң, Орынбор әкімшілігінің қолдауымен Жәңгір Кіші жүзге хан болады. Жәңгір (1801—1845) Бөкей ордасының ханы, Исатай — Махамбет көтерілісі осы кезде болды. Наурызбай (1822—1847) Кенесарының інісі, Есет (1807—1888) Көтібар Бисенұлының үлкен баласы. Ол 1855—1858 жылғы қозғалыстың басшысы болды.

9. 151-бет. **“...ел сайлауға шыққан “Майырды” өлтіріп — Майыр — майор дегені.**

10. 151-бет. **“Сәтбекті де өз заманының геройына қосады**” — Сәтбек Ермақты өлтіріп, Ертістің суына ағызып жіберген батыр.

11. 153-бет. **“Қоқаннан ауған көп Дулат келеді**” — Дулат Ұлы жүз құрамындағы көне тайпа. Шежіренің айтуынша, Үйсін Бәйдібектің үшінші әйелі Домалақ анадан (Нұрилла) Жарықшақ туады. Албан, Суан, Дулат осы Жарықшақтан тарайды. Дулат: Ботпай, Шымыр, Сиқым, Жаныс болып төртке бөлінеді. Сол тұста Дулаттар Қазақстанның оңтүстігіне иелік етіп тұрған Қоқан хандығының қол астында болған. Хандық 1770—1876 жылдар аралығында билік жүргізді. Әлім хан Сыр бойының Қармақшыға, Жетісудың Ұзынағашқа дейінгі жерлерін басып алды. Сонда қазақтарға салған салығы: жылына 6 қой, 24 қап көмір, 4 өгіз арба сексеуіл, 100 бау қамыс сияқты болды. Кенесарының қырғыздармен қақтығысы әлеуметтік жағдайдың осындай қалыпта тұрған тұсында болды.

12. 155-бет. **“Наурызбайдың қарсы айтатын кінәсі көп емес. Ол: “Арағың мен бозанды қой”** — Арақтың ол заманда болмағаны белгілі, боза — тарыдан ашытып жасайтын сусын, оның да қызулық беретін күші бар. Осыған байланысты Нысамбай жырынан мынадай жолдар кездеседі:

Қойдым деп бізге ант берсін,
Арағың мен бозанды.
Арағыңды қоймасаң,
Кенекем алар мазанды.
Көпірге ғазат қылғандай
Наурызбай берер сазанды.

13. 158-бет. “Сол ірі оқиғалардың дәл ішінде болған “Кенесары—Наурызбай” жыры болады — Нысамбайдың туған, өскен ортасы, өмір жолы, “Кенесары — Наурызбай” жырынан басқа еңбектерінің бары-жоғы белгісіз. Белгілісі — Кенесары жорықтарының бел ортасында жүргендігі, бірақ оның қасына қай кезде келді, қайдан келіп қосылды — ол жағы тағы бұлдыр. Арқадан ере шыққан Ағыбай, Бұғыбай батырлар сияқты ақырғы сәтте де оның Кенесары қасынан табылғандығы көрінеді. Сол бір айнымас табандылығы, Кенесарының мақсат еткен жолы бағытына сенгендігі жырларының өзінен көрініп жатады:

Көп сарғайтып келместей,
Кене хан, саған не болды?
Кенекемді қалдырып
Көкбұрыл, саған не болды?..

Қашқан, пұсқан жиылып,
Қарашы нөкер қол болды,
Қарсы келген адамның
Көзінің жасы сор болды.
Ақылы жетпей қырылып,
Ақырында қор болды.
Көмусіз қалып сүйегі
Ит пен құсқа жем болды, —

деп болашаққа артқан үміт-сенімінің ақталмағанына өкінеді. Бұл ретте ол қозғалыстың жырлаушысы дәрежесінен асып, шын жоқтаушысы деңгейіне көтеріледі, оны қостады, қуаттап мадақтады, дәріптеді.

14. 159-бет. “Жазығы: “Ежелгі жау ел болмас” деп, Абылайдың тұқымына бағынғысы келмегендік” — Сөз Абылайдың қырғыздарды шапқандығы туралы болып отыр.

15. 160-бет. “Аламаншыл ақыннан бұдан арғыны тілеуге болмайды” — Бұл жерде Шәңгерейдің:

Алату Абылайдың ала аттансаң,
Аламан артындағы біреуі мен, —

деген өлең жолдары еске түседі. Осыған қарағанда, аламаншыл жауынгеріңмін, қару-жарақ асынған жортуылшыңмын деген мағынаны береді. Бұның бұқара, көпшілік деген де мағынасы бар.

16. 161-бет. “Беріш руының ел бастаған әділ биі, абыройлы жақсысы болады” — Беріш — Кіші жүз құрамындағы Байұлына жататын ру. Ол Байбақты, Байсейіт болып екіге бөлінеді.

17. 163-бет. “Жайықтың суы қатқанын тосады” — Жайық Башқұрт, Ресейдің Челябині, Орынбор, Қазақстанның Орал, Атырау облыстарының жеріндегі өзен.

18. 163-бет. **“Исатайдың жорығын жыр қылған Ығылман ақын”** — Ығылман Шөреков (1876—1932) ақын, жырау. Махамбет, Мұраттың жырларын бүгінге жеткізген. Шығармаларының ішіндегі белгілісі — “Исатай-Махамбет” дастаны.

19. 168-бет. **“Алшын, Жаппас деген елдің ішінде”** — Алшын — Байұлы, Жетіру, Әлімұлы сияқты Кіші жүз құрамындағы үлкен тайпа.

“V бөлім. ЕРТЕГІ”:

1. 175-бет. **“...осындай құдайлар әңгімелері ескі грек, рум халқында көп болған”** — Грек адамзат ақыл-ойына өлшеусіз үлес қосқан халықтардың бірі, оның мәдениеті біздің заманымызға дейін-ақ өз биігіне көтерілді, ал Рим халқы деп, римдіктерді айтқан. Римнің билігі жүрген жер көне замандарда Рим мемлекеті атанды.

2. 178-бет. **“Мәселен, Наурызбай, Ағыбайлар әңгімесі”** — Ағыбай (1800—1884) Арғынның Шұбыртпалы руынан шыққан батыр. Кенесарының сенімді серіктерінің бірі.

3. 178-бет. **“Қожанәсір. Ол аңқау, қу... Жиренше мен Алдар көсе де бар өмірі бір-ақ тараулы мінездің соңында кеткен”** — Бұлар жөнінде 2-томның 376-бетіндегі түсінікте берілді.

“VI бөлім. АЙТЫС ӨЛЕҢДЕР”:

1. 180-бет. **“...айтыс ақындары: Шөже, Кемпірбай, Жанақ, Сабырбай, Мұрат, Тоғжан, Біржан, Сара”** – 2-томның 364, 376-беттеріндегі түсініктерді қараңыз.

2. 185-бет. **“Жамантай, Құспек, Шыңғыс, Сартай төрем”** — Жамантай, Құспек, Сартай есімдері әр жерде кездесетін төрелер болғанымен — нақтылап көрсетерлік деректер жоқтың қасы. Шыңғыс Уәлиханов (1811—1895) Шоканның әкесі, Орта жүздің аға сұлтаны.

3. 185-бет. **“Ыбырай жас жолбарыс білектенген”** — Ыбырай деп отырғаны Абай.

4. 186-бет. **“Найманда қара Керей, Сыбан, Мұрын”** — Қазақ халқының құрамындағы ірі тайпа. Орта жүзге қосылады, Қаракерей Найманға жатады. Сыбан Қаракерейден тарайтын ру. Мұрын да Найманның бір тармағы.

5. 188-бет. **“Бұғылы, Тұғылыдан жаяу өтіп”** — Шерубай, Нұра өзендері Қарқаралы атырабында. Бұғылы, Тағылы осы аймақтағы жер аттары.

6. 188-бет. **“Ішінде мен Шаншардың дегдәрі едім”** — Арғынның Қаракесек руынан тарайтын Шаншардан Текебай, Тонтай, Торсықбай сияқты күлдіргі кулар көп шыққан. Сондықтан да Шаншар десе жұрттың көз алдына күлкілі жәйт елестейді.

7. 189-бет. **“Мұқтасар сөзім майда қақ тасындай”** — Діни мектептерде Иман шарт, Әфтиек, Құран, Қырық хадис, Шүритиссалат,

Фихкаидани, Тағлимұссалат, Тұхфатул мүлк, Наху сарф, Бидан деп бөлінсе, осылардан кейін оқылатын кітап — Мұхтасар (қысқарту). Мұхтасарды тауысқан шәкірт бұл ілімнің белгілі бір белес сатысынан тауысқан болып саналады.

8. 189-бет. **“Омырауым Бұхардың қақпасындай”** — Қазақтың бұрынғы ескі білімді оқығандарының көпшілігі Орта Азиядағы ірі қала — Бұхараның оқу орындарында оқыған. Дін ілімін ғана емес, жалпы ғылым-білімді тарату жағынан алғанда да бұл қала сонау Әл-Бұхари, Ибн-Сина, Әл-Беруни замандарынан бастап іргелі орындардың бірінен саналған. Қазақтың ескі жыр, қисса-дастандарында Бұхараның жиі аталуының өзіндік сыр, себептері бар. Осындағы көне оқу орындарының бастау алары Имам Бұхаридың (810—872) есімімен байланысты. Әбу-Ханифа секілді оның да пайғамбарымыз Мұхаммед ғалайһи уассаламның сөздерін (хадистерін) жинаумен аты шықты. Ол хадис равилері (пайғамбардың өз аузынан естіп, қағазға түсіргендер) туралы үлкен еңбек жазған. Оның алты жүз мың хадистердің ішінен іріктеп алып шығарған “Хадис-Шәріп” (7275 хадис) бүкіл ислам әлемі жоғары бағалаған еңбек болып табылады.

9. 190-бет. **“Мақшарда қандай адам мансап алар”** — Өлгеннен кейінгі адам баласының күнәсі тексерілетін жер мақшар.

10. 191-бет. **“Болғанда жерде Мәди, көкте Айса!”** Әзірет Әлінің Дариғадан туған баласы. Бірін-бірі білмейтін олар бір жиындағы күресте белдесіп қалады. Осы кезде әкелі-балалы екендігі білініп қалып, Мәди: “Әкемнің беліне қолым тиді” — деп, тауға қарай қашады, сонда тау жарылып, ол ішіне кіріп кетеді. Сол жерден Мәди ақыр заманда ғана шығады дейді аңыз.

Діни еңбектердің баяндауынша, бұл өмірден 124 мың пайғамбар өткен делінеді. Солардың 313-і мұрсал, өзгесі — нәби. Алла тағаладан оларға 404 кітап түскен болса, Жебірейіл періште арқылы алғаны мұрсал, түсінде аянмен алғаны нәби. 20 пайғамбарды Адам, Нұқ, Ыбырайым, Смағұл, Жүніс, Ыдырыс, Лұт, хұт, Жақия, Жүсіп, Зәкәрия, Салық, Иса, Сүлеймен, Дәуіт, Ілияс, Қадыр, Мұса, Жақып, Мұхаммед Ғалайһи уассаламды абзалы санайды. Тағы да ең абзалы деп Ыбырайым, Мұса, Иса, Мұхаммедті бөліп атайды. Пайғамбарлардың ішінен төртеуін тірі деп есептейді. Олар: Ыдырыс, Қыдыр, Ілияс, Иса (Айса). Ыдырыс алтыншы, Иса төртінші көкте. Қыдыр — шөлдегендерге сусын береді, өзге де көмектер жасайды. Ілияс — су апатына ұшырағандарға қол ұшын береді. Ыдырыс күні-түні дұға оқып: “Пейішті өз көзіммен көріп қайтайын, мені өлтіріп тірілт”, — деп, тілек тілеген. Алла тағала тілегін қабыл етіп, Әзірейілді жіберген. Ол оны өлтіріп тірілтеді де, пейішке алып

барады, бірақ, ол ондағының бәрін көрген соң қайтқысы келмейді, Жәбірейіл қайта апарып тастамақ болғанда Алла: “Бір өлген екінші рет өлмейді, қалғысы келсе қалсын” деп сонда қалдырады. Иса (Айса) төртінші қат көкте тұрады, періштелермен бірге құлшылық жасайды делінеді.

11. 191-бет. **“Алты күнде жаралды екі дүние”** — Діни ұғым бойынша, алдымен бүкіл әлем Ғалайһи уассаламның нұрынан пайда болғандығы, ол нұр теңіздей түрге енгенде жеті бөлекке бөлініп әлгі теңіздерден көбік шығып, жерлерге (денелерге), осы жерлер 18 мың ғаламға, сәрсенбіде сол теңіздердегі түйіршіктер балықтарға айналғандығы сияқты болып баяндалады.

12, 13, 14, 15. 191-бет. **“Жүйтілік, Тәбілт, Жәбілт екі жылан, Мұнзалда көріп едім осылайша”** — Еврейлерді жөйіт дейді. Жаблит пен Таблит жын-сайтандардың әке-шешесі. Олардың жаратылуын былайша түсіндіреді: оттан еркегі жылан, ұрғашысы шаянға ұқсаған жәндік түрінде пайда болады, олардан Жаблит пен Таблит осы екеуінен шықты дейді, Мұнзал деп пайғамбарларға түскен кітапты айтып отыр.

16, 17. 191-бет. **“Төрт шадияр пендеге жәрдем қылар. Күнәнді ей лағынат, мойнына ал”** — Мұхаммед пайғамбардың төрт шадияры: Әбубәкір, Ғұмар, Ғұсман, Ғали. Қырық кісінің күші бір жолбарыста, қырық жолбарыстың күші бір сахабада, қырық сахабаның күші бір шадиярда, қырық шадиярдың күші бір пайғамбарда, қырық пайғамбардың күші бір Мұхаммед Мұстафа ғалайһи-уассаламда деген сөздерден шадиярлар орнының қай дәрежеде екендігі көрінеді.

18, 19, 20. 191-бет. **“Би-Фатима, Қасен, Құсайын құны даулар”** — Фатима туралы алдыңғы түсініктерде айтылды. Қасен мен Құсайын — Фатима мен Әзірет Әліден туған егіз ұл. Әл-Хасан (669 ж. өлген) Ирактың халифасы, Шийттердің екінші имамы. Халифалығын өз еркімен Мағауияға берген. Осыдан кейін өз бетінше Мединеге барып тұрады, сонда қырық бес жасында қайтыс болады. Әл-Хұсайын (626—680) Шийттердің үшінші имамы саналады. Омеядтарға қарсы күресте қаза табады. Омар Ибн Садтың әскерінің бірі қылышпен басынан шапқан, оған қатысты аңыз-әңгімелер ел арасына көп тараған.

21. 191-бет. **“Мұхамбет Мәриямға неқақтанар”** — Бірінші әйелі Қадиса өлгеннен кейін Мұхаммед пайғамбар Айшадан бұрын осы Мәриямға үйленген.

22. 191-бет. **“Ер Ғали Қаһарманмен күрес салар”** — Ер Ғали деп Әзірет Әліні айтып отыр.

23. 191-бет. **“Уаттори миналбатты мын билэй”** — Тауып бер осы сөздің мағынасын” — Осы сұрағына жауап бергісі келмей Кемпірбай:

Ей Шөже, сенің өзің кәпір болдың,
Айырылып таза малдан тақыр болдың,
Өлгенге құран сөзін қосамын деп,
Қатының талақ, өзің және кәпір болдың”, —

деп жалтарғанда Шөже:

Құранның хадісінен аят айтсам,
Осындай жақсы сөзден түк білмейсің
“Уатторы” Тор тауына Мұса барған,
Алладан төрт-ақ ауыз жауап алған,
Дидарын бұл жалғанның көрсетем деп,
Бір алла Мұсаны аяп тасты салған.
Мұсаның бойы балқып, тасты ерітіп,
Таяғы еріп кетіп таста қалған.
Алланың төрт сөзінен түк білмейсің,
Қасымнан былшылдамай тұр, кет, арман, —

деп шешуін өзі айтады. Осының барлығының төркіні — Мұса пайғамбардың таяғы тиген жердің айдаһарша от шашатыны, нұры аспанға қалықтап кеткен Тор тауының жаңғырығын одан басқа ешкімнің естімейтіні, таяғын тасқа ұрып, шөліркегендердің шөлін қандыратыны, бұлт та соның шарапатымен пайда болғандығы және аллаға төрт сұрақ қойып: “Ей, Алла тағала, адамдарға саулық бердің, бірақ ауру бермесен қайтер еді?” — дегенде: “Адамдарға саулық беріп, ауру бермесем мені есіне алмас еді”, “Ей, Алла тағала, бізге тіршілік бердің, өлімді бермесен нетер еді?” — дегенде: “Тіршілік беріп, елім бермесем, халық менен қорықпас еді”, “Ей, Алла тағала, адамдар үшін жұмақты жараттың, дозақты бермей-ақ қойсаң болмас па еді?” дегенде: “Егер дозақты жаратпасам, ешкім менің рахымымнан дәмеспес еді”, — дегендей жауап алғандағы әңгімелерден туындаған.

24. 192-бет. **“Құранның хадісінен аят айтсам”** — Хадис — Мұхаммед пайғамбардың даналық, нақыл сөздері. Осылардың (хадистер) жинағынан құралған кітап Құраннан кейін екінші орынды иемденеді.

25. 194-бет. **“Қарқаралы үйезінде болған”** — Алдыңғы түсініктерде жазылды.

26, 27. 194-бет. **“Совда жиылыстың ішінен Ақай Бижанға”** — Ақай женінде де, Бижан жөнінде де нақтылы дерек кездеспеді.

28, 29, 30. 195-бет. **“Қызылжар, Омбы, Семей алты айшылық”** — Қызылжар — қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының орталығы. Әдеби шығармаларда, халық аузында Қызылжар атанғанмен, ресми құжаттардың барлығында Петропавл болып жазылады.

31, 32. 195-бет. **“Кешегі Қазанқаппен жарысқанда, Жарылғантың ұлы еді Ақтамберді”** — Ақтамберді Сарыұлы (1675—1768) ақын, жырау, батыр. Ойрат-жоңғарларға қарсы соғыста үлкен ерлік көрсеткен. Сол кездің де Қазанғап есімді адамы болған сияқты.

33. 196-бет. **“Зейінің Сүлейменнің байғызындай, Қалмайды іште назым сырласқанда”** — Құстардан көкқарға, қарлығаш, байғызды өлтіру күнә саналған. Байғыз Сүлейменнің ақылшысы ретінде дәріптеледі. Оны екеуінің арасындағы мына бір әңгімелер нақтылай түседі. Сүлеймен:

— Ей, байғыз! Сен түнде тыным көрмей дұға оқисың, оныңның мәнісі не?

— Ей, адам балалары, жол алыс, жүк ауыр, ақырет үшін аман қалындар деп оқимын.

— Ал, адамдарды көргенде неге басыңды шайқай бересің?

— Туылған адамдардың барлығы да өледі, сөйтеді де туылмағандай болып қалады. Оларды көргенде сендер де өлесіндер-ау деп басымды шайқаймын.

— Бидайды неге жемейсің?

— Атаңыз Адам бидай жеймін деп пейіштен қуылды, сол себепті жемеймін.

— Неге су ішпейсің?

— Нұқ пайғамбардың халқы су апатына ұшырады, сондықтан ішпеймін.

Міне, Бижанның байғызды еске алуына осындай әңгімелер себеп болған.

34. 196-бет. **“Кешегі Қояндының базарында”** — Қоянды Қарқаралы, Қызылжар жолының бойындағы бекет. Осы жерде 1848 жылдан бастап жылына бір рет жәрмеңке ұйымдастырылып отырған.

35. 196-бет. **“Баймағамбет хан “Қызымды мақта” дегенде Шернияз былай деген”** — Исатай Махамбет көтерілісі басылғаннан кейін осы көтерілістің жақтаушысы Шернияз Жарылғасұлы (1817—1881) Баймағамбет сұлтанды келіп паналайды.

36. 198-бет. **“Мысалы, Ақтайлақ, Солтабай билігі”** — 2-томның 374-бетіндегі түсінігінен қараңыз.

37. 199-бет. **“Қараменде мен Кеңгірбай билігі”** — Қарамендеге де, Кеңгірбайға да қатысты сөздер 1-томның 403—405-беттеріндегі түсініктерде айтылған.

38. 200-бет. **“Құттыбай би айтқан жоқ па?”** — Құттыбай жөнінде анықтаудың мүмкіндігі болмады.

39. 201-бет. **“Кезең астындағы кең қақтан табар” депті Әнет бабан** — Әнет Кішіқұлы (1626—1723) Тобықты руынан. Бұхара медресесінде оқыған ғұлама. Тәуке ханның белді, беделді билерінің бірі. “Жеті жарғыны” жасауға қатысқан. Ғұламалығы, даналығы оны Әнет баба атандырған.

40. 201-бет. **“Ежел, тышқан қыстайды Құндыздыны”** — Құндызды Шыңғыстаудың Аягөз жағындағы Ақшатауда, жер, өзен аты.

41. 202-бет. **“Жат бауыр қыла көрме Барағымды-ай”** — Барак Найманның төресі. Ол туралы алдыңғы түсініктерде айтылды.

VII бөлім. ЗАР ЗАМАН АҚЫНДАРЫ.

1. 203-бет. **“Зар заман” деген ХІХ ғасырда өмір сүрген Шортанбай ақынның заман халін айтқан бір өлеңінің аты** — Зар заман сөзі қазақта ғана емес, қырғыз ақындарында да болған. М. Әуезовтің осы туралы ойы 1959 жылы 19-шілдеде ғылыми-теориялық конференцияда сөйлеген мына бір сөздерінен көрінеді: “Қазақ әдебиетіндегі Шортанбай тәрізді Қырғызстанда Молда Қылыш мұрасы да аса даулы мәселе болған. Осыдан екі-үш жыл бұрын Молда Қылыш мұрасын зерттеп, сынап бағалауға арналған айрықша ғылыми кеңестер болған. Шортанбаймен салыстыра тексеруге ұқсас келетін Молда Қылыштың өте үйлес-сипатты жырлары бар. Сол қатарда “Зар заман” атты көп жырларын және “Зілзала” деген еңбегін атауға болады. Соңғы шығармасы 1911 жылы баспаға шыққан дидактикалық поэма болатын. Ол Жетісуда сол жылы болған апат — жер сілкінуге арналған мистикалық діншілдік сарындағы шығарма. Молда Қылыштың бұлардан басқа “Чуй Баяны” деген бір мол шығармасы Шу өзені бойында отырықшы болып, еңбек еткен елдердің өнердерін баяндаған пайдалы мұра... Қырғызстандағы мәжілістерде Молда Қылыш мұрасынан жоғарыдағы “Зілзада” мен “Зар заман” атты шығармаларды көп қайшылықтарын ескеріп, кертартпалық мән-мүдделерін мінеп, талдай келіп ғылымдық кеңестер жарыққа шығармау керек деп қорытқан” (“Уақыт және әдебиет”, 1962. 156-157-беттер). Бұл, сөздерімен Шортанбайға қатысты сол тұста қалыптасқан жайларды да сездіреді.

2. 203-бет. **“Зар заман ақындарының алғашқы буыны Абылай заманынан басталса, арты Абайға келіп тіреледі”** — М. Әуезов бұл қатарға Ыбырай Алтынсаринды да кейбір ой-таным тұрғысынан Абайды да қосады. Жалпы зар заман туралы пайымдаулары кейінгі бағалауларға байланысты әрі қарай дамымай тоқтап қалды. Соңғы зерттеулерінде зар заман атауы мүлде ауызға алынбайтын болды.

3. 209-бет. **“Әз-Жәнібектей алыс заманның ханымен тұстас қылады”** — Мұндағы аталып отырған Өзбек ханның: баласы 1342—1357 жылдар аралығында хандық құрған Жәнібек емес, қазақ ордасының ханы Жәнібек. Ел арасында сақталған аңыз-жырларда оны: Әз-Жәнібек дейді.

4. 211-бет **“Қатын алдың қарадан, Айрылдың хандық жорадан”** — Ертеден қалыптасқан тәртіп бойынша қарадан қыз ала

береді, бірақ қараға қыз бермейді. Мұнда көрінгеннен қатын аламын деп тұқымды, сонымен бірге жол-жоралғыны да бұздың деген айтылып отыр.

5. 211-бет.

**“Қорған сап, тыныш жатырсың,
Өзің, Жәнібек, елден асқан батырсың.
Ертісті өрлеп орыс жүр,
Тіл алсаң іздеп қоныс көр”, —**

осы жолдар Асан қайғының емес, бергі заман ақындарының сөздері сияқты әсер береді.

6. 213-бет. **“Бұқар жырау Абылайдың жанындағы уәзірі”** — Уәзірге көп жүк, көп салмақ артылатындығы белгілі. Төле, Қазыбек, Әйтекелерді уәзір десе болады. Бұқар жырау Абылайдың ең басты ақылшысы.

7. 220-бет. **“Одан кейінгілері: Шортанбай, Мұрат, Алтынсарыұлы, бұлардан соңғы бір буыны Абаймен тұстас ақындар”** — Мұрат Мөңкеұлы (1843—1906) жыр-толғауларында ел әмірінің ауыр халін, қонысынан айырылғанын, патша үкіметінің отарлау саясатын “Сарыарқа”, “Қазтуған”, “Шалкиіз”, “Үш қиян” сияқты жырларында керсеткен. “Үш қиянда”:

Адыра қалғыр бұл қоныс,
Қайырсыз екен азадан.
Еділдің бойы қанды қиян,
Жайықтың бойы майлы қиян,
Маңғыстаудың бойы шанды қиян,
Адыра қалғыр үш қиян.
Үш қиянның ара бойынан,
Жеті жұрт кетіп жол салған, —

деп әріден қозғап, кейінгі жұрт біле бермейтін жерлер, сулар, қоныс-қыстаулар атын термелейді. Ыбырай Алтынсарин (1841—1889) ұлы ағартушы, жазушы, қоғам қайраткері.

8. 220-бет. **“Әзірше бұлардың мысалына алатынымыз Нармамбет, айтыс ақындарынан кейбір өлеңдерімен осы жікке кіретін Шернияз, Досқожа, Күдері қожа сияқтылар”** — Досқожа (1801—1866) жырау, ақын. Әсіресе, оның “Кенесары қонысынан ауғанда Досқожаның айтқаны” деген жыры белгілі. Күдеріқожа Көшекұлы (1820—1858) ақын. Оның “Қарқаралы, Қазылық”, “Абылай ханның қалмақты аударғанына айтқаны”, “Қалмақтың жер суымен қоштасуы” сияқты жырлары, Ұлбикемен айтыстары белгілі.

9. 224-бет. **“XIX ғасырдың аяғына келгенде толып жатқан діни қиссаларына келіп соғады”** — Ислам дінін уағыздайтын, Мұхаммед пайғамбар мен оның шадиярлары, сахабаларының іс-әрекеттерін әңгімелейтін “Сал-сал”, “Зарқұм”, “Кербаланың шелі”,

“Жүмжүма”, “Әзірет Әлінің құлдыққа сатылғаны”, “Жүсіп — Зылиха”, “Хазірет Расулалланың Миғражға шыққаны” сияқты көптеген қисса-дастандар басылып шықты.

10. 227-бет. **“Кінәзді көрдің піріндей”** — Князь — дворяндық лауазым. XIX ғасырға дейін князь атағы тұқым қуалады. Мысалға: Рюрик тұқымы Одоевский, Горчаков, Долгорукий; Гедемин тұқымы — Голицын, Куракин, Трубецкой деген сияқты. Бұл атақ СССР-да 1917 жылдың 10 қарашасынан бастап жойылды.

11. 227-бет. **“Дуанды көрдің үйіндей”** — Дуан әкімшілік аймақ, орыстың уезд деген сөзімен мағыналас. Мысалға Кереку, Қарқаралы, Өскемен дуаны деген сияқты болып кете барады.

12. 229-бет. **“Ойылды тартып алғаны”** — Ақтөбе, Атырау, Орал облыстарының жеріндегі өзен. Оның Ащыойыл, Кенжалы, Қиыл, Қайыңды аталатын салалары бар.

13. 231-бет. **“Әуелі Әлімменен Табынды алды”** — Әлім — Кіші жүз құрамындағы тайпа, кейде “Алты Әлім” деп те атайды. Олар: Қарасақал, Қаракесек, Кете, Төртқара, Шөмекей, Шекті. Табын — Кіші жүздің Жетіру тайпасына жатады. Ол — Жаманкерей, Бозым, Бегім, Қайырқожа деп төртке бөлінеді.

14. 232-бет. **“Дүниеде патша болып Дәуіт те өткен”** — Құранда есімі аталған пайғамбарлардың бірі және төрт кітаптың бірі осы Дәуітке түскен. Ол — “Зәбүр”.

15. 233-бет. **“Жомарттың қылғаны үшін Атымтайды”** — Шығыс халықтарының фольклорлық шығармаларында жиі кездесетін есім. Әдеби еңбектерде оның өмірде болғандығы, арабтың Тай руынан шыққандығы айтылады. Деректерге қарағанда, ол V ғасырдың аяғы, VI ғасырдың басында өмір сүрген, тарихта жомарттығымен аты қалған.

16. 235-бет. **“Өйткені арғы заманның Сыпыра жырауы, Қазтуғаны, бергінің Алаша Байтоқ жырауы, Базар жырауы, Досқожасы болсын”** — Сыпыра — XIV ғасырда өмір сүрген ақын. Дешті-Қыпшақтың ең атақты сөз зергерінің бірі. “Ер Тарғында” “Өз өмірінде толғау айтып, тоғыз ханды түзеткен кісі еді” деген сөздер бар. Қазтуған XV ғасырда жасаған ақын. Дешті-Қыпшақтың әскербасы батырларының бірі. Қазақ ордасы құрылғанда соның құрамына өткен. Байтоқ — туған, өлген жылы белгісіз. Бөкей ордасының ханы Жәңгірдің сарайында қызмет еткен. Базар жырау Өтемісұлы (1842—1911) Сыр бойынан шыққан атақты жырау. Ол Шернияз, Мұсабай, Нысамбай, Ешнияз, Бұдабай сияқты ақындардың үлгісін дамытқан. Оның өзінен Кеншімбай, Оңғар, Жиенбай, Жорықбай, Кете Жүсіптер үлгі алған.

Т. Әкім

ЖЕТКІНШЕК

“Жеткіншек” атты оқу құралы алғаш рет 1930 жылы Қызылорда қаласында “Қазақстан” баспасынан жарық көрді (196 бет). Ересек жастар мектебіне арналған бұл оқу кітабы екінші рет жазушының жиырма томдық шығармалар жинағының 16-томында (1985. 201—290 беттер) басылып шықты. Басылым кейбір түзету, біраз қысқартулармен жүзеге асты.

Жиырма томдыққа редакция тарапынан болған қысқартулар өз алдына, 1930 жылғы басылымның Қазақстан мемлекеттік Орталық ұлттық кітапханасы сирек басылымдар қорында сақтаулы тұрған жалғыз данасы негізінде жіберілді. Өйткені, бұл басылымның көп беттері қайшымен қиылған, бірер материал, үзінді, сөз-сөйлем үшін кітап парағының келесі беттері қоса кеткен де, бірінің басы, ортасы, аяғы дегендей жұмаланып, олар мына төмендегідей: 7, 8-бет тұтас парақ — “Жас ерлер” жырының жалғасы, не өлең, не мақала екені белгісіз. “Бай мен жұмысшы” дейтін материал қиылған. “Сөз бастары” деп аталатын кітап мазмұнына қарағанда, “Жас ерлер” жырынан кейін келетін аты-жөні белгісіз 6-тақырып та тұтасымен жоқ, 13, 14, 15, 16-беттер де түгелімен қиылған. “Жел” әңгімесінің жалғасы, “Шегіртке”, “Қыс”, “Бұл қай мезгіл”, “Қыс келді” дейтін материалдар мен “Әкем мен апам оқушы” әңгімесінің бас жағы жоқ. Ортадағы төрт материал алынғанда, олармен жалғас әңгімелер жиырымдалып қалған.

30-беттің төменгі жағы мен 31-беттің жоғарғы жағындағы жиырма шақты жолдай орынды алатын “Мал жайынан жұмбақ” деп аталатын жазбаны қиған кезде онымен парақтас алдыңғы 29-беттегі “Сүтті сиырдың белгілері” дейтін мақаланың соңғы сөйлемдері, “Ескі-құсқы неге керек” тәжірибе-кеңесінің басқы сөйлемдері, 32-бетке көшетін “Қызыл әскерлер” хабарының соңғы түйіні, “Көлікте не жүйрік” әңгімесінің бас жағы қырқылғандармен қоса кеткен, 37-беттен “Бір қазақ қызының сөзі” әңгімесінен егіз

шумақ өлеңді ойып аламын деп, сол парақтың екінші 38-бетіндегі “Жаз келді” жырының суреттен кейінгі келетін жолдарын қоса әкеткен. 49, 50, 51, 52 беттер түбінен тұтас қиылған. “Трактор” әңгімесінің жалғасы, “Егіннің бір жауы арам шөп”, “Бірінші май” мақалалары мен өз алдына дербес төрт бөлімді, жүйелі әңгімелер циклін құрайтын “Қазақстан” тарауының беташар сөзі түгелдей жоқ. 119-беттегі “Жаңа әліптің пайдасы” кеңесінің үш жолдайы қиылып алынғанда, парақтың екінші жағындағы “Протокол” үлгісінің бір-екі сөйлемі бірге кеткен.

Жиырма томдық басылымға енбей қалғандарының бір алуаны осылар болса, енді мыналар редакцияның қысқартуына ұшырады: “Сырдария елінің кепесі аурудың ұясы. Бұны көрген адамдардың бәрі айтады. Сол кепеден құтылу деген оп-оңай жұмыс” (204-бет), “Жұқпалы дерттер. Дәрігерге көрсетпей болмайтын бірнеше жұқпалы аурулар бар. Олар: өкпе құрт, мерез, сүзек, қызылша, қызамық, түйнеме, күйдіргі, қырылдауық, оба, чума, безгек, соз, таз сияқтылар.

Мұндай ауруға ұшыраған адам бақсы-балгерді қойып, оқыған дәрігерге көрінуі керек.

Бұл аурулардың бәрі де жұқпалы аурулар. Сондықтан олардан қатты сақ болу керек. Ауру әдетте астан, ауадан, қайнамаған судан, түкірік-қақырықтан, нәжістен, бит-бүргеден, шыбын-шіркейден, масадан, тышқаннан, иттен, малдан, киім-кешектен жұғады” (207-бет).

“Ленин өліміне”

“1924 жылдың 21 январында, кешкі 6 сағат 50 минутта Мәскеу жанындағы Горкіде Ленин жолдас қайтыс болды” (Үкімет жары).

1924 жылы 26 январьда Кеңестердің екінші съезінің қаралы жиылысында Сталин жолдастың сөйлеген сөзінен: “Талай ғасырлар бойында еңбекшілер әлденеше рет езушілердің, байлардың құлдығынан құтылмақшы боп талап етті. Бірақ соның бәрінде дегеніне жете алмады.

Жалғыз-ақ біздің мемлекетімізде ғана езілген еңбекші бұқара байлар мен алпауыттарды төңкеріп отыр.

Сіздер білесіздер, жолдастар, бұл сияқты ұлы жұмысты басқарған Ленин мен оның партиясы болатын. Байлар мен алпауыттардың қожалығы жойылуы керек екенін Ленин бүкіл дүние еңбекшісіне түгел білдірді. Сол себепті аты барлық еңбекші, езілуші атаулыға ең қадырлы ат болады” (208-бет).

— Міні, осындай күтімсіз болғандықтан, көзіңе ауру пайда болған. Сен көзіңді жумайсың. Оның орнына кір шүберекпен

сүртесін. Сол кірмен барып тағы көзінді сүртесің. Ондай болған соң, әрине, көз жазылмайды. Онан соң көзің ауырса өзге балалармен ойнамау керек. Әйтпесе олардың да көзі ауырады. Ауылда бірге ойнаймыз деп, біріне-бірің ауру жұққызғансың, — деді.

Содан кейін Күлсімді жеке бөлмеге тұрғызып, тамақты сонда әкеп беретін болды. Доктор күнде келіп, көзіне дәрі тамызып, таза-лап жүрді. Және өзін күніне үш рет көзінді шәйіп тұр деп тағы бір дәрі берді. Күлсім айтқанды жақсы орындап, дұрыс емденіп тұрды. Екі жұма өткен соң көзінен жас ағуы тоқталды, ұйқыдан тұрғанда жабысып қалатыны да жоғалды. Аздан соң көзі қышымайтын, жастанбайтын болды” (246-бет).

Біздер — бүкіл дүние жалшысы,
Біз — еңбекшілер таптары,
Жерге кожа болу еркіміз,
Арам тамаққа жок бөрі.
Ал егер найзағай шартылдап,
Қаптаса жауыз дүниесін,
Бізге де жарық күн жарқылдап,
Түсірер нұрлы сәулесін.
Бұл болар ең ақырғы,
Ең күшті зор майдан.
Дүние еңбекшілерімен,
Табылар бар пайдан (347-бет).

“Сондай отряд жүрген аудандардағы бар шаруалардың түрі мыналар: тері ауруы (бұлардың ішінде таз, қотырлары да бар), 15 процент мерез, 5 процент безгек, көз ауруы, жінішке ауру (құрт сияқтылар)” (250-бет), “Бұлар болмаса жоңышқаның тамыры жайылған жерді жырту қиын болады” (268-бет).

Екінші басылымға мүлде енбей қалғандары осылар болса, айтылуы бірдей, бірақ жазылуы сәл өзгешелеу бұт — пұт, Үбе — Үбі, Степансон — Стефенсон сияқты біраз сөздер бір ізге келтіріліп берілді. Осы жылдардағы қазақ сөздіктері мен терминдерінің қалыптасып болмағандығы ескеріліп тиірмен, өнермен, сынып, Мәскеу, Ресуе, кесіп, сияз, қызыл майдан, рум, әжейіпхана, маркоп, свеклі, зауыт, күнге бағар, колхоз, патса, дұспан, қазақ-орыс, Тивр (Тверь), фабрик, республик секілді басқа да сөздердің мағынасы бұрмаланбай, сәл-пәл өзгерістер енгізілді.

Графикалық суреттермен безендіріліп, латын әрпінде басылып шыққан “Жеткіншек” 1933 жылы жарық көрген оқулығынан (XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабы, 7-класқа арналған) мазмұн мәні, құрылымы жағынан болсын өзіндік бір формада жазылған. Мұнда өмірді, ортаны, табиғатты, ілім-

білім, ағарту ісін жас оқушысына жатық ұғынықты тілде жеңіл, ұтымды әдіспен жеткізудің жолдарын қарастыру әрекеттері бар. Оны: “Қазақстан жерінің бітісі, ауа райы”, “Қазақстан байлығы”, “Қазақстанда ауыл шаруасы, жол қатынастары”, “Қазақстан халқының тұрмыс салты. Қоғамдық тәрбие”, “Одақтың өндірісі, Одақты индустриялау”, “Ауыл шаруасының дамуы — индустриялау, совхоздар, колхоздар”, “Еңбекші табының жеңуі, еңбекшілер мейрамдары” деген бөлімдерге бөліп және осыларды іштей “Ықтырма”, “Үй салу оңай”, “Аязда ағаш неге сықырлайды”, “Ауада салмақ бар ма”, “Үсік, күйік қалай жазылады”, “Жылқыны асылдандыру жолы”, “Сүтті сиырдың белгілері”, “Бір қазақ қызының сөзі”, “Патшаны түсірген күн”, “Жерің тозса, жоңышқа мен бұршақ ек”, “Сусыз тіршілік жоқ”, “Құмның өсімдігі”, “Қазақстанның жаратылыс күштері”, “Түркістан-Сібір жолының бойындағы аудандардың кен байлығы”, “Алматы тауындағы тоғайлар”, “Шоқпардан асқанда”, “Орта Азияның топырағы қандай?”, “Ақ көмір деген не?”, “Ең әуелгі машина қалай жүрді” дегендей толып жатқан дерек, әңгіме, өлең, мысалдармен жеткізулерінен көруге болады. Ол кезбен салыстырғанда, әрине, бүгінгі оқу құралдары жетілді, бірақ онымен “Жеткіншектің” құны кемімейді, кезінде ол бүкіл бір ұрпақты тәрбиелеуде үлкен қызмет атқарды. Қайта қазіргі жас ұрпаққа ұсынса көптік етпес еді.

Елу томдық академиялық толық басылымға ұсынылу барысында еңбек түпнұсқамен салыстырылды, жиырма томдықта қысқарып қалғандары қалпына келтірілді, бірақ әзірге қиылған беттерде кеткен мақалаларды орнына түсірудің мүмкіндігі болмады.

Енді түсінік беруді қажет ететін атаулар мен сөздерге, ұғымдарға тоқталайық:

1. 239-бет. **“Биыл 40—50 шаруа қосылып, Калинин жолдас атына бір колхоз ашты”** — Калинин Михаил Иванович (1875—1946) — партия, мемлекет қайраткері, СССР Жоғарғы Советі Президиумының төрағасы. Колхоздастыру жылдарында Алматы облысының Талғар ауданында “Калинин” атындағы колхоз ұйымдасқан.

2. 239-бет. **“...әкпіш және сондай нәрселер әкеп берді”** — Әкпішті иыққа қойып су тасиды. Кей жерлерде бұны иінағаш дейді.

3. 239-бет. **“Біз кереге алып ықтырма жасадық”** — Ықтырма малға жасалатын қоршау. Абайдың: “Ерте барсам жерімді жеп қоям деп, ықтырмамен күзеуде отырар бай” дегені осыны ұқтырады.

4. 240-бет. **“Кеше кешке қар жауды. Қазір сонар”** — Қардың жауып басылғаннан кейінгі шағын, әлі де із түсіп үлгермеген кезін сонар дейді. Сонар аңшылар үшін өте қолайлы. Абайдың “Қан сонарда бүркітші шығады аңға” дейтіні сондықтан.

**“Патшаның қолынан,
Молданын жолынан
Бізді құтқарған
Ұлы Октябрь.
Қамаулы күндерден,
Қараңғы түндерден
Бізді құтқарған
Ұлы Октябрь”.**

Осыдан бастап “Жас ерлер”, “Пионерлер”, “Жаз келді”, “Қызыл бұрыш”, “Кел, жалшы”, “Айт шүү, ала атым!”, “Заводта”, “Тізушілер”, “Жас әскер кеңестің ерлері” деп аталатын өлеңдер кездеседі. Автор бұларды С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров тағы басқа ақындардың жазғандарынан алып енгізген.

6, 7. 242-бет. **“...арасын кез жарым қылып бақан орнату”** — Кез — метрлік жүйе енгенге дейін қолданылып келді. Бір кез 71 сантиметр шамасында. Қазақтың “кездеме” деген сөзі де осыдан шыққан. Бақан — киіз үйдің шаңырағы мен түндігін көтеруге пайдаланатын бір басы ашалы ағаш.

8. 242-бет. **“Сонан кейін қамысты сымбалдап буып”** — “Қозы Көрпеш — Баян сұлу” жырында “Алты атан сымбал артқан нардай болды, өзің баршы дегенге дардай болды” деген өлең жолдарындағы сымбал буылған тең бұйым мағынасын береді. Бұл жерде қамыстың берік, бекем буылуын айтып отыр.

9. 242-бет. **“Кепенің қасында бұл кең сарайдай”** — Кепе үй. Жер кепе жарлауыт жерден ойып жасалынады. Киіз үй сияқты етіп, кейінірек қамыстан тұрғызылған кепелер де болады.

10. 244-бет. **“Оның 27-сі екінші сыныпта, қалғаны бірінші сыныпта оқиды екен”** — “Сынып” — араб тілінен енген сөз. Жиырмасыншы жылдары қолданылған бұл сөздің орнын “класс” сөзі алмастырады. Соңғы жылдары сынып өз мағынасында қайта қолданыла бастады.

11. 245-бет. **“... мәуітпен не шекпенмен жауып, сыртынан қармен ыс”** — Мәуіті — мата, сукно.

12. 247-бет. **“Қалыпқа қарап бас, көттік пішеді”** — Көттік өкше үшін пішілген қайыс.

13. 250-бет. **“Жиһангер патшалықтардың шабуылынан”** — Дүниежүзілік соғыс деген мағынада.

14. 250-бет. **“...дәуміт еді”** — Алдындағы сөздер қиылғандықтан қандай мағынада қолданғандығын анықтаудың мүмкіндігі болмады.

15. 251-бет. **“Бұ келе жатқан отарба еді”** — Жиырмасыншы, отызыншы жылдары поезды отарба деген.

16. 251-бет. **“Бұ бір добалдай аэроплан еді”** — Алғашқы аталуы аэроплан, қыркыншы жылдардан бері орыстар самолет десе, соңғы кезде қазақтар оған ұшақ сөзін қолдана бастады.

17. 254-бет. **“Ең соңғы патша екінші Николай Романов еді”** — Николай II Романовтар әулетінің соңғы патшасы. 1917 жылы 2 наурызда тақтан тайдырылды. 1918 жылы шілдеде бүкіл балашағасымен атылды.

18. 254-бет. **“Кәспеске сықылды үлкен науқандарда тап жолын мықты ұстаған кедей”** — Мұнда Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің ірі байлардың мал-мүлкін тәркілеу туралы 1928 жылғы 27 тамыздағы заңының жүзеге асуы жөнінде сөз болып отыр.

19. 255-бет. **“Он парыз”** — парыз деп мал баққан, егін еккен шаруалардың орындауы тиіс міндеттерін айтып отыр.

20, 21. 256-бет. **“Шаруа кооперативіне кір. Шаруа артеліне”** — Кооператив — колхоз істерін басқаратын ұйымдар жүйесі. Артель — шаруашылықты дамыту үшін адамдардың әр түрлі формада бірігуі.

22. 257-бет. **“Құнтақты шаруа”** — Ұқыпты шаруа мағынасында.

23. 257-бет. **“...жаңартып семіртеді, тыңландырады”** — Тыңландырады — тыңайтады.

24. 258-бет. **“Тарының шамы — салқын”** — Салқын тарының шамына тиеді, яғни бұл мезгілде егуге болмайды.

25. 260-бет. **“Қазақстанда бір облыс, 12 округ, 195 аудан бар. Облыс — Қарақалпақ... орталығы — Шымбай”** — Қарақалпақ автономиялық республикасы 1936 жылға дейін Қазақстанның құрамында болды. 1932 жылы 20 наурызда автономиялық республика атанды. Өзбекстанның құрамына 1936 жылдың 5 желтоқсанында кірді. Орталығы Шымбайдан Нөкіс қаласына көшірілді.

26. 260-бет. **“12 округтың біреуі — Орал округі. Бұның орталығы — Теке (Орал) қаласы”** — Шаған өзенінің Жайыққа құяр жеріне жақын орналасқан Орал қаласы да скиф, ғұн, печенег, қыпшақ көшпенді тайпаларының мекен-тұрақтары болған. Олардың көсемдері жерленген шағын қорғандар күні бүгінге дейін кездеседі. Алтын Орда астаналарының бірі Сарайшық қаласы да Жайық бойында осы Оралға жақын орналасқан. XVII ғасырдың басында орыстар Ноғай хандығымен шекарада әскери бекініс ретінде Жайық қалашығын салды. Е. Пугачев көтерілісі талқандалғаннан кейін Екатерина II-нің жарлығымен Жайық аты Оралға өзгертілді. Бірнеше өрттен кейін 1821 жылы итальян архитекторы Дель Модино қаланың жаңа жобасын жасаған. 1869 жылы Орал облысы құрылып, қала

облыстың орталығы болып белгіленді. Қазақтар қаланы Теке деп атады. Қазір Батыс Қазақстан облысының орталығы.

27. 260-бет. **“Екінші округ — Гурьев. Бұның орталығы Үйшік қаласы”** — Бүгіндері Атырау атанып отырған Гурьев қаласының іргесі 1640 жылы қаланған. Оны Михаил Гурьев деген көпес салып, осында балық аулау кәсіпшіліктерін ұйымдастырған дейді. Бұның өзі қазақтар мен қалмақтардан қорғану үшін бекініс ретінде ағаштан тұрғызылады. Отарлау саясатын ойлаған патша үкіметі бұл қаланы одан ары нығайтуға Гурьевке рұқсат беріп, 7 жылғы алым-салықтан босатады. 1930 жылы Қазақстанда округқа бөлу жойылғаннан кейін қала аудан орталығы, 1938 жылы 16 қаңтардан бастап облыс орталығы болды. Оралды Теке дегені сияқты, кейінгі кезге дейін қазақтар Гурьевті Үйшік деп келді.

28. 260-бет. **“Үшінші округ — Адай. Бұның орталығы — Ойыл қаласы”** — Кіші жүздің Байұлы құрамына кіретін Адайлардың негізгі мекені Маңғыстау түбегі болған. Осы өлкені 1930 жылға дейін Адай округі деп атаған. Ойылды ертеде Көкжар десе, бері келе жергілікті тұрғындар өзеннің атымен Ойыл атап кеткен. Бүгіндері ол Ақтөбе облысына қарайтын аудан орталығы.

29. 260-бет. **“Төртінші округ — Ақтөбе. Орталығы — Ақтөбе қаласы”** — Ақтөбе Мұғаджар тауының оңтүстік батысында, Жайық саласы Елек өзенінің сол жақ жағасында орналасқан қала. Ол бекініс ретінде 1869 жылы салынады. 1932 жылы 10 наурызда Ақтөбе облысы құрылғанда, қала орталық болып белгіленді.

30. 260-бет. **“Бесінші округ — Қостанай қаласы”** — Қостанай қаласы Тобыл өзенінің сол жағасына орналасқан. Іргесі 1879 жылы қаланған. 1893 жылы Торғай облысында уездік әкімшілік бөлінуге байланысты, Қостанай уездің орталығына айналды. 1925 жылдан округ атанды. 1936 жылдан Қостанай облысының орталығына айналды.

31. 260-бет. **“Алтыншы округ — Қызылжар”** — Қызылжар — Петропавл — Батыс Сібір жазығында, Есіл өзенінің оң жағасына орналасқан қала. Бұл қала 1838 жылы Есіл округының, 1868 жылы Ақмола округының құрамына енді. 1930 жылдан Солтүстік Қазақстан облысының орталығы.

32. 260-бет. **“Жетінші округ — Ақмола”** — Ақмола — Сарыарқаның солтүстік бөлігінде Есіл өзенінің оң жағасындағы қала. Мұны Қараөткел деп те атаған. Іргесі 1830 жылы қаланған. 1862 жылы Ақмола далалық генерал-губернаторлығының, 1868 жылы уезд орталығы болды. 1998 жылдан Астана атанып, Респулика орталығына айналды.

33. 260-бет. **“Сегізінші округ Сырдария. Орталығы Шымкент”** — Патшалық тұсында да, кейін Түркістан республикасы

атанған кезде де бұл өлкені Сырдария облысы деді. Өгем жотасының жазығынан ағатын Бадам, Сайрам өзендерінің аралығынан орын алған Шымкент Қазақстандағы көне қалалардың бірі. Іргесі X—XI ғасырларда қаланған деген жорамал айтылады. 1864 жылы Қоқан хандығының құрамынан Ресей патшалығының қарамағына кәшті. 1924 жылға дейін Түркістан республикасының құрамында болды. 1932 жылдан Оңтүстік Қазақстан облысының орталығы.

34. 260-бет. “Тоғызыншы округ — Қызылорда” — Көне атауы Ақмешіт. Сырдария өзенінің төменгі ағысында орналасқан Ақмешіт 1853 жылы орыс армиясының генералы, патша үкіметінің шығыстағы отарлау саясатын жүргізуші В. А. Перовскийдің (1794-1857) атымен аталады. Бұған дейін Қоқанның ханы Омархан осында бірнеше қамалдар салғызған. 1925 жылы Қызылорда аталып, 1926—1929 жылдар аралығында Қазақстанның астанасы болды. Осыдан кейін облыс орталығына айналды.

35. 260-бет “Оныншы округ — Павлодар, Кереку округі. Орталығы — Кереку қаласы” — Керекудің іргесі XVII ғасырдың екінші жартысында осы маңдағы көлден тұз өндіруге байланысты салынады. Қазақтардың кезінде Тұзқала деуі де сондықтан. 1838 жылы Ямышев қамалының әскери бөлімшесінің осында көшірілуіне байланысты, Коряков станциясы атанды. 1861 жылы Павлодар деп ауыстырылды. Қазақстанда облыстар құрылған кезде ол Семей облысына қарасты Павлодар уезінің орталығы болды. 1938 жылы 15 қаңтарда облыс құрылып, қала соның орталығына айналды.

36. 261-бет. **“Он бірінші округ — Семей округі”** — Қазақстанның шығысындағы 1854 жылы құрылған әкімшілік аймақ. Бұған Ішкі, Аякөз, Көкпекті, Қапал және Алатау аталатын бес округ қарады. Әр округта 5—20-дай болыс болды, әр болыс 10—12 ауылдан тұрды, әр ауылда 50—70 түгін болды. XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында Семей округы 5 уезге бөлінеді: Зайсан, Өскемен, Семей, Қарқаралы және Павлодар, 1939 жылы құрамында 13 ауданы бар облысқа айналды. Семей облыстың орталығы болды.

37. 261-бет **“Он екінші округ — Қарқаралы округы.** Орталық қаласы — Қарқаралы” — Батыс Сібір қазақтары шекара басқармасының әкімшілік бөліктерінің бірі ретінде Қарқаралы уезі батыста Ащысу өзені мен Балқаш көліне дейінгі, шығыста Шыңғыстау, солтүстікте Ертіске дейінгі аумақты алып жатты. 1934 жылдан Қарағанды облысына қарасты Қарқаралы ауданының орталығы.

38. 261-бет. **“Орта Азия шегіндегі округтердегі ауа райы құрғақ болады”** — Орта Азияға негізінен Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан жатса, осылармен Қазақстаннан Сырдария, Қызылорда, Адай округтері шектеседі.

39. 261-бет. **“Сарыарқа белінің түстігіне қарай ауа райы орташа”** — Қарағанды, Ақмола, бұрынғы Жезқазған облыстары түгелдей, Павлодар, бұрынғы Торғай, Көкшетау, Семей облыстарының біраз жерлерін қамтитын Сарыарқаның ауа райы қатал келетін тұстары да көп, жалпы алғанда орташа. Негізінен климаты континенттік, оңтүстік жағының құрғақшылығы арта түседі.

40. 261-бет. **“Сарыарқадан түстікке қарай Атырау жазығы түгелімен жылы болады”** — Каспий -Атыраудан басталып Сарыарқамен шектесіп жатқан жазықты айтады. Бұған Тұран ойпаты да кіреді, бұл жазық Қызылорда, Ақтөбе, Орал, Атырау, бұрынғы Торғай облыстарының жерлерін қамтиды.

41. 261-бет. **“Қазақстанның түстік бөлігіне кіретін Жетісу ауданын алсақ”** — Ол кезде аудан дегенмен, Жетісу үлкен ауқымдағы өлке, Балқаштың солтүстік шығысындағы Сасықкөл мен Алакөл, Жоңғар Алатауы, оңтүстік пен оңтүстік батысы Тянь-Шань жоталарымен шектеседі.

Оның жерінде Лепсі, Басқан, Сарқант, Ақсу, Бүйен, Қаратал, Көксу, Іле, Шу өзендері бар. Ол қазіргі Алматы облысын түгел, Жамбыл облысының біраз жерлерін алып жатыр.

42, 43. 261-беттер. **“Егінге ең қолайлы қара топырақ, терістікте ғана құндыздық болып өтеді (Қостанай, Көкшетаудың арқа жағында)”** — Құндыздық — жылқы, қой сияқты малдардың шашасы мен тұяғының екі ортасындағы жіңішке жер. Көкшетау — осы аттас таулардың Бұқпа жотасының етегіндегі қыпшақты өзенінің бойындағы қала. Алтауы өзі Сарыарқаның солтүстік бөлігінде оқшау жатқан қырат. Қаланың іргесі 1824 жылы әскери бекініс ретінде қаланған, 1868 жылы уездік қалаға айналды. Көкшетау облысы болып 1944 жылы 16 наурызда құрылды.

44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51. 262-бет. **“Құмды жерлер: Бетпақ шөлі, Бөкейліктегі Нарын құмы, Қазалы, Шалқар арасындағы Қарақұм, Ұлықұм, Торғайда Аққұм тағы басқалар”** — Бетпақ шөлі Қазақстанның орталығын алып жатқан үлкен аймақ. Батысы Сарысу өзенінің төменгі ағысы, шығысы Балқаш, оңтүстігі Шу өзенінің төменгі ағысы, солтүстігі Сарыарқаның біраз бөлігін алып жатқан аралыққа орналасқан. Бетпақ атанған өлкенің оңтүстік батысы жазық, солтүстік-шығыс бөлігі ойлы-қырлы, адырлы қыратты болып келеді. Мұнда көктемде суға толып, жазда құрғап қалатын Қарқалды, Қарасу, Талдыеспе сияқты кіші-гірім өзендері де бар.

Бөкейліктегі Нарын құмы деп, Каспий маңы ойпатының Еділ мен Жайық аралығындағы барқанды қырқалы құмды айтады. Бөкейлік деуінің себебі 1801 жылы құрылған Бөкей хандығының қарамағында болуына байланысты.

Қазалы — Қызылорда облысы құрамындағы Қазалы ауданының орталығы. Мұнда 1852 жылы орыстың өзен кемелерінің отряды келіп, Сырдариядан өтетін кемелерді бақылаған.

Шалқар Ақтөбе облысындағы Шалқар ауданының орталығы, қаланың іргесі 1872 жылы қаланған, ол Шалқар көлінің жағасында.

Қарақұм, Ұлықұм атанатын жерлер Қазақстанның біраз жерінде бар. Бұл жерде Қазалы мен Шалқар аралығындағы құм туралы болып отыр.

Аққұм Қостанай облысының Жангелдин ауданындағы Жыландық өзені жағалауын бойлап жатқан құм.

52. 262-бет. **“Шалу жылқыға серне болып тез семіртеді”** — Шалу — су тартылғаннан кейінгі орнына шығатын шөп. Серне — семіз, май басқан деген мағынаны білдіреді.

53. 262-бет. **“Кейбір көлдер — қопалы”** — Қопа — қураған шөптер шіріндісіне аралас қоға, қамыс, құрақ ескен қорысты жер.

54. 262-бет. **“Ең үлкендері — Қорғалжын”** — Ақмола облысының Қорғалжын ауданындағы көлдер. Оны Нұра өзені жарып етеді.

55. 262-бет. **“Ақмола, Атбасар арасында”** — Атбасар — Ақмола облысындағы Жабай езені жағалауындағы қала. Орыс-казактарының станицасы ретінде 1846 жылы салынған, ол қазір Атбасар ауданының орталығы.

56, 57, 58. 262-бет. **“Сары қопа (Торғайда), Кіндікті (Қостанай ауданында), Тәуіп (Ырғызда)”** — Қостанай облысының Жангелдин ауданындағы көл. Ол бір-бірімен тізбектеліп, жалғасып жатқан бес көлден тұрады, көлге Теке, Сары өзендері құяды.

Кіндікті — Қостанай облысындағы Құсмұрын, Сарымойын, Тімтуір, Жасылбағар, Құмкөл, Қарасор, Тентексор, Шұбаркөл, Бөрілі сияқты көлдердің бірі.

Ырғыз — Ақтөбе облысының шығысындағы аудан. Іргесі 1845 жылы әскери бекініс ретінде қаланған. 1867 жылы Торғай облысының құрамындағы Ырғыз уезінің орталығы болды. Ауданның оңтүстік-батысында Айырқызыл құмы, шығысында Сұңқария, Қосбүйрек, оңтүстігінде Нарқызыл, Тәуіп құмдары бар, кол осы Тәуіп құмында.

59, 60, 61, 62, 63, 64, 65. 262-бет. **“Дендер (Оралда), Орқаш (Торғайда), Жеменей (Қостанайда), Кереку (Кереку ауданында), Жамантүз, Жақсытүз (Ақмолада), Қарабас (Семей ауданында)”** — Орқаш — Қостанай облысының Қарасу өзені жағалауындағы қалашық. Камышин ауданының орталығы.

Жамантүз — Павлодар облысындағы тұйық көл, Үшқұдық ауылының солтүстік шығысында.

Жаксытүз — бұрынғы Көкшетау мен Ақмола облыстарының шекарасында жатқан тұзды көл, Ерейментаудың солтүстік шығысында.

Дендер, Жеменей, Қарабас тұзды көлдері бергін келе еленіп, ескерілмейтін болды. Атаусыз қалуының себебі де сондықтан.

66, 67. 262-бет. **“Қазақстандағы ең ірі көлдер: Арал теңізі... Одан соң Балқаш”** — Арал Қазақстанның оңтүстік батысында Қарақалпақстанмен шектесіп жатқан тұзды көл. Көлемі жағынан дүниежүзінде төртінші орын алатын. Теңізде үш жүздей арал болса, солардың ірілері — Көкарал, Барсакелмес. Құрылыққа сұғына кіріп жатқан Құмсуат, Тұщыбас, Ақкөл, Бозкөл, Қашқансу, Қаратұма, Мойнақ сияқты шығанақтары мен Құланды, Қаратүп, Көктырнақ тағы басқа түбектері болған. Аралдың тартылуына байланысты бұлар қазір өзгерістерге ұшырады. Бұл көлге Орта Азиядағы ең ірі өзендер Әмудария мен Сырдария құяды. Көне деректер Арал мен Каспийдің жалғасып жатқандығын, Әмударияның бір замандарда Каспийге құятындығын жазады.

Балқаш — Қазақстанның оңтүстік шығысындағы тұйық көл. Аумағы жағынан Каспий мен Арал теңізінен кейін тұрады. Ертеде Балқаштың да Алакөлмен жалғасып жатқандығын айтады. Көлдің оңтүстігінде судың тартылуынан пайда болған қамысты, қопалы Басарал, Тасарал дейтін аралдары бар. Көлге Тарбағатайдан Аякөз, Алатаудан бастау алатын Қаратал, Ақсу, Лепсі, Іле өзендері құяды. Солтүстігі Сарыарқаның ұсақ шоқылы сілемдерімен ұштасып жатыр.

68. 263-бет. **“Алақол — Жетісудың шығыс бұрышында”** Балқаш, Алакөл шұңқырындағы көлге Ұржар, Қатынсу, Емел езендері құяды. Оның Кіші Алакөл атанатын шығанағы бар. Аралдары Үлкен аралтөбе, Кіші аралтөбе деп аталады.

68. 263-бет. **“Жайсаң көлі ұзыны 100, ені 30 шақырым. Тұщы, балықты көл. Ертіс суы сол Жайсаңға құйып, жарып өтеді”** — Жайсанды қазіргі кезгі құжаттарда Зайсан деп жазады. Бұл — Алтай мен Тарбағатай жоталары аралығындағы ойыста жатқан тұщы көл. Тұщы болуының себебі Ертістің көлге құйып, одан ары ағып шығуына байланысты. Көкпекті өзені де осы көлге құяды.

70. 263-бет. **“Марқакөл — ұзыны 35, ені 15 шақырым”** — Жоғарғы Ертіс алабындағы Марқакөл ағынды көлдер қатарына қосылады. Бұған Қалжыр өзені құйып, одан ары ағып етеді.

71. 263-бет. **“Атырау жазығында Жайықтан басқа Ойыл, Жем, Сағыз өзендері бар. Бұлар Мұғаджар дөңестерінен шығады”** — Мұғаджар — Доңызтау, Шалқар алаптарынан құралатын тау.

72, 73, 74, 75. 263-бет. **“Арал-Балқаш жазығында Сарысу, Торғай, Ырғыз, Шу өзендері бар”** — Сарысу Қарағанды,

Жезқазған, Жамбыл, Шымкент облыстарының жеріндегі өзен. Сарыарқаның Керегетас, Қызылтау жоталарынан басталып, Телікөлге барып құяды.

Торғай Жалдама, Қараторғай өзендерінің қосылған жерінен басталып, Шалқартеңіз сорына барғанда тартылып қалады.

Ырғыз — Ақтөбе облысының Қарабұтақ, Ырғыз ауданы жеріндегі өзен, Мұғаджар тауының шығыс беткейіндегі бұлақтардан бастау алады.

Шу — Қазақстан мен Қырғызстан жеріндегі өзен. Қырғыз Ала-тауларынан басталады, оған Қорағаты, Мерке, Қарабалта, Ақсу тағы басқа езендер қосылады. Бетпақдала, Мойынкүм құмдарына барып сіңіп кетеді.

76, 77. 263-бет. **“Қазақстанның терістік жағында: Ертіс, Есіл, Нұра, Тобыл өзендері бар”** — Қазақстан мен Ресейдің Қорған, Төмен облыстары жеріндегі Тобыл өзені Оралдың сілемі Қарадырдан басталады да, Тобыл қаласының тұсында Ертіске құяды. Оның басты салалары: Шортанды, Сынтасты, Үй, Обаған, Әйет езендері.

78, 79, 80. 263-бет. **“Бұл жақтағы үлкен өзеннің бірі — Сырдария. Екінші үлкен өзен — Әмудария. Басы Памир тауларынан шығады”** — Сырдария Ферғана қазан шұңқырынан шығып, Арал теңізіне барып құяды. Басты салалары: Исфайрам, Шахимардан, Исфара, Ангрэн, Шыршық, Арыс тағы басқалар. Сырдария суын Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан республикалары пайдаланады. Әмудария да Вахш пен Пянж өзендерінің қосындыларынан бастау алып, Арал теңізіне барып сарқайды.

Памир — Орта Азиядағы таулы аймақ. Ол Ауғанстан, Тәжікстан, Пәкістан жерлерін қамтиды, әлемдегі биік таулардың қатарына жатады. Мұнда Таулы Бадахшан автономиялы облысы бар.

81. 263-бет. **“Жетісу ауданындағы үлкен өзеннің бірі — Іле”** — Іле — Алматы облысындағы және Қытай жеріндегі өзен. Текес және Күнгес бастауларының қосылғап жерінен шығады да, Балқаш көліне барып құяды. Басты салалары: Қаш, Қорғас, Шарын, Шілік, Талғар, Қаскелең, Күрті.

82, 83, 84. 264-бет. **“Шығыстан бастап Алтай, Тарбағатай сілемдері, Алатаулар — Жетісуды айналып”** — Негізінен Алатау деп Қазақстан мен Орта Азиядағы, Сібірдегі биік тау жоталарын айтады. Олардың ішінен: Іле Алатауын, Күнгей Алатауын, Теріскей Алатау мен Кузнецк, Жоңғар Алатауларын, Қырғыз, Талас Алатауларын ерекше бөліп атауға болады.

Алтай — Қазақстан, Ресей, Монғолия, Қытай жерлеріндегі ірі тау жүйесі. Солтүстік батыстан оңтүстік шығысқа, Батыс Сібір ойпатынан Гоби жазығына дейінгі созылып жатқан жоталар мен қыраттардан тұрады.

Тарбағатай — Семей мен Шығыс Қазақстан облыстарының жеріндегі тау. Зайсан мен Балқаш, Алакөл қазан шұңқырына орналасқан, шығысы Сауыр жотасына жалғасады.

85. 264-бет. **“Қазақстан түстігінде Алатауларға барып жалғасатын Қаратау деген үлкен тау бар”** — Қаратау — Талас Алатауының батысымен ұштасып, Сарысу, Шу өзенінің атырауына дейін созылып барып бітетін тау. Қаратау қазаққа байырғы қоныс болуымен белгілі.

86. 265-бет. **“Бірақ бейнеті зор болса да, шығырдың суы аз”** — Қолмен де, двигательмен де айналатын шығыр негізінен судың ағынды жеріне орнатылады, оның екпіні барабанды айналдырып су шығарады.

87, 88. 265-бет. **“Ең белгілі құмдар: Қарақұм”** — Қызылқұм — Әмудария мен Сырдария аралығындағы құм. Ол оңтүстік Қазақстан мен Қызылорда облысының жерлерінде. Қарақұм негізінен Түркіменстан аумағында. Каспий алабы мен Іле бойында да Қарақұм атанатын шағын құмдар бар.

89. 269-бет. **“Риддерде қалайы, қорғасын, күміс, алтын, жез қазылады”** — Шығыс Қазақстан облысындағы Лениногорск қаласының бұрынғы 1941 жылға дейінгі аты Риддер.

90. 269-бет. **“Қарсақпайда мыс, жез қазылып шығарылады”** — Жезқазған маңындағы Жезді ауданының кенді қаласы Қарсақпай Қумола өзенінің сол жағалауына орналасқан. Іргесі 1909 жылы қаланған.

91, 92. 269-бет. **“Спасск, Екібастұзда тас көмір шығарылады”** — Спасск — Орталық Қазақстандағы үлкен өндіріс орындарының бірі. Мұнда завод 1864 жылы салынған. Павлодар облысының жеріндегі Екібастұз көмір өндіру жағына Қарағандыдан кейінгі орынды алады. Осындағы көмірдің мол қорын алғаш 1876 жылы Қосым Пішенбаев ашқан.

93. 269-бет. **“Тұз төбе”** — Павлодар облысындағы Ямышевск селосын Тұзқала, Тұзтөбе деп те атаған.

94, 95. 270-бет. **“Успен кені, Кентөбе сияқты жерлер”** — Ас тұзына бай Успен қазір Павлодар облысының Успен ауданының орталығы. Кеңтөбе осы маңдағы жоталардың бірі.

96, 97, 98, 99. 270-бет. **“Алтайдағы Үбі, Бұқтарма өзендері, түстік Қазақстандағы Шу, Шыршық өзендерінің ғана су күшін алсақ”** — Бұқтарма Шығыс Қазақстан облысының Большенарым ауданындағы өзен. Оңтүстік Алтайдағы Ақайырық және Қапас тауларындағы мұздақтардан басталады да, Ертіс өзеніне барып құяды.

Қалжыр, Күршім, Бұқтырма, Уба сияқты Ертістің оң саласына жататын Үлбі өзені Үлбі жотасынан басталады.

Шыршық — Өзбекстанның Ташкент облысындағы өзен, ол Сырдарияға барып құяды, басы Қазақстан, Қырғызстанның Өгем, Алтай тауларынан басталады.

100, 101. 270-бет. **“Тентек, Лепсі өзендері бұл есепке кірмеген”** — Тентек — Талдықорған облысының Алакөл алабындағы өзен. Жоңғар Алатауының солтүстік беткейіндегі мұздақтардан басталып, Сасықкөл айналасындағы ұсақ көлдерге құяды.

Лепсі — Талдықорған облысының Қаратал және Бөрлітөбе өңірлеріндегі өзен. Жоңғар Алатауының солтүстік беткейіндегі мұздақтардан бастау алып, Балқаш көлінің оңтүстік шығыс жағына құяды.

102. 270-бет. **“Ақ көмірдің екінші ауданы — Іле өзені”** — Осындағы ақ көмір деп суды айтса, Іле өзенінің мұндай байлыққа кенде еместігін меңзеп отыр.

103. 271-бет. **“Мұнай кені бізде Жайық суының жағасындағы Гурьевтен басталып, Жосалыға шейін созылады”** — Қызылорда облысындағы Қармақшы ауданының орталығы — Жосалы Қараөзен суының Сырдарияға құятын жеріне таяу орналасқан. Іргесі 1906 жылы қаланған.

104. 271-бет. **“Бүйірқұм, баялыш, қара сораң, қызыл сораң сияқты өсімдіктер көбейеді”** — Осындағы Бүйірқұм өсімдік, әлде жер атауы ма — түсініксіз. Жер аты болса, Бүйірқұм, Байырқұм атанатын құмдардың барлығы белгілі.

105. 271-бет. **“Күргелі орман — терістік Қазақстанда, Жайсаң, Өскемен, Көкшетау аудандарында”** — Күргелі — ойдым-ойдым, шоқ-шоқ орналасқан деген мағынада. Өскемен — Шығыс Қазақстан облысының орталығы. Кенді Алтайдың етегінде, Ертістің Үлбі өзені құяр оң жағасында орын алған. Іргесі әскери қамал ретінде 1820 жылы қаланған, 1939 жылдан облыс орталығы.

106. 272-бет. **“Кенес Одағында мұнайдың ең мол кені — Баку қаласының қасы”** — Баку — Әзірбайжан республикасының астанасы. Өздері Бақы дейтін бұл қала V ғасырдан бері белгілі. XII ғасырда Ширван мемлекетінің орталығы. XIII — XV ғасырларда Шығыс елдеріне мұнай шығаратын портқа айналды. XVI ғасырдың 80-жылдарында Түркия басып алды. 1747 жылы Бақы хандығының орталығы болды. 1804—1813 жылдардағы орыс-иран соғысынан кейін Ресейге қарады. 1920 жылғы 28 сәуірден республика астанасы.

107. 272-бет. **“Жезқазған жалғыз Қазақстан емес, барлық Одақтағы мыс кендерінің күрделісінің бірі”** — Жезқазған қазір Қарағанды облысының құрамындағы үлкен кенді, өндірісті қалалардың бірі. Облыс құрылған кезде орталығы болды.

XIX ғасырдың ортасына дейін Ақжал аталып келді. Поселкелік типтегі қалаға айналуы 1954 жылдан бері.

108, 109. 273-бет. **“Жақын арада Түркістан — Сібір жолы бойындағы аудандардың кен байлығын зерттеу жұмысы туралы баяндама тыңдалды”** — Түркістан деп түркі тектес халықтар мекендеген Орта және Орталық Азияны айтады. VI—VIII ғасырлардағы араб, армян, парсы жазбаларында оның аумағына дейін көрсетілген. Оралдан Алтайға, Каспийден Қытайға, Томск-Тобылдан Иран мен Ауғанстанға дейінгі жерді Түркістан деді. Ресейдің Орта Азиядағы иеліктері мен Қазақстанның оңтүстігі батыс бөлікке, Қытайдың Шыңжаң провинциясы мен Ауғанстанның солтүстік аймағы батыс бөлікке қарады. 1867 жылы Жетісу және Сырдария облыстары бар Түркістан генерал-губернаторлығы құрылды. 1886 жылы Түркістан өлкесі аталды. 1898 жылы оның құрамына Закаспий, Самарқан, Ферғана облыстары қарады.

Орал тауларынан Тынық мұхит, солтүстік Мұзды мұхит жағалаулары мен Монғолия және Сарыарқа етегі аралығындағы Сібір атанған өлкені Түркістанмен жалғастыру үшін БК (б)П ОК 1926 жылы 26 қарашада темір жол магистралын салу жөнінде шешім қабылдады. 1927—1928 жылдары қайтадан зерттелді. Мұхаметжан Тынышбаев жаңа жобаға жетекшілік етті. Жолды салу жоспарлы мерзімінен бір жыл бұрын, 3 жыл 9 айдың ішінде аяқталды.

110. 273-бет. **“1928 жылы жер кенін зерттеуші Русаков Балқаш көлінің терістік жағасынан мыс кенін тапқан”** — Михаил Петрович Русаков (1892—1963) геолог, Қазақстан Ғылым академиясының академигі.

111, 112. 273-бет. **“Алматы, Қапал, Аягөз аудандарындағы кендерді толық зерттеу тапсырылды. Әсіресе жолға жақын Тарбағатай, Іле, Ысық аудандарындағы тас көмір”** — Іргесі 1847 жылы қаланған Қапал — Жоңғар Алатауының баурайындағы осы аттас өзен бойындағы қала. Ол аудан орталығы болды, ауданның таратылуына байланысты қазір Ақсу ауданының құрылымында.

Есікті орыс жазбалары Ысық деген. Есік қазір Алматы облысындағы Еңбекшіқазақ ауданының орталығы. Іргесі 1854 жылы қаланып, Надеждинская станицасы атанған.

113. 274-бет. **“Орта Азияда тоғайдың көп жері Ферғана”** — Ферғана — Өзбекстандағы облыс және облыстың орталығы. Жалпы Ферғана Тянь-Шань тау жүйесіндегі ойыс. Бұл ойыс Алай және Түркістан жоталарымен қоршалған. Шатқал, Құрама, Моғолтау аталатын бөлігі Қырғызстанға қарайды.

114. 274-бет. **“Бірақ Іле Алатауының тоғайларында ең көп кездесетін ағаш — қарағай мен алма ағашы”** — Тянь-Шаньның солтүстігіндегі батыстан шығысқа қарай 350, ені 35—40 кило-

метрге жететін тау жүйелері Іле Алатауы аталады. Шығысы Сөгеті, Бұғыты, батысы Қастек, Кіндіктасқа жалғасады. Ең биік шыңы Талғар (4951 метр).

115, 116, 117. 280-бет. **“Одан кейін Самарқан округінде, Ташкен округінде — Шыршық суының аяқ жағында көп егіледі. Бұлардан басқа Хиуа, Бухарада егіледі”** — Самарқан — Зеравшан өзені аңғарына орналасқан көне қала. Біздің заманымызға дейінгі IV ғасырда Марақанда деген атпен белгілі болды. VI ғасырда Түрік қағандығының құрамына енген Соғды мемлекетінің астанасына айналды. Бұл жерді IX—X ғасырда Самани әулеті, XI ғасырда Қарахан әулеті, XIII ғасырда Хорезм шаһтары, XIV — XV ғасырларда Темір әулеті биледі. XVI ғасырдың бірінші жартысында Шайбани мемлекетінің, екінші жартысында Бұхар хандығының құрамына кірді. 1924—1930 жылдары Өзбекстан астанасы. 1938 жылдан облыс орталығы болды.

Ташкент — Шыршық өзенінің аңғарындағы үлкен қала. Ол біздің заманымыздың IV—V ғасырларында Шығыс пен Еуропа арасындағы сауда жолының торабы болды. VI ғасырда Түрік қағандығының құрамына кірді. XV ғасырдан бастап бұл өлкеге көбінесе қазақ хандықтары билік жүргізді. 1918 жылдан Түркістан автономиялы республикасының астанасы болып, 1924 жылы Өзбекстан құрамына өтті. 1930 жылдан оның астанасына айналды.

Хиуа — Өзбекстанның Хорезм облысындағы қала. Әмудария өзенінің сол жағалауынан орын алған, X ғасырдағы деректерде ол жөнінде айтыла бастайды. Қаланың бір бөлігі Ишанқала атанған. XVI ғасырдың бас кезінен XX ғасырдың басына дейін бұл жерде Хиуа хандығы өмір сүрді. Хандықты Иран билеушісі Нәдір шах та жаулап алды. Ол 1747 жылы қайтыс болғаннан кейін, осындағы тартыста Қоңырат әулетінен шыққан Инақ Мұхаммед билікті қолына алды. Бұл әулет өздері тағайындаған хандар арқылы басшылық жүргізді. XIX ғасырдың бас кезінде өздерінен шыққан Илтұзарды такка отырғызды. Осы әулеттің ірі өкілі Мұхаммед Рахым 1806—1825 жылдары хан болды. Хандықты бір ортаға бағындырып, салық реформасын жүзеге асырды, мемлекет кірісін ұлғайтты, көршілес арал, қарақалпақтарды өзіне бағындырды, бұл — хандықтың күшейген кезеңі болды.

118. 281-бет. **“Түркісібтің басталатын жері — Луговой станциясы”** — Көне Құланды темір жол салынған жылдары осылай аталды. Соңғы кезде бұл жер бұрынғы атауына қайта ие болды.

119. 281-бет. **“Оның жанынан Фрунзеге, Ташкенге баратын поездар ғана өтеді”** — Бішкек қаласын 1926 жылы қызыл армияның қолбасшысы М. В. Фрунзенің (1885—1925) атына ауыстырған. Қырғызстан тәуелсіздік алғаннан кейін бұрынғы атына қайта көшті.

120. 283-бет. “Далақайнарға 22 километр қалғанда паровоздың бір тетігі бүлініп” — Далақайнар Жамбыл облысының Шу ауданына қарайтын темір жол бойындағы шағын станция. Кейін осы жерде “Далақайнар” астық совхозы ұйымдастырылған.

121. 283-бет. “Шоқпар ма, Қордай ма?” деп көп таңданып, көп таласқан” — Шоқпар — Жамбыл облысының Шу ауданы жеріндегі қыратты жота. Осы жерден темір жол өткенде Шоқпар аталатын станция салынды.

Қордай — Қырғыз Алатауының батыс сілемі Кіндіктас пен Жетіжол аралығындағы асу. Бұл Шоқпарға қарағанда әлдеқайда биік (1233 м.). Сол себепті жолды қайсысы арқылы өткізу жөнінде әрқилы пікірлер туындаған. Ақыры Шоқпар жобасы жеңіп шығады. Лепсіге соқпай, Балқаш бағыты арқылы жүргізіп 78 шақырым үнемдесе, Луговой, Фрунзе—Алматы арқылы өтетін Қордай бағытының орнына Шоқпарды таңдап 28 шақырым қысқартты. Оның үстіне Қордай асуының көп шығынмен ғана жүзеге асатыны тағы бар.

122. 284-бет. “Екі батырақ Шамалған даласын тастап, шойын істеуді үйренуге кеткен” — Шамалған — Алматы облысының Қаскелең (Қарасай) ауданы жеріндегі өзен. Осы өзеннің бойында Шамалған атты село да, станция да бар. Станция Алматыдан 27 шақырым жерде.

123. 285-бет. “Музыкалардың тартқан “Интернационалы” поездың ұрандарымен тілдескендей” — “Интернационал” халықтардың пролетариат гимні. Келе-келе коммунистік партиялардың коммунистік гимніне айналды. 1871 жылы сөзін Э. Потье, музыкасын П. Дегейтер жазды.

124. 285-бет. “Правда Востока” газеті” — Түркістан республикасы Орталық Атқару Комитетінің ұйымы болған бұл газет 1918 жылдан шыға бастаған.

125, 126. 287-бет. “Шортанды — Көкшетау” ... Және де Славгород Семей арасында” — Шортанды Ақмола облысының Шортанды ауданының орталығы. Ол 1929 жылы Қарағанды — Бурабай курорты темір жолы тармағының салынуы кезінде пайда болды.

Ресейдің Алтай өлкесіндегі Славгород Құлынды даласының батыс бөлігіндегі қала типтес темір жол станциясы.

127. 290-бет. “Тверь губерниясында, Жоғарғы Троица деген поселкеде туған” — Тверь Ресейдің солтүстік батысындағы қала. Мұнда 1246—1485 жылдары Тверь княздығы өмір сүріп, Алтын Ордаға алым төлеп тұрды. Княздар Михаил Ярославич (1318), оның баласы Дмитрий, Александр Михайлович (1339), оның баласы Федор Ордада өлтірілді. Москва әскерінің шабуылынан кейін (1485) тәуелсіздігінен айрылды. Қазір облыс орталығы.

128. 291-бет. **“Путилов заводына кіреді”** — Санкт-Петербургтегі осы заводта жұмысшылардың алғашқы ереуілі (1905) болды.

129. 291-бет. **“Тифлис қаласында жұмысшыларды бастап”** — Тбилиси — Грузия республикасының астанасы. Оны 1936 жылға дейін Тифлис деп атады. Кура өзенінің екі жағын ала қоныс тепкен бұл қаланың іргесі біздің заманымыздан бұрынғы дәуірлерде қаланған. 1921 жылдан Грузия астанасы саналады.

130. 291-бет. **“Балтық теңізінің жағасындағы Ревиль қаласына айдалады”** — Балтық (Варяг) — Атлант мұхитының Еуропаға сұғына еніп жатқан материк ішіндегі теңіз. Бұл теңізбен Балтық бойы республикалары мен Германия, Дания, Швеция және Финляндия жағалауларымен шектеседі.

131. 293-бет. **“...бурят, жақұт, самоед, өзбек, түрікпен, тағы басқалар”** — Сібір халықтарын орыстар кейінгі кезге дейін самоед деген.

132. 300-бет. **“Қырғызстанның терістік-шығыс жағында Ыстықкөл бар”** — Солтүстік Тянь-Шаньдағы тұйық көл. Күнгей Алатау мен Теріскей Алатау жоталарының аралығында. Көлге елуден астам шағын өзендер құяды, ірілері Жырғалаң, Түп.

134, 135, 136, 137, 138. 300-бет. **“Қырғызстан 7 кантонға (округке) бөлінеді. Бұлары: Талас, Жәлелебад, Шу, Фрунзе, Ош, Нарын, Қарақол”** — Талас — Қырғызстан мен Қазақстан жеріндегі өзен бойынан орын тепкен қала.

Нарын — Қырғызстандағы облыс орталығы, ол Нарын өзенінің бойына орналасқан. Нарын облысы 1939—1962 жылдар аралығында Тянь-Шань облысы атанған.

Қырғызстан жеріндегі Шу алабын қазір Ыстықкөл облысы дейді, орталығы — Қарақол (Пржевальск).

Жалалабад — Қырғызстанның Ош облысындағы қала. Ош — Ферғана аңғарының оңтүстік шығыс шетіне орналасқан. Облыс орталығы.

139. 302-бет. **“...Сырдария округінде. Ташқазак ауданында”** — Ташкент атырабындағы негізінен қазақтар мекендейтін аудандарды айтып отыр.

140. 304-бет. **“Көсек піскеннен кейін жарылады”** — Мақтаның пісіп жетіліп, қауашағы жарылар алдындағы түйінін көсек дейді. Салқын түсіп кеткеннен кейін көсектің шала жарылып, немесе жарылмай қалатын кездері де болады.

141. 305-бет. **“...таудың жасалу ретінен барып болатын жер сілкінуі тектондық сілкіну деп атайды”** — Жер қозғалысының бекіген бөліктерінде қозғалыстардың күрт күшеюін немесе жаңғыру процесін тектондық дейді.

142. 305-бет. **“1902 жылы Ферғана тауындағы Өндіжан қаласы ойран болды”** — Өндіжан — Өзбекстандағы Өндіжан облысының орталығы, Ферғана аңғарындағы Өндіжан-сай өзенінің бойына орналасқан. IX ғасырларда бұл жерді Андукан деген. Қала XV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдың басында Омар Шайх пен оның баласы Бабыр сұлтандардың билігінде болады. 1876 жылы Ресейдің Қоқан хандығын бағындырған әскерлері басып кірді.

143. 305-бет. **“...ең зор залал келтірген Қаратағ сілкінуі”** — Бұхараға жақын маңдағы жер атауы. Қаратағ — Қаратау дегені.

144. 306-бет. **“Кіндік қаласы — Мәскеу. Бұған кіретін автономиялы республикалардың бірі — Қазақстан”** — Қазақстан 1936 жылға дейін автономиялы республика саналып келді.

145. 306-бет. **“УССР — социалдық негізіне құрылған Украина Кеңес республикасы. Кіндік қаласы — Харьков”** — Харьковтың іргесі XVII ғасырдың ортасында қаланған. 1917—1934 жылдар аралығында Украинаның астанасы болды.

146. 306-бет. **“УССР — социалдық негізіне құрылған Белорусс Кеңес республикасы. Кіндік қаласы Минск”** — Белорусс астанасы Минск 1067 жылы Полоцк княздығының бір қамалы ретінде аталады. XII ғасырдан Минск княздығының орталығы болды. XIV ғасырда Литва княздығының қарамағына ауысты. 1798 жылы Ресей империясының құрамына енді. 1919 жылдан республика астанасы.

147. 306-бет. **“ТССР — социалдық негізіне құрылған Түрікмен Кеңес республикасы. Кіндік қаласы — Полторацкий” (Ашхабад)** — Копетдаг тауының етегінен орын алған Ашхабад (Ашғабад) 1881 жылы әскери бекініс ретінде көне мекеннің орнына салынған. 1919—1927 жылдар аралығында Полторацк атанады. Бұл қала 1924 жылдың 27 қазанынан бері астана.

148. 306-бет. **“Тәжікстан Кеңес республикасы. Кіндік қаласы — Дүйшембі”** — Гиссар аңғарындағы Душанбе қаласы 1929—1961 жылдар аралығында Сталинабад аталып келді. 1924 жылдан республика астанасы.

149. 322-бет. **“Гудзон дариясының жағасына жиылған жұрт қалып еді”** — Гудзон Хадсон Генри (1550—1611) ағылшын теңіз саяхатшысы. Солтүстік-шығыс және Солтүстік-батыс теңіз жолдарын ашу мақсатымен Арктика теңіздерін төрт рет шарлады. Лабрадор түбегі мен Баффин жері аралығындағы бұғаз бен шығанақ соның атымен аталады. Шығысында Гудзон бұғазы арқылы Атлант мұхитымен, солтүстігінде Канада бұғаздары арқылы шығанақ Солтүстік мұзды мұхитпен жалғасады. Шығанақты Гудзон 1610 жылы ашқан еді.

150. 322-бет. **“Пултон деген ағылшын кеме жасапты”** — XV ғасырдан бастап, ескек орнына желкендер пайдаланылса, XVIII ғасырда бу двигательдерінің су ескіш доңғалақтары еспе винтпен алмастырылды. Ағылшын Бармен, Пултондар 1802 жылы доңғалақты бу күшімен айналдыратын етті.

151. 328-бет. “Оны еңбекшілер ақыны Демьян Құйрықты жұлдыз дейді” — Демьян Бедный (1883—1945) орыс ақыны. “Кедей Демьян, сойқан бір жан” деген өлеңінен кейін оның есіміне “Бедный” деген лақап ат қосылды.

152. 329-бет. **“Бізден қырық адам жоқ болды. Құрысын юнкерлер!”** — Патша заманындағы әскер мектебінде тәрбиеленгендерді айтады. Олар қолдарына қару алып, Кеңес үкіметіне қарсы тұрған.

153. 333-бет. **“Шушен қыстағына біз ымыртта келдік”** — Шушенск Краснояр өлкесіндегі қала, аудан орталығы.

153. 333-бет. **“Сібірдің Минусин округінде крестьяндар таза тұрады”** — Минусин Оңтүстік Сібірдің Кузнецк Алатауы мен батыс және шығыс тау жоталарының аралығындағы ойыс. Енисейдің оң жағалауында іргесі XVIII ғасырда қаланған Минусинск қаласы да бар.

155. 336-бет. **“Бұл мейрам Клара Цеткиннің ұсынысы бойынша, социалшыл әйелдердің жер дүниелік екінші съезінде Даниядағы Копенгаген деген қалада қабыл етілген”** — Цеткин Клара (1857—1933) Германия жұмысшы қозғалысының қайраткері. Оның ұсынысы бойынша, 1910 жылы Копенгагендегі әйел социалистердің халықаралық конференциясында 8 наурызды халықаралық әйелдер күні ретінде мейрамдау жөнінде шешім қабылданды.

Т. Әкім

“ҚАЗАҚ ШАРУА ЖАСТАР МЕКТЕБІНЕ АРНАЛҒАН ПРОГРАММА ЖӘНЕ ТҮСІНІК ХАТ”

Қызылорда қаласында “Казиздат” баспасында 1930 жылы Қазақстан Оқу Комиссариаты білім кеңесінің шешімімен басылып шыққан бұл кітапты Жолдыбайұлы, Майлыұлы, Марғұланұлы тағы басқалармен бірге М. Әуезұлы да жазуға қатысқан (102-114-беттер). Олардың жазған бөлімі “Суретті әдебиет туралы” деп аталады. Программа екінші рет жиырма томдық шығармалар жинағының 15-томында (1984. 100—119-беттер) басылды.

Программада, оның кіріспесінде әдебиет ілімі қоғамтану ғылымының бір бөлшегі болғанымен, “әдебиетті тексеру жұмысын қоғамтану білімінің қайталамасы сияқты қылып жіберетіндік бар” деп, оның жігін ажыратпайтын жағдайлардың кездесетіндігіне тоқталады. Әдебиет сабағының қоғамтанудың қайталамасы сияқты болып өтіп келе жатқандығының себебі сонда екендігін айтады; қазақтың өткен тарихи жағдайын, отарлану жолдарын әдебиет арқылы емес, қоғамтану сабағымен жеткізген пайдалы деп біледі. Әрине, бір жақты, бір ағымның ыңғайымен кетпей, белгілі бір қаламгерлер туындыларын әдебиет тарихының жалаң соқпағында өзге дүниеден бөліп алып зерттеуге болмайды, қоғамдық өмірімен тығыз байланыс-бірлікте сабақтастыра қарағанда ғана қасиет сырлары ашылатынын меңзейді. Оқушыларға ұсынылар мұралардың оқытылуы үш жылға жоспарланған: ауыз әдебиетінен “Қобыланды”, “Тарғын”, “Қозы Көрпеш”, “Қыз Жібек” сияқты эпостық, лиро-эпостық жырлар бар да, басты назар жаңа заман әдебиетінің оқытылуына аударылған. Бірінші жылда төңкерістің жемісін көріп отырған бүгінгі ауыл мен бұрынғы рушылдық кезіндегі ауылдың көрінісін беретін шығармалар жоспарланған. Екінші жылға азамат соғысы мен төңкеріс, 1916 жыл, ұлт бостандығы суреттелген әдебиет, ал үшінші жылға Қазан төңкерісінен кейінгі кездің мұраларын енгізу қарастырылған. Сонда арғы дүниеден жалғыз Бұқар жыраудың (“Таң” журналында басылған) толғаулары ғана енген, бұл кезге “жастарға өте ескі күннің, кері заманның ақындары оңайшылықпен ұғылмайды” деп қарады.

Одан бергі дәуірден, яғни XIX ғасырдың ортасы мен екінші жартысынан Махамбет, Абай, Мұраттарды енгізумен ғана шектеледі. Бұларды “өткен күннің көріністері, діннің, кері заманның суретін берген” десе, ұлтшыл, алашордашыл атанған қаламгерлерді де бұл жерде атаусыз қалдырған. Орыс әдебиетінен Пушкин, Горький, Иванов, Лавренов шығармалары оқытылмақ болған. Бұл кездің танымынша, қандай шығарма болмасын таптың тілегі мен көңіл-күйінен,

пікірі мен бағытынан шығуы керек. М. Әуезовтің өзі де бұл қатардан табылмайтындығы сол кездің баспасөзінде талай сөз болған. Оған: “барлық туындыларында дерлік қазақтың тұрмыс-тіршілігін өткенді көкसेген қазақ байының көзімен көреді; қазақтың Алашшыл ескілігін жырлайды, қазақтың хандарын, аңызға айналған батырларын, билерін, феодал, сал-серілерін мадақтайды. Оларды ылғи жағымды, бүгінгі күннің өзінде қадір тұтуға, үлгі алуға лайықты тұлғалар ретінде суреттейді” (“Советская степь”. 19.04.1929) деп айыптайды. Соған қарамай, өз кезінің әдеби процестеріне араласуына мүмкіндігі болғандығы көрінеді.

Программаның екінші жылында драма жанрының туындыларымен танысу, жаттығу көзделсе, үшінші жылында бұл жанрдың ерекшеліктерімен жан-жақты хабардар ету қарастырылған; жалпы үш жыл ішінде жазуға, оқуға, сөйлеуге жаттықтыруды, әдебиеттің қоғамдағы пайдалы іспен байланысын, түр жағынан түсініп ұғынуын көздеген программа: “Әдебиет туындысының тіл ғылымы жағынан сынауды керек қылатын бөлімдері бар. Түрін сынау кейін келетін социологиялық сынға мағлұмат үшін, дәл басқыш үшін ғана керек және түрін сынау — әдебиет шығармасының мағынасы мен мазмұнын тереңдеп түсінуге себепші болады” (117-бет) деген байламдармен түйінделеді. Осында оқылатын әдебиет өкілдері мен олардың талданатын шығармашылық аттары жеке-жеке аталған.

1. 337-бет. **“Суретті әдебиет туралы”** — Суретті әдебиет қазіргі ұғыммен айтқанда — көркем әдебиет. “Өз жайымнан мағлұмат” деп аталатын өмірбаяндық қолжазбасында жазушы: “Алғашқы жазуларым сырлы әдебиет бетінде болмай” (464-п, 5-бет) деп, көркем әдебиеттің тағы бір атауын көрсеткен.

2. 337-бет. **“Осы мағлұматтарға сүйеніп отырып, тексеретін жазушыларымыз қандай таптың тілегін, көңіл-күйін, пікірі мен бағытын жырлайды”** — 1927 жылы Қызылордада басылған “Әдебиет тарихында” тап мәселесін сөз етпейтін. Сондықтан болу керек, оның шығармашылығынан қателіктер іздегенде осы еңбегін ауызға алып: “Қазақ әдебиетінің тарихын теріс жолмен пішкен, теріс жолмен жазуға жобалаған... Әдебиеттің, ағымның, әсіресе, ауыз әдебиетінің әлеуметтік мәнін, таптық сырын ашпады, бұрынғы қазақ буржуазиялық ұлтшылдарының контрреволюциялық теорияларын әшкерелеу былай тұрсын, қайта сол теорияның шырмауында қалып қойды. Әдеби мұралардың барлығы, жалпы, өткен кезде болған қайраткерлердің бәрін халық қайраткерлері деп таныған. Ескі өмірдің тақырыптарының әуеніне түсіп кетіп, жаңа өмірден, совет шындығынан қол үзген” (“Социалистік Қазақстан”. 1947, 14 наурыз) деп кінәлайды. Үш жыл кейін жарық көрген шаруа жастар мектебіне

арналған бағдарламадан заман талабының мүддесіне орайластыра жазылғандық аңғарылады. Балаларға берген тақырыптарының өзі “Кедей мен байдың тартысы” сияқты болып келуі соны көрсетеді.

3. 340-бет. **“Бірақ қазақ әдебиетінің мағыналанған дәуірі тегінде ұзақ емес”** — Мағыналанған деп Ыбырай, Абайдан басталған әдебиетті айтып отыр. Одан арғыны әлі айқындалып болмаған көмескі дәуірлердің әдебиетіне жатқызып, мағыналы әдебиетке қосқысы келмейді де, оның өрісін өте қысқа дәуірден қайырады. Бұл ой “Әдебиет тарихында” сезілмейтін де, ол жөнінде әңгіме де болмайтын.

4. 342-бет. **“Алғашқы ұлтшыл, халықшыл оқығандар”** — Бұл топқа кіретіндердің шығармаларын программаға енгізіп, мектептерде оқылмайтын етті. Олар: А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, С. Қожанов, Н. Төрехұлов, С. Садуақасов, Ш. Құдайбердиев, Ы. Мұстанбаев тағы басқалар еді.

5. 342-бет. **“Бірақ сұйқыл әдебиеттің өзінің ішінде мектепке керек нәрселерді сүзіп алуға болады”** — Сұйқыл деп жоғарыдағы мағыналыға жатпайтын кезеңнің әдебиетін айтады. Бірақ олардың да ішінен сүзіп алуға жарарлығы барлығына ойды аударды.

6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17. 343-бет. “Бейімбет — “Бір адым”, “Сарыала тон”, “Шариғат бұйрығы”, “От басында”, “Сойқанды содырлар”, “Мырқымбай”, “Ел тәңірісі — жастар”, “Айт шүу ала атым”, “Түлденсе ауыл”, “Жер тәңірісі — шаруа”, “Бай” — Поэзия, проза, драматургия саласында мол мұра қалдырған қазақтың белгілі қалам қайраткері Бейімбет Майлин (1894—1938) А. Чехов стиліндегі әңгімелер жазудың асқан шебері саналды, жоғарыда аталған әңгімелері соның белгісі. Ал Мырқымбай тақырыбындағы өлеңдері кезінде өзіндік ерекшелігімен көңіл аударды.

18, 19, 20, 21. 343-бет. **“Сәкен — “Жер қазғандар”, “Советстан”, “Ауыл байғұс, мінеки”** — Сәкен Сейфуллин (1894—1938) “Жер қазғандар” повесі қазақ әдебиетінде жұмысшы еңбегін суреттеген алғашқы туындылардың бірі болды. Мұнда қазақ даласына темір жолдың келуі әңгімеленеді.

“Отарбада сан румыз — тілек бір,
Зор иманды, махаббатты жүрек бір.
Қаулат отты,
Заулат қатты
Жай қанатты —
Күш жұмсайтын бір майданда тілек бір”, —

дейтін “Советстан” поэмасы қоғамдық құбылыстың жаңашыл көріністерін жырлайды. “Ауыл байғұс, мінеки” өлеңінен бұрынғы ауыл халі көрінеді.

22, 23, 24. 343-бет. **“Ілияс — “Беташар”, “Турксибке арналған өлеңдері”** — Қазақ поэзиясының алып қайраткері Ілияс Жансүгіровтің (1894—1938) “Беташары” 1927 жылы басылып шыққан жинақ Қазақстанға, соның ішінде туған жері Жетісуға темір жолдың келуі ақындық шабытпен жырланады:

“Аспанның ұлы ала асқар,
Асқардың жүгі күз тастар.
Көргені оның — жалғыз жел,
Ағыны — боран ұлы өзен,
Ақ дауыл аспас аш кезең.
Қарта қатпар бұйра бел,
Өленді өзен, тұзды сор,
Өзенді өрлей ұзын жол”, —

деп келетін “Отарба” атты өлеңінен бастап ол Турксиб тақырыбына драмалық шығарма да жазды.

25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33. 343-бет. **“Сәбит Мұқанов — “Октябрьдің өткелдері”, “Қызыл арқа”, “Пионерлерге”, “Шоқпыттың шаруасы”, “Ауыл тілегі”, “Пионер”, “Тұрмыстың тұлпары”, “Балбөпе”** — Қазақ әдебиетінің ұлы қаламгерлерінің бірі Сәбит Мұқанов (1900—1973) ауылдастыру, коллективтендіру кезіндегі кедейлер, шаруалар өміріне шығармалар арнады. Аттары аталған өлеңдері мен дастандары осы тақырыпты қозғады. “Октябрь өткелдері” мен “Балбөпе” поэмаларында бағрақтар өмірі суреттелді.

34, 35. 343-бет. **“Мүсірепұлы — “Қос шалқар”** — Ғабит Мүсіреповтің (1902—1985) “Қос шалқар” әңгімесі қазақ даласындағы жиырмасыншы жылдарда болып жатқан өзгерістерді көркем түрде елестетеді. Мұнда колхоздастыру ісі бейнеленген.

36, 37. 343-бет. **“Мұхтар — “Еңлік-Кебек”** — “Еңлік-Кебек” жөнінде 1-томның түсініктерінде жан-жақты айтылды.

38, 39, 40, 41, 42, 43, 44. 343-беттер. **“Абай — “Болыс болдым мінеки”, “Болды да партия”, “Қалың елім, қазағым”, “Аттың сыны”, “Жігіттер, ойын арзан”, “Адасқанның алды жөн”** — Бұлардың барлығы да Абайдың белгілі өлеңдері. Бұны жұрт ақынның 1909 жылы Петербургте, 1922 жылы Ташкентте басылған жинақтары арқылы білетін. Толық жинағы алғаш 1933 жылы ғана басылды.

45. 344-бет. **“Бұқар жырау толғаулары (“Таң” журналында басылған)”** — Сөз М. Әуезовтің өзі шығарып, редакторы болған “Таң” журналында жарияланған “Бұқар жыраудың сөздері” (1924. № 1. 89-90-беттер), “Бұқар жыраудың Керейге айтқаны” № 1, 96-97-беттер), “Абылай орыспен соғысамын дегенде Бұқар жыраудың айтқан бір толғауы” (1925. № 4. 96-99-беттер) туралы болып отыр. Өйткені,

бұған дейін жыраудың басқа дүниелері баспасөз бетінде жарық көре қоймаған болатын.

46, 47, 48, 49. 344-бет. **“Батырлар жырлары: “Қобыланды”, “Тарғын”, ел поэмалары: “Қозы Көрпеш”, “Қыз Жібек”** — Бұлар жөнінде осы томдағы “Әдебиет тарихының” түсініктерінде айтылды.

50, 51, 52. 344-бет. **“Бейімбет “Құла жорға”, “От басында”, “Сойқанды содырлар”, қойшы өлеңдерінен** — “Құла жорға”, “От басында” жазушының сол заман шындығын қозғаған әңгімелері. “Сойқанды содырлар” (1927) — фельетондар жинағы. Жинақтағы фельетондар алдында баспасөз беттерінде “Оқшау” деген бүркеншік атпен жарияланған. Мұнда күнделік өмір салты, өмір заңы, халықты ағарту, оқыту, мәдениеттендіру мәселесі, шаруашылық, сауда-саттықтағы жолсыздықтар, олқылықтар сыналады. Мырқымбай циклы секілді Б. Майлин малшы, жалшы, қойшылар тақырыбына да көптеген өлеңдер арнады.

53, 54, 55. 344-бет. **“Сәкен — “Бандыны қуған Хамит”, “Қызыл сұңқарлар”, “Күзді күнгі далада”** — “Бандыны қуған Хамит” әңгімесінде С.Сейфуллин ақтарға қарсы күрескен қазақ еңбекшілерін көрсетеді. “Қызыл сұңқарлар” (1920), “Бакыт жолындағыдан” кейін жазылған екінші пьесасы. Мұнда совдеп орнаған қаланы Колчактың басып алуы, совдеп мүшелерінің тұтқындалуы, большевиктердің ақтарға қарсы күресі баяндалады. “Жазды күнгі дала” сияқты “Күзді күнгі дала” өлеңі де “Экспресс” атты жинағында басылды. Ақын табиғат суреттерін, сол дәуірдегі қоғамдық өмірдің өзгерістерін адамдар көңіл-күйімен байланыстырады.

56. 344-бет. **“Мүсірепұлы — “Тулаған толқында”** — Ғ. Мүсіреповтің бұл тұңғыш туындысы. Осындағы Шайза өз бостандығы үшін күреседі.

57. 344-бет. **“Мұхтар — “Қилы заман” (бөлімдері)** — Бұл М. Әуезовтің 1928 жылы жарияланған шығармасы. “Қилы заман” бірде повесть, бірде роман деп те аталып жүр, ал жазушының өзінің анықтамасы жоқ.

58, 59, 60, 61. 344-бет. **“Абай — “Төрт мезгіл”, “Адамның кейбір кездері”, “Өлең — сөздің патшасы”, “Аңшылық”** — “Төрт мезгіл” өлеңдеріне: “Жаз” (“Жаздықүн шілде болғанда”), “Күз” (“Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан”), “Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай”, “Қыс” (“Ақ киімді, денелі, ақ сақалды”), “Жазғытұры” (“Жазғытұры қалмайды қыстың сызы”) жатады. “Адамның кейбір кездері, көңілде алаң басылса”, “Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы, қиыннан қиыстырар ер данасы” деп басталатын белгілі өлеңдер.

“Аңшылыққа” — “Қансонарда бүркітші шығады аңға”, “Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап” деген өлеңдері кіреді.

62. 344-бет. **“Мұрат ақын өлеңдері”** — Мұрат Мөңкеұлы (1843—1906) “Үш қиян”, “Қазтуған”, “Әттең, бір қапы дүние” сияқты көптеген жыр-толғауларымен белгілі болған ақын.

63, 64. 344-бет. **“Махамбет сөздері”** — “Исатай жыры”, “Бекет” — Бөкейдегі көтерілістің басшысы Исатай Тайманұлына Махамбет біраз жырлар арнаған. “Бекет” атты белгілі дастан бар.

65, 66, 67, 68, 69, 70. 344-бет. **“Бейімбет — “Күлпаш”, “Аштық құрбаны”, “Кедейге”, “Бәрі де тиылды”, “Жәке”** — “Күлпаш” әңгімесінде екі әйелдің ауыр халі, оған өздерінің оғаш мінездерінің алып барғандығы, “Аштық құрбанында” тыянақсыз өмір сүрген әйел халі суреттеледі. “Жәке” Бейімбеттің сықақ өлеңі. Оның сыры:

— Е, оның байы бар ғой!
— Қайсы? Елудегі шал ғой...
Өзім сөйлесіп қойғам,
Не қыласың, қарағым, мал ғой, мал ғой! —

деген жолдардың өзінен-ақ аңғарылады.

71, 72, 73, 74, 75, 76. 344-бет. **“Сәкен — “Экспресс”, “Отарба”, “Қара жер”, “Қарлы аязда”, “Баспахана”, “Терушілер”** — “Экспресс” (1926) жинақ. Жинаққа: “Қара жер”, “Міне көл”, “Орман”, “Далада”, “Бозторғай”, “Аққу”, “Отарба” сияқты өлеңдері мен поэмалары енген. “Экспрестегі”:

“Бұрын атым тұлпар еді — бәйге көк,
Енді міне, поезд болды — тұлпар жоқ.
Ұзақ жолға, тұлпар қол ма? Мейлі жорға,
Тұлпар міну — Сарыарқада жүрсе тек.
...Ісі ерен, ұқсас көрем,
Отарбаны біздің осы тұрмысқа”, —

деген жолдардан ақынның нені айтпақ болғандығы сезіледі. “Баспахана”, “Терушілер” деген өлеңдерін М. Әуезов ересек жастар мектебіне арнаған “Жеткіншек” атты оқу кітабына пайдаланған.

77. 344-бет. **“Мұқанұлы — өлеңдері”** — Қай өлеңдері екендігі нақтылы көрсетілмеген.

78, 79, 80. 344-бет. **“Мұхтар — “Қанды түн”, “Бәйбіше тоқал”, “Қараш-Қараш оқиғасы”** — “Қанды түн” әңгімесі кейін “Барымта” атанды. “Бәйбіше-тоқал” 1922 жылы жеке кітап болып басылған белгілі пьесасы. “Қараш-Қараш оқиғасы” повесі “Жаңа мектепте” (1927, № 11-12. 1928. № 2-3) жарық көрді.

81, 82. 344-бет. **“Сұлтанмахмұт — “Кедей”, “Қала ақыны — мен дала ақынының айтысқаны”** — Жиырмасыншы ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Сұлтанмахмұт Торайғыров (1893—1920). “Кедей” поэмасында:

“Бишараны шын досқа санар едім,
Сол үшін оқ астына барар едім.
Бай жағы жүз мың болса, кедей жалғыз,
Қорықпай-ақ жалғыз жақта қалар едім”, —

деп, өз көзқарасын білдіреді. “Қала ақыны мен дала ақынының айтысында” (“Айтыс”) Сұлтанмахмұт шығармашылықтың жаңа кырына көтерілген.

83. 344-бет. **“Сәбит Дөңентайұлы” — “Уақ-түйектен”** — Белгілі ақын С. Дөңентаевтың (1894—1933) алғашқы өлеңдер жинағы “Уақтүйек ” (1915) деген атпен шықты. Жинаққа осы уақытқа дейін жазған өлеңдерінің едәуірі енді.

84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92. 344-бет. **“Абай — “Масғұт”, Лермонтовтан жасаған аудармалары: “Жолға шықтым”, “Қарасам қайғыртар жұрт”, “Сал демеймін сөзім”, “Кинжал”, “Терек сиы”, “Қараңғы түнде”, “Дума”, Пушкиннен: “Татьяна—Онегин”** — “Масғұт” Абайдың санаулы поэмасының бірі. “Арун Рашид халифа заманында, Бағдадға бір жігіт бар аты Масғұт” деп басталады. Аударма деген аты болмаса, бұлардың барлығы негізінен ақынның өз төл туындылары сияқты.

93, 94, 95, 96, 97. 344-бет. **“Максим Горький — “Челкаш”, “Сұңқар жыры”, “Ана”** — М. Горькийдің (1868—1936) алғашқы екі әңгімесі күрескерлік рухтағы шығармалар. “Ана” романының арқауы 1905 жылғы Ресейдегі жұмысшы қозғалысы.

98, 99, 100. 344-бет. **“Пушкиннен — “Тас мейман”, “Сараң сері”, “Дубровский”** — А. С. Пушкиннің (1799—1937) ақ өлеңмен жазылған драмалары “Сараң сері”, “Тас мейман”. “Сараң сері” Мольердің “Сараңына” ұқсас тақырыпты қозғаса, “Тас мейманда” Дон Жуан типтес бейнені жасады. “Дубровский” прозалық туындысы.

101. 344-бет. **“Всеволод Иванов — төрт әңгіме”** — В. Иванов (1895—1963) орыс жазушысы. Қандай әңгімелері екені айтылмаған.

102, 103. 344-бет. **“Лавренев “Қырық бірінші”** — Б. А. Лавренев (1891—1959) орыс жазушысы, драматургі. 1924 жылы жазылған “Қырық бірінші” повесі Азамат соғысы жылдарының оқиғасын қозғайды.

“ЗҰЛЫС”

Абайдың үлкен ұлы Ақылбайдың бұл дастанын М. Әуезов алғаш рет 1924 жылы “Сана” журналының 2-3 санында “Арқалық” деген бүркеншік атпен жариялайды. Осы шығармадан кейін Абайдың екі өлеңі “Сап, сап, көңілім, сап, көңілім” мен “Ескілік заманның киімін” қоса берген. М. Әуезов осы бүркеншік атпен Мамин-Сибиряктың “Чусовойдағы бурлақтар” әңгімесі мен (журналдың осы сандарында) “Асыл нәсілдер” (1974) пьесасының бәйгеге ұсынған нұсқасын жариялаған.

Журналда жарық көрген нұсқасы 104 жол, поэманың кейінгі жарияланымына тағы да 140 жол (Қайым Мұхаметханов, “Абайдың ақын шәкірттері”, 1993, 75—78-беттер) қосылды. Алғашқы журналдық нұсқасынан:

Құралайды көзге атқан екен мерген,
Мекен ғып өмір сүрген қандай жерден.
Көз көргенін кітап қып тасниф еткен,
Өнер қылдым өнерлі сондай ерден, —

деген бір шумақ өлең қалып қойған. Кейінгі табылғандары журналда жарық көргенінің жалғасы екендігі көрінеді. Осы үзік “Зұлыстың” мазмұны мен көркемдік қасиетін толықтырып, бұрынғысынан да аша түсті, оның үстіне оқиғасы қайдан алынып жырланғандығын анықтауға мүмкіндік туғызады. Соңғы қосылған 35 шумаққа келсек олар мыналар:

— Сол туралы менің де көрген кісім,
Сіз айтқанға ұқсайды айтсам түсін.
Барма деген тілімді алмаған соң,
Копия бердім қолымнан келген ісім.

Генри естіп, ренжіп ойға кетті,
Ылайық көрді інісін іздемекті.
Қайда өлімнен құтылар адам басы,
Не де болса бұл жолға жүрдім депті.

— Осы жолы менімен болсаң жолдас,
Дос боламын өмірге жанды аямас.
Сыбағаң өзімменен бірдей болсын,
Құдай ондап табылса бриллиант тас.

Аңшы отырды бір сағат аял сұрап,
Қағыным жоқ артымда қалар жылап.
Школда оқып жүрген бір ұлым бар,
Жалғыз шырақ ақшасыз қалды-ау бір-ақ.

Деп, ойлады балама берсе ақша,
Оқып балам онымен ғылым тапса.
Көп берсе капитал ғып қалдырайын,
Не бітеді кісіге қарап жатса, —

Деп, ойлап Кватермэн жүрмек болды,
Бұлармен бір пәтерге келіп қонды.
— Школда оқып жүрген бір ұлым бар,
Бересің керегіне он мың сомды.

Генри айтты: Және ақша ал мұның болмас,
Оқуына балаңның он мың толмас.
Менің халім келмес деп ойыңа алма,
Ризамын ықыласыңмен болсаң жолдас.

— Ризамын ғой отыз мың бергеніңе,
Мен де ынтық көрмеген жер көргеніме.
Жан берген жалғыз хаққа қылдым шүкір,
Сен сықылды жолдасқа ергеніме.

Кватермэн бұлармен бірге кетті,
Генри извозчикпен барып жетті.
Төрт кезден бойы асарлық қара шұбар
Бір жігіт есік ашып кіріп кепті.

— Сіз шығарсыз іздеген менің кісім,
Сіздерге дәл ұқсайды айтсам түсін.
Зұлыстан асады деп естіп келдім,
Жолдас болсақ қайтеді демек үшін.

Гуд айтты: Неде болса ерік байда,
Жолдастың көптігінен бізге пайда.
Бір айналып келсеңіз жолығарсыз,
Мағлұм емес екені қазір қайда.

Ол кеткен соң Генри келді жетіп,
Отыз мыңды берді де тамам етіп.
Гуд, Омпапа бар сөзін түгел айтты,
Жаңа кетіп қалды деп, сізді күтіп.

Ол айтқанша Омпапа келді қайтып,
Қайта басар ер емес жолдан тайқып.
Генриден жолдастық рұхсат алып,
Бірге жүрмек жүрісін ауыз айтып.

Омпапа айтты: Ұзын ғой менің бойым,
Генри де талықпас менің ойым
Ми қайнарлық ыстық бар, қатты суық,
Кім көйлектеп жүреді салмай ойын.

— Құдайым екеумізге берген сыйын,
Жүк емес азық-тамақ, мылтық, киім.
Гуд пенен Кватермэн қысқа жілік,
Задор Зулыс асуға ісі қиын.

Отырды ішкілікпен ойнап-күліп,
Бірінің айтқан сөзін бірі іліп.
Не десе де сөзі жөн Омпапаның,
Құдай артық жаратқан атан жілік.

Таң атты аздан кейін күн қызарып,
Айта берсе кетеді сөз ұзарып,
Бар керегін толтырып тройка атпен,
Бектеріне Зұлыстың жетті барып.

* * *

Зор Зұлыс, зодыр Зұлыс түсі суық,
Басына жан бармаған мұның жуық.
Алабас ақ бурадай бұрқыраған,
Үскірік, қарлы боран басын жуып.

Зор кеудемен бұлттан асқан басы,
Күн ашықта жалтырап жылтыр тасы.
Аю, арыстан, піл, барыс — хайуанаттар,
Қойнында бір сактаған — ол анасы.

Аю, арыстан үн берер кешке таман,
Жан иесі көрінсе қалмайды аман.
Жалбырап қалың шашы көзін жауып,
Ақырып аю да жүр жалпақ табан.

Кірсең тұрар сайынан күн көрінбей,
Шытырманнан жан өтпес бір сүрінбей.
Ажал иісі шығады ор сайынан,
Қараңғы жаһаннамның үңгіріндей.

Адам байқап болмайды Зұлыс басын,
Мекен қылған бір қабат көктің тасын.
Бауыры толған шаһар жайлап жатқан,
Қарашы бір тәңірінің тамашасын.

Генри барып жиды бір қаланы,
Ойларлық адам еді әр шаманы.
Жолдастыққа жарарлық түрі бар деп,
Құнын беріп әкелді бір баланы.

Баланы қарап тұрсам бір ет пішін,
Он мың сом ақша берді бұл бала үшін.

Шырағы жанып тұрған адуын жас,
Ыңғайлы көрсетер деп жолға күшін.
(бұл жерде бірталай өлең жоқ)

Жеті күн тоқтамастан ұдай жүрді,
Қасынан шыққан шаһар көзі көрді
Адам әзер барарлық орта жерде,
Піл ойнақ қылған екен талай жерді.

Бұлар да қапылыста келіп қапты,
Бір жеті піл алдында жусап жатты.
Гуд пенен Кватермэн мылтық алып,
Көрінбестен екеуін екеуі атты.

Генри атқан жығылды сонда барып,
Гуд атқан жығылмады жараланып.
Түтінге қарсы өкіріп жүгіреді,
Гудты талқан қылмақ боп ызаланып.

Піл жүгірді тоқтамай терең сайдан,
Қойсын ба ұмтылған соң анадайдан.
Гуд жанына таянып келген кезде,
Бала келіп жабысты әлде қайдан.

Жан қиған ерлік шықты мұндай жастан,
Өлмеймін деп келген жоқ байқамастан.
Гуд жанынан күдерін үзген кезде,
Бала қанжар салады тайқамастан.

Күшті піл бір-ақ тарпып жерге басты,
Ашуланса сындырған қара тасты.
Басып тұрып, денесін дар айырып,
Ақырып лақтырды есіл жасты.

Оны өлтіріп жүгірді Гудқа таман,
Не қылса қояр емес оны да аман.
Тез оқтап екі кездің ортасынан,
Генри саспай атты ол майталман.

Генри талай көрген мұндай істі,
Сөйтсе өлтірер деп зәресі ұшты.
Қақ мандайдан қапысыз оғы тиіп,
Өкіріп піл бұқасы шөке түсті.

Баланың бар денесін алды теріп,
Әрқайсысы жыласты бойы еріп.
Жас жанын жолдас үшін құрбан қылған,
Әділ ер кез болмас деп, мұндай берік.

Міне, бұлар аса көлемді дастандағы негізгі желілердің бас-талуы ғана болса, одан арғы шытырман оқиғалы туындының толық аяқталмағандығы М. Әуезов ойларынан да айқын көрінеді. Ұлы ақын туралы монографиясында: “Зұлыстың” бас жағы ғана сақталып қалып, барлық поэма және де жалғыз сақталған қолжазба өртенумен жоғалып кетті... “Зұлыс” Ақылбайдың аса қою оқиғалы роман-поэма түрінде жазылған үлкен көлемді шығармасы еді. Сол ұзақтық себебінен алғаш жазылып шыққан жылында ұқыпты көшірушінің қолына кездеспеген. Жас оқушы Ақылбай қасындағы жігіттер ақынның қолжазбасын біреуінен біреуі ауыстырып, қыдыртып жүріп, көшіріп алуға еңбек етпеген” (“Әр жылдар ойлары”. 1959, 184-бет) деп жазады.

Енді бұл шығарманың толық жай-жапсарын жазушының мына бір түйіндеулерінен ұғынуға болады: “Ақылбайдың үшінші поэмасы “Зұлыс”, алғашқы кіріспе бөлімі Ақылбайдың талантына сай көркемдіктерді танытып, біраз адамдардың жадында сақталып қалған екен. Солардың ауызша айтуымен, жаңағы кіріспе бөлімі 1921—1922 жылдарда қайтадан хатқа түсіріліп, 1924 жылы “Сана” журналының екінші санында жарияланды. Жоғалып кеткен поэманың ол жарияланғаны тек кіріспе жағы болған соң, бір поэманың тым құрса сюжеті де білінбей, мәлімсіз кетіп барады. Мен поэмасын түгел оқымасам да, жас шәкірт шағымда “Зұлыстың” әңгімесін естіген едім. Ақылбай шығармасына арналған осы жолғы алғашқы бір еңбекте сол “Зұлыстың” оқиғасын қысқаша айтып өтуім қажет деп білемін.

“Зұлыс” әңгімесі Генри дейтін ер азаматтың әңгімесінен басталады. Ол өзінің жалғыз інісімен өкпелескен де, сол өкпе арқылы інісінен айрылған адам. Еміс хабар бойынша інісі Зұлыстарға өтіп кетіпті. Енді сол інісін іздеп табу үшін Зұлыс тауын асып, ақ жұрттың адамдары бұрын бармаған зәңгілердің арасына тәуекелмен сапар шекпекші.

Қасына жолдас етіп, Зұлыс тауында мергендікпен әмір кешкен — Гвартермен дейтін атақты аңшыны жалдап алады. Бұлар жүргелі тұрғанда, “Зұлыс еліне мен де барушы ем” — деп, бір жас зәңгі, батыр денелі Омпапа деген жігіт келеді. Ол жігіт бұрын бала күнінде зәңгілерден зорлықпен ақ жұрттың адамдары кепілге алып кеткен жан болады. Қазір ақ жұрт ішінде өсіп, ержетіп болған соң, өзінің елі-жұртын, ата-мекенін таппақшы.

Үшеуі жолдас боп, жүруге беттеген соң, қастарына таулық қыстақтан бір пысық, өжет баланы ертіп алады. Бірақ жолшыбай төртеуі пілдердің ойнағына кездеседі. Бір үлкен пілмен төртеуі амалсыз алысады. Сонда жаңағы бала қатты ерлік көрсетіп жүріп, пілдің тұмсығына ілініп қалады да, қаза табады.

Қалған үшеуі қалың бейнетпен ұзақ жол кешіп, Зұлыстың адам баласы баспаған қарлы биік асқарынан асады. Зұлыстың осы қарлы, мәңгілі бір асқарын Ақылбай былай сыпаттайды:

Зор Зұлыс, зодыр Зұлыс түсі суық,
Басына жан бармаған оның жуық.
Алабас ақ бурадай бұрқыраған,
Үскірік, қарлы боран басын жуып.

Осындай ерекше көркем күшті сурет береді.

Ақыры бірталай мезгіл өткен соң жолаушылар Зұлыстың жабайы еліне жетеді. Ол ел дәрімен атылатын мылтық дегенді көрмеген болады. Бірақ ақ жұрттың адамдарын жат көріп, жаулық ойлайды. Бұларды өлтірмек ниетке де бекінеді. Сонда Генри “мен қарғаймын” дейді, “қарғағаным өледі” дейді. Бір топ зәңгінің біреуін атып өлтіреді. Өздерін жер адамы емес, айдан түскен етіп танытады. Зәңгілер бұлардың сиқыр күші бар деп қорқып, сыйлай бастайды. Бірақ зәңгінің әміршісі жауыз әкім екен. Ол халқын қан қақсатып тұрған адам. Омпапа біртіндеп сөйлесіп, өз халқының кейбір адамдарымен ұғыса бастайды.

Бұның өзін білетін қарттар табылады. Анығында Омпапа осы зұлыстың бұрынғы жақсы әкімінің баласы екен. Қазіргі әкім Омпапаның әкесін өлтіріп, орнын тартып алған, тұқымын құртып жіберген дұспаны екен.

Осы әкімнің ақылшысы аяр кемпір Гаула деген бар. Жолаушылардың сырын, жайын әкім мен Гаула естігенде бұларға қарсы қатты жауығады. Бар зәңгілерді жиып алып, солардың көзінше Генрилерді сынамақ, әшкерелемек болады. Мезгіл кеш, қалың ел жолаушыларды қоршап тұрғанда, зәңгінің әкімі “әулиелікті көрсетіндер” деп, бұларға шарт қояды. Сонда Генри “әулиелігім сол, қазір аспандағы айды ұрлаймын” дейді.

Календарь бойынша сол кеш айдың тұтылатын күні екен. Генридің айтқанындай, біразда ай тұтылып, барлық зәңгі сәжда ғып, мыналарға табына бастайды. Бірақ Гаула кемпір жұртты қайта толқытады. “Ай тұтылу әр кезде болатын. Ол адам ұрлайтын зат емес” — деп, бұларға қайта сын қояды. Әкімі мен Гаула: “Шын қасиеттерің болса, анау тұрған өгізді қарғап өлтір” — деп, бір үлкен өгізді нұсқайды.

Генри өгізді атып өлгіреді. Осыдан кейін зәңгілердің көпшілігі бұларға мүлде табынады. Омпапа сол халмен пайдаланып, жауыз әкімді өлтіреді де, өзінің кім екенін жариялайды.

Сөйтіп, Омпапа әкім болады.

Гауланы дұспан санап, өлтірмекші болғанда Генри одан інісінің жөнін сұрайды. Қарт зәңгілер мен Гаула бұрын бір адамның келіп,

бір үңгірдегі тылсыммен бекітілген қазынаны іздеп кеткенін айтады. Баска дерек білмейді.

Сонда Генри мен Гвартермен Гауланы ертіп, сол тылсым бұған қазыналы үңгірге сапар шегеді. Онда барғанда Гаула бұларды бір тесіктен үлкен үңгірге түсіріп жіберіп, өзі тас қамалды тарс жауып, қашып кетеді.

Генрилер үңгір ішінде көп бейнет көріп жүріп, зорға дегенде бір жол тауып шығады. Үңгір ішінде бастарына күн туған шақта бұлар асыл тастар қазынасына кездесіп, бірер кесектерін ғана алған болады. Олары таза гауһар екен дейді.

Інісін таба алмай қайта оралып, Омпапаға Генрилер жеткен соң, бұлар еліне қайтуды мақсат етеді. Омпапа “ақ жұрт зорлықшыл, біздің елімізге қастан ойы көп, жол таба алмайтындықтан ғана мұнда жете алмай жүр. Сендерді жолдастық қарызым үшін жерлеріне жеткізіп саламын. Бірақ басшы берем, олар көздерінді таңып ертеді де, асудан асырады” дейді. Сөйтіп, айтқандай Генри мен Гвартерменды асырып етекке түсіріп қоя береді. “Зұлыс” поэмасының оқиғасы осымен бітеді”.

Абай айналасының, әсіресе, ақын шәкірттерінің оқығыштығы, жан-жақты ізденгіштігі осындай шығармалардың жазылуынан да көрінеді; Мағауияның “Медғат — Қасымы”, Ақылбайдың “Зұлыстан” баска “Жаррақ”, “Дағыстан” поэмалары да осындай ізденіс, өзге елдер дүниелеріне айрықша зер салуларынан туған. “Жаррақ” Шығыстың “Жеті үй” деп аталатын ертегісінің негізінде жазылса, “Дағыстанда” Кавказдағы бір тартысты оқиғаның желісі баяндалады. “Зұлыс” та осы жолмен жазылады, ақын XIX ғасырдың соңғы жылдарында басылып, жұртшылыққа кеңінен белгілі болған “Сүлеймен патшаның қазынасы” (“Копи царя Соломона”) атты романның оқиғасын арқау еткен. Ағылшын жазушысы Хаггард Райдердің (1856—1925) бұл романы даңқты дүниелерге құлақ түргіш Абай ауылы білімпаздарының назарларын да бірден аударған және көп созбай Ақылбай бұны жырға айналдырған. Әуелде бұл тақырыпты Мағауия жазбақ болыпты, бірақ мұны қолға алудың мүмкіншілігі жоқтығын сезген Мағауия оны жырлауды ағасы Ақылбайға тапсырғанда, ол қолға алған ісінің басаяғын тез қайырып, жылдам орындап шығады. М. Әуезов дастандағы Омпапаның адамгершілігі ақ нәсілділермен салыстырғанда әлдеқайда жоғары, жағымды қырынан көрінгендігін, тәуелділікке қарсы күрескен қайраткер сыпатында суреттелгендігін, ақын бұл жерде Хаггард романының отаршылдығын ғана пайдаланып, ондағы әдет-ғұрып, салт-дәстүрді өзінше жырлағанын айтады.

Заң ғылымын меңгерген роман авторы он тоғыз жасында Оңтүстік Африкадағы Наталь губернаторының секретарлығына

бекітіледі де, онда көп жылдар тұрып қалады. Осы кезде ол істеген губернаторлық пен Кейптаун провинциясынан үлкен алмас кенінің табылуы оңай олжа көздеген алаяқтар легін ағылдырып жібереді; олардың тайпалар мен тайпаларды айдап салып қырқыстырғанын, шырқын бұзып, тыныштығын, берекесін қашырғанын көзімен көрген жазушы сол сезіп-түйгендерін көркем шығарма арқылы ашып ақтауды ойлайды. Оның тайпа көсемдерімен де, былайғы жұртшылықпен де тіл табыса білуі тұрмысы мен салт-дәстүрлеріне тереңдеп үңілуіне мүмкіндік туғызады. Осының барлығы романның ойдағыдай жазылуына көмегін тигізді. “Монтеску қызы”, “Ғажап ару Маргарет”, “Савская ханымның жүзігі” сияқты көптеген шығармалары болғанымен, оның есімін дүние жүзіне мәлім еткен жоғарыдағы Сүлеймен қазынасына арналған романы еді.

1. 359-бет. **“Зұлыс деген бір тау бар үлкен, биік”** — Негір халықтарын Зұлыс деген. Солардың жеріндегі тауды ақын халықтың атымен алды.

2, 3. 359-бет. **“Қарапқа өзі түсіп, пұлын салды”** — Қарап — кеме, пұлын салды — ақшасын салды, жұмсады.

4. 360-бет. **“Кемел кісі сықылды білімге ойлы”** — Кемел — кемел, ақылы толық.

5. 361-бет. **“Жалғыз інім Джорджға мейірбанмын”** — Мейірбан — мейірімді, бұл жерде барымды аямаймын, соның жолына жаным құрбан деген мағынада айтылып отыр.

6. 361-бет. **“Сүлейменнің қазынасын іздемекке”** — Христиандардың кітабында — Соломон, “Құран Кәрімде” Сүлеймен, ел аузында Сүлейменнен қазына қалды деген аңыз сақталған. Оған бағынышты жын-шайтандар есепсіз қазына жиып берген деп айтылады ол туралы әңгімелерде.

7. 361-бет. **“Ақыры болмаған соң копия бердім”** — Копия — Сүлеймен қазынасы жатқан жердің және соған баратын жолдың көшірме картасы.

8. 361-бет. **“Көтеріп алып келдім балағанға”** — балағанның әуел бастағы мағынасы парсыша жоғарғы бөлме дегенді білдіреді, кейін ойын-сауық көрсету үшін уақытша жасалған үй-жайға айналады да, бергін келе іргесі ағаштан тұрғызылып, төбесі кенеппен жабылатын түрлері пайда болды. Қазақтар жазды күндері үстін шөппен жауып жасалатын күркені, қосжаппаны балаған деді.

9. 361-бет. **“Тамамыз деп планның жөніменен”** — Планның — жобаның, сөз Сүлеймен қазынасына алып барар карта туралы болып отыр.

Т. Әкім

АБАЙДЫҢ БАСПАДАН ҚАЛҒАН ӨЛЕҢДЕРІ

“Сап, сап, көңілім, сап, көңілім”

Өлең алғаш рет “Сана” журналының 1924 жылғы № 2-3 сандарында жарияланды. “Арқалық” деген бүркеншік атпен журналға тапсырған Мұхтар Әуезов. Осыдан кейін 1933, 1939, 1945, 1957, 1967, 1995 жылдарда жарық көрген жинақтарынан орын алды. Осы басылымдардағы мына жолдар журналдағы жарияланымында кездеспейді:

Не күн туды басыңа,
Күні-түні жай таппай...

* * *

Сап, сап, көңілім, сап, көңілім!
Сабыр түбі — сары алтын.
Сабыр қылсаң, жайынды
Білер ме екен бекзатым?
Көңіл аулап сөз айтар,
Арадағы тіл хатым,
Ағын судай екпіндеп,
Лайы жоқ суатым.
Ауру да емес, сау да емес,
Құрыды ел-қуатым.

* * *

Сап, сап, көңілім, сап, көңілім!
Сана қылма бекерге,
Сан қылғанмен пайда жоқ,
Дүние даяр өтерге,
Ажал даяр жетерге.
Қош, қыз алсын қойнына,
Бейнет көрмей, дәулет жоқ
Әлі барып кетерге,
Оныменен бойыңа
Иман, дәулет бітер ме?
Қыз сүйеді мені деп,
Оған көңіл көтерме!
Өртенесің, жанасың,
Өз-өзіңнен бейнетке
Өз басыңды саласың...

Журналдағы “Бүгін өзің айтсаң да”, “Тілімді алсаң, тыныш жүр” деген жолдар 1945 жылғы басылымда: “Бәрін өзің білсең де”, “Қыз іздесең қалың бер” дегендермен өзгертілген. Осы сияқты “Әлі-ақ өзің танарсың”, “Әлі-ақ өзің танасың”, “Қашан беріп тоғыздың” — “Қай мезгілде тойғыздың”, “Бұным ақыл болмай ма?” — “Мұным

ақыл болмай ма?”, “Сонда да көңілің толмай ма?” — “Сонда да көңіл толмай ма?” деп өзгертілген.

Өлең жөнінде 1945 жылғы басылымда: “Мұны Абай жас кезінде өзі ғашық болған бір әйелі — Сүгірдің қызына айтқан дейді. Бірақ соңғы айтушылардың сөзіне қарағанда, бұл өлең Сүгір қызына емес, Сүйіндік қызы Тоғжанға арналған көрінеді. Жігітектер мен Құнанбай жауласып жүргенде, Абайдың қауіп-қатерге қарамастан, бейнетпен барып жүрген қызы — осы Тоғжан. Ерболмен достығы да сол қыз арқылы болған және Тұмабайдың айтуынша, бұл өлеңдегі қыз Сүйіндік қызы екенін білдіреді. “Қыз ағасы ұстап ап дүре салмай ма?” деген бір-екі жол өлең де бар екен” (456-457-беттер), Мүрсейіт қолжазбасында бар “Қыз ағасы Әлібек” деген жол өлеңнің қай тұсынан орын алатыны белгісіз болғандықтан, басылымдардың барлығына енгізілмей қалып қойып жүр.

Т. Әкім

“Ескі заманның киімі”

Абайдың бұл өлеңін М. Әуезов “Сана” журналында (1924. № 2-3) “Арқалық” деген бүркеншік атпен жариялаған. “Зұлыс” пен “Сап, сап, көңілім, сап, көңілім”, ауыз әдебиетінің нұсқалары журналдың осы санында қатар берілді. Осыдан кейін ақынның 1933, 1939 жылдардағы жинақтарынан бастап кейінгі басылымдарының барлығынан дерлік орын алып келеді. 1945 жылғы жинақтың түсінігінде өлеңнің жазылу тарихы туралы: “1894 жылы Абайдың інісі Ысқақ қасына Қаржаубай деген шалды ертіп, Абайға сәлем беруге келеді. Сонда келіп отырған Қаржаубайдың киімдерін көріп, беліне байлаған кісесін көріп жазған екен” дегендер беріледі.

Енді өлеңдегі түсінікті қажет ететін сөздер:

1. 362-бет. **“Дәндәкуім жарқ-жүрқ етіп”** — Дәндәку кісенің оқшантайымен қатар жүретін қалта.

2. 362-бет. **“Артын белге қыстырған бар құрысқақ”** — Құрысқақ тобылғыдан жасалған тиек.

3. 362-бет. **“Жарғақ жастық көпшігім жезді пыстан”** — Пыстан — парсы сөзі, былғарыдан істелген көпшіктің алды-артын, айналасын бастырған жез.

Т. Әкім

МАЗМҰНЫ

I. ЗЕРТТЕУЛЕР	3
Әдебиет тарихы.....	5
II. ОҚУЛЫҚТАР	237
Жеткіншек.....	239
Қазақ шаруа жастар мектебіне арналған программа және түсінік хат.....	337
III. ӘДЕБИ НҰСҚАЛАР	357
Зұлыс	359
Абайдың баспадан қалған өлеңдері	361
IV. ҒЫЛЫМИ ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР	363

ӘУЕЗОВ МҰХТАР ОМАРХАНҰЛЫ

Шығармаларының елу томдық толық жинағы

4-том

Академиялық ғылыми басылым

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
ғылыми кеңесінде бекітіліп, баспаға ұсынылған*

Баспа жобасының жетекшілері:

С. Назарбаева, Б. Қанапиянов

Редакторлары: *Б. Хабдина, Б. Мұсахан*

Көркемдеуші редакторы *Л. Өтебаева*

Техникалық редакторы *И. Селиванова*

Компьютерде беттеген *И. Селиванова*

Басуға 11.03.2014 ж. қол қойылды.
Пішімі 84x108 $\frac{1}{32}$, Офсеттік қағаз.
Қаріп түрі “Таймс”.
Шартты баспа табағы 23,9.
Таралымы 4000 дана.
Тапсырыс № 1248.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru

“Жібек жолы” баспа үйі
050000, Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 50.
Тел.: 272-65-01, 261-11-09.

ISBN 978-601-294-146-3



9

7 8 6 0 1 2 9 4 1 4 6 3